ЛЕНИН



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

1





РК(б)П IX СЪЕЗІНІҢ
және ССРО СОВЕТТЕРІНІҢ
II СЪЕЗІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

ИНСТИТУТ МАРКСА — ЭНГЕЛЬСА — ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

В. И. ЛЕНИН

СОЧИНЕНИЯ

Издание четвертое

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
1941

МАРКС — ЭНГЕЛЬС — ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

Қазақша бірінші басылуы

ҚАЗАҚТЫҢ
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
1947

Қазақша аудармасын

КК (б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған

КК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

В. И. ЛЕНИН

1
ТОМ

1893 — 1894

ТӨРТІНШІ БАСЫЛУЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ

БК(б)П Орталық Комитетінің қарары бойынша БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин институты В. И. Ленин Шығармаларының жаңа, төртінші басылуын шығарып отыр.

В. И. Ленин Шығармаларының *бірінші* басылуы большевиктер партиясының IX съезінің қаулысы бойынша шығарылған болатын. Бірінші басылуы 20 том — 26 кітап болып (VII, XI, XII, XIV, XVIII және XX томдары екі бөлімнен құралған) 1920—1926 жылдардың ішінде жарыққа шықты.

Ол басылуы Лениннің әдеби мұрасын жыйнап бастыруға тұңғыш рет жасалған әрекет еді. Ол басылуынан толып жатқан еңбектерінің қалып қоюы таңданарлық нәрсе емес. Мысалы, алғашқы басылуына Лениннің большевиктік газеттерде: «Искра», «Вперед», «Пролетарий», «Социал-Демократ», «Звезда», «Правда» газеттерінде басылған бірсыпыра мақалалары енгізілмеген. Ленин шығармаларын том-томға бөліп орналастыруда бірыңғай принцип қолданылмаған — кейде мезгіліне қарай, кейде тақырыбына қарай орналастырылған.

1924 жылы январьда болған ССРО Советтерінің II съезінің Ленин шығармаларын бастыру туралы алған қарары бойынша, 1925 жылы В. И. Ленин Шығармаларының *екінші* басылуын және материалының составы мен орналастырылуы жағынан сонымен бірдей, бірақ бағасы арзандатылған *үшінші* басылуын шығаруға кірісілді. Екінші басылуы да, үшінші басылуы да 1932 жылы шығып болды.

Шығармалардың екінші-үшінші басылулары бірінші басылуына қарағанда едәуір толықтырылып, көлемі жағынан да кеңейтілді. Алайда бұл басылуларының да елеулі кемшіліктері болды. Лениннің текстісіндегі кейбір сөздер қалып қойған және түп нұсқасынан ауытқушылықтар болған. Лениннің шығармаларын том-томға бөлу көбінесе сыртқы және кездейсоқ белгілері бойынша істелген. Лениннің хаттары белгілі бір тәртіппен, бір ізбен орналастырылмаған. Барлық томдары түрліше қосымшалармен және редакциядан берілген анықтама материалдармен толы еді; бұлардың көлемі томдардың бестен бірінен үштен біріне дейін баратын, ал кейбір реттерде Ленин текстісінің тең жартысынан асып кететін. Сонымен қатар бұл басылуларында «Ленин шығармаларының кейбір томдарына берілген қосымшаларда, ескертулер мен түсініктерде зиянкестік өрескел саяси хателер болды» (БК(б)П Орталық Комитетінің ««БК(б)П тарихының қысқаша курсы» шығумен байланысты партиялық насихатты жолға қою туралы» қаулысы).

Шығармалардың *төртінші басылуында* алға қойылған міндет — бұрынғы басылуларында болған кемшіліктерді жойып, Лениннің әдеби мұрасының неғұрлым толық жыйнағын беру болды. Бұл басылуына В. И. Лениннің екінші-үшінші басылуларына кірген шығармалары, сонымен қатар екінші-үшінші басылулары жарыққа шыққаннан кейін Ленин жыйнақтарында, «Правдада», «Большевикте», «Пролетарская Революцияда» және басқа баспасөз органдарында жарияланған шығармалары енгізілді.

Шығармалардың төртінші басылуына екінші-үшінші басылуларында кірмей қалған, жалпы көлемі 70 баспа табақтан асатын, 500ден астам Ленин документтері жаңадан енгізілді.

Шығармалардың төртінші басылуына кірген Лениннің жаңа материалдары марксизм-ленинизмнің идеялық ұлы қазнасын одан сайын толықтыра түседі.

Бұл материалдардың ішінде болшевиктер партиясы тарихының барлық дәуірлерінің документтері бар.

Шығармалардың төртінші басылуына В. И. Лениннің ең ертедегі еңбектерінің бірі — «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде» 1893 жылғы атақты рефераты кіріп отыр; бұл реферат халықшылдарға және сол кезде туа

бастаған «жария марксизмнің» алғашқы көріністеріне қарсы бағытталған.

Сонымен қатар Лениннің бұрынғы «Искраның» кезіндегі қызметін сыйпаттайтын жаңа документтер де енгізілді. Ол документтердің ішінде: ««Свобода» журналы туралы» деген мақала, «Анархизм мен социализм», «Эсерлерге қарсы негізгі тезис» дейтін тезистер және эсерлерге қарсы бағытталған басқа да кейбір материалдар бар.

Шығармалардың төртінші басылуына енгізіліп отырған, бірінші революция дәуіріндегі Ленин материалдарының ішінен В. И. Лениннің 1905 жылғы ноябрьдің бас кезінде жазылған «Біздің міндеттеріміз және Жұмысшылар Депутаттарының Советі» деген мақаласын айрықша атап көрсетуіміз керек. Ленин бұл мақаласында пролетарлық партияның 1905 жылғы революцияның асулы кезеңіндегі, қарулы көтерілістің толғағы піскен кездегі қыймылының нақты программасын жасап берді. Ол мақаласында Ленин ең бірінші рет Советтерге — ұлғайып, жетіліп келе жатқан көтерілістің органы, жаңа өкметтің бастамасы, халықтың революцияшыл элементтерінің диктатурасының органы деп баға берді.

Шығармалардың төртінші басылуына 1905—1906 жылдардың материалдарынан «РСДЖП III съезінің Кавказдағы оқыйғалар жөніндегі қарарының жобасы», «Борьба Пролетариата» газеті жөніндегі рецензия, «Россиядағы революция», «Жұмысшы табының алғашқы қадамдары», «Екі ұрыстың арасында», «Жұмысшы партиясының міндеттері және шаруалар» деген мақалалар, «Бірінші май» үндеу хаты, «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбекке жазылған соңғысөзден үзінді сыяқты материалдар енгізілді.

Лениннің оңшыл және «солшыл» жойымпаздарға қарсы күресін көрсететін, реакция жылдарындағы документтері бұрынғы басылуларындағыдан толығырақ берілді. «Пролетарийдің» толық редакциясының 1909 жылғы мәжілісіне басшылық етудегі Лениннің істеген жұмысын көрсететін жаңа материалдар—сөйленген сөздер, қарарлардың жобалары кірді; большевиктердің қатарын марксизм теориясы саласында түрліше азғындардан, ұсақ буржуазиялық сөзуарлардан арылту ісінде бұл мәжілістің зор маңызы болды. Шығармалардың төртінші ба-

сылуына енгізіліп отырған «Барлық партияшыл социал-демократтарға ашық хат», «Иудушка Троцкийдің ұят белгісі туралы», Орталық Комитет мүшелеріне жазылған хаттар большевизм тарихының асулы кезеңдерінің бірін — Лениннің Прага конференциясын шақыру жолындағы күресін айқын көрсетеді.

Бірінші империалистік соғыстың қарсаңындағы революциялық өрлеу дәуірінің көптеген жаңа материалдары берілді: «Карта ашылсын», «Бұрын және қазір», «Күпыя партия мен жария жұмыс», ««Луч» пен «Правданы» окушылардың есіне», «Жұмысшы бұқарасы мен жұмысшы интеллигенциясы» және революциялық публицистиканың үлгісі болатын басқа да мақалалар берілді. Лениннің «Правда» редакциясына жазған, большевиктік баспасөзге оның нақты басшылығын көрсететін бірсыпыра жаңа хаттары енгізілді.

Шығармалардың төртінші басылуына кірген, Лениннің империалистік соғыс кезіндегі жаңа материалдары: хаттар, қарарлардың жобалары, тезистердің жобалары, тағы басқалары халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелерін сыйпаттайды, Циммервальд бірлігі мен Циммервальд солшыл тобының ішінде Лениннің соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде дәйекті марксистік, интернационалдық бағытты жақтап жүргізген күресін сыйпаттайды.

Төртінші басылуында большевиктер партиясының Ұлы Октябрь социалистік революциясын қалай әзірлегенін сыйпаттайтын жаңа материал бар. Бұл — большевиктердің Апрель конференциясының документтері — Лениннің Советтер туралы мәселе жөнінде сөйлеген сөзі және оның: соғыс туралы, Уақытша үкметке көзқарас туралы, аграрлық мәселе туралы, партия программасын қайта қарау туралы, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері туралы, ұлт мәселесі туралы, үстіміздегі кезең туралы, тағы басқалар туралы жазған қарарлары. Одан басқа «РСДЖ(б)П-ның Бүкілроссиялық VII («Апрель») конференциясының қарарларына кіріспе сөз» енгізіліп отыр; Ленин мұны қарарлармен бірге 1917 жылы май айында «Солдатская Правда» газетінде жариялаған болатын. Октябрь революциясы тарихының жаңа материалдарынан сол дәуірге жататын, «Правдадан» алынған

бірсыпыра мақалалар да енгізілді; Лениннің үгітке шеберлігінің үлгісі болып табылатын бұл мақалалар: «Тағы-тағы өтірік», «Шынжырдың мықтылығы оның ең осал жерінің мықтылығында», «Кімге күлесіңдер? Өздеріңе күлесіңдер!», «Билеуші және жауапты партиялар», «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!».

Шығармалардың жаңа басылуына Лениннің «Марксизм мемлекет туралы» деген «көк мұқабалы кішкене дәптері» енгізілді; бұл — Лениннің «Мемлекет және революция» деген еңбегіне әзірлік материалдары.

Шығармалардың төртінші басылуына кірген Лениннің Октябрьден кейінгі дәуірдегі жаңа материалдары — жазбалары, телеграммалары, іс жөніндегі хаттары, декреттер мен қаулылардың қысқа, ықшам жобалары, үндеулер — Владимир Ильичтің тарихтағы тұңғыш Совет мемлекетіне басшылық ету жөніндегі, шетел интервенттері мен буржуазиялық-помещиктік контрреволюцияға қарсы күресте социалистік отанды қорғау ісін ұйымдастыру жөніндегі, социалистік құрылысқа басшылық ету жөніндегі барлық істі түгел қамтыған әралуан қызметін сыйпаттайды.

Төртінші басылуына Лениннің Сталин жолдастың қызметіне байланысты көп документтері енгізіліп отыр. Ол документтер соңғы жылдардың ішінде мерзімді баспасөздерде және Ленин жыйнактарында жарияланған. Мысалы, мынадай документтер енгізілді: 1912 жылғы 27 декабрьдегі «И. В. Сталинге хат», «Украина Халық Республикасымен келіссөз жүргізу үшін И. В. Сталинге берілген өкілдік», «И. В. Сталинді Россияның оңтүстігіндегі азық-түлік ісін басқарушы етіп тағайындау», 1918 жылғы 8 және 11 июньде, 1918 жылғы 7 июльде И. В. Сталинге берілген телеграммалар, 1919 жылғы 14 январьда И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинскийге берілген телеграмма, 1919 жылғы 20 майда, 1920 жылғы 16 және 19 февральда И. В. Сталинге берілген телеграммалар, 1920 жылғы 2 августағы «И. В. Сталинге хат», сол сияқты Ленин мен Сталин бірігіп жазған бірсыпыра мемлекеттік документтер мен партия документтері. Бұл материалдардың бәрі большевиктік партия мен совет халқының көсемдері — Ленин мен Сталиннің идея жағынан бірлесіп қызмет

етуін, олардың партия мен Совет мемлекетіне басшылық етуін сыйпаттайды.

Төртінші басылуына, жоғарыда аталған шығармалардан басқа жеке томдар түрінде «Философиялық дәптерлер», «Империализм жөніндегі дәптерлер», «Аграрлық мәселе жөніндегі дәптерлер» және «Туысқандарға жазылған хаттар» енгізілді; бұлар бұрын Ленин жыйнақтарында жарияланған және жеке-жеке кітап етіп шығарылған, бірақ Шығармалардың екінші-үшінші басылуларына кірмеген.

Шығармалардың төртінші басылуы үшін Ленин шығармаларының текстісі түп нұска материалдарымен: Ленинің қолжазбаларымен, Лениннің өзінің баспаға даярлауы бойынша басылған және қайта басылып шыққан еңбектерімен, өзінің тірі кезінде газеттер мен журналдарда жарияланған мақалаларымен, өзі түзеткен стенограммалармен, тағы басқаларымен жаңадан салыстырылды. Шығармалардың төртінші басылуының екінші-үшінші басылуларынан айырмасы — бұл басылуында Лениннің текстісі түрліше оқылатын нұсқаларсыз беріліп отыр.

Шығармалардың төртінші басылуында В. И. Лениннің шығармалары мен хаттары мезгіліне қарай орналастырылды. Материалдарды мезгіліне қарай орналастыру принципі тек кейбір реттерде — Ленин шығармаларының тұтастығын және өзара байланыстылығын сақтау қажет болған реттерде ғана қолданылмады. Томдардың ішінде барлық материалдар — жазылған немесе жарияланған уақыттарына қарай, ал сөздер мен баяндамалар — сөйленген уақыттарына қарай орналастырылды.

Лениннің еңбектері томдарға «БК(б)П тарихының қысқаша курсындағы» партия тарихын ғылми жолмен дәуір-дәуірге бөлу негізінде орналастырылды.

Лениннің өзі жариялаған немесе жариялауға арнаған хаттары мен телеграммалары тиісті томдарға жазылған немесе жарияланған уақытына қарай енгізілді. Лениннің тірі шағында жарияланбаған хаттары Шығармалардың айрықша томдары болып құралды. Бұған екінші-үшінші басылуларының негізгі томдарына енген көп хаттар, сол басылуларының XXVIII және XXIX томдарынан алынған хаттар, сол сияқты төртінші басылуына ус-

теп қосылған хаттар кіреді. Лениннің айрықша томдарға еңгізілген хаттарының бәрі дәл мезгіліне қарай орналастырылды.

Шығармалардың төртінші басылуының томдарына берілген анықтама материалда осы күнгі оқушының Ленин шығармаларын үйренуіне керекті фактылы мәліметтер ғана көрсетілді; бұл материал мынадай бөлімдерден құралады: 1) томға арналған қысқаша алғысөз; 2) шетел сөздері мен сөйлемдерінің кездескен жерінде берілетін аудармасы; 3) съездер, конференциялар және баспасөз органдары туралы фактылы анықтамалар беретін, жасырын аттар мен партиялық есімдерді ашып беретін, Маркс пен Энгельстің Ленин цитата алған шығармаларын көрсететін ескертулер; 4) В. И. Лениннің өмірі мен ісінің қысқаша кезеңдері.

Сталин жолдастың тіпті 1923 жылы, большевиктер партиясының Орталық Комитеті атынан шығарған арнаулы үндеуінде берген нұсқауы шығармалардың төртінші басылуында неғұрлым толық орындалды. Ленин шығармаларының бәрін, Владимир Ильич Лениннің большевиктер партиясын құру жөніндегі, Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу жөніндегі, дүние жүзіндегі тұңғыш Совет мемлекетін құру жөніндегі, пролетариаттың халықаралық революциялық қозғалысына басшылық ету жөніндегі қызметін сыйпаттайтын қолдағы бар документтер мен материалдардың бәрін әбден құнттап жыйнап, партия мен халыққа тарату қажеттігін Сталин жолдас баса көрсеткен болатын. Бұл үндеуде: біз «В. И. Ленин қол қойған немесе белгі салған бір жапырақ қағаздың өзі де дүниежүзілік революция көсемінің өзін, істеген істерін білу жөнінде зор қазна болатынын, В. И. Лениннің бастауымен біздің бара жатқан жолымыздағы міндеттер мен қыйыншылықтарды түсінуге көмектесетінін естен шығармауымыз керек» делінген.

Шығармалардың төртінші басылуы — В. И. Лениннің әдеби мұрасының ең толық шығуы.

Лениннің идеялық мұрасына баға жетпейді. Лениннің есімі, оның істеген ісі, оның ғылымы ғасырлар бойы, мыңдаған жылдар бойы жасайды. Коммунизм жолындағы миллиондаған күресшілер Лениннің идеяларымен,

оның шығармаларымен тәрбиеленіп келді және тәрбиеленуде.

В. И. Ленин Шығармаларының жаңадан, төртінші басылуының жарыққа шығуы — большевиктер партиясы мен совет халқының идеялық өміріндегі ірі уақыйға болып табылады, марксизм-ленинизмді насихаттау ісінде, партиямыз бен совет интеллигенциясы кадрларын коммунизм жолындағы күрестің идеялық ұлы қаруымен қаруландыру ісінде тағы ілгерілеп алға басқандық болып табылады.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин Институты

БІРІНШІ ТОМҒА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ

Бұл томда В. И. Ленинның 1893—1894 жылдарда, өзінің революциялық қызметінің бастапқы дәуірінде, Россияда революциялық жұмысшы партиясын құру жолындағы күрестің алғашқы жылдарында жазған төрт шығармасы бар («Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстар», «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде», ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?», «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын»).

Халықшылдар мен «жария марксистерге» қарсы бағытталған бұл шығармаларында Ленин XIX ғасырдың аяқ шеніндегі Россияның қоғамдық-экономикалық құрылысына марксистік анализ жасап, россиялық пролетариаттың революциялық күресінің бірсыпыра программалық қағыйдалары мен міндеттерін тұжырымдап берді.

В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуына оның «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде» деген рефераты ең бірінші рет енгізіліп отыр. Ленин бұл еңбегін 1893 жылдың күзінде жазған; оның мүлде жоғалып кеткен деп есептеліп жүрген қолжазбасы 1937 жылы ғана табылып, ең бірінші рет сол кезде жарияланған.

Лениннің «Халық достары деген не» деген еңбегі Шығармалардың осы басылуында 1894 жылғы гектографпен басылып шыққан жаңа данасынан алынып отыр; бұл данасы МЭЛИге 1936 жылы ғана түсті, сондықтан В. И. Ленин Шығармаларының бұдан бұрынғы басылуларында ескерілмеді. Бұл данасында толып жатқан ре-

дакциялық түзетулер бар; ол түзетулерді, сірә, кітапты шетелде бастырмақ болып әзірлегенде Лениннің өзі енгізген болу керек. Сол түзетулердің бәрі осы басылуына енгізілді. Сөйтіп, бұл томда ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген шығарманың дәл тексті беріліп отыр.



В. И. ЛЕНИН

1890—1891

ШАРУАЛАР ТҮРМЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА ШАРУАШЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

(В. Е- ПОСТНИКОВТЫҢ „ОҢТҮСТІК-ОРЫС ШАРУАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ“ ДЕГЕН КІТАБЫ ЖӨНІНДЕ)[1]

1893 жылдың көктемінде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. басылған

Колжазбасы бойынша басылып отыр

Новые хозяйственные движения в крестьянской жизни.

По поводу книги В. Е. Постникова — „Южнорусское крестьянское хозяйство".

I

Выходящая в нашем году книга В. Е. Постникова — „Южнорусское крестьянское хозяйство" (Москва, 1891 г. Стр. — XXXII + 391) представляет из себя чрезвычайно подробное и обстоятельное описание крестьянского хозяйства в губерниях Таврической, Херсонской и Екатеринославской, преимущественно же в материковой (степной) полосе Таврической губернии. Описание это основано, в 1/2 — на личных наблюдениях автора, в 1/2 — на данных, заимствованных преимущественно из земско-статистических источников губернии; во 2/3 — на личных наблюдениях автора, в 1/3 — на данных, заимствованных

I

В. Е. Постниковтың бұдан үш жыл бұрын шыққан «Оңтүстік-орыс шаруасының шаруашылығы» деген кітабында (Москва, 1891 ж., XXXII+391 бет) Таврич, Херсон, Екатеринослав губернияларындағы, көбінесе Таврич губерниясының материктік (солтүстік) уездеріндегі шаруалардың шаруашылығы өте-мөте толық және жете суреттелген. Бұл суреттеу, біріншіден, — әсіресе, — осы көрсетілген үш губерниядағы земство санағының зерттеу мәліметтеріне негізделген; екіншіден, автордың 1887 — 1890 жылдары шінара қызмет бабындағы атқаратын міндеті* бойынша, шінара шаруалар шаруашылығын әдейі зерттеу мақсатымен жүргізген өзінің байқауы бойынша суреттелген.

Земствоның бүтін бір аудан бойынша санақтық зерттеу мәліметтерін бір тұтас еңбек ету және бұлардың нәтижелерін бір жүйеге келтіру әрекеті өзінше алғанда да аса қажетті жұмыс, өйткені земство санағы[2] шаруалардың экономикалық жайы туралы орасан көп және жете талданған материал береді, бірақ жұрт үшін бұл зерттеулерден із қалмайтын дерлік түрде беріледі: земство санағының жыйнақтары дегеніміз том-том кестелер (әдетте әрбір уезге жеке бір том арналған), бұл кестелерді әбден көрнекті және айқын тарауларға келтіріп қорытудың өзі арнаулы қызметті керек қылады. Земство са-

* Автор Таврич губерниясында қазналық жерді басқару жөнінде чиновник болып қызмет атқарған.

нағының мәліметтерін жыйнақтаудын, өңдеудің қажеттігі көптен-ақ сезілген еді. Осы мақсатпен соңғы уақытта «Земство санағының қорытындыларын» бастыру ісі қолға алынды. Оны бастырудың жоспары мынадай: шаруалардың шаруашылығын сыйпаттайтын белгілі бір жеке мәселе алынады, сөйтіп, осы мәселе жөніндегі земство санағында бар мәліметтердің бәрін қорытуға өз алдына зерттеу жұмысы Россияның қара топрақты оңтүстігіне де, қара топраксыз солтүстігіне де жататын мәліметтер, бірыңғай егіншілікпен тіршілік ететін губернияларға да, кәсіпшілікпен шұғылданатын губернияларға да жататын мәліметтер біріктіріледі. «Қорытындылардың» басылып шыққан екі томы осы жоспар бойынша жасалынған; бірінші том «шаруалар қауымына» арналған (В. В.), екінші том «шаруалардың үлеске түспеген жерді жалға алуына» арналған (Н. Карышев)[3]. Қорытудың мұндай тәсілінің дұрыстығына күмануға болады: өйткені, біріншіден, экономикалық жағдайлары әртүрлі болып отырған әртүрлі шаруашылық аудандарының мәліметтерін жыйнақтауға тура келеді (бұл ретте, земство зерттеулері аяқталмағандықтан және көп уездерді зерттемей тастап кеткендіктен, әрбір ауданға жеке сыйпаттама беру аса қыйын: мұның қыйындығы «қорытындылардың» 2-нші томында-ақ көрінді; Карышевтың земство санағындағы мәліметтерді түрлі-түрлі белгілі аудандарға таратып бөлу әрекеті іске аспады); екіншіден, шаруалардың басқа жақтарына соқпай тек бір мәлім жағын жеке алып сыйпаттау тіпті мүмкін емес; өйткені онда белгілі бір мәселені бөліп алғанда, оны қыйсынсыз бөліп алуға тура келеді, сондықтан ол мәселе жөніндегі түсінігіміз толық болмай шығады. Шаруалардың үлестен тыс арендалары үлесті жердің арендаларынан, шаруалардың экономикалық жіктерге бөлінуі жөніндегі, егіс көлемі жөніндегі жалпы мәліметтерден бөлініп әкетіледі; бұлар шаруалар шаруашылығының тек бір бөлігі деп каралады, ал дұрысында, шаруалардың үлестен тыс арендалары көбіне-көп жеке меншікті шаруашылықты жүргізудің ерекше бір тәсілі болып табылады. Сондықтан, земство санағының осы мәліметтерін шаруашылық жағдайлары бірыңғай белгілі бір жеке аудан туралы біріктіріп қорыту, менің-ше, тәуір болған болар еді.

Земство санағының зерттеулерін қорытудың дұрысырақ тәсілі туралы пікірлерімді, «Қорытындыларды» Постниковтың кітабымен салыстырудан туған пікірлерімді жол-жөнекей айта кетумен қатар, мен Постниковтың шынында *қорыту* мақсатын көздемегенін ескерте кетуге тиіспін: ол сан материалдарын соңғы кезекке қалдырады да, барлық көңілін толық және әсерлі етіп суреттеу жағына бөледі.

Өзінің суреттеуінде автор экономика, әкімшілік-зан (жер иелену түрлері) және техника (жер шекарасын белгілеу мәселесі; шаруашылық системасы; егіннің шығымы) мәселелерінің сыйпаттарына бірдей тоқталып өткен деуге болады, бірақ экономика мәселелерін ол ең алға қоймақшы болған.

«Мойндау керек, — дейді Постников мырза алғысөзінде, — шаруалар шаруашылығының техникасына көбірек көңіл бөлуге болатын болса да, мен оған көңілді аз бөліп отырмын, бұлай етуіме себеп менің ойымша, шаруалардың шаруашылығында техникаға қарағанда экономикалық жағдайдың маңызы күштірек. Біздің баспасөзімізде... әдетте мәселенің экономикалық жағы еленбейді... Біздің шаруалардың шаруашылығы үшін негізгі экономикалық мәселелер болып табылатын жер және меже мәселелерін зерттеуге көңіл өте аз бөлінеді. Бұл кітапта нақ осы мәселелерді, әсіресе, аграрлық мәселені анықтауға көбірек орын беріліп отыр» (Алғысөз, IX бет).

Экономика мен техника мәселелерінің басқалардан маңыздырақ екені туралы автордың пікіріне толық қосыла отырып, мен өз мақаламды Постников мырзаның еңбегінің тек шаруалар шаруашылығын саяси-экономикалық жағынан зерттеген бір бөлігін баяндауға арнамақшымын*.

---

* Бұлай баяндау артық болмас деп ойлаймын, өйткені соңғы жылдардағы біздің экономикалық әдебиетіміздегі неғұрлым көрнекті шығармалардың бірі болып отырған Постников мырзаның бұл кітабы бүтіндей дерлік елеусіз қалды. Мүмкін бұған бір жағынан автордың экономикалық мәселелерге зор маңыз берсе де, бұл мәселелерді өте бөлшектеп баяндағаны, оның үстіне басқа мәселелерді егжей-тегжейлеп, өзінің баяндауын қыйындатып жібергені де себеп болған болар.

Бұл зерттеудің негізгі пункттерін автор алғысөзде былай сыйпаттайды:

«Шаруалар егіншілігінде соңғы кездерде машинаның көп қолданылуы және шаруалардың ауқатты бөлігінде шаруашылық көлемінің көріне ұлғаюы біздің егіншілік тұрмысымызда жаңа кезең тұғызады; шаруашылықтың быйылғы ауыр жағдайлары, сөз жоқ, бұл жаңа кезеңнің дамуына жаңадан дем береді. Шаруашылықтың көлемінің артуымен және машиналарды қолданумен қатар шаруа еңбегінің өнімділігі және оның семьясының жұмыс істеуге қаблеті анағұрлым артады, бірақ шаруа семьясының ұқсата алатын жерінің көлемін белгілегенде, бұл жағдай осы күнге дейін ескерілмей келді...

Шаруалар шаруашылығында машинаны қолдану тұрмысқа елеулі өзгерістер енгізеді: машинаны қолдану егіншілікте жұмыс қолы қажеттігін азайтады, осы күнгі біздің егіншіліктегі адамдардың көріне артық болуының зардабы шаруалар үшін бұрынғысынан да гөрі қаттырақ сезілетін болады, селоға керексіз, артық болып қалған, басқа жерден көлденең табыс табуға тиісті болған адамдардың саны артады, ал сөйтіп, бұлар шынында жерсіз адамдар болып қалады. Шаруалар шаруашылығында ірі машиналарды қолдану, егіншіліктің қазіргі тәсілдері мен оның экстенсивті жағдайында-ақ шаруалардың тұрмыс халін бүгінге дейін ойлауға да болмаған жоғары сатыға көтереді. Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстың күшіне кепіл болатын жағдай міне осы. Оңтүстік-орыс шаруаларының арасындағы бұл қозғалысты атап көрсетіп, оны анықтау осы кітаптың алдына қойған таяудағы міндеті болып табылады» (Алғысөз, X бет).

Автордың пікірі бойынша бұл жаңа шаруашылық қозғалыстардың не екенін баяндауға кіріспестен бұрын, мен тағы да бір-екі ескерту жасауға тиістімін.

Біріншіден, Постниковтың Херсон, Екатеринослав және Таврич губерниялары туралы мәліметтерді көрсетіп отырғандығы жоғарыда ескертілді, бірақ оның ішінде тек Таврич губерниясы туралы мәліметтер ғана барынша толық болып шыққан, сонда да бүкіл губернияны толық қамтымайды: шаруашылық жағдайы біраз басқаша түрде қойылған Қырым туралы автор мәлімет бермей, Таврич

губерниясының Бердянск, Мелитополь, Днепр сыяқты тек материктегі солтүстік үш уезімен ғана тынған. Мен осы үш уездің мәліметтеріне ғана тоқтамақшымын.

Екіншіден, Таврич губерниясында орыстардан басқа немістер мен болгарлар да бар, дегенмен орыстарға қарағанда олардың саны онша көп емес: Днепр уезіндегі 19 586 үйдің 113 үйі ғана неміс колонистері, яғни тек болғаны 0,6 проценті. Мелитополь уезінде 34 978 үйдің тек (1874 + 285 =) 2159 үйі ғана немістер мен болгарлар, яғни 6,1 проценті. Ақырында, Бердянск уезінде 28 794 үйдің 7 224 үйі ғана немістер мен болгарлар, яғни 25 процценті. Осы үш уездегі 83 358 үйдің ішінен колонистер небәрі 9 496 үй, яғни $^1/_9$ не жуығы ғана. Демек колонистердің саны жалпы алғанда өте аз, ал Днепр уезінде тіпті жоқтың қасы. Автор колонистер шаруашылығын орыс шаруашылығынан әрқашан бөлек алып, толық суреттейді. Мен бұл суреттеулердің бәрін де былай қойып, тек орыс шаруаларының шаруашылығына ғана тоқтаймын. Рас, сан мәліметтері орыстар мен немістерді қосып отырады, бірақ немістерді қосу, олардың тым аз болғандығынан, жалпы ара салмақты өзгерте алмайды, сондықтан орыс шаруаларының шаруашылығын осы мәліметтер бойынша-ақ толық сыйпаттап шығуға болады. Таврич губерниясындағы — осы өлкеге соңғы 30 жылдың ішінде келіп орналасқан — орыс халқының басқа орыс губернияларындағы шаруалардан өзгешелігі олардың анағұрлым ауқаттылығында ғана. Бұл жердегі қауымдық жер иелену, автордың айтуынша, «қалыптасқан және тұрақты»* болып табылады; бір сөзбен айтқанда, колонистерді шығарып тастағанда, Таврич губерниясындағы шаруалар шаруашылығында орыс шаруалары шаруашылығының жалпы түрінен оқшау шығатын ешбір негізді өзгешелік жоқ.

II

«Қазіргі уақытта — дейді Постников — орыстың оңтүстіктегі қандай да болса азды-көпті үлкен селоларының

* Жерді үй басына иелену тек 5 селода ғана бар.

әрқайсысында (Россияға қараған жерлердің көбі туралы да, бәлкім, осыны айтуға болар) өз халқының жеке топтарының экономикалық күйі әртүрлі, сондықтан жеке селоларды тұтас алып, олардың тұрмыс халін пәлендей деп айту және бұл тұрмыс халін орта санмен көрсету өте қыйын. Мұндай орта сандар шаруалардың экономикалық тұрмысын бейнелейтін кейбір жалпы жағдайларды көрсетеді, бірақ олар тұрмыстағы экономикалық құбылыстардың алуан-алуан түрлері туралы ешбір ұғым бермейді» (106 бет).

Одан кейінірек Постников бұдан да гөрі айқынырақ етіп, былай дейді:

«Экономикалық әл-ахуалдың әркыйлылығы халықтың жалпы ауқаттылығы туралы мәселені шешуді өте-мөте қыйындатады. Таврич губерниясының үлкен селоларын атүсті аралап өткен адамдар, әдетте жергілікті шаруалар өте ауқатты екен деген қорытынды шығарады; бірақ, селодағы шаруалардың тең жартысы байлар болып, қалғандары үнемі жоқшылық азабында жүрсе, ол селоны ауқатты деп атауға бола ма? Және қаисы бір селоның қаншалық ауқатты, қаншалық ауқаты кем екенін қандай белгілерге қарап айыруға болады? Бүкіл бір село немесе бүкіл аудан халқының жағдайын сыйпаттайтын орта сандар бұл жерде шаруаның ауқаттылығы туралы қорытынды шығаруға жеткіліксіз екендігі айқын. Шаруаның ауқаттылығы туралы тек, *халықты топтарға бөле отырып*, көп мәліметтердің жыйнағы бойынша ғана пікір айтуға болады» (154 бет).

Шаруалардың арасындағы жікке бөлінушілікті көрсетуде ешқандай жаңалық жоқ сыяқты болып көрінуі мүмкін: бұл туралы жалпы шаруалар шаруашылығына арналған шығарманың әркайсысында да дерлік айтылып отырады. Бірақ істің мәні мынада: әдетте жұрт бұл факт туралы айтқанда оған мән бермейді, оны маңызсыз немесе тіпті кездейсоқ мәселе деп есептейді, шаруалар шаруашылығының түрі туралы сөз қылғанда бұл түрді орта санмен сыйпаттап сөз қылуға болады деп біледі, әртүрлі практикалық шаралардың барлық шаруалар жөнінде қандай маңызы бар екенін талқыға салады. Постниковтың кітабында оның осындай пікірлерге қарсы екендігі көрініп тұр. Ол «қауымның ішіндегі жеке үйлер-

дің экономикалық күйінің өте-мөте әркыйлы екендігін» (323 бет) көрсетеді (бір емес, әлденеше рет көрсетеді) және «біздің қала интеллигенциясының бүгінге дейін түсініп келгеніндей, шаруалар әлемін тұтас және біркелкі деп қарауға тырысушылыққа» (351 бет) қарсы шығады. «Соңғы он жыл ішіндегі земство санағының зерттеулері — дейді ол — біздің 70нші жылдардағы публицистеріміздің түсінгеніндей, біздің селолық қауымымыздың мүлде біркелкі нәрсе емес екенін, қайта соңғы он жылдың ішінде қауымдағы халықтың экономикалық күйі жағынан тіпті әлденеше түрлі дәрежедегі топтарға бөлініп жіктелгенін анықтады» (323 бет).

Постников өзінің пікірін кітабының барлық жеріндегі көп мәліметтермен сыйпаттайды, сондықтан біз, бұл пікірдің қаншама дұрыс екенін тексеру үшін, шаруаларды біркелкі деп таныйтын «қалалық интеллигенцияның» пікірі дұрыс па, болмаса шаруалардың түр-түрі өте көп дейтін Постниковтың пікірі дұрыс па? және онсоң, бұл әркыйлылық қаншама зор? бұл әркыйлылық шаруалар шаруашылығын, тек орта мәліметтерге сүйеніп, саяси-экономикалық жағынан жалпы сыйпаттауға бөгет жасай ма? бұл әркыйлылық түрлі дәрежедегі шаруалар жөнінде жүргізілетін практикалық шаралардың әсері мен ықпалын өзгерте ала ма? — деген мәселені шешу үшін кітаптағы мәліметтердің бәрін бір жүйеге келтіріп, қорытуымыз керек.

Бұл мәселелерді шешу үшін материал болатын сандарды келтірмес бұрын, бұл тәрізді мәліметтердің бәрін Постниковтың Таврич губерниясы бойынша земство санақтары жыйнақтарынан алғанын ескертіп өту қажет. Алғашында земство санағы санақ жүргізгенде, әрбір шаруаның үйі туралы мәліметтер жыйнамай, жалпы, қауым бойынша мәліметтермен қанағаттанды. Алайда, көп ұзамай-ақ бұл үйлердің дәулетіндегі айырмашылықтарды байқады, үй басы сайын санақ жүргізуге кірісті — мұның өзі шаруалардың экономикалық күйін терең-ірек зерттеу жолындағы бірінші қадам болды. Екінші қадам комбинациялы кестелерді қолдану болды: қауым ішінде шаруалардың дәулеті жөніндегі айырмашылықтар шаруалардың заң жүзіндегі дәрежелері арасындағы айырмашылықтардан терең-ірек деген сенімге сүйеніп, са-

нақшылар шаруалардың экономикалық күйін көрсететін мәліметтердің бәрін шаруалардың белгілі бір дәулетінің айырмалықтарына қарай сол шаруаларды әртүрлі топтарға бөле бастады, мысалы үй басына келетін егіс десятинасына, жұмыс көлігінің санына, үлеске түскен егістік жердің санына, тағы басқаларына қарай бөле бастады.

Таврич земствосының санағы шаруаларды топқа бөлгенде егіс десятинасының санына қарай бөледі. Постников топ-топқа осылайша бөлуді «дұрыс екен» (XII бет) деп ойлайды, өйткені «Таврич уездерінің шаруашылық жағдайында егістің көлемі шаруалардың әл-ауқатының неғұрлым мәнді белгісі болып табылады» (XII бет). «Оңтүстік орыс дала өлкесінде шаруалардың егіншіліктен тыс кәсіптерінің қандайының болса да өркендеуі әзірге, басқа кәсіпке қарағанда, тіпті мардымсыз, сондықтан село халқының басым көпшілігінің қазіргі кездегі негізгі кәсібі — астық егуге негізделген егіншілік»— дейді Постников. «Земство санағының мәліметі бойынша, Таврич губерниясының солтүстік уездерінде селодағы тұрғын халықтың 7,6 проценті кілең кәсіпшілікпен шұғылданады және одан басқа, халықтың 16,3 проценті өзінің егіншілігіне қосымша кәсіппен шұғылданады» (108 бет). Шынында, шаруаларды земство санақшыларының өздері қабылдаған басқа негіздер бойынша, мысалы, үй басына тиесілі бөліске түскен жердің немесе егін егетін бөліске түскен жердің десятина саны бойынша топтарға бөлінуінен гөрі, шаруаларды егіс көлемі бойынша топқа бөлу Россияның басқа жерлері үшін де анағұрлым дұрыс болып шығады, өйткені: бір жағынан, бөліске түскен жердің мөлшері сол үйдің ауқатының қандайлығын тура көрсетпейді, оның себебі—бөліске түскен жердің мөлшері семьядағы ревизиялық[4] жанның немесе бар еркектердің санына қарай белгіленеді және қожайынның ауқаттылығына бөгделей ғана байланысты болады, ақырында, оның себебі шаруаның үлеске түскен жерді пайдаланбай, оны қалдырып кетуі мүмкін, құрал-сайманы болмаған соң, шаруа оны пайдалана да алмайды. Екінші жағынан егер халықтың негізгі ісі — егіншілік болса, онда өнімді есепке алу үшін, шаруаның тұтынатын, сатып алатын және сатуға шығаратын астығының мөлшерін анықтау үшін егіс кө-

лемін анықтау қажет болады, өйткені, бұл мәселелерді анықтамасақ, шаруа шаруашылығының өте мәнді жағы көрсетілмей қалады, оның егін шаруашылығының сыйпаты, мұның басқа табыстарға қарағанда маңызы, тағы басқалары анықталмай қалады. Ақырында шаруа үйінің шаруашылығын шаруаның жер иеленуі мен егіншілігінің нормалары деп аталатын нормалармен, азық-түлік (Nahrungsfläche) және жұмыс(Arbeitsfläche) нормасымен салыстыруға мүмкіндік алу үшін, шаруаларды топқа бөлудің негізі етіп дәл осы егіс көлемін алу қажет. Бір сөзбен айтқанда, егіс көлеміне қарай топқа бөлу, қолайлы әдіс болуының үстіне, ең жақсы және сөзсіз қажет әдіс болып табылады.

Таврич санақшылары егіс көлеміне қарай шаруаларды 6 топқа бөледі: 1) егін екпейтіндер; 2) 5 десятинаға дейін егетіндер; 3) 5тен 10 десятинаға дейін егетіндер; 4) 10нан 25 десятинаға дейін егетіндер; 5) 25тен 50 десятинаға дейін егетіндер және 6) 50 десятинадан артық егетіндер. Үш уезде бұл топтардың үй саны жағынан ара салмағы мынадай:

Үйлердің процентгері	Уездер: Бердянск %	Мелитополь %	Днепр %	Барлық 3 уезде орта есеппен 1 үйге келетін егіс десятинасы
Егін екпейтіндер	6	7,5	9	—
5 десятинаға дейін егетіндер	12	11,5	11	3,5
5—10 „ „	22	21	20	8
10—25 „ „	38	39	41,8	16,4
25—50 „ „	19	16,6	15,1	34,5
50 ден артық „	3	4,4	3,1	75

Бұлардың жалпы ара салмағы (бұл проценттер немістерді де қоса барлық халық туралы беріледі) немістерді шығарып тастағанда да аз өзгереді: мәселен, автордың есебі бойынша, Таврич уездерінде егінді аз егетіндер (10 десятинаға дейін) 40 процент, орташа мөлшерде егетіндер (10 десятинадан 25 десятинаға дейін) 40 процент және көп егетіндер 20 процент. Ал, немістерді шығарып тастағанда,

соңғы сан көп болғанда 1/6ге дейін (16,7 процент), яғни небәрі 3,3 процент кемиді, егінді аз егетіндердің саны осыған сәйкес көбейеді.

Осы топтардың бір-бірінен өзгешелігі қандай дәрежеде екендігін анықтағанда, жер иелену мен жерді пайдаланудан бастайық.

Постников мынадай кесте келтіреді (жердің бұл кестеде көрсетілген үш дәрежесінің жалпы жыйынды санын автор есептеп шығармаған (145 бет)):

Шаруалардың топтары	*Әрбір үйге орта есеппен келетін егістік жердің десятинасы*											
	Бердянск уезінде				Мелитополь уезінде				Днепр уезінде			
	үлесті жер	сатып алынған жер	арендаға алынған жер	барлығы	үлесті жер	сатып алынған жер	арендаға алынған жер	барлығы	үлесті жер	сатып алынған жер	арендаға алынған жер	барлығы
Егін екпейтіндер	6,8	3,1	0,09	10	8,7	0,7	—	9,4	6,4	0,9	0,1	7,4
5 десятинаға дейін егетіндер	6,9	0,7	0,4	8,0	7,1	0,2	0.4	7,7	5,5	0,04	0,6	6,1
5—10 десятинаға дейін егетіндер	9	—	1,1	10,1	9	0,2	1,4	10,6	8,7	0,05	1,6	10,3
10—25 десятинаға дейін егетіндер	14,1	0,6	4	18,7	12,8	0,3	4,5	17,6	12,5	0,6	5,8	18,9
25—50 десятинаға дейін егетіндер	27,6	2,1	9,8	39,5	23,5	1,5	13,4	38,4	16,6	2,3	17,4	36,3
50 десятинадан артық егетіндер	36,7	31,3	48,4	116,4	36,2	21,3	42,5	100	17,4	30	44	91,4
Уезд бойынша	14,8	1,6	5	21,4	14,1	1,4	6,7	22,2	11,2	1,7	7,0	19,9

«Бұл сандар, — дейді Постников, — Таврич уездеріндегі шаруалардың нағұрлым ауқатты тобының, семьядағы адамдардың көп болуы себепті үлеске жердің көп тиғендігін пайдаланып қана қоймай, сонымен қабат оның жерді нағұрлым көбірек сатып алатын және көбірек арендаға алатын топ екенін көрсетеді» (146 бет).

Бұл жөнінде тек мынаны ескертіп өту қажет: меніңше, үлеске түскен жердің төменгі топтан жоғарғы топқа қарай барған сайын арта беруі семьядағы адамдардың көбеюінен болып отыр деу толық түсінік бермейді. Постников үш уездің шаруалар топтарындағы семьялардың адам саны туралы мынадай кесте келтіреді:

Орта есеппен 1 семьяға келетін жан саны

	Бердянск уезінде		Мелитополь уезінде		Днепр уезінде	
	барлық жаны	қызметкері	барлық жаны	қызметкері	барлық жаны	қызметкері
Егін екпейтіндерде	4,5	0,9	4,1	0,9	4,6	1
5 десятинаға дейін егетіндерде	4,9	1,1	4,6	1	4,9	1,1
5—10 дес. „	5,6	1,2	5,3	1,2	5,4	1,2
10—25 „ „	7,1	1,6	6,8	1,5	6,3	1,4
25—50 „ „	8,2	1,8	8,6	1,9	8,2	1,9
50 десятинадан артық „	10,6	2,3	10,8	2,3	10,1	2,3
Уездер бойынша	6,6	1,5	6,5	1,5	6,2	1,4

Үй басына келетін үлесті жер мөлшерінің төменгі топтан жоғарғы топқа қарай барған сайын өсуі семьядағы барлық жан мен қызметкердің санының өсуінен анағұрлым тез екендігі осы кестеден көрініп тұр. Біз Днепр уезі бойынша төменгі топ үшін санды 100 деп алып, осы айтқанымызды дәлелдейік:

	үлесті жер	қызметкер	барлық жан
Егін екпейтіндерде	100	100	100
5 десятинаға дейін егетіндерде	86	110	106
5—10 дес. дейін егетіндерде	136	120	117
10—25 „ „ „	195	140	137
25—50 „ „ „	259	190	178
50 дес. артық „	272	230	219

Үлесті жердің аз-көптігіне, семьядағы адамның санымен қатар, шаруа үйінің ауқаттылығы да себеп болатыны айқын.

Әртүрлі топтардағы сатып алынған жердің мөлшері туралы мәліметтерді тексере келіп, ондай жерді түгелінен дерлік 25 десятинадан артық егісі бар жоғарғы топтардың, көбінесе үй басына 75 десятина егісі бар өте ірі егіншілердің сатып алатынын көреміз. Демек, сатып алынған жер туралы мәліметтер Постниковтың шаруа топтарының әртүрлілігі туралы пікірін толық қуаттайды. Мысалы, «Таврич уездерінің шаруалары 96 146 дес. жер сатып алды» деген автордың 147-бетте келтірілген мәліметі істің жайын мүлде сыйпаттай алмайды: бұл жерлердің бәрі дерлік, үлесті жермен қазірдің өзінде неғұрлым қамтамасыз етіліп отырған болмашы аздылықтың, Постников айтқандай, «ауқатты» шаруалардың қолында, ал мұндайлар халықтың 1/5-нен артық емес.

Аренда жайында да осыны айтуға тура келеді. Жоғарыда келтірілген кестеде арендаға алынған жердің, үлесті және үлестен тыс жердің жалпы саны бар. Шаруа неғұрлым дәулетті болса, оның арендасының мөлшері де соған сайма-сай бірден-бірге арта береді екен, демек, шаруаның өз жері неғұрлым көп болса, ол соғұрлым жерді арендаға көп алады екен, сөйтіп ең кедей топтарды қажетті жерден айырады екен.

Мұндай жағдайдың бүкіл Россияға бірдей жағдай екендігін айта кеткен жөн. Проф. Карышев земстволық-санақтық зерттеу жүргізілген бүкіл Россиядағы жерлердің бәріндегі шаруалардың үлестен тыс арендаларының қорытындысын шығара келіп, аренданың мөлшері мен арен-

дашылардың дәулеттілігі арасында тікелей байланыс бар екендігін жалпыға бірдей заң* деп есептейді.

Айтқандайын, аренданың (үлесті және үлестен тыс жерлерді қоскқанда) бөлінуі туралы Постников бұдан да толық санақтар көрсетеді, мен төменде осы санақтарды келтірем:

	Бердянск уезінде егіндік			Мелитополь уезінде егіндік			Днепр уезінде егіндік		
	арендалаушы үйлердің %	арендалаушы үйге келетін егіндік	1 десятинаның бағасы	арендалаушы үйлердің %	арендалаушы үйге келетін егіндік	1 десятинаның бағасы	арендалаушы үйлердің %	арендалаушы үйге келетін егіндік	1 десятинаның бағасы
5 десятинаға дейін егетіндерде	18,7	2,1	11	14,4	3	5,50	25	2,4	15,25
5—10 десятинаға дейін егетіндерде	33,6	3,2	9,20	34,8	4,1	5,52	42	3,9	12
10—25 десятинаға дейін егетіндерде	57	7	7,65	59,3	7,5	5,74	69	8,5	4,75
25—50 десятинаға дейін егетіндерде	60,6	16,1	6,80	80,5	16,9	6,30	88	20	3,75
50 десятинадан артық егетіндерде	78,5	62	4,20	88,8	47,6	3,93	91	48,6	3,55
Уездер бойынша	44,8	11,1	5,80	50	12,4	4,86	56,2	12.4	4,23

Біз бұл жерде де, орташа есеппен алынған сан істің жайын мүлде сыйпаттай алмайтынын көреміз: мысалы, Днепр уезінде шаруалардың 56 проценті арендаға жер алады дегенде, біз бұл аренда туралы өте жартымсыз түсінік берген боламыз, өйткені өзінің жері жеткіліксіз болып отырған (мұны төменде көрсетеміз) топтарда арендаға жер алушылардың проценті анағұрлым аз — 1-нші топта 25 процент қана, ал өзінің жері өзіне әбден жететін жоғарғы топтағы шаруалардың бәрі дерлік (91 проценті) арендаға жер алады. Арендаға жер алушы 1 үйге келетін десятиналарының санындағы айырма одан да зор: төменгі дәрежедегі шаруаларға қарағанда жоғарғы дәрежедегілер 30—15—24 есе артық арендалайды. Бұл жағдай аренданың тур-сыйпатының өзін де өзгертетіні анық, өйткені жо-

* «Земство санағының мәліметтері бойынша Россияны экономикалық жағынан зерттеудің қорытындысы». II том, *Н. Карышев*. Шаруалардың үлестен тыс арендалары. Дерпт. 1892, 122, 133, тағы басқа беттер.

ғарғы дәрежедегілерге аренда коммерциялық іс болса, төменгі дәрежедегілерге бұл ауыр мұқтаждықтан туған іс болуы мүмкін. Аренда ақысы туралы мәліметтер осы соңғы үйғарындыны растайды: бақсақ төменгі топтар жерді, жоғарғы дәрежедегілерге қарағанда, қымбатқа алады екен, кейде тіпті төрт есе қымбатқа (Днепр уезінде) алады екен. Бұл жөнінде ескерте кететін нәрсе — арендаға алынатын жердің мөлшері аз болған сайын аренда ақысының арта беретіндігі біздің оңтүстіктің ерекшелігі емес: Карышевтің еңбегі бұл заңды жаппай қолдануға болатындығын дәлелдейді.

Бұл мәліметтер жөнінде Постников былай дейді: «Таврич уездерінде арендаға жер алатындар, көбінесе, үлесті жері және өзінің меншікті жері мол ауқатты шаруалар; мұны, әсіресе, үлестен тыс жерді, яғни селодан қашық иелік және казналық жерді арендаға алу жөнінде айтуымыз керек. Мұның өзі өте табиғи нәрсе: қашық жерді арендалау үшін жұмыс көлігі жеткілікті болу керек, ал ауқаты кем шаруалардың жақын жердегі үлестен тыс жерін ұқсату үшін де жұмыс көлігі жеткіліксіз болады» (148 бет).

Аренданың осылайша бөлінуі жерді жеке-жеке жалға алғандықтан болып отыр деп ойламау керек. Жерді қоғам болып жалға алғанда да істің жайы тұк өзгермейді, өзгермейтін себебі: жер бұрынғы рет бойынша, яғни әркімнің «ақшасына қарай» бөлінеді.

«Мемлекеттік мүлік басқармасының салық кітабы бойынша, — дейді Постников,—1890 ж. үш уездің контракт бойынша арендаға берілген 133 852 десятина қазналық жерден шаруа қоғамдарының пайдалануында болған жарамды жер 84 756 десятина, яғни сол барлық жердің 63 процентіне жуығы. Бірақ шаруа қоғамдарының арендаға алып отырған жері аз ғана үй қожайындарының, көбінесе, ауқатты шаруалардың пайдалануында болды. Земствоның үй басынан алған санақ мәліметі бұл фактыны толық айқын көрсетеді» (150 бет)*:

---

* Бұл кестенің соңғы бағанасын (3 уездің жыйынын) Постников келтірмейді. Кесте туралы ескертуінде ол: «арендалау шарты бойынша шаруалар арендаға алынған жердің 1/3ін ғана жыртуға право-

Шаруалар топтары	Бердянск уезінде			Мелитополь уезінде			Днепр уезінде			Үш уезде			
	Саны		әрбір арендаға алушы үйге келетіні	Саны		әрбір арендаға алушы үйге келетіні	Саны		әрбір арендаға алушы үйге келетіні	Саны		% есебімен	әрбір арендаға алушы үйге келетіні
	арендалаушы үйлер	арендаға алынған жер (дес.)		арендалаушы үйлер	арендаға алынған жер (дес.)		арендалаушы үйлер	арендаға алынған жер (дес.)		арендалаушы үйлер	арендаға алынған жер (дес.)		
5 дес. дейін егетіндер	39	66	10,7	24	383	16	20	62	3,1	83	511	1	6,1
5—10 дес дейін егетіндер	227	400	1,8	159	776	4,8	58	251	4,3	444	1 427	3	3,2
10—25 дес. дейін егетіндер	687	2 642	3,8	707	4 569	6,4	338	1 300	4,4	1 732	8 711	20	5,0
25—50 дес дейін егетіндер	387	3 755	9,7	672	8 564	12,7	186	1 056	5,7	1 245	13 375	30	1,7
50 десятинадан артық егетіндер	113	3 194	28,3	440	15 365	34,9	79	1 724	21,8	632	20 283	46	32,1
Барлығы	1453	10 057	7	2 002	29 657	14.8	681	4 593	6,7	4 136	44 307	100	10,7

«Сөйтіп, Днепр уезінде арендаға алынған барлық егістік жердің 1/2нен көбірегі ауқатты шаруалар тобының пайдалануында болды. Бердянск уезінде 2/3нен көбірегі, ал бәрінен де гөрі қазналық жерді арендаға алатын Мелитополь уезінде арендаға алынған жердің тіпті 4/5нен артығырағы сол ауқатты шаруалар тобының пайдалануында болып келеді. Ал осы үш уезде арендаға алынған жердің небары 1 938 десятинасы ғана, яғни 4 процентке жуығы кедей шаруалардың (10 десятинаға дейін егетіндердің) тобында болды» (150 бет) — деп қорытынды шығарады Постников. Осыдан кейін автор шаруа қоғамдарының жалға алған жерінің бір тегіс бөлінбегендігі жөнінде толып жатқан мысалдар келтіреді, бірақ бұларды көрсетіп жатудың қажеті жоқ.

Жерді арендаға алу арендаға алушылардың дәулетіне байланысты екені туралы Постниковтың қорытындысы жөнінде земство санақшыларының қарама-қарсы пікірін келтіру өте қызғылықты.

Кітаптың бас жағында Постников өзінің: «Таврич,

Херсон және Екатеринослав губернияларындағы земстволық санақ жұмыстары туралы» (XI—XXXII бет) деген мақаласын келтірген. Бұл мақаласында ол 1889 жылы Таврич земствосы шығарған «Таврич губерниясының ескерткіш кітапшасын» тексереді; бұл кітапшада бүкіл зерттеу жұмысының қыскаша қорытындысы келтірілген. Осы кітаптың арендаға арналған бөлімін тексере келіп, Постников былай дейді:

«Земство санағы біздің жері көп оңтүстік және шығыс губернияларымызда ауқатты шаруалардың проценті едәуір көп екенін анықтады; бұл ауқатты шаруалар, өз меншігінде едәуір үлесті жерінің үстіне шеттен де арендаға көп жер алады. Бұлардың шаруашылығы семьяның өз тұтынуын өтеуді ғана көздеп қоймайды, оның үстіне белгілі мөлшерде артық өнім, табыс кіргізуді де көздейді, мұның арқасында шаруалар үй, қора-қопсыларын оңдайды, машиналар алады, жер сатып алады. Шаруалардың бұл талабы әбден орынды талап, мұның ешбір күнасы жоқ, өйткені мұнда әлі ешбір кулактық элемент жоқ». [Мұнда кулактық элемент шынында жоқ, бірақ, қанаушылық белгілері сөзсіз бар: қажетінен әлдеқайда артық жерді арендаға алып, ауқатты шаруалар кедейлердің азық-түлік өндіруіне керекті жерін қағып әкетеді; шаруашылықтарын ұлғайтып, ауқатты шаруалар қосымша жұмыс күшін керек қылады, сондықтан олар кісі жалдайды]. «Бірақ земство санақшыларының кейбіреулері шаруалар тұрмысындағы мұндай көріністерді тегінде заңсыз бір нәрсе деп есептеп, оның маңызын кемітуге тырысады, шаруалар арендаға жер алғанда, көбінесе азық-түлікке мұқтаж болғандықтан алады, егер ауқатты шаруалар арендаға көп жер алатын болса, үлесті жердің мөлшері арткан сайын бұл арендаға алушылардың проценті қалай да ұдайы азая береді деп дәлелдеуге тырысады» (XVII бет) — «Ескерткіш кітапшаны» құрастырған Вернер мырза бұл пікірді дәлелдеу үшін, *бүкіл* Таврич губерниясындағы 1—2 қызметшісі бар және 2—3 жұмыс көлігі бар шаруаларды, үлесті жерлерінің мөлшеріне қарай топ-топқа бөлген. Баксак, «үлесті жердің мөлшеріне қарай, арендалаушы үйлердің проценті бірден-бірге кемиді де, ал арендаға алынған жердің бір үйге келетін мөлшері үздіксоздық кемиді» екен (XVIII бет). Бұл сыяқты әдіс тіпті

дәлелді емес деп Постников өте дұрыс айтады, өйткені шаруалардың бір бөлегін(2—3 жұмыс көлігі барларын ғана) беталды ала салған, алғанда нақ ауқатты шаруаларды есептен шығарып тастаған, оның үстіне Таврич губерниясының құрылық уездері мен Қырымды бір есептеуге болмайды, өйткені бұларда аренда шарттары бірдей емес: Қырымдағы халықтың $^1/_2$ — $^3/_4$ жерсіздер (десятинашылар деп аталатындар), солтүстік уездерде халықтың тек 3—4 проценті ғана жерсіз. Қырымда арендаға жер табу әрдайым дерлік оңай; солтүстік уездерде— кейде бұл мүмкін емес. Шаруалар тұрмысының табыс кіргізу мақсатымен жалға жер алу сыяқты «заңсыз» көріністерін бүркемелеу үшін басқа губерниялардағы земство санақшыларының да осындай әрекет (әрине, бұл да сондай сәті болмаған әрекет) жасағандары байқалғанын айта кету қажет (Карышевтің жоғарыда аталған шығармасын қараңыз).

Егер, сөйтіп, шаруалардың үлестен тыс жерден арендаға алған жерінің бөліну түрі жеке шаруалар шаруашылықтары арасында сан жағынан (арендаға жерді көп алатындығы, аз алатындығы жағынан) ғана емес, сапа жағынан да (азық-түлікке мұқтаж болғандықтан арендалайтыны, коммерциялық мақсатпен арендалайтыны жағынан да) айырмашылықтар бар екенін ыспаттаса — ол уақытта мұны *үлесті* жерді арендаға алу туралы онан да гөрі баса айтуға тура келеді.

«Шаруалардың сол өздеріндей шаруалардан арендаға алатын үлесті егістік жерінің бәрі, — дейді Постников, — 1884—1886 жылдардағы үй басына жүргізілген санақ бойынша, Таврич губерниясының 3 уезінде 256 716 дес. болған, бұл—шаруалардың барлық үлестік егістік жерінің $^1/_4$ болады, ал мұның үстіне шаруалардың селоларда тұратын түрлі шендегілерге, сол сыяқты шаруалардың қатарына қосылмайтын және үй басына жүргізілген санақта есепке алынбайтын писарьларға, оқытушыларға, дін иелеріне және басқаларға жалға беретін жерлері жоғарыдағы есепке кірмеген. Осы жерлердің бәрін түгелінен дерлік ауқатты шаруалар топтары арендаға алады, оны мына сандардан көруге болады. Үй қожайындарының көршілерінен жалға алатын үлесті егістік жерінің санақта есепке алынған десятина саны:

Үй басына	10 десятинаға дейін егетіндер	16 594 дес.,	яғни 6%
„ „	10–25 „ „ „	89 526 „	„ 35 „
„ „	25 десятинадан артық „	150 596 „	„ 59 „
	Барлығы	256 716 дес.	100%

Ал осы жалға берілетін жердің ең көбі, сол сияқты жалға жер берушілердің ең көбі егін екпейгін, қожайыны жоқ және егінді аз егетін шаруалар тобына жатады. Сөйтіп, Таврич уездеріндегі шаруалардың едәуірі (шамамен алғанда, барлық халықтың 1/3не жуығы) шінара өздері тілемегендіктен, ал көбінесе шаруашылығын жүргізуге тиісті көлігі, құрал-сайманы болмағандықтан, өздерінің үлесті жерлерін түгел пайдаланбай, оны жалға береді, сөйтіп, шаруалардың ауқаттырақ жағының пайдаланатын жерін молайтады. Жерін жалға берушілердің көпшілігі, сөз жоқ, күйзелген, төмендеп бара жатқан үй қожайындары болады» (136—137 бет).

Бұл айтылғандарды «Таврич губерниясының 2 уезінің (земство санағы Мелитополь уезінің мәліметін келтірмеген) үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының салыстырмалы санын, олардың арендаға беретін үлесті егістік жерінің процентін көрсететін» (135 бет) мына бір кішкене кесте дәлелдейді:

	Бердянск уезінде		Днепр уезінде	
	үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының %	жалға берілетін үлесті жердің %	үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының %	жалға берілетін үлесті жердің %
Егін екпейтіндер	73	97	80	97,1
5 дес. дейін егетіндер	65	54	30	38,4
5—10 дес. дейін егетіндер	46	23,6	23	17,2
10—25 дес. дейін егетіндер	21,5	8,3	16	8,1
25—50 дес. дейін егетіндер	9	2,7	7	2,9
50 дес. артық егетіндер	12,7	6,3	7	13.8
Уездер бойынша	32,7	11,2	25.7	14,9

Шаруалардың жер иеленуі мен жерді пайдалануы туралы мәселеден құрал-сайманның бөлінуі туралы мәселеге көшейік. Шаруалар топтарындағы жұмыс көлігінің

саны туралы Постников барлық үш уезді бірге қосып, мынадай мәліметтер келтіреді:

	Барлық		1 үйге орта есеппен келетіні			
	аттар	өгіздер	жұмыс көлігі	басқалары*	барлығы*	жұмыс көлігі жоқ үйлердің %
Егін екпейтіндерде	—	—	0,3	0,8	1,1	80,5
5 дес. дейін егетіндерде	6 467	3 082	1,0	1,4	2,4	48,3
5—10 дес. дейін егетіндерде	25 152	8 924	1,9	2,3	4,2	12,5
10—25 дес. дейін егетіндерде	80 517	24 943	3,2	4,1	7,3	1,4
25—50 дес. дейін егетіндерде	62 823	19 030	5,8	8,1	13,9	0,1
50 дес. артық егетіндерде	21 003	11 648	10,5	19,5	30	0,03
Барлығы	195 962	67 627	3,1	4,5	7,6	—

Бұл сандар тек өздігінен шаруа дәрежелерін сыйпаттамайды — бұл кейіннен, егіншілік техникасын суреттеген кезде және шаруалардың экономикалық дәрежелерін топтарға бөлген кезде сыйпатталады. Біз бұл жерде тек мынаны айта кетеміз: колдарындағы жұмыс көлігінің саны жағынан шаруалар тобының арасындағы айырманың зор екендігі сонша, біз жоғарғы топтардың малы олардың семьясының тұтынуынан анағұрлым артылып қалатынын, ал төменгі топтардың малы (әсіресе, жұмыс көлігі) тіпті аз екенін, олар өз шаруашылығын өздігімен жүргізе алмайтынын көреміз.

Құрал-сайманның бөлінуі туралы мәліметтер де дәл осындай. «Шаруалардың плугтары мен буккерлері сыяқты құрал-сайманын есепке алып, үй басына жүргізілген санақ уездердің бүкіл халықтары туралы мынадай мәлімет береді» (214 бет):

---

* Ірі қараға шаққанда.

	Үйлердің проценті		
	жер жыртатын құралы жоқтар	тек буккері барлар	плуг және басқа құралдары барлар
Бердянск уезінде	33	10	57
Мелитополь „	37,8	28,2	34
Днепр „	39,3	7	53,7

Бұл кесте қаншама көп шаруалардың өз шаруашылығын *өздігімен* жүргізуге мүмкіншілігі жоқ екенін көрсетеді. Жоғарғы топтарда істің жайы қандай екендігі, егісіне қарай бөлінген әртүрлі топтардағы үй басына келетін құрал-сайманның саны жөніндегі мына төмендегі мәліметтерден көрінеді:

Үй басына келетін құрал сайман

	Бердянск уезінде		Мелитополь уезінде		Днепр уезінде	
	Жүк тасыйтын (арба және басқалар)	Жер жыртатын (плуг және буккерлер)	Жүк тасыйтын	Жер жыртатын	Жүк тасыйтын	Жер жыртатын
5—10 десятина егетіндерде	0,8	0,5	0,8	0,4	0,8	0,5
10—25 дес. дейін егетіндерде	1,2	1,3	1,2	1	1	1
25—50 дес. дейін егетіндерде	2,1	2	2	1,6	1,7	1,5
50 дес. артық егетіндерде	3,4	3,3	3,2	2,8	2,7	2,4

Құрал-сайманның саны жағынан жоғарғы топ төменгі топтан (5 десятинаға дейін егетіндерді автор тіпті есепке алмаған) 4—6 есе басым; ал қызметшілер * саны жағынан жоғарғы топ сол төменгі топтан $^{23}/_{12}$ есе басым, яғни екі есеге жуық. Мұның өзінен-ақ жоғарғы топ жұмыстың жалдауға тиісті болғанда, төменгі топтағы үйлердің жартысында жер жыртатын құрал-сайманы жоқ екенін (N. B.** Бұл «төменгі» топ төменнен санағанда үшінші топ), олай болса, шаруашылығын өздігімен жүргізе алмайтыны көрініп отыр.

---

* Шаруалар топтарындағы семьялардың адам саны туралы жоғарыда келтірілген кестені қараңыз.

** Nota bene — есіңізде болсын. *Ред.*

Жоғарыда көрсетілгендей, жер мен құрал-сайманның санында айырмашылық болғаннан кейін, егістік жердің көлемінде де айырмашылық болмай тұрмайтыны өзінен-өзі белгілі. 6 топтың әрбір үйіне келетін егістің десятина саны жоғарыда көрсетілді. Таврич губерниясындағы шаруалардың барлық егісі топтарға былайша бөлінеді:

	Егіс десятинасы	% есебімен				
5 десятинаға дейін егетіндерде	34 070	2,4	} егістің 12% халықтың 40%-де			
5—10 десятинаға дейін егетіндерде	140 426	9,7				
10—25 десятинаға дейін егетіндерде	540 093	37,6	„	38%	„	40% де
25—50 десятинаға дейін егетіндерде	494 095	34,3	} „	50%	„	20% де
50 дес. артық егетіндерде	230 583	16				
Барлығы	1 439 267	100%				

Бұл сандар өзінен-өзі түсінікті. Бұған тек мынаны қосу керек: семьяның тек егіншілікпен тіршілік ете алуы үшін, Постниковтың есебінше (272 бет), орта есеппен бір үйге 16—18 десятина егіс керек.

III

Өткен тарауда әртүрлі топтардағы шаруалардың дәулетінің дәрежесін және олардың шаруашылығының мөлшерін сыйпаттайтын мәліметтер қорытылды. Енді әртүрлі топтардағы шаруалар шаруашылығының сыйпатын, шаруашылық жүргізудің тәсілін және системасын анықтайтын мәліметтерді қорыту қажет.

Ең алдымен Постниковтың «шаруашылық көлемі артқан сайын және, машиналар қолдану көбейген сайын шаруалар еңбегінің өнімділігі және семьяның жұмыс істеуге қабілеттілігі едәуір артады» (X бет) деген қағыйдасына тоқтап өтелік. Автор бұл қағыйданы дәлелдегенде, әртүрлі экономикалық топтардағы егістің *белгілібір* мөлшердегі көлеміне қызметшілер мен жұмыс көлігінің қаншадан келетіндігін есептей келіп дәлелдейді. Бұл арада семьядағы

адамның саны туралы мәліметтермен пайдалануға болмайды, өйткені «төменгі экономикалық топтар өздерінің қызметшілерінің бірсыпырасын шетке батрактық етуге жібереді, ал жоғарғы топтар өздері батрак жалдап алады» (114 бет). Таврич губерниясының земство санағы жалдап алынған және жалдануға жіберілген жұмысшылардың санын көрсетпейді, сондықтан Постников мұның санын шамамен алып, есептеп шығарады, шығарғанда, земство санағының қызметшілер жалдаған үйлердің саны туралы мәліметтерін және сол белгілібір мөлшерлі егістікке қанша қызметкер қажет болатындығын негізге алып есептеп шығарады. Бұл есептеп шығарған мәліметтерінің дәл келе бермейтінін Постников өзі де мойындайды, бірақ ол өзінің есебі тек жоғарғы 2 топтағы семьялар составына едәуір өзгеріс енгізе алады деп ойлайды, өйткені қалған топтарда жалдама қызметшілердің саны көп емес. Семьялардағы адамның саны туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді төменде келтірген кестемен салыстырып, оқушы бұл көзқарастың дұрыс-бұрыстығын тексере алады:

Таврич губерниясының үш уезінде

	Қызметкерлер			Бір үйге келетіні	
	жалдап алынған	жалдануға жіберілген	Айырмасы	семьядағы адам саны (жалданушылармен бірге)	қызметшілер
Егін екпейтіндерде	239	1 077	— 838	4,3	0,9
5 дес. дейін егетіндерде	247	1 484	—1 237	4,8	1,0
5—10 дес. дейін егетіндерде	465	4 292	– 3 827	5,2	1,0
10—25 дес. дейін егетіндерде	2 846	3 389	— 543	6,8	1,6
25—50 дес. дейін егетіндерде	6 041	—	+6 041	8,9	2,4
50 дес. артық егетіндерде	8 241	—	+8 241	13,3	5
Барлығы	18 079	10 242	+7 837	—	—

Осы соңғы бағананы семьядағы адамның саны туралы мәліметтермен салыстырғанда, біз Постниковтың төменгі топтардағы жұмысшылардың санын біраз кемітіп, жоғарғы топтардағы жұмысшылардың санын арттырғанын көреміз. Өйткені оның көздеген мақсаты — шаруашылықтың көлемі ұлғайған сайын, белгілібір мөлшердегі егіс көлеміне керекті жұмысшылардың саны кемк беретіндігін дәлелдеу болғандықтан, автордың шамамен шығарған есебінің бұл кемшілікті күшейтуден гөрі бәсеңдетуі мүмкін еді.

Осылай алдын ала есептеп шығарғаннан кейін, Постников шаруалардың әртүрлі топтарындағы егістің көлемі мен қызметшілердің, жұмыс көлігінің, онан кейін жалпы халықтың саны арасындағы арасалмақты көрсететін мынадай кестені келтіреді (117 бет):

	Бір пар жұмыс көлігіне келетін егіс	*100 дес. егіске келетін* үйлер	барлық жан	қызметшілер (жалданушыларымен)	Жұмыс көлігі
5 десятинаға дейін егетіндерде	7,1 дес.	28,7	136	28,5	28,2
5—10 дес. дейін егетіндерде	8,2 „	12,9	67	12,6	25
10—25 дес. дейін егетіндерде	10,2 „	6,1	41,2	9,3	20
25—50 дес. дейін егетіндерде	12,5 „	2,9	25,5	7	16,6
50 дес. артық егетіндерде	14,5 „	1,3	18	6,8	14
Барлығы	10,9 дес.	5,4	36,6	9	18,3

«Сонымен, шаруалардың шаруашылығы мен жыртқан жерінің көлемі артқан сайын, ауыл шаруашылығындағы негізгі шығын — жұмыс күшіне, адамға және жұмыс көлігіне ұсталатын шығын кеміген үстіне кеми береді, кемігенде егінді көп егетін топтардың бір десятина егіске шығаратын шығыны жерді аз жыртатын топтардікінен 2 есе дерлік аз болып шығады» (117 бет).

Қызметкерлер мен жұмыс көлігіне ұсталатын шығын — ауыл шаруашылығындағы ең басым шығын деген қағыйданы автор төменде бір меннонит[5] шаруашылығының толық бюджетін мысалға алу арқылы дәлелдейді: барлық шығынының ішінен шаруашылыққа жұмсалатыны 24,3 процент, жұмыс көлігіне жұмсайтыны — 23,6 процент, қызметкерлерге жұмсайтыны — 52,1 процент (284 бет).

Шаруашылықтың мөлшері артқан сайын еңбек өнімділігі арта береді деген өзінің қорытындысына Постников үлкен маңыз береді (бұл оның алғысөзінің ішіндегі жоғарыда келтірілген цитатадан да көрініп тұр); оның бұл қорытындысының шынында да маңызды екенін — біріншіден, біздің әртүрлі топтардағы шаруалардың экономикалық тұрмысын және шаруашылықтың сыйпатын зерттеу жөнінде; екіншіден, ұсақ және ірі егістердің арасалмағы туралы жалпы мәселе жөнінде маңызды екенін — мойындамауға да болмайды. Осы соңғы мәселені көп авторлар мықтап шатастырған, ал ол шатастырудың негізгі себебі: әртүрлі қоғамдық жағдайларға қойылған, шаруашылықты жүргізу түрінің өзінде айырмашылықтары бар, біртекті емес шаруашылықтар салғастырылды; мысалы, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру арқылы табыс кіргізетін шаруашылықтар, басқа шаруашылықтардың жерге мұқтаждығынан пайдалану арқылы табыс кіргізетін шаруашылықтармен (мәселен, 1861 жылғы реформаның артынша іле-шала орнаған замандағы шаруалар мен помещик шаруашылықтары) салғастырылады. Постников мұндай хатеден тіпті аулақ, ол салғастырудың негізгі ережесін, салғастырылатын нәрсенің біртектес болуы керек деген ережені, ұмытпайды.

Таврич уездері жөнінде өзінің қағыйдасын толық дәлелдей келіп, автор біріншіден, әрбір жеке уезд туралы мәліметтерді бір бөлек; екіншіден, орыс халқы туралы, атап айтқанда, оның ең саны көп тобы — бұрынғы мемлекеттік шаруалар туралы мәліметтерді бір бөлек келтіреді (273—274 беттер):

	Бір пар жұмыс көлігіне келетін егіс десятинасы					
	жалпы уездер бойынша			бұрынғы мемлекеттік шаруалар тобында		
	Бердянск	Мелитополь	Днепр	Бердянск	Мелитополь	Днепр
5 десятинаға дейін егетіндерде	8,9	8,7	4,3	—	—	—
5—10 дес. дейін егетіндерде	8,9	8,7	6,8	8,9	9,1	6,8
10—25 дес. дейін егетіндерде	10,2	10,6	9,7	10,3	10,9	9,6
25—50 дес. дейін егетіндерде	11,6	12,4	12,3	12,3	12,8	11,9
50 дес. артық егетіндерде	13,5	13,8	15,7	13,7	14,3	15
Орта есеппен	10,7	11,3	10,1	—	—	—

Бұдан шығатын қорытынды да сондай: «шағын шаруашылықта егістің белгілібір көлеміне келетін жұмыс көлігінің салыстырылмалы саны — шаруаның «толық» шаруашылығындағы бұл саннан $1^1/_2$ — 2 есе көп болып шығады. Үй басына жүргізілген санақ бұл заңның басқа, ұсағырақ топтардың бәрі үшін де: бұрынғы помещик шаруаларының, арендаторлардың және басқалардың топтары үшін де, тіпті, бір болыстың және тіпті бір селоның көлемінен аспайтын жердегі өте кішкене аудандардың бәрі үшін де дұрыс екенін көрсетті» (274 бет).

Егістің мөлшері мен шаруашылық шығындарының арасалмағы, сонымен қабат, шығынның басқа түрі жөнінде де: құрал-сайманға, продуктылы малдың күтіміне жұмсалатын шығын жөнінде де ұсақ шаруашылықтардың пайдасына шықпайтынын көріп отырмыз.

Бір үйге келетін құрал-сайман мен продуктылы малдың санының төменгі топтан жоғарғы топқа қарай кеткен сайын қандай тез өсетінін біз жоғарыда көрдік. Егер осы құрал-саймандыегістің белгілібір көлеміне бөліп есептесек, ол уақытта оның төменгі топтан жоғарғы топқа қарай кеткен сайын *кемитінін* көреміз (318 бет):

	100 десятина егіске келетін		
	продук-тылы мал	плугтар мен буккерлер	арбалар
5 десятинаға дейін егетіндерде	42 бас	4,7	10
5—10 „ „ „	28,8 „	5,9	9
10—25 „ „ „	24,9 „	6,5	7
25—50 „ „ „	23,7 „	4,8	5,7
50 десятинадан артық „	25,8 „	3,8	4,3
Үш уезде:	25,5 бас	5,4	6,5

«Бұл кестеден, үй басына келетін егістің көлемі артқан сайын, егістің белгілібір көлеміне келетін ірі құрал-саймандардың (жерді ұсақтау және тасымал құралдарының) саны кеміген үстіне кеми беретінін, сондықтан жоғарғы топтардың шаруашылығында жерді ұқсату және тасымал құралдарына жұмсалатын шығынның бір десятина жерге келетін мөлшері соған сәйкес кемірек болуға тиіс екенін көреміз. Үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар топтың кейбір ерекшелігі бар: үй басына 16 десятина егісі бар топқа қарағанда, үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар топтың жерді ұқсататын құрал-саймандары кемірек болып отыр, бірақ, оның себебі тек мынау: бұл топтың ішінде көп шаруалар жұмысты өзіне меншікті құрал-саймандармен істемейді, жалдап алған құрал-саймандармен істейді, сондықтан құрал-сайманға жұмсалатын шығын онан тіпті де кемімейді» (318 бет).

Постников былай дейді: «Шаруалар шаруашылығының мөлшері неғұрлым үлкенірек болса, жыртылатын жердің белгілібір көлеміне келетін құрал-сайман, жұмыс адамдары, жұмыс көлігі солғұрлым аз болатындығын земство санағы даусыз айқын көрсетеді» (162 бет).

Мұнан кейінірек Постников былай дейді: «Таврич уездерінде мұндай жағдай шаруалардың барлық топтарында және барлық аудандарында болып отырғаны мұның алдындағы тарауларда көрсетілді. Шаруа шаруашылығындағы бұл жағдай, земство санағының мәліметтері бойынша, шаруа шаруашылығының негізгі саласы егіншілік болып отырған басқа губернияларда да көрініп отыр. Сөйтіп, бұл жағдай кең өріс алып, экономикалық зор маңызы бар заңға айналып барады, өйткені бұл заң

ұсақ егіншілік шаруашылығының экономикалық мәнін едәуір жояды» (313 бет).

Постниковтың соңғы пікірі ертерек айтылған пікір: ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарды ығыстырмай қоймайтынын дәлелдеу үшін, ірі шаруашылықтың өте тиімділігін (өнімді өте арзанға түсіретінін) анықтау жеткіліксіз; оның үстіне, ақшалы (анығырақ айтқанда: товарлы) шаруашылықтың өзіндік шаруашылықтан басымдығын да анықтау қажет, өйткені өнімі рынокке апарылмай, өндірушінің өз тұтынуына жұмсалатын өзіндік шаруашылықта арзан өнім рынокте қымбат өніммен кездеспейді, сондықтан ол қымбат өнімді ығыстыра да алмайды. Алғайда бұл туралы төменіректе толық сөз болады.

Жоғарыда көрсетілген заңды бүкіл Россияға қолдануға болатындығын дәлелдеу үшін, Постников земство санағының халықты дәлме-дәлдеп экономикалық топтарға бөлген уездерін алады, сөйтіп, әртүрлі топтарда бір пар жұмыс көлігі мен бір қызметшіге келетін егістік жердің мөлшерін есептеп шығарады. Мұнан да бұрынғыдай қорытынды шығады: «шаруа шаруашылығы шағын болғанда, егістік жердің жұмысшы күштеріне ұсталатын шығыны анағұрлым ауқаттырақ шаруашылықтағыдан $1^1/_2$—2 есе көп болады» (316 бет). Бұл Пермь губерниясы үшін қандай дұрыс болса (314 бет), Воронеж губерниясы үшін де сондай дұрыс, Саратов губерниясы үшін қандай дұрыс болса, Чернигов губерниясы үшін де сондай дұрыс (315 бет), олай болса, бұл заңды бүкіл Россияға қолдануға болатынын Постников сөзсіз дәлелдеп шықты.

Енді шаруалар шаруашылықтарының әртүрлі топтарының «табысы мен шығыны» туралы (IX тарау) және олардың рынокке қатнасы туралы мәселеге келейік:

«Өзалдына дербес шаруашылық болып отырған әрбір шаруашылықта, — дейді Постников, — жер көлемі төмендегідей 4 бөлімнен құралады: бір бөлімінде жұмыс істеуші семья мен шаруашылықта тұратын қызметшілерге арнап тамақ өндіріледі; бұл — келте мағнасында — шаруашылықтың *тамақ* егістігі; екінші бөлімінде шаруашылықта жұмысқа жегілетін малдың азығы өндіріледі, сондықтан мұны *мал азығының* егістігі деп атауға болады. Үшінші бөлімінде үй іргесіндегі жер, жол, бөгеген су,

тағысын-тағылар және егістік жердің егіс үшін тұқым жетістіретін бөлімі болады; оны *шаруашылық* егістігі деп атауға болады, өйткені ол егістік бүкіл шаруашылыққа қызмет етеді. Ақырында, төртінші бөлімінде шикі немесе ұқсатылған күйінде шаруашылықтан рынокке өткізілетін астық пен өсімдіктер өндіріледі. Бұл—шаруашылықтың *рыноктік* немесе *саудалық* егістігі. Әрбір дербес шаруашылықта жерді жоғарыда көрсетілген төрт бөлімге бөлгенде, егілетін өсімдіктердің түріне қарай бөлмейді, ол өсімдіктерді өсіргенде көздеген ең таяу мақсатына қарай бөледі.

Шаруашылықтың акшалай табысы оның жерінің саудалық бөліміне қарай белгіленеді, ал бұл сауда егістігінің көлемі неғұрлым көп болса және онан алынатын өнімдерінің салыстырылмалы бағалылығы неғұрлым жоғары болса, село кожайындарының рынокке қоятын тілегі де, елдің өз рыногінің аумағында егіншіліктен тыс жұмсай алатын еңбегінің мөлшері де соғұрлым көп болады, ол үшін оның ауыл шаруашылығының мемлекеттік (салық төлеу) және мәдениеттік маңызы соғұрлым жоғары болады, сол сияқты кожайынның өзінің таза табысы да, оның ауылшаруашылық қажетіне және оны оңдауға жұмсалатын қоры да көп болады» (257 бет).

Егер бұған едәуір маңызы бар бір түзету енгізсек, Постниковтың бұл пікірі мүлде дұрыс болып шығар еді; ақша шаруашылығы басым, өнімдерінің көпшілігі *товар* түрін алатын ел туралы ғана сөз болуға тиіс екендігі анық болып отырғанда, автор шаруашылықтың сауда егістігі көлемінің ел атаулы үшін қандай маңызы болатынын сөз қылады. Бұл шартты ұмыту, оны өзінен өзі түсінілетін нәрсе деп санау, сөз болып отырған елге бұл шарттың қаншама үйлесетінін дәлме-дәл зерттемей қалдырып кету — тұрпайы саяси экономияның хатесіне түскендік болар еді.

Бүкіл шаруашылықтан оның рынокке арналған егістігінің көлемін бөліп шығарудың өте зор маңызы бар. Ішкі *рынок* үшін маңызы бар нәрсе өндірушінің жалпы табысы емес (өндірушінің әл-ауқаты табысына қарай белгіленеді), тек қана оның *ақшалай* кіргізетін табысы. Ақшалай қаржысының болуы немесе болмауы өндірушінің әл-ауқатына тіпті де байланысты емес: өзінің участо-

гінен өзінің тұтынуына толық жеткілікті өнім алып отыратын, бірақ өзіндік шаруашылық жүргізетін шаруа, — ауқатты болады, алайда оның ақшалай қаржысы болмайды; шала-шарпы күйзелген, участогінен өзіне керекті астықтың тек аз ғана бір бөлігін ала алатын, өзіне керек қалған астықты (аз алса да және нашар астық алса да) кездейсоқ табыспен табатын шаруа — ауқатты болмайды, бірақ оның ақшалай қаржысы болады. Шаруаның ақшалай кіретін табысын есепке алмайынша, шаруа шаруашылықтарының және олардың табыс мөлшерінің рынок үшін маңызы туралы пікірлердің қандайының болса да ешбір күні болмайтындығы осы айтылғандардан айқын көрінеді.

Әртүрлі топтарға жататын шаруалардың шаруашылығындағы егістің жоғарыда көрсетіліп өткен төрт бөлімінің көлемдері қандай екендігін анықтау үшін, Постников әуелі жыл бойына тұтынылатын астықтың есебін шығарады, мұның үшін жан басына орта есеппен 2 ширек астық қояды (259 бет), бұл егіс көлемінің ішінде жан басына $^2/_3$ десятинадан келеді. Онан соң мал азығының егістігін әрбір жылқыға $1^1/_2$ десятинадан қояды, ал егіс көлеміне егістік жердің 6 процентін қояды, сөйтіп мынадай мәліметтер келтіреді* (319 бет):

	100 десятина егістен:				*Ақшалай түсетін табыс*	
	шаруашылыққа арналған жер көлемі	тамаққа арналған жер көлемі	мал азығына арналған жер көлемі	саудаға арналған жер көлемі	бір десятина егіске (сом)	бір үйге
5 десятинаға дейін егетіндерде	6	90,7	42,3	—39	—	—
5—10 дес. дейін егетіндерде	6	44,7	37,5	+11,8	3,77	30
10—25 дес. дейін егетіндерде	6	27,5	30	36,5	11,68	191
25—50 дес. дейін егетіндерде	6	17	25	52	16,64	574
50 дес. артық егетіндерде	6	12	21	61	19,52	1500

* Ақшалай табысты белгілеу үшін Постников былай істеді: бүкіл саудалық егістікке қымбатты астық — бидай — себілген деп есептеді, оның орташа шығымдылығын және бағасын өзі білгендіктен, осы жерден алынатын барлық өнімнің бағасын есептеп шығарды.

«Жеке топтар шаруашылығының ақшалай табысындағы көрсетілген айырмашылық — дейді Постников — шаруашылықтың мөлшерінің маңызын барынша айқын суреттейді, бірақ шынында, егістердің табыстылығы арасындағы бұл айырма шаруашылық топтарында мұнан да артық болуға тиіс, өйткені жоғарғы топтардың десятинадан алатын астығы көп және сатылатын астығы құндырақ болуға тиіс.

Табыстылықтың бұл есебінде біз шаруашылықтың барлық жерін қамтымай, тек егістік жерді ғана есепке алдық, өйткені Таврич уездерінің шаруа шаруашылығындағы әр түлік малдың қажетіне асатын басқа жерлер туралы бізде анық мәліметтер жоқ; бірақ кілең егіншілікпен шұғылданатын оңтүстік орыс шаруаларының ақшалай кіргізетін табысы түгелінен дерлік егістен алынатын болғандықтан, жоғарыда келтірілген сандар шаруалардың әртүрлі топтарындағы шаруашылықтың ақшалай кіргізген табысының айырмасын анық суреттейді. Бұл сандар, егіс мөлшерінің өзгеруіне қарай осы табыстың да қаншалық көп өзгеретіндігін көрсетеді. 75 десятина егісі бар семья жылына 1500 сомға дейін ақшалай кіріс келтіреді, $34^1/_2$ десятина егісі бар семья жылына 574 сом кіріс келтіреді, ал $16^1/_3$ десятина егісі бар семья 191 сом ғана ақшалай кіріс келтіреді. 8 десятина егетін семья 30 сом ғана кіріс келтіреді, яғни көлденең кәсібі болмаса, бұл кірісі оның шаруашылығына керекті ақшалай шығарған шығынын өтеуге жетпейді. Әрине, жоғарыда келтірілген сандар шаруашылықтан алынатын рентаны көрсетпейді, ал ол рентаны білу үшін, шаруашылықтың салыққа, құрал-сайманға, қора-қопсыға, киім-кешек, аяқ киім сатып алуға, тағысын тағыларға жұмсайтын барлық ақша шығынын ол саннан шығарып тастау керек. Бірақ бұл шығындар шаруашылықтың мөлшерінің өсуімен теңбе-тең өсіп отырмайды. Семьяның тіршілігіне жұмсалатын шығын семьядағы жан санының көбеюімен теңбе-тең өсіп отырады, ал семьядағы жандардың санының көбеюі топтардағы егіс көлемінің өсуінен анағұрлым жай екенін кестеден көріп отырмыз. Ал енді барлық шаруашылық шығындарды (жер салығын, аренда ақысын, қора-қопсы мен құрал-сайман жөндеуге ұсталатын шығын) алатын болсақ, ш-

руашылықта ол шығындардың өсуі қалай болғанда да шаруашылық мөлшерінің өсуінен озып кетпейді, оның бержағында, шаруашылықтың жалпы ақшалай табысы егіс мөлшерінің өсуінен озып кететінін жоғарыдағы кестеден көріп отырмыз. Ал және де, осы шаруашылық шығындарының бәрі, жұмысшы күшінің шығынына ұсталатын негізгі шаруашылық шығынымен салыстырғанда, өте аз. Сөйтіп, біз мұны: шаруа шаруашылығының егіншілік кәсібінен алынатын рентанын десятина басына келетін мөлшері шаруашылық мөлшерінің кемуіне сәйкес кеми береді дей аламыз» (320 бет).

Сөйтіп, Постниковтың мәліметтерінен біз мынаны көреміз: рынокке қатнасы жағынан алғанда, әртүрлі топтардағы шаруалардың егін шаруашылықтары арасында зор айырма бар: жоғарғы топтар (үй басына 25 десятинадан артық егісі бар) коммерциялық шаруашылық жүргізіп отырады; бұларда астық өндірудің мақсаты—табыс табу болады. Ал төменгі топтарда егіншілік семьяның қажетті мұктажын өтемейді (бір үйге 10 десятинаға дейін егін салатын егіншілерде осылай); егер шаруашылықтағы барлық шығынды анықтап есептейтін болсақ, әл уақытта осындай топтардағы шаруашылықтың пайдасынан зыяны асып түсетінін көрер едік.

Рыноктен талап етілетін заттың мөлшеріне шаруалардың әртүрлі топтарға бөлінуінің қандай әсер ететіндігі туралы мәселені шешу үшін, Постников келтірген мәліметтерден пайдаланудың зор мәні бар. Біз рыноктен талап етілетін заттың мөлшері сауда егістігінің көлеміне байланысты екенін, ал сауда егістігінің көлемі шаруашылық мөлшерінің ұлғаюына қарай өсетіндігін білеміз; бірақ жоғарғы топтардағы шаруашылықтың мөлшерінің өсуімен катар төменгі топтардағы шаруашылықтың мөлшері кеми береді ғой. Үй саны жағынан төменгі топтар жоғарғы топтардан екі есе көп: Таврич уездерінде төменгі топтар 40 процент, жоғарғы топтар тек 20 процент. Олай болса, жалпы алғанда, шаруашылықтың жоғарыда көрсетілгендей бөлінуі рыноктен талап етілетін заттың мөлшерін кемітпей ме? Шынын айтқанда, біз бұған, тәжрибеге сүйенбей-ақ, кемімейді деп жауап бере аламыз; істің мәні мынада — төменгі топтарда шаруашылық өте кішкене, сондықтан семьяның барлық мұқтажын егіншілік өтей

алмайды; аштан өлмес үшін осы төменгі топтардың адамдарына өздерінің жұмыс күшін рынокке апаруға тура келеді, жұмыс күшін сатса бұларға белгілі мөлшерде ақшалай қаржы түседі; сөйтіп бұл ақша шаруашылық мөлшері кемігеннен туған, рынокке қойылатын талаптың азаюының (белгілі дәрежеде) орнын толтырады. Бірақ Постниковтың мәліметтері қойылған сұрауға анығырақ жауап беруге мүмкіндік туғызады.

Қандай болса да белгілібір мөлшерлі егісті, мысалы, 1 700 десятина егісті алайық та, оны екі түрлі бөлінген екен дейік: біріншіден, экономика жағынан біртектес шаруаларға, екіншіден, қазіргі кезде әртүрлі топтарға бөлініп отырған шаруаларға бөлінген екен дейік; мұндай топтар қазір Таврич уездерінде кездеседі. 1-ретте, шаруалардың орташа шаруашылығында 17 десятина егіс бар деп ұйғарсақ (Таврич уездерінде іс жүзінде де осылай болып отыр), сонда егіншілікпен өз мұқтажын толық өтейтін 100 шаруашылық шығады. Рыноктен талап етілетін зат $191 \times 100 = 19\,100$ сомдық болады. Екінші ретте: 1 700 десятина егіс сол 100 үйге басқа түрде бөлінген, атап айтқанда, Таврич уездерінде егіс шаруаларға іс жүзінде қалай бөлінсе, мұнда да солай бөлінген: 8 үйдің ешбір егісі жоқ, 12 үй 4 десятинадан егеді; 20 үй 8 десятинадан, 40 үй 16 десятинадан, 17 үй 34 десятинадан және 3 үй 75 десятинадан егеді (сонда барлық егіс 1 651 десятина, яғни 1 700 десятинадан да кемірек). Осылай бөлінген күнде шаруалардың едәуірі (40 проценті) өз жерінен барлық мұқтажын өтейтін табыс ала алмайды. Үй басына 5 десятинадан артық егісі бар шаруашылықтарды ғана есепке алғанда, рыноктен алынуға тиіс ақша мөлшері мынадай болады: $20 . 30 + 40 . 191 + 17 . 574 + 3 . 1\,500 = 22\,498$ сом. Сонымен, тұтас 20 үйді (өзінің өнімін сатып табыс таппағанмен, қалайда ақшалай табыс кіргізетін) шығарып тастасақ та, егіс көлемінің 1 603 десятинаға түсіп кемігеніне қарамастан, рыноктен алынуға тиіс ақшаның жалпы мөлшері артып отыратынын көреміз.

Төменгі экономикалық топтардағы шаруалар лажсыз өзінің жұмыс күшін сататындығы жоғарыда айтылған; ал жоғарғы топтардың шаруалары олардың жұмыс күшін сатып алуға тиіс, өйткені өздерінің көп егісін ұқсату

үшін, олардың өздерінің жұмыс істейтін адамдары жеткіліксіз. Енді біз осы маңызды жағдайға толығырақ тоқтауымыз керек. Постников бұл жағдайды «шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстарға» қоспайтын сияқты (қалай болғанда да ол еңбектің нәтижелерін қорытқан алғысөзінде бұл туралы ешнәрсе айтпайды), бірақ бұл жағдайға, ауқатты шаруалардың машинаны пайдалануынан немесе егіс көлемін арттыруынан гөрі анағұрлым көбірек көңіл бөлу қажет болады.

«Таврич уездеріндегі неғұрлым ауқатты шаруалар,— дейді автор, — тегі жалдама қызметшілерді едәуір көп пайдаланады және өзінің шаруашылығын жүргізетін жерінің көлемі өздерінің семьяларының күші жететін мөлшерден әлдеқайда артып жатады. Мәселен, 3 уездегі шаруалардың барлық разрядтарында 100 семьяның қызметші жалдайтындары:

Егісі жоқтарында	3,8%
5 десятинаға дейін егетіндерінде	2,5
5—10 „ „ „	2,6
10—25 „ „ „	8,7
25—50 „ „ „	31,7
50 десятинадан артық „	64,1
Барлығы	12,9%

Бұл сандар қызметші жалдайтындардың көпшілігі егісі мол ауқатты шаруалар екендігін көрсетеді» (144 бет).

Топтардағы жалшылары жоқ семьялардың (үш уезді жеке-жеке алғанда) және жалшылары бар семьялардың (үш уезді бірге алғанда) адам саны туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді салғастыра отырып, біз бір үйге 25тен 50 десятинаға дейін егін егетін қожайындар жалшы жалдау арқылы өз шаруашылығында жұмыс адамдарының санын, шамамен айтқанда, 1/3 есе арттыратынын (бір семьяға 1,8 — 1,9 қызметшілерден 2,4 қызметшіге дейін), ал бір үйге 50 десятинадан артық егетін қожа-

ындар жұмыс адамдарының санын екі есеге жуық (2,3 тен 5ке дейін) арттыратынын көреміз; автордың есебінше, бұлар тіпті екі еседен артық көбейтеді, бұлар өздерінің 7 129 жұмыс адамының үстіне 8 241 қызметші жалдауға тиіс (115 бет). Төменгі топтар басқаға жалданатын қызметкерлерді едәуір көп беруге тиіс екені бұл топтардың егіншіліктен өзіне жеткендей өнім ала алмайтындығынан-ақ көрініп тұр. Амал не, біздің қолымызда шетке жіберілетін қызметшілердің саны туралы анық мәлімет жоқ. Бұлардың санын өзінің үлесті жерін арендаға беретін үй қожайындарының санынан шамалауға болады: жоғарыда Таврич уезіндегі халықтың $^1/_3$ не жуығы өздерінің үлесіне тиген жерін толық пайдаланбайтыны туралы Постниковтың мәлімдемесін келтіргенбіз.

IV

Жеке үйлердің экономикалық жағдайында «өте-мөте әрқыйлылық» бар екені туралы өзінің қағыйдасын Постниковтың әбден дәлелдегендігі жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп отыр. Мұндай әрқыйлылық шаруалардың дәулеттілігінің дәрежесі мен олардың егісінің мөлшерінде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі топтардағы шаруашылықтың сыйпатында да бар. Ол ол ма. Тіпті «әрқыйлылық», «жіктелу» деген терминдердің өзі істің жайын толық сыйпаттамайды екен. Егер бір шаруаның 1 көлігі болса, ал екінші шаруаның 10 көлігі болса, біз мұны жіктелу деп атаймыз, ал егер біреу тек жерді пайдалану арқылы табыс алуды ғана көздеп, өзін қамтамасыз ететін үлесті жерінің үстіне ондаған десятина жерді арендаға алса, сөйтіп ол басқа шаруаны өзінің семьясын асырау үшін арендаға жер алу мүмкіншілігінен айырса, міне бұл жіктелу емес, тіпті басқа бірнәрсе екені айқын; біз мұны «алалық» (323 бет), «экономикалық мүдделердің күресі» (XXXII бет) деп атауымыз керек. Бұл терминдерді қолданғанда, Постников бұлардың барлық маңызын жете бағаламайды; сондай-ақ, ол осы соңғы терминдердің де жеткіліксіз екендігін байқамайды. Халықтың кедейленген тобының үлесті жерін жалға алу, өз шаруашылығын жүргізуден қалған шаруаны батрак-

тыққа жалдау, — бұл тек алалық қана емес, бұл нағыз қанаушылық.

Осы заманда ғы шаруалардың арасындағы экономикалық алалық күшті екенін мойындай отырып, біз шаруаларды дәулеттілік дәрежесіне қарай бірнеше жікке бөлумен ғана қанағаттана алмаймыз. Егер жоғарыда көрсетілген айырмашылықтың бәрі сан жөніндегі айырмашылықтарда ғана болса, онда бұлай бөлу жеткілікті болар еді. Бірақ бұл олай емес. Егер шаруалардың бір бөлегі егіншілікті коммерциялық пайда табу мақсатымен жүргізіп, соның нәтижесінде ақшалай көп табыс алатын болса, ал екінші бөлегінің егіншілігі семьясының күнбе-күнгі қажетін де өтемейтін болса, егер шаруалардың жоғарғы топтары өздерінің жақсы жолға қойылған шаруашылығын төменгі топтарды күйзелту негізіне құрып отырса, егер аукатты шаруалар едәуір дәрежеде жалдама еңбектен пайдаланып отырса, ал кедей шаруалар лажсыз өздерінің жұмыс күшін сататын болса, — бұл, сөз жоқ, сапа жөніндегі айырмашылық, сондықтан ендігі жерде біз шаруаларды олардың шаруашылығының сыйпатының өзіндегі айырмашылықтарға қарай топтарға бөлуіміз керек (шаруашылықтың сыйпаты дегенде техниканың емес, экономиканың өзгешеліктерін айтамыз).

Постников осы соңғы айырмашылыққа өте аз көңіл бөлген; сондықтан, ол «халықты толығырақ етіп топқа бөлудің» (110 бет) қажеттілігін мойындап, осылай етіп бөлуге әрекеттенсе де, оның бұл әрекеті сәтті жұмыс болды деп мойындауға болмайтынын біз қазір көреміз.

«Халықты экономикалық топтарға толығырақ етіп бөлу үшін, — дейді Постников, — біз шаруашылықтың басқа бір белгісін аламыз, бұл белгінің экономикалық маңызы жер-жерде бірдей болмаса да, ол белгі шаруалардың өздерін өздері топтарға бөлуіне, барлық уездерде земство санақтары да байқаған бөлінушілікке толығырақ үйлеседі. Шаруаларды бұлай етіп топтарға бөлгенде, әр үйдегі жұмыс көлігінің санына қарай, үй қожайындарының шаруашылықты жүргізу әдісі жөніндегі тәуелсіздік дәрежесіне қарай бөледі» (110 бет).

«Қазіргі уақытта оңтүстік-орыс ауданындағы шаруа-

ларды, үй кожайындарының шаруашылық жөніндегі тәуелсіздік дәрежесіне қарай, сонымен бірге шаруашылықты жүргізу әдісіне қарай мынадай басты-басты үш топқа бөлуге болады:

1) Күш-көлігі бар, яғни өз алдына плугі немесе оның орнына жер жыртатын басқа құралы бар және көлік жалдамай, ешкіммен мойынсерік болмай, егіс жұмысын өз көлігімен істейтін үй қожайындары. Плуг немесе буккері болса, бұл үй қожайындарының өзінде 3 — 2 пар немесе одан да көбірек жұмыс көлігі болады, осыған сәйкес, үйінде 3 ересек жұмыс адамы, немесе, ең болмағанда, 2 ересек жұмыс адамы және бір қолғабысшы адамы болады.

2) Күш-көлігі түгел емес немесе мойынсеріктес, яғни егіс жұмысына дербес жегетін жұмыс көлігі тапшы болғандықтан, егіс жұмысында бірлесіп мойынсерік болатын үй қожайындары. Мұндай үй қожайындарының үй басына бір немесе $1^1/_2$ пар және тіпті кейбір реттерде 2 пар жұмыс көлігі болады, осыған сәйкес бір немесе екі ересек жұмыс адамы болады. Жері қатты болып, жерді 3 пар көлік жегетін плугпен (немесе оның орнына жарайтын буккермен) жыртуға тура келсе, онда қожайындар, 2 пар жұмыс көлігі бола тұрса да, мойынсерік болып бірікпей тұра алмайды.

3) Күш-көліксіз немесе тіпті малы жоқ «қаражаяу», немесе бір ғана жұмыс көлігі бар (көбінесе бір аты бар, өйткені өгізді әдетте парымен ұстайды және тек парымен жегеді) үй қожайындары. Мұндайлар басқа жақтан көлік жалдап жұмыс істейді немесе егін өнімінің бір бөлегін алатын болып, өзінің жерін жалға береді, өзінде мүлде егіс болмайды.

Шаруалардың өздері шаруашылықтарды әртүрлі топтарға бөлгенде, әдетте, шаруалардың тұрмысындағы негізгі шаруашылық белгісіне қарай бөледі, осы айтылып отырған ретте бұл негізгі белгі — жұмыс көлігінің саны мен көлік жегу әдісі болып отыр. Бірақ, мұндай етіп бөлгенде, жоғарыда аталған әрбір жеке топтың өз ішінде, сол сияқты топтардың өзара жіктелуінде ілгерілікейінді үлкен айырмалықтар бар» (121 бет).

Жалпы үй санының ішінде бұл топтардың процент составы мынадай (125 бет):

	I	II	III	
	Меншікті малымен жұмыс істегендер	Мойынсерік болып жұмыс істегендер	Жалдама малмен жұмыс істегендер	Егісі жоқтар
Бердянск уезінде	37	44,6	11,7	6,7
Мелитополь уезінде	32,7	46,8	13	7,5
Днепр уезінде	43	34,8	13,2	9

Осы айтылған уездердегі көліктің мөлшерін білу үшін автор, осы кестені келтірумен қатар, үйлерді қолындағы жұмыс көлігінің санына қарай мынадай топтарға бөлген:

Жалпы үй саны ішінде әрбір топтағы үйлердің % ті

	Жұмыс көлігі бар үйлер			
	4 және одан артық жұмыс көлігі барлары	2—3 жұмыс көлігі барлары	1 жұмыс көлігі барлары	Жұмыс көлігі жоқ үйлер
Бердянск уезінде	36,2	41,6	7,2	15
Мелитополь уезінде	34,4	44,7	5,3	15,6
Днепр уезінде	44,3	36,6	5,1	14

Демек, Таврич уездерінде көлік жеткілікті болу үшін бір үйдің жұмыс көлігі 4тен кем болмауы керек.

Постниковтың мұндай ретпен топқа бөлуін толығынан ойдағыдай деп тануға болмайды, өйткені, ең алдымен осы 3 топтың әрқайсысының өз ішінде зор айырмашылықтар байқалады:

«Оңтүстік Россия күш-көлікті үй қожайындарының тобында, — дейді автор,—үлкен әрқыйлылық бар екенін көреміз: ауқатты шаруалардың көлігі көп болса, кедейлеу шаруалардың көлігі аз. Біріншілерінің өзі: көлігі жеткілікті үйлер (6—8 және одан да көп көлігі бар) және көлігі жеткіліксіз үйлер (4—6 көлікті) болып екіге бөлінеді... «Қаражаяу» үй қожайындары категориясында да әл-ауқатына қарай толып жатқан әрқыйлылық бар» (124 бет).

Постниковтың шаруаларды топтарға бөлуінің тағы бір қолайсыз жері сол, земство санағы халықты топқа бөлгенде, жоғарыда көрсетілгендегідей, жұмыс көлігінің са-

нына қарай емес, егістің мөлшеріне қарай бөлген. Сондықтан да, әртүрлі топтардың дәулеті жайын анық көрсете алу үшін, халықты егіс мөлшеріне қарай топ-топқа бөлуге тура келеді.

Осы белгі бойынша Постников халықты дәл сондай үш топқа бөледі: егінді аз егетін үй қожайындары — 10 десятинаға дейін егетіндер мен егісі жоқтар; егінді орташа егетіндер — 10 десятинадан 25 десятинаға дейін егетіндер және егінді көп егетіндер — үй басына 25 десятинадан артық егісі барлар. Автор бірінші топты «кедей», екіншіні — орташа, үшіншіні — аукатты дейді.

Осы топтардың сан составы туралы Постников былай дейді:

«Жалпы алғанда Таврич шаруаларының ішінде (колонистерді қоспағанда) егінді көп егетіндер барлық үй санының $^1/_6$ шамасы, орта мөлшерлі егісі барлар 40 процент шамасы, ал егінді аз егетіндер мен екпейтіндер — 40 проценттен артығырақ. Ал, Таврич уездеріндегі барлық халықтың (колонистермен) егінді көп егетіндері халықтың $^1/_5$ бөлімі немесе 20 процентке жуығы, орта мелшерде егін егетіндері —40 процент, егінді аз егетіндер мен екпейтіндер — 40 процент шамасы» (112 бет).

Демек, немістерді қосқанда топтардың составы аз өзгереді, сөйтіп бүкіл уезд туралы жалпы мәліметті пайдалану теріс болмайды.

Біздің ендігі міндетіміз: осы топтардың әркайсысының экономикалық күйін мүмкін болғанынша анығырақ сыйпаттау, сөйтіп шаруалар арасындағы экономикалық алалықтың мөлшері мен себебін анықтауға тырысу болу керек.

Постников мұндай мақсатты көздемеген; сондықтан онын келтірген мәліметтері өте бытыранқы болып шыққан, ал топтар туралы жалпы пікірі жеткілікті айқын болмаған.

Төменгі топтан — кедейлерден бастайық, Таврич уездерінде халықтың $^2/_5$ осы топка жатады.

Бұл топтың шынында қаншама кедей екендігін, бәрінен де жұмыс келігінің (ауыл шаруашылығындағы ең негізгі өндіріс құралы) санынан айыруға болады. Таврич губерниясының үш уезіндегі 263 589 жұмыс көлігінен төменгі топта (117 бет) 43 625 жұмыс көлігі бар, яғни небәрі

17 процент, орташа мөлшерден 2¹/₃ есе кем. Жұмыс көлемі жоқ үйлердің процентімен мәліметтер жоғарыда келтірілді (төменгі топтың 3 бөлімшесінде 80 процент — 48 процент—12 процент). Постников осы мәліметтерге сүйеніп: »өзінің меншікті малы жоқ үй қожайындарының проценті егісі жоқ және үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар топтарда ғана едәуір болып отыр» (135 бет) деген қорытынды шығарды. Бұл топтың егісінің саны мал санына сәйкес келеді: небәрі 962 933 десятина егісген (3 уезд) бұл топ өз жерінде 146 114 десятина егін егеді. яғни 15 процент. Арендаға алынған жерді қоскан-да, бұл топтың егіні 174 496 десятинаға жетеді, бірақ арендаға алынған жерді қосқанда басқа топтардың да егісі артатын болғандықтан, артқанда төменгі топтікінен көп ататын болғандықтан істің нәтижесінде төмендегі топтың егісі барлық егістің тек 12 проенті ғана болады, яғни халықтың ³/₈нен көбірегіне егістің ¹/₈ ғана тиеді. Егер, автордың қалыпты мөлшердегі егіс деп (яғни семьяның барлық мұқтажын өтейтін) Таврич шаруасының сол орта мөлшерлі егісін айтатынын еске алсақ, ол уақытта, орта мөлшерден 3¹/₃ есе кем егісі бар топтың қаншама үлесі кетіп отырғандығын көру қыйын емес.

Мұндай жағдайда бұл топтағы егін шаруашылығының өте-мөте ауыр халде болатындығы өзінен-өзі айқын: Таврич уездеріндегі халықтың 33—39 процентінде, демек, төменгі топтағы халықтың басым көпшілігінде—жер жыртатын құралдың мүлде жок екендігін біз жоғарыда көрдік. Құрал-сайманы болмағандықтан шаруалар лажсыздан жерін тастап кетеді, үлесті жерлерін арендаға беруге мәжбүр болады: Постниковтың есебінше, жерін осылай беріп кетуші шаруалардың саны (шаруашылығы, сөзсіз, әбден күйзеліп болған) халықтың ¹/₃не жуық, яғни тағы да сол кедей топтың анағұрлым көпшілігі. Жол-жөнекей айта кетелік, земство санағы бұл үлесті жерін «сатушылық» (кәдімгі шаруалардың өз сөзімен айтқанда) барлық жерде және мол түрде кездесіп отыратынын сыйпаттайды. Бұл фактыны көрсеткен баспасөз қазірдің өзінде-ақ бұған қарсы шараны да—үлесті жерлерді жалға бергізбеу шарасын — ойлап шығарды. Әркімнің бұйрығының күшіне бұл авторлардың нағыз чиновникше сенетінін әшкерелеуші бұл сыяқты шаралардың іске аспайты-

нын Постников өте дұрыс көрсеткен. «Жерді жалға беруді тыюмен ғана бұл жағдайдың жойылып кетпейтіні күмансыз, — дейді ол, — өйткені мұның тамыры өте терең, бұл хал шаруалар тұрмысының қазіргі экономикалық құрылысынан туып отыр. Өзінің меншікті шаруашылығын жүргізу үшін құрал-саймаңы және қаржысы жоқ шаруа үлесті жерін іс жүзінде пайдалана алмайды, сондықтан өзінің үлесті жерін шаруашылықты жүргізуге керекті құралы, қаражаты бар басқа шаруаларға жалға беруге тиісті болады. Жерді жалға беруді турадан-тура тыйғаннан кейін шаруалар жерін жасырып, бақылаусыз және, сірә, өзі үшін қазіргіден ауыр шартпен жалға беретін болады, өйткені ол жерін жалға бермей тұра алмайды. Бұдан кейін, қазына салығының қалдығын шаруалардан өндіру үшін, жерін селендік расправа[6] арқылы олардың үлесті жерін екінің бірінде жалға беріп жібереді, ал жерді бұлай жалға беру кедей шаруаларға бәрінен де тиімсіз» (140 бет).

Бүкіл кедей топта шаруашылықтың әбден төмендеп кеткендігі байқалады:

«Шын мәнінде, — дейді Постников, — егін екпейтін үй қожайындары мен өз жерін басқалардан жалдап алған көлікпен ұқсататын, егінді аз егетін қожайындардың шаруашылық күйінде үлкен айырмашылық жоқ. Егін екпейтіндер өзінің барлық жерін ауылдастарына жалға береді, егінді аз егетіндер жерінің бір бөлегін ғана жалға береді, бірақ екеуі де не ауылдастарына *батрак болып жұмыс істейді, немесе* өз мекенінде тұра беріп, *көлденең кәсіп істейді, көбінесе егіншілік кәсібін істейді.* Сондықтан *шаруалардың бұл екі категориясын — егін екпейтіндер мен егінөі аз егетіндерді—бірге санауға болады;* бұлардың екеуі де өзінің шаруашылығынан айырылып бара жатқан, көбінесе шаруашылығы күйзелген немесе күйзеліп бара жатқан, шаруашылығын жүргізуге керекті жұмыс көлігі мен құрал-саймаңы жоқ үй қожайындарының санына қосылады» (135 бет).

«Егер, қожайынсыз және егін екпейтін үйлер көбінесе әбден күйзелген шаруашылықтар болып табылса, — дейді кейінірек Постников, — егінді аз егіп, өзінің жерін жалға беретіндер — күйзелгендердің қатарына қосылуға таяу тұрған шаруашылықтар. Егін шықпай калса неме-

се мүлкі өртеніп, аты ұрланып, тағы басқа сол сияқты кездейсоқ апатқа ұшыраса, ондай реттердің бәрінде де үй қожайындарының бір бөлегі бұл топтан шығып, шаруашылығы жоқтар мен батрактардың дәрежесіне түседі. Бір себеппен жұмыс көлігінен айырылған үй қожайыны күйзелуге бет алады. Басқадан жұмыс малын жалдап алып, егін салғанда кездейсоқ қыйыншылықтар кездесе береді, жұмыста тәртіп болмайды, сөйтіп, әдетте егісті азайтуға мәжбүр етеді. Жергілікті селолық сақтық қарыз кассалары мен ауылдастары мұндай мужикке қарыз бермейді [ескерту: «Таврич уездерінде, үлкен селендерде сақтық-қарыз серіктері өте көп, олар мемлекеттік банкіден қарыз алып таратады, бірақ ол қарыздан әлді, ауқатты үй қожайындары ғана пайдаланады»]; «құдіретті» шаруаларға қарағанда, ондай мужик қарызды анағұрлым ауыр шартпен алады. «Кейіннен төлейтін түгі болмағасын, оған қалай қарыз бересің» дейді шаруалар. Борышқа батқаннан кейін, ол бақытсыздыққа алғаш ұшырағанда-ақ, әсіресе оның үстіне қазынаға мезгілінде төлемеген алым-салығы болса, жерінен де айырылады» (139 бет).

Кедей топтағы шаруалардың егін шаруашылығының қандай күшті күйзелгенін бәрінен де жақсы сыйпаттайтын дәлел мынау: олардың шаруашылығының қалай жүргізілетіндігі туралы сұрауға автор тіпті жауап бермей қояды. Үй басына 10 десятинадан кем егін егетін шаруашылықтың,—дейді ол,—«егіншілік кәсібі өте-мөте кездейсоқ жағдайда жүргізілетін болғандықтан, мұнда шаруашылық белгілібір әдіспен жүргізіледі деуге болмайды» (278 бет).

Төменгі топтағы шаруалардың шаруашылығын сыйпаттаған мәліметтер көп бола тұрса да, өте-мөте жеткіліксіз: ол мәліметтер шаруашылықтың ылғый нашар жағын сыйпаттайды, ал шынында оның жақсы жақтары да болуы керек қой. Осы күнге дейін біздің естіп келгеніміз тек мынау ғана: бұл топтағы шаруаларды, шаруашылығын дербес жүргізетін егінші қожайындар қатарына қосуға болмайды, өйткені олардың егіншілігі әбден күйзелген, өйткені олардың егісі өте аз, өйткені, ақырында, олардың егіншілігі кездейсоқ жүргізіледі: «Тұқымы жеткіліктті дәулетті, ауқатты шаруалар ғана егінді белгілі-

бір тәртіппен егеді, ал кедей шаруалар кез келген жерге, қалай болса солай, қолындағы барын егеді» дейді Бахмут уезін сыйпаттаған санақшылар (278 бет). Бірақ та төменгі топка кіретін барлық шаруалар бұқарасы (Таврич губерниясының 3 уезінде мұндай үйлер 30 мыңнан асады, барлық жаны 200 мыңнан артығырақ) кездейсоқ табыспен күнелтіп отыр деуге болмайды. Егер олар өз шаруашылығымен күнелтіп отырмаса, ол уақытта немен күнелтіп отыр? Көбінесе өздерінің жұмыс күшін сатып күнелтіп отыр. Постниковтың бұл топтағы шаруалар батрактықпен және көлденең табыстармен күнелтіп отыр дегенін жоғарыда көрдік. Оңтүстікте кәсіпшілік жоқтың қасы, сондықтан олар бұл табысты көбінесе, егіншіліктен, олай болса, ауыл шаруашылық жұмысына *жалданып* табады. Төмендегі топтағы шаруалар шаруашылығының негізгі белгісі — сол еңбек сату екендігін толығырақ дәлелдеу үшін, земство санағының бұл топты түрлі дәрежеге бөлгенін алып, шаруалар шаруашылығын өзінің дәрежесі бойынша қараңлық. Егін екпейтін үй қожайындарын сөз қылып та қажеті жоқ: олар нағыз батрактар. 2-ші дәрежеге жататындар үй басына 5 десятинаға дейін (орта есеппен 3,5 десятина) егісі бар егіншілер. Бұл егістің мүлде жеткіліксіз екенін жоғарыдағы, егістік жерді шаруашылық қажетіне, мал азығына, кісілердің тамағына және саудаға арнап төртке бөлген есептен көріп отырмыз. «Үй басына 5 десятинаға дейін егісі бар бірінші топтың, — дейді Постников, — өзінің егісінде рыноктік, саудалық егіс болмайды, олардың тек батрактықпен және басқа әдіспен табатын көлденең табысы болғанда ғана күнелтуі мүмкін» (319 бет). Енді қалатыны соңғы дәрежедегілер—үй басына 5—10 десятина егісі бар шаруалардың дәрежесі. Бұл топтағы шаруалардың дербес егін шаруашылығының «табыс» дейтінге қандай қатысы бар? —деген сұрау туады. Бұл сұрауға дәлме-дәл жауап беру үшін *осы топтағы* қожайындардың санына қосылатын бірнеше *кейіптес* шаруалардың әртүрлі бюджетін алып қарау қажет болар еді. Постников бюджет туралы мәліметтердің қажеттілігі мен маңыздылығын толық мойындайды, бірақ «ондай мәліметтерді жыйнау өте қыйын, ал көп реттерде санақшылар үшін тіпті мүмкін емес» дейді (107 бет). Бұл соңғы пікірге қосылу тіпті қыйын: Москва

санақшылары өте көңіл аударарлық және толық жасалған бірнеше бюджет жыйнады («Москва губерниясының санақтық мәліметтер жыйнағын» қараңыз. Шаруашылық санақ бөлімі, VI және VII томдар); автордың өзінің айтуынша да, Воронеж губерниясының кейбір уездерінде бюджет туралы мәліметтер тіпті үй басы сайын жыиналған.

Амал не, Постниковтың бюджет туралы өз мәліметтері тіпті жеткіліксіз: ол неміс колонистерінің 7 бюджетін, орыс шаруаларынан бір ғана бюджетті келтіреді, оның үстіне, келтірілген бюджеттердің бәрі егінді көп егетін шаруалардікі (minimum — орыстың — $39^1/_2$ дес. егісі болады), яғни земство санағындағы бар мәліметтер бойынша да шаруашылығының қандай екенін анық білуге болатын топтағы шаруалардікі. «Ел аралап жүрген кезде шаруалардың көп бюджетін жыйнай алмадым» деп қынжылып, Постников: «Бұл бюджеттерді дәлме-дәл анықтау тегі оңай емес, — дейді, — Тавричандықтар өздерінің шаруашылығы туралы мәліметтерді жасырмай, ашып айтады, бірақ өздерінің табыстары мен шығындарының дәлме-дәл саны қандай екенін, көбінесе, олардың өздері де білмейді. Шаруалар өздерінің шығындарының жалпы санын немесе ірі кірістері мен ірі шығындарын ұмытпайды, ал ұсақ сандар әрдайым дерлік олардың есінде қала бермейді» (288 бет). Алайда, автор сыяқты, земствоның үй басына жүргізген санағы бойынша толық анықталатын шаруашылық жағдайын «90 рет суреттеп, баға бергеннен де», егжей-тегжейіне дейін талданбаған болса да, бірнеше бюджетті жыйнаған артық болар еді.

Бюджеттер болмағаннан кейін, бұл топтағы шаруашылықтың сыйпатын анықтау үшін біздің қолымызда тек екі түрлі мәлімет қана қалып отыр: біріншіден, орташа семьяның күн көруі үшін бір үйге керекті егістің көлемі туралы Постниковтың есебі; екіншіден, егіс көлемін 4ке бөлу туралы және жергілікті шаруалардың ақшалай шығынының орта саны туралы (бір жылда бір семьяға шығатын) мәліметтер.

Семьяның азық-түлігіне, тұқымға және мал азығына қажетті егістің десятина саны туралы толық есепке сүйеніп, Постников мынадай үзілді-кесілді қорытынды шығарады:

«Орта семьялы, орташа аукатты, тек егіншілікпен күнелтетін және өзінің кірісі мен шығынын ұштастырып отыратын шаруа семьясының, егіннің шығымы орташа болғанда, 6½ жаны бар семьяның азығына 4 десятина егісі, 3 жұмыс атының азығына 4½ десятина егісі, егістік тұқымына арналған 1½ десятина егісі, рынокке астық сатуға арнаған 6 — 8 десятина егісі, сонымен барлығы 16—18 десятина егісі болуға тиіс. ..Тавричандық орта шаруалардың үй басына 18 десятинадай егісі бар, бірақ Таврич губерниясының 3 уезіндегі халықтың 40 процентіне егіс үй басына 10 десятинадан кем келеді, ал егер олар, дегенмен, егіншілікпен шұғылданатын болса, тек көлденең табыс тауып, жерін жалға беріп, табысының бір бөлегін содан алатын болғандықтан шұғылданады. Халықтың бұл бөлігінің шаруашылық күйі тұрақсыз нашар, өйткені көбінесе, қыйын-қыстау уақытқа арнап қор жасай алмайды» (272 бет).

Осы біз қарастырып отырған топта үй басына келетін егістің орта мөлшері—8 десятина, яғни керекті мөлшердің (17 десятинаның) жартысынан кем болғандықтан бұл топтағы шаруалар кірісінің көбін «көлденең табыстан» алады, яғни өзінің еңбегін сатып табады, деп қорытынды шығара аламыз.

Екінші есеп: егіс көлемінің бөлінуі туралы Постниковтың жоғарыда келтірілген мәліметтері бойынша, 8 десятина егістің 0,48 десятинасы тұқымға, 3 десятинасы мал азығына (бұл топта жұмыс малы үй басына 3тен емес, 2ден келеді); 3,576 десятинасы семьяның азық-түлігіне арналады (семьяның адам саны да 6½ емес, орташадан төмен, 5½ шамасы), сөйтіп сататын астыққа 1 десятинадан кем (0,944) калады, ал мұнан шығатын табысты автор 30 сом деп есептейді. Бірақ тавричандық шаруаға керекті ақшалай шығатын шығын одан анағұрлым көп. Ақшалай шығынның саны туралы мәліметті жыйнау бюджет туралы мәліметті жыйнаудан анағұрлым жеңіл, дейді автор, өйткені шығын туралы есепті көбінше шаруалардың өздері есептеп шығарады. Бұл есеп бойынша былай болып шығады екен:

«Орта семья, яғни қызметкер еркегі, әйелі, жас және жас өспірім 4 баласы бар семья, жалға жер алмай, шаруашылығын өзінің меншікті жерінде, 20 десятина шамасы

жерде жүргізсе, таврическандықтардың есебі бойынша, мұндай семьяның бір жылдың ішіндегі ақшалай шығыны 200—250 сом болу керек. Не керегінің бәрін шағындап отырған, шағын семьяның ақшалай шығаратын шығыны ең кемінде 150—180 сом болу керек. Жылдық табыстың бұл саннан кем болуы мүмкін емес, өйткені бұл жерлерде тегін тамақ, тегін пәтермен пайдаланып, батрақ болып жұмыс істейтін ерлі-зайыпты екі адам жылына 120 сом табады, оның үстіне малға, құрал-сайманға тағы басқаларға ешбір шығын шығармайды және тағы өзінің жерін ауылдасына жалға беріп «пайда» таба алады» (289 бет). Сөз болып отырған топ орташадан төмен болғандықтан, біз орташа ақшалай шығынды емес, ең аз деген шығынды, тіпті, «көлденең» табыспен табатын 150 сомды — minimum — ның ең төменгі санын аламыз. Бұл есеп бойынша, сөз болып отырған топтағы шаруа өзінің меншікті шаруашылығынан (30+87,5*=)117,5 сом, ал өзінің еңбегін сатудан 120 сом табыс табады. Олай болса, біз тағы да осы топтың шаруалары өзінің дербес егін шаруашылығымен өзінің ең аз шығынының *жартысынан кемін* ғана өтей алатынын көреміз**.

Сонымен, төменгі топтың барлық тарауларындағы шаруашылықтың сыйпатын қарастырғаннан кейін, мынадай күмансыз қорытындыға әкеліп соқтырады: шаруалардың көпшілігінде аздаған егіс бола тұрса да, олардың күнелтетін негізгі табысы өздерінің жұмыс күшін сату болып табылады. Бұл топтағы барлық шаруалардың егінші-қожайындығынан гөрі, жалға жүретін жұмысшылығы басымырақ.

---

* Азық-түлікке арналған 3½ десятина егіс 1 десятинасынан 25 сомдық өнім береді (25 × 3,5 = 87,5) — Постниковтың есебі, 272 бет.

** «Русская мысльдің»[7] 1885 ж. № 9-дегі Южаков мырзаның есебі («Халықтың жер иелену нормасы») бұл қорытындыны толық қуаттайды. Оның есебінше, Таврич губерниясы үшін үлесті жердің азық-түліктік, яғни төменгі нормасы үй басына 9 десятина егіс болу керек. Бірақ Южаков мырза үлесті жердің есебіне *тек дәнді* азық-түлік өнімдері мен салықтарды ғана қосады, ал қалған шығындарды көлденең табыспен өтеледі деп ұйғарады. Земство санағының бюджеттері екінші түрдегі шығын барлық шығынның жартысынан асатынын көрсетеді. Мәселен, Воронеж губерниясында шаруа семьясының орта шығыны, заттай және ақшалай шығынын қосканда — 495,39 сом. Осы соманың 109,10 сомы малдың шығынына жұмсала-

Постников төменгі топтағы шаруалардың шаруашылығының сыйпаты туралы бұл мәселені көтермеген және шаруаның өз шаруашылығына көлденең табыстың қандай қатысы бар екенін айқындамаған — бұл оның еңбегінің ірі кемшілігі. Осының салдарынан ол, төменгі топтағы шаруалардың, жері аз бола тұрып, ол жерді неге тастап кететінін, оны неге жалға беретінін, — үстірт қарағанда таңқаларлық болып көрінетін осы жағдайды, — толық анықтамаған; осының салдарынан, төменгі топтағы шаруалардың өндіріс құрал-жабдықтары (яғни жер мен құрал-сайман) саны орташадан көп кем болуы, — осы зор факт, — шаруашылықтың жалпы сыйпатымен байланыстырылмаған. Жоғарыда көргеніміздей, орта мөлшерлі өндіріс құрал-жабдықтары семьяның тек күнбе-күнгі қажетін ғана өтеуді қамтамасыз ететін болғандықтан, жоғарыда айтылған жоқ-жұқа кедей шаруалар, осы себепті де өзінің еңбегін жұмсау үшін, басқа біреудің өндіріс құралдарын іздемей, яғни жалданбай тұра алмайды.

Екінші топқа—*орташа* топқа келейік, бұл да халықтың 40 процентін қамтыйды. Бұған үй басына 10нан 25 десятинаға дейін егісі бар кожайындар кіреді. «Орташа» деген термин бұл топқа әбден үйлесімді, тек оның өндіріс құрал-жабдықтары орташа мөлшерден біраз (аздап) кемірек екенін ескерте кетуіміз керек: бұлардың үй басына 16,4 десятина егісі бар, ал барлық шаруалар үшін орташа егіс мөлшері — 17 десятина. Мал басы бір үйге 7,3тен келеді, орташа мөлшер—7,6 (жұмыс көлігі—3,2, ал орташа мөлшер — 3,1). Барлық егістік жер бір үйге 17—18 десятинадан келеді (үлеске тиген, сатып алған және арендаға алынған), уездердегі орташа мөлшер — 20 — 21 десятина.

ды [N. В. Южаков малдың шығынын егіндік жердің есебіне қоспай, шабындық жер мен басқа қосымша жердің есебіне қосады], 135,80 сомы өсімдік тамаққа, салыққа жұмсалады, 250,49 сомы басқа шығындарға — киім-кешек, құрал-сайман, жалға жер алу, түрлі шаруашылық мұқтаждарына және басқаларға ұсталады («Острог. уезінің санақ мәліметтері жыйнағындағы» 24 бюджет).—Москва губерниясында семьяның орташа жылдық шығыны — 348,83 сом, оның ішінде 156,03 сом дәнді азық-түлік пен салыққа, 192,80 сом қалған шығынға жұмсалады [Москва санақшылары жыйнаған 8 бюджеттің орта есебі, — I. с.] (Ioco citato — цитатаға алынған жерінде. *Ред.*)

Бір үйге келетін егістің десятина санын Постников көрсеткен нормамен салыстырғанда, бұл топтың меншікті жеріндегі шаруашылығы күнелтерлік қана өнім беретінін көреміз.

Осы мәліметтердің бәріне қарап, бұл топтағы шаруалардың шаруашылығы неғұрлым тұрақты шаруашылық екен, деп ойлауға болатын сыяқты: шаруа өзінің барлық шығынын өз шаруашылығымен өтейді; шаруа табыс кіргізу үшін емес, өзінің ең керекті қажетін өтеу үшін істейді. Бірақ шынында біз мұның нақ керісінше екендігін көреміз: бұл топтағы шаруалардың шаруашылығында тұрақсыздық едәуір күшті екендігі көрінеді.

Бәрінен бұрын, бұл топта егістің жеткілікті деп саналатын орташа мөлшері — 16 десятина болып отыр. Демек, 10 десятинадан 16 десятинаға дейін егісі бар қожайындардың егіншілігі олардың барлық шығынын өтемейді, сондықтан олар да көлденең табыс табуға мәжбүр болады. Постников жоғарыда көрсетілген және шамамен алған есебінен біз бұл топ 2 846 жұмысшы жалдайтынын, ал бұл топтан 3 389 жұмысшы, яғни 543 жұмысшы артық жалданатынын көреміз. Демек, бұл топтағы шаруашылықтардың жартысына жуығы толық қамтамасыз етілмеген.

Онан соң, бұл топта жұмыс көлігі бір үйге 3,2ден келеді, ал жегуге 4 жұмыс көлігі керек болатындығын біз жоғарыда көрдік. Олай болса, бұл топтағы шаруалардың едәуірі, егін салуға жұмыс көлігі жетпей, баскалармен мойынсерік болады. Бұл топтағы мойынсерік болушылар да 1/2ден кем емес: осылай деп ойлауға болатын себебі, көлікті шаруашылықтардың бәрі 40 процентке жуық, оның 20 проценті жоғарғы аукатты топка косылады, ал қалған 20 проценті орташалардың санына косылады, сөйтіп, орта топтың ең кемі 1/2да көлік жок. Постников бұл топтағы мойынсеріктердің дәлме-дәл санын көрсетпейді. Земство санағының жыйнақтарын карастырғанда (екі уезде)* мынадай мәліметтерді көреміз:

---

* «Мелитополь уезінің санақ мәліметтерінің жыйнағы» (Таврич губерниясы жыйнағының I томына косымша). Симф. 1885. Б 195 бет. «Днепр уезінің санақ мәліметтерінің жыйнағы» (Таврич губерниясы жыйнағының II томы). Симф. 1886. Б 123 бет.

Барлық егілген егістің ішінде:

	Үй басына 10—25 десятина ericі бар топтағы барлық		өз көлігімен егін салған		мойынсерік болып егін салған		көлік жалдап егін салған		басқаша әдіспен егін салған	
	үйлер	ерic дес.	үйлер	дес.	үйлер	дес.	үйлер	дес.	үйлер	дес.
Мелитополь уезінде	13 789	226 389,21	4 218	79 726,55	9 201	141 483,26	321	4 405,8	49	773,3
Днепр „	8 234	137 343,75	4 029	71 125,2	3 835	61 159,05	320	4 352,5	50	707,25

Сөйтіп, бұл екі уездегі орташа топта үйлердің азшылығы өз көлігімен егін салады: ондайлар Мелитополь уезінде — барлық үйлердің 1/3нен кемірек; Днепр уезінде — 1/2дан кемірек. Олай болса, жоғарыда алынып отырған барлық 3 уездегі мойынсеріктердің саны мүлде асыра көрсетілмеген (1/2), қайта өте кем көрсетілген. Әрине, егінін өз көлігімен сала алмағандықтың өзі-ақ шаруашылықтың тұрақсыздығын толық сыйпаттайды, бірақ мұны суреттеу үшін, Постниковтың мойынсеріктікті қалай сыйпаттағанын келтірейік, амал не, Постников осы экономика жағынан да, тұрмыс жағынан да өте назар саларлық құбылыска өте аз көңіл бөлген.

«Мойынсерік болып жұмыс істейтін үй қожайындарының — дейді Постников — еңбек сіңіретін жер көлемі кем [өз көлігімен жұмыс істейтін шаруаларға қарағанда], өйткені механика заңы бойынша, 3 атты бірге жеккенде олардың күші бір аттың күшінен 3 есе артық болып шықпайды. Мойынсерік болып бірлесетіндер селоның әр жерінде тұруы мүмкін (мойынсеріктікке бірлесетіндердің көпшілігі туысқан адамдар), онан кейін екі үй қожайынның участоктерінің саны (3 қожайын да мойынсерік болып бірлеседі) бір қожайындікінен екі есе кем болады. Мұның бәрі әрі-бері қатнасу шығынын көбейтеді. [Ескерту: «Жерді бөлгенде әр үй бөлігі бір егістік жерден өзінің жанына қарай тұтас участок алады, сондықтан да жаны аз шаруалардың участогі кішкене болады. Таврич губерниясында мойынсерік болудың шарттары өте әрқыйлы. Мойынсерік болып бірлесушілердің қайсысында буккер болса, соған артық бір десятина жер айдап береді, мысалы, біреуге 10 десяти-

на, ал екіншісіне 11 десятина айдайды, немесе буккері жок серік жұмыс уақытында буккерді жөндеу шығынының бәрін көтереді. Мойынсеріктіктегі ортадан жегетін көліктің саны бірдей болмаған кезде де осылай етеді: біреуге бір күн артық жер жыртады, тағысын тағылар. Каменка селосында буккердің иесі бір көктемде 3 сомнан 6 сомға дейін акша алады. Мойынсеріктер арасында келіспеушіліктер тегі өте жиі болып тұрады»]. Олардың келісуі үшін де белгілі уақыт өтеді, ал кейде жұмыс аяғына дейін бұл келісім тағы бұзылады. Кейбір реттерде мойынсеріктердің жыртылған жерді тырмалауға аттары жетіспейді, ондайда буккерді доғарады: бір атты суға жіберсе, басқаларымен жерді тырмалайды. Юзкуяк селосында біреулер маған мойынсеріктердің күніне буккермен көп болса 1 десятина жер айдайтынын айтты, яғни нормадан екі есе кем» (233 бет).

Жұмыс көлігінің кем болуының үстіне құрал-саймандардың да жеткіліксіздігі келіп косылады. Әртүрлі топтағы бір үйге келетін құрал-сайманның саны туралы жоғарыда келтірілген кестеден, барлық уездердегі орташа топта 1 үйге ең кемі жер жыртатын 1 сайман келетіндігі көрініп отыр. Бірақ шынында тіпті сол топтың өзінде де құрал-сайманның бөлінуі тең емес. Амал не, Постников бұл туралы мәлімет келтірмеген, сондыктан бізге земство санағының жыйнақтарынан пайдалануға тура келеді. Днепр уезінде 8 227 үйдің 1 808 үйінде тіпті жер жыртатын құрал жок; Мелитополь уезінде 13 789 үйдің 2 954 үйінде жер жыртатын құрал жок; бұл уездердің біріншісінде құрал жок үйлер 21,9 процент, екіншісінде — 21,4 процент. Жер жыртатын құралы жок үй қожайындары, өздерінің экономикалық жайы жағынан, сөз жок төменгі топка жақындап қалады, ал үй басына 1 данадан артық құралы бар үй қожайындары жоғарғы топқа жақындап калады. Плугі жок үй қожайындарының саны бұдан да көп: Днепр уезінде 32,5 процент, Мелитополь уезінде 65,5 процент. Ақыр аяғында, астық жыйнайтын машиналар (онтүстік орыс шаруасының шаруашылығын-

да бұл машиналардың аса зор маңызы бар, өйткені бұл жақта егінді орақпен оруға жұмысшы жеткіліксіз, егін салатын жері шалғай, сондықтан астық тасымалы айлап созылады) бұл топтың қожайындарында өте аз: Днепр уезінде бүкіл бір топка 20 косилка мен жнейка келеді (400 үйге 1 дана); Мелитополь уезінде—178½ (700 үйге 1 дана).

Бұл топтағы шаруалар шаруашылығының жалпы системасын Постников былай суреттейді:

«Жұмыс көлігі 4тен кем үй қожайындары егін салу үшін калай да мойынсерік болады. Бұл разрядтағы үй қожайындарының үй басына 2 немесе бір жұмыс адамы болады. Мұндай қожайындардың шаруашылығының мөлшері кем, өздері мойынсеріктес және құрал-саймаңы аз болғандықтан, олардың жұмысты үлгіруі де, басқаларға қарағанда кем болады. Мойынсеріктер жерді көбінесе үш тілді кішкене буккермен айдайды, оның жұмысы шабан болады. Егер мұндай қожайындар егінін көршілерінен жалдап алған машинамен жыйнайтын болса, ол, машинаны тек, көршісі өзінің астығын жыйнап алғаннан кейін ғана ала алады. Астықты қолмен оратын болса, бұл ұзаққа созылады, кейбір кездерде күндікші жалдауға тура келеді, сөйтіп қолмен ору қымбатқа түседі. Жалғызілікті шаруа, үй ішінен бірер тығыз жұмыс шығып қалса немесе қоғамдық міндетін аткаратын болса, мұндай реттерде егін жұмысын тоқтатып қояды. Егер жалғызілікті қожайын алыс жердегі шаруалар көп уақытта бір жұма бойына жатып жер жырту, тұқым себу жұмысын біржола аяқтап қайтатын алыс жердегі егіс жұмысына барса, ол үйде калған семьясының хал-жайын білу үшін селоға жиі-жиі келіп тұруға тиісті болады» (278 бет). Бұл айтылып отырған топтарда шаруалардың көпшілігі осындай жалғызіліктілер (жұмыс істейтін бір ғана адамы бар) екені Постниковтың төменде келтірген кестесінен көрініп отыр; бұл кестеде Таврич губерниясындағы барлық 3 уездің түрлі егістік топтарындағы семьялардың жұмыс адамдарының составы көрсетілген (143 бет).

	100 үйдің ішінен;			
	Еркек қызметшісі жоқтары	1 қызметшісі барлары	2 қызметшісі барлары	3 және одан көп қызметшісі барлары
Егін екпейтіндер	19	67	11	3
5 дес. дейін егетіндер	9	77,6	11,7	1,7
5—10 дес. дейін егетіндер	4,2	74,8	17,7	3,3
10—25 дес. дейін егетіндер	1,7	59	29	10,3
25—50 дес. дейін егетіндер	1,2	40	35,7	23,1
50 дес. артық егетіндер	0,9	25	34,3	39,8
Барлығы	4,3	60,6	24,6	10,5

Бұл кестеден, орташа топтағы семьялардың $^3/_5$ де бірбірден ғана қызметкері бар екені немесе тіпті жоқ екені көрінеді*.

Орташа топтың жоғарғы топқа қарағанда қандай халде екенін, жалпы алғанда оның шаруашылығының тұрақтылығы қандай екенін суреттеу үшін, Днепр уезінің санақ мәліметтері жыйнағынан, шаруалардың қарамағында болып отырған барлық жердің және оның ішінде егістік жердің топтарға қалай бөлінгені туралы мәліметтер келтірейік**. Сонда мынадай кесте болып шығады:

Шаруалардың топтары	Тобының составы үйлердің %	Үлесті егістік		Сатып алынған жер		Арендаға алынған жер		Арендаға берілген жер	Топтың пайдалануындағы барлық жері		Егіс көлемі	
		десятина	%	дес.	%	дес.	%		дес.	%	дес.	%
Кедей топ	30,9	56 444,95	25,5	2 003,25	6	7 638,75	6	21 551,25	44 735,7	12,4	38 439,25	11
Орташа	41,7	102 793,7	46,5	5 376	16	48 307,75	35	83 11	148 256,45	41,2	137 343,75	43
Ауқатты	18,4	61 844,25	28	26 530,75	78	81645,95	59	3 039,25	166 981,7	46,4	150 614,45	46
Барлығы	100	221082,9	100	33 910	100	13 7882,45	100	32 901,5	359 973,85	100	326 397,45	100

* Жалғызілікті үй қожайындарына қарағанда, семьясы көп (яғни қызметшілері көп) үй қожайындарының шаруашылығы едәуір жақсы жағдайда болғандығын дәлелдеу үшін, Постников Трироговтың: «Қауым және алым-салық» деген белгілі кітабына сүйенеді.

** Бұл мәліметтер бүкіл Днепр уезінен, оның ішінде болыс-болысқа тіркелмеген селолардан да алынған. — «Пайдалануындағы барлық жері» деген графаның мәліметін өзім есептеп шығардым — Үлесті жер, арендаға алынған, сатып алынған жерлер қосылған да, арендаға берілген жер шығарылып тасталған. — Днепр уезін алған себебім: бұл уездегі халықтың бәрі дерлік орыстар.

Бұл кестеден, үлесті жерлеріндегі егістігінің саны жағынан бәрінен де орташа топтың алда екенін көреміз: орташа топтың қолында үлеске түскен жері 46,5 процент болған. Үлесті жері жеткіліксіз болғандықтан шаруалар лажсыздан арендаға жер алды, соның арқасында шаруалардың пайдаланатын барлық жері, жалпы алғанда, біржарым еседен артығырақ көбейді. *Тек өзін алғанда,* орташа топтың жері де көбейді, бірақ басқалармен *салыстырғанда* кеміді: орташа топта барлық жердің 41,2 проценті, егістің 43 проценті ғана қалды; бірінші орынды жоғарғы топ алды. Демек, төменгі топ қана емес, орташа топ та жоғарғы топтан қысым көреді, жоғарғы топ оларға керек жерді қағып әкетеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі бізге орта топтың экономикалық жайын былайша сыйпаттауға право береді. Бұл топқа тек өзінің егісінен алған табыспен ғана күнелтетін егінші қожайындар қосылады; бұлардың егіс көлемі жергілікті шаруалардың орташа егіс көлемімен бірдей (немесе біраз кем) деуге болады; бұл егіс семьяның тұтынуына зорға жетеді. Бірақ жұмыс көлігі мен құрал-сайманы жеткіліксіз болғандықтан және бәрінде бірдей тең болмағандықтан, әсіресе жоғарғы топ төменгі және орта топтарды қатты ығыстыра бастағандықтан, орташа топтағы шаруалардың шаруашылығы әлсіз, тұрақсыз бола береді.

Соңғы топты — аукатты шаруаларды қамтыйтын жоғарғы топты — алайық. Таврич уездеріндегі халықтың $^1/_5$ — үй басына 25 десятинадан артық егісі бар шаруалар — осы топқа қосылады. Басқаларға қарағанда бұл топтың жұмыс көлігі, құрал-саймандары, үлесті жері және басқа жерлер жөнінен де шынында қаншама аукатты екені туралы жоғарыда жеткілікті мәліметтер келтірілді. Бұл топтың шаруалары, орта шаруаларға қарағанда, дәл қаншалық дәулетті екенін көрсету үшін, енді оның үстіне тек егіс туралы мәліметтерді ғана келтірейік: Днепр уезінде аукатты топтың егісі үй басына 41,3 десятинадан келеді, ал уездегі орта мөлшер — 17,8 десятина, яғни екі еседен де азырақ. Тегі істің бұл жағына, егінді көп егетін шаруалардың өте аукаттылығын, Постников толық айқындаған, бірақ ол мұнан анағұрлым маңызды мәселеге: ауданның жалпы ауылшаруашылық өнді-

рісінде осы топтың шаруашылығының қандай маңызы бар екеніне және жоғарғы топтың баюы басқа топтарға қандай ауыр соғатындығына өте аз көңіл бөлген.

Әңгіме бұл топтың сан жағынан өте аздығында: оңтүстіктің ең аукатты облысында, Таврич губерниясында, бұл топ халықтың тек 20 проценті ғана. Сондықтан, бүкіл облыстың шаруашылығында оның маңызы зор емес деп ойлауға болар еді*. Бірақ іс жүзінде біз дәл мұның керісінше екенін көреміз: ауыл шаруашылығынан өнетін өнімдердің жалпы өнімінде бұл аукатты азшылықтың үлесі бәрінен де көп болып отыр. Таврич губерниясының 3 уезінде небәрі 1 439 267 десятина егістен 724 678 десятинасы, яғни жартысынан көбі осы аукатты шаруалардың қолында. Бұл сандар жоғарғы топтың басымдығын онша дәлме-дәл көрсетпейтіндігі өзінен-өзі түсінікті, өйткені Постниковтың өзінің сыйпаттауынша, шаруашылығын дұрыстап жолға қоймаған кедей және орта шаруаларға қарағанда, аукатты шаруалардың егіні анағұрлым шығымды болады.

Сөйтіп, астықты көбінесе жоғарғы топтағы шаруалар өндіреді, сондықтан (мұның ерекше маңызы бар, бірақ бұл көп уақытта тіпті еленбейді) ауыл шаруашылығына берілген әртүрлі сыйпаттамалар, егіншілік техникасын жақсарту, тағысын сондайлар туралы пікірлер бәрінен бұрын, және, көбінесе (кейде түгелінен), саны аз аукатты шаруалар туралы айтылған болып шығады. Мысалы, жақсартылған құрал-сайманның таралуы туралы мәліметтерді алайық.

Таврич губерниясындағы шаруалардың құрал-сайманы туралы Постников былай деді:

«Бірен-саран өзгешеліктерін есептемегенде, шаруалардың құрал-сайманы дәл неміс колонистерінікіндей, бірақ түр-түсі жағынан алып қарағанда азырақ, сапа жағы нашарлау, сондықтан арзанырақ. Днепр уезінің оңтүстік-батыс жағы, халқы сирек және аз жағы ғана, бұған ко-

---

* Мысалы, Слонимский мырза осылай хателесіп отыр, ол Постниковтың кітабы туралы мақаласында: «Шаруалардың аукатты тобы кедей бұқараның ішінде көрінбей қалады, ал кейбір жерлерде мүлде жоқ сияқты болып кетеді» дейді («Европа Вестнигі», 1893 ж. № 3, 307 бет).

сылмайды; бұл жақтың халқы әлі күнге малоростардың атам-заманғы күрал-сайманын, ауыр ағаш плугті, темір тісті жерағашты қолданып отыр. Таврич уездерінің басқа жақтарында шаруалар қай жерде болса да жақсартылған темір плугті қолданады. Жер жырту жұмысында плугпен қабат буккер де бірінші орын алады, ол буккер көп реттерде шаруаның жер жыртатын бірден-бір құралы болып саналады. Бірақ буккер көбінесе плугпен қатар қолданылады... Жер тырмалауға қай жерде болса да темір тісті ағаш тырмалар қолданылады, ол тырмалар 2 түрлі: көлденеңі 10 фут жерді қармайтын, екі ат жегілетін тырмалар, бір ат жегілетін, көлденеңі бір сажендай тырмалар... Буккер үш, төрт және бес тілді құрал... Көбінесе буккердің алдыңғы жағына кішкене сеялка орнатады, ол сеялка буккердің жүретін дөңгелегімен жалғасып жүреді, сеялка тұқым сеуіп отырады, буккер ол тұқымды жерге көміп кетіп отырады. Егін салатын басқа құралдардан шаруаларда, онша жиі болмағанмен, ағаш каток кездеседі, бұл каток, тұқым сепкеннен кейін жерді тегістеуге жұмсалады. Егін шабатын машиналар шаруаларға, әсіресе, соңғы 10 жылда тарады. Шаруалардың айтуынша, ауқатты селолардағы үйлердің $^1/_2$на таяуында егін шабатын машина бар... Жнейкаларға қарағанда, косилкалар шаруаларда анағұрлым сирек кездеседі... Сондай-ақ, ат тырмасы мен молотилка да шаруаларға аз тараған. Веялка қай жерде болса да колданылады... Тасымал жұмысы үшін кілең неміс бричкалары мен үлкен ағаш арбалар қолданылады, оларды енді орыстың көп селоларында істеп шығаратын болды... Егінді қай жерде болса да кейде ұзын, кейде кыска түрпі тісті қырман тастармен бастырады» (213—215 бет).

Бұл құрал-саймандардың қалай бөлінгенін білу үшін, мәліметтері толық болмағанмен, земство санағының жыйнақтарынан пайдалануға тура келеді, Таврич губерниясының санақшылары тек плугтер мен буккерлерді, жнейкалар мен косилкаларды және делижандарды (яғни бричка немесе ағаш арба) ғана есепке алған. Мелитополь мен Днепр уездерінің мәліметтерін бірге қосып қорытқанда, барлық (46 522) плуг пен тез жырткыштардың 19 987, яғни 42,9 процент; 59 478 бричканың 23 747, яғни 39,9 процент; ақыр-аяғында 3 061 жнейка мен ко-

силканың 2 841, яғни 92,8 проценті жоғарғы топтың қолында екенін көреміз.

Жоғарыда орташа және төменгі топтарға қарағанда, шаруалардың жоғарғы тобында еңбек өнімділігі артық екендігін көрсететін мәліметтер келтірілді. Енді, ірі егіншілердің шаруашылығындағы осындай ерекшелікке техниканың қандай өзгешеліктері себеп болғанын қарайық.

«Жер кәсібінің системасы мен сыйпаты да — дейді Постников — едәуір дәрежеде, шаруалардың иемденіп отырған және пайдаланып отырған жерінің көлеміне қарай белгіленеді. Бұл екеуінің арасындағы осы тәуелділікті, амал не, шаруалардың ауыл шаруашылығын зерттеушілеріміз бұл күнге дейін аз зерттеп келді; зерттеушілерге ауыл шаруашылығы, екінің бірінде-ақ, селолық халықтың барлық жіктерінде де әлі күнге дейін бір қалыпты сыяқты болып көрінеді. Егіншілік системасын қоя тұрып, шаруалардың жеке топтарындағы шаруалардың техникасының осы ерекшеліктерін, өзімнің Таврич уездерін аралағанымдағы біркелкі анықтауларым бойынша, қысқаша қорытуға тырысам. -

Мойынсерік болмай-ақ, өз көлігімен жұмыс істейтін үй қожайындарының шаруашылығында 4—5—6 және одан да көбірек жұмыс көлігі болады*, ал олардың шаруашылығының жағдайында көп айырма болады. Төрт тілді буккерге 4 көлік жегілсе, бес тілді буккерге 5 көлік керек болады. Жерді жыртысымен тырмалау керек болады, ал егер қожайынның басы артық аты болмаса, онда ол жерді жыртқаннан кейін, ізінше тырмаламай, жерді айдап болғаннан кейін тырмалайды, яғни тұқымды жер кебіңкіреп кеткеннен кейін себеді, мұның өзі егіннің көктеуіне қолайсыз болады. Егер жыртатын жер селодан қашық болып, суды, жемді тасып апару қажет болса, онда да басы артық аттың болмауынан жұмыс тоқтайды. Жұмыс көлігі жеткілікті болмаса, осы айтылған реттердің бәрінде де уақыт оздырып алады, егіс кешеуілдейді. Шаруаның жұмыс көлігі көп болса, жерді көп тілді буккермен жыртса, ол егінін тез егеді, қолайлы күн райын жақсы пайдаланады, тұқымды дымқылы мол жерге сі-

---

* Ауқатты топтағы шаруалардың үй басына 6—10 жұмыс көлігі бар (жоғарыдағыны қараңыз).

ніреді. Сөйтіп, көктемгі егіс техникасының артықшылықтарынан үйінде 6, ал одан да гөрі 7 жұмыс көлігі бар «күйлі» қожайын пайдаланады. 7 ат бөлса, 5 тілді букер мен 2 тырманы бір жолы жүргізуге болады. Шаруалар: мұндай қожайынның «жұмысында тоқтау жоқ» деседі.

Егінді орып алғаннан кейін, жергілікті шаруашылықта, егер егін шығымы жақсы болса, жұмыс күшінің барынша толық жұмсалуын керек ететін кезінде бұл қожайындардың әл-ауқаттарындағы айырмасының онан да зор маңызы бар. 6 жұмыс көлігі бар қожайын астықты тасумен қабат бір жағынан бастырып жатады, астықты маялайды, соның арқасында, әрине, уақыт пен жұмыс күші үнемделеді» (277 бет).

Осы ірі егіншілердің шаруашылығының сыйпатын толық суреттеу үшін, енді егіншілердің бұл тобының егісі, Постниковтың ескертуінше, «коммерциялық» кәсіп екенін айта кетуге тиіспіз. Саудалық егістің көлемі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер автордың сыйпаттамасын толығынан растайды, өйткені егіс көлемінің көбі рынокке сатылатын өнім береді, атап айтқанда, 25 десятинадан 50 десятинаға дейін егісі бар шаруашылықта барлық егіс көлемінің 52 проценті, 50 десятинадан артық егісі бар шаруашылықта — 61 проценті рынокке сатылатын өнім береді. Ақшалай түсетін табыстың мөлшері де осыны дәлелдейді: ауқатты топтағы бұл табыстың ең кемі — үй басына 574 сомнан келеді — қажетті болған ақшалай шығынның (200 — 250 сом) сомасынан екі еседен артығырақ, сөйтіп жыйнала келе шаруашылықты ұлғайтуға және жақсартуға жұмсалатын басы артық ақша пайда болады. «Үй басына 50 десятинадан артық егісі бар, неғұрлым ауқаттырақ шаруалардың» тіпті «мал шаруашылығының бір саласы — қылшық жүндес қой өсіру — қазірдің өзінде-ақ рыноктік сыйпат алып барады» —дейді Постников (188 бет).

Постников аз тексерген (тіпті сөз қылмаған дерлік) тағы бір мәселеге көшейік: шаруалардың азшылығының шаруашылықтағы табыстары бұкараға қалай әсер етеді? Сөз жоқ, тіпті жайсыз әсер етеді: жоғарыда көрсетілген мәліметтер (әсіресе, аренда туралы) бұған жеткілікті дәлел бола алады, сондықтан бұл жерде тек қорытынды шығарумен ғана қанағаттануға болады. Таврич губерния-

сының барлық 3 уезіндегі шаруалардың барлық арендаға алған жері 476 334 десятина (үлесгі және үлестен тыс жер), оның ішінде ауқатты топтың арендаға алғаны — 298 727 десятина, яғни $^3/_5$ (63 процент). Кедей топтың үлесіне тигені — 6 процент қана, ал орташаға тигені — 31 процент. Егер, арендалап жер алуға бәрінен де төмен гі 2 топ — тек солар болмағанмен — көбіне көп ділгер екенін еске алсақ (Днепр уезіндегі жердің шаруалар тобына бөлінуі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерден, жоғарғы топта егіс мөлшерінің «тиімді» болуы үшін, оның бір ғана үлесті жерінің өзі толығынан дерлік жетіп тұратынын көрдік), онда ауқатты шаруалардың коммерциялық егісті ұлғайтуынан төменгі топтардың жер жағынан қандай қатты қысым көретіні түсінікті болады*.

Үлесті жер арендасының бөлінуі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерден де дәл осындай қорытынды шығады. Үлесті жерді арендалаудың әртүрлі топтағы шаруалар үшін қандай маңызы бар екенін көрсету үшін, Постниковтың шығармасының IV тарауының бұл жағдайды суреттеген жерін келтірейік.

«Үлесті жер — дейді ол — бұл күндерде оңтүстік орыс шаруаларының тұрмысында кең өріс алған жалдаптықтың құралы болып отыр. Таврич шаруалары арасында өте көп тараған нәрсе: олар жерін кепілге салып, қолынан вексель беріп қарыз алады, қарыз алғанда, жерден келетін кіріс, борыш төлегенге дейін сол қарыз берушінің пайдасында қалады, жер бір жылға, екі жылға немесе одан да ұзақ мерзімге, 8,9 және 11 жылға беріледі немесе салынады, мұндай үлесгі жерді беру болыстық және селолық басқармаларда ресми түрде куаландырылады. Жексембі күндері мен мейрам күндері үлкен селоларда, селолық басқарма үйінің алдында топтанып, дабырласып отырған халықты көрген кездерім болды. Не себепті жыйналғандарын сұрағанымда, селолық өкмет орнының кітабына тіркелетін үлесті жерді сатып, соны тойлап жат-

* «Неміс жергілікті шаруаны іргелес жерден құр қалдырып.. жаныштап отыр, ол болмаса жергілікті шаруа сол іргелес жерді не арендалап алар еді, не сатып алар еді» (292 бет) — дейді Постников. Бұл жөнде орыстың ауқатты шаруасы өзінің кедей ағайынынан гөрі колонист-неміске жуығырақ.

қандықтарын айтты... Үлесті жерді басқаларға сатып жіберу жерді негізінен ешбір қайта бөлмей-ақ, салық төлеуші адамдарға бөлетін селоларда да, жерді бар адамдарға бөлетін және негізінен қайта бөліп отыратын селоларда да болып отырады, тек соңғы селоларда жерді сатып жіберу мерзімі әдетте қысқа болады және жерді қайта бөлу мерзіміне туралайды; бұл мерзім соңғы уақытта оларда көбінесе қауымның жерді қайта бөлу туралы қаулысында күнілгері белгіленіп қойылады. Осы үлесті жерді сатып жіберу оңтүстік орыс селоларында, әсіресе, Таврич уездерінде көп болып отырған жергілікті ауқатты шаруалардың қазіргі уақытта ең зор тіршілік мүделеріне сай болып отыр. Жерді алдын ала сатып қою жерді көп жыртатын, онан шаруашылығына зор пайда келтіретін тавричтік ауқатты шаруалардың өздерінің егістік жерін ұлғайтудың да басты шарттарының бірі болып отыр. Сондықтан да ауқатты шаруалар қазіргі уақытта өз тұрмысындағы өздерін көбінесе осы арзанға жер арендалау, оның үстіне жақын жерді арендалау мүмкіншілігінен айырарлық өзгерістердің қандайын болса да ұнатпайды» (140 бет). Одан кейін, Мелитополь шаруалар істерін басқаратын уездік мекемесі үлесті жерді жалға бергенде әрдайым селолық жыйналыстың рұхсатымен беруді талап етеді, мұндай жарлықтың шаруаларға қатаң тигені, «мұның нәтижесінде әзірге сот мекемесінде жер туралы шарт кітаптарының ғана жойылғаны, бірақ бұл кітаптардың, сірә, астыртын қолданылып жүргені» (140 бет) айтылған.

Арендаға беріліп жүрген жер өте көп болса да, жерді сатып алушылар да түгелінен дерлік осы ауқатты шаруалар болып отыр: Днепр уезінде сатып алынған барлық жердің 78 проценті, Мелитополь уезінде сатып алынған 48 099 десятина жердің 42 737 десятинасы, яғни 88 проценті солардың қолында.

Ақырында, кредиттен де шаруалардың тек осы дәрежедегілері пайдаланады: оңтүстіктегі селолық кассалар туралы автордың жоғарыда келтірілген мақаласын толықтыру үшін, бұл кассалар туралы мынадай сыйпаттама келтірейік:

«Қазір жер-жерде құрылған, мысалы Таврич селоларында көп тарап отырған, селолық кассалар мен қарыз-

жыйнақ серіктіктері көбінесе ауқатты шаруаларға көмек көрсетеді. Олардың көмегі едәуір болса керек. Осы серіктіктер бар жерлердегі тавричтік шаруалардан: «құдайға шүкір, енді біз жөйттерден құтылдық» деген сөздерді талай естігенім бар, бірақ мұны айтатындар әлді шаруалар. Әлсіз шаруалар өзіне кепіл болатын адам таба алмайды, сондықтан олар қарыз ала алмайды» (368 бет). Несиеден мұндай тек әлді шаруалардың пайдалануы таңданарлық нәрсе емес: несиелік келісім — ақшасын кейін төлейтін алыс-беріс саудасы, басқа түк те емес. Оны тек қаржысы барлар ғана төлей алатыны айдан анық, ал оңтүстік орыс шаруалары арасында ондайлар — азшылық болып отырған ауқатты шаруалар ғана.

Өзінің өнім өндіру әрекетінің нәтижесі жағынан, қосып есептегенде, басқа топтардың бәрінен асып түсетін бұл топтардың шаруашылығының сыйпатын толық суреттеу үшін тек мынаны ескертіп өту керек: бұл топ «едәуір мөлшерде» жалдама еңбекпен пайдаланады, ал оларға лажсыз жалданатындар сол төменгі топтың адамдары. Бұл жөнде мынаны айту қажет: ауылшаруашылық өндірісіндегі жалдама еңбектің анық есебін алу өте қыйын, біздің земство санағы бұл қыйыншылықты әлі де жеңе алмаған сыяқты. Егіншілік еңбек күшінің жыл бойына тұрақты және бір қалыпты болып тұруын қажет етпей, белгілі маусымға ғана еңбектің күшейтілуін қажет ететіндіктен, жалдама тұрақты жұмысшылардың жалаң өзін ғана есепке алу жалдама еңбектің қандай дәрежеде қанағаттанып отырғанын мүлде толық көрсете алмайды, ал уақытша жұмысшыларды (көбінесе істегеніне қарай алатын жұмысшыларды) есепке алу өте қыйын. Әрбір топтағы жалдама жұмысшылардың санын шамамен белгілеп, Постников ауқатты топтағы жұмыс нормасы үшін 1 қызметшіге 15 десятина егісті алған*. Шығармасының VII тарауында автор бір қызметшіге келетін жер көлемі, шындығында, қандай екендігін толық тексерген; мұнан астықты ма-

---

* Бұл 1,8—2,3 қызметшіге 27—34,5 десятинадан келеді, ал ауқатты топтың шаруалары 34,5—75 десятина егін егеді. Олай болса, бұл топтың жалпы сыйпаты мынадай: топ шаруашылығының мөлшері семьяның жұмыс нормасынан әлдекайда көп.

шинамен жыйнағанда ғана жаңағыдай норманы орындауға болатыны көрінеді. Ал, тіпті ауқатты топта да жнейка көп емес: мысалы, Днепр уезінде 10 үйге 1 данға жуықтан келеді, сондықтан автордың, машина қожайындары өз астығын жыйып болғаннан кейін машинасын жалдайды дегенін еске алғанда да, шаруалардың көпшілігі астығын машинасыз жыйнауға тиіс, олай болса, күндікші жұмысшылар жалдауға тиіс болады. Сондықтан жоғарғы топ жалдама еңбекті автордың есептеп шығарғанынан көп пайдаланатын болса керек, олай болса бұл топтағы шаруалар акшалай алатын көп табысының едәуірін (бәрін болмаса да) *капиталдан,* бұл терминнің ғылми саяси экономика берген ерекше мағнасындағы капиталдан алады.

3-ші топ туралы айтылғандарды корыта келгенде, бұл топтың сыйпаты мынадай болып шығады: өндіріс құралжабдықтары орташанықінен анағұрлым көп болып отырған және соның аркасында еңбек өнімділігі артық болып отырған ауқатты шаруалар бүкіл ауданда ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің негізгісі, басқа топтардан басымы болып отыр; бұл топтағы шаруашылық өзінің сыйпаты жағынан — едәуір дәрежеде жалдама еңбекті қанауға негізделген коммерциялық шаруашылық болып табылады.

Жергілікті халықтың 3 тобының шаруашылығындағы саяси-экономикалық айырмашылықтардың бұл қысқаша шолуы, оңтүстік-орыс шаруаларының шаруашылығы туралы Постниковтың кітабында бар материалды системаға салу негізіне құрылды. Меніңше, бұл шолу шаруаларды топтарға бөлмейінше шаруалар шаруашылығын зерттеу (саяси-экономия жағынан) тіпті мүмкін емес екенін дәлелдейді. Жоғарыда айтқанымыздай, Постников мұны мойындайды, тіпті, земство санағын: мұны істемеді, сандар көп бола тұрса да, оның комбинациясы «айқын емес», «ол талды көріп, оның тасасындағы тоғайды көрмейді» деп кінәлайды (XII бет). Постниковтың земство санағын бұлай кінәлауға правосы бола кояр ма екен. өйткені оның өзі де шаруаларды системамен «айқын» топтарға бөлген жок, бірақ оның мұндай талабының жөн екендігі даусыз. Жеке шаруашылықтар арасында,

сан жағынан ғана емес, сапа* жағынан да айырма бар екенін мойындағаннан кейін, шаруаларды, «ауқаты» жағынан емес, шаруашылығының қоғамдық-экономикалық сыйпаты жағынан айырмасы бар топтарға бөлу сөзсіз қажет болып отыр. Земство санағы кешіктірмей осыны істер, деп сенуге болады.

V

Шаруалар арасында экономикалық алалық бар екенін сыйпаттап қана қоймай, Постников бұл алалықтың күшейгенін айтады:

«Әртүрлі топтардағы шаруалардың әл-ауқатындағы айырмашылық бізде қай жерде болса да бар — дейді ол — және ежелден болып келеді, бірақ соңғы он жылдарда шаруалардың мұндай жіктелуі өте айқын көріне бастады және бірден-бірге өрлеп күшейе беретін болса керек» (130 бет). 1891 жылы шаруашылық жағдайдың ауыр болуы, автордың ойынша, бұл процесті онан сайын күшейтуге тиіс.

Бүкіл шаруа халқына соншама зор әсер етіп отырған бұл жағдайды туғызған себептер қандай?—деген сұрау туады.

«Таврич губерниясы — дейді Постников — Европалық Россиядағы неғұрлым жері мол, шаруаларының жері көп губерниялардың бірі, оның қай жерінде болса да шаруалар жерді қауым болып иемденеді, жер жан басына азды-көпті тең бөлінген, село халқының кәсібі кілең егіншілік деуге болады; алайда үй басына алынған санакка қарағанда, мұндағы село халқының 15 процентінде ешбір жұмыс көлігі жоқ, халықтың 1/3не жуығында өзінің үлесті жеріне егін салатын жеткілікті құрал-сайманы жок» (106 бет). «Топтардағы айырманың мұндай көп болуының себебі не, оның ішінде, халқының кәсібі кілең егіншілік болып отырғанда, егісі мен жұмыс көлігі жок үй қожайындары процентінің, осы айтылып

* Шаруашылықтың сыйпаты — өзі тұтынушылық, коммерциялық; еңбекті канау сыйпаты — күнелтетін негізгі табыс қоры есебінде өзінің жұмыс күшін сату және егісті семьяның өз куаты келетін мөлшерден артық көбейтудің кажетті нәтижесі ретінде жұмыс күшін сатып алу.

отырған аудандағыдай, көп болуының себебі не?» (130 бет) — деп, автор сұрау қояды.

Постников бұл жағдайдың себебін іздеуге шығып (бір жақсысы, ұзаққа емес), жолдан мүлде адасады, сөйтіп «қаңғыбастық», «маскүнемдік», тіпті өрт пен ат ұрлығы туралы сөз қыла бастайды. Сонда да: «істің мәндірек жағы» мұндай себептерде емес деген қорытынды туады. Семьяның жетімдігі яғни ересек қызметшілердің жоқтығы да бұған ешқандай себеп бола алмайды: Таврич уездеріндегі шаруашылығы жоқ (яғни егісі жоқ) барлық үйлердің ішінде жетім семьялар тек 18 процент.

«Шаруашылығы жоқтықтың басты себептерін шаруалардың экономикалық тұрмысының басқа факторларынан іздеп табу керек болады» (134 бет) — деп қорытады автор. Атап айтқанда, Постников: «Жеке үй қожайындарының шаруашылығын күйзелтіп отырған, жоғарыда көрсетілген себептердің ең негізгісі деп санауға болатын себеп, амал не, осы күнге дейін біздің земство санағы аз анықтаған себеп, үлесті жердің ұсақталуында, шаруалардың жер иелігі мөлшерінің шағындылығында, шаруалардың шаруашылығының орташа мөлшерінің кемуінде болып отыр» — деп ойлайды (141 бет). «Россияның экономикажағынан кедейлігінің негізгі себебі — дейді автор — шаруаның иеленген жері мен шаруашылығының кішкене болып, шаруа семьясындағы жұмыска жарайтын адамдардың күшін толық пайдалануға мүмкіндіктің жоқтығы» (341 бет).

Шаруалар шаруашылығының орташа мөлшері (17—18 дес. егіс) семьяның мұқтаждық көрмей күнелтуіне жетіп гұратынын, шаруашылықтың мөлшері жөнінде барлық шаруаларға беталды жалпы баға беруге болмайтынын автордың өзі де анықтағандықтан, Постниковтың өте бұлдыр болып шыққан бұл қағыйдасын түсіндіру үшін, жоғарыда ол, шаруашылықтың мөлшері арткан сайын шаруалар еңбегінің өнімділігі арта беретіндігі туралы жалпы заңды тапқанын ескертіп өту қажет. Оның есебінше, семьяның жұмыс күшін (жұмыс көлігін де) тек жоғарғы топтағылар ғана толық пайдалана алады: мысалы, Таврич уездеріндегі аукатты шаруалар ғана толық пайдалана алады; ол халықтың басым көпшілігі көп күшін боска жұмсап, «жерді өнімсіз шұқылай береді» (340 бет).

Еңбектің өнімділігі шаруашылықтың мөлшеріне байланысты екенін, шаруалардың төменгі топтарында еңбек өнімділігі өте төмен екендігін автор толық дәлелдегенмен, шаруалардың жіктелуін осы заңның (Постников оны Россияның егін шаруашылығындағы халықтың шамадан тыс көбеюі, егіншілікте еңбектің шамадан тыс молдығы деп атайды) салдарынан деп тануға тура келмейді; әңгіме атап айтқанда мынада ғой: шаруалардың әртүрлі топтарға бөлінуінің себебі не, ал егіншілікте халықтың артылып қалуы шаруалардың ондай жіктелуін керек қылады ғой; ал автор бұл себеп туралы ұғым туғызғанда, ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтарды және олардың табыстарының дәрежесін салыстыру жолымен туғызады. Сондықтан: «топтарда айырманың көп болуының себебі не» деген сұрауға, егіншілікте халықтың артылып қалуынан деп жауап беру дұрыс болмайды. Мұны Постниковтың өзі де мойындайтын сияқты, бірақ ол белгілібір мақсатты — бұл жағдайдың себебін зерттеу мақсатын — көздеген жоқ, сондықтан оның пікірлерінде біркелкі үздік-создық кемшіліктер болып отыр: оның жете айтылмаған, көмескі қағыйдаларымен қатар дұрыс пікірлері де бар. Мәселен, ол былай дейді:

«Қазір село тұрмысында жер иелену үшін болып жатқан қатты күрес келешекте халықта қауымдық пен ынтымақтық негіздің күшеюіне себеп болады деп дәмеленуге болмайды. Ал бұл күрес, кездейсоқ жағдайдан туып отырған уақытша күрес емес... Бұл күрес қауымдық дәстүрлердің және село тұрмысында өріс алып отырған жекешілдіктің күресі емес, тек экономикалық мүдделердің күресі екенін, жер аз болғандықтан, халықтың бір бөлегін ойсыратып барып аяқталатын күрес екенін көріп отырмыз» (XXXII бет).

«Жер аз және шаруашылықтың мөлшері кішкене болып отырғанда, жеткілікті кәсіптер болмай отырғанда, шаруалардың ауқатты болуы мүмкін емес екені, сондықтан шаруашылық жөнінде әлсіздердің бәрі қалай болғанда да, күндердің күнінде шаруалар егіншілігінің қатарынан шығарылып тасталуға тиіс екені тіпті айдан анық нәрсе» (368 бет) — дейді, екінші бір жерде Постников.

Бұл пікірде анағұрлым дұрыс жауап берілген, жауап болғанда халықтың жоғарыда көрсетілген жіктелуіне толық сәйкес келетін жауап берілген. Бұл жауаптың мәні мынадай: аса көп шаруашылықтарды иесіз қалдырып отырған және олардың санын көбейтіп отырған нәрсе шаруалар арасындағы экономикалық мүдделердің күресі. Бұл күрестің негізі қандай, күресте қолданылатын құралдар қандай? Құралды айтатын болсақ, жерді бірбірінен қағып әкету ғана құрал (Постниковтың жаңағы келтірілген пікірінен осылай деп ойлауға болады) емес және ол оншама күшті құрал емес, шаруашылықтың мөлшері артқан сайын, оның артынша өндіріс шығынының кеміп отыруы онан да күшті құрал, — бұл туралы жоғарыда жеткілікті айтылды. Ал енді күресті тудыратын негізге келсек, бұл Постниковтың мына пікірінен жеткілікті айқын көрініп отыр:

«Шаруашылық жердің көлемінің белгілібір minimumы бар, шаруа шаруашылығы онан төмен түссе шаруашылық пайдасыз болады немесе тіпті шаруашылықты жүргізуге мүмкіндік болмайды. Семьяны және малды (?) асырау үшін шаруашылықта тамақ өндіретін белгілі көлемді жер болу керек; көлденең кәсіпшілігі жоқ немесе ондай кәсіпшілігі болымсыз шаруашылықта, мұның үстіне рынокке өткізуге арнап өнім өндіретін белгілі көлемді жері болу керек; шаруа семьясы бұл өнімдерді сатып алғандағы ақшасымен алым-салығын төлейді, киімкешек пен аяқ киім сатып алады, шаруашылыққа керекті құрал-сайман алады, қора-қопсы салдырады т. б. Егер шаруа шаруашылығының мөлшері бұл минимумнан төмен түссе, бұл шаруашылықты жүргізуге мүмкіншілік болмайды. Ол уақытта шаруа өзінің шаруашылығын тастап, оның жалшы болуы пайдалырақ болады, өйткені жалшының шығаратын шығыны шағын болады, жалпы кірісі аз болса да, қажетін толығырақ өтей алады» (141 бет).

Егер, бір жағынан, шаруа өзінің егісін, өзі тұтынатын астықтың мөлшерінен әлдеқайда асырып көбейтуді пайдалы деп тапса, мұның себебі — ол өзінің өнімін сата алады. Егер, екінші жағынан, шаруа өзінің шаруашылығын тастап, батрак болуды пайдалы деп тапса, мұның себебі — оның қажетінің көбін өтеу үшін ақша-

лай шығын шығару керек болады, яғни сату керек болады*; ал өз шаруашылығының өнімін сатқанда ол рынокте өзінен әлді, оны жеңіп кететін бәсекеші кездесетіндіктен, оған өзінің жұмыс күшін сатудан басқа ешнәрсе қалмайды. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда айтылған жағдай сатуға арнап өнім өндіруден туады, оның негізі осы. Шаруалар арасында экономикалық мүдделер күресі тууының негізгі себебі — қоғамдық өндірісті рынокке билетіп қойған тәртіптер.

«Шаруа тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстарды» суреттеуді және оларды түсіндіру әрекетін аяқтап шыққаннан кейін, Постников «аграрлық мәселені» шешуге тиіс практикалық шараларды баяндауға кіріскен. Бұл мәселеде біз автордың соңына ере бермейміз, себебі — біріншіден, ол бұл мақаланың жоспарына кірмейді; екіншіден, Постниковтың шығармасының бұл жағы — ең нашар жағы. Нашар болуының себебі толығынан түсінікті, өйткені қайшылықтар, жете айтылмаған пікірлер көбінесе автордың дәл шаруашылық процесін түсіндіруге тырысқан жерлерінде кездесіп отыр, ал ол процестерді толық және айқын түсіндірмейінше, кандай да болса практикалық шараларды көрсету туралы сөз болуы да мүмкін емес.

---

* Тамақтық және саудалық егістің көлемі туралы (тек осы егістен түсетін кіріс қана, егіншіліктің емес, егіншінің мұқтажын өтеуге жұмсалады, яғни бұл — өндірістің шығыны емес, шын мағнасындағы кіріс) жоғарыда келтірілген мәліметтерді, сол сыяқты тавричтік шаруаның, азық-түлікке кететін астық мөлшеріне (әрбір адамға 2 ширектен) байланысты орташа ақшалай шығын туралы мәліметтерді салыстырыңыз.

РЫНОКТЕР ТУРАЛЫ ДЕЙТІН МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[9]

1893 жылдың күзінде жазылған

Бірінші рет 1937 ж. „Большевик" журналының 21-нөмірінде басылған

Қолжазбасы бойынша басылып отыр

По поводу такъ-называемаго вопроса о рынкахъ.

I.

Можетъ-ли у насъ въ Россіи развиваться и вполнѣ развиться капитализмъ, когда масса народа бѣдна и бѣднѣетъ все больше? Вѣдь для развитія капитализма необходимъ широкій внутренній рынокъ, а разореніе крестьянства подрываетъ этотъ рынокъ, грозитъ совершенно закрыть его и сдѣлать невозможнымъ организацію капиталистическихъ порядковъ. Говорятъ, правда, что превращая натуральное хозяйство нашихъ непосредственныхъ производителей въ товарное, капитализмъ тѣмъ самымъ создаетъ себѣ рынокъ, но мнѣ-ли допустить, чтобы на счетъ фракцій остатковъ натуральнаго хозяйства у полу-нищихъ крестьянъ могло раз-

В. И. Лениннің „Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде“ деген қолжазбасының бірінші беті.— 1893 ж.

Кішірейтілген

I

Халық бұқарасы кедей болып отырғанда және барған сайын кедейленіп бара жатқанда, бізде, Россияда капитализм дамый ала ма және толық дамый ма? Өйткені, капитализмнің дамуы үшін кең ішкі рынок қажет қой, ал, шаруалардың күйзелуі бұл рынокті әлсіретіп, оның мүлде жабылу хаупін және капиталистік тәртіптерді ұйымдастыруға мүмкіншілік қалмау хаупін туғызады ғой. Рас, капитализм қолма-қол өндірушілеріміздің өзіндік шаруашылығын товарлы шаруашылыққа айналдырады, сөйтіп өзіне рынок құрып алады деседі, бірақ, жартылай қайыршы шаруалардың өзіндік шаруашылығының түкке тұрғысыз қалдықтарының есебінен бізде, өзіміз көріп отырған Батыстағыдай капиталистік күшті өндіріс дамый алады деп ойлауға бола ма? Бұқараның кедейлену салдарының өзінен-ақ біздің капитализміміз әлсіз, тірексіз, еліміздің бүкіл өндірісін қамтый алмайтын және қоғамдық шаруашылығымыздың *негізі* бола алмайтын бірдеме болып отырғаны айқын емес пе?

Әдебиетіміздің барлық жерлерде орыс марксистеріне қарсы қойып жүрген сұраулары міне осындай; рыноктің жоқтығы туралы пікірлер — Маркс теориясын Россияға қолдануға болатындығына қарсы ең басты дәлелдердің бірі болып жүр. Біз тексергелі отырған *«Рыноктер туралы мәселе»* деген реферат та осы дәлелді теріске шығаруға арналған.

II

Референтке негізгі тыянақ болып отырған дәлел — «капиталистік өндірістің жалпы және ерекше үстемдігі»

туралы жорамал. Референт осы тыянаққа сүйеніп, «Капиталдың» II томының XXI тарауының мазмұнын (3 бөлім -- «Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналуы») баяндайды.

Маркс бұл арада, жұмысшылар мен капиталистердің жеке бастарының мұқтажын өтеу үшін жұмсалатын және өндіруші капиталдың элементтерін жасау үшін жұмсалатын өнімдердің орнын қоғамдық өндірістің қалайша толықтыратындығын зерттеуді өзіне міндет етіп қояды. Сондықтан, егер I томда, *дара* капиталдың өндірілуі мен ұдайы өндірісін зерттеген кезде капитал мен өнімнің негізгі бөлімдерін құнына қарай — [өнімнің құны, «Қапиталдың» I томында көрсетілгендей, *c* (тұрақты капитал) + *v* (өзгермелі капитал) + *m* нен (қосымша құннан) құралады] талдаумен тынуға болған болса — онда, бұл арада, өнімнің материалдық составына қарай бөлінуін еске алу қажет болады, өйткені, өнімнің капитал элементтерінен құралатын бөлімі жеке бастың тұтынуына жұмсала алмайды және оның керісінше де бола алмайды. Сондықтан Маркс, бүкіл қоғамдық өндірісті, — ал, солай болған соң, бүкіл қоғамдық өнімді, — екі бөлімшеге бөледі: I) өндіріс құралдың элементтерін, — тек өндірудің қажетіне ғана жұмсалатын товарлар өндіру және II) тұтыну жабдықтарын, басқаша айтқанда, жұмысшылар табы мен капиталистер табының жеке басының тұтынуына жұмсалатын товарлар өндіру.

Зерттеудің негізіне мына схема алынады [араб цифрлары бағалы зат единицаларын — мысалы, миллиондаған сомдарды көрсетеді, ал, рим цифрлары қоғамдық өндірістің жоғарыда айтылған бөлімшелерін көрсетеді. Қосымша құнның нормасы 100 процент алынады]:

$$\text{I } 4000\,c + 1000\,v + 1000\,m = 6000 \quad \left|\begin{matrix}\text{Капитал} = 7500\\ \text{Өнім} = 9000\end{matrix}\right.$$

$$\text{II } 2000\,c + 500\,v + 500\,m = 3000$$

Әуелі жай ұдайы өндіріспен істес болып отырмыз делік, басқаша айтқанда, өндіріс үнемі бұрынғы мөлшерінде қалады, ұлғаймайды делік; мұның өзі капиталистердің барлық үстеме құнды [10] өнім бермейтін іске тұтынатын-

дығын, қор жыйнау үшін емес, жеке бастарының мұқтажына жұмсайтындығын көрсетеді. Бұл жағдайда, бірінші ден, II 500 v мен II 500 m ді сол II бөлімшенің капиталистері мен жұмысшылары тұтынуға тиіс екені айқын, өйткені бұл өнім адамның өз басының мұқтажын өтеуге арналған тұтыну заттары түріндегі өнім. Бұдан соң, I 4000 c ні өзінің заттай түрінде сол I бөлімшенің капиталистері тұтынуға тиіс, өйткені өндіріс мөлшерінің өзгермеу шарты, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру үшін тағы сол капиталды келесі жылға сақтауды керек етеді; солай болған соң, капиталдың осы бөлімінің орнын толтырудың да ешқандай қыйыншылығы жоқ: көмір, темір, машиналар, тағы сол сыяқты заттар түріндегі өнімнің тиісті бөлімі өндіріс құрал-жабдықтарын өндірумен шұғылданатын капиталистердің арасында айырбасталынатын болады да, соларға бұрынғыша тұрақты капитал болады. Сөйтіп I (v + m) және II c қалады. I 1000 v + I 1000 m — өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі өнім, ал, II 2000 c — тұтыну жабдықтары түріндегі өнім. I бөлімшенің жұмысшылары мен капиталистері (жай ұдайы өндіріс, яғни бүкіл үстеме құнды тұтыну шартымен) 2000дық [1000 (v) + + 1000 (m)] тұтыну жабдықтарын тұтынуға тиіс. II бөлімшенің капиталистері, өндірісті бұрынғы мөлшерінде жүргізе бере алатындай болу үшін, өзінің тұрақты капиталының (2000 II c) орнын толтыру үшін, 2000ға өндіріс құрал-жабдықтарын алуға тиіс. I v + m нің II c ға айырбасталуға тиіс екендігі осыдан айқын көрініп тұр, өйткені, мұнсыз бұрынғы мөлшерде өндіру мүмкін емес. Жай ұдайы өндіріс үшін — I бөлімшенің өзгермелі капиталы мен үстеме құн суммасы II бөлімшенің тұрақты капиталымен тең болуы шарт: I (v + m) = II c. Бұл заңды басқа сөзбен былай тұжырымдауға болады: жыл бойы *жаңадан* өндірілген *барлық* құнның (екі бөлімшенің екеуінде де) суммасы, тұтыну жабдықтары түріндегі өнімнің барлық құнына тең болуға тиіс: I (v + m) + + II (v + m) = II (c + v + m).

Бүкіл қоғамның өндірісі жыл сайын бұрынғы бір мөлшерінде қала бере алмайтындықтан, сол сыяқты қор жыйнау капиталистік тәртіптердің заңы болып отырғандықтан да, шынында, жай ұдайы өндірістің болуы, әрине,

мүмкін емес. Сондықтан мөлшері үлғая беретін қоғамдық өндірістің немесе қор жыйнаудың қалайша болып отырғандығын қарастырып өтейік. Қор жыйнағанда капиталистер жеке басының қажетіне үстеме құнның тек бір бөлімін ғана тұтынады, ал, екінші бөлімі өнім берерліктей етіп жұмсалады, басқаша айтқанда, өндірісті үлғайту үшін өндіруші капитал элементтеріне айналдырылады. Сондықтан, қор жыйнағанда I (v + m) мен II с нің тең болуы мүмкін емес: I бөлімшедегі үстеме құнның (I m) бір бөлімі тұтыну жабдықтарына айырбасталмай, өндірісті үлғайтуға жұмсалуы үшін, I (v + m)нің II с ден көп болуы қажет. Сонымен мынадай схемалар шығады:

А. *Жай үдайы өндірістің схемасы:*

I 4000 с + 1000 v + 1000 m = 6000.
II 2000 с + 500 v + 500 m = 3000.
I (v + m) = II с.

Б. *Қор жыйнаудың негізгі схемасы.*

I 4000 с + 1000 v + 1000 m = 6000.
II 1500 с + 750 v + 750 m = 3000.
I (v + m) > II с.

Енді қоғамдық өндірістің қор жыйнау жағдайында қалайша жүруге тиіс екендігін қарайық.

Бірінші жыл.

I 4000 с + 1000 v + 1000 m = 6000. { Капитал = 7250 }
II 1500 с + 750 v + 750 m = 3000. { Өнім = 9000 }

I (1000 v+500 m) II 1500 с ға айырбасталады (жай үдайы өндіріс тұсындағы сыяқты).

I 500 m қорға жыйналады, басқаша айтқанда, өндірісті үлғайтуға жұмсалады, *капиталға* айналады. Егер бұрынғыша, тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға бөлуді алсақ, онда мынадай болып шығады.

$$\text{I } 500\,\text{m} = 400\,\text{c} + 100\,\text{v}.$$

Қосымша тұрақты капитал (400 с) I өнімнің өзінде (оның заттай түрі — өндіріс құрал-жабдықтары) бар; ал, қосымша өзгермелі капитал (100 v) II бөлімшенің капиталистерінен алынуға тиіс, бұлай болған соң, олар да қор жыйнауға тиіс: олар өздерінің үстеме құнының бір бөлімін (II 100 m) өндіріс құрал-жабдықтарына (I 100 v) айырбастап бұл өндіріс құрал-жабдықтарын қосымша тұрақты капиталға айналдырады. Солай болған соң, олардың тұрақты капиталы 1500 с дан 1600 с ға шейін өседі; оны іске жарату үшін қосымша жұмыс күші — *50 v* — қажет болады, олар тағы да сол II бөлімшедегі капиталистердің үстеме құнынан алынады.

I және II бөлімшелердегі қосымша капиталды алғашқы капиталға қоссақ, өнімнің бөлінуі мынадай болып шығады:

$$\text{I } 4400\,\text{c} + 1100\,\text{v} + (500\,\text{m}) = 6000.$$
$$\text{II } 1600\,\text{c} + 800\,\text{v} + (600\,\text{m}) = 3000.$$

Жақшаның ішіне қойылған үстеме құн капиталистердің тұтыну қорын, басқаша айтқанда, үстеме құнның қорға түспей, капиталистердің жеке басының қажетіне жұмсалатын бөлімін көрсетеді.

Егер өндіріс бұрынғыша жүретін болса, онда жыл аяғында мынадай болып шығады:

$$\left.\begin{array}{l}\text{I } 4400\,\text{c} + 1100\,\text{v} + 1100\,\text{m} = 6600 \\ \text{II } 1600\,\text{c} + 800\,\text{v} + 800\,\text{m} = 3200\end{array}\right\} \begin{array}{l}\text{Капитал} = 7900 \\ \text{Өнім} = 9800\end{array}$$

I (I 100 v + 550 m) II 1650 с ға айырбасталады, мұнда қосымша 50 с 800 II m нен алынады [мұнда *с* нің 50 қосылып көбеюі *v* нің 25 қосылып көбеюін туғызады].

Бұдан әрі қарай 550 I m бұрынғыша қорланады:

$$550\ \text{I m} = 440\,\text{c} + 110\text{v}$$
$$165\ \text{II m} = 110\,\text{c} + 55\,\text{v}$$

Енді алғашқы капиталға қосымша капиталды қоссақ [I 4400 с ға—440 с ны; I 1100 v ге—110 v ні; II 1600 с ға — 50 с мен 110 с ны; ал, II 800 v ге — 25 v мен 55 v ні], мынадай болып шығады:

$$\begin{aligned} &\text{I } 4840\ c + 1210\ v + (550\ m) = 6600 \\ &\text{II } 1760\ c + 880\ v + (560\ m) = 3200 \end{aligned}$$

Өндіріс мұнан әрі өсе келе мынадай болып шығады.

$$\begin{aligned} &\text{I } 4840\ c + 1210\ v + 1210\ m = 7260 \quad \{\text{Капитал} = 8690\} \\ &\text{II } 1760\ c + 880\ v + 880\ m = 3520 \quad \{\text{Өнім} = 10780\} \end{aligned}$$

бұдан әрі қарай да осылай.

Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі туралы мәселе жөніндегі Маркстің зерттеуінің нәтижелері — ең мәнді сыйпаттары — міне, осы. Бұл зерттеулер (ескерте өту қажет) бұл арада өте қысқаша берілді; Маркс толық талдаған өте көп мәселелер, — мысалы, ақшаның айналуы, бірте-бірте тоза беретін негізгі капиталдың орнын толтыру, тағы сол сыяқты мәселелер бұл арада сөз болмады — өйткені, қарастырылып отырған мәселеге бұлардың бәрінің де тура қатысы жоқ.

III

Маркстің осы зерттеулерінен референт қандай қорытынды шығарады? Амал не, ол өзінің қорытындыларын әбден дәл және айқын етіп, тұжырымдамайды, сондықтан бұл қорытындылар туралы, оның біріне-бірі толық үйлеспейтін кейбір пікірлері бойынша өзіме қорытынды жасауға тура келеді. Мысалы, біз мынаны оқыймыз:

«I бөлімшеде — дейді референт — өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру үшін керекті өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінде қордың қалай жасалатынын біз бұл арада көрдік: ...бұл қор тұтыну жабдықтары өндірісінің қозғалысына да, кімдікі болса да жеке бастың тұтынуына да тәуелсіз түрде жасақталады» ($^{15}/_{3}$-бет).

Қор жыйнаудың тұтыну жабдықтарының өндірісіне «тәуелсіздігі» туралы, әрине, сөз қылуға да болмайды,

себебі: өндірісті ұлғайту үшін жаңа өзгермелі капитал керек болады, ал, солай болған соң, тұтыну жабдықтары да керек болады; автор мұны айтқанда, сірә, тек схеманың өзгешелігін I с — I бөлімшедегі тұрақты капитал — II-ші бөлімшемен айырбассыз ұдайы өндірілетінін, яғни жыл сайын қоғамда, айталық, көмірдің белгілі бір бөлімі тағы сол көмір шығару үшін өндірілетінін көрсеткісі келген болу керек. Әрине, бұл өндіру (көмір шығару үшін көмір өндіру) кейінгі бірқатар айырбастар арқылы тұтыну жабдықтарын өндірумен байланысады: — бұлай болмаған күнде, көмір кәсібі иелері де, олардың жұмысшылары да өмір сүре алмас еді.

Екінші бір жерде референт недәуір бәсең айтады: «Капиталистік қор жыйнаудың *ең басты* қозғалысы — дейді ол — қолма-қол өндірушілердің қандайынан болса да тәуелсіз, — халықтың қандай жігінің болса да жеке басының тұтынуына тәуелсіз болады және тәуелсіз болып келді» (өте ерте дәуірлерден басқа дәуірлерде) (8 бет). Бұл жерде енді капитализмнің тарихи дамуында өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің тұтыну жабдықтарын өндіруден басым екендігі ғана көрсетіліп отыр. Мұны тағы да бір рет қайталап көрсеткен: «Егер капиталистік қоғамға, бір жағынан, қор жыйнау үшін қор жыйнау жеке бастың тұтынуы емес, өнім беретін тұтыну дағдылы іс болатын болса, онда, екінші жағынан, өндіріс құрал-жабдықтары үшін өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру де оған дағдылы іс» ($^{21}/_{2}$ бет). Егер автор осы көрсетулерімен, капиталистік қоғамның одан бұрын болып өткен басқа экономикалық құрылыстардан айырмасы — нақ сол машиналарды және оларға қажетті заттарды (көмір, темір, тағы сол сияқтыларды) дамытуында екенін айтқысы келген болса, онда мұнысы дұп-дұрыс. Техникасының дәрежесі жағынан капиталистік қоғам басқа қоғамдардың бәрінен жоғары, ал техника прогресінің өзі — адам еңбегінің барған сайын машина еңбегінен ығысып, кейін шегінуінде.

Сондықтан, референттің көмескі мәлімдемелерін сынаумен шұғылданудың орнына, Маркстің тура өзіне жүгініп, оның теориясынан I-ші бөлімшенің II-ші бөлімшеден «басымдығы» туралы қорытынды шығаруға болатын,

болмайтындығын және бұл басымдылықты қандай мағынада түсіну керектігін қарастырған артық.

Маркстің жоғарыда келтірілген схемасынан I-ші бөлімшенің II-ші бөлімшеден басымдығы туралы ешқандай қорытынды шығаруға болмайды: ол схемада екі бөлімшенің екеуі де қатар дамып отырады. Бірақ, бұл схемада нақ сол техникалық прогресс ескерілмейді. «Капиталдың» I томында Маркстің дәлелдегеніндей, техникалық прогрестің белгісі — өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатнасы $\left(\frac{v}{c}\right)$ бірте-бірте азая береді, ал схемада бұл қатнас өзгермейтін қатнас ретінде алынған.

Егер бұл өзгерісті схемаға кіргізсе, ол уақытта өндіріс құрал-жабдықтары тұтыну жабдықтарымен салыстырғанда анағұрлым тез өсетіндігі өзінен өзі түсінікті болады. Дегенмен, біріншіден, айқын болу үшін, екіншіден, бұл пікірден теріс қорытындылар шығару мүмкіншілігінен тартындыру үшін, осы есепті келтіріп өту артық болмас деп ойлаймын.

[Төменде келтірілген кестеден қор жыйнау нормасы өзгермейтін болып алынған: үстеме құнның тең жартысы қорға түседі де, тең жартысы жеке бастың тұтынуына жұмсалады.]

[Төменгі схеманы тастап өтіп, тура келесі беттегі содан алынған қорытындыға көшуге болады. *Д.* әрпі өндіруді ұлғайту үшін жұмсалатын қосымша капиталды, басқаша айқтанда, үстеме құнның қорға түсетін бөлімін көрсетеді.]

I-ші I $4000\,c + 1000\,v + 1000\,m = 6000$ ____ $v : (c + v) = 20{,}0\%$
жыл) II $1500\,c + 750\,v + 750\,m = 3000$ ..... „ „ „ $33{,}3\%$
I $(1000\,v + 500\,m) =$ II $1500\,c$
д. I $500\,m = 450\,c + 50\,v$ ..... „ „ „ $\frac{1}{10}$

д. II $60\,m = 50\,c + 10\,v$ ..... „ „ „ $\frac{1}{6}$

I $4450\,c + 1050\,v + (500\,m) = 6000$
II $1550\,c + 760\,v + (690\,m) = 3000$

2 шi жыл) I 4450 с + 1050 v + 1050 m = 6550 . . . 19,2%
II 1550 с + 760 v + 760 m = 3070 . . . 32,9%

I (1050 v + 525 m) = II 1575 с

II (1550 с + 25 m)

д. II 28 m = 25 с + 3 v . . . $\frac{1}{9}$ тамасы

д. I 525 m = 500 с + 25 v . . . $\frac{1}{21}$ шамасы

д. II 28 m = 25 с + 3 v . . . $\frac{1}{9}$ шамасы

I 4950 с + 1075 v + (525 m) = 6550
II 1602 с + 766 v ± (702 m) = 3070

3-ші жыл) I 4950 с + 1075 v + 1075 m = 7100 . . . 17,8%
II 1602 с + 766 v + 766 m = 3134 . . . 32,3%

I (1075 v + $537\frac{1}{2}$ m) = II $1612\frac{1}{2}$ с

II (1602 с + $10\frac{1}{2}$ m)

д. II $11\frac{1}{2}$ m = $10\frac{1}{2}$ с + 1 v . . . $\frac{1}{12}$ шамасы

д. I $537\frac{1}{2}$ m = $517\frac{1}{2}$ с + 20 v . . . $\frac{1}{26}$ шамасы

д. II 22 m = 20 с + 2 v . . . $\frac{1}{11}$

I $5467\frac{1}{2}$ с + 1095 v + ($537\frac{1}{2}$ m) = 7100

II $1634\frac{1}{2}$ с + 769 v + ($730\frac{1}{2}$ m) = 3134

4-ші жыл) I $5467\frac{1}{2}$ с + 1095 v + 1095 m = $7657\frac{1}{2}$ . . . 16,7%

II $1634\frac{1}{2}$ с + 769 v + 769 m = $3172\frac{1}{2}$ . . . 32,0%

және мұнан әрі қарай да осылай.

Енді қоғамдық өнімнің түрлі бөлімдерінің өсуі жөнінде осы схемадан алынған қорытындыларды салыстырып өтейік:

	Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өндіріс		Тұтыну жабдықтарын өндіретін өндіріс		Тұтыну жабдықтары		Бүкіл қоғамдық өнім	
	құралдары	% есебімен	құралдары	% есебімен		% есебімен		% есебімен
1-ші жыл	4 000	100	2 000	100	3 000	100	9 000	100
2-ші жыл	4 450	111,25	2 100	105	3 070	102	9 620	107
3-ші жыл	4 950	123,75	2 150	107,5	3 134	104	10 234	114
4-ші жыл	5 467½	136,7	2 190	109,5	3 172	106	10 828½	120

Сонымен, біз өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің бәрінен де жылдам өсіп отыратынын, одан кейін тұтыну жабдықтарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің өсіп отыратынын, ал, тұтыну жабдықтары өндірісінің бәрінен де шабан өсіп отыратынын көреміз. «Капиталдың» II томындағы Маркстің зерттеулерінсіз-ақ, тұрақты капиталдың өзгермелі капиталдан жылдам өсу тенденциясы бар деген заң бойынша да осындай қорытындыға келуге болар еді. Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің өте жылдам өсетіндігі туралы ереже сол заңды, бүкіл қоғамдық өндіріске бейімдеп тек басқа сөзбен айтып шыққандық.

Бірақ мүмкін, тағы да ілгері бір аттау керек болар? Егер біз, v нің $c+v$ ге қатнасы үнемі кеміп отырады деп алған болсақ, онда v нольге теңелетін болады, өндіріс құрал-жабдықтарын көп өндіру үшін жұмысшылардың сол бұрынғы саны жеткілікті болып қала береді деп неге алмаймыз? Сонда үстеме құнның қорға түсетін бөлімі I бөлімшедегі тұрақты капиталға тура қосылып отыратын болады, II-ші* бөлімше** толық тоқырап қалғанда ко-

* Бірлі-жарым бұл сықылды құбылыстың болуы мүлде мүмкін емес дегім келмейді. Бірақ, бұл арада әңгіме бір ғажайып оқыйға туралы емес, капиталистік қоғамның дамуы жөніндегі жалпы заң туралы болып отыр ғой.

** Не туралы әңгіме болып отырғанын түсіндіру үшін схемамен көрсетейін:

I 4000 c + 1000 v + 1000 m = 6000
II 1500 c + 750 v + 750 m = 3000

I (1000 v + 500 m) = II 1500 c
I 500 m — I 4000 c ға қосылып, қорға жыйналады:

I 4500 c + 1000 v + (500 m) = 6000
II 1500 c + 750 v + 750 m = 3000
I 4500 c + 1000 v + 1000 m = 6500
II 1500 c + 750 v + 750 m = 3000

ғамдық өндіріс тек өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары есебінен ғана өсетін болады.

Бұл, әрине, схемаларға қиянат жасағандық болар еді, өйткені ондай қорытынды қыйсыны жоқ жорамалға негізделеді, сондықтан да ол дұрыс болмайды. *v* нің *c* ға қатнасын кемітіп отыратын техника прогресі II-ші бөлімшені толық тоқыратып тастап, тек I бөлімшеде ғана болады деу жөн бе? II-ші бөлімшеде қордың мүлде жыйналмауы, әрбір капиталистен кәсіп орнын кеңейтуді *талап ететін,* ал кеңейтпесе құру хаупін ескертетін капиталистік қоғамның заңына үйлесе ме?

Сонымен, Маркстің жоғарыда баяндалған зерттеулерінен шығаруға болатын ең дұрыс қорытынды мынау: *капиталистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру тұтыну жабдықтарын өндіруден тез өсіп отырады.* Жоғарыда айтылып өткендей, бұл қорытынды турасынан — капиталистік өндіріс, өткен уақыттармен салыстырғанда ұздік дамыған техника жасайды* деген жұртқа мәлім ережеден туады. Маркс — әдейі осы мәселе жөнінде — тек бір-ақ жерде ғана әбден айқын айтып өтеді, ал оның бұл жерде айтқаны жоғарыдағы тұжырымдаудың дұрыстығын толық дәлелдейді:

«Капиталистік қоғамның тағы адамдардан айырмасы Сениордың: тағы адам өз еңбегін жұмсағанда, онан кіріске яғни тұтыну жабдықтарына айналарлық ешқандай өнім алмайтындай болып жұмсайды, бұл сол тағы адамның артықшылығы мен ерекшелігі деп, осыны айырмашылыққа есептегенінде емес, — оның айырмасы мынадай:

α) капиталистік қоғам өзінің қарамағындағы жылдық жұмыс уақытын өндіріс құрал-жабдықтарын (ergo** —

I (1000 v + 500 m) = II 1500 c
I 500 m бұрынғыша қорға жыйналады және әрі қарай да осылай.

* Баяндалған қорытындыны сондықтан тағы басқашарақ тұжырымдауға болады: капиталистік қоғамда өндіріс (ал, солай болған соң «рынок те») не тұтыну заттарының өсуі есебінен немесе техника прогресі — көбінесе — есебінен, басқаша айтқанда, қол еңбегін машиналы еңбектің ығыстырып шығаруы есебінен өсе отырады, — өйткені *v* нің *c* ға қатнасының өзгеруінің өзі сол қол еңбегінің ролі кемігендігін көрсетеді.

** — Солай болған соң. *Ред.*

тұрақты капиталды) өндіруге көбірек [Nota bene]* жұмсайды; бұл өндіріс құрал-жабдықтары жалақы түрінде де, үстеме құн түрінде де кіріс бола алмайды, бірақ капитал ретінде ғана іс істей алады» («Das Kapital», II Bd., Seite 436)**.

IV

Енді, баяндалған теорияның, «рынок жөніндегі атышулы мәселеге» қандай ғана қатысы бар? деген сұрау туады. Өйткені, ол теория «өндірудің капиталистік әдісінің жалпы және ерекше үстемдігі» туралы жорамалдан туып отыр да, ал «мәселе», Россияда капитализмнің толық дамуы «мүмкін бе» дегенде болып отыр ғой. Рас, бұл теория капитализмнің дамуы жөніндегі дағдылы ұғымға түзетулер енгізеді, бірақ *жалпы алғанда,* капитализмнің қалай дамыйтындығын ұғыну Россияда капитализмнің даму «мүмкіншілігі» (және қажеттігі) туралы мәселені әлі аздап болса да ілгері бастырмай отырғандығы анық.

Алайда референт, капиталистік жолмен ұйымдастырылған бүкіл қоғамдық өндірістің барысы туралы Маркстің теориясын баяндаумен тоқталмайды. Ол, «капитал жыйнаудағы *маңызды айырмашылығы* бар екі жағдайды: 1) капиталистік өндірістің, өзіндік шаруашылықты ығыстыра отырып, соның есебінен кеңейе отырып, еңбектің дап-дайын сфераларын өзінің ұысына алып, жайыла дамуын және 2) капиталистік өндірістің өзіндік шаруашылыққа тәуелді болмай, басқаша айтқанда, өндірістің капиталистік әдісі жалпы және ерекше үстем болып отырғанда кеңейіп, оның — егер бұлай деп айтуға болатын болса — терендей дамуын» айыру қажеттігін көрсетеді. Бұл бөлуді әзірге сынамай-ақ тұрасынан, автордың капитализмнің жайыла дамуы, деп нені айтатынын қараластыруға көшейік: өзіндік шаруашылықтың орнын капиталистік шаруашылық басатын осы процесті анықтау біздің орыс капитализмінің қалайша «бүкіл елді қамтыйтынын» көрсетуге тиіс.

---

* — Есіңізде болсын. *Ред.*

** — «Капитал», II т. 436 б. *Ред.*

Референт капитализмнің жайыла дамуын мына схема бойынша суреттейді:



A — капиталистер; *W*— қолма-қол өндірушілер.
a. a_1, a_{11}. — капиталистік кәсіп орындары.
Стрелкалар айырбасталатын товарлардың айырбасталуын көрсетеді.
c, v, m — товарлар құнының негізді бөлімдері.
I, II — товарлардың заттық түрлері: I — өндіріс құрал-жабдықтары; II — тұтыну жабдықтары.

«А. мен W. орындарының мәнді айырмасы — дейді референт — А дағылар — капиталист өндірушілер, бұлар өздерінің үстеме құнын өнім беретін етіп тұтынады, ал W дегілер — қолма-қол өндірушілер, бұлар өздерінің үстеме құнын (мен бұл жерде өнім құнының өндіріс құрал-жабдықтары мен қажетті тамақ заттары құнынан асып түсетін артығын айтып отырмын) өнім бермейтін етіп тұтынады.

Стрелкаларды қуалай схемаға көз салсақ, А дағы капиталистік өндірістің W дегі тұтынуды бірте-бірте өзіне тартып, соның есебінен қалай дамып отыратынын оңай көреміз». Капиталистік кәсіп орны — *a* ның өнімі тұтыну жабдықтары түрінде «қолма-қол өндірушілерге» жіберіледі; «қолма-қол өндірушілер» оның айырбасына өндіріс құрал-жабдықтары түрінде тұрақты капитал (c) және тұтыну жабдықтары түрінде өзгермелі капитал (v), ал, қосымша өндіруші капитал элементтері түрінде: $c_1 + v_1$ үстеме құн (m) ді қайтарып

отырады. Бұл капитал — капиталистік жаңа кәсіп орны — a_1 ді құру үшін жұмсалады; бұл кәсіп орны да, дәл алғашқысындай, өзінің өнімін тұтыну жабдықтары түрінде «қолма-қол өндірушілерге» жіберіп отырады, онан әрі де солай. «Капитализмнің жайыла дамуының бұл көрсетілген схемасы бойынша: бүкіл өндіріс «сыртқы» рыноктердегі тұтынумен, бұқараның (жалпы тұрғыдан қарағанда, бұл бұқараның қайда тұратыны,—мейлі, капиталистердің қасында тұрсын немесе мұхиттың аржағындағы бір жерде тұрсын, — тіпті бәрібір) тұтынуымен тығыз байланысты болып шығады. *А* дағы өндірістің кеңеюі, яғни капитализмнің осы бағытта дамуы, *W* дегі қолма-қол өндірушілер товар өндірушілерге айналысымен-ақ бітетіні анық, өйткені, жоғарыда көріп өткеніміздей, әрбір жаңа кәсіп орны (немесе ескі кәсіп орнының кеңеюі) *W* нің тұтынушыларының жаңа тобына шақталған. «Капиталистік қор жыйнау туралы, яғни кеңейтілген мөлшердегі капиталистік ұдайы өндіріс туралы жұртқа тарап жүрген түсінік, — дейді референт қорытындысында, — мәселеге осылайша қарайды да, онан әрі аспайды, қолма-қол өндірушілері бар елдердің, яғни сыртқы рынок, деп аталатындардың қандайына болса да тәуелсіз бола отырып, капиталистік өндірістің теренден дамыйтынын сезбейді».

Айтылып өткендердің бәрінің ішінен тек: капитализмнің жайыла дамуы туралы бұл түсінік және оны бейнелейтін схема, халықшылдардың жұртқа тарап жүрген көзқарасына толық сәйкес екендігіне ғана қол қоюға болады.

Шынында да, жұртқа тарап жүрген көзқарастың сондайлық сорақылылығын, мазмұнсыздығын жоғарыда келтірілген схемадағыдан анығырақ, көрнектірек бейнелеу қыйын.

«Жұртқа тарап жүрген түсінік» біздің капитализмді әрқашан, «халық құрылысынан» қол үзген, одан оқшау тұрған бір нәрсе, дәл схемадағыдай бір нәрсе деп танып келді: капиталистік және халықтық екі «орынның» байланысы неде екені ол схемадан мүлде көрінбейді. *А* дан жіберілген товарлар неліктен *W* ге барып жетеді? *W* дегі өзіндік шаруашылықтың товарлы шаруашылыққа айналуы неден? Жұртқа тарап жүрген көзқарас,

айырбасты белгілібір *шаруашылық системасы* деп танымай, қайдағыбір кездейсоқ нәрсе деп танып, бұл сұрауларға ешуақытта жауап берген емес.

Одан соң, біздің капитализмнің қайдан және қалайша туғанын схема қандай түсіндірмейтін болса, жұртқа тарап жүрген түсінік те дәл сол сыякты ешуақытта *түсіндірген* емес: капиталистерді сол «қолма-қол өндірушілердің» арасынан шықпай, сыртқы бір жақтан келген тәрізді көрсетеді. Сөйтіп, капиталистердің, а, a_1, тағы басқа өндіріс орындары үшін қажет «басы бос жұмысшыларды» қайдан тауып алатындығы түсініксіз болып қалады. Шынында бұл жұмысшылардың нақ сол «қолма-қол өндірушілер» арасынан алынатындығын жұрттың бәрі біледі, бірақ товарлы өндіріс *W* «орнын» қамтый отырып, онда басы бос жұмысшылар контингентін туғызатын схемадан титтей де көрінбейді.

Қыскасы, бұл схема — сол жұртқа тарап жүрген көзқарас сықылды — біздің капиталистік тәртіптердің құбылыстарында мүлде ешнәрсені түсіндірмейді, сондықтан да түкке жарамайды. Схема өзінің жасалғанда көздеген мақсатына—капитализмнің бүкіл елді қамтый отырып, өзіндік шаруашылықтың есебінен қалай дамыйтынын түсіндіру мақсатына, — тіпті де жете алмайды, өйткені референттің өзінің де көріп отырғанындай, «егер қарастырып отырған көзқарастан айнымай берік ұстайтын болсақ, онда өндірістің капиталистік әдісі тіпті де барлық жерде бірдей дамый алмайды деген қорытынды шығару қажет».

Бұдан кейін, автордың: «капитализм шынында (?) өзінің қаз-қаз басып кележатқан кезінде осындай оп-оңай (sic!?*) әдіспен (оп-оңай болатын себебі, бұл арада еңбектің дайын тұрған салалары қамтылады) дамыды; өзіндік шаруашылықтың қалдығы жер жүзінде әлі де бар болып отырғандықтан және халық көбейіп отырғандықтан, ол қазірдің өзінде де (??) осы бағытпен дамыйды» деп, бұл көзқарасқа, там-тұмдап болса да, өзінің де қосылып отырғанына тек таңданғаннан басқа ешнәрсе қалмайды.

Шынында бұл — капитализмнің дамуының «оп-оңай» әдісі емес, бұл — процесті қалай болса солай «түсінудің оп-оңай әдісі», «оп-оңайлығы» сонша, оны мүлде түсін-

---

* Солай? *Ред.*

беушілік деп атау дұрысырақ болады. Россияның неше алуан сарынды халықшылдары бұл шекке дейін осы «оп-оңай» әдістермен күн өткізіп жүр: олар капитализмнің қалайша туғанын және оның қалайша іс істеп отырғанын *түсіндіруді* ешуақытта ойламайды, олар біздің тәртіптердің, капитализмнің, «ауру жерін» «сау жерімен», қолмақол өндірушілермен, «халықпен» салыстырумен ғана қанағаттанады; біріншісі — сол жаққа, екіншісі оң жаққа қойылады да, барлық терең пікірлер: «адам баласының бірлесіп тіршілік етісуіне» не нәрсе «зиянды», не нәрсе «пайдалы» деген сентименталдық сұлу сөздермен аяқталады.

V

Жоғарыда келтіріп өткен схеманы түзету үшін, сөз болып отырған ұғымдардың мазмұнын анықтаудан бастау қажет. Товарлы өндіріс деп: қоғам шаруашылығының — өнімді оқшауланған жеке өндірушілер өндіретін болып ұйымдасуы айтылады; мұндай болып ұйымдасқанда ол өндірушілердің әрқайсысы қандай да болса бір өнім жасап шығаруға маманданады, сөйтіп қоғамның қажетін өтеу үшін өнімді рынокте сату және сатып алу (сондықтан да ол өнім товарға айналады) қажет болады. Капитализм деп: товарлы өндірістің дамуында-ғы — адам еңбегінің өнімдері ғана емес, сонымен қатар адамның жұмыс күші де товарға айналатын саты да айтылады. Сонымен, капитализмнің тарихи дамуында екі кезеңнің маңызы бар: 1) қолма-қол өндірушілердің өзіндік шаруашылығының товарлы шаруашылыққа айналуы және 2) товарлы шаруашылықтың капиталистік шаруашылыққа айналуы. Біріншісінің себебі — еңбек қоғам мүшелеріне бөлінеді — оқшауланған [*NB:* бұл товарлы шаруашылықтың бұлжымайтын шарты] жеке өндірушілер өнеркәсіптің тек бір ғана саласында істейтін болып маманданады. Екіншісінің себебі — жеке өндірушілер рынокке шығарып сататын товарларды әрқайсысы өз алдына, жеке өндіріп, өзара бәсекеге түседі: олардың әрқайсысы қымбат сатып, арзан алуға ұмтылады; мұнан туатын нәтиже — әлді күшейеді, әлсіз төмендейді, азшылық байыйды, көпшілік күйзеледі, сөйтіп дербес өндірушілер жалдама жұмысшыға айналады, толып жатқан

ұсақ өндіріс орындары аз гана ірі өндіріс орындарына айналады. Сонымен схема, капитализмнің дамуындағы осы екі кезеңнің екеуін және бұл дамудың рынок көлеміне, яғни товарға айналатын өнімдердің санына енгізетін өзгерістерін де көрсететін болып жасалуға тиіс.

Төмендегі схема, (келесі бетті қараңыз—*Ред.*), міне осы план бойынша жасалған: капитализмнің дамуындағы *тек* жоғарыда көрсетілген жағдайлардың рынокке ететін ықпалын талдау үшін, бөгде жағдайлардың бәрі абстракцияланған, яғни өзгермейтін ретінде алынған (мысалы, халықтың саны, еңбек өнімділігі, тағы басқа көп жағдайлар).

Енді, 6 өндірушіден құралған қауым шаруашылығының системасындағы бірінен соң бірі болып тұратын өзгерістерді көрсететін осы схеманы тексеріп өтейік. Схемада өзіндік шаруашылықтың капиталистік шаруашылыққа айналу сатыларын көрсететін 6 кезең келтірілген.

1-ші кезең. Өндірушілеріміз 6, олардың әрқайсысы өзінің еңбегін өнеркәсіптің барлық 3 тарауында да (*а* да, *в* де және *с* де) жұмсайды. Алынған өнім (әрбір өндірушінікі — 9: а+в+с=9) өз шаруашылығында өз қажетіне ұсталады. Сондықтан біздің мұнымыз өзіндік шаруашылықтың таза түрі, өнімдер рынокке мүлде түспейді.

2-ші кезең. І-ші өндіруші өзінің еңбек өнімділігін өзгертеді: ол *в* өнеркәсібін тастайды, сөйтіп, бұрын өнеркәсіптің осы тарауына сарф еткен уақытын, енді *с* өнеркәсібіне жұмсайды. Бір өндіруші осылай мамандағандықтан, басқалары *с* өндірісін шағындайды, — өйткені І-ші қожайын өнімді өзінің тұтынатынынан артық өндірген — сөйтіп, І-ші өндірушіге арнап өнім өндіру үшін басқалары *в* өндірісін күшейтеді. Еңбектің осылайша бөлінуі товарлы өндірісті туғызбай қоймайды: І-ші өндіруші 1 *с* ні сатады да, 1 *в* ні сатып алады, басқа өндірушілер 1 *в* ні (5 тің әрқайсысы $^1/_5$ в ден) сатып 1 *с* ні (әрқайсысы $^1/_5$ с ден) сатып алады; рынокке құны 6 дағы өнім түседі. Рыноктің көлемі қоғамдық еңбектің мамандандырылу дәрежесіне дәлме-дәл сәйкес келеді: бір *с* нің (1 с=3) және бір *в* нің (1 в=3) өндірілуі, басқаша айтқанда, бүкіл қоғамдық өндірістің тоғыз бөлегі-

Схемаға түсінік:

I—II . . . — VI—өндірушілер.

а, в, с — өнеркәсіп салалары (мысалы, егіншілік, табушы және ұқсатушы өнеркәсіп).

1. *а=в=с=3.* Өнімдер күнының мөлшері *а=в=с* 3 ке (күнның үш единицасына) тең, мұның 1 единицасы үстеме күнға* жатады.

„Рынок“ графасында сатылатын (және сатып алынатын) *өнімдер* күнының мөлшері, жақшалардың ішінде сатылатын (және сатып алынатын) жұмыс күшінің (=ж. к.) мөлшері көрсетілген.

3. Бір өндірушіден екінші өндірушіге карай баратын стрелкалар 1-ші екіншінің жалдама жұмысшысы екенін көрсетеді.

Жай удайы өндіріс жорамалданған: капиталистер бүкіл үстеме құнды өнім бермейтін етіп тұтынады.

Өндіруші	Өндіріс: Өнеркәсіп салалары а	в	с	Барлығы	Заттай тұтыну
1. I	а	в	с	9	9
II	а	в	с	9	9
III	а	в	с	9	9
IV	а	в	с	9	9
V	а	в	с	9	9
VI	а	в	с	9	9
жыйыны	6а	6в	6с	54	54
3. I	а	—	2с	9	6
II	а	2в	—	9	6
III	а	—	2с	9	6
IV	а	2в	—	9	6
V	а	—	2с	9	6
VI	а	2в	—	9	6
жыйыны	6а	6в	6с	54	36
5. I	2а	—	6с	24	11
II	½а	—	—	1½	1½
III	½а	—	—	1½	1½
IV	2а	6в	—	24	11
V	½а	—	—	1½	1½
VI	½а	—	—	1½	1½
жыйыны	6а	6в	6с	54	28

* Күнның тұрақты капиталды жаңартып толықтырып отыратын бөлімі, өзгермейтін құн болып алынғандықтан, ол есепке алынбаған.

Рынок		Өндіруші-лер	Өндіріс				Заттай түтыну	Рынок	
Сатады	Сатып алады		Өнеркәсіп салалары			Барлығы		Сатады	Сатып алады
			а	в	с				
—	—	I	а	—	2с	9	6	3	3
—	—	II	а	6/5в	4/5с	9	$8^{3}/_{5}$	3/5	3/5
—	—	III	а	6/5в	4/5с	9	$8^{3}/_{5}$	3/5	3/5
—	—	IV	а	6/5в	4/5с	9	$8^{3}/_{5}$	3/5	3/5
—	—	V	а	6/5в	4/5с	9	$8^{3}/_{5}$	3/5	3/5
—	—	VI	а	6/5в	4/5с	9	$8^{3}/_{5}$	3/5	3/5
—	—	*жыйынды*	6а	6в	6с	54	48	6	6
3	3	I	а		6с	21	10	11	3 (+8 ж. к.)
3	3	II	а	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4
3	3	III	а	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4
3	3	IV	а	6в	—	21	10	11	3 (+8 ж. к.)
3	3	V	а	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4
3	3	VI	а	—	—	3	3	(4 ж. к)	4
18	18	*жыйынды*	6а	6в	6с	54	32	22 (+16 ж. к.)	22 (+16 ж.к.)
13	3 (+10 ж. к.)	I	6а	—	—	18	6	12	6 (+6 ж. к.)
(5 ж. к.)	5	II		—	—	—	—	(6 ж. к.)	6
(5 ж. к.)	5	III	—	6в	—	18	6	12	6 (+6 ж. к.)
13	3 (+10 ж. к.)	IV	—	—	—	—	—	(6 ж. к.)	6
(5 ж. к.)	5	V	—	—	6с	18	6	12	6 (+6 ж. к)
(5 ж. к.)	5	VI	—	—	—	—	—	(6 ж. к.)	6
26 (+20 ж. к.)	26 (+20 ж. к.)	*жыйынды*	6а	6в	6с	54	18	36 (+18 ж. к.)	36 (+18 ж. к)

2.

4.

6.

нің бір бөлегі мамандандырылды да [18 с (=а=в)] бүкіл қоғамдық өнімнің $^1/_9$ рынокке түсті.

3-ші кезең. Еңбек бөлінісі, *в* және *с* өнеркәсіп тарауларын толығынан қамтый отырып, ілгерілей береді: үш өндіруші тек *в* өнеркәсібімен ғана, үшеуі тек *с* өнеркәсібімен ғана, шұғылданады. Әрқайсысы 1 с ні (немесе 1 в ні) сатады, яғни күннің 3 единицасын сатады және нақ сондай 3 — 1 *в* ні (немесе 1 с ні) сатып алады. Еңбек бөлісінің бұл күшеюі рыноктің ұлғаюына әкеліп соғады, енді бұл рынокке күннің 18 единицасы түседі. Рыноктің көлемі қоғамдық еңбектің мамандандырылу (= бөліну) дәрежесіне тағы да дәлме-дәл сәйкес келеді: 3 *в* мен 3 *с* нің өндірістері, яғни қоғамдық өндірістің $^1/_3$-і мамандандырылып, рынокке қоғамдық өнімнің $^1/_3$-і түседі.

4-ші кезең енді капиталистік өндірісті бейнелейді: товарлы өндірістің капиталистік өндіріске айналуы схемаға кірген жоқ, сондықтан ол жеке баяндалуға тиіс.

Жоғарыда айтылған кезеңде әрбір өндіруші сол кездің өзінде-ақ товар өндіруші (сөз болып отырған *в* және *с* өнеркәсібі салаларында) болды: әрқайсысы басқа өндірушілерге тәуелді болмай, өз алдына жеке өндірді, рынокке сату үшін өндірді. Рыноктің көлемі, әрине, олардың біреуіне де мәлім емес еді. Өз алдына оқшауланып, жалпы рынок үшін жұмыс істейтін өндірушілердің бұл қарым-қатнасы бәсеке деп аталады. Өндіру мен тұтынудың арасындағы (ұсыныс пен тілектің арасындағы) теңбе-тендікке, бұл жағдайларда, бірсыпыра ауытқулар арқылы қол жететіндігі өзінен өзі түсінікті. Ептірек, тәуекелшіл, күшті өндіруші осы ауытқудың арқасында бұрынғысынан да күшейеді, — ал, нашар және епсіз өндірушілерді олар жаншып тастайды. Азғана адамдар байыйды, қалың бұқара жоқшылыққа ұшырайды — бәсеке заңының сөзсіз болатын нәтижесі міне осындай. Істің ақыры мынадай болып тынады: бүлінген өндірушілер шаруашылықтағы тәуелсіздігінен айрылады, сөйтіп, өзінің бақытты күндесінің кеңейтілген кәсіп орнына жалдама жұмысшы болып кіреді. Схемада нақ осы жағдай көрсетілген. Бұрын 6 өндірушінің бәріне бөлінген *в* және *с* өнеркәсіп тараулары енді 2 өндірушінің (I-ші мен IV-шінің) қолына жыйналды. Қалған өндірушілер оларға жал-

данып жұмыс істейді, енді өз еңбегінің өнімін түгел алмайды, үстеме құн бұларға тимейді, оны қожайын иемденеді [үстеме құнның, жорамал бойынша, өнімнің $^1/_3$ не тең екенін, сөйтіп 2 *в* (=6) өндіруші қожайыннан $^2/_3$, яғни 4 алатынын еске салып өтем]. Мұның нәтижесінде еңбек бөлінісі күшейгенін және рыноктің де ұлғайғанын көріп отырмыз; оған енді «бұқараның» «кедейленгендігіне» қарамастан, 22 түседі; ал «бұқараның» «кедейленуінің» себебі: жалдама жұмысшы (шінара) болып кеткен өндірушілер енді бүкіл өнімді 9дан емес, тек 7ден ғана алады — дербес шаруашылықтан (егіншіліктен — өнеркәсіп *а*) 3 және жалдама еңбектен (*2 в* немесе *2 с* өндірісінен) 4 алады. Дербес қожайындығынан гөрі енді жалдама жұмысшылығы басым болып отырған бұл өндірушілер өз еңбегінің қандай өнімін болса да рынокке алып шығу мүмкіншілігінен айрылған, өйткені өздерінің күйзелуі себепті олар, өнім жасап шығаруға қажетті өндіріс құрал-жабдықтарынан жұрдай болған. Оларға «табыс табуға», яғни өзінің жұмыс күшін рынокке салуға, сөйтіп, осы жаңа товардан алған ақшаға өзіне керекті өнімдер сатып алуға тура келді.

II және III, V және VI өндірушілердің әркайсысы құнның 4 единицасына барабар жұмыс күшін сатып, сол сомаға тұтыну заттарын сатып алатындығы схемадан көрініп тұр. Ал, I-ші және IV-ші өндірушілерді — капиталистерді — алатын болсақ, олардың әркайсысы 21лік өнім өндіреді; ол мұның 10ын [3(=а) + 3(=с немесе в) + 4ін (*2 с* немесе 2 *в* ден түсетін үстеме құнды)] өзі тұтынады да, 11ін сатады; ал, товарды ол 3 (*с* немесе *в*) ∓ 8ге (жұмыс күші) сатып алады.

Бұл жерде мынаны ескертіп өту қажет: қоғамдық еңбектің мамандандырылу дәрежесі мен (5 *в* және 5 *с* өндірісі мамандандырылды, яғни суммасы 30 болып мамандандырылды) рыноктің көлемі (22) әбден сәйкес болып шықпайды, — бірақ схеманың бұл жөндегі дұрыс болмауына жай ұдайы өндірісті* алғандық, басқаша айтқанда, қордың жоқтығы себеп болып отыр, сондықтан да,

---

* Мұның 5-ші және 6-шы кезеңдерге бірдей қатысы бар.

жұмысшылардан тартып алынатын (капиталистердің әрқайсысы 4тен) үстеме күнның бәрі *заттай* түтынылатын болып шығып отыр. Капиталистік қоғамда қордың болмауы мүмкін емес болғандықтан, төменде тиісті түзетулер енгізіледі.

5-ші кезең. Товар өндірушілердің ыдырауы егіншілік өнеркәсібіне де (*а* ға да) тарады: жалдама жұмысшылар көбінесе, өз шаруашылықтарын бұдан былайғы жерде жүргізе алмады, бөтеннің өнеркәсіп орнында жұмыс істеп, күйзеле берді: оларда егіншілік шаруашылықтың бұрынғы санының $^1/_2$ мөлшеріндей (бұл, біздің жорамалымызша семьяның мұқтажын өтеуге дәл жетерліктей ғана еді), түкке тұрғысыз қалдығы ғана қалды, дәл, сол сияқты біздің «егінші» шаруашылығымыздың орасан көпшілігінің қазіргі егісі дербес егін шаруашылығының түкке тұрғысыз тамтығы ғана болып отыр. Нақ осы сықылды, *а* өнеркәсібі де азғана ірі өнеркәсіп орындарына жыйналып шоғырлана бастады. Жалдама жұмысшылардың енді өз астығымен күн көруіне шамасы келмейтін болғандықтан, жұмысшылардың дербес егін шаруашылығымен төмендеген жалақы жоғарылайды, жұмысшыға астық сатып алуға (бұрын өзі қожайын болып тұрған кезінде түтынғанынан кем мөлшерде болса да) ақша қаражатын береді: жұмысшының өзі енді $1^1/_2$ ($=^1/_2$ а) өндіреді де 1ді қосымша сатып алады, бұрынғы 3 ($=$а) орнына небәрі $2^1/_2$ алады. Өздерінің өнеркәсіп орындарына кеңейтілген егіншілік шаруашылығын қосып алған қожайын капиталистер енді $2\,a$ дан ($=6$) өндіреді, олардың ішінен 2еуі жалақы ретінде жұмысшыларға өтеді, ал, 1 ($=^1/_3$ а) — үстеме күн — оларға қалады. Капитализмнің осы схемамен суреттелгендей дамуымен қатар «халық» «кедейленеді» (жұмысшылар 4-ші кезеңдегідей 7ден емес, енді небәрі $6^1/_2$нан ғана тұтынатын болады), рынок ұлғая береді, бұл рынокке енді 26 келіп түсетін болады. Өндірушілер көпшілігінің «егін шаруашылығының нашарлауы» егін шаруашылығы өнімдерінің рыногін кішірейткен жоқ, қайта ұлғайтты.

6-шы кезең. Кәсіптің мамандануының аяқталуы, яғни қоғамдық еңбек бөлінісінің аяқталуы. Өнеркәсіптің барлық тараулары бөлініп шығып, жеке өндірушілердің ма-

мандығына айналды. Жалдама жұмысшылар дербес шаруашылығынан мүлде айрылып, енді жалдама еңбекпен ғана күн елтеді. Нәтиже тағы сол: капитализмнің дамуы [әркімнің өзіне арналған дербес шаруашылық біржола ығыстырылып шығарылды], «бұқараның кедейленуі» [жалақы өсе тұрса да, жұмысшылардың тұтынуы $6^1/_2$нан 6ға шейін төмендеді: олар 9дан (3а, 3в, 3с) өндіріп, қожайынына үстеме күн ретінде $^1/_3$ ін береді] және рыноктің өсе беруі, енді рынокке қоғамдық өнімнің $^2/_3$сі келіп түседі (36).

VI

Енді, келтірілген схемадан туатын қорытындыларды шығарайық.

Бірінші қорытынды мынау: «рынок» ұғымы, Маркс айтқандай, «товарлы [ал солай болса, — өзімізден қосып айтайық, — капиталистік те] өндірістің қандайының болса да жалпы негізі» болып табылатын қоғамдық еңбек бөлінісі ұғымынан тіпті айырғысыз. Қоғамдық еңбек бөлінісі мен товарлы өндіріс қай жерде, қандай болса, «рынок» те сол жерде, соған қарай пайда болады. Рыноктің көлемі қоғамдық еңбектің мамандану дәрежесімен тығыз байланысты.

«Товар, тек ақша ретінде ғана жалпыға бірдей, жұрт танығаң эквиваленттік форма болады, ал, ақша басқа кісінің қалтасында. Ақшаны одан шығарып алу үшін, товар, ең алдымен, ақша иесі үшін тұтыну құны болуға тиіс, ал, солай болған соң, осы товарды өндіру үшін сарф етілген еңбек қоғамдық-пайдалы формада жұмсалуға тиіс, басқа сөзбен айтқанда, *қоғамдық еңбек бөлінісінің мүшесі болуға тиіс*. Бірақ, еңбек бөлінісі табиғи өсіп-өнген өндірістік организм болып табылады, бұл организмнің арқауы товар өндірушілердің көзінен таса жерде жасалды және қазір де жасалып келеді. Товар жаңадан туған қажетті қанағаттандыруға немесе өзінің келіп шығуымен бірінші рет жаңа қажет туғызуға арналған еңбектің жаңа түрінің өнімі болуы да мүмкін. *Еңбек процесіндегі қандай да болса бір айрықша қыймыл,—кеше ғана, баяғы сол бір товар өндірушінің көп функцияларының*

бірі болып келген қыймыл,—бүгін осы процестен айрылып кетіп, өз алдына дербес қыймыл болуы мүмкін, сондықтан міне нақ осының салдарынан, өз өнімінің бір бөлегін дербес товар есебінде базарға жіберуі мүмкін» («Das Kapital», I Bd., S. 85*. Курсив менікі).

Сонымен, капиталистік қоғам өмір сүріп тұрған кезде рыноктің даму шегін қоғамдық еңбектің мамандануының шегі белгілейді. Ал, өзінің мәні жөнінен бұл мамандануын, нақ техниканың дамуы сықылды, ұшы-қыйыры жоқ. Мысалы, бүкіл өнімнің қандай болса да бір бөлшегін жасап шығаруға арналған адам еңбегінің өнімділігі артуы үшін, осы бөлшекті жасау өндірісінің мамандырылуы қажет, көп өндірілетін өніммен істес болатын, сондықтан машинаның, тағы сол сияқтылардың колданылуын керек қылатын (және туғызатын) ерекше өндіріс болуы қажет. Бұл бір жағы. Ал, екінші жағынан, капиталистік қоғамдағы техниканың прогресі еңбекті қоғамдастыруда, ал, бұл қоғамдастыру өндіру процесінің түрлі функцияларын мамандандыруды, оларды, осы өндірумен шұғылданған әрбір кәсіп орнында сирек кездесетін, бытыраңқы, дербес қайталап отыратын функциялардан қоғамдастырылған, бір жаңа кәсіп орнына жыйнақталған және бүкіл қоғамның қажетін өтеуге шақталған функцияларға айналдыруды қажетті түрде талап етеді. Мысал келтірейін.

«Соңғы кездерде Солтүстік Америка Штаттарындағы ағаш өндейтін заводтар барған сайын маманданып барады, «мысалы, тек қана балтаның сабын немесе сыпырғыштың сабын, немесе ұзартылмалы столдар жасап шығаратын заводтар шығып келеді... Машина қолдану ісі тоқтаусыз ілгерілеп келеді, өндірудің белгілібір жағын жеңілдетін және арзандататын жаңа машиналар үнемі ойлап шығарылуда... Өндірістің әрбір тарауы, мысалы, мебель өндірісінің әрбір тарауы мамандық іске айналды, бұған айрықша машиналар, айрықша жұмысшылар керек болып отыр... Экипаж жасап шығару ісінде дөңгелектің шеңбері бөлек заводтарда (Миссури, Аркансас, Тенесси сықылды) жасалады, дөңгелектің шабақтары Индиан және Огайо заводтарында жасалады, күп-

* — «Капитал», I т., 85 б.12 *Ред.*

шектері де Кентукки мен Иллинойс сықылды арнаулы заводтарда жасалады. Осы бөлшектердің бәрін, тұтас дөңгелек жасап шығаруға маманданған айрықша заводтар сатып алады. Сонымен, ондаған заводтар бір түрлі арзан экипаж жасап шығару ісіне қатысады». (Тверской мырза: «Американдағы он жыл». «Европа Вестнигі» 1893, 1—Ник. —оннан[13] цитатқа алып отырмын, 91 бет, 1-ескерту).

Капиталистік қоғамда қоғамдық еңбектің мамандануынан рыноктің өсуі, өзіндік өндірушілердің бәрі товар өндірушіге айналысымен-ақ бітуге тиісті-мыс, дейтін пікірдің қаншама теріс екендігі осыдан көрінеді. Орыстың экипаж өндірісі алдақашан-ақ товарлы өндіріске айналған, бірақ, дөңгелектің шеңбері сыяқты болмашы бөлшектер экипаж жасайтын (немесе дөңгелек жасайтын) әрбір өндірісте әлі де болса бөлек жасалып келеді; техника нашар, өндіріс толып жатқан өндірушілердің арасына бөлшектеніп, бытырап жүр. Техника прогресі өндірістің түрлі бөлімдерін мамандандыруға, оларды қоғамдастыруға, ал солай болса, рынокті ұлғайтуға тиіс.

Бұл жерде ескертіп өту керек болады. Жоғарыда баяндалып өткендер, капиталистік ұлт сыртқы рыноктерсіз өмір сүріп тұра алмайды, дейтін ережені титтей де теріске шығармайды. Капиталистік өндіріс тұсында өндіру мен тұтыну бірсыпыра ауытқулармен ғана теңеледі; өндіріс неғұрлым ірі, оны керек қылатын тұтынушылар неғұрлым көп болса, бұл ауытқулар соғұрлым күштірек болады. Сондықтан, буржуазиялық өндіріс өзінің даму дәрежесінің жоғарғы сатысына жеткен кезде, оның ұлттық мемлекет шеңберінде тоқтап қалуына енді мүмкіндік болмайтыны: бәсеке капиталистерге өндірісті барған сайын ұлғайтты-ра беретіні және өнімдерді көп өткізу үшін сыртқы рынок іздеттіретіні түсінікті нәрсе. Дағдарыстардың күн заңын онша бұзбайтындығы сықылды, капиталистік ұлт үшін сыртқы рыноктердің қажеттігі де: рынок — товарлы шаруашылық тұсындағы қоғамдық еңбек бөлісінің жай бейнесі, ал солай болған соң, рынок те еңбек бөлінісі сықылды шексіз өсе алады деген заңды онша бұза қоймайтыны анық. Рынок туралы уайымдау орыс әдебиетінде тек, біздің капиталистік өндіріс өзінің белгілі тарауларында (мысалы, мақта кездеме өнеркәсібі) толық дамып, ішкі рыноктің бәрін дерлік қамтып, саны аз, орасан

ірі кәсіп орындары болып құрылған кезде ғана көріне бастады. Рынок туралы пікірлер мен «мәселелердің» материалдық негізі — нақ біздің капиталистік ірі өнеркәсібіміздің мүддесі екендігіне мына факт айқын дәлел: біздің майдагерлік өнеркәсібіміз бағалы затты бір миллиард сомнан аса, артық өндіріп, сол кедейленген «халық» үшін қызмет етіп отырса да, «рыноктердің» жойылуы салдарынан біздің сол ұсақ қол өнеркәсібіміздің мерт болуы туралы біздің әдебиетімізде әлі күнге шейін ешкім сәуегейлік еткен жоқ. Рыноктің жеткіліксіздігінен біздің өнеркәсіптің апатқа ұшырауы туралы байбалам салу — біздің капиталистердің сыры мәлім әдіс-айласынан басқа ешнәрсе емес; олар осындай әдіспен саясатқа қысым жасайды, өз қалтасының мүдделерін «елдің» мүдделерімен бір (өзінің «әлсіздігін» ішінен мойындап) деп санайды, ондай «мемлекеттік» мүдделерді қорғап қалу үшін үкметті отаршылдық жаулап алу саясатын жүргізуге айдап салатын, тіпті соғысқа қатнастыратын да болып шығады. Рынок туралы байбаламды — әбден нығайған және тіпті дандайсып та үлгірген буржуазияның бұл өтірік жылауын — біздің капитализмнің «әлсіздігінің» дәлелі деп тану үшін нақ сол халықшылдар утопизмі мен халықшылдар аңқаулығының түпсіз терең тұңғыйығына түсу керек!

Екінші қорытынды мынау: «халық бұқарасының кедейленуі» (халықшылдардың рынок жөніндегі пікірлерінің жармасып қалмайтын бұл мүшелі сөзі) капитализмнің дамуына кедергі жасамайтыны былай тұрсын, қайта соның дамығанын көрсетеді, капитализмнің бір шарты болып табылады және оны күшейтеді. Капитализм үшін «басы бос жұмысшы» керек, ал кедейлене берудің мәнісі — ұсақ өндірушілер жалдама жұмысшыға айналады. Бұқараның осы кедейленуімен қатар саны аз қанаушылар байый береді, ұсақ өндіріс орындарының күйзелуімен және бүлінуімен қатар неғұрлым ірі өндіріс орындары күшейіп дамый береді; бұл процестің екеуі де рыноктің ұлғаюына жәрдемдеседі: бұрын өз шаруашылығымен күн көріп келген, қазір «кедейленген» шаруа енді «табыспен», яғни өзінің жұмыс күшін сатумен күн көреді; оған енді өзіне тұтынуға қажетті заттарды (саны аз, сапасы нашар болса да) сатып алуға тура келеді; екінші жағынан, осы шаруаның қолынан шығып кеткен өндіріс құрал-жабдықтары азшылық-

тың қолына жыйналады, *капиталға* айналады, ал өндірілген өнімдер енді рынокке түседі. Реформадан кейінгі заманда біздің шаруалардың жаппай экспроприациялануымен қатар елдің жалпы өнімінің* азаймай, қайта көбеюінің және ішкі рыноктің ұлғаюының себебі тек осы ғана: ірі фабрикалар мен заводтардың өндірісінің орасан артқандығы, майдагерлік кәсіптің недәуір кең тарағандығы — мұның екеуі де, көбінесе, ішкі рынок үшін жұмыс істейді — сонымен бірге, ішкі рыноктерде сатылатын астықтың көбейгені де (ел ішіндегі астық саудасының дамуы) жұртқа мәлім факт.

Үшінші қорытынды — өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің маңызы туралы қорытынды — схемаға түзетулер енгізуді керек қылады. Жоғарыда ескертіп өттік: бұл схема капитализм дамуының бүкіл процесін көрсетуді емес, тек өзіндік шаруашылықтың орнын товарлы шаруашылық және оның орнын капиталистік шаруашылық басуының рынокке қандай әсер ететіндігін ғана көрсетуді көздейді. Сондықтан да схемада қор жыйнау абстрактыланған болатын. Ал, шындығында капиталистік қоғам қор жыйнамайынша өмір сүре алмайды, өйткені бәсеке әрбір капита-

* Бұл таласты болса, тек егіншілік кәсібі жөнінде ғана таласты болып көрінер. Мысалы, Н.—он мырза: «Астық өндірісі мүлде тоқырап қалып отыр» дейді. Ол бұл қорытындыны 8 жылдың ішіндегі (1871—1878 жылдардағы) мәліметтерге ғана сүйеніп жасайды. Анағұрлым ұзағырақ дәуірдегі мәліметтерді қарап өтейік: 8 жылдық, әрине тым аздық қылады. 60-жылдардағы [«Соғыс санағының жыйнағы» 1871], 70-жылдардағы [Н.—онның мәліметтері], 80-жылдардағы [«Россия туралы мәліметтер жыйнағы», 1890] мәліметтерді салыстырып өтейік. Бұл Европалық Россияның 50 губерниясы жөніндегі мәліметтер, ол астықтың бәрін қамтыйды, соның ішінде картофта бар.

Жылдық орташа есеппен / жылдар	Егілгені	Жыйналғаны	Өнімі неше есе	Халық (мың есебімен)
	мың четверть есебімен	(тұқымды шығарып тастағанда)		
1864—1866 жылдары (3)	71 696 100	151 840 100	3,12	61 421 100 (1867 ж.)
1871—1878 жылдары (8)	71 378 99,5	195 024 128,4	3,73	76 594 124,7 (1876 ж.)
1883—1887 жылдары (5)	80 293 111,9	254 914 167,8	4,17	85 395 139,0 (1886 ж.)

листі өндірісін ұлғайтуға ұмтылдырады, ұлғайтпаса бүлі-ну хаупін тұғызады. Өндірістің ондай ұлғайтылуы схема-да да көрсетілді: I-ші өндіруші, мысалы, 3-ші кезең мен 4-ші кезеңнің арасындағы уақыттың ішінде өзінің *с* өнді-рісін үш есе: 2 *с* ден 6 *с* ға дейін ұлғайтқан; ол бұрын өндіріс орнында жұмысты жалғыз істеуші еді, енді екі жалдама жұмысшымен істейді. Өндірістің бұлай ұлғай-ғанда қорсыз ұлғаймағаны айқын: бірнеше адамға шақ-тап өз алдына бөлек мастерской салу керек болды, көп етіп өндіріс құралдарын сатып алу керек болды, көп шикі заттар, тағы басқа көп нәрселер сатып алу керек болды. Өзінің *в* өндірісін ұлғайтқан IV-ші өндірушіге де осыны қолдануға болады. Жеке өндіріс орындарының мұндай ұлғаюы, өндірістің іріленуі капиталистер үшін ке-ректі өндіріс құрал-жабдықтары: машина, темір, көмір, тағы сондайлар өндірісін туғызуға (немесе күшейтуге — бәрібір) тиіс болды. Өндірістің іріленуі еңбек өнімділігін арттырды, қол еңбегі орнына машиналы еңбек орнатты және жұмысшылардың бірсыпырасын жұмыстан шығарып тастады. Екінші жағынан, капиталистер тұракты капитал-ға айналдыратын осы машиналарды және басқа да өнді-ріс құрал-жабдықтарын жасап шығару өндірісі де дамы-ды; бұл капитал енді өзгермелі капиталға қарағанда те-зірек өсе бастады. Мысалы, 4-ші кезең мен 6-ші кезеңді салыстырып қараса, онда өндіріс құралдары өндірісі $1^1/_2$ есе ұлғаяр еді (өйткені, 1-ші ретте — тұракты капиталды көбейтуді керек қылатын капиталистік кәсіп орны 2, ал соңғысында 3): бұл ұлғаюды тұтыну заттарын өндірудің өсуімен салыстыра келіп, біз өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің жоғарыда айтылғандай, тезірек өскендігін кө-рер едік.

Өндіріс құрал-жабдықтарының өте тез өсуі туралы осы заңның бүкіл мәні мен маңызы мынада ғана: қол еңбегі орнына машиналы еңбек орнату, — тегі техниканың ма-шиналы индустрия тұсындағы жалпы прогресі, — «өндіріс құрал-жабдықтары үшін өндіріс құрал-жабдықтарының» нағыз өзі болып табылатын көмір мен темір шығару өнді-рісінің күшті дамуын керек қылады. Референт бұл заңның мәніне түсінбегені және процесті бейнелейтін схеманың тасасындағы процестің шын мазмұнын көрмегені онын мына сөзінен айқын көрініп тұр: «Көлденең кісінің көзіне

өндіріс құрал-жабдықтары үшін өндіріс құрал-жабдықтарын бұлай өндіру мүлде қыйсынсыз сықылды болып көрінеді, бірақ Плюшкиннің ақша үшін ақша жыйнауы да, [sic!] сондай (?!!) мүлде қыйсынсыз процесс еді ғой. Не істеп жатқанын бұл екеуінің ешқайсысы да білмейді». Халықшылдар нақ осыны — олардың айтуынша, халықты күйзелтетін, бірақ өндірісті жоғары сатыға жеткізе ұйымдастырмайтын орыс капитализмінің нақ осы қыйсынсыздығын дәлелдемек болып зорланады. Бұл, әрине, ертегі. Қол еңбегі орнына машиналы еңбек қолданылуында ешқандай «қыйсынсыздық» жоқ: қайта, адам баласы техникасының бүкіл прогрестік жұмысы нақ осында. Техника неғұрлым өрлей дамыған сайын, адамның қол еңбегінің орнына барған сайын күрделі машиналар қолданылып, қол еңбегі ығыстырылып шығарыла береді: елдің жалпы өндірісінде машиналар және оларды жасап шығаруға қажетті заттар барған сайын көп орын ала береді *.

Бұл үш қорытындыны енді екі ескертумен толықтыру қажет.

Біріншіден, бұл айтылғандар, «өндірістің капиталистік әдісіндегі қайшылықтарды» титтей де теріске шығармайды, ол қайшылық туралы Маркс былай дейді: «Жұмысшылар товар сатып алушы ретінде рынок үшін маңызды. Бірақ, капиталистік қоғамның, оларға, өз товарын — жұмыс күшін — сатушылар ретінде, ақыны тежеп, ең аз мөлшерде төлейтін тенденциясы бар» («Kapital», Bd. II, S. 303, № 32**). Капиталистік қоғамда, қоғамдық өндірістің тұтыну заттарын өндіретін бөлімінің де ұлғаймай тұра алмайтындығы жоғарыда айтылып өтті. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің дамуы көрсетіліп өткен

---

* Сондықтан, капитализмнің дамуын жайыла және тереңдей даму, деп бөлудің дұрыс емес екендігі түсінікті нәрсе: бәрі бірдей еңбек бөлінісі есебінен дамыйды; бұл моменттердің арасында «мәнді» айырма жоқ. Олардың арасындағы шын айырма техника прогресінің түрлі сатыларында. Капиталистік техниканың дамуының төменгі сатылары — жай кооперация мен мануфактура — өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді әлі білмейді: ол тек жоғарғы сатының — машиналы ірі индустрияның — тұсында ғана туып, өте күшті дамыйды.

** — «Капитал», II том, 303 б., ескерт. 32[14]. *Ред.*

қайшылықты жоймайды, тек кейін шегіндіріп қана қояды. Бұл қайшылық өндірістің капиталистік әдісінің өзін жойғанда ғана жойылуы мүмкін. Бірақ Россияда капитализмнің әбден дамуына бұл қайшылық кедергі жасайды, деп білудің (халықшылдар осылай деп көрсетуді тәуір көреді) — тіпті-ақ қыйсынсыздығы өзінен өзі түсінікті; айтқандайын, бұл схемамен-ақ жеткілікті түсіндірілді.

Екіншіден, капитализм мен «рыноктің» өсуі арасындағы арасалмағын тексергенде, капитализмнің дамуы бүкіл халық пен жұмысшы пролетариаттың тұтыну дәрежесін арттырмай қоймайды дейтін күдіксіз ақыйқатты естен шығару мүмкін емес. Тұтыну дәрежесі артқанда, өнімдердің айырбасталуының жиіленуі арқылы артады, өйткені бұл жиі айырбас қала мен деревнялардың, түрлі географиялық орындардың, тағы сондайлардың халықтарын бір-бірімен өте жиі аралас-құралас етіп тұрады. Жұмысшы пролетариаттың санасын, адамдық хасиетті сезімін арттыратын және капиталистік тәртіптердің жыртқыштық тенденциясына қарсы ойдағыдай күресуіне мүмкіншілік беретін оның топтасқандығы мен тығыз тұруы да осыған әкеліп соғады. Тұтыну қажетінің артуы туралы бұл заң Европа тарихында мейлінше толық көрінді — мысалы, Францияның XVIII ғасырдың аяқ шеніндегі пролетарийі мен XIX ғасырдың аяқ шеніндегі пролетарийін немесе Англияның 1840 жылдардағы * жұмысшысы мен қазіргі жұмысшысын салыстырып қарау керек. Бұл заң өзінің әсерін Россияда да білдіріп отыр: реформадан бергі заманда товар шаруашылығы мен капитализмнің тез дамуы «шаруалардың» да тұтыну қажеті дәрежесін арттырды: шаруалар «тазарақ» (киім, тұрғын үй, тағы сол сықылдылар жөнінде) тұра бастады. Сөзсіз прогрестік осы құбылыс, басқа ешнәрсенің де емес, нақ орыс капитализмінің арқасында болып отыр деп білу тиіс екенін мынадай жұртқа мәлім фактымен-ақ дәлелдеуге болады: өнеркәсібі бар жерлердің шаруалары, капитализм шарпуы

---

* Салыст. *Fr. Engels* (Фр. Энгельс. *Ред.*) «Англиядағы жұмысшы табының 1884 ж. халі». Бұл — нағыз жаннан түңілерлік, адамбаккысыз қайыршылық (сөздің сөзбе-сөз мәнісінде) және адамдық баға жөніндегі сезімнің әбден құлдырағандық күйі.

мүлде дерлік тимеген, тек егіншілік кәсібімен ғана айналысатын шаруаларға қарағанда, әлдеқайда «таза» тұрады (біздің майдагерлік кәсіп орындарын және жалпы шаруа шаруашылығын зерттеген зерттеушілердің бәрі осы фактыны көрсетеді). Әрине, бұл құбылыс «мәдениеттің» таза сыртқы жағын, көзге түсер жағын алуда бәрінен бұрын және бәрінен оңай сезіледі, бірақ тек В. В. мырза сықылды нағыз барып тұрған реакционерлер ғана бұл құбылыста «құлдыраудан» басқа ешнәрсе жоқ деп саруайымға салынады.

VII

«Рынок туралы мәселенің мәні шынында неде екенін түсіну үшін, бәрінен де, *1-ші* схемамен (*А* орындағы капиталистер мен *W* орындағы қолма-қол өндірушілердің арасындағы айырбас туралы) және *2-ші* схемамен (6 өндірушінің өзіндік шаруашылығының капиталистік шаруашылыққа айналуы туралы) көрсетілген процесс жөніндегі халықшылдық ұғым мен марксистік ұғымды салыстырып өткен жақсы.

1-ші схеманы алайық — онан біз ешнәрсе түсіне алмаймыз. Капитализмнің дамыйтыны неліктен? ол қайдан шығады? Капитализмді қайдағы бір «кездейсоқ» нәрсе етіп көрсетеді, оның туу себебі — біресе, *«біз* теріс жолмен жүрдік», содан болды дейді..., біресе, әкімдер оны «қолдан орнатты», деп көрсетеді. «Көпшіліктің кедейленетіні» неліктен? схема бұл сұрауға да жауап бермейді, ал халықшылдар жауаптың орнына,« ғасырлар бойы хасиеттелген құрылыс» туралы, төте жолдан тайғандық туралы сентименталдық фразалармен, тағы сол сықылды түкке тұрмайтын бірдемелермен шығарып салады: мұндайларға атышулы «социологиядағы субъективтік метод» сондай тапқыр.

Капитализмді түсіндіре білмеу, шындықты зерттеп ашудан гөрі утопияларды артық көру капитализмнің күші мен маңызын жоққа шығарушылыққа әкеліп соғады. Бұл — тіршілік үшін ешқайдан күш ала алмайтын дәл бір үмітсіз ауру сияқты. Егер біз, капитализм «өндіріс құрал-жабдықтары үшін өндіріс құрал-жабдықтарын» өндірудің есебінен дамый алады десек, онда бұл аурудың халін бол-

машы, сезілер-сезілмес қана жақсартамыз. Бұл үшін капитализм техникасының дамуы * керек қой, ал нақ осы дамудың жоқ екенін «көріп отырмыз біз». Бұл үшін капитализм бүкіл елді қамтуы керек, ал біз, «капитализм барлық жерде қалай да бірдей дамып жете алмайтынын» көріп отырмыз.

Ал, егер біз 2-ші схеманы алсақ, онда капитализмнің дамуы да, халықтың кедейленуі де бізге кездейсоқ нәрсе болып көрінбейді. Бұл қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген товарлы шаруашылықтың өсуінде бірге жүреді Рынок туралы мәселе мүлде шығарылып тасталады, себебі рынок — осы еңбек бөлінісі мен товарлы өндірістің бейнесінен басқа ешнәрсе емес. Капитализмнің дамуы енді тек мүмкін ғана емес [референт мықтағанда ** осыны дәлелдей алар еді], қажет те болып табылады, өйткені, қоғамдық шаруашылық еңбек бөлінісіне және өнімнің товарлық түріне негізделгеннен кейін техника прогресі капитализмді күшейтпей, терендетпей тұра алмайды.

Енді, неліктен екінші көзқарасты қабыл алу керек? оның дұрыстығына не дәлел? деген сұрау туады.

Оның дұрыстығына орыс елінің қазіргі экономикалық өмірінің фактылары дәлел.

2-ші схеманың ең салмақты жері — товарлы шаруашылықтың капиталистік шаруашылыққа көшуі, товар өндірушілердің капиталистер және пролетариат болып жіктелуі. Егер біз Россияның қазіргі заманғы қоғамдық шаруашылығындағы құбылыстарға көз жіберсек, онда нақ осы ұсақ өндірушілеріміздің *жіктелуінің* басты орын алып отырғанын көреміз. Егінші шаруаларды алсақ та, онда бір жағынан, толып жатқан шаруалар жерін тастап, шаруашылық жөніндегі дербестігінен айрылып, пролетарийге айналып жатқанын, екінші жағынан, шаруалар жер айдауды үнемі көбейтіп, жақсартылған егіс егуге көшіп жатқанын көреміз. Бір жағынан, шаруалар егіншілік құрал-саймандарынан (жанды және жансыз саймандарынан) айрылады, екінші жағынан, шаруалар жақсартыл-

---

* Басқаша айтқанда, ұсақ өнеркәсіп единицаларының орнын ірі өнеркәсіп единицаларының басуы, қол еңбегін машиналы еңбек ығыстырып шығаруы.

** Басқаша айтқанда, егер ол өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің маңызын дұрыс бағалап, шын түсінген болса.

ған құрал-саймандық болады, машина, тағы сол сықылдыларды ала бастайды [салыст. *В. В.* «Шаруа шаруашылығындағы прогрестік ағым»]. Бір жағынан, шаруалар жерін тастайды, үлесті жерлерін сатады, оларды арендаға береді, екінші жағынан, шаруалар үлесті жерлерді арендаға алады және жеке адамның иелігіндегі жерлерді қомағайланып сатып алады. Мұның бәрі — жалпыға белгілі, алдақашан анықталған фактылар*; бұлардың жалғыз ғана *түсінігі* біздің «қауымдық» шаруаларымызды да буржуазия мен пролетариатқа бөліп жіктеп отырған товарлы шаруашылықтың заңдарында. Майдагерлікті алсақ, онда реформадан бергі заманда жаңа кәсіп орындарының туып, ескі кәсіп орындарының тез дамығаны былай тұрсын (бұл құбылыс — жаңа көрсетіліп өткен егінші шаруалардың жіктелуінің нәтижесі, өрістеп келе жатқан қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесі**), мұның үстіне ұсақ қолөнершілердің көпшілігі барған сайын кедейлене бергенін, жоқшылыққа ұшырай бергенін және шаруашылық жөніндегі дербестігінен айрыла бергенін көреміз, сонымен қатар, сан жағынан болмашы азшылық осы көпшіліктің есебінен байый бергенін, орасан көп капитал жыйнағанын, өткізу ісін өз қолдарына алып, алыпсатарға айналғанын, ақыр-аяғында, біздің майдагерлік кәсіптеріміздің орасан көпшілігінде *ірі өндірістің үйде істейтін* нағыз капиталистік *системасын* ұйымдастырғанын көреміз.

Біздің ұсақ өндірушілеріміздің арасында біріне-бірі қарама-қарсы осы екі ағымның барлығы, капитализм және бұқараның кедейленуі бірін-бірі жоймайтындығы былай тұрсын, қайта өзара шарттас, бірінің болуына бірі себепші екенін айқын көрсетеді, — және, сонымен қатар капитализм қазіргі уақыттың өзінде-ақ Россияның шаруашылық тұрмысының негізгі сыйпаты екендігін де толық дәлелдейді.

Міне сондықтан, «рыноктер туралы мәселенің» шешуі нақ осы шаруалардың жіктелу фактысында болып отыр десек, мұнымыз оғаш болып шықпайды. Атышулы «рынок

---

* Шаруалардың өзі бұл процесті «шаруаны жою» деп атап, өте дәл айтты. [«Нижегородск губерниясының 1892 жылғы ауылшаруашылық обзорын» қараңыз. Н.—Н., 1893. III кітап, 186—187 беттер.]

** Бұл құбылысты менсінбеу—Ник.—он мырзаның теория жөніндегі ірі хателерінің бірі.

туралы мәселенің» (жұртқа тараған) қойылысының өзінде талай қыйсынсыздықтар бар екенін де айтпай кетуге болмайды. Дағдылы тұжырым (§ 1 қараңыз) мынадай жорамалдарға: — қоғамның шаруашылық тәртібі кез келген бір топ адамның, — «интеллигенцияның» немесе «үкметтің» еркімен жасалады немесе құрыйды (өйткені, олай болмаған күнде: капитализм дамый «ала ма»? Россия капитализмге соға өтуге тиіс пе?, қауымды сақтау «қажет пе»?, тағы басқалар деп сұрауға болмас та еді) деген, — капитализм халықты кедейлендірмейді-мыс деген, — рынок капитализмнен өз алдына жеке және онан тәуелсіз бір нәрсе, оның дамуының ерекше бір шарты дейтін тіпті жөні жоқ жорамалдарға тура негізделіп құрылған.

Бұл қыйсынсыздықтарды түзетпей тұрып, мәселені шешу мүмкін емес.

Шынында, «халық бұқарасы кедей болып отырғанда және барған сайын кедейленіп бара жатқанда, Россияда капитализм дамый ала ма?» деген сұрауға біреу: «Я, дамый алады, өйткені, капитализм тұтыну заттарының есебінен емес, өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен дамыйды», деп жауап берген екен дейік. Мұндай жауаптың негізінде әбден дұрыс пікір жатқандығы, капиталистік ұлттың жалпы өнімі ең алдымен өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен өсіп отыратындығы (яғни, тұтыну заттарынан гөрі өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен көбірек өсетіндігі) айқын, бірақ, егер кішкене тыянақ дұрыс, үлкен тыянақ қыйсынсыз болса, силлогизмнен дұрыс қорытынды шықпайтыны сықылды, мұндай жауаптың мәселені шешуді титтей де ілгері жылжытпайтындығы одан да айқынырақ. Сұрау, капитализмнің даму мүмкіндігін және өндірістің ұсақ түрінің орнын ірі түрі басатынын нақ теріске шығару негізіне құрылып отырғанда, мұндай жауаптың өзі (тағы айтып өтейін) капитализмнің дамыйтынын, бүкіл елді қамтыйтынын, техникалық жоғарғы сатыға (машиналы ірі индустрияға) көшетіндігін көрсетеді.

«Рыноктер туралы мәселені» «мүмкін нәрсе» және «тиісті нәрсе» дейтін өнімсіз алыпсатарлық саласынан шығарып, шындық негізіне, орыстардың шаруашылық тәртіптерінің калай құрылатынын, олардың басқаша емес, нелiктен нақ осылай құрылатынын зерттеп, *түсіндіру* негізіне салу қажет.

Жоғарыда баяндалып өткендердің негізіне қандай мәліметтер алынғанын нақты көрсету үшін мен өзімде бар материалдардан кейбір мысалдар келтіріп, сонымен ғана тоқтаймын.

Ұсақ өндірушілердің жіктелуін және олардың арасында тек кедейлену процесі ғана емес, сонымен қатар буржуазиялық ірі (өз әлінше ірі) шаруашылықтың жасалу процесінің де бар екенін көрсету үшін, Европалық Россияның түрлі губерняларының таза егінші үш уезі туралы: Таврич губерниясының Днепр уезі туралы, Самара губерниясының Новоузен уезі туралы және Саратов губерниясының Камышин уезі туралы мәліметтер келтіріп өтемін. Бұл мәліметтер земство санағының жыйнақтарынан алынған. Таңдап алған уездер мысалға алуға үлгі бола алмайды деушілердің болуы мүмкін (крепостниктік правоны мүлде дерлік білмеген және халық недәуір дәрежеде реформадан бергі, «еркін» тәртіптердің тұсында қоныстанған біздің шет аймақтарда жікке бөліну шынында да орталықтағыдан тезірек ілгері басты), сондықтан мынаны айтып өтемін:

1) Таврич губерниясының құрылықтағы үш уезінен Днепр уезінің таңдалып алынған себебі — онда тұратындардың бәрі орыстар [келімсектер үйлері 0,6 процент], оны қауымдық шаруалар мекендеген.

2) Новоузен уезі жөнінде тек орыс (қауымдық) халқы туралы алынған мәліметтер алынды [«Новоузен уезінің санақтық мәліметтер жыйнағын» қараңыз, 432—439 беттер. *а* рубрикасы], бірақ бұған «хуторлықтар» дейтіндер, яғни қауымдық шаруалардың қауымнан кейін сатып алған немесе арендаға алған жерге бөлек орналасқандары кіргізілмеген. Фермер шаруашылығының * осы нағыз өкілдері қосылса, жіктелу недәуір күшейер еді.

3) Камышин уезі жөнінде тек ұлы орыс (қауымдық) халқы туралы ғана мәліметтер алынды.

---

* Шынында 2 294 хуторлықтардың 123 252 десятина егісі бар (яғни орта есеппен бір шаруашылық иесіне 53 десятинадан келеді). Олардың 2 662 жалдама жұмысшылары бар (және 234 жалдама жұмысшы әйелдері бар). Жылқы мен өгіз оларда $>$ 40 000. Оларда күрделі құрал-саймандар өте көп. «Новоузен уезінің санақтық мәліметтер жыйнағын» қараңыз, 453 бет.

Дәулеттілігіне қарай шаруалар тобы	Днепр уезі					Новоузен уезі					Камышин уезі				
	Үйлер саны	% есебімен	Егіс десятинасының саны	% есебімен	1 үйге келетін егіс десятинасы	Үйлер саны	% есебімен	Егіс десятинасының саны	% есебімен	1 үйге келетін егіс десятинасы	Үйлер саны	% есебімен	Егіс десятинасының саны	% есебімен	1 үйге келетін егіс десятинасы
Кедей топ	7 850	40	33 439	11	4,8 / 10,9	10 504	37	36 007	8	3,4 / 7,75	9 313	51	29 191	20	3,1 / 5,7
Орта топ	8 234	42	137 344	43	16,6	10757	38	128 986	29	12	4 980	29	52 735	35	10,6
Ауқатты топ	3 643	18	150 614	46	41,3	7 014	25	284 069	63	40,5	2 881	17	67 844	45	23,5
Барлығы	19 757	100	326 397	100	17,8	28 275	100	449 062	100	15,9	17 174	100	149 708	100	8,7

Жыйнақтарда шаруаларды әртүрлі топқа бөлгенде, Днепр уезі жөнінде бір үйге келетін егістің десятина санына қарай, ал басқа уездер жөнінде жұмыс малының санына қарай бөлінген.

Кедей топқа Днепр уезінде егін екпейтін және үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар үйлер кіргізілген; Новоузен мен Камышин уездерінде жұмыс көлігі жоқ және 1 жұмыс көлігі бар үйлер кіргізілген. *Орта* топқа Днепр уезінде үй басына 10—25 десятина егісі бар үйлер кіргізілген; Новоузен уезінде 2—4 жұмыс көлігі бар үйлер кіргізілген; Камышин уезінде 2—3 жұмыс көлігі бар үйлер кіргізілген. *Ауқатты* топқа 25 десятинадан астам егісі бар (Днепр уезі) немесе үй басына 4тен артық жұмыс көлігі бар (Новоузен уезі) және 3тен артық жұмыс көлігі бар (Камышин уезі) үйлер кіргізілген.

Бұл мәліметтерден, біздің егіншілік және қауымдық шаруалардың арасында болып жатқан процестің жалпы кедейлену және күйзелу процесі емес, шаруалардың буржуазия мен пролетариатқа жіктелу процесі екені айқын көрінеді. Орасан көп шаруалар (кедей топ) — орта есеппен 1/2 на жақыны — шаруашылық дербестігінен айрылып отыр. Олардың қолында жергілікті шаруалардың егіс кө-

лемінің енді тек болар-болмас тамтығы ғана — тек 13 процентті ғана (орта есеппен) бар; үй басына егіс 3 — 4 десятинадан келеді. Онда егістің құны қандай екенін білу үшін мынаны айтып өтеміз: Таврич губерниясындағы шаруа үйіне «табыс» дейтінге жүгірмей, тек қана дербес егіншілік шаруашылықпен күн көру үшін 17 — 18 десятина * егіс керек. Төмен топтың өкілдерінің, көбінесе, өз шаруашылығымен емес, табыспен күн көретіні, яғни өзінің жұмыс күшін сатып күн көретіні анық. Осы топтағы шаруалардың хал-жағдайын сыйпаттайтын анағұрлым толық мәліметтерді қарасақ, онда, шаруашылығын тастап, үлесті жерін арендаға беретін, жұмыс істейтін құрал-саймандарынан айрылып, табыс іздеп кетіп жатқан шаруалар бәрінен де нақ осы топта көп екенін көреміз. Бұл топтардың шаруалары — біздің село пролетариатының адамдары.

Бірақ, екінші жағынан, сол қауымдық шаруалардың арасынан мүлдем басқаша бір топ бөлініп шығады, бұл топтың сыйпаты басқаларға қарағанда мүлде қарама-қарсы. Жоғарғы топтағы шаруалардың егісі төменгі тобының егісінен 7—10 есе артық. Егер осы егісті (үйге 23—40 десятинадан келетін), семьяның жоқшылыққа ұшырамай, өзінің бір ғана егін шаруашылығымен күн көруі үшін керекті «қалыпты» егіс мөлшерімен салыстырсақ, ол егістің соңғы егістен 2 — 3 есе артып түсетінін көреміз. Бұл шаруалардың егіншілік кәсібімен табыс табу үшін, астықпен сауда жасау үшін шұғылданатыны анық. Ол көп қаражат жыйнайды, оны шаруашылығын оңдауға, шаруашылығының мәдениетін көтеруге, мысалы, ауылшаруашылық машиналар және жақсартылған құрал-саймандар сатып алуға жұмсайды: мысалы, Новоузен уезіндегі үй иелерінің, жалпы алғанда, 14 процентінің жақсартылған егіншілік құрал-саймандары бар; ал жоғарғы топтағы үй иелерінің 42 процентінің жақсартылған құрал-саймандары бар (сонда уездегі жақсартылған егіншілік құрал-саймандары бар барлық үйлердің 75 проценті — жоғарғы топтағы шаруалар) және «шаруалардағы» жақсартылған

---

* Самара мен Саратов губернияларында бұл мөлшер, жергілікті халықтың ауқаттылығы төмен болғандықтан, біржарым есе кем болады.

барлық құрал-саймандардың 82 проценті* солардың қолында. Жоғарғы топтағы шаруалар егістерін енді өз жұмыс күшімен игеріп ала алмайды, сондықтан жұмысшылар жалдайды: мысалы, Новоузен уезіндегі үй қожайындарының 35 процентінде тұрақты жалдама жұмысшылар бар (мысалы орақшы болып жалданатындарды, тағы сол сықылдыларды есептемегенде); Днепр уезінде де нақ осылай. Қысқасы, жоғарғы топтағы шаруалардың буржуазия екені шүбасыз. Олардың күші басқа өндірушілерді тонауға негізделмейді (өсімқор мен «кулактардың» күші сияқты), өндірістің дербес ұйымдастырылуына** негізделеді: егіс көлемінің 1/2 нен көбі [мен бүкіл 3 уез бойынша жалпы орта мөлшерді алып отырмын], шаруалардың небәрі 1/5 бөлімі болып отырған осы топтың қолында. Егер осы шаруалардың еңбек өнімділігі (яғни егіннің шығымы), жерді тырнап жыртып жүрген төменгі топтағы пролетарлардың еңбек өнімділігінен үздік артық екенін еске алсақ, онда астықты ең көп өндіруші — село буржуазиясы, деп қорытынды шығармай болмайды.

Шаруалардың осылайша буржуазия мен пролетариатқа бөлінуі [халықшылдар бұл процестен «бұқараның кедейленуінен» басқа ешнәрсе көрмейді] «рыноктің» көлеміне, яғни астықтың *товарға* айналатын үлесінің көлеміне қандай әсер етуге тиіс? Әрине, бұл үлестің недәуір ұлғаюға тиісті болғандығы анық, өйткені, бұл топтағы шаруалардың қыруар астығы өзіне керегінен әлдеқайда асып кетіп, рынокке түсті; екінші жағынан, төменгі топтың адамдары өздерінің табыстан тапқан ақшасына қосымша астық сатып алуға тиісті болды.

Бұл мәселе туралы анық мәліметтер келтіру үшін земство санағының жыйнақтарына емес, енді В. Е. Постниковтың: «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген шығармасына көңіл аударуымызға тура келеді. Постников земство санағының мәліметтері бойынша Таврич губерниясындағы құрылықтағы үш уездің (Бердянск, Мелитополь және Днепр уездері) шаруалар ша-

---

* Уездегі шаруалардың қолындағы жақсартылған құрал-саймандардың барлығы 5 724.

** Әрине, бұл да тонауға негізделген, бірақ дербес өндірушілерді емес, жұмысшыларды тонауға негізделген.

руашылығын суреттейді және бұл шаруашылықты шаруалардың [егіс көлемінің мөлшеріне қарай 6 категорияға бөлінген шаруалар: 1) егін екпейтіндер; 2) 5 дес. дейін егетіндер; 3) 5тен 10 дес. шейін егетіндер; 4) 10 — 25 дес. 5) 25—50 дес. және 6) 50 десятинадан артық егетіндер] әртүрлі топтары бойынша талдайды. Автор әртүрлі топтардың рынокке қатнасын зерттей келіп, әрбір егіншілік шаруашылықтың егіс көлемін мынадай 4 бөлімге бөледі: 1) *шаруашылық егісі* — Постников егістің егуге керекті тұқым беретін бөлімін осылай деп атайды; 2) *тамақтық егіс* — бұл жұмысшы үй ішін және қызметкерлерді асырайтын астық береді; 3) *малға азықтық егіс*—жұмыс малына жем береді, ақырында 4) *саудалық* немесе *рыноктік* егіс товарға айналатын, рынокке сатылатын өнім береді. Тек соңғы егістіктен ғана *ақшалай* табыс түсетіні, ал, басқаларынан заттай табыс түсетіні, яғни шаруашылықтың өзінде тұтынылатын өнім түсетіні түсінікті.

Постников, шаруалардың әртүрлі топтарындағы осы егістердің әрқайсысының мөлшерін есептей келіп, мынадай кесте келтіреді:

	100 десятина егістен				Алынатын ақшалай кіріс		Таврич губерниясының үш уезінде		Әрбір топтағы егістің орта мөлшері
	шаруашылыққа арналғаны	тамаққа арналғаны	мал азығына арналғаны	саудаға арналғаны	1 д. егіске келетіні (сом)	1 үйге келетіні (сом)	Егістің десятина саны	Олардың ішінен саудаға арналғаны	
5 десятинаға дейін егушілерде	6	90,7	42,3	—39	—	—	34 070	—	3,5 д
5—10 дес. дейін егушілерде	6	44,7	37,5	+11,8	3,77	30	140 426	16 851	8
10—25 дес. дейін егушілерде	6	27,5	30	36.5	11,68	191	540 093	194 433	16,4
25—50 дес. дейін егушілерде	6	17,0	25	52	16,64	574	494 095	256 929	34,5
50 дес. артық егушілерде	6	12,0	21	61	19,52	1 500	230 583	140 656	75
Жыйыны	6			42			1 439 267	608 869	17—18 дес.

Кестеге ескерту:

1) Постников ең соңғының алдындағы бағананы келтірмеген; оны мен есептеп шығардым.

2) Постников ақшалай табыстың мөлшерін анықтағанда, саудаға арналған егіске ылғый бидай себілген деп жорып, егіннің орташа шығымдылығын және астықтың орташа бағалылығын шығарып, осыған қарай анықтайды.

Бұл мәліметтерден біз, шаруашылық неғұрлым ірі болған сайын, оның товарлық сыйпаты да солғұрлым басым бола беретіндігін, сатуға арналған астықты солғұрлым көп өндіретінін [топтар бойынша 12—36—52—61 процент] көріп отырмыз. Негізгі егіншілер, жоғарғы 2 топтағы шаруалар (барлық егістің 1/2 нен артығы осыларда) өздерінің егіншілік өнімдерінің тең жартысынан көбірегін [52 және 61 процентін] сатады.

Егер шаруалар буржуазия мен пролетариат болып екіге бөлінбесе, егер, басқа сөзбен айтқанда, егістік жер «шаруаларға» «теңгере» бөлінген болса, онда шаруалардың *бәрі* орта топта (10—25 дес. шейін егетін) болар еді, онда рынокке барлық астықтың тек 36 проценті ғана, басқаша айтқанда, 518 136 десятина егістің өнімі (1 439 267 нің 36 проценті=518 136) түсіп тұрар еді. Ал қазір рынокке барлық астықтың 42 проценті, 608 869 десятина егістің өнімі түсетіндігі кестеден көрініп отыр. Сөйтіп, «бұқараның кедейленуі», шаруалардың 40 процентінің (кедей топ, яғни 10 десятинаға дейін егетін) шаруашылығының толық әлсіреуі, село пролетариатының құрылуы нәтижесінде *90 мың* * десятина егістің өнімі рынокке түсті.

Мен шаруалардың жіктелуінен «рыноктің» ұлғаюы осымен тежелді, дегім мүлде келмейді. Тіпті олай емес. Мысалы, біз шаруалардың жақсартылған құрал-саймандарды алып жатқанын, яғни өзінің жыйған-тергендерін «өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге» айналдырып жатқадың — адамның жұмыс күшінің түскенін көрдік. Мұның бәрі туралы айтпай отырған себебім тек сол — мен бұл мысалды көлемі тар, арнаулы мақсатпен: біздің Россия-да бұқараның кедейленуі іс жүзінде товарлы және капиталистік шаруашылықтың күшеюіне бастайтынын көрсету үшін ғана келтірдім. Товар айналысына кай жерде болса

* — Барлық егістіктің 6,3 проценті — 90 733 дес.

да және әрқашан бәрінен кешірек және бәрінен жайырақ тартылатын астық сықылды өнімді әдейі алдым. Сондықтан тек егіншілікпен айналысатын жерлер ғана алынды.

Енді таза өнеркәсіпті облысқа, Москва губерниясына қатысы бар басқа бір мысал алайын. Земство санақтары шаруалар шаруашылығын «Москва губерниясының санақ мәліметтері жыйнағының» VI және VII томдарында суреттеген; бұл томдарда майдагерлік кәсіптердің бірсыпыра тамаша очерктері бар. Мен *«Шілтер тоқу кәсіпшілігі»** очеркінен тек бір-ақ жерін келтіріп, сонымен тоқталам; бұл очерк реформадан кейінгі дәуірде шаруа кәсіптерінің қалайша және не себепті өте тез дамығанын түсіндіреді.

Шілтер тоқыйтын кәсіп үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарында Подольск уезінің Воронов болысындағы көршілес 2 деревняда шықты. «1840 жылдарда ол, әлі көп жерге жайылмағанмен, жақын маңайдағы басқа деревняларға ақырындап тарай бастады. Оның есесіне 60-жылдардан бастап, әсіресе соңғы 3—4 жылдың ішінде, төңірекке өте тез тарап барады».

Шілтер тоқу, қазіргі уақытта кәсібі бар 32 селоның:

2-де — 1820 ж.
4 » — 1840 ж.
5 » — 1860 жылдарда
7 » — 1870—1875.
14 » — 1876—1879 жылдарда шықты.

«Егер мұндай құбылыстың, яғни кәсіптің нақ соңғы жылдарда өте-мөте тез тарауының себептеріне ой жіберсек, — дейді очерктің авторы, — онда біз, бір жағынан, осы уақыттың ішінде шаруалардың тұрмыс жағдайы недәуір нашарлағанын, ал, екінші жағынан, халықтың — оның жақсырақ жағдайда тұрған бөлімінің керегі недәуір өскенін көреміз».

Мұны дәлелдеу үшін автор Москваның земство санағы-

---

* *«Москва губерниясының санақ мәліметтері жыйнағы».* Шаруашылық санақ бөлімі. Т. VI, II кітап. Москва губерниясының кәсіптері, II кітап, Москва, 1880.

нан мынадай мәліметтер келтіреді; мен бұл мәліметтерді кесте түрінде келтіремін*:

Подольск уезінің

Воронов болысында	Үй иелерінің саны	Саны: ат	Саны: сыйыр	100 жанға келетіні: ат	100 жанға келетіні: сыйыр	100 жанға келетіні: ұсақ мал	Үй иелерінің саны: аты жоқтар	1 аттылар	2 аттылар	3 аттылар	3 тен көп аты барлар
1869 ж.	1233	1473	1472	22	22	30	276	567	298	70	22
болғаны:							22%	46%	24%	6%	2%
1877 ж.	1244	1607	1726	25	27	38	319	465	313	95	52
болғаны:							26%	37%	25%	8%	4%

«Бұл цифрлар — дейді автор — осы болыста аттардың, сыйырдың және ұсақ малдың *жалпы* санының өскенін айқын көрсетеді, бірақ мұндай артқан дәулет жеке адамдардың үлесіне, атап айтқанда 2—3 және одан артық аттары бар үй иелері категориясының үлесіне тиген...

...Солай болған соң, біз, сыйыры да жоқ, аты да жоқ шаруалар санының өсуімен қатар, егін салуды қоятын шаруалар санының да өсіп отырғанын көреміз: малы да жоқ, жеткілікті тыңайтқыштары да жоқ; жері тозып барады, сондықтан оған егін салу еңбегіне тұрмайды; өзін, үй ішін асырау үшін, аштан өлмеу үшін тек еркектердің ғана кәсіп етуі жеткіліксіз, — олар бұл кәсіппен бұрын да, егіншілік жұмыстан қолы бос уақытта айналысқан ғой, — сондықтан үй ішінің басқа мүшелерінің де шеттен табыс іздеуі керек болады...

---

* Мен сыйырдың қаншадан келетіні туралы мәліметтерді (қорытындысы сол бір қорытынды) тастап, процентті есебін костым.

Воронов болысы:

Үй иелеріндегі аттар саны				Үлесті жері бар үй иелерінің саны			
				Барлығы	Үлесті жеріне егінді		егіншілікпен шұғылданбайтындар
1 аттылар	2 аттылар	3 аттылар	3 тен көп аты барлар		өзі салады	кісі жалдап салады	
567	596	210	100	1067	900	92	75
39%	40%	14%	7%		84%	9%	7%
465	626	285	231	1166	965	5	196
29 %	39%	18%	14%		82,5%	0,5%	17%

...Кестелерде біз келтіріп өткен цифр мәліметтер бізге басқа құбылысты да көрсетіп отыр; бұл селолар мен деревняларда 2—3 аты мен сыйыры бар адамдардың да саны көбейген. Олай болса бұл шаруалардың дәулеті өскен, ал, мұнымен қатар біз «пәлендей селоның әйелдері мен балалары түгелінен кәсіппен айналысады» дедік. Мұндай құбылысты қалай түсінуімізге болады?.. Бұл құбылысты неден деп түсінуімізге болады?.. Бұл құбылысты түсіну үшін, бұл селолардың қандай тұрмыста тұратындығын карастырып өтуге, олардың үй іші жағдайларымен жақынырақ танысуға тура келеді; рынокке өткізу үшін товар өндіруге мұндай күшті талпынушылық қайдан туатынын, міне, сонда түсінуіміз мүмкін.

· Әрине, біз бұл арада, шаруа халықтың ішінен күштірек адамдардың, семьялардың қандай бақытты жағдайларда аз-аздап бөлініп шығатындығын, олардың дәулетінің қандай жағдайлар арқасында құралатындығын және бұл байлық бір құралып алып, қандай қоғамдық жағдайлардың арқасында тез өсе алатындығын және, тез өскенде

село халқының бір бөлімін екінші бөлімінен недәуір дәрежеге бөліп отыратындай өсетіндігін толық зерттеп жатпаймыз. Шаруалар селосының ең қарапайым күбылыстарының бірін көрсетіп, бұл процесті бақылап өтсек те жеткілікті. Деревняда пәлендей бір шаруаның өз ауылдастары арасында: дені сау, қайратты, бұлғаң-сұлғаңы жоқ, жұмыскер кісі, деген атағы шығып жүреді; оның үй ішінің жаны көп болады, көпшілігі ұл болады, олар да сол әкесі сықылды денелі, мықты келеді және түзу адамдар болады; олар бәрі бір тұрады, енші бөліспейді; 4—5 жанға үлесті жер алады. Ол жерді ұқсату үшін үй ішіндегі жұмысқа жарайтындардың бәрі бірдей керек бола бермейді. Сондықтан 2—3 ұлы үнемі түз кәсібімен немесе жергілікті кәсіппен айналысады, тек шөп шабатын кезде ғана аз уақытқа кәсібін қоя тұрып, үй ішіне қолғабыс қылады. Үй ішінің жеке мүшелерінің табыстары бөлшектенбейді, ортақ дәулет болып құралады; бұл табыс басқа бір қолайлы жағдайларда үй ішінің қажетіне жұмсалатын шығыннан недәуір асып кетеді. Жыйнақ пайда болады, осы жыйнақтың арқасында үй ішінің адамдары жақсы жағдайларда кәсіппен айналыса алады: бірінші қолдан сап ақшаға шикі материалдар сатып ала алады, өндірген товарларын бағасы көтерілген кезде сата алады, сатқанда арада жүретін түрлі «делдалдарсыз», саудагерлерсіз, саудагер әйелдерсіз, тағы сол сияқтыларсыз-ақ сата алады.

Бір жұмысшы, екі жұмысшы жалдауға мүмкіншілік туады немесе қандай істі болса да дербес жүргізуден мүлде қалған кедей шаруаларға, үйінде істеп беру үшін жұмыс үлестіруге мүмкіншілік туады. Осы және осы сияқты жағдайлардың арқасында, біз көрсетіп өткен құшті семья тек өз еңбегінен ғана емес, кісі еңбегінен де пайда түсіруге мүмкіндік алады. Әрине, біз бұл арада ондай семьялардың арасынан кулак, жебір дейтін атпен жұртка мәлім адамдардың өрбіп отыратын реттеріне тоқталмаймыз, тек шаруа халықтың арасындағы ең дағдылы құбылыстарды ғана қарастырып өтеміз. Жыйнақтың II томындағы және VI-томның 1-кітабындағы кестелер, шаруаде оның екінші, аз бөлімінің немесе жеке мүшелерінің дәулеті өсіп отыратындығын айқын көрсетеді.

Кәсіппен шұғылдану жайылған сайын, сыртқы дүниемен, қаламен, бұл ретте Москвамен қарым-қатнас жиілене бастайды, сондықтан Москваның кейбір тәртіптері селоға аз-аздап кіре бастайды, ол тәртіп әуелі нақ осы ауқаттырақ семьяларда көріне бастайды. Самауыр сатып алады, шыныдан және фаянстан жасаған қажетті ыдыстар алады, киім «тазарақ» бола бастайды. Егер киімнің бұл тазалығы еркектерде әуелі шабатаның орнына етік киетіндігінен көрінсе, әйелдердің таза киімі башмақ, етік киюмен аяқталады; олар бәрінен бұрын ашық түсті гүлді маталарға, басқа тартатын орамалдарға, жүннен тоқыған безекті шәлдерге, тағы сол сыяқты әшекейлерге әуестенеді...

...Шаруаның семьясында әйелі ерін, өзін және балаларын киіндіреді, бұл «атамзаманнан» бері келеді ...өз зығырын егіп тұрған кезде қажетті киімдер үшін материал мен заттар сатып алуға ақшаны аз жұмсайтын еді, ал бұл ақшаны тауық, жұмыртқа, саңырауқұлақ, жидек, қалған бір шумақ жібін немесе кенебінің артық кесіндісін сатып табушы еді. Қалғанының бәрі үйде істелетін еді. Шаруа әйелдер қолынан келетін керекті заттардың бәрін үйде істеп шығарады, олар дала жұмысынан бос уақытының бәрін осыған жұмсайды, — Воронов болысының селоларындағы шілтер тоқыйтын кәсіптердің өте шабан дамуы бұл ретте нақ осы жағдайлардан болып отыр. Шілтерді көбінесе, неғұрлым қамтамасыз семьялардағы немесе және неғұрлым адамы көп семьялардағы қыздар тоқыйды, өйткені, бұл семьялардағы әйелдердің бәрінің бірдей кендір иіруі, кенеп тоқуы қажет бола қоймайды. Бірақ арзан ситсалар мен ақбөздер кенепті там-тұмдап ығыстырып шығара бастады; бұған басқа да жағдайлар келіп қосылды: не зығыр шықпай қалады, не әйел еріне қызыл көйлек тігіп бергісі келеді, ал өзіне әдемірек «тоншық» (сарафан) тігіп алғысы келеді, міне, сонымен шаруалар киімі үшін үйде отырып түрлі кенептер тоқу, орамалдар тоқу әдеті аз-аздап ығыстырыла береді немесе мықтап шағындалады. Үйде тоқылатын матаның ығыстырылуы, олардың орнына фабрикада тоқылған маталардың қолданылуы себепті киімнің өзі де өзгере береді...

...Халықтың көпшілігінің рынокке өткізу үшін товар өндіруге тырысуының және мұндай өндіріске тіпті бала-

лардың еңбегін де қолданудың қажеттігі, міне осыдан».

Ұқыпты бақылаушының қулық-сұмдықсыз осы әңгімесі: біздің шаруалар бұқарасы арасында қоғамдық еңбек бөлінісі процесінің қалайша жүріп жатқанын, мұның товар өндірісінің [ал, олай болса, рыноктің де] күшеюіне қарай қалайша бастайтындығын және бұл товар өндірісі, өзінен өзі, басқаша айтқанда, бұл өндіріс өндірушілерді рынокпен қандай қарым-қатнас жасайтын етіп отырған болса, сол қарым-қатнастардың күшімен, адамның жұмыс күшін сату және сатып алу «ең дағдылы құбылысқа айналатын» жағдайға қалайша бастап әкелетіндігін айқын көрсетеді.

VIII

Қорытындыда талас мәселені, — абстракцияларды, схемаларды және формулалардың үйіп-төгіп тым ауырлатылған сықылды мәселені, — «жұртқа тарап жүрген көзқарастардың» ең жаңа, ең көрнекті өкілдерінің бірінің пікірін талдау жолымен суреттеп өтсек артық бола қоймас.

Мен Николай — он * мырза туралы айтып отырмын.

Ол: Россияда капитализмнің дамуына аса ірі «кедергі» болып отырған нәрсе ішкі рыноктің «кемуі», шаруалардың сатып алу қабілетінің «азаюы» деп біледі. Кәсіптерді капитализациялау — дейді ол — затты үйде істейтін өндірісті ығыстырып шығарды; шаруаларға киімді сатып алуға тура келді. Шаруа бұған ақша тауып алу үшін жер жыртуды күшейтті және үлесті жердің жеткіліксіздігі себепті жер жыртуды ақылға сыйымды шаруашылықтың көздейтін мөлшерінен әлдеқайда асырып жіберді; ол аренда ақысының мөлшерін тіпті өрескел өсіріп жіберді — сөйтіп, ақыр-аяғында бүлінді. Капитализм өзіне өзі көр қазды, «халық шаруашылығын» 1891 жылғы сұрапыл дағдарысқа ұшыратты, сөйтіп... арқа сүйейтін тірегі болмай, «сол жолмен тоқтаусыз жүре беруге» күші жетпей тоқтап қалды. «*Біз* ғасырлар бойы хасиеттелген халықтық құрылыстан ауып кеткенімізді» біліп, Россия енді...

---

* Әрине, бұл арада оның бүкіл шығармасын талдап өту туралы сөз болуы да мүмкін емес. — бұл үшін өз алдына еңбек жазу керек, сондықтан — тек оның жақсы көретін дәлелдерінің *біреуін* ғана талдап өтеміз.

«кауымға ірі өндірісті егу» туралы әкімдердің жарлығын күтіп отыр.

Бұл «мәңгілік жаңа» (Россия халықшылдары үшін) теорияның қыйсынсыздығы неде?

Мұның авторының «өндіріс құрал-жабдықтары үшін өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің» маңызын түсінбеуінде ме? Әрине, онда емес. Ник.—он мырза бұл заңды жақсы біледі және тіпті, оның әсерінің бізде де болып отырғанын айтады (186, 203—204 беттер). Рас, қайшылықтарды айтып өзіне өзі соққы беруге қабілетті болғандықтан, ол кейде (123 бет) бұл заңды ұмытып кетеді, бірақ ол сықылды қайшылықтарды түзету автордың негізгі (жоғарыда келтіріліп өткен) пікірін титтей де түзетпегендігі айқын.

Оның теориясының қыйсынсыздығы мынада: ол біздің капитализмді түсіндіре алмайды және ол туралы өзінің пікірлерін нағыз барып тұрған фикцияларға негіздеп құрады.

Ник. — он мырза, үйде жасалып шығатын өнімдерді фабрикаларда жасалатын өнімдердің ығыстырып шығаруынан күйзелген «шаруаларды» — тұрмыстың барлық құбылысына бір адамдай қарайтын, біртектес, өзара ынтымақты бір нәрсе деп қарайды.

Шынында оған ұқсас ешнәрсе де жоқ. Егер өндіруші единицалар (шаруа үйлері) өз алдарына оқшауланбаған болса, онда Россияда товарлы шаруашылық тумаған болар еді, шынында біздің шаруаларымыздың бір-біріне тәуелсіз өз алдына жеке қожайындық ететіндігін, өзінің жеке меншігіне келіп түсетін өнімді өз тәуекелімен өзі өндіретінін, «рынок»пен әрқайсысы жеке-жеке қатнасатынын жұрттың бәрі біледі.

«Шаруалар» арасында істің жайы қандай екенін қарастырып өтейік.

«Шаруа ақшаға мұқтаж болғандықтан, жер жыртуды шамадан тыс ұлғайтады, сөйтіп бүлінеді».

Бірақ, жер жыртуды ұлғайту — себетін тұқымы бар, көлік-сайманы жеткілікті күйлі шаруаның ғана қолынан келеді. *Ондай* шаруалар (ал олардың азшылық екені мәлім) шынында да егісті көбейтеді және өзінің шаруашылығын, қолғанат қызметкерлердің көмегінсіз игеріп ала алмайтындай мөлшерге жеткізе ұлғайтады. Ал ша-

руалардың көпшілігі, ешқандай запасы жоқ, жеткіліктӣ өндіріс құрал-жабдығы жоқ болған соң, өзінің ақша жөніндегі қажетін шаруашылықты ұлғайту жолымен өтеуге мүлде шамасы келмейді. *Ондай* шаруа ақша табу үшін «табыс» іздеп кетеді, яғни рынокке өзінің өнімін емес, өзінің жұмыс күшін апарып сатады. Табыс іздеп кету, әрине, егіншілік шаруашылықты онан әрі нашарлатады, ақырында бұл шаруа өзінің үлесті жерін өзімен қауымдас бай шаруаға береді, ол бай шаруа мұнымен өзінің шаруашылығын ұлғайтып толықтыра түседі, алған үлесті жерден түскен өнімді өзі тұтынбай, *рынокке* жіберетіні, түсінікті. Сөйтіп «халық кедейленеді», капитализм өседі, рынок ұлғаяды. Бірақ, тек бұл ғана емес. Өзінің ұлғайтылған егіншілік шаруашылығымен толық шұғылданып отырған біздің бай шаруамыз енді бұрынғыша өз керегін, айталық, аяқ киімді өзі тігіп отыра алмайды; оған сатып алу тиімдірек. Ал, кедейленген шаруаны алатын болсақ, оның да аяқ киімді сатып алуына тура келеді: ол аяқ киімді өз шаруашылығында тігіп шығара алмайды, мұның себебі айқын — оның өз шаруашылығы жоқ. Аяқ киімге тілек туады және, өз шаруашылығының прогрестік бағытымен В. В. мырзаның жанын сүйсіндіріп жүрген ұқыпты мужиктің артық өндірген астығы рынокке келіп түседі. Көршілері — аяқ киім өндіретін майдагерлер егіншілер қандай халде болса, олар да нақ сондай халде болып шығады: төмендеп бара жатқан шаруашылық өте аз беріп отырған астықты сатып алу үшін өндірісті ұлғайту керек болады. Ал, өндірісті тек жыйған-тергені бар майдагердің ғана, яғни азшылықтың өкілі ғана ұлғайта алатындығы өзінен өзі түсінікті; майдагер жұмысшы жалдауға немесе кедей шаруаларға үйінде істеуіне жұмыс беруге мүмкіншілік алады. Майдагерлердің көпшілігіне өндірісті ұлғайту туралы ойлаудың да керегі жоқ: олар, саудамен байыған алыпсатар «жұмыс берсе», яғни өздерінің жалғыз ғана товары — жұмыс күшін сатып алушы табылса, соның өзіне қуанады. Тағы да халық кедейлене береді, капитализм өсе береді, рынок ұлғая береді; қоғамдық еңбек бөлінісінің дамый беруіне және тамыр жайып тереңдеуіне тағы да итермеші болады. Бұл қозғалыс қай жерде бітеді? Бұл қозғалыстың қай жерде басталғанын

айта алмаған сықылды, мұны да ешкім айта алмайды, мұның маңызы да жоқ. Маңызды нәрсе сол: біз көз алдымызда организмді жанды процестің, товар шаруашылығының даму және капитализмнің өсу процесін көріп отырмыз. Деревняда «шаруалардың жойылуы» бұл процестің басталуын, оның тууын, оның ертеректегі стадияларын көрсетеді, қалалардағы ірі капитализм бізге бұл процестің соңын, оның тенденцияларын көрсетеді. Бұл құбылыстарды бөлшектеп көріңіздер, оларды бір-біріне байланыстырмай, жеке-жеке алып қарастырып көріңіздер, — онда сіздер өз пікірлеріңізді ұштастыра алмайсыздар, ана құбылысты да, мына құбылысты да, халықтың кедейленуін де, капитализмнің өсуін де түсіндіре алмайсыздар.

Бұл жөнде көбінесе мынадай реттер болады: басы да, аяғы да жоқ бұл сықылды ой-пікірлердің авторлары процесті түсіндіре білмей, өздері ұғынбаған екі құбылыстың біреуін [атап айтқанда, әрине, «сын көзімен қарайтын адамның дамыған адамгершілік сезіміне» қайшы келетін біреуін] «қыйсынсыз», «кездейсоқ», «түкке тұрғысыз» деп атап, зерттеуді үзіп тастайды.

Шынында, «түкке тұргысыз» тек олардың өз пікірлері ғана.

75

...„Рынок түралы" бір дерекке қолдаулы
...қалай қана оны қуаттаса, қорғаса, қалай
...қалай сақтаса; қорғаған" капиталдың бірдеңе
...қолдаулы қалай қажет оның процесін, оның
...дейсің. Қолдаушы разорвать оны деуіне,
...қолдаушы разрушать оны оларды және қолдау
...оның бұрын оны бұрын, — және ол қалайша бір
...оның разрушения оның қолдың сақтаған,
...ол оларды оларды қолдаулы, ол оларды қолдаулы
...оны, ол оларды қолдаулы қолдаулы, ол
...қолдаулы қолдаулы қолдаулы қолдаулы
...қолдаулы қолдаулы қолдаулы қолдаулы
...қолдаулы қолдаулы қолдаулы қолдаулы

«ХАЛЫҚ ДОСТАРЫ» ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛАР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРҒА ҚАРСЫ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?

(„РУССКОЕ БОГАТСТВОНЫҢ“ МАРКСИСТЕРГЕ ҚАРСЫ МАКАЛАЛАРЫНА ЖАУАП)[14]

1894 жылдың көктемі мен жазында жазылған

Бірінші рет 1894 ж. басылған

1894 жылғы гектографта басылып шыққан текстің бойынша басылып отыр

I БӨЛІМ

«Русское Богатство»[16] социал-демократтарға қарсы жорық ашты. Былтырғы № 10-ақ бұл журналдың басшыларының бірі, Н. Михайловский мырза, «біздің марксистерге яки социал-демократтар деген атақты иеленіп жүргендерге» қарсы «айтыс» басталады деп жариялады. Одан кейін С. Кривенко мырзаның «Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде» (№ 12) деген және Н. Михайловский мырзаның «Әдебиет пен тұрмыс» («Русское Богатство», 1894 ж. № 1, 2) деген мақалалары шықты. Ал біздің экономикалық шындығымыз туралы журналдың өз көзқарастарына келсек, ол көзқарастар С. Южаков мырзаның «Россияның экономикалық даму мәселелері» (№ 11, 12) деген мақаласында бәрінен де гөрі толық баяндалған. Жалпы алғанда өздерінің журналында шын «халық достарының» идеясы мен тактикасын көксеуші болып көрінуге дәме етсе де, бұл мырзалар социал-демократияның барып тұрған дұшпандары болып табылады. Енді осы «халық достарын», олардың марксизмді мінейтін сынын, олардың идеяларын, олардың тактикасын қарап көрейік.

Н. Михайловский мырза бәрінен де гөрі марксизмнің теориялық негіздеріне көбірек көңіл бөледі, сондықтан да ол тарихты материалистік түрде ұғыну мәселесін талқылауға әдейі тоқталып өтеді. Бұл доктринаны баяндайтын толып жатқан марксистік әдебиеттің мазмұнын жалпы шолып өтіп, Михайловский мырза өзінің сынын мынадай тирадамен бастайды:

«Бәрінен бұрын — дейді ол — Маркс өзінің тарихты материалистік түрде ұғынуын қай шығармасында баян-

дады?—деген сұрау өзінен өзі туады. Ол «Капиталда» бізге логика күшін асқан оқымыстылықпен, барлық экономикалық әдебиеттерді де, тиісті нақты дәлелдерді де жалықпай зерттеушілікпен қыйюластырудың үлгісін көрсетті. Ол экономикалық ғылымның алдақашан ұмытылып қалған немесе қазіргі күнде ешкім білмейтін теоретиктерін жарыққа шығарды және фабрика инспекторларының қайдағы бір есептеріндегі немесе эксперттердің түрлі ерекше комиссияларға берген жауаптарындағы ең болмаш анықтамаларды да ескерусіз қалдырған жоқ; бір сөзбен айтқанда, бір жағынан, өзінің экономикалық теорияларын негіздеу үшін, екінші жағынан, сол теорияларын бейнелеп көрсету үшін толып жатқан нақты дәлелді материалды ақтарды. Егер ол тарихи процестің «мүлдем жаңа» ұғымын туғызған болса, адам баласының бұрынғы өткен дәуірінің барлығын жаңа көзқарас тұрғысынан түсіндіріп, өзіне дейінгі болып келген философиялық-тарихи теориялардың барлығының қорытындыларын шығарған болса, әрине, ол мұны жоғарыда айтылғандай етіп мейлінше ұқыпты түрде істеді: тарихи процестің белгілі теорияларының барлығын дұрыстап қарап шығып, оларды сын көзімен талдап тексерді, бүкіл жержүзілік тарихтағы болып өткен толып жатқан уақыйғаларды зерттеді. Марксистік әдебиеттегі өте дағдылы болып отырған, Дарвин ғылымымен салыстырушылық бұл пікірді бұдан да гөрі дәлелдей түседі. Дарвиннің бүкіл еңбегі дегеніміз не? Ол — аскар таудай нақтылы көп ыспаттамалардан келіп туған, біраз қорытылып айтылған, өзара тығыз байланыскан идеялар. Ал Маркстің осыған тең келетін еңбегі қайда? Ондай еңбегі жоқ. Маркстің ондай еңбегі жоқтығы былай тұрсын, ондай еңбек, сонымен бірге, сан жағынан көптігіне және көп таралғандығына карамастан, бүкіл марксистік әдебиетте де жоқ».

Бұл тираданың барлығы «Капиталды» және Марксті жұрттың қандайлық аз түсінетіндігін өте толық ыспаттайды. Маркс сөздерінің өте дәлелділігіне төтеп бере алмай, олар Маркстің алдында хұрмет көрсетіп, оны мақтайды, бірақ, сонымен қабат, доктринаның негізгі мазмұнын мүлде естен шығарып жіберіп, түк көрмеген адамдай, «субъективтік социологияның» бәз-баяғы әніне басады. Бұл жөнінде Каутскийдің Маркстің экономика-

лық ғылымы туралы жазған кітабында өте дұрыс келтірген эпиграф сөзін еске алмауға болмайды:

Wer wird nicht einen Klopstock loben?
Doch wird ihn jeder lesen? Nein.
Wir wollen weniger erhoben
Und fleissiger gelesen sein!*

Бұл өте дұрыс айтылған сөз. Михайловский мырзаға Марксті азырақ мақтап, оны құнттап оқуы керек еді, немесе, ең жақсысы, ол өзінің оқып отырған нәрсесін жақсы ұғынып оқуы керек еді.

«Маркс бізге «Капиталда» логика күшін асқан оқымыстылықпен қыйюластырудың үлгісін көрсетті» — дейді Михайловский мырза. Бір марксист бұған: Михайловский мырза бұл сөзінде бізге сұлу сөзді мағнасыздықпен қыйюластырудың үлгісін көрсетті, дегенді айтты. Оның бұлай деуі өте орынды. Шынында да Маркстің бұл логикалық күші неден көрінді? Бұл логикалық күш қандай нәтижелер берді? Михайловский мырзаның жаңағы келтірілген ұзақ үзіндісін оқығанда бұл күштің барлығы, сөздің нағыз өз мағнасында айтқанда, тек «экономикалық теорияға» ғана бағытталған екен, — одан басқа ешнәрсе де емес, — деп ойлауға болады. Және Маркстің логикалық күш жұмсаған майданының тар жерлерін баса көрсету үшін Михайловский мырза «ең болмашы анықтауларды», «көп күш сарып етушілікті», «ешкім білмейтін теоретиктерді», тағы сондайларды бадырайтып көрсетпекші болады. Сөйтіп, оның ойынша, Маркс бұл теорияларды құрастыру тәсілдеріне еске алуға тұрарлықтай мәнді ешбір жаңалық енгізбеген сияқты, экономикалық ғылымның өрісін бұрынғы өткен экономистердің тұсында болған күйінде қалдырған сияқты, оны кеңейтпеген сияқты және бұл ғылымның өзіне «мүлде жаңаша» мағна бермеген сияқты болып шығады. Ал шынында «Капиталды» оқыған адамдардың қай-қайсысына болса да бұл ойдың барып тұрған өтірік екені белгілі. Бұл жерде Михайловский мырзаның дөрекі буржуа-

* — Клопштокты кім мақтамайды? Бірақ оны жұрттың бәрі бірдей оқый ма? Жоқ, оқымайды. Біз өзімізді жұрт аз мақтап, оның есесіне құнттап оқыса екен дейміз! (Лессинг). *Ред.*

зияшыл Ю. Жуковский мырзамен[17] сөз таластыра отырып, бұдан 16 жыл бұрын Маркс туралы жазғанын ескермей кетуге болмайды. Ол кезде уақыт басқаша болды ма, әлде сезімнің таза кезі ме еді, әйтеуір Михайловский мырзаның мақаласының үні де, мазмұны да қазіргісінен басқаша еді.

— «К. Маркс өзінің «Капиталы» туралы: «Бұл шығарманың түпкі мақсаты — қазіргі қоғамның даму заңын (түпкі нұсқасында: Das oekonomischeBewegungsgesetz— қозғалыстың экономикалық заңы) көрсету» — дейді және өзінің программасын бұлжытпай қолданады», — міне Михайловский мырза 1877 жылы осылай деген болатын. Сыншының өз сөзімен айтқанда — бұлжытылмай қолданылған осы программамен жақынырақ танысайық. Бұл программаның мақсаты — «қазіргі қоғам дамуының экономикалық заңын көрсету».

Бұл тұжырманың өзі-ақ бізді түсіндіруді керек қылатын бірнеше мәселеге әкеп тірейді. Маркстен бұрынғы экономистердің бәрі жалпы қоғам туралы айтып келгенде, Маркс неліктен «казіргі (modern)» қоғам туралы айтады? Ол «қазіргі» деген сөзді қай мағнада қолданады және бұл қазіргі қоғамды қандай белгілермен ерекше бөліп көрсетеді? Және, мұнан соң, — қоғам қозғалысының экономикалық заңы дегені не? Біз экономистерден — тек бұйымды өндіру ғана бірыңғай экономикалық заңға бағынады-мыс, ал оны бөлу жағы саясатқа, интеллигенцияның, өкметтің қоғамға тигізген әсерінің түріне, т. с. байланысты-мыс дегенді естуге дағдыландық — ал мұның өзі, сөз арасында айта кету керек, «Русское Богатствомен» бағыттас публицистер мен экономистердің ең жақсы көретін идеяларының бірі болып табылады. Маркс қоғам қозғалысының экономикалық заңы туралы қай мағнада айтып отыр және осымен қатар бұл заңды Naturgesetz — жаратылыс заңы деп қай мағнада атап отыр? Өз еліміздің социологтарының көпшілігі — қоғам құбылыстарының саласы табиғи-тарихи құбылыстардың салаларынан ерекше бөлініп шығатындығы туралы, сондықтан қоғам құбылыстарын зерттеу үшін «социологияның керек екендігі туралы күлаш-күлаш қағаз жазып отырғанда, мұны қалай деп түсіну керек?

Мұндай түсініспеушіліктердің шығуы табиғи және қажет нәрсе, сондықтан, «Капитал» туралы сөз қылғанда, бұл түсініспеушіліктерді, әрине, тек барып тұрған надандар ғана ескермей кетуі мүмкін. Бұл мәселелерге түсіну үшін, алдымен «Капиталға» жазылған сол сөзбасынан — жаңағыдан бірнеше ғана жол төмен — тағы да бір жерін келтіре кетейік:

«Мен экономикалық қоғамдық формацияның дамуына табиғи-тарихи процесс деп қараймын, бұл мәселеге менің көзқарасым міне осындай» — дейді Маркс[18].

Жоғарыда естігеніміздей, «Капиталдың» өте тәртіпті түрде және сирек кездесетін логикалық күшпен жүргізілген негізгі идеясының нақ осында екенін көру үшін сөз басынан келтірілген осы екі жерді жай салғастырудың өзі де жеткілікті болады. Осылардың барлығы жайында ең алдымен мына екі жағдайды көрсете кетейік: Маркс тек бір «қоғамдық-экономикалық формация» туралы ғана, капиталистік формация туралы ғана сөз қылады, яғни ешбір басқа формация емес, тек осы формацияның ғана даму заңын зерттедім дейді. Бұл бір. Ал, екіншіден, Маркстің қорытынды шығару әдістерін көрсете кетейік: бұл әдістер — Михайловский мырзадан жаңағы өзіміз естіген тәрізді, — «тиісті фактыларды жалықпай зерттеуде» болды.

Енді «Капиталдың» осы негізгі идеясын — біздің субъективтік философтың осынша ептілікпен ескермей өтуге тырысқан идеяны талқылауға көшейік. Шынында экономикалық қоғамдық формацияның мағнасы не? Және мұндай формацияның дамуын табиғи-тарихи процесс деп санауға болатындығының және солай санау керек екендігінің себебі не? — қазір біздің алдымызда тұрған мәселелер, міне, осылар. Бұрынғы (Россия үшін бұрынғы емес) экономистер мен социологтардың көзқарастары бойынша қоғамдық-экономикалық формация деген түсінік мүлде артық нәрсе екенін мен жоғарыда айтып кеттім: олар қоғам туралы жалпылама сөз қылады, жалпы қоғам деген не, жалпы қоғамның мақсаты мен мәнісі қандай деген мәселе жөнінде, т. с. жөнінде Спенсерлермен таласады. Осылайша пікір еткенде бұл субъективтік социологтар мына сияқты дәлелдерге сүйенеді: қоғамның көздейтін мақсаты — оның барлық мүшелерінің пай-

дасы, сондықтан әділдік қандай да болса бір ұйымның болуын тілейді, ал бұл идеялық (субъективтік методтың авторларының бірі Михайловский мырзаның — «Социология біраз утопиядан бастауға тиіс» деген сөздері, олардың тәсілдерінің мәнісін өте жақсы сыйпаттайды) ұйымға сәйкес келмейтін тәртіптер қолайсыз тәртіп болып шығады, сондықтан ондай тәртіптерді жою керек болады, деген сияқты дәлелдерге сүйенеді. Мәселен, Михайловский мырза: «Социологияның маңызды бір міндеті: адамзаттың кейбір тілектерін қанағаттандыра алатын қоғамдық жағдайларды анықтау» — дейді. Бұл социологтың тек адамзаттың жаратылысына сәйкес келетін қоғамға ғана көңіл бөліп отырғанын, ал азшылықтың көпшілікті құл етуі сияқты «адамзат жаратылысына» сәйкеспейтін құбылысқа негізделуі мүмкін түрлі қоғамдық формациялар дегендеріңізге оның көніл бөлмейтінін осы жерде көріп отырсыздар. Сонымен бірге, бұл социологтың көзқарасы бойынша, қоғам дамуына табиғи-тарихи процесс деп қарау туралы сөз болуы мүмкін емес екенін де көріп отырсыздар. (Сол Михайловский мырза: «Социолог бір нәрсені керекті немесе керексіз деп таныған соң, керекті деп таныған нәрсесін жүзеге асыруға немесе керексіз деп таныған нәрсесін жоюға жағдай туғызуы тиіс» — «пәлендей» нақтылы идеяларды жүзеге асыруға жағдай туғызуы тиіс» — дейді). Ол-ол ма, оның ойынша, даму туралы сөз де болуға тиіс емес, тек «керекті нәрседен» түрлі ауа жайылулар туралы ғана, адамдардың ақылсыз болғандығының, адамзатқа не нәрсе керек екенін жақсы түсіне алмағандығының және мұндай ақылға сыйымды тәртіптерді жүзеге асырудың жағдайларын туғыза алмағандығының салдарынан... тарихта болған «кемшіліктер» туралы ғана сөз болуға тиісті-мыс. Маркстің қоғамдық-экономикалық формациялар дамуының табиғи-тарихи процессі жөніндегі негізгі идеясы социология деп аталғысы келіп жүрген бұл балалық моральды тамырынан қиятын-дығы айқын нәрсе. Маркс бұл негізгі идеяны қалай жасап шығарды? Маркс бұл идеяны қоғам тұрмысының түрлі салаларынан экономика саласын бөліп шығару арқылы барлық қоғамдық қатнастардан, — негізгі, басқа қатнастардың бәрінің басы және сол басқа қатнастардың бәрін билейтін қатнас ретінде, — *өндіріс қатнастарын* бөліп шы-

ғару арқылы жасап шығарды. Маркстің өзі бұл мәселе жөніндегі пікірлерін былай деп жазды:

«Өзімнің ойымдағы күдіктерді ашу үшін менің қолға алған бірінші жұмысым — Гегельдің право философиясын сын жүзінде талдап өту болды. Бұл жұмыс мені мынадай қорытындыларға келтірді: саяси формалар сыяқты, праволық қатнастарды да заңдылық және саяси негіздерден ғана шығады және солармен ғана дәлелденеді деуге болмайды; ол қатнастарды адам зат рухының жалпы дамуы деп аталып жүргендермен дәлелдеу және содан шығару онан бетер мүмкін емес. Бұлардың түбірі тек материалдық-тұрмыстық қатнастарда ғана; XVIII ғасырдағы ағылшын және француз жазушыларының үлгісімен, Гегель бұл қатнастардың жыйнағын «азаматтық қоғам» деп атайды. Ал азаматтық қоғамның анатомиясын саяси экономиядан іздеу керек. Саяси экономияны зерттеуден менің тапқан қорытындымды қысқаша былай деп тұжырымдауға болады. Материалдық өнім өндірген кезде адамдардың бір-бірімен белгілі қатнас жасауларына — *өндірістік қатнас* жасауларына тура келеді. Өндіріс қатнастары дәл сол кездегі экономикалық күштердің шамасынан келген еңбек өнімінің даму дәрежесіне әрқашан да сәйкес болып отырады. Осы өндіріс қатнастарының жыйынтығы қоғамның экономикалық құрылысы, іс жүзіндегі негізі болады, осы негізге саяси және заңдық қондырмалар орналасады және қоғамдық сананың белгілібір формалары осы негізге сәйкес болады. Сонымен, өндіріс тәртібі тұрмыстың әлеуметтік, саяси және нақты рухани процестерін билеп отырады. Бұл өндірістік қатнастардың өмір сүруі адамның санасына байланысты емес, қайта, керісінше, адам санасының өзі осы қатнастарға байланысты. Бірақ өндірістің дамуының белгілібір сатысында өндіруші күштер адамдардың өз арасындағы өндіріс қатнастарына қайшы шығады. Осының салдарынан олар өндіріс қатнастарының заң жүзіндегі көрінісіне, яғни мүлікке иелік ету тәртіптеріне қайшы шыға бастайды. Сол уақытта өндіріс қатнастары өндіру ісіне сәйкесуден қалады, сөйтіп өндіру ісін қыспақтай бастайды. Осыдан келіп — қоғамдық төңкерістер заманы туады. Экономикалық негіздің өзгеруімен бірге осыған негізделген бүкіл орасан зор қондырма да белгілібір дәрежеде, кейде жай, кейде тез, өзгереді. Мұн-

дай төңкерістерді зерттеп қарағанкезде өндіріс жағдайында болған материалдық өзгерісті қатты айыра білу қажет, бұл өзгеріс табиғи-ғылым жүзінде анықталған болуы керек; мұнымен қатар, заңдық, саяси, діни, көркем әдебиеттік және философиялық формаларда, бір сөзбен айтқанда, адам санасына соқтығысу туралы ой-пікір енгізетін және сол үшін жасырын түрде күрес жүргізетін идеологиялық формаларда болған өзгерістерді айыра білу қажет. Біз жеке адам туралы сол адамның өз ойы тұрғысынан қарай алмаймыз, сол сияқты төңкерістер заманы туралы да сол заманның санасының тұрғысынан қарауға болмайды. Қайта, бұл сананы материалдық тұрмыстың қайшылықтарынан, қоғамдық өндіруші күштер мен өндірістік қатнастар арасындағы соқтығысулардан деп түсіндіру керек... Жалпы түрінде қаралып отырған азиялық арғызамандық, феодалдық және жаңа буржуазиялық өндіріс тәртіптері қоғамның экономикалық формацияларының тарихындағы прогрестік заман ретінде қаралулары мүмкін»[19].

Социологиядағы осы материализм идеясының өзі данышпандық идея болды. Әрине, *әзірге* бұл тек ғылми болжау ғана болды, бірақ бұл ғылми болжау болғанда да тарихи және қоғамдық мәселелерге нағыз ғылми түрде қарауға бірінші рет мүмкіндік туғызған ғылми болжау болды. Социологтар осы уақытқа дейін өндіріс қатнастары сияқты ең қарапайым және бастапқы қатнастарды зерттеудің жолын білмей, салғаннан саяси-заң формаларын зерттеп білуге кірісетін, сөйтіп бұл формалардың адам баласының қазіргі уақыттағы белгілібір идеяларынан туғандығына келіп тіреліп, онан әрі аса алмай тоқтап қалатын; мұның нәтижесінде адамдар қоғам қатнастарын біле тұра өздері құратын сияқты болып көрінетін. Бірақ Contrat Social[20] туралы идеяда толық көрсетілген бұл қорытынды (бұл идеяның ізі утопиялық социализмнің барлық системаларында анық көрініп отырады) барлық тарихи тәжрибелерге мүлде қайшы келді. Қоғам мүшелері өздері өмір сүріп отырған қоғам қатнастарының жыйынтығын белгілі тұтас, пәлендей негізі бар бір нәрсе деп еш уақытта да түсінген емес, қазірде де түсініп отырған жоқ; қайта халық бұл қатнастарға санасынан тыс, өздері ойымен сезбей икемделіп отырған, және бұ-

ларды ерекше тарихи қоғамдық қатнастар ретінде түсіне алмағандығы сонша: мәселен, адам баласы айырбас қатнастарының тұсында көп ғасырлар бойы өмір сүріп келсе де, айыбрас қатнастарының өзі тек ең соңғы кезде ғана түсіндірілді. Материализм бұл қайшылықты жойды, ол зерттеуді тереңдетіп, адамның осы қоғамдық идеяларының шығуын білуге дейін жеткізді; сондықтан оның — идеялардың өзгеруі тұрмыстың өзгеруіне байланысты деген қорытындысы ғылми психологияға бірден-бір сай келетін қорытынды. Онан соң, екінші жағынан, бұл ғылми болжау социологияны бірінші рет ғылым дәрежесіне жеткізді. Социологтар осы уақытқа дейін қоғамның шиеленіскен күбылыстарының ішіндегі маңызды күбылыстар мен мәнсіз күбылыстарды айыруға қыйналып келді (мұның өзі социологиядағы субъективизмнің сарқыны) және күбылыстарды осылайша айыруға объективтік тұрғы таба алмай келді. Материализм бұған толық объективтік тұрғы тауып берді, ол «өндіріс қатнастарын» қоғамның құрылысы ретінде бөліп шығарды және бұл қатнастарға күбылыс қайталануының жалпы ғылми тұрғысын қолдануға мүмкіндік туғызды; ал субъективтер бұл тұрғыны социологияда қолдануға болмайды деп есептейтін. Олар тек идеологиядағы қоғамдық қатнастармен ғана (яғни құрылудан бұрын адам санасы* арқылы өтетін қатнастармен) шұғылданып жүргенде түрлі елдердің қоғам күбылыстарындағы болып отыратын қайталаушылықты және ол күбылыстардың белгілібір дұрыс түрде өтіп отыратынын байқай алмай жүрді, сондықтан олардың ғылымы ең мықтағанда осы күбылыстарды тек суреттеу ғана, шикі материалды теру ғана болды. Материалдық қоғам қатнастарын талдау (яғни адам санасынан өтпей тұрып құрылатын қатнастар: адамдар өнімді айырбастағанда — өндірістік қатнастарға енеді, олар бұл арада қоғамдық өндірістік қатнасы бар екенін сезбейді де), — осы материалдық қоғам қатнастарын талдау қоғам күбылыстарындағы қайталаушылық пен ол күбылыстардың дұрыс өтіп отыратынын байқауға және түрлі елдердегі тәртіптерді *қоғамдық формация* деген негізгі бір ұғым етіп қо-

* Осы айтып келе жатқанымыздың бәрі де, әрине, басқа түрлі қатнастар емес, тек *қоғамдық* қатнастарды сезіп түсіну туралы.

рытуға бірден-ақ мүмкіндік туғызды. Тек осылай етіп қорыту ғана қоғам құбылыстарын суреттеуден (және оларды идеал тұрғысынан бағалаудан), оларды нағыз ғылми жолымен талдау әдісіне көшуге мүмкіндік берді, мысал үшін айтатын болсақ, бір капиталистік елдің екінші капиталистік елден айырмашылығы неде және олардың барлығына да бірдей ортақ нәрсе не екенін айыруға мүмкіншілік берді.

Ақырында, үшіншіден, бұл ғылми болжаудың *ғылми* социологияның келіп шығуына тұңғыш рет мүмкіншілік туғызуының себебі: қоғам қатнастарын қорыта келіп өндіріс қатнастарын шығару, ал бұл өндіріс қатнастарын қорыта келіп өндіруші күштердің жоғарғы дәрежесін шығару ғана қоғамдық формациялардың дамуын табиғи-тарихи процесс деп ұғынуға мықты негіз салды. Ал мұндай көзқарас болмайынша қоғамдық ғылымның да болуы мүмкін емес екендігі өзінен өзі түсінікті. (Мәселен, субъективистер тарихи құбылыстардың заңдылығын мойындай отырып, олардың эволюциясына табиғи-тарихи процесс деп қарай алмады, — мұның бұлай болу себебі: олар адамның тек қоғамдық идеялары мен мақсаттарына ғана тоқталып, осы идеялар мен мақсаттарды қорыта келіп, олардан қоғамның материалдық қатнастарын шығаруды білмеді.)

Бірақ бұл ғылми болжауды 40ншы жылдары айтқан Маркс, материалды іс жүзінде (мұны nota bene*) зерттеуге кіріседі. Ол қоғамдық-экономикалық формацияларды бірін — товарлы шаруашылық системасын — алып, адам айтқысыз көп мәліметтердің (бұл мәліметтерді ол кемінде 25 жылдай зерттеді) негізінде осы формацияның іс жүзінде өмір сүру және оның даму заңдарын толық талдап берді. Бұл талдауда қоғам мүшелерінің арасындағы бір ғана өндірістік қатнастары алынған: мәселені түсіндіру үшін осы өндірістік қатнастардан басқа ешқандай дәлелдерге сүйенбестен, Маркс қоғам шаруашылығының товар құрылысының қалай дамыйтындығын, бұл товар құрылысының капиталистікке қалай айналатындығын, мұның антагонистік (сол қалыптасқан-ақ өндіріс қатнастары көлемінің өз ішінде) таптарды — буржуазия

---

* Мұны ескеріңіз.

мен пролетариатты тудырғанын, оның қоғам еңбегінің өнімін қалай өсіретіндігін, сөйтіп бұл капиталистік құрылыстың негіздерімен үйлесе алмайтын қайшылықта болатын элементті қалай туғызатындығын көруге мүмкіншілік жасайды.

«Капиталдың» *ірге тұлғасы* осындай. Алайда, Маркс бұл тұлғаға, әдеттегі мағнадағы бір ғана «экономикалық теорияға» қанағаттанып қойған жоқ, осы қоғамдық формацияның құрылысы мен дамуын *ылғый* өндірістік қатнастармен *түсіндіре* отырып, ол осы өндірістік қатнастарға сәйкес келетін қондырмаларға да барлық жерде ұдайы көз жіберіп отырды, сөйтіп бұл тұлғаға тән және жан берді,— міне істің мәні осында. Сондықтан да «Капитал» осындай үлкен абройға ие болды, өйткені «неміс экономисінің» бұл кітабы оқушыларға бүкіл капиталистік қоғам формациясын тұрмыстағы бар күйінде — оның тұрмыс қалпын, таптардың өндірістік қатнастарына тән антогонизмнің іс жүзіндегі әлеуметтік көрінісін, капиталистер табының үстемдігін қорғайтын буржуазиялық саяси қондырмаларды, бостандық, теңдік, т. с. жөніндегі буржуазиялық идеяларды, семьяның буржуазиялық қатнастарын көрсетті. Дарвинмен салғастырудың дәл салғастыру екені енді түсінікті: «Капитал», «асқар таудай нақтылы көп ыспаттамалардан келіп туған, біраз қорытылып айтылған, өз-ара тығыз байланысқан идеялардың» дәл өзі. Сондықтан, егер кімде-кім «Капиталды» оқый тұра, бұл қорытылып айтылған идеяларды байқай алмаса, онда оның өзі Маркстің кінасы емес, өйткені, біздің жоғарыда көргеніміздей, бұл идеяларды Маркс тіпті алғысөзінде-ақ көрсеткен болатын. Ол-ол ма, мұндай салғастыру сыртқы жағынан ғана емес (сыртқы жақтарына Михайловский мырзаның неліктен ерекше назар салғаны белгісіз), сонымен бірге ішкі жағынан да дұрыс. Егер Дарвин хайуандар мен өсімдіктердің түрлерін ешнәрсеге байланысы жоқ, кездейсоқ «құдайдың өзі жаратқан» және өзгермейтін нәрсе деген көзқарасты мүлде жойып, түрлердің өзгеріп отыратындығы мен олардың өз-ара сабақтастығын ашып, биологияны толық ғылми негізге бірінші рет салған болса, — нақ сол сияқты Маркс те қоғамды жеке адамдардың, бастықтардың еркі бойынша (болмаса, бәрібір, қоғам мен үкметтің еркі бойынша) түрлі өзгерістерге келіп,

кездейсоқтықпен пайда болатын және кездейсоқтықпен өзгеретін механикалық агрегат деген көзқарасты мүлде жойды, сөйтіп социологияны бірінші рет ғылми негізге салды, қоғамдық-экономикалық формация дегеніміз сол өндірістік қатнастардың жыйынтығы деген ұғым деп анықтады және бұл формациялардың дамуы табиғи-тарихи процесс екендігін анықтады.

Енді — «Капитал» жарыққа шыққаннан бері — тарихты материалистік түрде ұғыну ғылми болжау емес, ғылым жүзінде дәлелденген қағыйда; сондықтан біз белгілібір қоғамдық формацияның — белгілібір елдің немесе халықтың, не тіпті таптың да, т. с. тұрмысының емес, нақ қоғамдық формацияның, — өмір сүруі мен дамуын ғылым жүзінде басқаша түсіндіруге ұмтылған талаптарға қолымыз жеткенше, — басқаша талаптану болғанда, «тиісті ыспаттамаларды» дәл материализмнің тәртіптегеніндей етіп тәртіптей алатын, сондай-ақ белгілібір формацияны нағыз ғылми түрде түсіндіре отырып, оны тұрмыстағысындай етіп суреттей алатындай талап болғанша — соған дейін тарихты материалистік түрде ұғыну қоғамдық ғылымның синонимы болмақ. Материализм, Михайловский мырзаның ойлағанындай, «тарихты көбінесе ғылми жолмен ұғыну» емес, тарихты тек қана ғылми жолмен ұғыну болып табылады.

Ал енді — «Капиталды» оқыса да, оның ішінен материализмді таба алмаған адамдардың болуы сыяқты күлкі істі көргендеріңіз бар ма! Михайловский мырза шынымен түсінбей, — ол материализм қай жерде? — деп сұрайды.

Ол «Коммунистік манифесті» оқыған, бірақ оның қазіргі тәртіптерді — заң, саясат, семья, дін және философия жөніндегі тәртіптерді — материалистік түрде ұғындыратындығын, тіпті социалистік және коммунистік теорияларға берілген сынның өзі де белгілібір өндірістік катнастарға негізделетіндігін де байқай алмаған.

Ол «Философия бишаралығын» оқыған, бірақ онда Прудонның социологиясын талдау материалистік көзқарас тұрғысынан талқыланатындығын, алуан-алуан тарихи мәселелерді Прудонша шешушілікті сынау материализм принциптеріне сүйенетіндігін, бұл мәселелерді шешу

үшін мәліметтерді қайдан іздеу керектігі жөнінде автордың өзі берген нұсқауларының барлығы да айналып келгенде өндірістік қатнастарға келіп соғатындығын байқай алмаған.

Ол «Капиталды» оқыған, бірақ, өзінің алдында қоғамдық формацияларды бірін — және ең қыйын формацияны — материалистік әдіспен талдаудың үлгісі гұрғандығын, үлгі болғанда жұрттың бәрі мойындаған және ешкім асып түсе алмаған үлгісі тұрғанын байқай алмаған. Міне сондықтан ол отырады да: «Маркс өзінің тарихты материалистік түрде ұғынуын қай шығармасында баяндады?» деген терең мағналы сұрақты шешу үшін үлкен ойға батады.

Марксті білетін адамның қай-қайсысы болса да оның бұл сұрауына: Маркс өзінің тарихты материалистік түрде ұғынуын қай шығармасында баяндамаған еді? деп қайыра сұрау беру арқылы жауап берген болар еді. Бірақ Михайловский мырза Маркстің материалистік зерттеулерін Кареев сияқтылардың: «экономикалық материализм» деген сияқты тарихи жағынан софистік еңбек сымағында тиісті номерлерімен көрсетілген кезде ғана түсінетін болуы керек.

Мұның ең сөкет жері сол: Михайловский мырза Марксті, «тарихи процестің белгілі теорияларының барлығын қарап шықпады» (sic!*) деп кіналайды. Мұнысы енді тіпті қызық. Я бұл теориялардың, $^{9}/_{10}$, мәнісі неде болды? Бұлар қоғам деген, прогресс деген не және тағы сондай сұрауларға таза априорлық, догмалық және абстрациялық пікірлерге негізделген (Михайловский мырзанын ақыл-ойы мен жүрегіне жылы тиетін мысалдарды алып отырмын). Мұндай теориялар тіпті қазірде бар болғандығы себепті жарамсыз, өзінің негізгі тәсілдері жағынан, өзінің түгелдей және үмітсіз оңбаған метафизикалық болғандығы жағынан жарамсыз теориялар ғой. Іске қоғам деген не және прогресс деген не? дейтін мәселелерден бастап кірісудің өзі — іске аяғынан бастап кіріскендік деген сөз. Сіздер ешбір қоғамдық формацияны зерттемей тұрып, ең аяғы қоғамдық формация деген ұғымның өзін анықтап алмай тұрып, ең аяғы ешқандай қоғамдық қат-

---

* — Солай де! — *Ред.*

настарды іс жүзінде шындап үйренуге, объективтік түрде талдауға кірісе алмай тұрып, қоғам мен прогресс жөніндегі жалпы ұғымды қайдан алмақсыздар? Мұның өзі метафизиканың нағыз барып тұрған белгісі, ғылым атаулының бәрі алдымен осыдан бастаған болатын: дәлелдерді зерттеуге қалай кірісуді білмей тұрып, қашан да болса a priori* жалпы теориялар ойлап шығарып, олары қашан да болса жемісіз қалып жүретін. Метафизик-химик химия процестерін іс жүзінде әлі зерттей алмай жүріп химияның қосылу күшінің қандай күш екендігі туралы теория ойлап шығарған-ды. Метафизик-биолог өмір және өмір күші деген не? дегенді сөз ететін-ді. Метафизик-психолог жан деген не? дегенді әңгіме ететін-ді. Мұндағы алынған тәсілдің өзі-ақ оғаш болатын-ды. Алдымен психикалық процестерді түсіндірмей тұрып, жан туралы сөз етуге болмайды: жан деген не деп жалпы теория ойлап және философиялық ереже ойлап шығаруды қойып, белгілібір психикалық процестерді сыйпаттайтын фактыларды зерттеу ісін ғылым негізіне қоя білу керек, бұл мәселе жөніндегі прогресс міне дәл осындай болуға тиіс. Сондықтан жан дегеніміз не? деген мәселе жөнінде (психикалық құбылыстың бірде-бірін, тіпті ең карапайымын да, дұрыс түсінбей тұрып) өмір бойы «зерттеу» жазған метафизик-психологтің ғылми психологті — сен жан туралы белгілі теориялардың барлығын қайта қарап шықпадың деп кінаалағаны қандай болатын болса, Михайловский мырзаның қойған кінасы да дәл сондай. Айталық, ол осы ғылми психолог, жан туралы философиялық теорияларды былай қойып, психикалық құбылыстардың — жүйке тамыр процестерінің заттық негізін зерттеуге тікелей кірісті, сөйтіп пәлендей психикалық процестерді талдап тексеріп, оны түсіндірді дейік. Ал біздің метафизик-психолог бұл еңбекті оқып, оны мақтайды — процестер жақсы суреттеліп, фактылары жақсы зерттелген дейді, — сөйте тұра ол бұған қанағаттанбайды. Бұл оқымысты-ның психологияны мүлде өзгеше түсінетіндігі туралы, ғылми психологияның ерекше әдісін қолданғандығы туралы маңайындағы адамдардың айтып жүргенін есті салып, бұл адам қызуланып: ғафу етіңіз, бұл әдіс қай

* Өз алдына, тәжрибеге байланысты емес нәрсе. *Ред.*

шығармада баяндалды екен? Бұл еңбекте жазылғандардың бәрі «жалаң фактылар ғана» емес пе? Бұл еңбекте «жан туралы осы уақытқа дейінгі белгілі философиялық теориялардың барлығын» қайта қарап шыққандығы туралы тым болмаса ескерту де жоқ емес пе? деп қаратер болады. Бұл мүлде жарамсыз еңбек қой!

Қоғамның не екендігі туралы априорлық пікірлердің жеміссіз екенін байқамайтын, мәселені зерттеп, түсіндірудің орнына мұндай тәсілді қолдану, қоғам деген түсінікке не ағылшын саудагерінің буржуазиялық идеяларын, не Россия демократының мещандық-социалистік идеяларын тықпалауға ғана мүмкіндік беретіндігін, одан басқа ешбір нәтиже бермейтіндігін түсінбейтін социолог-метафизик үшін «Капиталдың» жарамсыз еңбек болып шығатындығы да, әрине, дәл сол сияқты. Сондықтан да бұл философиялық-тарихи теориялардың барлығы сабынның көбігіндей ілезде көпіріп, ілезде жоғалып отырды, бұл теориялар ең мықтағанда өз уақытындағы қоғамдық идеялар мен қатнастардың белгісі болды, жалғыз-жарым болса да, бірақ оның есесіне нағыз шын («адамзат жаратылысына сай келетін қатнастарды» емес) қоғамдық қатнастарды адамдардың дұрыс түрде *ұғынуын* тіптей де болса алға қарай жылжытқан жоқ. Бұл жөнінде Маркстің алып адым басып, ілгері бастырғаны сол — ол қоғам мен прогресс туралы жалпы пікірлердің бәрін былай жыйнап қойып, оның есесіне *бір* қоғам мен *бір* прогресті — капиталистік қоғам мен капиталистік прогресті *ғылми* түрде талдап берді. Ал Михайловский мырза Марксті істі аяғынан бастамай, басынан бастады, түпкі қорытындылардан бастамай, фактыларды талдап зерттеуден бастады, қоғамдық қатнастардың не екендігі жайындағы жалпы теориялардан бастамай, тарихи жағынан белгілібір қалыпқа келген жеке қоғамдық қатнастарды зерттеуден бастады деп кіналайды! Сөйтіп ол: «бұған сәйкесті еңбегі қайда?» деп сұрайды. Ай, қайран сабаз субъективтік социолог-ай!!

Егер біздің субъективтік философ материализм оның қай шығармасында дәлелденді деген мәселе жөнінде күдіктенсе — онысы бірсәрі болар еді. Бірақ ол — материализмді дәлелдеу түгіл тарихты материалистік түрде ұғынудың баяндалған жерін де ешқайдан таба алмаған-

дығына қарамастан (мүмкін, мұның өзі де соны таба алмағандықтан болып отырған шығар), — бұл доктринаның ешуақытта дұзына да алмаған талаптарын сол доктринаға әкеп жапсыра бастайды. Блостың: Маркс тарихты мүлде жаңаша *ұғынуды* жариялады деген сөзін келтіре салып, ол, ешбір шімірікпестен. бұл теория «адам баласына оның өткен дәуірін түсіндірді», «адам баласының басынан кешіргендерінің бәрін (sic!!?)» т. с. ұғындырды деген атақты алуға дәмеленеді деп соғады. Мұның бәрі шіп-шикі өтірік қой! Бұл теория ешбір басқа қоғам құрылысын емес, тек бір ғана капиталистік қоғам құрылысын түсіндіргісі келеді. Материализмді бір ғана қоғамдық формацияны зерттеуге және оны түсіндіруге қолданудың өзі мұндай тамаша нәтиже бергендіктен, материализмнің тарихта ғылми болжау болмай ғылым жүзінде тексерілген теория болып келе жатқаны әбден табиғи нәрсе; мұндай әдістің басқа да қоғам формацияларына іс жүзінде анайы зерттелінбеген және әбден талдап тексерілмеген қоғам формацияларына да хажетті әдіс екендігі әбден табиғи нәрсе, — дәл осы сыяқты, хайуандар мен өсімдіктердің кейбір түрлері жөнінде олардың трансформациялану фактысын дәл анықтау әлі де болса мүмкін болмағанмен, толып жатқан фактылар жөнінде дәлелденген трансформизм идеясы биологияның бүкіл саласына тарайды. Сөйтіп, трансформизм түрлердің келіп шығуының «бүкіл» тарихын түсіндіруге дәмеленбей, бұл сыяқты түсіндірудің тәсілдерін ғылми дәрежеге көтеруге ғана талпынатын сыяқты, тарихтағы материализм де барлық нәрсені түсіндіруге ешуақытта да дәмеленген емес, ол, Маркстің айтуы бойынша («Капитал»), тарихты ұғынудың тек «бірден-бір ғылми» тәсілін көрсетуге ғана тырысты[21]. Михайловский мырза алдымен Маркстің айтқандарын бұрмалайды, тарихтағы материализмге «барлық нәрсені түсіндіргісі», «сыры ашылмаған тарихи істердің бәріне кілт» тапқан болып көрінгісі келеді деген сыяқты ерсі жалаларды (Михайловскийдің мақаласы жөнінде жазған «хатында»[22] Маркс мұның бәрін бірден, әрине, өте ащы тілмен жоққа шығарды) әкеп жапсырады, онан соң сол өзі ойлап шығарған талаптары жөнінде қыйпақтап, ақырында, Энгельстің — материалистердің ұғынып жүрген саяси экономиясын «келешекте

жасау керек», «біздің саяси экономикадан ұғынғанымыздың бәрі» капиталистік қоғамның тарихымен ғана[23] «сарқылады» деген пікірін дәл келтіріп, — дәл пікірі деуіміздің себебі: бұл жолы ол Энгельстің сөзін өзінше айтпай, цитата келтірген сөздер — «бұл экономикалық материализмнің аумағын өте тарылтып жіберді!» деген қорытынды шығарады; — міне осыған қарап, Михайловский мырзаның айтыста қаншалықты тілмар, салмақты және сыпайы әдіс қолданатындығын білуге болады! Мұндай айлакершілік ешкімнің көзіне түспей кетеді деп ойлау үшін адамға қандайлықты шексіз аңқаулық немесе қандайлықты шексіз өркөкіректік керек! Ол ең алдымен Маркстің айтқандарын бұрмалады, сонан соң өз өтірігіне өзі қыйпақтады, одан кейін Энгельстің дәл пікірлерін келтірді — сөйтіп енді бұл пікірлер экономикалық материализмнің аумағын тарылтады дегенді айтуға арсыздықпен дәті барады!

Михайловский мырзаның бұл қыйпақтауының түрі мен сапасының қандай екенін мына мысалдан көруге болады: «оларды» — яғни экономикалық материализм теорияларының негіздерін, — «Маркс ешқайда да дәлелдемейді» —дейді Михайловский мырза. «Рас, Маркс Энгельспен бірге философиялық-тарихи және тарихи-философиялық шығарма жазуға ойланған болатын және оны жазған да болатын (1845—1846 жылдары), бірақ бұл шығарма ешуақытта жарияланбады[24]. Бұл жөнінде Энгельс: «Бұл шығарманың бірінші бөлімінде тарихты материалистік түрде ұғынушылық баяндалады, бұл баяндауда экономия тарихы жөніндегі білігіміздің қандайлық жеткіліксіз болғаны ғана көрсетілді» дейді. Осыдан келіп Михайловский мырза — сонымен, «ғылми социализм» мен экономикалық материализм теориясының негізгі пункттері, авторларының біреуінің өз мойындауы бойынша, мұндай іске керекті біліктің оларда жеткіліксіз болған кезінде ашылып, соның артынан «Манифесте» баяндалды» деген қорытынды жасайды.

Шынымен-ақ, әсем сын емес пе! Энгельс біздің экономикалық «тарих» женіндегі біліміміз жеткіліксіз болды, сондықтан олар өздеріміздің «жалпы» тарихи-философиялық шығармамызды басып шығармадық дейді. Ал Михайловский мырза мұны өзінше бұрмалап, олардың «ғыл-

ми социализмнің негізгі пункттерін» дайындап шығару сыяқты іске», яғни бұдан бұрын «Манифесте» берілген «буржуазиялық» құрылысты ғылми түрде сынауға білімі жетпеді деп көрсетеді. Екінің бірі: не Михайловский мырза тарихтың бүкіл философиясын қамту талабы мен буржуазиялық режимді ғылым жүзінде түсіндіру талабының арасындағы айырманы түсіне алмайды, не ол саяси экономияны сынауға Маркс пен Энгельстің білімі жетімсіз болды деп ойлайды. Ал бұлай болған жағдайда ол тым қатал, өйткені бізді бұл жетімсіздік туралы өз пікірлерімен, оған енгізген түзетулерімен және толықтыруларымен таныстырмай отыр. Маркс пен Энгельстің өздерінің тарихи-философиялық еңбектерін жарияламай, барлық күшті қоғамдық құрылыстың бір түрін ғана ғылым жүзінде талдап зерттеу жолына жұмсауға бел байлаулары ғылми адалдықтың ең жоғарғы дәрежесін көрсетеді. Ал Михайловский мырзаның: Маркс пен Энгельс өз көзқарастарын құрастыруға білімдерінің жеткіліксіз екенін мойындай отырып, өз көзқарастарын баяндады деген осы қосымшасымағы жөнінде білгірсуге бел байлауы — оның айтыста қолданған тәсілінде ақылғөйліктен де, сыпайыгершіліктен де ешнәрсе жоқ екендігін ғана көрсетеді.

Тағы бір үлгісін алайық: «Экономикалық материализмді тарихи теория ретінде негіздеу үшін Маркстің alter ego сы* — Энгельс көбірек еңбек сіңірді, — дейді Михайловский мырза. Оның «Морганның ой-өрістеріне байланысты (im Anschluss) семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген арнаулы тарихи еңбегі бар. Бұл «Anschluss» өте тамаша нәрсе. Американдық Морганның кітабы, Маркс пен Энгельс экономикалық материализмнің негіздерін жариялағаннан кейін көп жыл соң, оған байланыссыз, дербес жарыққа шықты». Ал енді келіп осы кітапқа «экономикалық материалистер қосылып кетіпті-мыс» және мұнымен қатар, тарихқа дейінгі дәуірде таптар күресі болмағандықтан, олар тарихты материалистік түрде ұғыну тұжырымына материалдық бұйымдарды өндірумен қатар адамның өзін өндіру де, яғни бала тудыру да шешуші

* Екінші мен, сынары. Ред.

міндет болып табылады деген «түзетуді» енгізді, ал бала тудыру алғашқы заманда, еңбек өзінің өнімі жағынан өте нашар дамыған кезде ең бірінші орын алған болатын дегенді айтты.

«Морганның сіңірген ұлы еңбегі сол, — дейді Энгельс, — ол Солтүстік Америка индейцтерінің ру қатнастарынан ескі замандағы грек, рим және герман тарихының бұған дейін шешілмеген өте маңызды жұмбақтарының шешуін тапты»[25].

«Сонымен — деп соғады Михайловский мырза бұл жөнінде — 40-жылдардың аяқ кезінде тарихты мүлдем жаңаша, материалистік және нағыз ғылми түрде ұғынушылық ашылып, жарыққа шығарылды; Дарвиннің теориясы қазіргі табиғат тану ісіне қандай қызмет етсе, тарихты мұндай ұғынушылық та тарихи ғылымға сондай қызмет етті». Бірақ бұл ұғымы — деп Михайловский мырза сонан кейін тағы да бір рет қайталайды — ешуақытта да ғылым жүзінде дәлелденбеді. «Бұл ұғынушылық нақтылы дәлелдердің кең және түрлі салаларында тексерілмегендігі былай тұрсын («Капитал» — «жоғарыда айтылғандарға сәйкес келмейтін» еңбек, онда жазылғанның бәрі жалаң дәлелдер мен жалықпай жүргізілген зерттеулер ғана!), ол ең аяғы басқа философиялық-тарихи системаларды тым болмаса сынап, бекерге шығару жолымен болса да жеткілікті түрде дәлелдеген де жоқ». Энгельстің — «Herrn E. Dühring's Umwälzung der Wissenschaft»*—кітабы «жол-жөнекей айтылған тілмарлық әрекеттер ғана», сондықтан Михайловский мырза, бұл «тілмарлық әрекеттер» «утопиядан бастайтын» социологиялардың мағнасыздығын өте сөзшеңдікпен көрсететіндігіне қарамастан, бұл шығармада сөз болған толып жатқан мәнді мәселелерді мүлде елеусіз қалдырып кетуді мүмкін іс деп санайды; бұл шығармада «зорлау теориясының» әбден сыналғандығын, бұл «зорлау теориясы» бойынша саясат-заң тәртіптері экономикалық тәртіптерді билеп отырғанын, бұл теорияны «Русское Богатство»дағы» публицист мырзалар соншама тырысып жүзеге асырып отырғанын ескермей кетуді мүмкін іс деп санай-

---

*«Е. Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» («Анти-Дюринг») *Ред.*

ды. Шынында да, шығармада материалистік түрде шешілген ең болмағанда бір мәселені шындап талқылаудан гөрі, шығарма туралы ешбір мағнасы жоқ бірнеше сөз айта салған оңай да ғой; оның үстіне бұл хауіпті де емес, өйткені цензура бұл кітаптың аудармасын ешуақытта да жібермейтін болу керек, сондықтан Михайловский мырза өзінің субъективтік философиясына хауіп келтірмей-ақ ол кітапты тілмарлықпен өткір жазылған кітап деп атай алады.

Тағы бір ерекше және сабақ боларлық нәрсе оның (адамға тіл өз пікірін жасыру үшін — немесе бос нәрсеге ой-пікір формасын беру үшін берілгендігін суреттеу үшін) Маркс «Капиталына» берген сыпаттамасы. ««Капиталдың» тарихи мазмұнда жазылған тамаша жақсы жерлері бар, **бірақ** (бұл «бірақ» делінген сөз тамаша айтылған сөз, мұның өзі тіпті «бірақ» емес, кәдімгі атышулы «mais», мұның орыс тіліне аударғандағы мәнісі: «құлақ маңдайдан жоғары өспейді» деген сөз) бұл тамаша жақсы жерлері кітаптың алдына қойған міндеті бойынша белгілібір тарихи кезеңге ғана арналған және экономикалық материализмнің негізгі ережелерін қуаттамайды, бар болғаны тарихи құбылыстардың белгілібір бөлімдерінің экономикалық жақтарына ғана жай тоқталып өтеді». Басқа сөзбен айтқанда: «Капитал» — тек капиталистік қоғамды зерттеуге ғана арналған шығарма — осы қоғамды және оның қондырмаларын материалистік көзбен талдайды, **«бірақ»** Михайловский мырза бұл талдауды елемей кетуді мақұл көреді: бұл арада, көріп отырған боларсыздар, әңгіме тек «бір» дәуір туралы ғана болып отыр, ал ол Михайловский мырза барлық дәуірді орағысы келеді, орағанда, жекелеп бірде-бір дәуір туралы да әңгіме етпейтіндей етіп орағысы келеді. Бұл мақсатқа жету үшін — яғни шынына келгенде бірде-бір дәуірге тоқталмай-ақ, барлық дәуірді орап айту үшін — бір ғана жол бар екендігі мәлім, ол жол «сырты сұлу», бірақ іші қуыс жалпы орындар мен сөздердің жолы. Ал сылдыр сөзбен құтылып шығу өнеріне келгенде Михайловский мырзамен ешкім де тең түсе алмайды. Бақсақ, ол, яғни Маркс «экономикалық материализмнің негізгі ережелерін баянды етіп дәлелдемей, бар болғаны тарихи құбылыстардың белгілібір тобының экономикалық жақтарына жай ғана

тоқталып өткендіктен» Маркстің зерттеулеріне (жеке) тоқталудың қажеті жоқ көрінеді ғой. Қандай терең ойлылық десеңізші! — «Баянды етіп дәлелдемейді», ал тек «жай ғана тоқтап өтеді» дейді! — Шынында, қай мәселені болса да құрғақ сөзбен боямалау оңай екен ғой! Мәселен, егер Маркс заң қолданатын мемлекеттің азаматтық тең праволылық, еркімен келісімдесушілік және сол сияқты негіздері товар өндірушілердің қатнастарынан қалай туатындығын сансыз рет көрсетсе — мұны не деп есептеуге болады? Маркс мұнысымен материализмді баянды етіп дәлелдеп шыққаны бола ма немесе оған тек «жай» ғана тоқталып өткені бола ма? Біздің философымыз өзіне біткен жұпынылықпен дұрыс жауап беруден бас тартып, сөйлеуге сұлу, бірақ айтарға нәрі жоқ өзінің «тілмарлық әрекеттерінен» тікелей қорытынды жасайды.

Бұл қорытындыда ол былай дейді: «Бүкіл жержүзілік тарихты көрсетуге дәмеленген теория жарияланғаннан кейін 40 жыл өткен соң да рим және германдардың арғы замандағы тарихы ол теория үшін шешілмеген жұмбақ күйінде қалғандығы таңқаларлық нәрсе емес; ал бұл жұмбақтарды шешетін кілтті, бірінші ден, экономикалық материализм теориясына ешбір қатысы жоқ, ол теория туралы ешнәрсе білмеген адам тауып берді, екіншіден, ол кілтті экономикалық дәлелдермен емес, басқа дәлелдердің жәрдемімен тауып берді. Энгельстің экономикалық материализмнің негізгі тұжырымымен ең болмаса сөз жүзіндегі байланысын сақтау үшін қолданып отырған «адамның өзін өндіру», яғни бала тудыру деген термині біраз күлерліктей әсер туғызады. Алайда, адам баласының тіршілігі талай ғасырлар бойы осы тұжырыммен болып отырмағандығын ол амалсыз мойындап отыр». Я, шынында да, Михайловский мырза, сіздің бұлай айтысуыңыз тіпті «таңқаларлық нәрсе емес!». Бұл теория тарихты «көрсету» үшін дәлелдерді қоғамның идеологиялық қатнастарынан емес, материалдық қатнастарынан іздеу керек дейді. Нақтылы дәлелдердің жетімсіздігі бұл тәсілді Европаның арғы замандағы тарихының кейбір өте маңызды құбылыстарын, мәселен, гентильдік[26] құрылысты талдау үшін қолдануға мүмкіндік бермеді, осының кесірінен ол

құрылыс шешілмеген жұмбақ күйінде қалып келді *. Бірақ Америкада Морган жыйнаған байтақ мол материал оған гентильдік құрылыстың мәнісін талдауға мүмкіншілік берді, сөйтіп ол гентильдік құрылыстың мәнісін түсіндіретін дәлелдерді идеологиялық қатнастардан емес (мәселен, праволық немесе діни қатнастардан емес), материалдық қатнастардан іздеу керек деген қорытынды жасады. Бұл фактының материалистік әдісті соншалықты тамаша қуаттайтындығы, — онан басқа ешнәрсені де қуаттамайтындығы анық нәрсе. Михайловский мырза бұл доктринаға *мін тағып,* біріншіден, ең қыйын тарихи жұмбақтарды шешу кілтін экономикалық материализм теориясына «ешбір қатысы жоқ» адам тапты дейтін болса— онда кейбір адамдардың пайдалы сөзді өздеріне қатты соққы беретін сөзден айыра білмегендігіне тек таңқалуға ғана тура келеді. Екіншіден, — бала тудыру экономикалық фактор емес — дейді біздің философ. Бірақ сіз Маркстің не Энгельстің ылғый экономикалық материализм туралы ғана сөз қылғанын олардың қай шығармаларынан оқыдыңыз? Олар өздерінің көзқарастарын сыйпаттай келіп, оны тек материализм деп қана атаған болатын. Олардың негізгі идеясы: қоғам қатнастары материалдық және идеологиялық болып екіге бөлінеді дейлі (бұл идея жоғарыда Маркстен алынған цитатаның өзінде де өте ашық көрсетілген). Идеологиялық қатнастар адамның өз тіршілігін сақтау үшін істеген ісінің (нәтижесі) түрі ретінде, адамның еркі мен санасынан тыс құрылатын материалдық қатнастардың үстінен қондырылатын қондырма ғана болып табылады. Саяси-заңдық формалардың түсінігін — дейді Маркс жоғарыда келтірген цитатада — «материалдық-тұрмыстық қатнастардан» іздеу керек. Амал не, әлде Михайловский мырза бала тудыру жөніндегі қатнастар идеологиялық қатнастарға жатады деп ойламай ма екен? Михайловский мырзаның

---

* Михайловский мырза бұл арада да қыйпақтап бағады: бұл қалағы тарих жұмбақ күйінде қалды дейсіздер де, әрі арғызамандейді. Сіз, Михайловский мырза, гентильдік құрылыс туралы мәсемәселелердің қатарына қосылатындығын оқу құралының қай-қайсысынан болса да біле аласыз.

бұл жөндегі түсініктерінің ерекшелігі сонша, оларға тоқталып өтуге тура келеді. ««Бала тудыру» мен экономикалық материализмнің арасында — дейді ол — сөз жүзінде болса да байланыс жасау үшін «бала тудыру» деген сөзді айтып, қалай әуреленсек те, «бала тудыру» қоғам тұрмысындағы құбылыстардың күрделі шумағында басқа құбылыстармен, оның ішінде экономикалық құбылыстармен де, қалай қыюласып ұштасса да, бала тудырудың өзінің физиологиялық және психикалық тамырлары бар. (Михайловский мырза, сіз бала тудырудың физиологиялық тамырлары бар деген сөзді емшектегі балаға айтып отырғаннан амансыз ба!? Сіз бұл жерде көзіңізді жұмып кімді алдамақсыз?) Ал мұның өзі бізге экономикалық материализмнің теоретиктері, тарих былай тұрсын, тіпті психологияны да меңгере алмапты дегенді еске түсіреді. Цивилизациялы елдердің тарихында ру байланыстарының маңызы жойылғандығында ешбір күман жоқ, бірақ дәл жыныс, семья байланыстары жөнінде мұны жаңағыдай сеніммен айта қою екі талай. Әрине, бұл байланыстар жалпы тұрмыстың күрделі түрге айналуы нәтижесінде қатты өзгерістерге ұшырап отырды, бірақ диалектика жөнінде белгілі орамдылық болса, тек заңдылық қатнастар ғана емес, оның үстіне экономикалық қатнастардың өзі де жыныс, семья қатнастарының үстінен қондырылған «қондырма» болып табылатындығын дәлелдеуге болар еді. Біз бұған тоқталып жатпаймыз, бірақ сөйтсе де мұрагершілік тәртібін атап көрсетіп кетеміз».

Ақыр аяғында болса да біздің философымызға бос сөз саласынан шығып *, белгілі тексеруге келетін және істің мәнісін оп-оңай «айта салуға» жол бермейтін дәлелдерді сөз етуіне сәті түсті. Ал енді Марксті сынаған сыншымыздың мұрагершілік тәртібі — жыныс, семья қатнастарының үстінен қондырылған қондырма деп қалай дәлелдейтіндігін байқап көрейік. «Экономикалық өндірістің өнім-

---

* Материалистердің түрлі-түрлі тарихи мәселелерді материалистік түрде толып жатқан түсіндірулерінің ішінен тіпті *бірде-бірін* талқылауға кіріспей тұрып, материалистерді, сендер тарихты меңгере алмадыңдар деп кінәлау сыяқты әдісті, шынында, бос сөз демегенде не деп атау керек? Немесе, дәлелдеуге болар еді, бірақ біз мұнымен әуреленіп жатпаймыз деп айтып отырғандарын бос сөз демегенде не деп атау керек?

дері — деп соғады Михайловский мырза — мұраға көшеді («Экономикалық өндірістің өнімдері»!! Мұның өзі неткен оқымыстылықпен айтылған сөз! Қандай үнді сөз! Және тілі неткен әдемі десеңізші!), ал мұрагершілік тәртібінің өзі де іс жүзінде белгілі дәрежеде экономикалық бәсекеге байланысты болады. Бірақ, біріншіден, мұраға материалдық бұйымдарға жатпайтын бұйымдар да қалдырылады, — мұның өзі балаларды әкелерінің рухында тәрбиелеудің камын ойлауда көрінеді». Сонымен, балаларды тәрбиелеу ісі мұрагершілік тәртібіне жатады екен ғой! Мәселен, Россиялық азаматтық заңдарда «балалардың ата-анасы үйдегі тәрбие арқылы олардың (балалардың) пыйғылдарын бейімдеуге және үкметтің бағытына сәйкес етуге тырысуға тиіс» деген статья бар. Сірә, біздің философымыз мұрагершілік тәртібі деп осыны айтып отырған жоқ па екен? — «ал екіншіден, — тіпті осы экономика саласында қала отырып-ақ, — егер мұрагершілік тәртібі мұраға қалдырылатын өндіріс өнімдерісіз болмайды десек, онда ол «бала тудырудың» нәтижесісіз де — оларсыз да және оларға тікелей кіретін күрделі және шыңы жетілген психикасыз да бола алмайды». (Жоқ, сіз: күрделі психика бала тудырудың нәтижесіне «кіреді» деген тілге көңіл бөліңіз! Мұның өзі тамаша тіл ғой!) Демек, мұрагершілік тәртіп дегеніңіз семьялық, жыныстық қатнастардың үстінен қондырылған қондырма, өйткені мұра дегеніңіз бала тудырусыз мүмкін емес қой! Я, мұның өзі нағыз Американы ашқандық емес пе! Жұрттың бәрі осы уақытқа дейін, тамақ ішудің қажеттілігі меншіктік тәртібін оншама түсіндіре алмайтыны сияқты, бала тудыру да мұрагершілік тәртібін оншама түсіндіре алмайды деп ойлап келді. Жұрттың бәрі осы уақытқа дейін, мәселен, Россияда поместиелік система[27] өрлеген дәуірде жер мұраға көше алмаған болса, (өйткені жер тек ойда ғана меншік деп саналатын), мұның түсінігін сол кездегі қоғам құрылысының өзгешеліктерінен іздеу керек деп ойлап келген еді. Михайловский мырза мәселені сол кездегі помещиктің бала тудыру нәтижелеріне кірген психиканың жете күрделі болмағандығымен-ақ оп-оңай түсіндіруге болады деп ойлайтын шығар.

Біз жұртқа әйгілі нақыл сөзді қайта қайырып айтып, «халық досын» ақтара тексерсеңіз, — сіз буржуаны таба-

сыз дей аламыз. Шынында да, мұрагершілік тәртібінің бала тәрбиелеумен және бала тудыру психикасымен, тағы сондайлармен байланыстылығы туралы Михайловский мырзаның бұл сөздерінен — бала тәрбиелеу ісі сияқты, мұрагершілік тәртібі де сондай мәңгілікті, қажетті және хасиетті нәрсе дегеннен басқа қандай мағна шығуы мүмкін! Рас, Михайловский мырза «мұрагершілік тәртібі белгілі дәрежеде экономикалық бәсеке фактысына байланысты» деп өзіне құтылларлық жол қалдыруға тырысқан, бірақ мұнысы тек сұрауға тура жауап беруден жалтаруға тырысқандық қой, тырысқанда да — жарамсыз тәсілдермен жалтаруға тырысқандық қой. Мұраның нақ қандайлықты «белгілі дәрежеде» бәсекеге тәуелді болатындығы жөнінде бізге бірде-бір сөз айтылмай отырғанда, бәсеке мен мұрагершілік тәртібі арасындағы бұл байланыстың қалайша болатындығы мүлде түсіндірілмей отырғанда, бұл ескертуді біз қалай еске алмақпыз? Шынында, мұрагершілік тәртібі жеке меншіктіліктің осы күннің өзінде-ақ барлығын көрсетеді, ал жеке меншік айырбас шыққаннан соң ғана пайда болады. Жеке меншік қоғамдық еңбектің түрлі мамандыққа бөліне бастауына және өнімдердің рынокке түсуіне негізделеді. Мәселен, индейцтердің алғашқы замандағы қауымының мүшелері өздеріне қажетті өнімдерді барлығы бірігіп өндіріп тұрған уақытта жеке меншіктің болуы да мүмкін емес еді. Қауымда еңбекті бөлініп істеу еніп, қауым мүшелері әрқайсысы бөлектеніп өз беттерімен белгілібір өнім өндірумен шұғылданып, оны рынокке сата бастаған кезде, товар өндірушілердің материалдық жағынан осылайша даралануынан келіп жеке меншіктілік болу тәртібі шықты. Жеке меншік те, мұра да — дараланған, ұсақ семьялар (моногамдық) құралып, айырбас дамый бастаған кездегі қоғамдық тәртіптердің категориялары болып табылады. Михайловский мырзаның алған мысалы оның дәлелдегісі келген ойын керісінше дәлелдейді.

Михайловский мырзаның тағы да бір келтірген дәлелі бар, — онысы тағы бір өз алдына тапқан асыл сөз! Михайловский мырза материализмді түзете келіп былай дейді: «ру байланыстарын алатын болсақ, олар бір жағынан өндіріс түрлерінің тигізген ықпалы арқылы (тағы бір бұлтарыс, бұрынғыдан да гөрі ашық бұлтарыс. Өндірістің

атап айтқанда қандай түрлерінің ықпалы? Құрғақ бос сөз!) цивилизациялы халықтардың тарихында ізін жойып кетті, ал екінші жағынан өздерінің онан әрі өмір сүре беруі арқылы және араласулары арқылы — ұлттық байланыстар арқылы ыдырады». Демек, ұлттық байланыстар дегеніміз ру байланыстарының жалғасы мен қосылуы екен ғой! Михайловский мырза өзінің қоғам тарихы туралы түсінігін, сірә, гимназистерге оқытылатын балалар ертегісінен алған болу керек. Қоғамдық тарихта — дейді бұл жазылған доктринасымақ — алдымен семья болды, мұның өзі қоғам атаулының ұясы * болып табылады, сонан кейін семья өсе келе әулетке, ал әулет өсе келе мемлекетке айналды дейді. Егер Михайловский мырза бұл балалар әуенін кеудесін керіп қайталап отыратын болса, мұны дәл қазіргі көрсетіп отырғанындай, — басқаларының барлығын былай қойғанда, — онда оның тым болмаса орыс тарихының барысы туралы да ешбір түсінігінің жоқ екенін көрсетеді. Егер арғызаманғы Русь елінің рушылық тұрмысы туралы сөз қылсақ,— орта ғасырлардың өзінде-ақ, Москва патшалығы тұсында, бұл ру байланыстары болған жоқ, яғни мемлекет мүлдем ру одақтарына емес, жергілікті одақтарға негізделді: помещиктер мен монастырлер өздеріне шаруаларды әр жақтан алып отырды, сөйтіп осы жолмен құралған қауымдар нағыз территориялық одақтар болды. Бірақ сөзді шын мағнасында алатын болсақ, ол кезде ұлт байланыстары туралы айта қою екі талай: мемлекет бөлек-бөлек «жерлерге» бөлінді, кей жерлерде тіпті бұрынғы автономияның нақтылы ізін, басқару ісіндегі ерекшеліктерін сақтап қалған, кайсыбір уақыттарда өзінің бөлек әскері (жергілікті боярлар соғыска өз полктарымен шығып отырды) бар, ерекше межелі шекаралары, т. с. бар князьдықтарға бөлінді. Бұл сыяқты облыстар, жерлер және князьдықтар орыс тарихының тек жаңа кезеңінде ғана (шамамен айтқанда 17 ғасырдан бастап) тұтас бір мемлекет болып іс жүзінде біріккендігі көрінеді. Бұл бірігуді, ардақты Ми-

---

* Бұл — нағыз буржуазиялық идея: бытыраңқы, ұсақ семьялар тек буржуазиялық режим тұсында ғана үстем болды; семьялар тарихқа дейінгі уақытта мүлде болған жоқ. Қазіргі заман тәртіптерінің белгілерін барлық заманда және барлық халықтарда болды деу — буржуазияның бойына айрықша бір сіңген ерекшелік.

хайловский мырза, ру байланыстары туғызған жоқ, тіпті ол байланыстардың онан әрі өмір сүруі мен араласуы да туғызған жоқ: бұл бірігуді облыстардың арасындағы күшейіп келе жатқан айырбас, біртелеп өсіп келе жатқан товар айналысы, жергілікті ұсақ рыноктердің бірыңғай Бүкілроссиялық рынокке айналуы туғызды. Бұл процесті басқарып, оны билеген капиталист-купецтер болғандықтан, бұл сыяқты ұлт байланыстарын құру — буржуазиялық байланыстарды құрудың дәл өзі болды. Михайловский мырза өзінің екі дәлелімен өзін өзі мұқатты, және ол бізге буржуазиялық сорақылықтың үлгісінен басқа ешнәрсені де көрсеткен жоқ; «сорақылық» дейтініміздің себебі — ол мұрагершілік тәртібін бала тудыру және оның психикасы арқылы, ал ұлтты — ру байланыстары арқылы түсіндірді; «буржуазиялық» дейтініміздің себебі — белгілібір тарихи қоғамдық формацияның (айырбасқа негізделген формацияның) категориялары мен қондырмаларын бала тәрбиелеу мен «тікелей» жыныс байланыстары сыяқты жалпыға ортақ және мәңгілік категориялар деп есептеді.

Мұндағы өте ерекше бір нәрсе — біздің субъективтік философымыз құр сөзден іс жүзіндегі нақтылы мысалдарға көшісімен-ақ батпаққа белшесінен батты. Ал ол отырған жері онша таза болмаса да, сірә, оның өзіне өте қолайлы болса керек: жайласып отырып алып, сәнденеді, айналасына батпақ шашады. Ол, мәселен, тарих дегеніміз тап күресінің толып жатқан кезеңдері деген қағыйданы теріске шығарғысы келеді, сөйтіп мұның өзі «шектен шыққандық» дегенді айтып, терең ойлы пішінмен былай дейді: «Тап күресін жүргізу мақсатымен Маркс ұйымдастырған жұмысшылардың халықаралық қоғамы[28] француз жұмысшылары мен неміс жұмысшыларының бірін бірі қырып күйзеуіне бөгет жасаған жоқ», сондықтан бұл «ұлт меңмендігі мен ұлт өшпенділігі қоздыратын кеселді» материализмнің жоймағандығын дәлелдейді-мыс». Бұлай деп айту сауда буржуазиясы мен өнеркәсіп буржуазиясының өте нақтылы мүдделері осы өшпенділіктің басты негізі болып табылатындығын және ұлттық сезімді өз алдына жеке фактор деп айту — істің мәнісін боямалаудан ғана болып табылатындығын сынышының мүлде түсінбегендігін көрсетеді. Айтқандай, біздің философымыздың ұлт

жөнінде қандайлықты терең ұғымының бар екенін біз жоғарыда көріп өттік. Михайловский мырза Интернационалға таза буреииндік [29] кекесінмен қарамаса, басқаша қарай алмайды: «Маркс — жұмысшылардың, рас, қазірде тарап кеткен, бірақ қайта орнау мүмкіндігі бар халықаралық қоғамының басшысы». Әрине, егер «Русское Богатство»ның № 2-дегі ішкі тұрмыс хабаршысының мещандық сорақылықпен былғап отырғаны сыяқты, «әділ» айырбас системасына халықаралық ынтымақтың nec plus ultra* деп қарайтын болса, айырбастың әділі де, әділ емесі де қашан да болса буржуазияның үстемдігін көксеп, соны қармайтындығын және айырбасқа негізделген шаруашылық құрылысты жоймайынша халықаралық соқтығысуларды тоқтату мүмкін емес екенін түсінбейтін болса, — онда Интернационалды келемеж етуден басқа ешнәрсе бітірмеуі түсінікті нәрсе. Әрбір жеке елдерде езілушілер табын езушілер табына қарсы күреске ұйымдастырып, оны топтастырып, жұмысшылардың осындай ұлттық ұйымдарын халықаралық капиталға қарсы күресу үшін жұмысшылардың халықаралық бір армиясы етіп біріктіруден басқа ұлт өшпенділігіне қарсы күресудің басқа жолы жоқ екендігін, бұл сыяқты қарапайым шындықты Михайловский мырзаның ойына сыйғыза алмайтындығы да онда түсінікті. Ал енді Интернационал жұмысшылардың бірінбірі қыруына бөгет жасамады дегенге келетін болсақ, бұл жөнде ұйымдасқан пролетариаттың соғысты жүргізген үстемдік етуші таптарға шын көзқарасын көрсеткен Коммуна оқыйғасын Михайловский мырзаның есіне салсақ — соның өзі де жеткілікті.

Михайловский мырзаның бүкіл осы айтысындағы аса бір ашындыратын жері — оның дәл осы тәсілдері. Егер ол Интернационал тактикасына наразы болса, егер ол Европа жұмысшыларының ұйымдасуына себеп болған идеяларға қосылмайтын болса, — тым болмаса ол идеяларды тура және ашық сынап, бұдан гөрі қолайлы тактика туралы, дұрысырақ көзқарастар туралы өзінің білетінін айтып берсе екен-ау. Ешбір белгілі, ашық қарсылық көрсетілмей, мағнасыз келемеж сөздер телегей-теңіз бос мылжыңның ішінде кез келген жерде кездесе береді. Әсіресе, егер

---

* Нағыз барып тұрған шегі. *Ред.*

Россияда Интернационалдың идеялары мен тактикасын ашық түрде жақтауға рұхсат етілмейтіндігін еске алсақ, мұны пасық сөздер деп қалай айтпассың? Михайловский мырзаның орыс марксистеріне қарсы айтыста қолданатын тәсілдері де нақ осындай: орыс марксистерінің белгілібір қағыйдаларын тура және нақтылы сынға салу үшін марксистердің қағыйдаларын адал және дәл тұжырымдауға ешбір еңбектенбестен, ол өз құлағына тиген марксистік дәлелдеулердің үзінділеріне ғана жармасып, оны бұзып көрсетуді тәуір көреді. Өздеріңіз ойлап қараңыздар: «Қоғамдық құбылыстардың тарихи қажеттілігі және заңға сәйкестілігі туралы идеяны нақ өзім аштым деп ойлау үшін Маркс тым ақылды және тым оқымысты адам болды... Төменгі сатыда (марксистік сатының)* мұны («тарихи қажеттілік идеясы Маркстің ойлап шығарған немесе оның ашқан жаңалығы емес — алдақашан анықталған шындық» екенін) білмейді немесе, ең болмағанда, бұл шындықты анықтауға ғасырлар бойы жұмсалып келген ақыл күштері мен жігер жөнінде күңгірт түсінікті болды».

Марксизм туралы бірінші рет естіп отырған жұртқа мұндай сөздер шынымен әсер ете алатындығы және мұндай жұрт ішінде сыншы өз мақсатына: шындықты бұрмалауға, қыйпақтауға және «жеңуге» (Михайловский мырзаның мақалалары туралы «Русское Богатство» қызметкерлерінің берген бағасы осындай дейді) оп-оңай жете алатындығы түсінікті нәрсе. Ал Марксті аз болса да білетін адам бұл сыяқты тәсілдердің мүлде жалған екенін және жел сөз екенін бірден-ақ көре алады. Маркспен келіспеуге болады, бірақ Маркстің бұрынғы социалистерге қарағанда «жа-

---

* Бұл мағнасыз термин жөнінде мынаны ескерте кету керек: Михайловский мырза Марксті (Маркс тым ақылды және тым оқымысты адам, біздің сыншымыз оның қай қағыйдасын болса да тура және ашық сынай алмайды), онан соң Энгельсті («ақылы, онша тапқыр емес» адамды), сонан кейін Каутский сыяқты азды-көпті дербес бағыты бар адамдарды, және қалған марксистерді ерекше бөлектеп көрсетеді. Ал бұл түрлеудің қандай елеулі маңызы болмақ? Егер сыншы, Марксті көпшілікке таратушыларға наразы болатын болса, — оған оларды Маркс жолымен түзетуіне кім бөгет жасайды? Ол мұндайлық ешнәрсе де істемей отыр. Ол өткір сөз айтуға салынған болу керек, бірақ оның мұнысы тым өрескел болып шықты.

налық» болып есептелетін өз көзқарастарын, өте анық тұжырымдағандығын талас етуге болмайды. Бұл жаңалық мынау: бұрынғы социалистер өздерінің көзқарастарын дәлелдеу үшін сол замандағы режим тұсында бұқараның езіліп отырғандығын, әркім өзінің өндіргенін пайдалануды қамтамасыз ететін құрылыстың артық екендігін, бұл сияқты мінсіз құрылыстың «адамның жаратылысына», ақылға сыйымды-адамгершілік тұрмыс ұғымына сәйкес келетіндігін және т. с. көрсетсе жеткілікті деп есептеді. Маркс мұндай социализмге қанағаттануға болмайды деп есептеді. Маркс қазіргі замандағы құрылысты сыйпаттамен, оған баға берумен және оны сөгумен қанағаттанған жоқ; ол европалық және европалық емес түрлі мемлекеттердегі түрліше болып отырған осы замандағы бұл құрылысты жалпы негізге — капиталистік қоғамдық формацияға әкеп тірей отырып, оны ғылым жүзінде түсіндірді; ол капиталистік қоғамдық формацияның өмір сүруі мен даму заңдарын дұрыс талдап тексерді (ол осы құрылыс тұсында қанаушылықтың *қажеттілігін* көрсетті). Ұлы утопист социалистер мен олардың болмашы эпигондары, субъективтік социологтар айтып жүрген — адамның жаратылысына бір ғана социалистік құрылыс үйлеседі деген сөздерге қанағаттануды да ол мүмкін емес деп санады. Ол капиталистік құрылысты өзінің сол *объективті* түрде талдап тексеруі арқылы капиталистік құрылыстың социалистік құрылысқа айналуы *қажет екендігін* дәлелдеді. (Маркс мұны дәл қалай дәлелдеді және бұған Михайловский мырза қалай қарсылық жасады деген мәселеге — бізге тағы да қайта оралуға тура келеді). Марксистерде жиі кездесіп отыратын қажеттілікке сүйенушіліктің бұлағы міне осы. Михайловский мырзаның мәселеге енгізген бұрмалауы айқын көрініп отыр: ол теорияның нақтылы дәлелді мазмұнын, оның барлық мәнісін түгел шығарып тастады, сөйтіп мәселені бүкіл теория «қажеттілік» деген бір ғана сөзге келіп тіреледі деген сияқты түрде көрсетті («іс жүзіндегі күрделі істерде жалғыз осы сөзге ғана сүйенуге болмайды»), бұл теорияның *дәлелділігі* тарихи қажеттіліктің осылай талап етуінде деген сияқты түрде көрсетті. Басқа сөзбен айтқанда, Михайловский мырза доктринаның мазмұны жөнінде үндемей қалып, оның құр атына жармасты, ал енді келіп «қарапайым дө-

рекі үйірме» жөнінде, Маркс ғылымын осындай үйірмеге айналдыруға өзі әрекеттенген үйірме жөнінде тағы да қыйпақтай бастайды. Әрине, біз бұл қыйпақтауға зер салып отырмаймыз, өйткені біз бұл нәрсемен жете таныстық. Михайловский мырза Буренин мырзаны мәз-майрам қылып, оның алдында ойнақтай берсін (Буренин мырза «Новое Время»да Михайловский мырзаның басынан тектен текке сыйпаған жоқ қой)[39] Маркспен хош айтысқаннан кейін, — «Оның утопистер мен идеалистерге қарсы айтысы онсыз да», яғни мұның дәлелдерін марксистер қайталамай да, «сыңаржақ айтыс» деп Маркске қарсы тасадан шәуілдей берсін. Біз мұндай әдепсіздікті шәуілдеу дегеннен басқаша атай алмаймыз, өйткені ол бұл айтысқа қарсы іс жүзінде кездесетін, айқын белгілі, тексеруге болатын *бірде-бір* қарсылық келтірген жоқ; сондықтан, — біз орыстың социалистік мәселелерін шешу үшін бұл айтысты өте маңызды деп есептеп, бұл тақырып жөніндегі әңгімеге біз қаншалықты ықыласымызбен араласқымыз келгенімен, — біз мұндай шәуілдеушілікке мүлде лайықты жауап таба алмай, таңырқап тек былай дейміз:

Ой, бұл қанден пілге де үрген ер шіркін ғой!

Михайловский мырзаның тарихи қажеттілік туралы бұдан кейінгі пікірі де қызық нәрсе, өйткені бұл пікір «біздің белгілі социологтің» (бұл атпен Михайловский мырза мәдениетті жұртшылығымыздың либералдық өкілдерінің арасында В. В. мырзамен бірдей пайдаланады) шын идеялық білімнің бетін бізге аздап болса да ашып береді. Ол «тарихи қажеттілік идеясы мен жеке адам ісінің маңызы арасындағы талас» туралы сөз қылады: қоғам қайраткерлері өздерін қайраткерлерміз деп ойлап адасады, шынында олар өздері «басқа бір қайраттан туып отыр», олар «тарихи қажеттіліктің имманенттік заңдарының астыртын қозғаулары арқылы қымылдап отырған жанды қуыршақтар» — бұл идеядан осындай қорытынды шығады-мыс, сондықтан да бұл идея «жеміссіз» және «дерексіз» идея деп аталады дейді. Михайловский мырзаның — жанды қуыршақ пен тағы солар сияқты бос мылжыңдардың барлығын қайдан алғаны оқушылардың барлығына бірдей түсінікті болмауы мүмкін. Істің мәні мынада болып отыр: субъективтік философтың

аса құмарта сөз қылатын мәселелерінің бірі — детерминизм мен адамгершіліктің арасындағы, тарихи қажеттілік пен жеке адам мәнызының арасындағы талас туралы идея. Ол бұл таласты адамгершілік пен жеке адамның ролінің пайдасына шешу үшін бұл туралы құлаш-құлаш қағаздар жазып, сентименталдық-мещандық сандырақтың түпсіз тұңғыйығын көкіді. Шынында, бұл арада ешбір талас жоқ: бұл таласты Михайловский мырза ойынан шығарып отыр; ол өзінің барынша жақсы көретін мещандық моралінің негізін детерминизм жойып жібереді деп хауіптенді (оның бұл хауіптенуі орынды да нәрсе). Детерминизм идеясы адам баласының қылықтарының қажетті іс екенін анықтай отырып, ерік бостандығы жайындағы жалған ертегіні теріске шығара отырып, адамның ақылын да, ар-ұятын да, адамның қыймылдарына баға беруді де ешбір жоймайды. Қайта, тек детерминистік көзқарасты ұстағанда ғана кез келген нәрсені адамның бостаншылықты еркіне уйе салмай, дәл және дұрыс баға беруге мүмкін болады. Сондай-ақ тарихи қажеттілік идеясы да жеке адамның тарихтағы ролін ешқандай кемітпейді: бүкіл тарих нағыз сөзсіз қайраткер болып табылатын жеке адамдардың қыймылдарынан құрылады. Жеке адамның қоғамдық ісіне баға бергенде туатын шын сұрау мынау: жеке адамның бұл ісінің жемісті болуы қандай жағдайларда қамтамасыз етіледі? бұл істің — өзіне қарсы жағдайлардың теңізіне батып кететін жалғыз-жарым іс болып қалмауына қандай сенім бар? Социал-демократтар мен орыстың өзге социалистері түрліше шешіп жүрген: социалистік құрылысты жүзеге асыруға бағытталған іс елеулі жемістерге жеткізу үшін бұқараны өзіне қалай тартуға тиіс? деген мәселе де осыдан келіп туып отыр. Бұл мәселенің шешілуі Россиядағы қоғам күштерінің жіктелуін, орыс тұрмыс шындығының құрылысын бейнелейтін таптар күресін танып білуге тура және тікелей байланысты болып отырғандығы даусыз нәрсе, — ал Михайловский мырза бұл жолы да тым болмаса мәселені дәл қоюға және ол жөнінде белгілібір шешім беруге әрекет жасамастан, тек мәселенің төңірегінде айналшықтап жүрді де қойды. Мәселені социал-демскраттарша шешу орыстың экономикалық тәртіптері буржуазиялық қоғам болып табылады дейтін көзқарасқа негізде-

летіні, бұл қоғамнан құтылудың бір-ақ жолы барлығы, ол жолдың буржуазиялық құрылыстың өз мәнісінен қажетті түрде шығатындығы, атап айтқанда ол жол — пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі екендігі жұртқа мәлім. Күрделі сын біздің тәртіптеріміз буржуазиялық тәртіп деген көзқарасқа қарсы, не бұл тәртіптердің мәнісі жөніндегі түсінікпен бұл тәртіптердің даму заңдарына қарсы бағытталуы керек екендігі айқын еді, — бірақ күрделі мәселелерді қозғау дегеніңіз Михайловский мырзаның ойына кіріп те шықпайды. Ол қажеттілік дегеніміз тым жалпы мағналы сөз деп және т. с. айтып, мағнасыз сылдыр сөздермен құтылып кетуді артық көреді. Михайловский мырза-ау, егер сіз қақтаған балық құсатып әуелі бүкіл маңызын алып тастап, сонан кейін қалған қауызымен әуре болатын болсаңыз, қай идея болса да тым жалпы мағналы сөзге айналады ғой! Қазіргі заманның шын күрделі, қызу мәселелерін бүркеп тұратын сыртқы қауыздың осы саласы — Михайловский мырзаның өте сүйетін нәрсесі, сондықтан ол, мәселен: «экономикалық материализм ерлер мен тобыр туралы мәселені елемейді немесе оны дұрыс көрсетпейді» дегенді ерекше көкірегін көтеріп баса көрсетеді. Көрдіңіз бе, орыстың қазіргі түрмысы нақ қай таптардың күресінен және қандай негізде құрылатындығы туралы мәселе Михайловский мырза үшін, бәлкім, тым жалпы мағнадағы мәселе болу керек, сондықтан ол бұл мәселеге сокпайды. Оның есесіне ерлер мен тобыр арасында — бұл тобыр — мейлі жұмысшылар, мейлі шаруалар, мейлі фабриканттар, мейлі помещиктер тобыры болсын, бәрібір — қандай қатнастар бар деген мәселеге ол өте құмартады. Мүмкін, бұл мәселелер «қызықты» да шығар, бірақ материалистерді барлық күштеріңді еңбекшілер табын 'азат етуге тікелей қатнасы бар мәселелерді шешуге жұмсайды деп кіналау — филистерлік ғылымды сүйгендік болады, одан басқа ешнәрсе де емес. Михайловский мырза өзінің материализмді «сынау» (?) қорытындысында нақты дәлелді дұрыс көрсетпеушіліктің тағы бір әрекетін және тағы бір бұрмалауды біздің алдымызға әкеп тартып отыр. Энгельстің қосшы экономистер[31] «Капитал» туралы әдейі үн қатқан жоқ деген пікірінің дұрыстығына шүбаланатындығын айтып (оның үстіне, мұны дәлелдеу үшін Германияда толып жатқан

университеттер бар деген сыяқты адам күлерлік пікірді айтады!), Михайловский мырза былай дейді: «Маркс оқушылардың дәл осындай тобын (жұмысшыларды) ғана ескерген жоқ еді, онымен қатар ғылым адамдарынан да біраз дәмеленген еді». Бұл мүлдем дұрыс емес: Маркс ғылымның буржуазиялық өкілдері жағынан әділ және ғылми сын болуын күтуге сенімнің аздығын өте жақсы білді, сондықтан «Капиталдың» 2-басылуына жазған соңғы сөзінде бұл туралы өте ашық айтты. Ол соңғы сөзінде былай деді: «Капиталды» неміс жұмысшы табының қалың бұқарасының өте тез арада ұғынуы — менің еңбегіме берілген ең жақсы сыйлық. Экономикалық мәселелерге буржуазиялық көзбен қарайтын Мейер мырза, франц-пруссия соғысы кезінде шыққан бір кітапшасында: немістердің мұралық дәулеті болып саналып келген теориялық ой жөніндегі асқан зеректік (der grosse theoretische Sinn) білімді деп аталып жүрген таптардан мүлде жоғалды, бірақ оның есесіне ол немістердің жұмысшы табының арасында қайтадан жанданып келеді деген өте дұрыс пікірді айтты» [32].

Михайловский мырзаның бұрмалауы тағы да материализмге қарсы бағытталған және нақ бұрынғы үлгісі бойынша құрылған. «Теория (материализмнің теориясы) ешуақытта да ғылым жүзінде дәлелденіп, тексерілген жоқ». Тезисінің түрі осындай. Дәлелі: «Энгельс пен Каутскийдің және кейбір басқа да адамдардың тарихи мазмұнда жазылған кітаптарының (Блостың ардақты еңбегінің де) жақсы жазылған жеке беттері экономикалық материализмнің атымен аталмай-ақ қойса да болар еді, өйткені («өйткені» дегенін ескеріңіз!) бұл үн қосушылық ішінде экономикалық үн басым болғанымен, олар да іс жүзінде (sic!) қоғам өмірінің бүкіл жыйынтығы ескеалынады». Қорытындысы...: «экономикалық материализм ғылым жүзінде өзін ақтай алмады».

Таныс нәрсе! Михайловский мырза бұл теорияның дәлелсіздігін ыспаттау үшін ең алдымен оны бұрмалайды, бұл теорияға қоғам тұрмысының бүкіл жыйынтығын ескеалмауға тырысады деген сорақы нәрсені әкеп таңады, — ал шындығында, қайта керісінше, материалистер (маркистер) қоғам тұрмысының тек экономикалық жағын ғана емес, барлық жақтарын да талдап зерттеудің қажеттігі

туралы мәселе көтерген бірінші социалистер болды*, — сонан кейін материалистер «іс жүзінде» қоғам өмірінің бүкіл жыйындысын экономика арқылы «жақсы» түсіндірді деп атап өтеді (бұл факт, сірә, автордың өзін соғатын факт болар), ал, ақырында, материализм «өзін ақтай алмады» деп қорытынды жасайды. Бірақ, Михайловский мырза, оның есесіне сіздің бұрмалауыңыз өзін тамаша ақтап шықты!

Міне, материализмді «теріске шығару» үшін Михайловский мырзаның бар келтірген дәлелдері осы. Тағы да айтам, бұл арада ешбір сын жоқ, құр бос көпірген мылжың сөздер ғана бар. Егер кімнен болса да: өндіріс қатнастары басқа қатнастардың негізі болып табылады деген көзқарасқа қарсы Михайловский мырза қандай қарсы дәлел келтірді? Маркстің материалистік метод арқылы тапқан қоғамдық формация туралы ұғымының және бұл формациялардың дамуының табиғи-тарихи процесі туралы ұғымының дұрыстығын ол немен теріске шығарды? ең болмағанда өзі аттарын атап өткен жазушылардың түрлі тарихи мәселелер жөніндегі берген материалистік түсініктерінің теріс екенін ол қалай дәлелдеді? — деп сұрасаңыз, оған

---

* Мұның өзі бұрынғы социалистерге қарағанда «Капиталда» және социал-демократтардың тактикасында әбден ашық айтылды. Маркс мәселенің экономикалық жағына ғана қанағаттанып тоқталмау керек деген талапты талай туралап айтты. Маркс шыққалы отырған журналдың программасын белгілей келіп, 1843 жылы Ругеге былай деп жазды: «Социалистік принцип тұтас алғанда мәселенің қайткенмен де бір-ақ жағы болып табылады... Біз мәселенің екінші жағына да, адам баласының теориядағы өміріне де, нақ сондай көңіл бөлуге тиіспіз, олай болса, дінді, ғылымды және басқаларын да сынға салуымыз керек. ...Дін адамзаттың теориялық күресінің тізбегі болып табылатыны сияқты, *саяси мемлекет* адамзаттың практикалық күресінің тізбегі болып табылады. Сөйтіп, саяси мемлекет өз формасының шегінде sub specie rei publicae (саяси тұрғыдан қарағанда) бүкіл әлеуметтік күрестерді, әлеуметтік керектер мен мүдделерді көрсетеді. Сондықтан нағыз ерекше (саяси мәселені — мәселен, сословиелік система мен өкілдік системаның арасындағы айырманы — сынға алу дегеннен ешқандай horreur des principes тен (принцип дәрежесінен *Ред.*), төмен түсу деген мағына шықпайды, өйткені бұл мәселе адам үстемдігі мен жеке меншік үстемдігінің арасындағы айырмашылықты *саяси* тілмен көрсетеді. Демек, сынаушы адам бұл саяси мәселелерді (пысықсыған социалистке бұл мәселелер ешбір көңіл бөлуге тұрмайтын мәселелер болып көрінеді)[33] сөз қыла алатыны былай тұрсын, сөз қылуға тиісті де».

әркім де — ешқандай қарсы дәлел келтірген жоқ, ешнәрсемен де теріске шығарған жоқ, ешбір теріс жерін көрсеткен жоқ деп жауап беруге тиіс. Ол істің мәнісін құр сөздермен боямалауға тырысып, ол мәселенің маңында айналшықтап жүрді де қойды, сөйтіп жолшыбай түкке тұрмайтын түрлі өтіріктерді ойынан шығарып отырды.

«Русское Богатствоның» № 2-де марксизмді теріске шығарам деп әуреленуді тоқтатпай отырған мұндай сыншыдан елеулі үміт күту қыйын. Ендігі бар айырмашылық: оның бұрмалауға шеберлігі сарқылып қалып, енді бұл жөнде ол басқалардың шеберлігімен пайдалана бастады.

Әуелі ол қоғам өмірінің «күрделілігі» туралы ұзақ сөзге салынады: міне тіпті гальванизмнің өзі экономикалық материализммен де байланыстырылады, өйткені Гальванидің тәжрибелері Гегельге де «әсер етті» дейді. Бұл неткен тауып айтылған өткір сөз! Мұндай әдісті қолдансақ, Михайловский мырзаны да қытай императорымен оп-оңай байланыстыруға болар еді! Бұдан, мұның үстіне, бөспе сөздерді айтуды рахат көретін адамдар да болады-ау дегеннен басқа қандай қорытынды шығуы мүмкін?!

«Оқыйғаның тарихи аяқ алысының мағнасын — дейді онан кейін Михайловский мырза — жалпы айтқанда кісі аңғарып болмайды, оны экономикалық материализмнің доктринасы да аңғарған жоқ, бұл доктрина, байқауымызша, 2 негізге: өндіріс пен айырбас формаларының барлық нәрсенің түйінін шешетін маңызының ашылғандығы мен диалектикалық процестің талассыздығына сүйенгенімен мұны аңғара алмады».

Демек, материалистер диалектикалық процестің «талассыздығына» сүйенеді екен! яғни өздерінің социологиялық теорияларын Гегель триадасымен негіздейді екен ғой. Біздің бұл жердегі кездесіп отырғанымыз: марксизмді Гегельдің диалектикасын қолданды деп, Марксті сынаушы буржуазиялық сыншылардың әбден тоздырған баяғы белгілі кіналауы. Бұл мырзалар доктринаға қарсы мәнді ешнәрсе айта алмай, Маркстің сөз құрау әдісіне жармасты, теорияның шыққан түбіне шабуыл жасады, сөйтіп оның маңызын түсіреміз деп ойлады. Михайловский мырза да бұл сияқты тәсілдерді қолданудан ұялмайды. Михайловский мырзаға сылтау болған нәрсе Энгельстің Дюрингке қарсы шығармасының бір тарауы болды. Маркстің

диалектикасына шабуыл жасаған Дюрингке қарсы шыға отырып, Энгельс былай дейді: Маркс ешбір нәрсені де Гегельдің триадасымен «дәлелдеймін» деп ешуақытта да ойлаған емес, Маркс шын процесті үйреніп, оны зерттеп қана отырды, теорияның дұрыстығын көрсететін бірден-бір шарты — теорияның шындыққа үйлесуі болып табылады деп есептеді. Егер, айталық, қайсыбір уақытта мұндай жерлерде белгілі бір қоғам құбылысының дамуы Гегельдің схемасына: бекерге шығару — бекерге шығаруды бекерге шығару деген ережесіне дәл келген болса, онда бұл арада таңырқайтын ешнәрсе жоқ, өйткені жалпы алғанда мұның өзі табиғатта соншалықты сирек кездесетін нәрселер емес. Энгельсте бұл жерде табиғи-тарихи саладан (дәннің дамуы) және қоғамдық саладан, мысалы, ең әуелі алғашқы заманның коммунизмі, сонан соң — жеке меншік, ал онан кейін — еңбектің капиталистік түрде қоғамдастырылуы болғаны сияқты; немесе ең әуелі тұрпайы материализм, сонан соң — идеализм, ал, ең соңында, — ғылми материализм болды дегендер сықылды мысалдарды келтіре бастайды. Энгельс дәлелдерінің негізгі салмағы: материалистердің міндеті — шын тарихи процесті дұрыс және дәл көрсетуде болды, ал диалектиканы жақтау, дұрыс екенін дәлелдейтін мысалдар жыйнау — ғылми социализмнің өзі арасынан шыққан гегельшілдіктің, оның сөз құрау тәсілінің қалдығынан басқа ешнәрсе емес; мұның өзі кімге де болса белгілі нәрсе. Шынында да, триадалар арқылы бірдемені «дәлелдеймін деу» — сорақылық болады, бұлай етем деп ешкім де ойлаған емес деп үзілді-кесілді айтылғаннан кейін, — «диалектикалық» процестер туралы мысалдардың қандай маңызы болмақ? Мұның өзі — доктринаның шыққан жерін көрсетуден басқа ешнәрсе емес екені айқын емес пе? Мұны Михайловский мырзаның өзі де сезіп отыр, өйткені теорияның шыққан жерін оған кінә етіп коюға болмайды дейді. Бірақ Энгельстің сөздерінен теорияның шыққан жерін көрсетуден басқа бірдеме табу үшін, шынында, материалистердің тым болмаса бір тарихи *мәселені* тиісті нақтылы дәлелдердің негізінде шешпей, триада арқылы шешкендігін дәлелдеу керек еді. Михайловский мырза мұны дәлелдеуге талаптанып көрді ме? Тіпті де талаптанған жоқ. Қайта оның өзі «Маркс диалектикалық бос схеманы нақтылы мазмұнмен сон-

шалықты мол етіп толтырды, сондықтан бұл схеманы осы мазмұннан, кесеге жабылған қақпақты алып тастаған сыяқты ешбір өзгеріссіз алып тастауға болады» деп мойындауға мәжбүр болды (бұл арадағы Михайловский мырзаның болашақ жөніндегі ерекшелігі туралы біз төменде айтпақпыз). Егер бұлай болса, бұл ешнәрсені өзгертпейтін қақпақпен Михайловский мырза осынша зорланып неге әуреленеді? Материалистер диалектикалық процестің талассыздығына «сүйенеді» деп не үшін айтады? Ол, осы қақпақпен соғыса отырып, мен ғылми социализм «тіреулерінің» біріне қарсы күресемін деп неге айтады, өйткені оның мұнысы шылғый өтірік емес пе?

Михайловский мырзаның триада мысалдарын калай талқылайтындығына менің зер салып отырмайтындығым өзінен өзі түсінікті, өйткені, тағы да айтам, мұның ғылми материализмге де, орыс марксизміне де ешбір қатнасы жоқ. Бірақ: марксистердің диалектикаға көзқарасын осынша бұрмалауға Михайловский мырзаның қандай дәлелдері болды? деген орынды сұрау туады. Оның екі дәлелі болды: біріншіден, Михайловский мырза бір дыбыс естіді, бірақ оның қай жақтан шыққанын аңғармаған; екіншіден, Михайловский мырза тағы бір жұлмалаушылық істеді (немесе, дұрысырақ айтқанда, Дюрингтен ұрлап алды).

Ad 1) *. Марксистік әдебиетті оқығанда Михайловский мырза қоғам ғылымындағы «диалектикалық методқа», тағы сол қоғам мәселелері саласындағы (әңгіме тек осы туралы ғана) «диалектикалық ойлауға» және т. с. ұдайы кездесіп отырды. Ол өзінің аңқаулығынан (тек аңқаулығынан ғана болса жақсы ғой) бұл методтың мәнісі социологиялық мәселелердің барлығын Гегельдің триада заңы бойынша шешуде деп ойлады. Егер ол іске бұдан гөрі сәл ұқыптырақ қарағаң болса, онда мұндай пікірдің сорақы екендігіне оның көзі жетпей қалмаған болар еді. Маркс пен Энгельс метафизикалық методқа карама-қарсы келетін диалектикалық метод деп социологиядағы дәл ғылми методты атайды, бұл ғылми метод қоғамды ұдайы дамып тұрған жанды организм деп қарайды (қоғамдағы элементтер механикалық түрде тіркеле салынған деп қарамайды,

* — 1-ші пунктке. *Ред.*

сондықтан кейбір қоғамдық элементтерді қалай болса солай, аударыстырып үйлестіруге келе береді деп қарамайды), ал бұл организмді зерттеу үшін сол қоғамдық формацияны болдырып отырған өндіріс қатнастарын объективті түрде талдап тексеру, бұл формацияның өмір сүру және даму заңдарын зерттеу қажет. Диалектикалық методтың метафизикалық методқа (бұл ұғымға социологиядағы субъективтік метод та сөзсіз қосылады) қандай қатнасының барлығын біз төменде Михайловский мырзаның өз пікірлерінен мысал келтіріп суреттеуге тырысып көреміз. Әзірінше тек мынаны ғана атап көрсетіп өтеміз: Энгельстің еңбегінен болсын (Дюрингке қарсы айтысы. Орысшасы: «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы»), Маркстің еңбегінен болсын («Капиталға» жазған түрлі ескертулері мен екінші басылуына арналған «Соңғысөзі»; «Философия бишаралығы»)[34] диалектикалық методқа мағна беру мен баяндалуын оқыған адамның қайқайсысы болса да — Гегельдің триадасы туралы ешқандай да сөз айтылмағанын, ал істің барлығы әлеуметтік эволюцияны қоғамдық-экономикалық формациялар дамуының табиғи-тарихи процесі деп қарауға келіп тірелетіндігін көреді. Мұны дәлелдеу үшін «Вестник Европы»[35] журналының 1872 жылғы № 5-де («К. Маркстің саяси-экономикалық сынға көзқарасы» деген мақала)[36] жазылған диалектикалық методтың қалай баяндалғандығын in extenso* келтіремін; мұны Маркс «Капиталдың» 2-басылуына жазған «Соңғы сөзінде» келтіреді. Маркс онда өзінің «Капиталда» қолданған методын жұрттың нашар түсінгендігін айтады. «Неміс сыншылары, әлбетте, гегельдік софистикаға салынды деп айқай салды». Сондықтан Маркс өз методын түсінікті етіп баяндау үшін жоғарыда аталған мақаладан сол методты баяндайтын үзінді келтіреді. Ол мақалада былай делінген: Марксе керегі бір-ақ нәрсе; атап айтқанда — өзінің зерттеп отырған құбылыстарының заңын табу, әсіресе оның ішінде бұл құбылыстардың өзгеру, даму заңы, олардың бір формадан екінші формаға, қоғам қатнастарының бір тәртібінен екінші тәртібіне өту заңдары Марксе өте қажет болды. Сондықтан Маркс бір-ақ нәрсенің: өзі үшін бастама және

* — толық, түгел. *Ред.*

тірек болып отырған нақтылы дәлелдерді барынша толық корыта отырып, қоғам қатнастарының осы тәртіптерінің қажетті екенін дәл ғылми зерттеу арқылы көрсетудің қамын ойлайды. Бұл мақсатты орындау үшін, егер ол, қазіргі құрылыстың қажеттілігін дәлелдей отырып, сонымен бірге, қалай болған күнде де өзінен бұрынғы құрылыстан басқа бір құрылыстың өсіп, шығуы қажет екенін де дәлелдесе, — соның өзі әбден жеткілікті; бұған жұрт сенсін, сенбесін, оны сезсін, сезбесін — ол бәрібір. Маркс қоғам қозғалысына заңдарға бағынатын табиғи-тарихи процесс деп қарайды; бұл заңдар адамдардың еркіне, сана-сезіміне және ниеттеріне бағынбайды, қайта адамдардың еркін, сана-сезімін және ниеттерін билеп отырады дейді. (Мұны адам алдына саналы «мақсаттар» қояды, белгілі бір мұратқа жетуді көздейді деп әлеуметтік эволюцияны табиғи-тарихи эволюциядан бөліп шығаратын субъективист мырзалардың есіне саламыз). Егер саналы элемент мәдениет тарихында осынша бағыныңқы орын алатын болса, онда дәл осы мәдениеттің өзін талдамақшы болған сын сананың белгілібір формасына немесе оның белгілібір нәтижесіне жарытып сүйене алмайды, ол өзінен өзі түсінікті. Басқа сөзбен айтқанда, сынға идея тіпті де сүйеу бола алмайды, тек сыртқы, объективтік құбылыс қана суйеу бола алады. Сынның міндеті: осы нақтылы фактыны идеямен емес, басқа бір нақтылы фактымен салыстырып, тендестіруде болуға тиіс; сынға екі фактының екеуі де мүмкіндігінше дәл зерттелуі қажет және бұл нақтылы фактылар, бірі біріне қарағанда, дамудың түрлі кезеңдерін көрсететін болуы қажет, оның бер жағында, әсіресе тұрмыстағы бізге белгілі қалыптар түгелімен, олардың сабақтастығы және дамудың түрлі сатыларының арасындағы байланысы нақ осындай дәлдікпен зерттелуі қажет. Маркс экономикалық тұрмыстың заңдары өткен уақыт үшін де, қазіргі уақыт үшін де бірдей дейтін идеяны теріске шығарады. Қайта, әрбір тарихи дәуірдің өзіне тән заңдары бар. Экономикалық өмір, биологияның басқа салаларындағы даму тарихы сияқты, белгілібір құбылыс болып табылады. Бұдан бұрынғы экономистер, экономикалық заңдардың жаратылысын түсінбегендіктен, экономикалық заңдарды физика, химия заңдарымен салыстырып жүрді. Тереңнен талдап тексеріп қарағанда, хайуандар

мен өсімдіктер организмдерінің бір-бірінен үлкен айырмасы болғаны сияқты, әлеуметтік организмдердің де бір-бірінен үлкен айырмашылығы болатындығы көрінді. Маркс капиталистік экономикалық құрылысты осы көзқараспен зерттеуді өзіне міндет етіп қоя отырып, экономикалық тұрмысты дәл зерттеудің қандайында болса да қолданылуға тиісті мақсатты нағыз ғылми түрде тұжырымдайды. Мұндай зерттеудің ғылми маңызы осы қоғамдық организмнің шығуын, өмір сүруін, дамуын, жойылуын және оның орнын басқа бір, жоғары дәрежелі организм алатынын тәртіпке салатын ерекше (тарихи) заңдарды анықтауда болып отыр.

Диалектикалық метод міне осылай сыйпатталған, Маркс мұны «Капитал» туралы журналдар мен газеттерде жазылған ұшан-теңіз мақалалардың ішінен теріп алып, неміс тіліне аударды, өйткені оның методына берілген осы сыйпаттама, Маркстің өз айтуы бойынша, өте дәл сыйпаттама. Бұл жерде, Михайловский мырза рыцарьлықпен ұрысып жүрген триадалар, трихотомиялар туралы, диалектикалық процестің талассыздығы және т. с. түкке тұрмайтын сандырақ туралы тым болмаса бір сөз айтылды ма? деп сұрауға болады. Ал Маркс бұл сыйпаттаудан кейін менің методым Гегельдің методына «тура қарама-қарсы» метод деп атап айтады. Гегельше, идеяның дамуы, триаданың диалектикалық заңы бойынша, шын өмірдің шын дамуын көрсетеді. Триадалардың маңызы туралы, диалектикалық процестің талассыздығы туралы, әрине, тек осы ретте ғана сөз көтеруге болады. Менің ойымша — керісінше — дейді Маркс: «идеялық дегеніміз материалдықтың тек көрінісі ғана». Сонымен, істің түйіні «қазіргі болып отырғанды және оның қажетті түрде дамуын позитивтік ұғынушылыққа» келіп тіреледі: триадаларға тек қақпақ пен қауыз (Маркс сол соңғы сөзде — «мен Гегельдің кербез сөзімен айттым» дейді) ролін атқарудан басқа орын да қалмайды. Мұндай рольге қызығу тек филистерлердің ғана қолынан келеді. Ендеше, ғылми материализмнің «тіреулерінің» бірін, яғни диалектиканы, сынға салғысы келіп, бірақ бұл диалектиканың не екені туралы, қоғам дамуының табиғи-тарихи процесс екендігі шын ба? қоғамдық-экономикалық формацияларды ерекше әлеуметтік организмдер деп қарайтын материалистік ұғым дұ-

рыс па? бұл формацияларға объективтік анализ жасаудың тәсілдері дұрыс па? қоғамдық идеялар қоғамдық дамуды билей алмайтыны, қайта қоғамдық идеяларды қоғамдық даму билейтіндігі дұрыс па? деген, т. с. мәселелер туралы тұқ айтпай, әр нәрсені бір шатып, тіпті құрбақа мен Наполеонды да әңгіме қылып отырған адамды енді не деп білуіміз керек? деген сұрақ туады. Мұндай жағдайда мұны тек бір ғана ұғынбаушылық деуге бола ма?

Ad 2)* Диалектиканы осындай «сынға» салғаннан кейін, Михайловский мырза Гегельдің триадасы «арқылы» дәлелдеудің бұл әдістерін Маркске тықпалайды, сөйтіп, әрине, жеңімпаздық пішінмен бұларға қарсы күреседі. «Келешек жөнінде — дейді ол — қоғамның имманенттік заңдары тек диалектикалық жолға салынған». (Жоғарыда айтылған ерекшеліктің де өзі осы.) Капитализмнің даму заңдарының нәтижесінде экспроприаторлардың сөзсіз экспроприациялануы туралы Маркс пікірі — «айрықша диалектикалық сыйпаты» бар пікір. Маркстің жер мен капиталдың қоғамдық болуы туралы «идеалы» — «болмай қоймайтындығы және күмансыздығы жағынан қарағанда Гегельдің үш буынды тізбегінің ұшынан ұстап қана жан сақтайды».

Бұл дәлел *түгелімен* Дюрингтен *алынған*, Дюринг мұны өзінің «Kritische Geschichte der Nationaloekonomie und des Sozialismus» (3-te Aufl., 1879. S. 486 — 487)** деген кітабында жазған болатын. Бұл жерде Михайловский мырза Дюринг туралы бір сөз де айтпайды. Мүмкін, Маркстің сөзін мұндайлық өтірік бұрмалаушылыққа ол өз бетімен жеткен шығар?

Дюрингке Энгельс тамаша жақсы жауап берді, сондықтан бұл жерде ол Дюрингтің сынын келтіріп отырғандықтанамыз [37]. Оқушылар бұл жауаптың Михайловский мырзаға да толық қатысы бар екенін көреді.

««Бұл тарихи очерк (Англиядағы капиталдың алғашқы қорлануы дейтіннің пайда болуы) — дейді Дюринг — Маркстің кітабының, басқа жерлерімен салыстырғанда,

* — 2-ші пунктке. *Ред.*

** — «Ұлттық экономия мен социализмнің сын жүзіндегі тарихы». (3-ншi басылуы, 1879. 486—487 беттері). *Ред.*

тәуір жері болып табылады; егер де ол, ғылми балдақтардан баска, тағы да диалектикалық балдақтарға да сүйенбеген болса мұның өзі бұдан да тәуір болған болар еді. Бұл арада Гегельдің бекерге шығаруды бекерге шығаруы, тәуірірек және ашығырақ дәлелдері болмағандықтан, кіндікшешенің ролін аткарады: бұл кіндікшешенің жәрдемімен келешек қазіргінің ішінен бөлініп шығады. Жеке адамның меншігінің жоғарыда көрсетілген жолдармен 16-ғасырдан бастап жойылуы—алғашқы бекерге шығару болып табылады. Мұның соңынан бекерге шығаруды бекерге шығару ретінде және сонымен бірге «жеке адамның меншігін» қайтадан калпына келтіру ретінде, бірақ жерді және еңбек құралдарын бірлесіп иеленушілікке негізделетін жоғарғы формада қалпына келтіру ретінде келетін екінші бір бекерге шығару келіп шығады. Егер бұл жаңадан шыққан «жеке адамның меншігін» Маркс мырза сонымен бірге «қауымдық меншік» деп атаған болса, онда Гегельдің жоғарғы бірлік дегенінің әсері нақ осы жерде білінеді, ал бұл жоғарғы бірлік ішінде қайшылық жоғалады (aufgehoben — Гегельдің өз термині), яғни, Гегельдің жаңылтпаш сөзі бойынша, қачша сақталса, сонша өрлейді.

...Сонымен экспроприаторларды экспроприациялау тарихи шындықтың материалдық сыртқы жағдайларында өзінен-өзі туатын нәтижесі тәрізді болып табылады... Гегельдің бекерге шығаруды бекерге шығару сияқты көз бояушылығына сену негізінде ғана жер мен капиталды қауым болып иеленудің қажеттілігіне бірде-бір есі бар адам сене қояр ма екен. Гегельдің диалектикасы сияқты ғылми материалдан не істеуге болатындығымен, немесе — дұрысырағы — бұл материалдан қандай сорақылықтар шығатындығымен таныс адамды Маркстің түсініктерінің күңгірт мүгедектігі таңдандыра алмайды. Бұл нәрселермен таныс емес адамдарға турасын айтамын, Гегельдің бірінші бекерге шығаруы қырық парыздан алынған күнаға бату деген түсініктің қызметін аткарады, ал екіншісі — күнадан құтқаруға жеткізетін жоғарғы бірліктің қызметін аткарады. Дін саласынан алынған бұл сияқты ұқсастық көз бояушылықтары арқылы, эрине, нақтылы фактылардың логикасын негіздеуге болмайды ...Маркс мырза жеке адамның меншігі, сонымен бір-

ге, қауымдық меншік болуы жөніндегі өзінің шатасқан идеясымен қанағаттанады да, бұл терең мағналы диалектикалық жұмбақтың шешуін өзінің шәкірттеріне өз бетімен шешуге қалдырады». Дюринг мырза осылай дейді.

Демек — деп қорытады Энгельс — Маркс әлеуметтік революцияның қажеттілігін, жерді және еңбекпен табылған өндіріс құралдарын қауымдық меншікке айналдырудың қажеттілігін Гегельдің бекерге шығаруды бекерге шығаруына сүйенбейінше дәлелдей алмайды екен ғой, ол өзінің социалистік теориясын діннен алынған осындай ұқсастық көз бояушылыққа негіздей отырып, — жоғалған қайшылықтың гегельдік жоғарғы бірлігі ретінде, болашақ қоғамда бір уақыттың ішінде меншіктің өзі әрі жеке, әрі қауымдық меншік болып өмір сүреді деген қорытындыға келеді екен ғой *.

Әзірге бекерге шығаруды бекерге шығару мәселесін былай қоя тұрып, енді осы «бір уақыттың ішінде әрі жеке, әрі қауымдық меншік болып табылатын меншікті» қарап көрейік. Дюринг мырза мұны «күңгірт» дейді, ол бұл жөнде — мұның өзі таңқаларлық іс болса да, — дұрыс айтып отыр. Бірақ оның бақытсыздығына қарай, бұл «күңгірттікте» отырған Маркс емес, тағы да сол Дюринг мырзаның нақ өзі... Ол Марксті Гегель жолымен түзете отырып,

---

* Дюрингтің көзқарастарының мұндай тұжырымын бүтіндей Михайловский мырзаға да қолдануға болады, бұған Михайловский мырзаның: «К. Маркс Ю. Жуковский мырзаның соты алдында» деген мақаласының мынадай жері дәлел бола алады. Михайловский мырза Жуковский мырзаның Маркс — жеке меншіктің жақтаушысы деген сөзіне қарсы шығып, Маркстің осы схемасын көрсетіп, оны былай деп түсіндіреді: «Маркс өзінің схемасына гегельдік диалектиканың жалпыға мәлім екі көз бояушылығын енгізді: біріншіден, схема гегельдік триаданың заңдары бойынша құрылған; екіншіден, синтезис қарама-қарсылықтардың: жеке меншік пен қауымдық меншіктің ұқсастығына негізделген. Демек, бұл арадағы: «жеке» деген сөздің диалектикалық процестің мүшесі ретінде айрықша тек шарты ғана мағнасы бар, сондықтан бұл сөзбен ешнәрсені де дәлелдеуге болмайды». Мұны айтқан адам — орыс жұртшылығының алдында «сангвинник» Марксті буржуа Жуковский мырзадан қорғай отырып, ең жақсы ниетпен айтқан еді. Сонымен ол өзінің дәл осы жақсы ниеттері арқылы Марксті түсіндіргенде — Маркс өзінің процесс жөніндегі түсінігін «көз бояушылықтарға» негіздейтін сыяқты етіп түсіндіреді! Михайловский мырза бұл жерде — қандай іс үшін болса да жақсы ықыластың жалғыз өзі аздық қылады деген өзіне пайдалы адамгершілік үлгі алуына болады.

Маркске меншіктің қайдағы бір жоғарғы бірлігі деген бірдемені әкеп таңады, ал Маркс бұл туралы бірде-бір сөз айтқан емес.

Марксте былай делінген: «Мұның өзі бекерге шығаруды бекерге шығару. Ол жеке меншікті қайта туғызады, бірақ оны капиталистік заманның тапқан жаңалықтары негізінде — ерікті қызметшілердің кооперациясы негізінде, олардың жерді және өздері өндірген өндіріс құралдарын қауым болып иелену негізінде туғызады. Әрине, жеке адамдардың өз еңбектеріне негізделген бытыраңқы жеке меншігін капиталистік меншікке айналдыру іс жүзінде осы кезде-ақ өндірістің қоғамдық процесіне негізделіп отырған капиталистік жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырудан гөрі анағұрлым ұзақ, қыйын және ауыр процесс болып табылады». Міне бар болғаны осы. Сонымен экспроприаторларды экспроприациялау арқылы құрылған тәртіптердің мәнісі мынада болады: жерді және қызметшілердің өздері жасаған өндіріс құралдарын қауым болып иелену «негізінде» жеке меншік қайта орнайды. Неміс тілін білетін адамдардың (орыс тілін білетін адамдардың да, Михайловский мырза, өйткені аудармасы өте дәл) қай-қайсысы үшін болса да мұның мәнісі мынау болмақ: қауымдық меншікке жер және басқа да өндіріс құралдары жатады, ал жеке меншікке — басқа өнімдер, яғни тұтыну заттары кіреді. Ал мәселе тіпті 6 жасар балаға да түсінікті болуы үшін, Маркс 56-бетте (орысша басылуының 30-бетінде) «жалпыға ортақ өндіріс құралдарымен жұмыс істейтін және өздерінің жеке жұмыс күштерін бүтін бір қоғамдық жұмыс күші етіп жоспармен жұмсайтын ерікті адамдардың одағын», яғни социалистік түрде ұйымдастырылған қауымды сөз қылып, былай дейді: «Еңбектің барлық өнімі қоғамдық өнім болып табылады. Бұл өнімнің бір бөлегі қайтадан өндіріс құралы ретінде пайдаланылады. Мұның өзі қоғамдық болып қалып отырады». Бірақ өнімнің екінші бір бөлегі одақ мүшелерінің күн көру қажетіне ұсталады. «Сондықтан өнімнің бұл бөлегі солардың арасында бөлінуге тиіс». Мұның өзі тіпті Дюринг мырзаға да жете түсінікті болуға тиіс қой.

Бір уақыттың ішінде әрі жеке, әрі қауымдық меншік болып табылатын меншік дегеніміз гегельдік диалектика-

дан шығатын күңгірт кемтарлық, мағнасыздық болады, мұның өзі шатасқандық, мұның өзі шешілуі қыйынға соғатын диалектикалық жұмбақ, бұл жұмбақты шешу ісін Маркс өзінің жолын ұстаушыларға қалдырған деушілік тағы да Дюринг мырзаның ойынан шығарған былшылы болып табылады...

Енді — дейді онан соң Энгельс — бекерге шығарудың бекерге шығару мәселесі Маркстің еңбектерінде қандай қызмет атқарады? Маркс 791-бетте және онан соңғы беттерде (орысша басылуының 648 және онан соңғы беттерінде), мұның алдындағы 50 (орысша басылуының 35) бетте экономикалық және тарихи зерттеулердегі капиталдың алғашқы қорлануы деп аталатын мәселе жөніндегі баяндалудың ақтық нәтижелерін салғастырады. Капиталистік заманға дейін, мысалы Англияда, қызметшілердің өз өндіріс құралдарын жеке меншігінде пайдалануына негізделген ұсақ өндіріс болып келді. Алғашқы қорлану дегеніміз осы тігілей өндірушілерді тонау болды, яғни өз еңбегіне негізделген жеке меншікті жою болды. Мұны жоюдың мүмкін болған себебі, айтылып отырған ұсақ өндіріс — өндіріс пен қоғамның қарапайым, өрісі тар шеңберлеріне ғана сай келеді, ал дамудың белгілі бір сатысында бұл өндіріс өзінің жойылуына материалдық негізді өзі жасайды. Бұл жойылу, жеке және бытыраңқы өндіріс құралдарын іріленген қоғамдық өндіріс құралдарына айналдыру капиталдың алғашқы тарихы болып табылады. Қызметшілердің пролетариатқа, ал олардың өндіріс құралдары капиталға айналысымен, өндірістің капиталистік әдісі нығайысымен, еңбектің бұдан былайғы қоғамдастырылуы, жердің және басқа өндіріс құралдарының (капиталға) айналуы, демек жеке меншік иелерінің бұдан былай да тоналуы жаңа формаға енеді. «Енді тоналу ісіне өз шаруашылығын жүргізіп отырған қызметші жатпайды, көп жұмысшыларды қанап отырған капиталист жатады. Бұл тонаушылық, капиталды ірілендіру арқылы пайда болатын капиталистік өндірістің өзінің имманенттік заңдары арқылы барып іс жүзіне асып отырады. Бір капиталист басқа көп капиталистерге өлтіре соққы береді. Осы іріленумен немесе азғантай капиталистердің көп капиталистерді тонауымен қатар еңбек процесінің кооперативтік формасы үздіксіз ұлғайып отыратын кө-

лемде дамыйды, ғылымды технологиялық жолмен саналы қолданушылық дамыйды, жерді жоспар бойынша қоғамдық түрде пайдалану, еңбек құралдарының тек қауым болып қана пайдалана алатын құралдарға айналуы дамыйды және өндіріс құрал-жабдықтарының барлығын тәртіптелінген қоғамдық еңбектің қауымдық өндіріс құрал-жабдығы ретінде қолдану нәтижесінде шаруашылық көзбен қарап пайдалану ісі дамыйды. Бұл өзгеру процесіндегі барлық пайданы зорлықпен өздері ғана иемденіп отырған капиталист шонжарлардың саны үнемі азайып отырумен қатар, ұшы-қыйыры жоқ қайыршылық, езушілік, құлдық, азғындау және қанаушылық өсіп отырады, сонымен бірге өндірістің сол капиталистік процесінің механизмі арқылы үйретіліп, басы біріктіріліп және ұйымдастырылып отыратын үздіксіз өсіп келе жатқан жұмысшы табының ашынуы да өсіп отырады. Капитал өзімен бірге және өзінің қолдауымен гүлденген өндіріс тәсіліне бұғау болады. Өндіріс құралдарының іріленуі мен еңбектің қоғамдастырылуы — өздерінің капиталистік қауызына сыйыса алмайтын дәрежеге жетеді. Бұл капиталистік қауыз жарылады. Капиталистік жеке меншіктің өлу сағаты соғады. Экспроприаторларды экспроприациялайды».

Ал енді менің оқушыдан сұрайтыным: диалектикалық сыйқырлы иректер мен өрнектер мұның қай жерінде, айырмашылық атаулының бәрін жоққа шығаратын түсініктерді шатастырушылық қай жерінде, дін тұтқан адамдарға арналған диалектикалық кереметтер мен логос туралы Гегель ғылымының көлеміндегі көз бояушылықтар қай жерінде, ал бұларсыз, Дюрингтің айтуынша, Маркс өз пікірін ақырына дейін баяндай алмаған болар еді ғой? Маркс ұсақ өндірістің бір мезгілде өз дамуы арқылы өзінің жойылуына жағдай тұғызғаны сияқты, капиталистік өндіріс те қазір өзін жоятын материалдық жағдайларды өзі туғызып отырғандығын тарих жүзінде дәлелдеп, бұл арада қысқаша қорытынды жасап отыр. Тарихи процесс міне осындай, ал егер бұл процесс сонымен бірге диалектикалық процесс болса, мұның өзі Дюринг мырзаға тағдырдың жазуы сияқты болып көрінсе, онда оған Маркс кіналы емес.

Маркс тек енді ғана, өзінің тарихи-экономикалық дәлел-

деуін бітіргеннен кейін, былай дейді: «Өндірістің және тұтынудың капиталистік әдісі, демек, капиталистік жеке меншік те, адамның өз еңбегіне негізделген жеке меншікті алғашқы бекерге шығару болып табылады. Капиталистік өндірісті осы өндірістің өзі бекерге шығарады, ол табиги-тарихи процестің қажеттілігі арқылы орындалады. Мұның аты — бекерге шығаруды бекерге шығару болып табылады» т. т. (жоғарыда цитата келтірілгендей).

Сонымен, Маркс бұл процесті бекерге шығаруды бекерге шығару деп атағанда бұдан оның тарихи қажеттілік екендігінің дәлелін табам деп ойламайды да. Қайта оның керісінше: бұл процестің жарым-жартылап қазірдің өзінде жүзеге асқанын, жарым-жартылап келешекте жүзеге асуға тиіс екенін тарих жүзінде дәлелдегеннен кейін ғана, ол оны сонымен бірге белгілі диалектикалық заң бойынша болатын процесс деп сыйпаттайды. Бар болғаны міне осы. Сонымен, мұның өзі — бекерге шығаруды бекерге шығару бұл жерде кіндікшешенің қызметін атқарады, осының жәрдемімен алдағы болашақ өткеннің құшағынан шығады деу, немесе Маркс бекерге шығаруды бекерге шығару заңына сену негізінде жерді және капиталды қауым болып иеленушіліктің қажеттігіне кейбіреулердің нануын талап етеді-міс деу — тағы да сол Дюринг мырзаның нағыз барып тұрған жұлмалауы» (125 бет).

Оқушы бұл жерде Энгельстің Дюрингке берген бұл тамаша тойтарысының барлығы бүтіндей Михайловский мырзаға да дәл келетіндігін көріп отыр, өйткені бұл да, Маркс айтқан алдағы болашақ гегельдік тізбектің құйрығына жабысып қана жан сақтайды, сондықтан бұл болашақтың сөзсіз болатындығына көз жеткізу тек сенушілікке ғана негізделе алады дейді *.

---

* Бұл жөнінде Энгельстің бұл түсіндіруінің бәрі оның дән туралы, Руссоның ғылымы және диалектикалық процестің басқа да мысалдары туралы сөз болған тарауда айтылғандығын көрсете кету артық болмас дейміз. Бұл мысалдарды Энгельстің (және Марксті, өйткені бұл шығарманың қолжазбасы Марксе алдын ала оқып берілген болатын) триадалар арқылы бір нәрсені *дәлелдеу* туралы немесе шын процесті көрсетуге бұл триадалардың «шартты мүшелерін» әкеп тықпалау туралы сөз болуға тиіс емес деген анық және үзілді-кесілді сөздермен салыстырудың бір өзі ғана — маркснзмді гегельдік диалектикаға салынды деп кіналаудың сорақылық екенін ұғыну үшін әбден жеткілікті болатын сияқты.

Дюринг пен Михайловский мырзаның арасындағы бүкіл айырма мына кішкене ғана екі пунктке келіп тіреледі: біріншіден, Маркс туралы сөйлегенде Дюринг аузын көпіртпей сөйлей алмайды, сөйтсе де ол өз «Тарихының» келесі параграфында Маркс соңғы сөзінде өзін гегельшілдікке салынды деп кіналауды үзілді-кесілді теріске шығарды дегенді айта кетуді қажет деп тапты. Ал Михайловский мырза диалектикалық методты қалай түсінетіндігі туралы Маркстің бұл (жоғарыда келтірілген) өте анық және түсінікті баяндауы туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Екіншіден, Михайловский мырзаның екінші ерекшелігі сол: ол барлық ықыласын етістіктердің шақтарын қолданушылыққа аударды. Біздің философымыз женімпаздық пішінмен: Маркс келер шақ туралы айта келіп, осы шақты неге қолданады? деп сұрайды. Мұны, ардақты сыншы, қай грамматикадан болса да көріп-біле аласыз, сізге қай грамматика болса да: егер болашақ сөзсіз және күмансыз болатын болса, осы шақ келер шақтың орнына қолданылады дегенді айтады. Михайловский мырза тіпті өзінің жұлмалауын да жуып кетерліктей қатты толқушылық көрсету үшін: неліктен ол осылай болмақ, неліктен ол күмансыз болмақ? деп тынышсызданады. — Бұл жөнінде де Маркс өте ашық жауап берді. Бұл жауапты жетімсіз немесе дұрыс емес деп есептеуге болады, бірақ олай деп ойлаған күнде, гегельшілдік туралы қайдағы жоқ былшылды айтпай, мұның дұрыс еместігі дәл *неде* және ол *дәл неліктен* дұрыс емес екендігін көрсету керек.

Бұл жауаптың қандай жауап екенін Михайловский мырзаның өзі білгені былай тұрсын, оның басқаларды да үйреткен кездері болды. Маркстің — деп жазды ол 1877 жылы — келер шақ жөніндегі пікірін жорамал деп санауына Жуковский мырзаның дәлелі бар еді, бірақ онын «Маркс орасан зор маңыз берген» еңбекті қоғамдастыру туралы мәселені елеусіз қалдыруға оның «адамгершілік жағымен қарағанда ешбір правосы жоқ еді». Әрине, солай! Жуковскийдің 1877 жылы мәселені елеусіз қалдыруға адамгершілік жағынан правосы болмаған болса, 1894 жылы Михайловский мырзаның адамгершілік жағынан оған правосы болған ғой! Мүмкін — quod licet Jovi, non licet bovi*?!

* — Юпитерге рұхсат етілген нәрсе, өгізге рұхсат етілмейді. *Ред.*

Бұл арада осы қоғамдастыру дегенді түсіну жөнінде бір кезде «Отечественные Записки»[38] жазған бір күлдіргіні айта кетпей болмайды. Мұның 1883 жылғы № 7-де Посторонний[39] деген бір мырзаның жазған «Редакцияға хаты» басылып шықты; бұл мырза да, дәл Михайловский мырза сияқты, Маркстің келер шақ жөніндегі «пікірін» жорамал деп санады. «Шынында — деп көкиді бұл мырза — капитализм үстемдігінің тұсында еңбектің қоғамдық формасының мәнісі мынау болып табылады: бірнеше жүз немесе бірнеше мың жұмысшылар бір үйдің ішінде қайрау, соғу, айналдыру, қалау, төсеу, тарту және басқа толып жатқан көп жұмыстар жасайды. Бұл режимнің жалпы сыйпаты: «әркім өз басының қамын ойлайды, ал жасаған алла барлығының қамын ойлайды» деген мәтелмен тамаша етіліп суреттеледі. Бұл арада еңбектің қоғамдық формасының не қатысы бар?»

Бұл арада бұл адамның мәселенің мәнісі неде екендігін түсінгендігі салғаннан-ақ көрініп тұр! «Еңбектің қоғамдық формасы» «жұмысты бір үйдің ішінде істеуде» ғана «болып табылады»!! Ал енді орыс журналдарының ішіндегі ең тәуірінің бірінде айтылған бұл сияқты сорақы пікірлерден кейін келіп — «Капиталдың» теориялық бөлімін жалпы ғылым мойындады деп бізді сендіргісі келеді. «Капиталға» азды-көпті болса да елеулі қарсылық көрсетуге шамасы келмеген соң. «жалпы жұрт таныған ғылым» «Капитал» алдында жалбаңдай бастады, бірақ сонымен бірге ол өзінің нағыз барып тұрған шикі надандығын көрсетіп, мектеп экономиясының ескі дөкірліктерін қайталады. Михайловский мырза, өзінің бойына біткен әдеті бойынша, мүлдем елеусіз қалдырып кеткен істің мәнісі неде екенін оған көрсету үшін бұл мәселеге біраз тоқталып кетуге тура келеді.

Капиталистік өндірістің еңбекті қоғамдастыруы мүлде адамдардың бір үйдің ішінде жұмыс істегендігінде емес (мұның өзі тек процестің бір бөлімшесі ғана), капиталдардың ірілендірілуімен қоса-қабат қоғамдық еңбектің мамандануында, өнеркәсіптің әрбір белгілі салаларында капиталистер санының азайып, өнеркәсіптің ерекше салаларының санының көбеюінде болады, өндірістің толып жатқан бытыраңқы процестерінің өндірістің қоғамдық бір процесіне бірігуінде болады. Егер, мәселен, майдагер-

шілік тоқыма заманында ұсақ өндірушілер жіпті өздері иіріп, онан мата тоқып шығарған болса, — онда өнеркәсіп салалары бізде аз болды (иіру мен тоқу жұмысы бір қолда болды). Ал егер өндірісті капитализм қоғамдастырып отырса, онда өнеркәсіптің ерекше салаларының саны көбейіп отырады: мақтадан жіп иіру мен мата тоқу жұмысы екі бөлек жүргізіледі; осы бөлінудің өзі мен өндірістің ірілендірілуі өнеркәсіптің жаңа салаларын туғызады — машиналар жасау, тас көмір қазу және т. т. туғызады. Енді неғұрлым ықшам маманданып отырған өнеркәсіптің әрбір саласында капиталистер саны бірден-бірге азая бастайды. Мұның мәнісі — өндірушілер арасындағы қоғамдық байланыс бірден-бірге нығайып отырады, өндірушілер бір тұтас болып бірігеді деген сөз. Бытыраңқы ұсақ өндірушілердің әрқайсысы бірнеше жұмыстың басын қосып істеп жүрді, сондықтан да олар басқаларға айтарлықтай тәуелді болған жоқ; егер, мәселен, майдагер кендірді өзі егіп және оны өзі иіріп, тоқыса,—ол басқаларға тәуелсіз дерлік болды. Қәдімгі «әркім өз басының қамын ойлайды, ал жасаған алла барлығының қамын ойлайды» деген мәтел ұсақ, бытыраңқы өндірушілердің осындай тәртібіне (нақ осыған ғана), яғни рыноктердегі ауытқу анархиясына сүйенді. Капитализмнің арқасында пайда болған еңбектің қоғамдастырылуы тұсында іс мүлде басқаша болып отыр. Мата өндіретін фабрикант мақтадан жіп иіретін фабрикантқа тәуелді болады; ал соңғысы — мақта еккен плантатор капиталистке, машина жасап шығаратын завод пен тас көмір кенінің иесіне, т. т. және т. с. тәуелді болады. Осының нәтижесінде бірде-бір капиталист басқа капиталистерсіз күн көре алмайтын болып шығады. «Әркім өз басының қамын ойлайды» деген мәтелдің мұндай режимге қолдануға мүлде келмейтіндігі түсінікті нәрсе: мұнда біреу барлығы үшін жұмыс істейді де, барлығы біреу үшін жұмыс істейді (сөйтіп құдайға, хиялдағы көк құдайы болу үшін де, жерде «алтын тәнді» жер құдайы болу үшін де орын қалмайды). Режимнің сыйпаты мүлде өзгереді. Егер ұсақ кәсіп орындары өмір сүріп тұрған режимнің кезінде бұл кәсіп орындарының бірінде жұмыс тоқтап қалатын болса, — мұның өзі қоғам мүшелерінің тек біразына ғана әсер ететін еді, жалпы жұртты абыржытпайтын, сондықтан да көпшіліктің наза-

рын аудармайтын, іске қоғам болып кірісудің қажеттігі болмайтын. Ал егер мұндай жұмыс тоқтап қалушылық өнеркәсіптің өте ықшам маманданған саласына арналған және сондықтан да бүкіл қоғам үшін дерлік жұмыс істеп, өзі де бүкіл қоғамға тәуелді болған ірі кәсіп орнында болатын болса (мен түсінікті болу үшін қоғамдастырудың ең жоғарғы сатыға жеткен кездегі жағдайын алып отырмын) — онда қоғамның басқа кәсіп орындарының барлығында да жұмыс тоқталуға тиіс, өйткені олар керекті өнімдерді тек осы кәсіп орнынан ғана ала алады — өзінің барлық товарларын осы кәсіп орнының товары болса ғана өткізе алады. Барлық өндірістер осылай етіліп бүтін бір қоғамдық өндіру процесіне қосылады, ал оның бержағында әрбір өндірісті жеке капиталист жүргізеді, ол өндіріс капиталистің ыхтиярына тәуелді болады, қоғамдық өнімдер оның жеке меншігіне түседі. Өндіріс формасының өнімді иемдену формасына үйлеспестей қайшы келетіндігі қалайша айқын емес? Өнімді иемдену формасының өндіріс формасына икемделмей тұра алмайтындығы, оның да қоғамдық, яғни социалистік болмай қоймайтындығы қалайша түсінікті емес? Ал «Отечественные Запискидегі» тілмар филистер барлық істі бір үйдің ішіндегі жұмысқа әкеп тығады. Шіркін, шынымен-ақ үстінен түскен екен-ау! (Мен бір ғана материалдық процесті, өндірістік қатнастардың бір ғана өзгерісін айтып өттім, ал процестің әлеуметтік жағын, жұмысшылардың бастары қосылып, бірігулері мен ұйымдасуларын сөз қылғаным жоқ, — өйткені бұл туынды, екінші қатарлы құбылыс).

Россия «демократтарына» істің мұндай әліппиін түсіндіру керек болғандығының себебі: олардың мещандық идеяларға белшесінен батқандығы сонша, тіпті мещандық тәртіптерден басқа тәртіптер олардың ешбір ойларына да келмейді.

Алайда Михайловский мырзаға қайта оралайық. Ол капитализмнің даму заңдарының өзі аркасында социалистік құрылыстың болмай қоймайтындығы туралы қорытынды-ны негіздеген Маркс дәлелдері мен пікірлеріне қарсы не айтты? Ол қоғамдық шаруашылықтың товар өндіретін болып ұйымдасқан кезінде еңбектің қоғамдық процесінің түрлі мамандыққа бөлінуі өспейді, капиталдар мен кәсіп

орындарының ірілендірілуі, еңбектің бүкіл процесінің қоғамдасуы шынында да болмайды дегенді көрсете алды ма? Жоқ, ол мұндай нақтылы дәлелдерді теріске шығарарлық бірде-бір дәлел келтірген жоқ. Капиталистік еңбекті қоғамдастырумен сыйыса алмайтын анархия капиталистік қоғамға тән болады деген қағыйданы ол қобалжыта алды ма? Бұл туралы ол ешнәрсе де айтқан жоқ. Барлық капиталистердің еңбек процесін еңбектің бір қоғамдық процесіне біріктіру жеке меншікпен сыйыса алады дегенді? бұл қайшылықтан құтылуға Маркс көрсеткен жолдан басқа жол болуы ықтымал және мүмкін дегенді ол дәлелдеді ме? Жоқ, бұл туралы ол жұмған аузын ашқан жоқ.

Сонда оның сыны неге сүйенеді? Оның сыны жұлмалаумен бұрмалауға және баланың сылдырмақ ойыншығы тәрізді ұшан-теңіз құрғақ сөз дүрмегіне сүйенеді.

Алдымен тарихтың ұшқыйлы-дәйекті адымы туралы түрлі бос сөздерді көпірте айтып алып, беті бұлк етпестен Маркске: «ал онан соң не болмақ?», яғни Маркс суреттеген процестің ақтық сатысынан кейін тарихтың аяқ алысы қандай болмақ? деп сұрау қоятын сыншының мұндай тәсілдерін, шынында, басқаша қалай атауға болады? Ендеше біліп қойыңыз, Маркс өзінің әдебиеттік және революциялық ісінің ең басынан-ақ социология теориясынан нені талап ететінін әбден ашық айтқан болатын: социология теориясы шын процесті дәл көрсетуге тиіс — оның міндеті осы ғана деген болатын (мысал үшін «Коммунистік манифестің» коммунистер теориясының критериі туралы айтылған жерін салыстырыңыз[40]). Ол өзінің «Капиталында» бұл талапты өте қатты ұстады: капиталистік қоғамдық формацияны ғылым жолымен талдап тексеруді ол өзіне міндет етіп қойды — бұл құрылыстың біз көріп отырған дамуында пәлендей беталыс бар, бұл құрылыс сөзсіз жойылуға және басқа, жоғарғы құрылысқа айналуға тиіс дегенді дәлелдеп, сонымен тоқтады. Ал Михайловский мырза Маркс доктринасының барлық мазмұнын былай қойып, өзінің: «ал онан кейін не болмақ?» деген нағыз ақмақтық сұрауын қояды. Және ақылгөйлік пішінмен: «Мен Энгельстің жауабын онша анық түсінбейтіндігімді ашық мойындауға тиіспін» дегенді қосады. Бірақ оның есесіне біз мұндай «сынның» рухы мен тәсілдерін

әбден анық түсінетіндігімізді ашық мойындауға тиістіміз, Михайловский мырза!

Немесе Михайловский мырзаның тағы да мынадай пікірін алып көрейік: «Маркс айтып отырған адамның өз еңбегіне негізделген жеке меншік орта ғасырларда тіпті экономикалық қатнастар саласының өзінде де не бірденбір, не басым фактор болған емес. Бұл меншікпен қатар басқалар да көп болды, алайда Маркстің түсінігіндегі (Михайловский мырзаның өтірігіндегі емес пе?) диалектикалық метод бұған қайта оралуды ұсынбайды... Бұл схемалардың барлығы тарихи шындықтың суретін, яки тіпті оның құрылым шамасын да көрсетпейтіні айқын, ол тек адамның ақыл-ойының қай затты болса да өткен шақтағы, осы шақтағы және келер шақтағы қалпында ойлауға бейімділігін ғана қанағаттандырады». Михайловский мырза, тіпті сіздің қолданған бұрмалау әдістеріңіздің өзі адамның жүрегін айнытарлықтай ылғый бір түрлі ғой! Алдымен Маркстің капитализм дамуының шын процесін тұжырымдауға тырысатын, одан басқа ешнәрсеге ұмтылмайтын схемасына* не нәрсені болса да триадалар арқылы дәлелдеу ниетін тықпалап, сонан кейін Маркстің схемасы Михайловский мырза әкеп жапсырған осы бағытқа (үшінші саты бірінші сатының тек *бір ғана* жағын қалпына келтіре алады, басқаларының бәрін қалдырып кетеді) сәйкеспейді дейді, сөйтіп ұялмай-қызармай тұрып «бұл схема, сірә, тарихи шындықтың суретін көрсетпейді» деген қорытынды жасайды!

Окта-текте болса да дәл цитата келтіре алмайтын (Энгельстің Дюринг жөніндегі сөзін қолдана отырып) адаммен байсалды айтыс болуы мүмкін бе? Схеманың қай жері теріс екенін көрсетуге талаптанбастан, бұл схема, сірә, шындыққа жанаспайтын болу керек деп жұртты сендірмекші болғандармен бұл жерде таласуға бола ма?

Маркстік көзқарастардың шын мазмұнын сынаудың ор-

---

* Орта ғасырлардың экономикалық тәртіптерінің басқа түрлері феодалдық қоғам формациясына жататын болғандықтан оларды Маркс тастап кетеді, өйткені ол бір ғана *капиталистік* формацияны зерттейді. Капитализмнің даму процесі өзінің таза күйінде ұсақ бытыраңқы товар өндірушілердің режимінен және олардың жекеше еңбегінің меншігінен басталғандығы рас (мәселен, Англияда солай болды).

нына, Михайловский мырза өзінің тілмарлығын өткен шақ, осы шақ және келер шақтың категорияларын айтумен шыныктыра береді. Энгельс, мәселен, Дюринг мырзаның «мәңгілік шындығына» қарсы шыға отырып, былай дейді: «...қазіргі кезде бізге уағыздап отырғандары» үш түрлі мораль: христиандық-феодалдық, буржуазиялық және пролетарлық мораль, сондықтан өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың өздерінің моральдық теориялары бар[41]. Бұл жөнінде Михайловский мырза былай деп ойлайды: «мен тарихтың үш дәуірге бөлінуінің негіздерінде өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың категориялары жатыр ғой деп ойлаймын». Қандай терең ойлылық десеңізші! Қоғам құбылысының қандайының болса да даму процесін алып қарайтын болсақ, бұл құбылыстан өткен заманның қалдықтары, қазіргі заманның негіздері және болашақтың ұрықтары табылатындығын кім білмейді? Бірақ әлде, мәселен, мораль тарихы (ол тек «қазіргі шақ» туралы ғана айтып отыр ғой) жаңағы көрсетілген үш кезеңмен ғана тынады дегенді айту Энгельстің ойына келіп пе еді? феодалдық моральдың алдында, мысалы, құлдық моралі болды, ал мұның алдында — алғашқы коммунистік қауым моралі болды дегенді айтпақ болып па еді? Моралдық идеялардың қазіргі кездегі ағымдарын да Энгельстің оларды материалистік түрде түсіндіру арқылы білуге жасаған талабын байсалды түрде сынаудың орнына, Михайловский мырза бізді тұк мағнасы жоқ сылдыр сөздермен сыйлайды!

Тарихты материалистік түрде ұғыну қай шығармада баяндалғанын білмеймін деуден басталатын Михайловский мырза «сынының» тәсілдері жөнінде мыналарды оның есіне сала кету, бәлкім, пайдасыз болмас, — бір кезде автор мұндай шығармалардың бірін білуші еді және оны дұрысырақ бағалай білген еді. Михайловский мырза 1877 ж. «Капитал» туралы былай деген болатын: «Егер «Капиталдан» гегельдік диалектиканың ауыр, қолапайсыз және керексіз қақпағы алып тасталса (бұл қандай ғажаптылық? «Гегель диалектикасы» 1877 ж. «керексіз» болып, ал 1894 ж. материализм «диалектикалық процестің талассыздығына» сүйеніп отырған болып шығуы қалай?), онда, бұл шығарманың басқа артықшылықтарын былай

қойғанда, біз бұл шығармада формалардың өмір сүруле-ріне керекті материалдық жағдайларға сол формалардың қатысы туралы жалпы мәселені шешу үшін өте жақсы зерттелген материалды көреміз және бұл мәселенің белгілі бір сала үшін өте жақсы қойылып отырғандығын көреміз». — «Формалардың өмір сүрулеріне керекті материалдық жағдайларға сол формалардың қатысы» дегеніміздің өзі нақ сол қоғам тұрмысының түрлі жақтарының өзара қатнастары туралы, идеологиялық-қоғамдық қатнастардың материалдық қоғам қатнастарының үстіндегі қондырма екендігі туралы мәселе ғой, материализм доктринасы дегеніміз осы мәселенің белгілі шешімі ғой. Ілгері жылжыйық.

«Шынын айтсақ *бүкіл «Капитал»* (курсиві менікі) — жарыққа шыққан қоғамдық форманың қалай ілгері дамый беретінін, өзінің кейіпкерлік белгілерін күшейте беретінін, ашылған жаңалықтарды, өнерпаздық табыстарды, жақсартылған өндіріс тәсілдерін, жаңа рыноктерді, ғылымның өзін де өзіне бағындырып сіңіретінін, олардың өзіне қызмет етуге жұмсайтынын зерттеуге арналған және, ақырында, бұл форма материалдық жағдайлардың бұдан былайғы өзгерістеріне төтеп бере алмайтынын зерттеуге арналған».

Адам таңғаларлық оқыйға! 1877 ж. «бүкіл Капитал» осы қоғамдық форманы материалистік түрде зерттеуге арналған еді (материализмнің мәнісі қоғамдық формаларды материалдық жағдай арқылы түсіндіруде болмағанда, басқа неде болмақ?), — ал 1894 жылы бұл материализмнің тіпті қайда баяндалғандығы және оны қай шығармадан іздеуге болатындығы белгісіз болып қалған!

1877 жылы «Капиталда» «бұл форма (яғни капиталистік форма, солай емес пе?) материалдық жағдайлардың бұдан былайғы өзгерістеріне төтеп бере алмайды» дегенді «зерттеу» бар еді (бұл есіңізде болсын), — ал 1894 жылы мұнда ешбір зерттеу жолы жоқ болып шықты, ал капиталистік форма өндіруші күштердің бұдан былайғы дамуына төтеп бере алмайды деген ұғым «Гегельдің триадасының құйрығына жабысып қана» тұрған болып шықты! 1877 жылы Михайловский мырза: «қоғамдық форманың оның өзіне өмір сүргізетін материалдық жағдайларға қатнасын талдап тексеру автордың логикалық күші мен асқан оқы-

мыстылығының *мәңгі* (курсив менікі) ескерткіші болып қалады» деп жазған болатын, — ал 1894 жылы ол материализм доктринасы ешуақытта да және ешқайда да ғылым жүзінде тексеріліп, негізделген емес деп жариялайды.

Адам таңғаларлық оқыйға! Шынында да мұның мәнісі не? Не болып қалды?

Мұнда екі жағдай болды: біріншіден, бостандыққа оның буржуазиялық болғандығы себепті «оскыра» қараған, орыс тұрмысының антагонистігін барынша боямалаушы «қасқабас либералдарға» қарсы күрескен және шаруалар революциясын арман қылған 70-жылдардағы *орыс,* шаруа социализмі мүлде іріп-шіріп болды және ол шаруа шаруашылығының прогрестік ағымдарынан «жігерлендірерлік әсерлер» шығады деп ойлап, бұл ағымдардың өзі шаруалардың жаппай тоналуымен қосарлана жүретіндігін (және соған байланысты болатындығын) ескермейтін оңбаған пасық-мещандық либерализмді туғызды. Екіншіден, 1877 жылы Михайловский мырза «сангвиник» (яғни социалист революционер) Марксті либерал сыншылардан қорғау жөніндегі өзінің міндетіне желіккендігі сонша, ол тіпті Маркс методының оның өз методымен сыйыса алмайтындығын байқамай қалды. Бірақ диалектикалық материализм мен субъективтік социологияның арасындағы келісімге келмейтін бұл қайшылықты оған түсіндірді — мұны оған Энгельстің мақалалары мен кітаптары, орыс социал-демократтары (Плехановтың еңбектерінде Михайловский мырзаға арнап айтылған өте өткір ескертулер жиі кездеседі) түсіндіріп еді — ал Михайловский мырза мәселені қайта қарап шығуға шындап кірісудің орнына, көріне көзге ауыздығын тістеп ала жөнелді. Марксті құттықтаудың орнына (бұл құттықтауды ол 1872 және 1877 жылдары айтқан болатын)[42] ол енді оған қарсы күманды мақтау арқылы тасадан үреді, «экономика жағынан өте әлсіздерді қорғауға», товар қоймаларына және деревняда істейміз дейтін жаксартушылыққа, майдагерлер үшін ұйымдастырылатын музейлер мен артельдерге және т. с. игілікті көксеген мещандық прогрестерге қанағаттанғысы келмеген — ал сондықтан «сангвиник» күйінде қалғысы келіп, әлеуметтік революцияның жактаушысы болып, шын революцияшыл қоғамдық элемент-

терді үйретіп, оларға басшылық етіп, оларды ұйымдастырғысы келген орыс марксистеріне қарсы шу көтеріп, аузына келгенін оттайды.

Енді баяғы өтіп кеткен оқыйғаларға қарай біраз шегінгеннен кейін, Михайловский мырзаның Маркс теориясына жасаған «сынын» талқылауды да аяқтауға болатын сияқты. Енді сыншының «дәлелдерін» жыйнақтап, оны қорытып көрейік.

Михайловский мырза қыйратпақшы болған доктрина, біріншіден, тарихты материалистік түрде ұғынуға сүйенеді, екіншіден, диалектикалық методқа сүйенеді.

Мұның біріншісіне келетін болсақ, сыншы, ең алдымен, материализмнің қай шығармада баяндалғанын білмейтіндігін айтты. Материализмнің бұл баяндалуын ешбір жерден таба алмай, материализм дегеннің өзі не екендігін жазуды оның өзі қолға алды. Бұл материализмнің шектен асқан дәмелері жөнінде түсінік беру үшін, материалистер адам баласының өткен шақтағы, осы шақтағы және болашақ шақтағы барлық тіршілігін түсіндіруге дәмеленеді дегенді ол ойынан шығарды, — ал соңынан, марксистердің нақ өз сөздерін тексере келгенде, олардың тек бір ғана қоғамдық формация түсіндірілді деп есептейтіндігі ашылған кезде, — сыншымыз материалистер материализмнің өрісін тарылтады, сөйтіп өздерін өздері жоққа шығарады-мыс деп ұйғарды. Бұл материализмді даярлап шығару тәсілдері жөнінде түсінік беру үшін, ғылми социализмді дайындап шығару сияқты іске өз білімдерінің әлсіз екенін материалистердің өздері де мойындады-мыс дегенді ол ойынан шығарды, ал шынына келгенде Маркс пен Энгельс өздерінің жалпы экономикалық тарих жөніндегі білімдерінің әлсіздігін (1845—1846 жылдары) мойындаған еді және олардың білімдерінің әлсіздігін дәлелдейтін шығарманы олар ешқашан да басып шығармаған еді. Бұл сияқты кіріспеден соң ол бізді мынадай сынмен сыйлады: «Капиталдың» мерт болған себебі, — бір ғана дәуірді сөз қылады, ал сыншыға барлық дәуірлер де керек, және оның мерт болуының тағы бір себебі — «Капитал» экономикалық материализмді растамайды, оны құр жанап қана өтеді — дәлелдерінің салмақты және байсалды екендігі сонша, материализм ешуақытта да ғылми түрде негізделген жоқ деп мойындауға тура келді. Сонан кейін

материализмге қарсы мынадай дәлел келтірілді: тарихқа дейінгі уақыттарды мүлде басқа елде жүріп зерттеген, бұл доктринаға мүлде жат адам да — материалистік қорытындыларға келді. Онан соң, бала тудыру материализмге мүлде теріс қолданылды, мұның өзі — тек сөз жүзіндегі құлық деп көрсету үшін сыншы экономикалық қатнастар жыныстық және семьялық қатнастарға сүйенетін қондырма болып табылады деп дәлелдей бастады. Байсалды сыншының материалистерге ақыл айту мақсатымен берген нұсқаулары бізді — бала тудырусыз мұрагершілік мүмкін емес, бұл бала тудыру нәтижелеріне күрделі психика «кіреді» және балалар әкелерінің рухында тәрбиеленеді деген терең шындыққа жарытты. Мұнымен қатар ұлттық байланыстар — рулық байланыстардың жалғасы және қорытындысы екенін де білдік. Сыншы материализм жөніндегі өзінің теориялық зерттеулерін жүргізе келіп, марксистердің бірсыпыра дәлелдерінің мазмұны: буржуазиялық режимде бұқараның езілуі мен қаналуы «кажет» екендігінде және бұл режимнің «қажетті» түрде социалистік режимге айналуында болып отыр дегенді ескертті, — сөйтіп ол кажетті деген сөз (егер нақ адамдар қажет деп санайтын нәрсені айтпасақ) — аса жалпы мағналы сөз, сондықтан марксистер дегеніміз мистиктер, метафизиктер болып табылады деп жар салуға асықты. Сыншы, сонымен қатар, Маркстің идеалистерге қарсы айтысы «сыңаржақты» айтыс дегенді айтты, ал бұл идеалистердің көзқарастары субъективтік методқа қалай қарайтындығы туралы және оларға Маркстің диалектикалық материализмі қалай қарайтындығы туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Марксизмнің екінші тірегі — диалектикалық методқа келетін болсақ, бұл тіреуді құлату үшін батыл сыншының бір түрткісінің өзі-ақ жеткілікті болды. Ал бұл түрткі өте дәл болды: триадалар арқылы да әр нәрсені дәлелдеуге болады-мыс дегенді теріске шығару үшін сыншы адам айтқысыз мол күш жұмсап, зорыққанша әуреленді, — ал диалектикалық метод деген триада емес, ол идеализм мен субъективизмнің социологиядағы тәсілдерін дәл теріске шығару екендігі туралы үндемей қойды. Екінші түрткі әдейілеп Маркске қарсы жұмсалды; даңқты Дюринг мырзаның көмегімен сыншы капитализмнің құлауының қа-

жеттілігін Маркс триадалар арқылы дәлелдеді-мыс деп адам айтқысыз бөспе сөзді Маркске әкеп жапсырды да, осы бөспе сөзге қарсы өзі жеңімпаз түрде күресті.

«Біздің атақты социологымыздың» тамаша «жеңістерінің» хикаясы міне осы! Бұл жеңістерге қарап тұру «сабақ аларлық» (Буренин) нәрсе екені рас емес пе?

Бұл арада тағы бір жағдайға соқпай кетуге болмайды, бұл жағдай Маркс доктринасын сынауға тура қатысы болмағанмен, бірақ сыншының идеалдарды және шындықты түсінуін анықтауға өте керекті болып отыр. Ол — сыншының Батыс жұмысшыларының қозғалысына көзқарасы.

Жоғарыда Михайловский мырзаның материализм өзін «ғылым» жүзінде ақтай алмады (мүмкін, Германия «халық достарының» ғылымында ақтай алмаған болар?) деген сөзі келтірілді, бірақ бұл материализм «жұмысшы табының арасында шынында да өте жылдам таралып барады» дейді Михайловский мырза. Бұл фактыны Михайловский мырза қалай түсіндіреді екен? Ол былай дейді: «Экономикалық материализмның былайша айтқанда жалпақ жайылып беделді болуына, оның таралуын сын жүзінде тексерілмеген күйінде алатын болсақ, — дейді ол, — бұл табыстың басты себебі ғылымда емес, алдағы болашақ белгілейтін өмірлік практикада болып отыр». Алдағы болашақ «белгілейтін» өмірлік практика жөніндегі бұл қолапайсыз сөздің қандай мағнасы болмақ — материализм шындықты дұрыс түсіндіргендігінен таралып отырған жоқ, қайта ол бұл шындықтан бетін алдағы болашақ жағына қарай бұрғандықтан таралып отыр дегеннен басқа қандай мағнасы болмақ? Онан әрі ол былай дейді: «Бұл болашақтар өздерін үйреніп жүрген неміс жұмысшы табынан және оның тағдырына қатнасып жүргендерден білімді де, сын көзімен ойлауды да талап етпейді. Олар тек сенуді ғана тілейді». Басқа сөзбен айтқанда материализм мен ғылми социализмнің кең таралуы, бұл доктринаның жұмысшылардың болашағын жақсартуға уәде беруіне байланысты болып шығады! Бұл түсіндірудің барлық мағнасыздығы мен жалғандығын көру үшін, Батыстағы социализм мен жұмысшы қозғалысының тарихымен аздап таныс болудың өзі де жеткілікті ғой. Ғылми социализмнің болашақ кездің болашағын еш уақытта да әсірелеп суреттеп көрсетпегені жұрттың бәріне мәлім: ғылми

социализм қазіргі буржуазиялық режимге талдау жасаумен қанағаттанған, капиталистік-қоғамдық құрылыстың даму бет алыстарын зерттеген — не бәрі осы. Маркс 1843 жылдың өзінде былай деп жазып, осы программасын бұлжытпай орындап шықты: «Біз дүние жүзіне: «күресіңді тоқтат; сенің күресіңнің бәрі түкке тұрмайтын бос нәрсе» демейміз, біз оған күрестің шын ұранын береміз. Біз тек дүние жүзіне оның нақ не үшін күресетіндігін көрсетеміз, ал сана дегеніміз сондайлық нәрсе, оны дүние мейлі жаратсын, мейлі жаратпасын, бірақ оның осыған қолы жетуге *тиісті*»[43]. Мысал үшін айтсақ, ғылми социализмді баяндайтын басты және негізгі шығарма — «Капитал» болашақ жөнінде жалпы нұсқауларды айтумен ғана қанағаттанып, болашақтағы құрылыс өсіп шығатын тек қазірдің өзінде бар элементтерді ғана шолып өтті — мұны жұрттың бәрі біледі. Болашақтың өрістері жөнінде бұрынғы социалистер анағұрлым көп айтқандығын жұрттың бәрі біледі; адамдар күрессіз өмір сүре алатын, олардың қоғамдық қатнастары қанаушылыққа сүйенбей, адамзат жаратылысының жағдайларына шын сай келетін прогресс негіздеріне сүйенетін тәртіптерді суреттеу арқылы жұрттың көңілін аударуға тырысып, олар болашақ қоғамды егжей-тегжейіне дейін қалдырмай мадақтап суреттеді. Бірақ бұл идеяларды баяндаған зор талантты адамдар мен соған нағыз сенген социалистердің бір үлкен тобының болғанына қарамастан, — ірі машиналы индустрия жұмысшы пролетариат бұқарасын саяси тұрмыстың тасқынына тартқанға дейін және пролетариат күресінің шын ұраны табылғанға дейін олардың теориялары тұрмысқа жанаспады, ал программалары халықтың саяси қозғалысынан сырт қалып отырды. Бұл ұранды, Михайловский мырзаның Маркс туралы баяғы өткен заманда — 1872 жылы—айтқанындай «утопист емес, ісіне қатал, кей жерлерде тіпті имікпейтін оқыған адам» — Маркс тапты, тапқанда қайдағы бір болашақты суреттеу арқылы емес, осы күнгі буржуазиялық режимді ғылым жүзінде талдап тексеру арқылы, мұндай режим тұрғанда қанаушылықтың *қажеттілігін* анықтау арқылы, бұл режимнің даму заңдарын зерттеу арқылы тапты. Әрине, Михайловский мырза, «Русское Богатствоның» оқушыларына бұл талдап тексеруді меңгеру білімді де, ақыл-ой еңбегін де керек

қылмайды деп сенім беруі мүмкін, бірақ біз осы талдап тексеруде анықталған қарапайым шындықтарды мұндай дөрекі түрде түсінбеушілікті оның өзінен көрдік (және ілгеріде оның қызметкер экономисінен одан да көбірек көреміз [44]), сондықтан, әрине, оның бұл сөзінің қолынан тек адам күлдіру ғана келе алады. Ірі капиталистік машина индустриясы қай жерде және қаншалықты дамыса, жұмысшы қозғалысы да сол жерде және соншалықты таралып, дамыйтындығы талассыз болып шығады; — социалистік доктрина адамзат жаратылысына сай келетін қоғамдық жағдайлар туралы сөздерді былай қойып, қазіргі қоғамдық қатнастарды материалистік тұрғыдан талдап тексеруге, қазіргі қанаушылық режимнің қажеттілігін анықтауға кіріскен күйде ғана табысқа жете алады.

Бұл доктринаның «келешектерге» көзқарасын шындыққа қарама-қарсы түрде сыйпаттау арқылы материализмнің жұмысшылар арасында беделді болуының шын себептеріне соқпай өтуге тырыса отырып, Михайловский мырза енді Батыс Европа жұмысшы қозғалысының идеялары мен тактикасын нағыз пасық түрде, нағыз мещандық түрде мысқылдай бастайды. Жоғарыда көргеніміздей, еңбектің қоғамдастырылуы нәтижесінде капиталистік құрылыстың социалистік құрылысқа сөзсіз айналатындығы жөніндегі Маркс дәлелдеріне қарсы ол бірде-бір дәлел келтіре алмады, — ал осыған қарамастан ол «пролетариат армиясы» капиталистердің тоналуын дайындайды, «мұның артынан іле-шала тап күресі атаулының бәрі тоқталады, жер үстіне тыныштық орнайды, адам баласының ниеті түзеледі-міс» деп жүгенсіз түрде сықақ етпекші болады. Ол, Михайловский мырза, социализмді жүзеге асырудың бұдан гөрі оңай және тура жолдарын біледі: тек «халық достары» «жұрт аңсап жүрген экономикалық эволюцияның» «ашық және мызғымас» жолдарын толығырақ етіп көрсетіп берсе болғаны — сонда бұл халық достарын, бәлкім, «практикалық-экономикалық проблемаларды» шешу үшін «шақырар» дейміз (Южаков мырзаның: «Россияның экономикалық даму мәселелері» деген мақаласын қараңыз, «Русское Богатствоның» № 11), ал әзірше... әзірше жұмысшылар күте тұруға тиіс, халық достарына сенуге тиіс және «өзіне өзі орынсыз сеніп» қанаушыларға қарсы өз алдына дербес күрес бастамауға

тиіс. Бұл «өзіне өзі орынсыз сенушілікті» бас көтерместей етіп жойғысы келіп, біздің автор «қалтаға салып жүретін сөздікке сыйып кетерлік бұл ғылымға» зығырданы қайнап қарсылық етеді. Шынында да қандай масқаралық: ғылым — және социал-демократтардың құны жарты тыйын тұратын, өзі қалтаға сыйып кететін кітапшалары!! Қанаудағыларды өз бостандығы жолында күресуге үйреткен ғылымды, таптардың антагонизмін боямалау арқылы істің бәрін өз қолына алғысы келетін «халық достары» атаулыдан аулақ жүруге үйреткен ғылымды ғана бағалайтын, сондықтан да бұл ғылымды филистерлерді тандандыратын құны бір тыйындық кітапшаларда баяндайтын адамдардың қаншалықты дандайсып кеткен адамдар екендігі айқын емес пе. Егер жұмысшылар өз тағдырын «халық достарының» қолына берген болса, іс бұлай болмас та еді; егер жұмысшылар тек қана... күте тұруға көніп, өзіне өзі осылайша орынсыз сеніп, күресті өзі бастамаған болса, онда «халық достары» жұмысшыларға нағыз, көп томды, университеттік және филистерлік ғылымды көрсеткен болар еді, жұмысшыларды адамзат жаратылысына сәйкесетін қоғамдық құрылыспен әбден таныстырған болар еді!

Михайловский мырза «сынының» екінші бөліміне, енді жалпы алғанда Маркс теориясына қарсы емес, атап айтқанда орыс социал-демократтарына қарсы бағытталған бөліміне көшпестен бұрын бізге біраз кейін оралуға тура келеді. Істің мәні мынада болып отыр: Михайловский мырза Марксті сынағанда оның теориясын дәл баяндауға талаптанбағаны былай тұрсын, қайта оны көрер-көзге бұрмалаған болатын, — орыс социал-демократтарының идеяларын да ол дәл сол сияқты етіп, ешбір ұялмастан өңін айналдырып бұрмалайды. Сондықтан шындықты қайта орнату қажет. Мұны істеудің ең дұрысы—бұрынғы орыс социалистерінің идеялары мен социал-демократтардың идеяларын салыстырып көрсету болады. Бұрынғы орыс социалистерінің идеяларын баяндауды Михайловский мырзаның «Русская Мысльдың» 1892 ж. № 6-де басылған мақаласынан аламын, бұл мақаласында да ол марксизм туралы айтқан болатын (айтқанда да — оған мін

тағып керегі не — сыпайы түрде айтты, цензураға бағынышты баспасөз жүзінде тек Буренинше ғана сөз қылуға болатын мәселелерге тоқтаған жоқ, — марксистерді қайдағы бір жаман нәрселерге теңеген жоқ) және марксизмге қарама-қарсы — немесе, ең болмағанда, егер қарама-қарсы болмаса, сонымен қатарластыра отырып, — өз көзқарастарын баяндаған болатын. Мен, әрине, Михайловскийді социалистер қатарына қосу арқылы Михайловский мырзаны да, социалистерге Михайловский мырзаны теңеу арқылы орыс социалистерін де ешбір ренжіткім келмейді: мен орыс социалистері мен Михайловский мырзаның *дәлелдерінің түрі* мағнасы жағынан алып қарағанда бір деп қана ойлаймын, ал айырма көзқарастарының табандылығы, туралығы және дәйектілігі дәрежесінде ғана болып отыр.

Михайловский мырза «Отечественные записки»йдің идеяларын баяндай келіп, былай деп жазды: «Біз адамгершілік-саяси идеялардың қатарына жердің егіншіге тиістілігін және еңбек саймандарының өндірушіге тиістілігін енгіздік». Көріп отырсыздар, негізді көзқарасы нағыз ізгі, нағыз жақсылық ойлайтын көзқарас... «Біздегі әлі де болса орын алып отырған ортағасырлық еңбек формалары* қатты қаусап тұр, бірақ қайдағы бір либералдық немесе либералдық емес доктриналарға бола осы ортағасырлық еңбек формаларын мүлде жойып жіберуді орынды деп таппадық».

Ғажап ойлаушылық! «Еңбек формаларының» қандайы болса да, оларды белгілі бір басқа формалар ауыстырғанда ғана қаусауы мүмкін ғой; ал оның бержағында, біз авторымыздан бұл жаңа формаларды талдап көрсетуге, оларды түсіндіруге, сонымен бірге бұл жаңа формалардың ескі формаларды ығыстырып шығару себептерін анықтауға әрекет жасағанын да таба алмай отырмыз, (я, мұндай әрекеттерді автор пікірлестерінің ешқайсысынан да таба алмас едік). Ұзақ сөзінің үзіндісінің екінші бөлі-

---

* Автор басқа бір жерінде былай деп түсіндірді: «Еңбектің ортағасырлық формалары деп қауымдық жер иеленушілік пен майдагерлік өнеркәсіпті және артельдік ұйымды ғана түсінбеу керек. Мұның бәрі еңбектің ортағасырлық формалары екендігінде күман жоқ, бірақ бұлардың қатарына жердің немесе өндіріс құралдарының қызметшіге тиісті болушылығының барлық түрлерін қосу керек».

мі бұдан да ғажап: «Доктриналарға бола осы формаларды жойып жіберуді орынды деп таппадық». Еңбек формаларын «жою» үшін, яғни қоғам мүшелерінің арасындағы осы қоғамдық қатнастарды қайта құру үшін «біздің» (яғни социалистердің — жоғарыда жасалған ескертуді қараңыз) қандай құралдарымыз бар? Бұл қатнастарды доктрина бойынша қайта құру жөніндегі пікірдің өзі сорақы пікір емес пе? Мұнан да әрі тыңдап көрейік: «біздің міндетіміз өзіміздің ұлттық жағдайымыздан қайткенде де «өзімізге тән» цивилизацияны өсіріп шығаруда емес, сондай-ақ батыстың цивилизациясын оны жегідей жеп отырған қайшылықтарымен бірге өзімізге теп-тегіс көшіріп алуда да емес: жақсы нәрселерді мүмкін болғанынша барлық жерден де алу керек, ал бұл жақсы нәрселер өзіміздікі болып шыға ма, не басқанікі бола ма, бұл енді принцип түрінде қоятын мәселе емес, практикада қолайлылығына қарай қоятын мәселе. Мұның өзі, шамасы, соншалықты жай, анық және түсінікті болса керек, сондықтан сөз боларлық ешнәрсе жоқ». Я, шынында да, мұның өзі қалай оңай десеңізші! Жақсылықты барлық жерден «алса» болғаны—сонда іс бітті! Ортағасырлық формалардан өндіріс құралдарының қызметшіге тиістілігін «алу керек», ал жаңа (яғни капиталистік) формалардан — бостандықты, теңдікті, ағарту ісін, мәдениетті «алу керек». Сонда сөз боларлық еш нәрсе жоқ! Бұл арада социологиядағы субъективтік метод түгелімен алақандағыдай айқын: социология утопиядан — жердің қызметшіге тиістілігінен — бастайды және тілектегіні жүзеге асырудың шарттарын көрсетеді: жақсылықты пәлендей, түгендей жерден «алу керек» дейді. Бұл философ қоғам қатнастарына таза метафизикалық түрде, белгілі бір тәртіптердің карапайым жай ғана тоғыстырылуы деп, белгілі бір құбылыстардың карапайым жай ғана тізбегі деп қарайды. Ол мұндай құбылыстардың бірін — ортағасырлық формаларда болған жердің егіншіге тиістілігін — бөлек алып, бір үйдің кірпішін алып екінші үйге сала салу сыяқты, мұны да дәл сондай етіп басқа формалардың қандайына болса да көшіре қоюға болады деп ойлайды. Бірақ мұның аты қоғамдық қатнастарды зерттеу емес, қайта, зерттеуге жататын материалды іске алғысыз етіп бұлдіру деген сөз ғой: «шындықты алсақ, сіздің мысалға алып отырғаныңыз-

дай болып, жер жеке және өз алдына егіншіге тиісті болып көрген жоқ-қой: мұның өзі сол кездегі қоғамдық катнастардың көп тізбектерінің бірі ғана еді ғой, ал ол кездегі қоғамдық катнастар былай болатын: жерді ірі жер иелері, помещиктер өзара бөліп алған болатын, помещиктер шаруаларды канау үшін оларға осы жерді бөліп беретін, сондықтан жер заттық жалақы тәрізді болатын: бұл жер шаруаға помещик үшін қосымша өнім өндіріп берерліктей хажетті өнім беріп отырады; жер шаруалардың помещик пайдасына міндетті түрде жұмыс істеуіне керекті қор болды. Автордың өндіріс катнастарының бұл системасын кадағалап қарамай, қайта бір құбылысты бөлек алып, оны мүлде жалған түрде көрсетумен қанағаттануының себебі не? Оның себебі — автор қоғам мәселелеріне жанаса білмейді: ол (Михайловский мырзаның пікірлерін *бүкіл* орыс социализмін сынау үшін мысал ретінде ғана пайдаланып отырғандығымды тағы да айтып өтемін) сол кездегі «еңбек формаларын» *түсіндіруді,* оларды өндірістік катнастардың белгілі системасы деп, белгілі қоғамдық формация деп көрсетуді алдына мүлдем мақсат етіп қойған да жоқ. Маркс тілімен сөйлегенде, қоғамға өмір сүріп және дамып тұрған жанды организм деп қарауды міндеттейтін диалектикалық метод оған жат.

Еңбектің бұрынғы формаларын жаңа формалардың ығыстырып шығару себептері туралы мәселені мүлдем ойына да алмастан, бұл жаңа формалар туралы пікірлерінде де ол дәл сондай хатеге ұрынады. Ол үшін бұл формалар жердің егіншіге тиістілігін «қаусатады», яғни, жалпы айтқанда, өндірушіні өндіріс құралдарынан айырады деп айту, — сөйтіп мұның өзін идеалға сәйкеспейтін іс деп сөгу толық жеткілікті көрінеді. Бұл жерде де оның пікірі тағы да мүлде сорақы болып отыр: ол бір құбылысты (жерсіз қалушылықты) бөлек алады, мұның өзін товар өндірушілердің арасында бәсеке, теңсіздік, біреулердің қайыршылануын, екінші біреулердің баюшылығын туғызатын *товарлы шаруашылыққа* негізделген басқа бір өндіріс катнастары системасының мүшесі деп көрсетуге әрекеттенбейді. Ол бір құбылысты — бұқараның жоқшылыкка ұшырауын көрсетті, екінші құбылысты — азшылықтың баюын — қағыс тастады, сондықтан ол өзі не ол

құбылысты, не бұл құбылысты түсіне алмайтын халге ұшырап отыр.

Ал оның үстіне, мұндай тәсілдерді—«тұрмыс туғызған мәселелерге жауапты сол мәселелердің қаны мен тәні араласқан формасынан іздеу» деп атайды («Русское Богатствоның» 1894 ж. № 1); ал шынында ол, нақ қайта керісінше, шындықты түсіндіруді, шындықтың бетіне тура қарауды білмеді және білгісі келмеді,—сондықтан тұрмыстың туғызған мұндай мәселелерінен, ол тұрмыстағы дәулеттілердің дәулетсіздерге қарсы күресінен қара бет болып қашып, нәресте утопиялар саласына барып тығылды; мұны ол — «тұрмыс туғызған мәселелерге жауапты сол мәселелердің қызу және күрделі нақтылы шындықта шын түрде қойылуынан іздеу» деп атайды («Русское Богатствоның» № 1), ал шынына келсек, ол осы нақтылы шындықты зерттеуге және оны түсіндіруге ең аяғы әрекет те жасаған жоқ.

Осының барлығының орнына ол бізге түрлі қоғамдық формациялардан кейбір элементтерді барып тұрған мағнасыздық түрде жырып алу арқылы пайда болған утопияны ұсынды, ортағасырдағы қоғамдық формациядан — пәлендей элементтерді, «жаңаларынан» — түгендей элементтерді және т. т. алды. Бұған негізделген теорияның шын қоғамдық эволюциядан сыртқары қалмай қоймайтындығы түсінікті, оның жай ғана себебі біздің утопистерге пәлендей, түгендей жерден алынған элементтерден құралған қоғамдық қатнастарда өмір сүріп, іс істеуге тура келмей, шаруаның кулакқа (ауқатты мужикке), майдагердің алыпсатарға, жұмысшының фабрикантқа қатнастарын белгілейтін қоғамдық қатнастарда өмір сүріп, іс істеуге тура келді, бұл қатнастар оларға мүлде түсініксіз болды. Олардың бұл өздері түсінбеген қатнастарды өз идеялары бойынша қайта құруға талаптануы мен күш жұмсауы сәтсіздікке ұшырамауға мүмкін емес еді.

Россиядағы социализм туралы мәселенің «орыс марксистері шыққан» кездегі жайын көрсететін очерк жалпы алғанда міне осындай.

Олар жұмысты ең алдымен бұрынғы социалистердің субъективтік тәсілдерін сынаудан бастады; олар қанаушылықтың бар екенін көрсетіп, оны сөгумен қанағаттан-

бай, оны *түсіндіргілері* келді. Олар Россияның реформадан соңғы бүкіл тарихы бұқараның жоқшылыққа ұшырап, азшылықтың байлыққа жетуінде екенін көре отырып, барлық жерде де техникалық прогресс өсуімен қатар ұсақ өндірушілердің орасан көп тоналуын байқай отырып, товар шаруашылығы қай жерде және қаншалықты дамып, күшейсе — бұл екі шеткей ағымдардың да сол жерде соншалықты туып, күшейетіндігін байқай отырып, олар мұның өзі қоғам шаруашылығының — тонаушылық пен бұқараның езілушілігін *қажеттік түрде* туғызатын буржуазиялық (капиталистік) құрылыс болып табылатындығы туралы қорытынды шығармауға амалы болмады. Олардың практикалық программасы да тура осы сенімі бойынша белгіленді: бұл программаның көздегені — Россияның қараңғы түкпірдегі деревнясынан бастап, ең жаңа құралдармен жабдықталған фабрикасына дейінгі экономикалық тұрмысының басты мазмұны болып табылған, — пролетариаттың буржуазияға қарсы, дәулетсіз таптың дәулетті тапқа қарсы күресіне қосылу болды. Қалай қосылу керек?—деген сұрауға жауапты тағы да сол тұрмыстың өзі тауып берді. Капитализм өнеркәсіптің басты салаларын ірі машиналы индустрия сатысына дейін жеткізді; өндірісті осы жолмен қоғамдастырып, ол жаңа тәртіптердің орнауына материалдық жағдайлар туғызды және сонымен бірге жаңа әлеуметтік күш туғызды: фабрика-завод жұмысшыларының, қала пролетариатының табын туғызды. Россиядағы бүкіл еңбекші халықтың қаналуы экономикалық мәні жағынан қандай буржуазиялық қанау болып табылатын болса, сондай буржуазиялық қанауға ұшырай отырып, — бұл тап, алайда өзін азат ету жағынан алып қарағанда, айрықша қолайлы жағдайларда болып отыр: ескі, бүтіндей қанаушылыққа негізделіп құрылған қоғаммен оның ешбір байланысы жоқ; оның еңбек ету жағдайларының өзі және тұрмыс жағдайы оның ұйымдасуына, ақыл-ойға түсуіне себепші болады, саяси күрестің майданына шығуына мүмкіншілік береді. Сондықтан социал-демократтардың өздерінің барлық назарын және барлық үміттерін осы тапқа аударғаны, олардың өз программасын осы таптың таптық сана-сезімін өсіруге бейімдегені, өздерінің барлық ісін осы таптың қазіргі режимге қарсы тура саяси күреске көтерілуіне жәрдемдесуі және

бұл күреске бүкіл орыс пролетариатын тартуға бағыттауы табиғи нәрсе.

Енді Михайловский мырзаның социал-демократтарға қарсы қалай күресетіндігін көрейік. Социал-демократтардың теориялық көзқарастарына қарсы ол қандай дәлел келтіреді? олардың саяси социалистік істеріне нені қарсы қояды?

Марксистердің теориялық көзқарастарын сыншы мына түрде баяндайды:

«Істің шындығы — бейне бір марксистердің айтысынша — мынадай: тарихи қажеттіліктің имманенттік заңдары бойынша, Россия өзінің капиталистік өндірісін оған біткен барлық ішкі қайшылықтарымен, ұсақ капиталдарды ірі капиталдардың жалмайтыны сияқты қайшылықтарымен дамытады, ал сонымен бірге жерден айрылған мужик пролетарға айналады, бірлеседі, «қоғамдасады», сөйтіп осымен іс бітеді, енді мұны тек бақыттанған адамзаттың қолына ұстата қою ғана қалады».

Көрдіңіз бе, — шындықты түсіну жөнінде марксистердің халық достарынан, демек, ешбір айырмашылығы жоқ екен ғой, бірақ болашақты түсіну жөнінде ғана: марксистер қазіргі тіршілікпен мүлдем шұғылданбай, тек «болашақтар»мен ғана шұғылданатын болулары керек. Михайловский мырзаның ойы дәл осындай екендігінде күман болмасқа тиіс; ол былай дейді: марксистер «өздерінің болжауларында утопиялы ешнәрсе жоқ екеніне, болжауларының барлығы нақты ғылым көрсеткен жобамен өлшеніп, пішілгендігіне әбден сенген», және, ақырында, бұдан да анығырақ айтады: марксистер — «абстракт тарихи схеманың мызғымастығына сенеді және соны уағыздайды».

Бір сөзбен айтқанда, біз марксистерді кісі жиренерлік нағыз пасық түрде кіналаушылықты көріп отырмыз, марксистердің көзқарастарына қарсы мағналы ешнәрсе айта алмағандардың бәрі осы кіналауға баяғыдан жармасып жүр. «Марксистер абстракт тарихи схеманың мызғымастығын уағыздайды»!!

Мұның өзі барып тұрған өтірік және ойдан шығарылған жалған сөз ғой!

Капитализм Батыста «болғандықтан» Россияда да «болуға тиіс» дегенді және осы сияқты дәлелдерді марксистердің бірде-бірі ешбір жерде және ешуақытта айтқан емес. Ешбір марксист Маркс теориясынан ешқандай жалпыға бірдей міндетті философиялық тарихи схеманы, белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияны түсіндіруден басқаны ешуақытта да көрген емес. Тек жалғыз субъективтік философ Михайловский мырза ғана Марксті түсіне алмай, одан ептеп жалпы философиялық теория тапты, осыған жауап ретінде ол Маркстен сен адрестен хателестің деген өте анық түсінік алды. Марксистердің ешқайсысы да өзінің социал-демократиялық көзқарастарын теорияның шындыққа және осы, яғни орыс еліндегі, қоғамдық экономикалық қатнастардың тарихына сәйкес болуынан басқа ешнәрсеге де ешуақытта негіздеген емес және негіздей алмайтын да еді, өйткені теорияға қойылатын осындай талапты «марксизмнің» негізін салушы Маркстің өзі өте айқын және анық айтып, бүкіл ғылымының негізіне қойған болатын.

Әрине, Михайловский мырза, нақ абстракт тарихи схеманы марксистердің қостайтындығын «өз құлағымнан» естігемін деп, Маркстің бұл сөзін, шамасы келгенінше, теріс деп айта алады. Бірақ Михайловский мырзаның өзі әңгімелескен адамдарынан түрлі мағнасыз бос мылжыңды естуіне тура келгендігінде біздің, социал-демократтардың, не шаруамыз бар, яки басқа адамдардың не шаруасы бар? Мұның өзі тек оның өзіне әңгімелесетін адамдарды іздегенге сұрағандай деп табатындығын ғана дәлелдеуден басқа нені көрсетпек, одан басқа мұнда не болушы еді? Әрине, тілмар философтың бұл сияқты әңгімелесетін тілмар адамдары өздерін марксистерміз, социал-демократтармыз және т. с. деп атап жүруі өте мүмкін нәрсе, — бірақ қазіргі уақытта (бұл баяғыдан-ақ айтылып жүр) кәзаптардың қай-қайсысы болса да «қызыл» киім киюді жақсы көретіндігін кім білмейді?* Егер Михайловский мырзаның көрегендігі мұндай «жасанғандарды» марксис-

* Мұның бәрі Михайловский мырза абстракт тарихи схемаларды қостаушылықты шын естіді және ол бұл арада ешбір өтірік айтқан жоқ деген жорамал бойынша жазылып отыр. Алайда, бұл жерде: пеге алсам, соған сатам, дегенді ескерте кетуді сөзсіз қажетті деп санаймын.

терден айыруға жетпейтін болса, немесе оның Марксті терең түсінгендігі сонша — ол Маркстің бүкіл доктринасындағы Маркстің өзі мейлінше қатты ұсынып отырған критерийді («көз алдымызда болып жатқанды» тұжырымдауын) байқамай қалса, — онда мұның өзі тағы да сол Михайловский мырзаның ақылды адам емес екендігін ғана дәлелдейді, одан басқа ешнәрсе де емес.

Қалай болған күнде де, егер ол «социал-демократтарға» қарсы баспасөз жүзінде айтысуға кіріскен болса, ол онда социалистердің осы атпен баяғыдан бері және жалғыз өзі аталып жүрген тобын, — сондықтан басқаны әкеп мұнымен шатастыруға болмайды, — Плеханов пен оның ұйірмесі[45] сияқты өзінің әдебиеттік өкілдері бар тобын ескеруі тиіс еді. Ал егер ол осылай еткен болса — өйткені аз да болса сыпайылығы бар адамның бәрі, сірә, осылай істеуге тиісті сияқты, — ең болмағанда социал-демократтардың бірінші шығармасын, Плехановтың: «Біздің талас-тарымыз» деген кітабын оқыған болса, — онда ол оның бірінші бетінен-ақ автордың ұйірме мүшелерінің барлығы атынан ұзілді-кесілді айтқан мына сөздерін көрген болар еді:

«Біз өзіміздің программамызды ұлы адамның беделімен (яғни Маркстің беделімен), ешбір бүркегіміз келмейді». Михайловский мырза, сіз орыс тілін түсінесіз бе? Абстракт схемаларды уағыздау мен орыс істері жөнінде пікір алысуға келгенде Маркс беделі атаулыны мойындамаушылық арасындағы айырманы түсінесіз бе?

Сіз өзіңіздің әңгімелескен адамдарыңыздан естіген бірінші пікірді марксистік пікір етіп көрсетіп және социал-демократияның ең көрнекті мүшелерінің біреуінің бүкіл топ атынан айтқан баспасөз жүзіндегі сөзін елеусіз қалдырғандығыңыздың адалдық емес екендігін сіз түсінесіз бе?

Ал онан соң бұрынғыдан да гөрі ашық мына төмендегідей пікір айтылған:

«Тағы да айтам, — дейді Плеханов, — нағыз тұрлаулы марксистердің арасында қазіргі орыс шындығына баға беру мәселесі жөнінде талас болуы мүмкін»; біздің доктринамыз — «осы ғылми теорияны өте күрделі және матасқан қоғамдық қатнастарды талдап тексеруде қолданудың бірінші тәжрибесі».

Мұнан гөрі айқынырақ етіп айту, сірә, қыйын болар: марксистер Маркс теориясынан тек бағалы тәсілдерін ғана алады, оларсыз қоғамдық қатнастарды түсіну мүмкін болмайтын тәсілдерін алады, олай болса, демек, олар бұл қатнастарға баға бергенде критерийді мүлдем абстракт схемалардан және т. с. бөспе сөздерден іздемейді, қайта бағасының өмір шындығына дұрыс келетіндігі мен сәйкестігінен іздейді.

Немесе, сіз мүмкін, автор осылай деп айтқанымен, шынында басқаша пікірі бар деп ойлайтын шығарсыз? Бірақ мұның өзі дұрыс болмайды. Оның қолға алған мәселесі, — — «Россия дамудың капиталистік кезеңінен өтуі қажет пе?», деген мәселе болатын. Демек, бұл мәселе мүлдем Марксше баяндалмай, өз еліміздің түрлі философтарының субъективтік методтары бойынша баяндалған; бұл философтар мұндай қажеттіліктің критериесі не бастықтардың саясатында, не «қоғам» істерінде, не қоғамның «адам зат жаратылысына сәйкесетін» идеалында және сондай мағнасыздықтарда деп біледі. Енді: абстракт схемаларды уағыздайтын адам мұндай сұрауға қандай жауап қайтаруға тиіс еді? деген сұрау туады. Әрине, ол адам диалектикалық процестің талассыздығы туралы, Маркс теориясының жалпы философиялық маңызы туралы, әрбір елдің белгілі бір кезеңнен сөзсіз өтуі керек екендігі туралы..., т. т., т. с. айта бастаған болар еді.

Ал Плеханов қалай жауап берді?

Марксистер қалай жауап бере алатын болса, ол солай ғана жауап берді:

Қажеттілік туралы мәселені ол қысыр мәселе ретінде, субъективистерді ғана қызықтыра алатын мәселе ретінде мүлдем аулақ қойды, ылғый шын қоғамдық-экономикалық қатнастар туралы ғана, олардың шын эволюциясы туралы ғана сөз қылды. Сондықтан ол мұндай теріс қойылған сұрауға тура жауап бермей, оның орнына: «Россия капиталистік жолға *түсті*» деп жауап берді.

Ал Михайловский мырза білгішсініп абстракт тарихи схеманы уағыздау туралы, қажеттіліктің имманенттік заңдары туралы және т. с. былшылдар туралы сөз қылады! Сөйтіп мұны — «социал-демократтарға қарсы айтыс» деп атайды!!

Ешнәрсені мүлдем түсінуден қалатын болдым — егер

мұндай адам шын айтысшы болып табылатын болса, онда бұдан кейін босқа үретін шәуілдек деп кімді атамақпыз?

Михайловский мырзаның жоғарыда цитата етіп келтірген сөздерін тағы да атап кетпеске болмайды; бұл сөздерінде ол социал-демократтардың көзқарастарын: «Россия өзінің меншікті капиталистік өндірісін *дамытады»* дегендей етіп баяндайды. Сірә, бұл философтың ойынша, Россияның «өзінің меншікті» капиталистік өндірісі жоқ сыяқты. Автор, мүмкін орыс капитализмі 1,5 миллион жұмысшылардан аспайды деген пікірге қосылатын болуы керек, — біз ерікті еңбектің қаналуының барлық қалған түрін қайда апарып қосатыны белгісіз болып отырған біздің «халық достарымыздың» бұл идеясына төменде тағы да кездесеміз. «Россия өзінің капиталистік өндірісін оған біткен ішкі қайшылықтарымен бірге дамытады, ал сонымен бірге жерден айрылған мужик пролетарға айналады». Орманға кірген сайын отынға молығасың! дегеннің нақ өзі емес пе! Сонымен, Россияда «ішкі қайшылықтар» жоқ, яғни тура айтқанда, қалың бұқараны ат төбеліндей капиталистердің қанаушылығы? халықтың орасан көпшілігінің жоқшылыққа ұшраушылығы және бір топ аз адамдардың баюшылығы жоқ екен ғой? Мужикке енді тағы да жерден айрылуға ұшырау ғана қалып отыр екен ғой? Ал сонда Россияның реформадан кейінгі тарихы шаруалардың қалың көпшілігінің ешқайда болып көрмеген дәрежеде жеделді түрде тоналуын көрсетпегенде нені көрсетіп отыр? Мұндай сөздерді жұртқа естірте айту үшін де үлкен жүрек жұтқандық керек болар. Ал Михайловский мырзаның мұндай жүрек жұтқандығы бар: «Маркс дайын тұрған пролетариат пен дайын тұрған капитализм кезінде іс істеді, ал бізге оларды әлі туғызу керек». Россияға әлі пролетариатты туғызу керек дейсіз бе?! Кедейлерінің тұрмыс күйі жөнінен Англиямен салыстырылып келген (және заңды түрде салыстырылып келген) Россияда, бұқарасы адам айтқысыз жоқшылықта болып, еңбекшілері арсыз түрде қаналып отырған Россияда, мәселен, шетке астық шығару үнемі өсіп жатса да, миллиондаған халықтың ашығуы үзілмей келе жатқан Россияда пролетариат жоқ екен ғой!!

Меніңше, бұл сыяқты данышпандық сөздері үшін Ми-

хайловский мырзаға көзінің тірісінде-ақ ескерткіш орнатуға болар еді ғой деймін! *.

Оның бержағында, мұның өзі — «халық достарының» үнемі және дәйекті түрде қолданатын тактикасы — Россия еңбекшілерінің адам айтқысыз ауыр халіне фарисейлікпен көз жұмып қарайтындық екенін, оны тек «шайқалған» деп қана суреттейтіндік екенін, мұның бәрін түзу жолға салу үшін «мәдениетті қоғам» мен үкімет күш салса болғаны деп есептейтіндік екенін біз төменде тағы да көреміз. Еңбекші бұқараның халінің нашар болуының себебі — оның «шайқалғандығында» емес, ат төбеліндей аз ғана қанаушылардың еңбекші бұқараны арсыз түрде тонап отырғандығында болып отыр; ал мына рыцарьлар егер біз осыған көз жұмып қарасақ, түйеқұсқа ұқсап басымызды тығып, осы қанаушыларды көрмейтін болсақ, — онда бұл қанаушылар жоғалып кетеді деп ойлайды. Ал социал-демократтар оларға: шындықтың бетіне тура қараудан қорққандық — өлімге тең қорқақтық болады дегенді айтқанда, социал-демократтар осы қанаушылықтың барлығын өздерінің түпкі қазығы етіп ұстап, осы қанаушылықтың болуын орыс қоғамының қалың бұқараны пролетариат пен буржуазияға бөліп қақ жаратын буржуазиялық құрылыстың болушылығы және осы буржуазияның нақ үстемдік ету органы болып табылатын орыс мемлекетінің таптық сыйпаты арқылы ғана түсіндіруге болатындығын айтып, сондықтан мұнан құтылудың *бірден-бір жолы* пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресінде болып отыр деп айтқан кезде, бұл «халық достары» социал-демократтар халықты жерсіз қалдырғылары келеді!! біздің халықтық экономикалық құрылысымызды бұлдіргілері келеді!! деп бай-балам салады.

---

* Мүмкін, Михайловский мырза, бұл жерде де жалт беріп құтылып шығуға тырысар: мен Россияда пролетариат атымен жоқ дегенді айтайын деген жоқ едім, Россияда тек капиталистік пролетариат қана жоқ дегенді айтайын деп едім дер? Солай ма? Олай болса, сіз осыны сол кезде неге айтпадыңыз? *Мәселенің барлық мәнісі*: орыс пролетариаты қоғамдық шаруашылықтың буржуазиялық құрылысына тән пролетариат болып табыла ма, әлде басқа бір пролетариат болып табыла ма, әлде басқа бір пролетариат па? — Міне, осында болып отыр. Сіздің екі мақаланы бірдей жазып, оның ішінде бұл бірден-бір күрделі және маңызды мәселе туралы *бір сөз де* айтпай, оның орнына аузыңызға келгенді оттап, ақылыңыздан адасқанша мылжыңдағаныңызға кім кіналы?

Біз енді осы, ең аз дегенде, әдепсіз «айтыстың» ең оңбаған жеріне — атап айтқанда социал-демократтардың саяси істерін Михайловский мырзаның «сынайтын» (?) жеріне келеміз. Социалистер мен үгітшілердің жұмысшылар арасындағы ісі біздің ашық баспасөзімізде әділ талқыға түсуі мүмкін емес, ал бұл жөнде цензурадан өтетін ар-ұяты бар баспасөздің қолынан келетін бірден-бір ісі — «әдеп сақтап үндемсу» — мұны жұрттың бәрі түсінеді. Михайловский мырза бұл өте қарапайым ережені ұмытты, оқушы жұртшылыққа өзінің сөзін айтуға берілген ерікті социалистерді түрлі қоқыс сөздермен балағаттау үшін ешбір арланбастан пайдаланып қалды.

Алайда, ар-ұяттан безген бұл сыншыға қарсы күресуге ашық шығатын журналдардан басқа да құрал табылады.

Михайловский мырза аңқаусығансып былай дейді: «Менің түсінуімше орыс марксистері үш түрге бөлінеді: қараушы марксистер (процеске қатыспай, көріп қана отыратындар), селқос марксистер (тек «толғақ бейнетін жеңілдететіндер». Олар «жерді пайдаланып отырған халыққа көңіл бөлмей, өздерінің ықыластары мен үміттерін өндіріс құралдарынан айрылғандарға аударады») және белсенді марксистер (деревняның бұдан былай да күйзеле беруін ашық жақтайтындар)».

Бұл не деген сөз?! Орыс марксистерінің — социалистер екенін, олардың шындыққа — бұл капиталистік қоғам, ал бұдан құтылатын бір-ақ жол бар, ол жол — пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі — деп қарайтындығын сыншы мырзаның білмеуі мүмкін емес қой? Ол мұның барлығын қалай және неліктен қайдағы бір мағнасыз сорақылықпен шатастырып отыр? Марксист деген атты марксизмнің ең элементарлық және негізгі ережелерін қабылдамайтын адамдарға, ерекше топ ретінде ешуақытта да және ешқандай да бой көрсетіп көрмеген, өздерінің белгілі бір ерекше программасын ешуақытта да және ешқайда да жарияламаған адамдарға қолдануға оның қандай правосы (әрине, адамгершілік жағынан) бар?

Михайловский мырза өзінің бұл сыяқты сорақы әдістерін ақтап шығу үшін өзіне құтылармлық бірнеше жолдар калдырды.

Ол от басында отырып шікірейген кербездерге ұқсап: «Бәлкім, олар нағыз марксистер емес те шығар, бірақ

олар өздерін нағыз марксист деп санап және солай етіп жариялайды» — деп кекетеді. Қай жерде және қашан жариялады? Петербургтың либералдық және радикалдық қонақ үйлерінде ме? Жеке хаттарында ма? Солай-ақ болсын. Онда олармен өз қонақ үйлеріңізде және хаттарыңызда солай-ақ сөйлесе беріңіздер! Бірақ сіз ешуақытта да және еш жерде де (марксизм туы астында) халық алдында бой көрсетпеген адамдарға баспасөз жүзінде де және халық алдында қарсы шығып отырсыз ғой. Сөйте тұра, «социал-демократтарға» қарсы айтысып отырмыз деуге сіздің батылыңыз барып отыр, сіз бұл атты социал-революционерлердің *бір* ғана тобы алып жүргенін және ол топпен басқа ешкімді де алжастыруға болмайтындығын біле тұра осылай істеп отырсыз! *

Михайловский мырза, кінасы мойнына қойылған гимназист сияқты, бұлталақтап, жалтара береді: бұл арада менде ешбір жазық жоқ — мен «өз құлағыммен естіп, өз көзіммен көрдім» деп оқушыны сендіруге күштенеді. Солай, жақсы-ақ! Біз сіздің көз алдыңызда оңбағандар мен сұмдардан басқа ешкімнің жоқ екеніне шын пейілімізбен сенеміз, бірақ бұл арада социал-демократ болып отырған біздердің не жазығымыз бар? «Қазіргі уақытта», жалғыз социалистік іс қана емес, азды-көпті өз бетінше жүргізілетін қоғамдық адал істің қай-қайсысы болса да саяси құрыншылыққа ұшырап отырған уақытта, белгілі бір ту

---

* Михайловский мырзада кездесетін *іс жүзіндегі* бір мысалға болса да тоқтап өтейін: Михайловскийдің мақаласын оқыған адамның қай-қайсысы болса да оның Скворцов мырзаны да («Ашаршылықтың экономикалық себептері» деген кітаптың авторын) «марксизге» әкеп қосатындығын мойындауға тиіс. Ал шынында бұл мырза өзін марксистпін деп атамайды, және социал-демократтардың көзқарасы бойынша ол тек оңбаған буржуа ғана екендігін көру үшін социал-демократтардың шығармаларымен жай ғана танысудың өзі де жеткілікті. Бұл қайдан марксист болмақ, керек десе ол өзінің прогрестерін жобалап отырған қоғамдық ортаның өзі буржуазиялық орта екенін, сондықтан тіпті шаруа шаруашылығында да шын байқалып отырған «мәдениеттің өркенделуінің» барлығы, азшылықтың халін жақсартып, толып жатқан бұқараларды пролетариатқа айналдыратын буржуазиялық прогресс болып табылатындығын түсінбейді! Бұл қайдан марксист болмақ, керек десе ол өзінің жобаларын танып отырған мемлекеттің таптық мемлекет екенін, оның буржуазияны қолдап, пролетариатты жаншуға ғана бар мемлекет екенін түсінбейді!

астында — народовольчестволың болсын, марксизмнің болсын немесе тіпті, айтайық, конституционализмнің болсын туының астында — шын жұмыс істейтін бір адамның басына осы атпен өзінің либералдық қорқақтығын бүркейтін бірнеше ондаған сөзуардан келетіндігін, және бәлкім мұның үстіне өздерінің жеке бастарының қамын ойлап өз ісін жүргізетін бірнеше барып тұрған сұмдардан келетіндігін кім білмейді? Бұл бағыттардың туларын қайдағы бір оңбағандардың ластап жүргендігін (ластағанда көп алдында, — әшкере емес, тасаланып қана ластап жүргендігін) ол бағыттардың қай-қайсысына болса да қуна етіп қоюға ең барып тұрған оңбағандардың ғана батылы бара алатындығы анық емес пе? Михайловский мырзаның баяндауының бәрі — теріс түсіндірудің, бұрмалау мен жұлмалаудың тұтас тізбегі. Біз жоғарыда оның социал-демократтар сүйенетін «ақиқаттарды» мүлде бұрмалағанын көрдік, оларды марксистерден ешкім ешқайда және ешуақытта ондай етіп баяндамағанындай және баяндай алмайтынындай етіп баяндағанын көрдік. Ал егер ол орыс шындығын социал-демократтардың нағыз өз түсінулеріндей етіп баяндаған болса, онда ол *тек бір жағдайда ғана*, пролетариаттың таптық сана-сезімінің дамуына көмектескен жағдайда, оны қазіргі режимге қарсы саяси күреске ұйымдастырып және топтастырған жағдайда ғана бұл көзқарастармен «келісуге» болатындығын көрмей қалмаған болар еді. Оның, айта кету керек, тағы бір бұлтарысы қалып отыр. Ол жазықсыздан зәбірленген адам тәрізденіп, қайғы-хасірет шеккен мүсәпірдің айтатынын фарисейлікпен көбейтіп: «Мен мұны естігеніме қатты қуанамын, бірақ сіздердің не нәрсеге қарсы болып отырғандығыңызды мен түсінбеймін» деп жылағандай болады («Русское Богатствоның» № 2 ол дәл осылай деген болатын). «Менің селқос марксистер туралы жазғанымды құнт қойып оқып көрсеңіздер, сонда менің этикалық көзқарас тұрғысынан қарағанда ешбір қарсы болуға болмайды деп айтқанымды көресіздер».

Әрине, мұның өзі де баяғы, бейшара бұлтарыстардың айласын қайта мүжігендіктердің бір түрі.

Айтыңызшы, әлеуметтік революцияшыл халықшылдардың (халықшылдықтың басқа түрі әлі шықпаған — осындай дәуірді аламын) сынаймын деп жариялап, мына тө-

мендегі тәрізді нәрсені баяндаған адамның қылығын не деп атар едіңіз:

«Менің түсінуімше халықшылдар үш түрге бөлінеді: түрлаулы халықшылдар, — бұлар мужиктің идеясын толық қабылдайды және, оның тілегіне сәйкес, дүре соғуды, әйел сабауды мадақтайды, сөйтіп, жалпы алғанда, үкметтің халық саясаты деп аталып жүрген адам түршігерлік қамшы мен таяқ саясатын жүргізеді; онан соң қорқақ халықшылдар, — бұлар мужиктің пікірлерімен санаспай, ұйымдасулар, т. с. арқылы Россияға оның өзіне жат революциялық қозғалысты әкелуге тырысады — этикалық көзқарас тұрғысынан қарағанда бұған ешбір қарсы шықпаса да болар еді, бірақ мұның өзі тайғақ жол, сондықтан ол қорқақ халықшылды түрлаулы халықшылға қарай немесе батыл халықшылға қарай оп-оңай тайдырып жіберуі мүмкін; және, ақырында, батыл халықшылдар — бұлар аукатты мужиктің халықтық идеяларын барынша толық жүзеге асырады және сондықтан әбден кулак болу үшін жерге орныгады», — әрине мұны адал адамның бәрі де оңбаған және сорақы мысқылдау деп атаған болар еді. Ал егер мұндай нәрсені баяндаған адам сол баспасөз жүзінде халықшылдардан қарсы жауап ала алмайтын жағдай болса; егерде бұл жерде осы халықшылдардың идеялары осы уақытқа дейін астыртын түрде ғана баяндалып келгендіктен халықшылдар жөнінде көп адамның дәл түсінігі болмай, олар халықшылдар туралы не айтса соған оңай сене қалатын болса, онда жұрттың бәрі мұндай адамның... екендігіне қосыла қалған болар еді.

Мүмкін, бұл көп нокат тұрған жерге қандай сөз қойылуы керек екенін Михайловский мырзаның өзі де әлі онша ұмыта қоймаған болар.

Алайда жетер! Михайловский мырзада бұл сыякты өтірік жалалар әлі де көп қалды, бірақ мен бұл сыякты былғанышты ақтарып, әржерде шашылған көмескі сөздерді жыйнап, оларды салыстырып, олардан қандай да болса бір елеулі қарсылықты іздеп табуға тырысудан артық адам жалығарлық, хасиетсіз, лас жұмысты көріп-білген емеспін.

Жетер!

Апрель, 1894.

БАСТЫРУШЫЛАРДАН[46]

Мақаланың текстінен оқушы кейбір мәселелердің бұдан да әрі талданатындығын көрсететін ескертулерді кездестірер, ал шынында мұндай талдаулар бірінші бөлімінде жоқ. Мұның себебі: ұсынылып отырған мақала «Русское Богатствоның» марксизм туралы жазған мақалаларына берілген жауаптың бірінші бөлімі ғана болып табылады. Уақыттың өте тар болғандығы бұл мақаланың дер кезінде шығуына бөгет жасады; бірақ бұл мақаланы мұнан әрі кешеуілдетуге мүмкін емес деп есептейміз: біз онсыз да 2 ай кешіктірдік. Міне сондықтан біз, мақаланың барлығының басылып болуын күтіп отырмай-ақ әзірге мақаланың Н. Михайловский мырзаның «сынын» талқылайтын бөлігін жарыққа шығаруға ұйғардық.

Мақаланың баспаға дайындалып жатқан 2-ші және 3-ші басылуларынан оқушы, ұсынылып отырған талдаудан басқа, «Русское Богатство» өзге басшыларының, Южаков пен С. Кривенко мырзалардың, қоғамдық экономикалық көзқарастарын, Россияның экономикалық шындығының очеркіне және «социал-демократтардың» осыдан келіп шығатын «идеялары мен тактикасына» байланыстыра отырып зерттейтін талдауын да табады.

ОСЫ БАСЫЛУЫНА[47]

Ұсынылып отырған осы басылуының бірінші басылуынан ешқандай да өзгешелігі жоқ. Біз текстін жазу ісіне ешқандай қатысуымыз болмағандықтан, оны қандай да болса өзгертуге өзімізді праволы деп таппадық, сондықтан басып шығару жұмысымен ғана шұғылдандық. Біздің бұл жұмысты қолға алған себебіміз: ұсынылып отырған шығарманың социал-демократиялық насихатымызды едәуір жандандыратындығына көзіміз жетті.

Біз социал-демократиялық сенімнің нәтижесінде әркім осы насихат ісіне еңбек сіңіруге қашан да дайын болу керек деген оймен, ұсынылып отырған кітапшаның авторымен пікірлес адамдардың барлығынан да осы шығарманың да және жалпы марксистік насихат органдарының барлығының да барынша кең таралуына қолынан келгенше (әсіресе, әрине, қайта басылуына) көмектесулерін сұраймыз. Казіргі жағдай мұндай көмек беруге аса қолайлы. «Русское Богатствоның» біздер жөнінде қолданған әрекеті барған сайын шектен шығып барады. Бұл журнал қоғам ішінде социал-демократиялық идеялардың таралуын бөгеуге тырыса отырып, біздерді: пролетариат мүдделеріне немқұрайды қарайды, бұқараның жоқшылыққа ұшырауын жақтайды деп тура кіналауға дейін барды. Журнал мұндай тәсілдерімен өзіне зиян келтіреді және біздің жеңіп шығуымызға көмек етеді деп ойлаймыз. Алайда, жалақорлардың қолында өз жалаларын барынша кең түрде насихаттау үшін барлық материалдық құралдары толық екендігін ұмытпау керек. Олардың қарамағында бірнеше мың дана болып шығатын журнал бар, олар оқу үйлері мен кітапханаларды пай-

даланады. Сондықтан артықшылық жағдайдың пайдалы болуының өзі де жалалардың табысты болуын үнемі қамтамасыз ете бермейтіндігін біздің дұшпанымызға дәлелдеу үшін біз өзіміздің барлық жігерімізді салуға тиіспіз. Мұндай жігерлердің табылатындығына толық сенетіндігімізді білдіреміз.

Июль 1894.

III БӨЛІМ

Выпускъ III.

Что такое „Друзья народа“

и

Какъ они воюютъ противъ

соціал-демократовъ.

Сентябрь 1894

Изданіе
провинціальной группы
соціал-демократовъ

В. И. Ленинніц „„Халық достáры“ деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?“ деген кітабының гектографпен басылып шыққан III бөлімінің тысы.—1894 ж.
Кішірейтілген

Қорытындымызда, социал-демократтарға қарсы ашық соғыс ашқан тағы бір «халық досы»мен — Кривенко мырзамен танысайық.

Алайда, біз Михайловский мен Южаков мырзаларға істегеніміздей етіп, Кривенко мырзаның мақалаларын (1893 жылғы № 12 «Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде» және 1894 жылғы № 1 «Жол үстінен жазылған хат» деген мақалаларын) талқылап отырмаймыз. Онда олардың мақалаларын талқыға салу бір жағынан — олардың материализмге және жалпы алғанда марксизмге қарсы пікірлерінің мазмұнын, екінші жағынан — олардың саяси экономикалық теорияларын әбден білу үшін қажет болды. Енді «халық достары» жайында толық түсінік алу үшін бізге олардың тактикасымен, олардың практикалық ұсыныстарымен, олардың саяси программасымен танысуға тура келеді. Олардың бұл программасы, теориялық көзқарастары сыяқты етіліп, еш жерде де ашық түрде, дәйекті және толық баяндалған жоқ. Сондықтан мен бұл программаны журналдың түрлі мақалаларынан алуға мәжбүр болып отырмын, ал бұл журналдың қызметкерлері бір-бірімен жеткілікті түрде пікірлес болғандықтан мақалалардың мазмұнында қайшылық болуға тиіс емес. Мен Кривенко мырзаның жоғарыда аталған мақалаларын басқа мақалалардан айрықша көріп отырғандығымның себебі, біріншіден, бұл мақалалар материалды көбірек береді, екіншіден, журнал үшін Михайловский мырза кандайлықты социолог, Южаков мырза қандайлықты экономист болған болса, бұл мақалалардың авто-

ры журнал үшін сондайлықты практик және саясатшының өзі болып отыр.

Алайда, олардың программасын сөз қылудан бұрын, тағы да бір теориялық пунктқа лажсыз тоқтап өту қажет болып отыр. Южаков мырзаның халық шаруашылығын қолдайтын халық арендасы, т. с. туралы түкке тұрмайтын сөздерді айтып құтылып кеткісі келгендігін, ол сөздерімен біздің егіншілердің экономикасын өзінің түсінбейтіндігін бұркегенін біз жоғарыда көріп өттік. Ол фабрика-заводтық ірі өнеркәсіптің өсуі жайындағы мәліметтерді ғана келтіріп, кәсіпшілік орындарына соқпай өтті. Ал қазір Кривенко мырза майдагершілер кәсіптері туралы нақ сондай сөздерді қайталап отыр. Ол «біздің халық өнеркәсібін», яғни майдагерлер өнеркәсібін капиталистік өнеркәсіпке тікелей қарама-қарсы қояды. (№ 12, 180—181 беттер). «Халық өндірісі (sic!) — дейді ол — көбінесе табиғи түрде пайда болады», ал капиталистік өнеркәсіп «шетінен ылғый жасанды түрде құрылады». Екінші бір жерде ол «халықтық ұсақ өнеркәсіпті ірі капиталистік өнеркәсіпке» қарсы қояды. Егер сіз, алдыңғы айтылған өнеркәсіптің өзгешелігі қайсы деп сұрай қалсаңыз, — онда сіз оның «ұсақ»* екенін және онда еңбек құралының өндірушімен бірге екенін ғана (бұл соңғы анықтаманы Михайловский мырзаның жоғарыда айтылған мақаласынан алып отырмын) білесіз. Бірақ мұның өзі оның экономикалық құрылысын ешқандай анықтай алмайды ғой, және онан соң — мұның өзі мүлде теріс қой. Мәселен, Кривенко мырза «капиталистік ірі өнеркәсіпке қарағанда, халықтық ұсақ өнеркәсіп жалпы өнімді күні бүгінге дейін анағұрлым көп береді және ондағы жұмыс күші де көп» дейді. Автордың айтып отырғаны майдагерлер санының мәліметі болу керек, бұл мәлімет бойынша майдагерлер саны 4 миллионға дейін барады, ал басқа бір есеп бойынша — 7 миллионға дейін барады. Бірақ біздің майдагерлік кәсіпшіліктің экономикасында ірі өндірістің үйде істелетін системасы басым екенін? майдагерлер өн-

---

* Мұнан тағы да мынаны ғана білуге болады: «онан нағыз (sic!) халықтық өнеркәсіп өсіп шығуы мүмкін» — дейді Кривенко мырза. Шындықты дәл және тура сыйпаттаудың орнына лепірмелі және мағнасы жоқ сөздерді айту — «халық достарының» дағдылы әдісі.

дірісінің көпшілігі өз алдына дербес емес, мүлде тәуелді, бағынышты екенін, олар затты өз материалдарынан емес, майдагерге тек жалақы ғана төлейтін саудагерлердің материалынан істеп шығаратынын кім білмейді? Бұл форманың басым екені жөніндегі мәліметтер тіпті ашық шығатын әдебиетте де көрсетілді ғой. Мысал үшін, белгілі статистік—С. Харизоменовтың «Юридический Вестнике»[48] — (1883 ж. №№ 11 және 12) басылған тамаша еңбегін алайын. Майдагерлік кәсіпшілік орындары көбірек дамыған орталық губерниялардағы майдагерлік кәсіпшілік жөніндегі әдебиеттердегі бар мәліметтерді қорыта отырып, С. Харизоменов ірі өндірістің үйде істелетін системасы, яғни өнеркәсіптің күмансыз капиталистік формасы сөзсіз басым болып отыр деген қорытындыға келді. Ол былай дейді: «Ұсақ дербес өнеркәсіптің экономикалық орнын анықтай отырып, біз мынадай қорытындыға келеміз: Москва губерниясында майдагерлік өнеркәсіптің жылдық айналымының 86,5 процентін ірі өндірістің үйде істелетін системасы береді, ал ұсақ дербес өнеркәсіптің беретіні тек 13,5 процент қана. Владимир губерниясының Александров және Покров уезіндегі майдагер өнеркәсіптің жылдық айналымының 96 проценті ірі өндіріс пен мануфактураның үйде істелетін системасының үлесіне жатады, ал ұсақ дербес өнеркәсіптің беретіні небәрі 4 процент қана».

Біздің білуімізше, бұл мәліметтерді ешкім де теріске шығаруға талаптанған жоқ, және оларды теріске шығаруға болмайды да. Бұл фактыларды қалай елемей кетуге және олар туралы қалай үндемеуге болады, мұндай өнеркәсіпті капиталистік өнеркәсіпке қарсы «халықтық» өнеркәсіп деп қалай атарсың және ол өнеркәсіптен нағыз шын өнеркәсіп өсіп шығуы мүмкін деп қалай айтарсың?

Фактыларды осылайша турадан-тура елемей кетушілікті тек бір нәрсемен ғана түсіндіруге болады: Россияның бүкіл либералдарының алған беті сияқты, «халық достарының» да ұстаған беті — Россияда таптардың антагонизмін және еңбекшілердің қанауда болушылығын боямалау, мұның бәрін тек жай ғана «кемшіліктер» етіп көрсету. Бәлкім бір есептен мәселен Кривенко мырзаның: «Павлов пышақ өндірісін» — «жартылай колөнер-

шілер өндірісі» деп атағаны сыяқты, мұның себебі олардың бұл мәселе жөніндегі білімдерінің тереңдігінде шығар. «Халық достарының» істі теріс бұрмалауы осынша дәрежеге жетуі таңғаларлық нәрсе! Павловтағы пышақ жасаушылар заказбен істемей, рынокке шығару үшін істеп отырғанда, оның қолөнершілік сыйпаты бар деп қалай айтуға болады? Нижегород жарменкесіне жіберу үшін купецтің майдагерге зат істеп шығаруға заказ беретін тәртіптерін әлде Кривенко мырза қолөнер кәсібіне жатқызып отырған жоқ па? Мұның өзі өте адам күлерлік нәрсе, алайда мұның өзі осылай болу керек. Шынында да пышақ өндірісі өндірушілердің дербестігі бар (сыртан қарағанда ғана) ұсақ майдагерлік форманы (Павловтағы басқа өндірістермен салыстырғанда) бәрінен де гөрі аз сақтады: «жай пышақ пен қолөнершілерге керек пышақ өндірісі* қазірдің өзінде-ақ фабрикалық яки, дұрысырақ айтқанда, мануфактуралық өндіріске бірсыпыра дәрежеде жақындап келеді»[49] дейді Н. Ф. Анненский. Нижегород губерниясындағы пышақ өндіретін 396 майдагердің базарға сату үшін істейтіні 62 адам ғана (16 процент), қожайынға** істейтіні — 273 адам (69 процент) және жалдама жұмысшы болып істейтіні 61 адам (15 процент). Демек майдагерлердің — $^1/_6$ ғана кәсіп иесіне тікелей күл болмай отыр. Пышақ өндірісінің басқа бір бөліміне — бәкі өндірісіне келетін болсақ, — онда мұның өзі сол автордың айтуы бойынша, — «асхана пышағы мен қылыптың арасында аралық орын алады: мұнда шеберлердің көпшілігі қожайынға істейді, бірақ олармен катар рынокпен байланысы бар толып жатқан дербес майдагерлер де бар».

Нижегород губерниясында барлығы 2 552 майдагер осы сортты пышақ жасайды, бұлардың 48 проценті (1 236 адам) базар үшін істейді, 42 проценті (1 058 адам) қожайынға істейді және 10 проценті (258 адам) жалдама

---

* Басқа өндірістердің ішіндегі ең ірісі. Павловтағы өндірістің барлығы 2 750 мың сомдық зат беретін болса, бұл соның ішінде 900 мың сомдық зат береді.

** Яғни, майдагерлерге материал беріп, оларға жалақы төлейтін купецке істеу.

жұмысшы болып істейді. Демек, дербес (?) майдагерлер мұнда да азшылық болып отыр. Әрине, базар үшін істейтіндер тек сырттан қарағанда ғана дербес болып көрінеді, ал іс жүзінде олардың алыпсатарлар *капиталына* құл боалуы аналардан кем емес. Егер Нижегород губерниясының бүкіл Горбатов уезіндегі 21 983 қызметшісі бар, яғни *барлық істеуші қызметшілердің** 84,5 процентін қамтыйтын кәсіпшілік орындары жөніндегі мәліметтерді алатын болсақ, онда мынадай мәліметтерді (кәсіпшілік экономикасы туралы дәл мәліметтер тек 10.808 жұмысшылар жөнінде ғана — металл, былғары, қамыт-сайман, пима басатын, кендір есетін кәсіпшіліктегі жұмысшылар жөнінде ғана бар) көреміз: майдагерлердің 35,6 проценті базар үшін істейді; 46,7 проценті қожайын үшін істейді және 17,7 проценті — жалдама жұмысшылар болып істейді. Сонымен, *біз бұл арада да ірі өндірістің үйде істелетін системасының басымдығын, еңбектің капиталға құл болған қатнастардың басым екенін көріп отырмыз.*

«Халық достарының» бұл сияқты фактыларды оп-оңай елемей өтуінің тағы да бір себебі: олар өздерінің капитализмді ұғынуында кәдімгі пасық ұғынушылықтан — капиталист дегеніміз бай және ірі машиналы шаруашылықты жүргізіп отыратын білімді кәсіп иесі деген ұғынушылықтан әрі аспайды, сөйтіп бұл ұғымның ғылми мазмұнын түсінгісі келмейді. Южаков мырзаның капитализмді айтқанда, қарапайым кооперация мен мануфактураны аттап өтіп, бірден машиналы индустриядан бастағанын біз мұның алдындағы тараудан көрдік. Мұның өзі — жалпыға тараған хата; мұның өзі басқалармен қатар, біздің майдагерлік кәсіпшіліктің капиталистік үлгімен ұйымдастырылғандығын елемеушілікке әкеліп соқтыратын хате.

Ірі өндірістің үйдегі системасының — өнеркәсіптің ка-

---

* Өзімен өзі болған орыс экономистері орыс капитализмін фабрикадағы жұмысшылар санымен (sic!) кесіп-пішіп, бұл қызметшілерді және оларға ұқсас орасан көп адамдарды ауыл шаруашылығымен шұғылданатын және капиталдың езушілігінен қорлық көрмей, «халық құрылысына» (???!!) әдейі қысым жасаудан қорлық көрген халыққа апарып теңейді.

питалистік формасы екендігі өзінен-өзі түсінікті: бұл арада біз оның барлық белгілерінің бар екенін көріп отырмыз — товар шаруашылығы дамудың жоғарғы сатысында тұрғанын, өндіріс құралдарының жеке адамдардың қолында жыйнақталғандығын, өздерінің өндіріс құралдары жоқ болғандықтан еңбегін басқаға жұмсап, өзі үшін істемей, капиталист үшін істейтін жұмысшылар бұқарасының тоналуын көріп отырмыз. Қәсіпшіліктің ұйымдастырылуы жағынан мұның өзі — таза капитализм екені даусыз; мұның ірі машиналы индустрияға қарағандағы өзгешелігі оның техникалық жағынан артта қалғандығы (мұның ең басты себебі жалақының адам айтқысыз төмен болуы) және жұмысшылардың болмашы жер шаруашылығының сақталуы. Бұл соңғы жағдай нағыз метафизиктерше: «я—я, жоқ—жоқ, бұдан басқа қалғаны — жәдігөйдің жалғаны» деп жалаң тікелей қайшылықтар арқылы ойлауға дағдыланған «халық достарын» әсіресе сескендіреді.

Жері жоқ жұмысшылар болса — капитализм болғаны; егер олардың жері болса — капитализм болмағаны; олар, міне, осы көңіл жұбататын философиямен қанағаттанып отыр; олар бұл жерде шаруашылықтың бүкіл қоғамдық құрылысын ескермей, тек жерге ие болу — ол жер иелерінің адам айтқысыз қайыршылығын жоя алмайтындығын, олардың — өздері сияқты басқа жер иелері «шаруалар» тарапынан нағыз арсыз түрде тонаушылыққа душар болып отыратындығын, міне, осы сияқты жұрттың бәріне мәлім фактыларды ұмытып отыр.

Олар, сірә, капитализм — дамудың әлі де едәуір төмен сатысында тұрғанда — қай жерде болсын жұмысшыны жерден мүлде айыра алмағандығын білмейтін болу керек. Батыс Европа жөнінде, Маркс, тек ірі машиналы индустрия ғана жұмысшыларды түпкілікті экспроприациялай алады деген заңды ашты. Сондықтан «жерге халық ие болып отырғандықтан» бізде капитализм жоқ дейтін өте көп таралған пікірлердің ешбір мағнасы жоқ екендігі түсінікті; өйткені қарапайым кооперация мен мануфактура капитализмі ешқайда да және ешуақытта да қызметшінің жерден толық бөлектенуімен байланысты болған емес, әрине, бұдан ол капитализм болмай қалған да емес.

Ал енді Россиядағы ірі машиналы индустрияға келетін болсақ — ал біздің өнеркәсібіміздің неғұрлым ірі және неғұрлым маңызды салалары осы формаға тез түсіп келеді — онда біздің ірі өнеркәсіпте де, біз қаншалықты өзімізге тән айрықша жағдайда болсақ та, барлық капиталистік Батыстағы ірі өнеркәсіптің хасиетті сияқты хасиеттер бар; бұлар жұмысшының жермен байланыстылығының сақталуымен мүлде сыйыса алмайды. Бұл фактыны Дементьев[50] статистикалық дәл мәліметтер арқылы дәлелдеді; ол мұндай мәліметтерден (Маркстен мүлдем тыс): механикалық өндіріс қызметшінің жерден толық бөлектенуімен мықты байланысты деген қорытынды жасады. Бұл зерттеу: Россияның — капиталистік ел екенін, мұнда еңбекшілердің жермен байланыстылығының сонша нашар және болар-болмас екенін, бай таптың (ақша иесінің, алыпсатардың, бай шаруаның, мануфактурашының және сондайлардың) құдіреттілігінің сонша берік екенін, сондықтан да, — техника енді бір аттаса болғаны — «шаруаның» (?? ол алда қашаннан бері жұмыс күшін сатумен күнелтіп келеді) нағыз жұмысшыға айналатындығын тағы да дәлелдеді *. «Халық достарының» біздің майдагерлік кәсіпшілігіміздің экономикалық құрылысын түсінбеуі, алайда, мұнымен ғана бітпейді. Олардың егіншілер жөніндегі түсінігі қандай үстірт болса (мұны жоғарыда көрдік), тіпті «қожайынға» жұмыс істелінбейтін кәсіпшілік жөніндегі түсінігі де сондай үстірт. Саясат, экономика мәселелері туралы пікір қорыту және пікір айту ісіне білім шамасы — дүниеде өндіріс құралдары бар деген нәрсені ғана білетін адамдар күрескен кезде мұндай болушылық, сөз арасында айта кету керек, мүлде тәбиғи нәрсе; өйткені мұндай адамдардың ойынша, бұл өндіріс құралдары еңбекшілермен біріктірілуі «мүмкін» — онда бұл өте жақсы болғаны; ал ол екеуі бөлініп қалуы да «мүмкін», — онда ол өте жаман болғаны. Мұндай ақыл өрісімен алысқа ұзай алмайсыз.

---

* Ірі өндірістің үйдегі системасы капиталистік система болып қана қоймай, сонымен бірге ол, еңбекшілердің аса қатты қаналушылығын жұмысшылардың бостандықтары үшін күресу мүмкіншілігінің өте аздығымен ұштастыратын ең оңбаған капиталистік система болып табылады.

Капиталдық жолға түсіп келе жатқан кәсіпшілік және ол жолға түспей отырған кәсіпшіліктер туралы («ұсақ өндіріс еркін өмір сүре алатын» жерлерде) айта келіп, Кривенко мырза кейбір өндірістерде «өндіріске жұмсалатын негізгі қаржылар» өте аз, сондықтан ондай жерлерде ұсақ өндіріс болуы мүмкін дегенді айтады. Ол мысалға кірпіш өндірісін келтіреді, бұл өндіріске жұмсалатын қаржы заводтардың жылдық айналымынан 15 есе аз болуы мүмкін дегенді айтады.

Автордың бұл бірден-бір дерлік нақтылы мысалы болғандықтан (шындықты тура және дәл сыйпаттап, зерттеуден қорқу, «идеалдар»... мещандық саласында шарықтауды тәуір көрушілік субъективтік социологияның ең айрықша өзгешелігі дегенді тағы да айтам), — «халық достарының» шындықты түсінулерінің қаншалықты теріс екенін көрсету үшін біз де нақ сол мысалдың өзін алып қарайық.

Кірпіш кәсібінің жайы (ақ балшықтан кірпіш жасап шығару) Москва земствосының шаруашылық санағында жазылған («Жыйнақ», VII том, 1-кітап, 2 бөлім, т. т.). Бұл кәсіпшілік әсіресе Богород уезінің 3 болысында жыйнақталған, мұнда 233 кәсіп орны бар, олардың 1 402 жұмысшысы бар (567сі семьялы* = 41 процент және 835-і жалдамалы — 59 процент), жылдық өндірісінің сомасы 357 000 сом. Бұлар көптен бері келе жатқан кәсіпшілік, бірақ олар, әсіресе, соңғы 15 жылда зат өткізу ісін жеңілдеткен темір жолдың салынуы арқасында дамыды. Темір жол салынғанға дейін өндірістің семьялық формасы басым болды, қазір ол бәсеңдеп, жалдама еңбекті қанаушылыққа жол беріп отыр. Ұсақ өндірісті кәсіпшілердің ірі өндірісті кәсіпшілерге зат өткізу жөнінде тәуелді болуы бұл кәсіпшілікте де жоқ емес: «ақша қаржысының жетімсіздігінің» салдарынан алдыңғылар соңғыларға кірпішті тұрған орнында (кейде «кеппеген» — күйдірілмеген күйінде) өте арзан бағамен сатады.

Алайда, очеркте майдагерлердің түтін санағы қосым-

---

* «Семьялы» жұмысшылар деп жалдама жұмысшылар емес, кәсіп қожайыны семьяларының жұмыс істейтін мүшелерін айтып отырмыз.

ша ретінде берілгендіктен, бұл кәсіпшіліктің осы тәуелдіктен тыс ұйымдасуымен танысуға мүмкіншілік бар, — бұл санақта әрбір кәсіп орындарының жұмысшылар саны мен жылдық өндірісінің сомасы көрсетілген.

Товар шаруашылығы дегеніміз капиталистік шаруашылық деген заңды, яғни дамудың белгілі бір сатысында товар шаруашылығы капиталистік шаруашылыққа сөзсіз айналады деген заңды — бұл кәсіпшілікке қолдануға мүмкін бе дегенді байқау үшін біз кәсіп орындарын олардың көлемі жағынан салыстыруға тиіспіз: мәселе — ұсақ және ірі кәсіп орындарының өндірістегі алатын орны жөніндегі, жалдама еңбекті қанау жөніндегі олардың өзара қатнастарында болып отыр. Жұмысшылардың санын негізге алып, майдагерлердің кәсіп орындарын үш топқа бөлеміз: I) 1 ден 5 ке дейін жұмысшылары бары (семьялы жұмысшы мен жалдамалы жұмысшы бірге); II) 6дан 10ға дейін жұмысшылары бары және III) 10нан аса жұмысшылары бары.

Әрбір топтағы кәсіп орындарының көлемін, жұмысшылар құрамын және өнім сомасын зерттеп қарағанда, мына мәліметтер шығады:

Жұмысшы санына қарай майдагерлердің топқа бөлінуі	1 кәсіп орнына келетін жұмысшылардың орташа саны	Проценті		1 жұмысшының бір жылда өндіретін өнімі	Процент есебімен бөлгендегі үлесі			Абсолюттік сандары		
		жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындары	жалдама жұмысшылар		кәсіп орындар	жұмысшылар	өнім сомасы	кәсіп орындарының саны*	жұмысшылар	өнім сомасы (сом есебімен)
I. Іден 5 ке дейін жұмысшылары бары	2,8	25	19	251	72	34	34	167/43	476/92	119 500
II. 6—10ға дейін	7,3	90	58	249	18	23	22	43/39	317/186	79 000
III 10нан артық жұмысшылары бары	26,4	100	91	260	10	43	44	23/23	609/557	158 500
Барлығы	6	45	59	254	100	100	100	233/105	1 402/835	357 000

* Бөлгіш саны жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындарының саны мен жалдама жұмысшылардың санын көрсетеді. — Келесі кестеде де осындай болады.

Бұл кестеге күнт қойып қарасаңыз, кәсіпшіліктің буржуазиялық, яки, басқаша айтқанда, капиталистік түрде ұйымдастырылғандығын көресіз: кәсіп орындарының ірілену іне қарай еңбек өнімі де артады* (орта топ ерекше болып отыр), жаладама еңбекті қанау күшейеді**, өндіріс ірілендіріле береді***.

Үшінші топтың өндірісі бүтіндей дерлік жалдама еңбекке негізделген; бұл топ қолында барлық кәсіпшілік орындарының 10 процентті бола тұра, жалпы өнімнің 44 процентіне ие болып отыр.

Көпшілікті (жалдама жұмысшыларды) экспроприациялауға байланысты болып отырған өндіріс құралдарының азшылықтың қолында осылайша жыйнақталуы бізге ұсақ өндірушілердің алыпсатарларға тәуелді болуын да (ірі өнеркәсіпшілер сол алыпсатар болып табылады), бұл кәсіпшілікте еңбектің езілуін де түсіндіріп береді. Демек, біз еңбекшілердің экспроприациялануы мен қаналуының *себебі* өндіріс қатнастарының өзінде екенін көреміз.

Орыстың халықшыл социалистері, жұртқа мәлім, бұған қарсы пікірде болды, олар майдагерлік кәсіпшіліктердегі еңбектің езілуінің себебі өндірістік қатнастарда деп қарамай (олар өндірістік қатнастарды қанаушылықты болғызбайтын негізде құрылған деп жариялады), өндіріс катнастарынан тысқары, оның себебі — саясатта, анықтап айтқанда аграрлық саясатта, алым-салық саясатында, т. т. деп қарады. Қазірде соқыр сенімге айналып нық орныққан бұл пікір не нәрсеге сүйеніп келді және не нәрсеге сүйеніп отыр? Бұл пікір майдагерлік кәсіпшіліктерде өндіріс қатнастары жөнінде *басқа бір* түсініктің үстем болып келгендігіне сүйеніп отырған жоқ па? деген

---

* I топтағы бір жұмысшы жылына 251 сомдық өнім өндіреді; II топтағы бір жұмысшы — 249 сомдық; III топтағы бір жұмысшы — 260 сомдық өнім өндіреді.

** Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындары I топта — 25 процент; II топта — 90 процент; III топта — 100 процент; жалдама жұмысшылар проценті — 19 процент — 58 процент — 91 процент.

*** I топта — 72 процент кәсіп орнына — 34 процент өндіріс; II топта — 18 процентке — 22 процент, III топта—10 процентке —44 процент.

сұрақ туады. Тіпті де олай емес. Бұл пікір *экономикалық құрылыстың қазіргі шын формаларын дәл және ашық сыйпаттауға* ешқандай талап жасалмағандықтан орын теуіп отыр; бұл пікір, өндіріс қатнастарын ерекше бөліп шығарып, оларды өз алдына талдап көрмегендіктің салдарынан орын теуіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, бұл пікір қоғамдық ғылымның бірден-бір ғылми методын, атап айтқанда — материалистік методты түсінбегендіктің салдарынан ғана орын теуіп отыр. Енді біздің бұрынғы социалистеріміздің пікірлерінің беталысы да түсінікті. Майдагерлік кәсіптерге келгенде олар қанаушылықтың себебін өндіріс қатнастарынан *тыс* жатқан құбылыстарға апарып таңады: ірі фабрика-заводтық капитализмге келгенде олар бұл жерде қанаушылықтың себебі *нақ* өндірістік қатнастарда екенін көрмей отыра алмады. Осыдан келіп келіспейтін қайшылық, сәйкессіздік туды, майдагерлік кәсіпшіліктің өндіріс қатнастарында (олар мұны зерттеген де жоқ!) ешқандай капиталистік белгі болмай тұрғанда бұл ірі капитализмнің қайдан өсіп жетілгендігі түсініксіз болып шықты. Бұдан мынадай табиғи қорытынды шығады: майдагерлік өнеркәсіп пен капиталистік өнеркәсіптің байланысын түсінбей, біріншісін «халықтық», екіншісін «жасанды» өнеркәсіп деп түсініп, біріне-бірін қарсы қойып жүр. Капитализм біздің «халықтық құрылысқа» қайшы келеді деген идея пайда болды, бұл идея өте көп таралды; оны Николай —он мырза жуырда ғана жаңғыртып, өңдеп, орыс халқына әкеліп ұсынды. Бұл идея, логика жағынан алғанда бүтіндей таңыркарлық нәрсе болса да, тек енжарлықтың салдарынан ғана орын теуіп отыр: фабрика-заводтық капитализм туралы түсінікті оның бар болуынан құрастырып, ал майдагерлік өнеркәсіп туралы түсінікті оның «болу мүмкіншілігінен» құрастырады, біріншісі туралы түсінікті, — өндіріс қатнастарын зерттеу нәтижесі бойынша құрастырып, — екіншісі туралы түсінікті — өндіріс қатнастарын жеке алып қарауға талпынбастан, істі турадан-тура саясат жағына аудара салу арқылы құрастырады. Бұл өндіріс қатнастарын талдай қалсақ, біз «халықтық құрылыс» дегеніміз— өсіп жетілмеген, бастама күйінде болса да, сол капиталистік өндіріс қатнастарының өзі екендігін,—егер барлық майдагерлерді бірімен бірі тең деп санайтын аңқау соқыр

сенімнен бас тартып, олардың ортасындағы айырманы дәл көрсететін болсақ, — онда фабрика, завод «капиталисі» мен «майдагердің» арасындағы айырма бір «майдагер» мен екінші «майдагердің» арасындағы айырмадан аз болып шыққандығын, — *капитализмнің «халық құрылысына» қайшы болып табылмайтындығын, қайта оның тура, ең жақын және қолма-қол жалғасы мен дамуы болып табылатындығын көрген болар едік.*

Бәлкім, жұрт бұл алынған мысалды лайықсыз деп табар? бұл мысалда жалдама жұмысшылардың проценті аса үлкен* дер? Бірақ істің мәнісі тіпті де абсолюттік сандарда емес, бұл сандар ашып беріп отырған *қатнастарда,* бұл қатнастар мәні жағынан буржуазиялық қатнастар, олар — буржуазияшылдығы күшті білінген күнде де, әлсіз білінген күнде де буржуазиялық күйінен жазбайды, — істің мәні, міне, осында.

Егер қажет десеңіз басқа мысалды, — әдейі, буржуашылдығы нашар білінген мысалды — құмыра кәсібін (Исаев мырзаның Москва губерниясының кәсіпшіліктері туралы жазған кітабынан) алайын; бұл кәсіпшілік, профессор мырзаның айтысынша, жұмысы «үйде ғана істелетін кәсіпшілік». Әрине, бұл кәсіпшілікті шаруалардың ұсақ кәсіптерінің түрі деп есептеуге болады: техникасы өте қарапайым техника, құралдары да өте шағын, өндірісі әр жерде тұтынылатын және қажетті заттарды өндіреді. Жоғарыда келтірілген мысалдағыдай, майдагерлердің түтін санағын жүргізу арқылы жыйнаған мәліметтеріміз бойынша біз бұл кәсіпшіліктің де экономикалық жағынан ұйымдасуын зерттеп біле аламыз; бұл кәсіпшілік — орыстың орасан көп ұсақ, «халық» кәсіпшіліктеріне сөзсіз толық ұқсас кәсіпшілік. Майдагерлерді мына топтарға бөлейік — I) 1 — 3ке дейін жұмысшылары барлары (семьядағы жұмыс адамдары мен жалдама жұмысшыларды қоса есептегенде); II) 4—5ке дейін жұмысшылары барлары; III) 5тен артық жұмысшылары барлары; сөйтіп енді сол есептің өзін келтірейік:

---

* Москва губерниясының кәсіпшілігі жөнінде мұның дұрыс болып шығуы екі талай, бірақ Россияның басқа жерлеріндегі неғұрлым аз дамыған кәсіпшілік жөнінде дұрыс болуға да мүмкін.

Жұмысшы санына қарай майдагерлердің топтары	Бір кәсіп орнына келетін жұмысшылардың орта саны	Проценті		Бір жұмысшының бір жылда өндіретін өнімі	Процент есебімен бөліну үлесі			Абсолюттік сандары		
		жалдама жұмысшылары бар кәсіп орындары	жалдама жұмысшылар		кәсіп орындары	жұмысшылар	өнім сомасы	кәсіп орындарының саны	жұмысшы саны	өнім сомасы (сом есебімен)
I. 1—3ке дейін жұмысшылары бар	2,4	39	19	468	60	38	36	72/28	174/33	81 500
II. 4—5ке дейін	4,3	48	20	498	27	32	32	33/16	144/29	71 800
III. 5тен артық	8,4	100	65	533	13	30	32	16/16	134/87	71 500
Жыйыны	3,7	49	33	497	100	100	100	121/60	452/149	224 800

Мұндай мысалдарды қанша керек болса сонша келтіруге болады, — бұл кәсіптегі *қатнастардың* да буржуазиялық қатнастар екендігі даусыз нәрсе: біз мұнда да, товар шаруашылығының негізінде ыдыраушылықты көріп отырмыз, оның үстіне бұл ыдырау жалдама еңбекті қанаушылыққа апарып соғатын ерекше капиталистік ыдырау; бұл арада қанау қазірдің өзінде жоғарғы топта басты орын алып отыр; бұл жоғарғы топта барлық кәсіп орындарының 1/8і және жұмысшылардың 30 проценті ғана болғанмен, бұл топ бүкіл өндірістің 1/3не таяуын өз қолына жыйнап отыр, және оның еңбек өнімділігі орташа өнімділікке қарағанда едәуір жоғары болып отыр. Осы өндіріс қатнастарының бір өзі бізге алыпсатарлардың пайда болуы мен олардың күшінің қандайлық екенін түсіндіреді. Біз, анағұрлым ірі және табысы анағұрлым артық кәсіпшілік орындарына ие болып, басқа адамның еңбегінен (құмыра жасап шығарушылардың жоғарғы тобында 1 кәсіп орнына 5,5 жалдама жұмысшы келеді) «таза» табыс алып отырған азшылықтың қолына «қордың» көп жыйналып, көпшіліктің күйзеліп отырғанын және тіпті ұсақ кожайындардың өзі (жалдама жұмысшыларды сөз қылмай-ақ қояйық) қаражаты жетпей, аштықты тұратындығын көріп отырмыз. Міне осылардың ана алдыңғы айтылған әлді азшылыққа құл болатындығы тұ-

сінікті және сөзсіз, бұл — осы өндіріс қатнастарының нақ капиталистік қатнастар болғандығының салдарынан келіп туады. Бұл қатнастардың мәнісі мынау: товар шаруашылығы ұйымдастырған қоғамдық еңбектің өнімі жеке адамдардың қолына түседі, сөйтіп олардың қолына барып, еңбекшілерді езудің және құл етудің құралы болады, бұқараны қанау арқылы жеке баюшылықтың құралы болады. Қатнастардың мұндай сыйпаты әлі де нашар дамып отырғандықтан, өндірушілердің күйзелуімен қатар өсіп отыратын *капиталдың* қорлануы өте аз болғандықтан бұл қанаушылық пен бұл езушілік әлсіз болады деп ойламаңыздар. Мұлде олай емес, қайта оның керісінше. Мұның өзі тек қанаушылықтың неғұрлым дөрекі, крепостниктік формаларына ғана әкеп соғады, капитал жұмысшының жұмыс күшін өз құнымен жай ғана сатып алу арқылы жұмысшыны өзіне әзірге тікелей бағындыра алмайтын болғандықтан, еңбекшіні өсімқорлық қыспағының толып жатқан шырмаулары арқылы тұсап, оны өзіне кулактық тәсілдер арқылы тәуелді етеді, сөйтіп, мұның нәтижесінде оның үстеме құнын талап қана қоймай, оның үстіне жалақысының да орасан көп бөлімін талап алады және, сонымен қатар, оған «қожайын» ауыстыруға мүмкіншілік бермей, оны бишаралық күйге түсіреді, өзінің оған жұмыс «бергендігін» (sic!) мейірбандық іс деп санауға міндеттеп, оны қорлайды. — Өз халін «нағыз» «халықтық» өнеркәсіптегі орыстың «дербес» майдагерінің халіне айырбастауға жұмысшылардың бірде-бірі ешуақытта да көне алмайтындығы түсінікті нәрсе. Сол сықақты Россия радикалдары сүйетін шаралардың да барлығы түсінікті, олар не дара эксперимент күйінде қалып (артельдер), еңбекшінің қаналуын және капиталға құл болуын ешбір қозғамайды, не еңбекшілердің халін нашарлатады (үлесіндегі жерлерінен айырмау), не ақырында, қазіргі капиталистік қатнастарды тазалап, дамытып, нығайтады (техниканың жақсаруы, кредиттер, т. с.).

Оның бержағында, «халық достары» шаруалардың, жалпы алғанда өте мардымсыз, көлемі өте шағын және еңбек өнімі тым төмен, алғашқы замандағы ескі техникамен құралданған және жалдама жұмысшылардың саны аз кәсіп орындарында *капитализм* болады дегенді ешуақытта да ақылына сыйғыза алмайды. Олар *капиталдың*—

адамдар арасындағы белгілі бір қатнас екенін, ол қатнастың салрастырылып отырған категориялардың даму дәрежесінің жоғары болған кезінде де, төмен болған кезінде де сол күйінде қалатындығын ақылына ешбір сыйғыза алмайды. Буржуазияшыл экономистер мұны ешуақытта да түсіне алмады: олар капиталға мұндай мағна беруге қашан да қарсы болды. Бұл экономистердің бірінің «Русская Мысльда» Зибер (Маркс теориясы туралы) кітабы жайында айта келіп, осы берілген мағнаны (капитал — қатнас дегенді) келтіріп, аяғына леп белгілерін қойып, тулағандығы әлі есімде.

Буржуазиялық режим категорияларын мәңгілік және табиғи категория деп санау — буржуазияшыл философтардың ең айрықша өзгешелігі; сондықтан олар капиталға, мысалы бұдан былай да өндіру үшін керекті, жыйнақталған еңбек деген мағна береді, — яғни адамзат қоғамында мәңгілікті болатын категория деп түсіндіреді, сөйтіп, товарлы шаруашылық ұйымдастырған осы «жыйнақталған еңбек» — еңбек етпеген адамның қолына түсіп, басқа адамның еңбегін қанауға жұмсалатын ерекше, тарихи белгілі экономикалық формацияны боямалайды. Сондықтан олларда өндіріс қатнастарының белгілі бір системасын анықтап, оны зерттеудің орнына, — барлық тәртіптерге қолдануға болатын, мещандық моральдың мағнасыз тәтті сылдыр сөздерімен қосарласқан бірқатар сұрқылық өтірік кездеседі.

Бұл өнеркәсіпті «халық достары» неліктен «халықтық» өнеркәсіп деп атайды, оны неліктен капиталистік өнеркәсіпке қарама-қарсы қояды? — міне, енді көріп білеберіңіздер. Оның бір ғана себебі, бұл мырзалар — мещандардың идеологтары, олар бұл ұсақ өндірушілердің товарлы шаруашылық системасы тұсында өмір сүріп, қожайындық ететінін түсіне алмайды (сондықтан да оларды мен мещандар деп атаймын) және ол ұсақ өндірушілердің рынокке қатнастылығы қалай болғанда да оларды буржуазия мен пролетариат етіп екіге бөлетіндігінің өзін түсіне алмайды. Егер сіздер бұл кәсіпшіліктерден не нәрсе шығуы «мүмкін» екендігі жөнінде сөзуарлыққа салынуды қойып, біздің «халықтық» кәсіпшіліктеріміздің шын құрылысын зерттеуге кіріскен болсаңыздар, — сіздердің *Россиядан майдагерлік өнеркәсібінің болар-болмас дамы-*

*

ған саласының капиталистік түрде ұйымдаспағанын тапқан-таппағандарыңызды көрген болар едік.

Ал егер сіздер, — өндіріс құралдарының азшылықтың қолында монополиялануы, көпшіліктің өндіріс құралдарынан айрылуы және жалдама еңбектің қаналушылығы (жалпы айтқанда, капитализмнің мәнісі — товарлы шаруашылық ұйымдастырған қоғамдық еңбектің өнімін жеке адамдардың иеленуі ғой) жоғарыда айтылған осы ұғымға қажетті және жеткілікті белгі болып табылады дегенге қарсы болатын болсаңыздар, — онда капитализмге беретін «өз» мағнаңызды және капитализмнің тарихын «өздеріңізше» айтып беріңіздерші.

Іс жүзінде біздің «халықтық» майдагерлік кәсіпшіліктеріміздің ұйымдасу жағы капитализм дамуының жалпы тарихын тамаша жақсы суреттейді. Ол бізге капитализмнің шығуын, оның ұрығын, мәселен, жай кооперация (құмыра кәсібіндегі жоғарғы топ) формасында ашық көрсетеді, онан соң, товарлы шаруашылықтың арқасында жеке адамдардың қолына жыйналатын «қорлардың» *капиталға* қалай айналатындығын көрсетеді, ол «жыйналған қаражат» алдымен товар өткізу ісін («алыпсатарлар» мен саудагерлер) монополиялайды, өйткені алыстағы рынокгерге товарды өткізуге мүмкіншілік беретін товарларды көптеп сату үшін керекті қаржылар осы «жыйналған қаражаттың» иелерінде ғана болады; онан кейін бұл сауда капиталының толып жатқан өндірушілерді өзіне қалай құл ететіндігін және капиталистік мануфактураны, ірі өндірістің жұмысты үйде істейтін капиталистік системасын қалай ұйымдастырғандығын көрсетеді; ақырында рыноктің кеңеюі, бәсекенің күшеюі техниканың көтерілуіне қалай жеткізетіндігін, бұл сауда капиталының индустриялы капиталға айналып, ірі машиналы өндірісті қалай ұйымдастыратындығын көрсетеді. Сөйтіп, бұл капитал нығайып және миллиондаған еңбекшілерді, тұтас аудандарды өзіне құл еткеннен соң,—турадан-тура және ешбір қымсынбастан үкметке қысым жасай бастап, оны өзінің малайына айналдырған кезде — біздің тілмар «халық достарымыз» «капитализмнің қаптап бара жатқандығы» туралы, оны «қолдан жасағандық» туралы айқай-шу көтереді.

Той өткен соң даңғыра қаққандарыңа болайын!

Сонымен, Кривенко мырза бұл өнеркәсіпті нағыз, халықтық, дұрыс өнеркәсіп деген сыяқты т. с. сылдыр сөздері арқылы біздің майдагерлік кәсіптеріміз дамудың түрлі сатыларында тұрған капитализмнің өзі екендігін жайдан-жай бүркеуге тырысты. Бұл тәсілдермен біз Южаков мырза арқылы толық танысқан болатынбыз, ол шаруа реформасын зерттеудің орнына — атышулы манифестің негізгі мақсаты туралы, т. с. туралы сылдыр сөздерді айтқан болатын, аренданы зерттеудің орнына — халықтық аренда деп атаған болатын, капитализмнің ішкі рыногінің қалай құрылғандығын зерттеудің орнына— рыногі болмаушылық себепті капитализмнің сөзсіз жойылатындығы туралы, т. т. айтып философиялық мылжыңға салынды.

«Халық достары» мырзалардың нақтылы дәлелдерді қаншалықты бұрмалайтындығын көрсету үшін тағы бір мысалға* тоқталайын. Біздің субъективтік философтарымыз бізді нақтылы дәлелдерді дәл көрсетумен өте аз сыйлайды, сондықтан олардың, бұл сыяқты, неғұрлым дәл көрсетулерінің біріне — атап айтқанда Кривенко мырзаның (1894 жылғы № 1) Воронеждегі шаруалардың бюджеттерінен келтірген мысалдарын ескермей кету әділетсіздік болған болар еді. Біз бұл арада олардың өздері таңдап келтірген мәліметтерден шындық туралы кімнің түсінігі дұрыс екенін, — орыс радикалдары мен «халық достарының» түсінігі дұрыс па, әлде орыс социал-демократтарының түсінігі дұрыс па, — міне соны ашық көре аламыз.

Воронеж земствосының санақшысы Щербина мырза өзінің Острогож уезіндегі шаруалардың шаруашылығын баяндауына арнаған қосымшасында кәдімгі шаруалар-

---

* Бұл мысал бұдан бұрын да көп сөз болған шаруалардың ыдырауын көрсететін мысал болса да, мен социал-демократтар қазіргі шындыққа көңіл бөлмей, «болашақтың бұлдыр қиялдарына» көңіл бөледі-мыс, деудің арсыздықпен айтылған қандай өтірік екенін, және «халық достарының» біздермен айтысқа түскенде біздің көзқарастарымыздың мәнісін сөз қылмастан, мағнасы жоқ бос сөздерге салынып, кәззаптық жасап отырғандарын ашық көрсету үшін *олардың өз мәліметтерін* талдауды қажетті деп санаймын.

дың 24 шаруашылығының бюджетін келтіріп, текстінде оларды талдап көрсетеді *.

Кривенко мырза бұл зерттеуді сол күйінде келтіреді, бірақ ол біздің егінші-шаруалардың экономикасы туралы түсінік алу үшін бұл зерттеулердің тәсілдерінің мүлде жарамсыз екенін көрмейді, дұрысын айтқанда, көргісі келмейді. Бұл жерде келтіріліп отырған осы 24 бюджет мүлде әртүрлі шаруашылықтарды — ауқатты шаруашылықтарды да, орташа шаруашылықтарды да, кедей шаруашылықтарды да — суреттейді, мұны Кривенко мырзаның өзі де айтып отыр (159 бетте), бірақ та, айта кету керек, ол, Щербина мырзаға ұқсап, қожайындардың түрлі типтерін бірге қосатын *орта* сандарға сүйенеді, сөйтіп олардың ыдырауын мүлде бұркеп жібереді. Ал біздің ұсақ өндірушінің ыдырауының жаппай жайылған, ірі факт (бұл фактыға социал-демократтар орыс социалистерінің назарын баяғыдан-ақ аударып келеді. Плехановтың шығармаларын қараңыз) екендігі сонша, бұл факт Кривенко мырзаның іріктеп алып келтіріп отырған бұл сияқты аз мәліметтерінің өзінен де өте ашық көрінеді. Шаруалардың *шаруашылықтары* туралы сөз қылғанда оларды өздерінің шаруашылық көлемі жағынан, шаруашылықты жүргізу типі жағынан дәрежесіне қарай бөлудің орнына, — ол Щербина мырзаға ұқсап, оларды шаруалардың бұрын мемлекеттік немесе помещиктік болуына қарай заң жүзіндегі дәрежесіне лайық бөледі, ол өзінің барлық назарын екінші дәрежедегі шаруаларға қарағанда алғашқы дәрежедегі шаруалардың көп ауқатты екендігіне аударады, сөйтіп, сол дәрежеге бөлінгендегі айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым үлкен екенін елемей кетеді**. Мұны дәлелдеу үшін бұл 24 бюджетті үш топқа бөлемін: а) 6 ауқатты шаруаны ерекше бөліп шы-

---

* «Воронеж губерниясының санақтық мәліметтерінің жыйнағы» II том, II бөлім. Острогож уезіндегі шаруалар шаруашылығы. Воронеж. 1887. — Бюджеттердің өзі қосымшада көрсетілген, 42 — 49 беттер. «Шаруалар шаруашылығының құрылымы мен бюджеті» деген XVIII тарауда талдап көрсетілген.

** Өзінің егіншілік шаруашылығымен ғана күнелтетін және жалшы ұстайтын шаруаның шаруашылығының — өзі жалшы болып жұмыс істеп табысының $^3/_5$ін сол жалшы болып істеген жұмысына алатын шаруаның шаруашылығынан тип жағынан айырмашылығы бар екен-

ғарам, сонан соң, б) орташа ауқатты 11 шаруа (Щербинада №№ 7—10, 16—22) және в) 7 кедей шаруа (Щербина кестесінде №№ 11—15, 23—24 бюджеттер). Мәселен, Кривенко мырза былай дейді: бұрынғы мемлекеттік шаруалардың 1 шаруашылыққа жұмсайтын шығыны 541,3 сом болады, ал бұрынғы помещик шаруаларының бір шаруашылыққа жұмсайтын шығыны—417,7 сом болады. Бұл арада ол бұл шығынның әрбір шаруада әр түрлі екендігін ескермей отыр: мәселен, бұрынғы мемлекеттік шаруалардың ішінде шығыны 84,7 сом болатын шаруа да және шығыны одан *он есе көп* — 887,4 сом болатын шаруа да бар (шығыны 1 456,2 сом болатын колонист немісті айтпай-ақ қояйық). Мұндай мәліметтерді қосудан құралған орташа санда қандай мағна болмақ? Егер біз менің жаңағы дәрежеге бөлгенімді алатын болсақ, онда: ауқатты шаруалардың бір шаруашылығының шығыны орташа есеппен — 855,86 сом, орташа шаруалардың 1 шаруашылығының шығыны — 471,61 сом, ал кедей шаруалардың 1 шаруашылығының шығыны — 223,78 сом болады*.

Мөлшермен айтқанда бұлардың арасындағы айырма 4 : 2 : 1 болып шығады.

Ілгері жылжыйық. Кривенко мырза, Щербинаның жолына түсіп, шаруалардың түрлі заң жүзіндегі дәрежесіне лайық адамның жеке басының тұтынуына жұмсалатын шығынның мөлшерін келтіреді: мәселен, бұрынғы мемлекеттік шаруаларда өсімдіктен жасалатын тамаққа жылына 1 жанға—13,4 сом, ал бұрынғы помещиктік шаруаларда 1 жанға 12,2 сом жұмсалады. Ал экономикалық дәреже бойынша алғанда сандар мынаны көрсетеді: а) 17, 7; б) 14,5 және в) 13,1. Ет пен сүтке жұмсалатын шығын бұрынғы помещиктік шаруаларда — жан басына 5,2 сом; бұрынғы мемлекеттік шаруаларда — 7,7 сом. Дәрежелері бойынша: 11,7—5,8—3,6. Бұл жерде заң жүзін-

---

дігі даусыз нәрсе. Бұл 24 шаруашылық ішінде шаруашылықтардың осы екі түрі де бар. Егер біз жалшыларды қожайындарымен бірге қосып есептеп, жалпы орта қорытындыға келетін болсақ, мұнан қандай «ғылым» шығады.—осының төрелігін өздеріңіз беріңіздерші.

* Орташа семья мөлшеріндегі айырма анағұрлым аз: семья басына а) 7,83, б) 8,36, в) 5,28 адамнан келеді.

дегі дәрежесі бойынша есептеу тек қана орасан зор айырманы бүркейтіндігі айқын көрініп тұр. Сондықтан, сірә, оның түкке жарамайтын есеп екені де айқын көрініп тұр. Бұрынғы помещиктік шаруалардың табысынан бұрынғы мемлекеттік шаруалардың табысы — 53,7 процент артық, —дейді Кривенко мырза: жалпы орта есеп бойынша (24 бюджеттің орта есебі бойынша)—539 сом, ал бұл дәрежелері бойынша — 600 сомнан артығырақ және 400 сом шамалы. Ал шаруалардың ауқаттылығы жағынан қарағанда табысы мынадай болып шығады: а) 1 053,2 сом; б) 473,8 сом, в) 202,4 сом, — яғни айырма — 3 : 2 емес; 10 : 2 болып отыр.

Кривенко мырза: «Бұрынғы мемлекеттік шаруалар шаруашылықтарының негізгі құны—1 060 сом, ал бұрынғы помещиктік шаруаларынікі — 635 сом» дейді. Ал дәрежелері бойынша:* а) 1 737,91 сом; б) 786,42 сом және в) 363,38 сом — айырма тағы да 3 : 2 емес, 10 : 2 болып отыр. «Шаруаларды» заң жүзіндегі дәрежесіне қарай бөлгендік себепті, автор бұл «шаруалардың» экономикасын дұрыс түсіне алмайтын халге ұшырап отыр.

Егер ауқаттылығы жағынан түрлі типтегі шаруалардың шаруашылығына көз жіберсек, орта есеппен алғанда аукатты семьялардың 1 053,2 сом табысы, 855,86 сом шығыны бар екенін, яғни 197,34 сом таза табысы бар екенін көреміз. Орташа семьяның — 473,8 сом табысы, 471,61 сом шығыны бар, яғни үй басына — 2,19 сом таза табысы бар (мұның өзі кредит пен төленбеген салығын санамағанның өзінде осылай) — орташа семья тапқан табысы мен шығынын әрең ұштастыра алатындығы даусыз: 11 шаруашылықтың бесеуінің тапшылығы бар. Төменгі, кедей топ шаруашылықтан тура зиян көреді: 202,4 сом табысы болатын болса, шығыны—223,78 сом, яғни

---

* Әсіресе құрал-сайманмен қамсыз етілудегі айырма өте зор: орта есеппен алғанда 1 шаруашылықтағы құрал-сайманның құны — 54,83 сом. Бірақ ауқатты шаруаларда ол екі есе көп — 111,80 сом, ал кедей шаруаларда үш есе кем — 16,04 сом болып отыр. Орташа шаруаларда 48,44 сом болып отыр.

тапшылығы 21,38 сом*. Егер бұл шаруашылықтарды бірге қосып, жалпы орта санын (таза табысы — 44,11 сом) алатын болсақ, онда біз шындықты көзсіз мүлде бұрмалаған болар едік. Онда біз (Кривенко мырзаның елемей кеткені сияқты) таза табыс алатын алты ауқатты шаруалардың бәрінің де жалшы (8 адам) ұстайтындығын, оларға таза табыс беретін және оларды «кәсіпшілік» іздеу мүктаждығынан мүлде дерлік құтқаратын олардың егіншілік шаруашылығының сыйпатын (фермерге айналуын) ашып беретін фактыны елемей кеткен болар едік. Бұл шаруалар (бәрі жыйылып) басқа кәсіпшілік арқылы өз бюджеттерінің 6,5 процентін ғана өтейді (6 319,5 сомның 412 сомын ғана), оның бержағында, бұл кәсіптер — Щербина мырзаның бір көрсетуі бойынша — «кіре тарту» яки тіпті «қой сатып алу» сияқты кәсіптер, басқаша айтқанда қожайынның тәуелділігін көрсетпек түгіл, басқаларды қанауға да дәмелендіретін кәсіптер (нақ осы кейінгі жағдайда: жыйналған «қаржы» сауда *капиталына* айналады). Бұл қожайындардың қолында 320 сом (5 процент) табыс беретін 4 өнеркәсіп орны бар **.

Орташа шаруалардың шаруашылық типі басқаша: олар табысы мен шығынын азар ұштастырып отыратынын біз жоғарыда көріп өттік. Егіншілік олардың керегін өтей алмайды, табысының 19 процентін басқа кәсіпшілік істеп табады. Бұл кәсіптердің қандай кәсіпшілік екенін біз Щербина мырзаның мақаласынан көріп біліміз. Мұнда 7 қожалықтың кәсіптері көрсетілген: тек екі қожалық қана өз алдына жеке кәсіпшілік істейді (тігіншілік және көмір жағып сатушы), ал қалған бесеуі — күшін сатады («төменгі жаққа барып шөп шауыпты», «арақ-шарап заводына барып жұмыс істейді», «орақ үстінде күндікші болып жалданып жұмыс істейді», «қойшылыкка жалданады», «жергілікті шаруашылықтарда жұмыс істеді»). Міне бұлар осы күннің өзінде-ақ жар-

---

* Бұл арада жалшылардың — 7 кедей шаруалардың ішіндегі екеуінің — бюджеті тапшысыз аяқталатынын: табысы семья басына 99 сом болса, шығыны 93,45 сом болатындығын айта кетуіміз керек. Жалшылардың біреуі тамақ, киім және аяқ киімді қожайыннан алып тұрады.

** I қосымшаны қара (осы томның 325-беті. *Ред.*)

тылай шаруа, жартылай жұмысшылар болып табылады. Шеттен кәсіпшілік ету оларды шаруашылықтан айырып, шаруашылықты мүлдем әлсіретеді.

Ал кедей шаруаларға келетін болсақ, олардың егіншілігі турадан-тура зиянға соғады: мұнда «кәсіптің» бюджеттегі маңызы анағұрлым артық (олар табыстың 24 процентін береді) және бұл кәсіптердің түрі бүтіндей дерлік (бір қожалықтан басқасында) жұмыс күшін сату ғана болып табылады. Бұлардың ішінде екеуінің «кәсібі» (жалшылық) басым, — бүкіл табысының $^{2}/_{3}$ін береді.

Бұдан ұсақ өндірушілердің әбден ыдырап келе жатқандығы анық көрінеді, бұл ұсақ өндірушілердің жоғарғы топтары буржуазияға, төменгі топтары — пролетариатқа айналып келеді. Егер біз жалпы орта санды алатын болсақ, онда мұның бірін де байқай алмаймыз және деревняның экономикасы туралы ешбір түсінік ала алмаймыз; мұның өзі өзінен өзі айқын мәселе.

Автор осындай жалған орта сандарға сүйенгендіктен ғана мұндай әдісті қолданып отыр. Бұл типтік шаруашылықтардың уездегі елдің шаруашылығының жалпы типіндегі алатын орнын анықтау үшін, Щербина мырза шаруалардың үлесті жері бойынша жіктелуін мысалға алады, сонда бұл алып отырған 24 шаруашылық (жалпы орта есеппен алғанда), өзінің тұрмыс халі жағынан уездегі орташа шаруашылықтардан, мөлшермен айтқанда $^{1}/_{3}$ жоғары көрінеді. Бұл есепті қанағаттандырарлық деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, бұл 24 қожалықтардың ішінде орасан үлкен айырма барлығы байқалып отыр, екіншіден, үлесті жері бойынша жіктеу шаруалардың ыдырауын бүркейді: автордың «үлесті жер шаруаның тұрмыс-халінің жақсы болуының негізгі себепшісі» деген ережесі — мүлде теріс. Қауым ішінде жерді «теп-тең» бөліп үлестіру, оның көлігі жоқ мүшелерінің жерді пайдалануына, оны біреуге беріп кетуіне, басқа жаққа кетіп, пролетариатқа айналуына, ал көлігі көп мүшелерінің — көп жерлерді жалға алып, ірі, табысты шаруашылық жүргізуіне ешқандай бөгет бола алмайтындығын жұрттың бәрі біледі. Егер біз, мәселен, өзіміздің 24 бюджетімізді алатын болсақ, онда үлесінде 6 десятина жері бар бір бай шаруаның барлық табысы — 758,5 сом, үлесінде, 7,1 десятина жері бар орташа шаруаның табысы — 391,5 сом,

ал 6,9 десятина жері бар кедей шаруаның табысы — 109,5 сом екенін көреміз. Жалпы алғанда біз, түрлі топтардың табысының сәйкестігі — 4 : 2 : 1 мөлшеріне теңелетіндігін көрдік, ал үлесті жердің арасындағы сәйкестік мынадай болады: 22,1 : 9,2 : 8,5 = 2,6 : 1,08 :1. Бұл әбден түсінікті; неге десеңіз, мәселен, біз үй басына 22,1 десятина үлесі бар ауқатты шаруалар мұның үстіне 8,8 десятина жерді жалға алатындығын, ал үлесі аз (9,2 десятина) орташа шаруалар жерді де жалға кемірек — 7,7 десятина алатындығын, мұнан да аз (8,5 десятина) үлес жері бар кедей шаруалар небәрі — 2,8 десятина жерді ғана жалға алатындығын көріп отырмыз*. Сондықтан Кривенко мырза: «Амал не, Щербина мырза келтіріп отырған мәліметтер губерния түгіл, тіпті уездегі істің де жалпы жағдайының шамасын көрсете алмайды» деген кезде, — бұл жөнде оған былай деп қана айтуға болады: бұл мәліметтер жалпы орта санды шығарудың теріс тәсілін қолданған уақытта шама бола алмайды (Кривенко мырза бұл тәсілді қолданбауы керек еді), ал жалпы алғанда, Щербина мырзаның мәліметтері дұрыс қорытынды берерліктей толық және соншалықты құнды, — ал егер Кривенко мырза дұрыс қорытынды жасамаған болса, онда Щербина мырзаны кінәлаудың реті жоқ.

Щербина мырза, мәселен, кітабының 197 бетінде шаруаларды үлесіндегі жеріне қарай жіктемей, жұмыс малына қарай жіктейді, яғни заң жүзіндегі белгілері бойынша жіктемей, шаруашылық белгілері бойынша жіктейді, — сондықтан мұндай жіктеушілік: мысалға алынып отырған типтік 24 шаруашылықтың түрлі дәрежелерінің арасындағы сәйкестіктер бүкіл уездегі түрлі экономикалық топтардың ара сәйкестіктерімен өте ұқсас деуге толық право береді.

Бұл жіктеушілік мынау **:

---

* Әрине, мен үлесті жердің негізгі маңызы жөніндегі қағыйданы ж а л ғ ы з осы 24 шаруашылық туралы мәліметтер бекерге шығара алады, демеймін. Бірақ жоғарыда бірнеше уездің мәліметтері келтірілді, ол мәліметтер бұл қағыйданы мүлде бекерге шығаратын мәліметтер[51].

** 24 типтік шаруашылықты бүкіл уездегі шаруашылықтардың дәрежелерімен салғастыру — Щербина мырзаның 24 шаруашылықтың орта санын үлесті жері бойынша жіктелген топтарымен салғастырған тәсілдері бойынша жасалып отыр.

Воронеж губерниясының Острогож уезі

Үй қожалықтарын жұмыс көлігі санына қарай топқа айыру	Саны		Әрбір үйдегі			Орта есеппен әрбір үйдегі жан саны	Процент есебімен жалпы үй санының ішінде					
	қожалықтар	олардың проценті	ірі малдардың саны	жер (дес). үлесіндегі жері	жер (дес). жалға алынған жер		жалшысы барлары	сауда өнеркәсіп орындары бары	үйі жоқтары	жұмыскері жоқтары	жер кәсібін істемейтіндері	құрал саймандары жоқтары
I. Жұмыс көлігі жоғы . . .	8 728	26,0	0,7	6,2	0,2	4,6	0,6	4,0	9,5	16,6	41,6	98,5
II. 1 жұмыс көлігі бары . .	10 510	31,3	3,0	9,4	1,3	5,7	1,4	5,4	1,4	4,9	2,9	2,5
III. 2—3 жұмыс көлігі бары . .	11 191	33,3	6,8	13,8	3,6	7,7	8,3	12,3	0,4	1,3	0,4	—
V. 4 және онан артық жұмыс көлігі бары	3 152	9,4	14,3	21,3	12,3	11,2	25,3	34,2	0,1	0,4	0,3	—
Барлығы	33 581	100,0	4,4	11,2	2,5	6,7	5,7	10,0	3,0	6,3	11,9	23,4

24 типтік шаруашылықтың ішінен*				
	жалшылары	0,5	7,2	0	4,5
	кедейлері	2,8	8,7	3,9	5,6
	орташалары	8,1	9,2	7,7	8,3
	аукаттылары	13,5	22,1	8,8	7,8
Барлығы		7,2	12,2	6,6	7,3**

* Мұнда кедейлерден екі жалшы бөлініп алынып отыр (Щербинаның №№ 14 және 15 бюджеттері), сонда бес-ақ кедей қалады.

** Бұл кесте жөнінде де мынаны көрсетпей кетуге болмайды: біз бұл арада, үлесті жердің санының көбеюіне *қарамастан,* аукаттылықтың өсуіне қарай жалға алынған жердің санының да пақ сондегі мәліметтер үлесті жердің негізгі маңызы бар деген ойдың теріс екенін дәлелдеп отыр. Қайта біз бұл топтың аукаттылығы нежер мен жалға алынған жерді қосып есептеп, осы қосындыдағы жердің санының соғұрлым төмендеп келе жатқанын көреміз. Үлесті үлесті жердің процентін шығарғанда, әрбір топта мынадай мәлиметтер келіп шығады: I) 96,8 процент; II) 85,0 процент; III) 79,3 процент; IV) 63,3 процент. Мұндай құбылыс өте түсінікті де. Біз азат ету реформасынан бері Россияда жердің товарға айналғандығын білеміз. Ақшасы бар адам әрқашан да жер сатып ала алатын болды: үлесті жерді де сатып алу керек болды. Аукатты шаруалардың жерді өз колына жыйнақтайтындығы ортағасырларда үлесті

Жалпы орта есеппен алғанда типтік 24 шаруашылық уездегі шаруашылықтардың типінен жоғары екендігінде ешбір күман жоқ. Бірақ, егер біз бұл жалған ортақ санды алудың орнына, экономикалық дәрежесіне қарай ала-

жерді ауыстыруға оншама жол бермейтін болғандықтан, бұл жерлердің жыйнақталуы жалға алу түрінде күштірек болатындығы түсінікті. Жерді ауыстыруға жол бермеушілікті жақтап келе жатқан «халық достары», бұл мағнасыз реакцияшыл шараның тек кедейлердің халін нашарлататындығын түсінбейді: жоқшылыққа ұшырап, құрал-сайманынан айрылған шаруалар қайткен күнде де жерді біреуге беруге тиіс, ал бұған жол бермеушіліктің нәтижесінде олар жерлерін б.реуге жасырын өткізеді, сондықтан, әрине, мұның өзі өткізуші үшін қолайсыз жағдайда істеледі, немесе кедейлер жерлерін «қоғамға», яғни сондағы кулактарға тегін өткізуге мәжбүр болады.

Бұл арада, Гурвичтің бұл атышулы «қол сұқпаушылық» жөніндегі өте дұрыс пікірін келтірмеуге болмайды:

«Бұл мәселені түсіну үшін, біз шаруа жерін сатып алушының кім екенін білуге тиіспіз. Біз ширек жер учаскелерінің болмашы бөлегін ғана күпецтер сатып алғандығын көрдік. Жалпы алғанда, дворяндар сататын кішкентай учаскелерді тек қана шаруалар сатып алады. Демек, бұл мәселе тек шаруалардың ғана қатнастарын қозғайды, ал дворяндардың да, капиталистер табының да мүдделерін қозғамайды. Мұндай жағдайларда халықшылдарға орыс үкметінің ниіп садақа беруі өте мүмкін нәрсе. Шығыс патриархалдық қамқорлықпен (oriental paternalism) қайдағы бір жарымжан мемлекеттік социалистік прогибиционизмді бұл сияқты сөкет түрде қосу (mésalliance) нақ сол жақсылық көрсетем деп отырғандарының оппозициясын туғызбай қояр ма екен. Деревняның ыдырау процесі оның сыртында емес, ішінде жүріп жатқандығы даусыз болғандықтан шаруа жерінің ауысуына жол берілмеушілік, — қауымының бай мүшелерінің пайдасы үшін кедейлерді ақысыз-пұлсыз тұрадан-тура экспроприациялаумен бірдей болады.

Біз бұл жерде жерін өткізуге правосы болған ширек жерлі[52] шаруалардың ішіндегі қоныс аударғандардың проценті жерді қауым болып иеленетін мемлекеттік шаруалардың ішіндегі қоныс аударғандардың процентінен едәуір артық екенін байқаймыз: атап айтқанда, Раненбург уезінде (Рязань губерниясы) біріншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 17 процент, екіншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 9 процент. Данков уезінде біріншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 12 процент, екіншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 5 процент. Бұл айырмашылық қайдан шығады? Мұның себебін мына бір мысал түсіндіріп береді:

«Бұрын Григоровта крепостнойлықта болған 5 үйден құралған кішкентай қауым 1881 жылы Данков уезінің Бигильдино деревнясынан көшті. Бұл қауым өзінің 30 десятина жерін бай шаруаға 1 500 сом ақшаға сатты. Қоныс аударғандар үйлерінде отырып күн көре алмайтын болғандықтан, олардың көпшілігі жыл бойы жалданып жұмыс істеуші еді» («Санақтық мәліметтер жыйнағы», II бөлім, 115.

тын болсақ, онда салғастырып көруге мүмкіншілігіміз болады.

Біз типтік шаруашылықтарда жалшылар жұмыс малы жоқ қожалықтардан біраз төмен екенін көріп отырмыз, бірақ соларға өте таяу келіп қалады. Кедей қожалықтар 1 жұмыс малы барларға өте таяу келеді (кедей қожалықтардың малы 0,2 кем болғанмен де: — кедейлерде 2,8, бір көлігі барларда 3 бас, — оның есесіне барлық үлесіндегі және жалға алынған жері бірсыпыра артық — 10,7 десятинаның орнына 12,6 десятина). Орташа қожалықтар 2 — 3 жұмыс малы бар қожалықтардан аз-ақ ілгері (олардың малы біраз артығырақ; ал жері біраз кемдеу), ал ауқатты қожалықтар 4 және онан да артық жұмыс малы барларға жақын, бірақ бұлардан сәл *төмендеу*. Демек, — бүкіл уезде дұрыс, табысты түрде жер шаруашылығын жүргізіп отырған және жанама табысты керек қылмайтын қожалықтардың саны 0,1ден кем емес деген қорытынды жасауға хақымыз бар. (Бұл табыстың ақша есебімен екендігін ескере кету өте қажет, — демек, бұл жер шаруашылығының сауда сыйпатының барлығын көрсетеді). Олар шаруашылығын көбінесе жалшы салып жүргізеді: олардың кемінде $^1/_4$-і ұдайы жалшы ұстайды, ал мұнан басқа уақытша күндеп жұмыс істеушілерді қанша

---

247 б.) Григорьев мырзаның мәліметтері бойынша *(«Рязань губерниясындағы шаруалардың қоныс аударуы»)* шаруаның 6 десятиналық орташа учаскесінің құны 300 сом; мұның өзі — осы шаруа семьясының оңтүстік Сибирьде егін шаруашылығын құруына жететін сома. Сөйтіп, мүлде күйзелген шаруа өзінің қауымдық жерінің учаскесін сатып, барған жаңа елінде егінші болуға мүмкіндік алар еді. Егер рахымды бюрократияның тыйымы болмаса, ата-бабаның ескілікті жер сатпау ғұрпын сыйлаушылықтың мұндай қызықтырарлық іске қарсы тұра алуы екі-талай болған болар еді.

Мені, әрине, осы жуырда шаруалардың қоныс аударуына көзқарасым үшін кіналағаны сияқты («Северный Вестник», 1892. № 5. Богдановскийдің мақаласы), пессимизмге түстің деп кіналаулары мүмкін. Шамамен айтқанда әдетте былай деп пікір етеді: мысалы іс тұрмысқа шындығында әбден сәйкестірілген екен дейік, бірақ оның (қоныс аударудың) зиянды жері шаруалардың тұрмыс күйінің нашар болғандығының салдарынан пайда болады, ал шаруалардың тұрмыс күйі оңды болса, онда оған (қоныс аударуға) қарсы болудың «реті болмаған болар еді». Бірақ та, амал не, бұл шын «нашар» жағдайлар өз бетінше өсіп отыр, ал «оңды» жағдай туғызу — шаруаларға жақсылық ойлаушылардың билігіндегі нәрсе емес» (жоғарыда айтылған шығарма, 137 б.).[53]

жалдайтындығы — белгісіз. Мұнан соң, уездегі қожалықтардың жартысынан көбі (0,6ға таяуы, көлігі жоғы және жалғыз көліктілері, 26 процент + 31,3 процент = = 57,3 процент) кедейлер, олардың шаруашылығы нағыз тиімсіз шаруашылық, сондықтан олар күйзеліп, ұдайы және тынбастан экспроприацияланып отырады. Олар өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады, оның ішінде шаруалардың $^1/_4$і егіншіліктен гөрі көбінесе еңбегін жалдап күнелтеді. Қалған шаруалар — орташалар, олардың жер шаруашылығының табысы мұқтажына ұдайы жетпейді, шаруашылығын жанама табысқа сүйене отырып әрең жүргізіп отырады, сондықтан олардың шаруашылығы өте тұрақсыз шаруашылық.

Кривенко мырзаның шындықты қалай бұрмалап отырғандығын көрсету үшін, мен бұл мәліметтерге әдейі сондайлық толық тоқтадым. Ол ойланбай-ақ, орташа санды алып, соған сүйенеді, мұның тек құрғақ пікір ғана емес, барып тұрған өтірік болып шығатындығы түсінікті. Мәселен, біз бір ауқатты шаруаның (типтік бюджеттерден) өзінің таза табысы аркылы (+ 197,34) *тоғыз* кедей үйдің табысының жетпесін (—21,38×9=—192,42) өтейтіндігін көрдік, демек, уездегі 10 процент бай шаруалардың табысы 57 процент кедей шаруалардың табыстарының жетпесін өтеп қана қоймай, оның үстіне біраз артылып қалады. Ал Кривенко мырза 24 шаруашылықтың орташа есеппен алғандағы бюджетінен 44,14 сом артылатынын, ал кредит пен төленбеген салықтарды қоспағанда—15,97 сом артылатынын есептеп шығара отырып, орташа қожалықтардың және орташадан төменгі қожалықтардың «кері кетуі» туралы сөз көтереді. Ал іс жүзінде, кері кету туралы орташа шаруа * жөнінде ғана айтуға болмаса, кедей бұқара жөнінде біз тура *экспроприацияланушылықты* көреміз; осымен қабат, өндіріс құралдары ірірек және әлдірек шаруашылықтардың иелерінің — азшылықтың қолына жыйнақталып отыр.

Осы соңғы жағдайды елемеушіліктен автор бұл бюджеттердің екінші бір өте қызықты өзгешелігін көре алмай

---

* Онда да мұның дұрыс болуы екіталай нәрсе, өйткені кері кету тұрақтылықтың уақытша және кездейсоқтық түрде жойылғанын көрсетеді, ал орта шаруалар, өзіміз көрген сияқты, қашан да болса тұрақсыз халде, күйзелушіліктің аз-ақ алдында тұрады.

кетті: бұл бюджеттер *шаруалардың ыдырауы ішкі рынокті тұғызғандығын* дәлелдейді. Бірінші жағынан, жоғарғы топтан төменгі топқа қарай барған сайын көлденең кәсіптен түсетін табыстардың (ауқатты, орташа және кедей шаруалардың барлық бюджетінің — 6,5 проценті — 18,8 проценті — 23,6 проценті көлденең табыс) — яғни, ең алдымен, жұмыс күшін сатудан түсетін табыстардың маңызы өсе береді. Екінші жағынан, төменгі топтардан бастап жоғарғы топтарға дейін егіншіліктің товарлы (ол-ол ма: өзіміз көрген сыяқты, *буржуазиялық*) сыйпаты барған сайын арта береді, шетке шығарылатын астықтың проценті арта береді: барлық қожайындардың дәрежесі бойынша егіншіліктен алатын табысы: *а*) $\frac{3\,861,7}{1\,774,4}$, *б*) $\frac{3\,163,8}{899,9}$. *в*) $\frac{689,9}{175,25}$. Астыңғы сан ақшалай табысты көрсетеді*, табыстың бұл бөлегі жоғарғы дәрежеден бастап төменгі дәрежеге қарай мынадай: 45,9 процент — 28,3 процент — 25,4 процент.

Біз бұл арада экспроприацияланған шаруалардан алынған өндіріс құралдарының *капиталға* қалай айналатындығын тағы да көріп отырмыз.

Кривенко мырзаның осылайша пайдаланған яки, дұрысырағын айтқанда, осылайша бұлдірген — материалынан дұрыс қорытындылар шығара алмауы да түсінікті. Ол өзінің темір жол вагонында келе жатқанында көршілес болған жолаушы, новогородтық бір шаруаның ауыз-

---

* Егіншіліктен түсетін ақшалай табысты есептен шығару үшін өте қыйын есепке сүйенуге тура келді (Щербина мұны есептеп шығармаған). Астықтан түсетін барлық табыстан салам мен топаннан түсетін табысты шығарып тастауға тура келді, өйткені салам мен топан, автордың айтуынша, малды асырауға кетеді. XVIII тарауда бұларды автордың өзі де шығарып тастаған, бірақ ол бұларды шығарғанда 24 шаруашылықтардың мәліметтері *үшін* шығармай, уезд бойынша қорытынды сан алу үшін шығарған. Мен оның қорытынды мәліметтері бойынша дәнді астықтан түсетін табыстың процентін анықтадым (астықтан түсетін барлық табыспен, яғни дәнді астықтан да, салам мен топаннан да түсетін табыспен салыстырып) және салам мен топанды осы процент бойынша шығарып тастадым. Бұл анықталған процент мынау болды: қара бидайдікі — 78,98 процент, ақ бидайдікі — 72,67 процент, сұлы мен арпанікі — 73,32 процент, тары мен гречиханікі — 77,78 процент. — Сонан кейін сатылатын астықтың саны шаруаның өз шаруашылығында ұсталатын астықты шығарып тастап барып белгіленді.

ба-ауыз айтқан сөзі бойынша, сол жерлердегі шаруа шаруашылығының ақшалы сыйпатын суреттей келіп, — нақ осы жағдай, товар шаруашылығының жағдайы, «ерекше қаблеттілік» «туғызады» — «арзан бағамен (шабындық жерлерді) жалдап алып», «қымбат бағамен сату» ниетін ғана туғызады (156 б.)* деген әділ қорытынды жасауға мәжбүр болды. Бұл жағдай «коммерциялық зеректікті оятатын (дұрыс!) және оны кеңейтетін» «мектеп» болып табылады. «Таланттар пайда болып, онан Колупаевтар, Деруновтар және басқа атпен аталып жүрген қансорғыштар** шығады, ал аңқаулар мен ашық ауыздар артта қалып қояды, төмен құлдыйлайды, күйзеледі, жалшы болады» (156 бет).

Мұлде басқа жағдайға қойылған — егіншілік (Воронеж) губерниянің мәліметтері де дәл осындай қорытындыға келтіреді. Мәселе әбден-ақ анық сияқты: жалпы елдің және соның ішінде «қауымдағы» «шаруалардың» экономикасының түп-негізі ретінде товарлы шаруашылық системасы ашық көріне бастады, бұл товарлы шаруашылық, *нақ осының өзі*, «халық» пен «шаруаларды» пролетариатқа (күйзеліп, жалшылыққа айналады) және буржуазияға (жалмауыздар) бөледі, яғни капиталистік шаруашылыққа айналады деген *факты* да ашық көріне бастады. Бірақ *шындықтың* бетіне тура қарауға және заттарды өз аттарымен атауға (бұл тым «қатаң кеткендік болады») «халық достарының» ешуақытта да батылы бармайды! Сондықтан Кривенко мырза былай дейді:

«Кейбіреулер мұндай тәртіпті әбден табиғи тәртіп деп таныйды (бұған: мұндай тәртіпті өндіріс қатнастарының капиталистік сыйпатының әбден табиғи нәтижесі деп таныйды, дегенді қосу керек еді. Сонда бұл «кейбіреулердің» пікірін дәл көрсеткендік болар еді, және онда, бұл пікірлерден бос сөздер арқылы құтылып кетпей, істің мәнісін талдауға тура келген болар еді. Автор «кейбіреу-

---

* Кривенко мырза осы жерде — «қызметшіні неғұрлым арзандау жалдап, онан пайда түсіру керек» деп өте әділ айтады.

** Южаков мырза! Бұл қалай: сіздің жолдасыңыз «таланттардан» «қансорғыштар» шығады дейді, ал сіз — адамның мұндай болу себебі: олардың «сын көзімен қарайтын ақылының» жоқтығынан, деп сендірдіңіз? Мырзалар, бір журналдың бетінде бірінді бірін сүріндірулерің жарамайды!

лерге» қарсы күресуді әдейі мақсат етіп қоймаған болса, — ақша шаруашылығының, нақ сол «талантты» жалмауыздар мен «аңқау» жалшылар шығатын «мектеп» болып табылатындығын оның өзі де мойындауға тиіс еді) және капитализмнің жеңілмейтін міндеті осы тәртіптерден деп біледі. (Солай болмағанда ше! Күресті нақ «мектепке» қарсы, онда қожайындық етіп отырған «жалмауыздармен» бірге олардың әкім және интеллигент малайларына қарсы жүргізу керек деп табу — капитализмді жеңуге болмайды деп танумен бірдей ғой. Ал капиталистік мектепті жалмауыздарымен бірге болған күйінде қалдырып, оның капиталистік нәтижелерін либералдық жартылай шаралар арқылы жоймақ болу — «халықтың» шын адал «досы» болу деген осы ғой!). Біз бұған бірраз басқаша қараймыз. Бұл арада капитализмнің едәуір үлкен роль атқаратындығында күман жоқ, мұны біз жоғарыда көрсеттік те (жоғарыда жалмауыздар мен жалшылар мектебі туралы айтқанымыз осы еді), бірақ капитализмнің ролі бәрін қамтыйтын және шешуші роль болды, халық шаруашылығында болып жаткан өзгерістерде онан басқа факторлар болмады, ал болашақта басқа ешбір жол жоқ деуге болмайды» (160 бет).

Міне көрдіңіздер ме! Қазіргі құрылысты дәл және тура сыйпаттаудың орнына, «шаруалардың» қансорғыштар мен жалшылар болып бөліну себебі не деген сұрауға ашық жауап берудің орнына, — Кривенко мырза бос сөздермен құтылып кетпекші болады. «Капитализмнің шешуші ролі бар деуге болмайды». — Осылай деуге бола ма, немесе болмай ма, мәселенің барлығы міне осында ғой.

Өз пікіріңізді қорғап қалу үшін Сіз істі басқа қандай себептер «шешетінін», социал-демократтар көрсеткен пролетариаттың жалмауыздарға* қарсы таптық күресі-

* Егер, пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі жөніндегі идеяны әзірше, деревняның «аңқау және карапайымдау» жалшылары, яғни, атап айтқанда, «ғасырлық тәртіптер»мен және «қауымдық рух»пен «осыншама» тығыз байланысты болған мұндай әдемі хасиеттерінен айрылған адамдар түсіне алмайтын болса, оны тек қаладағы фабрика-завод жұмысшылары ғана түсіне алатын болса,—онда мұның өзі орыс капитализмінің прогрессивтік, революциялық жұмыстары туралы социал-демократтар теориясының дұрыс теория екенін дәлелдейді.

нен басқа, тағы қандай «жол» бар екенін көрсетуге тиісті едіңіз. Бірақ ешқандай нұсқаулар болмай отыр. Бәлкім, автор мына төмендегілерді нұсқау деп таныйтын шығар? Мұның өзі сондай адам күлерлік нәрсе болғанымен, «халық достарынан» мұндайды күтуге болады.

«Ең алдымен, біз көргендей, жері аз әлсіз шаруашылықтар нашарлайды» — атап айтқанда үлесіндегі жері 5 десятинадан кем шаруашылықтар нашарлайды. «Ал мемлекеттік шаруалардың үлесінде 15,7 десятина жері бар қатардағы шаруашылықтар тұрақты келеді... Рас, олар мұндай табыс (таза кірісі 80 сом) табу үшін тағы да бес десятина жерді жалға алады, бірақ бұл оларға не керек екенін ғана көрсетеді».

Капитализмге атышулы «жері аздықты» әкеп қосатын бұл «түзету» кандай қорытындыға әкеліп соқпақшы? Жері аздары мұнысынан да айрылады, ал ауқаттылары (15,7 десятина жері барлары) мұнан да гөрі молыға түседі* деген қорытындыға әкеліп соғады. Мұның аты — біреулер күйзеледі де, басқа біреулер байыйды деген қағыйданы мағнасыз түрде қайталап айтқандық қой!! Жердің аздығы туралы бұл сыяқты мағнасыз құрғақ сөздерді тастайтын мезгіл жетті, бұл сөздер ешнәрсені де түсіндірмейді (өйткені шаруаларға үлесті жерді ешкім де текке бермейді, сатып береді), тек процесті суреттеп қана қояды, онда да дәл суреттемейді, өйткені дұрысында бір ғана жер туралы айтып қоймай, жалпы өндіріс құралдары туралы айту керек, айтқанда — олардың шаруалардың қолында «аз» екендігі туралы емес, шаруалардың сол өндіріс құралдарынан *босанып* жатқандығы туралы, өсіп келе жатқан капитализмнің шаруаларды *экспроприациялауы* туралы айту керек. Кривенко мырза өзінің философиясын былай деп қорытады: «Біз, ауыл шаруашылығы қандай жағдайда болса да «өзіндік» шаруашылық күйінде және өңдеуші өнеркәсіптен бөлектенген күйінде қалуға тиіс және солай қала алады дел тіпті де айтқымыз келмейді (тағы да сылдыр сөз! айырбасты керек қылатын, демек, егіншіліктің өңдеуші өнеркәсіптен бөлектенуін керек қылатын

---

* Мен бұл арада үлесіндегі жерлері бірдей шаруалар өзара тең болады-мыс және «жалмауыздар»мен жалшыларға бөлінбейді-мыс деген түсініктің сорақы түсінік екендігін сөз етіп те отырғанным жоқ.

ақшалы шаруашылық мектебінің казірде де бар екенін жаңа ғана мойындауға мәжбүр болған сіз емес пе едіңіз? Ендеше — болуға мүмкін және болуға тиіс деп қайта-қайта былықтырудың не керегі бар?), жасанды түрде бөлектелген өнеркәсіп құру пайдасыз дегенді ғана (кимряктар мен павловтықтардың өнеркәсібі «бөлектелген» бе екен? және оны кім және қашан «қолдан жасаған» екен? соны білген жөн болар еді?), қызметшінің жерден және өндіріс құралдарынан бөлектенуі бір ғана капитализмнің әсерінен болып отырған нәрсе емес, сонымен бірге капитализмнен бұрынғы және оны қолдайтын басқа факторлардың да әсерінен болып отырған нәрсе дегенді ғана айтып отырмыз».

Бұл арада да, қансорғыштың қолына кететін жерден қызметшінің айрылу себебі: қызметшіде жер «аз» болып, жалмауызда «көп» болғандығынан деген терең пікірді айтқысы келген болу керек.

Сөйтіп мұндай философия, шешуші себепті капитализмде деп білетін социал-демократтарды «ой-өрісі тар» деп кіналайды!... Менің шаруалар мен майдагерлердің ыдырауына тағы да соншама толық тоқталып өткен себебім: мәселені социал-демократтардың қалай түсінетіндігін және оны олардың қалай түсіндіретіндігін ашық көрсету қажет болды. Субъективтік социолог шаруалар «кедейленді», ал «пайдакүнемдер» мен «жалмауыздар» «түсімді өз пайдасына алып кала білді» деп таныйтын фактылардың материалистер көзқарасы бойынша — товар өндірушілердің буржуазиялық ыдырауы, товарлы шаруашылықтың өзінен амалсыз туатын ыдырау болып табылатындығын көрсету қажет болды. Россиядағы дәулеттілердің дәулетсіздерге қарсы күресі барлық жерде де, фабрикалар мен заводтарда ғана емес, ал тіпті ең қаранғы түкпірдегі деревняларда да болып жаткандығын және бұл күрестің өзі қай жерде болса да товарлы шаруашылық негізінде туатын буржуазия мен пролетариаттың күресі болып табылады деген қағыйданың (жоғарыда 1 бөлімде келтірілген қағыйданың*) кандай дәлелдерге негізделгендігін көрсету қажет болды. Земстволық санақ сыяқты тамаша материал арқылы дәл көрсетуге болатын, біздің

---

* Осы томның 196 бетін қараңыз. *Ред.*

шаруалар мен майдагерлердің ыдырап, шаруа болудан қалуы, — орыс шындығын нақ социал-демократтарша түсінудің дұрыс екенін *іс жүзінде* дәлелдеп береді; бұл түсінік бойынша шаруа мен майдагер, «дәл өз» мағынасында айтқанда, *ұсақ өндіруші,* яғни *ұсақ буржуа* болып табылады. Осы ұсақ өндірушінің өмір сүріп отырған осы товарлы шаруашылықтың жағдайын және ол өндірушінің сол негізде капиталистік түрде ыдырауын да түсінбеген бұрынғы шаруа социализміне қарағанда бұл қағыйданы **ЖҰМЫСШЫ СОЦИАЛИЗМІ** теориясының негізгі пункті деп атауға болады. Сондықтан социал-демократизмді шын сынағысы келген адам, — өзінің дәлелдерін нақ осыған жыйнақтап саясат-экономикалық жағынан қарағанда Россияда товарлы шаруашылық системасы жоқ екенін, шаруалардың ыдырауы бұл негізде болмай, басқа негізде болатындығын, қалың бұқараның экспроприациялануы мен еңбекшілердің қаналу себебі біздің қоғамдық (оның ішінде ауыл шаруашылық) шаруашылығымыздың буржуазиялық, капиталистік түрде ұйымдасуына байланысты емес, басқа бір себептерден екендігін көрсетуге тиіс болады.

Осыны істеп байқаңыздаршы, мырзалар!

Онан соң, менің социал-демократиялық теорияны суреттеу үшін нақ шаруашылық және майдагерлік шаруашылық жөніндегі мәліметтерді келтіруіме тағы бір себеп болды. Егер мен «халық достарының» көзқарастарын сынағанда олардың идеяларын марксистік идеялармен салыстырумен ғана қанағаттанған болсам, онда мұның өзі материалистік методтан шет кеткендік болар еді. Оның үстіне «халықшылдардың» идеяларын түсіндіру кажет, бұл идеялардың біздің қазіргі қоғамдық-экономикалық қатнастарымыздағы **МАТЕРИАЛДЫҚ** негізін көрсету қажет. Біздің шаруалар мен майдагерлердің экономикасының сыйпаты мен үлгілері «халық достары» идеологы болғысы келіп отырған бұл «шаруаның» кім екенін көрсетіп отыр. Олар біздің деревнямыздың экономикасының буржуазиялық экономика екенін делелдейді. сондықтан «халық достарын» мещандардың идеологына жатқызудың дұрыс екендігін көрсетеді. Ол-ол ма: олар біздің радикалдардың идея, программалары мен ұсақ буржуазия мүдделерінің арасында өте тығыз байланыс

бар екенін көрсетеді. Олардың программаларын әбден талдап өткеннен соң, бұдан да айқын бола түсетін бұл байланыс біздің «қоғамда» бұл радикалдық идеялардың мұндайлық кең таралу себебін түсіндіреді; осы байланыс «халық достарының» саясат жөніндегі малайлығын да, олардың мәмлеге келуге дайын екендігін де өте жақсы түсіндіреді.

Ең ақырында, біздің қоғамдық тұрмыстың капитализм аз дамыған жақтарының экономикасына — әдетте халықшылдар өз теориялары үшін материал алып отырған жағына мұндай толық тоқталуға тағы бір себеп болды. Социал-демократияға қарсы аса көп таралып жүрген пікірлердің, біздің жұртшылық арасында жайылып жүрген пікірлердің біреуіне мәнді жауап беру бәрінен гөрі осы экономиканы зерттеп, суреттеу арқылы оңай болды. Біздің радикалдарымыз капитализмнің «халықтық құрылысқа» қайшы келетіндігі туралы үйреншікті идеяны негізге ала отырып, және социал-демократтардың ірі капитализмді прогрестік құбылыс деп есептейтінін, олардың қазіргі тонаушы режимге қарсы күресте осы ірі капитализмге сүйенгілері келетінін көре отырып, — терең-нен ойламастан, социал-демократтарды шаруалардың халық бұқарасының мүдделерін ескермейді, «әрбір мужикті фабриканың қазанына қайнатқылары» келеді деп, т. с. айтып кіналайды.

Бұл пікірлердің бәрі мынадай, логикаға мүлде сәйкеспейтін және ғажап әдіске сүйенеді: капитализм туралы сөз қылғанда — оның қазіргі іс жүзіндегі бар қалпына қарап сөз қылады да, ал деревня туралы сөз қылғанда — оның келешекте «болу мүмкіншілігіне» сүйеніп сөз қылады. Бұған *шын* деревняны, оның *шын* экономикасын көрсетуден артық жауап табылмайтындығы түсінікті нәрсе.

Бұл экономикаға әділ, ғылми түрде қарағаң адамның қай-қайсысы болса да деревнялық Россияның өзі жекежеке кішкене аудандардың қоғамдық-экономикалық тұрмысын билейтін ұсақ, бытыранды рыноктердің (немесе орталық рыноктің кішкене бөлімдерінің) системасы болып табылатындығын мойындауға тиіс. Ал осындай әрбір ауданның өзінде біз жалпы алғанда рынок тәртіптеп отырған қоғамдық-экономикалық ұйымдарға тән болатын құбылыстардың түгелдей бар екенін көреміз: бір кезде

тең болған патриархалдық тікелей өндірушілердің бай мен кедейге бөлінгенін, *капиталдың,* әсіресе, еңбекшілерді өзінің торына түсіріп, олардың барлық қан-сөлін соратын сауда капиталының шыққандығын біз анық көріп отырмыз. Сіздер шаруалардың экономикасын біздің радикалдардың суреттеуімен деревняның шаруашылық тұрмысы туралы түпкі дәл мәліметтерді салыстыратын болсаңыз, сынға түсіп отырған көзқарастардың системасында осындай рыноктердің әркайсысында күн сайын быж-быж қайнап жатқан, орасан көп ұсақ саудагерлерге, шибайларға, иваштарға және жергілікті шаруалар түрлі басқа да ат таққан оңбағандарға, рыноктерде қожалық етіп жүрген және еңбекшілерді аяусыз езіп жүрген толып жатқан ұсақ қанаушыларға орын берілмегендігі сізді таңғалдырады. Олар мұндайларды: «бұлар шаруалар емес, саудагерлер ғой» деп кейін ысыра салады. Я, сіздер өте дұрыс айтып отырсыздар: бұлар — «енді шаруалар емес». Бірақ бұл «саудагерлердің» барлығын, яғни, саяси экономияның өз тілімен айтқанда, коммерциялық шаруашылық жүргізетін адамдарды және аздап болса да басқа адамның еңбегімен пайдаланатын адамдарды ерекше топқа бөліп шығарып көріңізші, бұл топтың экономикалық күшін және оның ауданның бүкіл шаруашылығындағы ролін дәл мәліметтер арқылы көрсетіп байқаңызшы; сонан соң, өзінің жұмыс күшін рынокке салғандықтан, өзі үшін істемей, біреу үшін істейтін болғандықтан «енді шаруа болмай» қалып отырғандардың барлығын жоғарыда айтылғандарға қарама-қарсы топқа бөліп шығарып көріңізші, — ешкімге іш тартпайтын және байымды зерттеудің осындай элементарлық тілектерін орындап көріңізші, сонда сіз буржуазиялық түрде ыдыраушылықтың түрін өте ашық көресіз, сонда тіпті «халықтық құрылыс» жөніндегі ертегіден құр аңыз ғана қалатындығын көресіз. Деревняның ұсақ қанаушыларының бұл көпшілігі қорқынышты күш болып табылады, оның қорқынышты күш болатын себебі: олар еңбекшілерді бытыраңқы жеке-жеке күйінде жаншады, оларды өздеріне тәуелді етіп мықтап матап қойып, бұдан құтылу жөніндегі қандай да болса үміттен айырады; қорқынышты күш болатын себебі: бұл қанаушылық, сөз болып отырған системаға тән еңбек өнімділігінің төмен болуы мен қатнастың

жоқтығынан туып отырған деревнядағы тағылық жағдайда еңбекті құр талағандық қана емес, оның үстіне адамды кәдімгі азиялық түрде қорлағандық болып табылады; мұндай қорлаушылық деревняда үнемі кездесіп отырады. Ал егер сіздер осы *шын* деревняны біздің капитализммен салыстыратын болсаңыздар, — сонда сіздер біздің капитализмнің жұмысын — бұл бытыраңқы ұсақ рыноктерді бүкілроссиялық бірыңғай рынокке біріктіруін, оның телегей теңіз ұсақ, ақ пейіл жалмауыздардың орнына бір уыс «отан шонжарларын» туғызуын, оның еңбекті қоғамдастырып, еңбектің өнімділігін арттыруын, оның еңбекшілердің жергілікті қанішерлерге осылайша бағынуын жойып, ірі *капиталға* бағынушылықты туғызуын социал-демократтардың неліктен прогрестік жұмыс деп есептейтінін түсінесіз. Бұл бағындыру — оның еңбекті қанаудағы бүкіл сұрапылдығына, өлу, жабайылану, әйел мен жаңа өспірім балалар организмінің жарым-жан болып қалуына, т. с. қарамастан — ана бағындыруға қарағанда прогрестік бағындыру болып табылады, өйткені бұл бағындыру **ЖҰМЫСШЫНЫҢ ОЙ-ПІКІРІН ОЯТАДЫ**, үнсіз және күңгірт наразылықты саналы наразылыққа айналдырады, бытыраңқы, ұсақ, мағнасы жоқ көтерілістерді бүкіл еңбекші бұқарасының азаттығы үшін жүргізілетін ұйымдасқан таптық күреске, өзіне керекті күш-қуатты осы ірі капитализмнің өмір сүруі жағдайларынан алатын, сондықтан да **СЕНІМДІ ЖЕҢІСКЕ** сөзсіз жете алатын күреске айналдырады.

Шаруалар көпшілігін елемейсіздер деген кінаға жауап ретінде, Карл Маркстің мына төмендегі сөзін келтіруге социал-демократтардың толық праволары бар:

> *«Бұғауларды әшекейлеп сырлаған жалған гүлдерді сын бұғаулардан жұлып тастағанда, адам баласы бұл бұғауларды қандай да болса қыялдан және қуаныштан айрылған түрінде мойнына асып жүре берсін деп жұлып тастаған жоқ, — адам баласы бұғауларды лақтырып тастап, шын гүлге қолын созсын деп жұлып тастап отыр».*[54]

Орыс социал-демократтары біздің деревняны әшекейлеп тұрған жалған гүлдерді жұлып тастап, дәріптеушілік

пен қыялға қарсы күресіп отырғанда, астын үстіне келтіретін қыйрату жұмысын жүргізіп отырғанда, ол үшін өздерін «халық достарының» өлердей жек көретініне қарамай отырғанда, — шаруалар бұқарасы қазіргі езілген, өлуге айналған және құл болған халде қала берсін деп істеп отырған жоқ, кайта барлық жерде де еңбекшілердің мойнына салынып отырған бұғаулардың қандай бұғау екенін, бұл бұғаулардың қалай жасалатындығын пролетариат түсінсін деп, оның үстіне бұл бұғауларды лақтырып тастап, бұларға қарсы көтеріле білсін, сөйтіп нағыз шын гүл үшін колын соза білсін деп істеп отыр.

Социал-демократтар еңбекшілер табының өз тұрмыс жағдайы арқасында өзінің таптық сезімін бір өзі ғана ұғына алатын және тап күресін бастай алатын өкілдеріне осы идеяны тартқан кезде — оларды онда мужикті қазанға қайнатқыларың келеді деп кінәлайды.

Ал кінәлап отырған кім? —

Еңбекшілерді азат ету жөнінде «үкмет» пен «қоғамға», яғни барлық жерде де еңбекшілердің мойнына бұғау салып отырған буржуазия органдарына сеніп отырған адамдар кінәлап отыр!

Бұл сыяқты былжырлар да социал-демократтардың идеалсыз екендігі туралы көкіп көпіреді екен-ау!

«Халық достарының» теориялық пікірлеріне тым көп тоқталып кеткен сыяқты болдық, енді олардың саяси программасына келейік. Олар қандай шаралармен «өртті өшіргілері» келеді? Социал-демократтар жолды теріс сілтеді-мыс деп жүргендегі түзу жолдары қайсы жол?

Южаков мырза «Жер министрлігі» деген мақаласында («Русское Богатствоның» № 10) — «Шаруа банкісін қайта түзеу, отарлау басқармасын құру, халық шаруашылығының мүддесі үшін қазна жерін арендаға беру жұмысын тәртіптеу... аренда мәселесін тәртіпке салып, бір жолға қою — міне, халық шаруашылығын қалпына келтірудің және ол шаруашылықты есіп келе жатқан плутократияның экономикалық зорлығынан қорғаудың (sic!) программасы осы болып табылады» дейді. Ал «Экономикалық өсу мәселелері» деген мақаласында «халық шаруашылығын қалпына келтірудің» осы программасы төмен-

дегідей «бірінші, бірақ керекті қадамдармен» толықтырылған; олары мынадай: «қазірде селолық қауымды матап отырған кедергілерді тегіс жою; қауымды қамқорлық бағымынан құтқару, қоғамдасып жер жыртуға көшу (жер кәсібін қоғамдастыру) және жерден өндірілген шикі заттарды қауым болып өңдеуді өркендету» Бұған Кривенко мен Карышев мырзалар: «арзан кредитті, шаруашылықтың артельдік түрін, өнімнің өткізілуін қамтамасыз етуді, кәсіп иелеріне пайда жібермеудің мүмкіндігін табуды (бұл туралы кейін ерекше айтылады), арзанырақ қозғауыш машиналар шығарып және басқа да техникалық жақсартулар ендіруді» қосады, ең ақырында, «музейлер, складтар, комиссионерлік конторлар» дегендерді қосады.

Бұл программаға көніл қойып қарасаңыз, — бұл мырзалардың қазіргі қоғамның негізіне (яғни, өздері сезбестен, капиталистік тәртіптердің негізіне) толығымен бүтіндей түсіп, осы қоғамды жамап-жасқап қоя салғысы келетінін көресіз, ал айтып жүрген прогрестерінің, мысалы, арзан кредит, техниканы жақсарту, банкілер, т. т. бәрі де — тек буржуазияны өсіріп, соларды ғана күшейтерлік шамасы бар нәрсе екенін ұқпай жүргенін көресіз.

Ник. — онның айтқаны, әрине, дұп-дұрыс, — бұл оның өте бағалы ережелерінің бірі, бұған қарсы «халық достары» наразылық жасамай тұра алмады да, — оның айтқаны мынау: қазіргі тәртіптердің негізінде ешқандай реформамен іске жәрдем етуге болмайды: кредит те, қоныс аудару да, алым-салық реформасы да, жердің бәрін шаруалардың қолына өткізу де ешбір мәнді өзгеріс істей алмайды; қайта қазіргі уақытта орынсыз «қамқорлық бағымы» арқылы, крепостнойлық төлемдер қалдығы арқылы, шаруаларды жерге арқандау арқылы, т. т. арқылы күрмеліп отырған капиталистік шаруашылықты мұндай шаралар күшейтуге және дамытуға тиіс дейді. Ол былай дейді: кредиттің экстенсивті жолмен өркендеуін жақтайтын князь Васильчиков (ол өзінің идеялары жағынан нағыз «халық досы») сыяқты экономистердің тілейтіні — «либералшыл», яғни буржуазияшыл экономистердің тілектерімен бірдей; бұлар «капиталистік қатнастарды дамытуға, нығайтуға тырысады». Біздің өндіріс қатнастарымыздың (басқа сословиелердің арасындағыдай, «ша-

руалардың» арасында да) антагонистік қатнастар екенін олар түсінбейді, сонымен, бұл антагонизмнің бетін айқын ашып беруге тырысудың орнына, бұл антагонизмнің салдарынан езіліп жүргендерге тура болысудың орнына, сөйтіп олардың күреске шығуына жәрдем етудің орнына, — олар жалпыға бірдей шаралар арқылы, ымыраластыруға, біріктіруге бейім шаралар арқылы күресті тоқтатуды көксейді. Мұндай шаралардың барлығынан қандай нәтиже болатындығы белгілі: жіктелудің жоғарыда келтірілген мысалдарын еске түсірсек-ақ болғаны, бұл кредиттерден*, жақсартулардан, банкілерден, т. с. «прогрестердің» барлығынан пайда көретін тек тұрақты, ұқыпты түрде шаруашылық жүргізу арқылы белгілі «жыйнаған қоры» бар адамдар ғана, яғни халық ішінде өте азшылық болған ұсақ буржуазияның өкілдері ғана пайдалана алатынын ұғыну қыйын емес. Сіз шаруа банкісін, тағы сол сыяқты мекемелерді қалай етіп қайта түзесеңіз де, онан халық бұқарасының экспроприацияланғаны, әлі де экспроприацияланып келе жатқаны, жөнді шаруашылық құрып алу былай тұрсын, тамағын асыраралық та қаражат таба алмай жүргені сыяқты негізгі және түпкі фактыға инедей де өзгеріс келтіре алмайсыз.

«Артель» және «жерді қоғамдасып жырту» туралы да осыны айту керек. Южаков мырза «жерді қоғамдасып жыртуды» «жер кәсібін қоғамдастыру» деп атайды. Әрине, бұл тек өрескел нәрсе, өйткені қоғамдастыру үшін өндірісті қандай болса да бір деревняда ғана ұйымдастыру керек емес, оның үшін өндіріс құралдарын өз монополиясына алған және орыстың осы кездегі қоғамдық шаруашылығын билеп-төстеп отырған «жалмауыздарды» экспроприациялау керек. Ал бұл үшін түкке аспайтын мещандық мораль керек емес, күрес керек, күрес керек, тағы да күрес керек.

---

* Бұл идея — капиталистік қатнастар тұсында (ал капиталистік қатнастардың бар екенін «халық достарының» өздері де жасыра алмайтындығын біз көргенбіз), «халық шаруашылығын», басқаша айтқанда ұсақ өндірушілердің шаруашылығын кредит арқылы сүйемелдеп ұстау дейтін — бос идея, теориялық саяси экономияның әліпбилік ақыйқатына түсінбегендікті көрсететін идея, бұл идея. екі стулға бірдей отырғысы келген мырзалардың теорияларының соқырлығын толық етіп айқын көрсетіп отыр.

Сондықтан олардың бұл тәрізді шаралары мүсіркегіш қайырымшыл болғансыған буржуаның сақыйлығынан мешеулеп, әлсіреп қалған либералдық шала шараларға айналып кетеді, бұл шаралар жеке кісілердің халін оңалтуы мүмкін болғанымен де, капиталистік қатнастардың жалпы негізі орнында тұрғанда ондай оңалтулар сезілместік дәрежеде өте аз және әлсіз болады, сөйтіп бұл шаралардың пайдасынан зияны анағұрлым көп болады, өйткені қаналушылардың бетін күрестен бұрып әкетеді. Бұл мырзалардың орыс тұрмысындағы антагонизмді бүркеулерінің арсыздығы сонша, — әрине, олар мұны шын күресті тоқтату үшін нағыз адал ниетпен бүркейді, бірақ ниеттерінің құны тамұқ ішін жөндеушінің адалдығындай, — оны Кривенко мырзаның мына пікірі көрсетеді:

«интеллигенттер фабрикантгардың өндіріс орындарын басқарып отыр, сондықтан олар халық өнеркәсібін де басқара алады».

Олардың барлық философиясы — қанау деген және күрес деген бар ғой, бірақ егер... егер қанаушы болмаса қанаудың болмауы да «мүмкін еді» ғой деп зарлану болып шығады. Шынында, мағнасы жоқ мұндай сөзді айтқандағы автордың айтайын дегені не? Россия университеттері мен басқа оқу орындарының кім тамақтарын тойғызса, тек соны ғана іздейтін мұндай «интеллигенцияны» (??) жылма-жыл даярлап шығаратынын қалай бекер деуге болады? Бұл «интеллигенцияны» асырауға керекті қаражат қазірде Россияда жалғыз буржуазиялық азшылықтың ғана қолында екенін де қалай бекер деуге болады? «Халық достарының»: буржуазияшыл интеллигенцияның буржуазияға қызмет «етпеуіне де» болатын еді деуінен, Россиядағы буржуазияшыл интеллигенция қалай жоқ болып кетер? Я, «мүмкін болар еді», *егер* ол интеллигенция буржуазияшыл болмаса. Буржуазияшыл «болмас» та еді, егер Россияда капитализм мен буржуазия болмаса! Ал бірқатар адамдар өздерінің барлық өмірін осы сияқты «егерде», «болмаса» деген сөздерді жіктеумен өткізуде! Дұрысын айтқанда бұл мырзалар капитализмге тек шешуші маңыз беруден бас тартып қана қоймайды, кайта жалпы алғанда капитализмде ешқандай жаманшылық бар деп білгісі келмейді. Егер де кейбір «кемшіліктерін» алып тастаса, олар капитализм-

нің қолтығының астынан да жақсы орын табар еді. Кривенко мырзаның мына сөзін тыңдап көрсеңіз қайтер екен:

«Капиталистік өндіріс пен кәсіпті капиталистік жолға салу дегеніміз өңдеуші өнеркәсіпті мүлде халықтан қашықтау үшін жасалған қақпа емес. Әрине, оның қашықтауы да мүмкін, бірақ халықтың тұрмысына араласуы да, сөйтіп ауыл шаруашылығы мен өндіруші өнеркәсіпке жақындасуы да мүмкін. Мұның үшін бірнеше тәсілдер істелуі мүмкін, оған жоғарғы айтылған қақпаның өзі де, басқа қақпалар да қызмет етуі мүмкін» (161 бет).

Михайловскій мырзаға қарағанда Кривенко мырзаның кейбір өте жақсы жақтары бар. Мысалы, ашық айтатындығы мен тура кететіндігі. Михайловский мырзаның жұмыр және сұлу сөздермен неше бет қағазға жазып, мәселенің өзіне жуымай, құр маңайын ғана шолып, бұлтарыспен айтатын жерлерінде, іскер және практикашыл Кривенко мырза турадан тура қойып қалады да, өзінің көзқарастарының барлық мағнасыздығын оқушылардың алдында беті шіміркенбестен түгелімен жайып салады. Мынаны қараңыз: «капитализмнің халық тұрмысына араласуы мүмкін» екен. Бұл, екінші сөзбен айтқанда, еңбекшілерді өндіріс құралдарынан айырмайақ капитализмнің орнауы мүмкін деген сөз болып шығады! Рас, мұнысы тамаша екен; «халық достарының» көксейтіні не екенін енді, әрине, бізге әбден айқын түсінуге болады. Олардың көксейтіні: капитализмсіз товар шаруашылығының болуы, — адамгершілігі мол помещиктер мен либерал әкімдердің қолдастында бейбіт қатып-сеніп отыра беретін өңкей мещандардан ғана құралған, экспроприациясы мен қанаушылығы жоқ капитализмнің болуы. Ал енді бұлар Россияны қайырымдылығымен жарылқамақшы болатын департаменттік маңғаз чиновник тәрізденіп, қой да аман, қасқыр да тоқ болатын тәртіптің түрлі шараларын қолдан жасап шығармақ. Бұл шаралардың қандай екенімен танысу үшін осы автордың № 12-де жазылған («Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар туралы») мақаласын көрейік; ол онда бейне, «іс жүзіндегі экономика мәселелерін шешуге» «шақырылған» адамға ұқсап, былай дейді: «Өнеркәсіптің мемлекеттік және артельдік түрі бұл

жерде мүлде біздің ойлағанымыздай емес. Мысалы, мынадай түр-түрі .болуы мүмкін» дейді. Мұнан кейін «Русское Богатство» журналының редакциясында бір техниктің ұсақ акциялардан (100 сомнан аспайтын) құрылған акциялы өндіріс орнын жасап, Дон облысын техника жөнімен пайдалану жобасын әкелгенін әңгіме қылады. Бұл жобаның иесіне редакция «акция жеке адамдардікі болмай, бүтін бір селолық қоғамдікі болатын болсын, одан кейін қоғам халқының өндіріс орнында істейтін мүшелері әдеттегідей жалақы алып тұратын болсын және өндіріс орындағылардың жерден қол үзбеуі қоғам тарапынан қамтамасыз етілетін болсын» деп жобаға осындай өзгерістер киргізуді ұсынған.

Байқайсыз ба, не деген әкімшілік данышпандық деседіңізші! Капитализм залымдық сыйпаттарынан арылып, халық өміріне мүләйім түрде оп-оңай, жеп-жеңіл араласа қоймақшы! Тек болғаны село байлары қоғам арқылы акцияларды* сатып алатын болсын және олар «халықтың бір бөлегі» қызмет етіп жатқан өндіріс орындарынан пайда тауып отыратындай болсын, өндіріс орындарында істеушілердің тамақ асырап тұруға жетпейтін жерінен (әйтпесе «әдеттегідей» жалақы алып қызмет етуге кім барушы еді?) қол үзбеуі қамтамасыз етілсін; бірақ ондай жер адамды бір орынға байлау үшін, оны сол жердегі капитал өндірісінің құлы етерліктей және екінші бір қожайынға барып қызмет істеуге мүмкіндік берместей болсын. Бұл жерде мен қожайын туралы айтқанда капиталист туралы айтып отырмын; олай айтуға толық хақым бар, өйткені еңбекшілерге *жалақы* төлеушілерді басқаша айтуға болмайды.

Оқушылар, көрне көңіл бөлуге тұрмайтын сандыраққа осынша көп тоқталғаныма, сірә, маған кіна қойып отыр-

---

* Акция — қоғамдікі болады деп автор ескертсе де, мен бұл жерде акцияны байлардың сатып алатынын айтып отырмын, өйткені автордың айтуына қарағанда ол акцияны ақшаға сатып алу туралы айтады, ал сатып алатын ақша тек бай кісінің ғана қолында болады. Сондықтан іс қоғам арқылы жүре ме болмаса басқа түрмен жүре ме — бәрібір, жерді арендаға алу немесе сатып алу істерінің қоғам арқылы жүргізілуі жерді байлардың өз қолдарына жыйнап алуын тоқтата алмағаны сыяқты, акцияға ақшаны тек байлар ғана төлей алады. Одан кейін пайданы (дивидендті) ақша шығарғандар алуы керек, әйтпеген күнде акция дегеніміз акция

ған болар. Бірақ сабыр етіңіз. Бұл қыйсынсыз сандырақ бола тұрса да, мұны тексеріп зерттеу пайдалы да, керек те болатын сандырақ; өйткені бұл Россиядағы шын қоғамдық экономикалық қатнастарды көрсетеді және сондықтан мұның өзі бізде көбірек жайылған қоғамдық идеялардың біріне жатады; бұл идеялармен социал-демократтарға әлі де болса көп уақытқа шейін есептесіп отыруға тура келеді. Істің мәні мынадай: Россияда өндірістің крепостниктік, феодалдық жолдан капиталистік жолға көшуі еңбекшілерді ауыр жағдайға түсірді және әлі де бірсыпыра түсірумен келеді, бұл жағдайда шаруалар өз жерімен тамақ асырап, әрі оның үстіне *сол жерімен* помещиктердің *төлемдерін өтеуге* шамалары келмегендіктен *(ол мұндай төлемдерді қазірге дейін төлеп келеді)* «шеттен кәсіпшілік» іздеп кетпеске амалы болмады, мұның өзі заманның түзу кезінде не өз алдына дербес кәсіпшілік еңбек түрінде (мысалы, кіре тарту), не өз алдында дербес болмаса да кәсіптің дамуының нашарлығы себепті жалақысы басқаға қарағанда тәуір төленетін еңбек түрінде болды. Бұл қалыптың өзі жүз мың текті полицеймейстрлер мен орыс жерлерін жыйнаушы жаңа туып келе жатқан буржуаның саясында мешеулеп, бейбіт кеуіп-сеніп келе жатқан шаруалардың, крепостной халықтың күн көргішін, қазіргіге қарағанда, бірсыпыра қамтамасыз етіп еді.

Ал енді «халық достары» осы құрылысты дәріптейді, оның жаман жағын жауып қойып, соны арман етеді, «арман ететіні» — мұның өзі әлдеқашан жоғалған, өшкен дәуір, оны капитализм әлдеқашан қыйратқан болатын, жер кәсібін істейтін шаруаларды тегісінен экспроприациялап, бұрынғы табыс табу үшін шетке кететін жұмысшы бос «қолдардың» «пайдасын» жүгенсіз түрде қанаған болатын.

болмақ емес. Автордың ұсынысын мен пайданың бір бөлімі «жұмысшылардың жерден қол үзбеуін қамтамасыз етуге жұмсалады» деген мағнада түсінемін, егерде автордың айтайын дегені бұл болмаса (бірақ оның айтуынан осы түсінік келіп шығуында сөз жоқ). оның айтайын дегені: байлар пайда алмастан акцияға ақша төлеуі керек деген сөз болса, онда ол байлар мүліктерін кедейлермен бөлісіке салсын деген сөз болады. Мұның өзі шыбынды қыру үшін алдымен оны ұстап алып, сонан кейін дәріге салу керек, — сонда шыбын өледі, — деген сандырақ сөз сыяқты болып шығады.

Мещандыққа салынған біздің рыцарьлар шаруалардың жермен «байланысы» жоғалмауын тілейді, ал крепостниктік право болмасын дейді: бірақ шаруалардың жерге байланысын қамтамасыз етіп келген жалғыз ғана осы крепостниктік право еді, ал бұл крепостниктік правоны қыйратып, әлгі «байланыстың» болуына мүмкіндік қалдырмаған тек товарлы шаруашылық пен капитализм ғана еді. Олар шаруаны жерден айырмайтын, өнімді рынокке арнап шығарғанда да бәсеке туғызбайтын, капиталды туғызбайтын, оған қалың бұқараны құл қылмайтын шеттегі кәсіпті көзделі. Социологияда субъективтік методты қолданудан танбайтын «халық достары» ананың да, мынаның да жақсы жағын «алғысы» келеді, — бірақ бұл балалық нәпсі іс жүзінде, әрине, шындықпен санаспайтын тек реакцияшыл қыялшылдыққа ғана апарып соғады, жаңа тәртіптердің шын прогрестік, революциялық жағын түсінбеушілікке, іріктей білмеушілікке апарып соғады; құтылып шығуға еш мүмкіндік бермеген қанау мен езудің талай сұмдықтарын көрсеткен тәртіпті — жартылай крепостнойлық, жартылай ерікті еңбектің ескі тәртіптерін мәңгілік етіп сақтауға жұмсалған шараларды тәуір көрушілікке апарып соғады.

«Халық достарын» реакцияшылдарға апарып қосатын бұл түсініктің рас екендігін дәлелдеу үшін екі мысал келтірейін.

Москва земствосының санақ мәліметін алып қарасақ, біз К. деген ханымның (Подольск уезінде) шаруашылығын суреттеген мақаланы көреміз; мұның өзі (суреттелуі емес, шаруашылықтың өзі) Москва санакшыларын да, ұмытпасам, В. В. мырзаны да (бір журналда оның бұл туралы жазғаны есімде бар) өте қызықтырған көрінеді.

К. ханымның атышулы шаруашылығы В. Орлов мырзаға «шаруалардың жер кәсібі оңды күйде болған жерде, жеке меншікті жер билеушілердің шаруашылығы жақсы жүргізіледі»-мыс деген өзінің сүйікті ережесін «іс жүзінде айқын дәлелдейтін факт» болып отыр. Орлов мырзаның айтуына қарағанда, бұл ханым өзінің шаруашылығын жергілікті шаруалардың күшімен жүргізеді, қыстығүні шаруалар бұл ханымнан несиеге ұн, т. с. заттар алып, соның жерінде істейді, ал шаруаларға бұл ханым үлкен қамқоршылық етіп, жәрдем көрсетіп отыратын көрінеді, сон-

дықтан бұл шаруалар болыс қоластындағы шаруалардың ең күйлісі, бұлардың астықтары «келесі жылға шейін жетіп те қалатын көрінеді (бұрын қыскы Никола күндеріне де жетпейтін)».

«Жұмыстың осылайша істелуі», — Н. Каблуков (V том, 175 бет) пен В. Орлов мырзалардың (II том, 55—59, т. б. беттер)[55] ойлайтындарындай, — «шаруа мен жер иесінің арасындағы мүдде қарсылықтарын» жоққа шығара ма? деген сұрау туады. Жоққа шығармайтыны анық болуы керек, өйткені К. ханым өзінің шаруаларының еңбегін пайдаланып күн көреді. Демек, қанаушылық мүлдем жойылған жоқ. Бұл жерде қаналушыларға жақсы қараудың аржағындағы қанаушылықты көрмеушілік — К. ханымға кешірімді нәрсе болғанымен, экономист санақшыға мүлдем кешірілмейтін нәрсе; мұндай экономистің бұған таңданғаны — фабриканттың жұмысшылар үшін күйіп-пісіп, оларға тұтыну нәрселерін сататын дүкендер ашқанын, патер-үй бергенін, т. с. айтып масайрап, капиталистердің жұмысшыларға жақсы қарайтынына есі кетіп, таңданатын Батыстың Menschenfreunde *-сіне әбден ұқсайды. Мұндай «фактының» болуына (демек, оның «мүмкіндігіне» де) қарап мүлде қайшылық болмайды деген қорытындыға келу — жалғыз ағаш тасасынан қалың орманды көрмеушілік болады. Бұл бір.

Екіншіден, Орлов мырзаның айтуына қарағанда, К. ханымның шаруалары «егіннің жақсы шыққандығы себепті (помещик ханым оларға жақсы тұқым берген) мал жыйнап алып», шаруашылығын «оңдаған» көрінеді. Ал тіпті бұларды «оңды шаруа» болуға «жақын» демейік, әбден оңды болып шықты-ақ делік, астықтары келесі жылға жетіп «қалады» демейік, жетіп шығуы анық-ақ делік; және «көпшілігінікі» жетіп қалады демелік, бәрінде де толық жететін болсын-ақ делік. Бұл шаруалардың жерлері жеткілікті делік, олардың енді «мал жайылымы мен мал өрісі» де бар делік, бірақ енді бұлар оларда жоқ (жақсы жөнделгеніңе болайын!), бұлардың барлығын олар ендігі жерде К. ханымнан жұмыс істейтін болып арендаға алады. Орлов мырза онда — яғни егер шаруалардың шаруашылығы шынымен-ақ дұрыс жөнделген күнде — сол

* — «Адамды жақсы көрушілер», филантроптар. *Ред.*

шаруалар «К. ханымның иелігіндегі барлық жұмысын бұрынғысындай зер салып мезгілін асырмай тез істеп береді» деп қалайша ойлайды екен? Әлде, мүмкін, шаруашылығы оңдалған шаруаларға аналық рахымі түсіп, олардың қанын сүліктей сорып отырған К. ханымға шаруалардың рыйзалықтары — мал жаятын және мал өтетін жерсіз күн көре алмайтын шаруалардың қазіргі халдерінің қыйыншылығынан басым шығар?

«Халық достары» идеяларының мәні осындай екені анық: олар мещандықтың нағыз идеологтары болғандықтан, қанаушылықтың жойылуын тілемейді, оны тек жұмсартқысы келеді, күресті тілемейді, ымыраласуды тілейді. Социал-демократтардың идеяларын жартусыз деп жанын салып кінәлап жүргендегі олардың өздерінің жартулы идеялары помещик пен капиталистерге «міндетті қызмет» істейтін «оңалған» шаруалардың айналасынан әрі аспайды, тек мұндай шаруаларға помещиктер мен капиталистер әділ қараса болғаны дейді.

Тағы бір мысал. Южаков мырза «Россияда халықтың жер иелену мөлшері» деген өзінің кәдімгі белгілі мақаласында («Русская мысль», 1885 жыл, № 9) «халықтың» жер иеленуі, яғни біздің либералдардың атаулары бойынша, капитализмге, қанаушылыққа жол бермейтін иелену қандай шамада болуы керек екендігі туралы өзінің пікірін баяндаған. Біз енді істің жайын Кривенко мырзаның осындай өте жақсы түсіндіруінен кейін оның да «капитализмді халықтың өміріне араластыру» тұрғысынан қарайтынын біліп алдық. «Халықтың» жер иеленуіндегі minimum деп оның алғаны — «тамаққа, салық төлеуге»* жететіндей ғана өнім беретін жер үлесі, ал енді онан былайғы мұқтажды «басқа кәсіппен» өтеуге де болады-мыс... Екінші сөзбен айтқанда, шаруаның жерден қол үзбей отырып бір жағынан помещикке «үлесті жер» жөні-

---

* Шаруалардың бұл шығындары мен оның бюджетінің қалған жағының арасындағы шаманы көрсету үшін Острог уезінен көрсетілген сол 24 бюджетті мысалға алам. Бір семьяның шығыны орта есеппен (заттай да, ақшамен де) 495 сом 39 тыйын. Оның 109 сом 10 тыйыны мал асырауға, 135 сом 80 тыйыны өсімдіктен жасалған тамақ пен салыққа, ал қалған 250 сом 49 тыйыны басқа шығындарына — тамақ, киім, мүлік, арендаға жер алу, тағы тағыларға жұмсалады. Южаков мырза мал асырау шығынын шөп шабу және қосымша шаруашылық жерін күту шығындарына қосады.

нен, екінші жағынан капиталистке «басқа кәсіпшілік» жөнінен екі жақтап жем болу тәртібіне ол турадан-тура көніп отыр. Екі жақтан қанаушылыққа түскен ұсақ өндірушілердің осы халі, оның үстіне бұлардың еңсесін еріксіз түсіретін, жабықтыратын, жеңуді үміт ету былай тұрсын, езілген таптың ешқандай күресінен үміттендірмейтін тұрмыстың қыспақты жағдайларында болуы — осы сияқты жартылай орта ғасырлық хал — «халық достарының» армандары мен барлық көзқарастарының—nec plus ultra сы болады. Реформадан кейінгі Россия тарихы тұсында капитализм өте зор қарқынмен дамып, Россияның осы екі негізін—патриархалдық, жартылай крепостнойлық шаруаларды—түбірінен қопарып бұзып, оны ортағасырлық, жартылай феодалдық жағдайдан шығарып, жаңа жағдайға, таза капиталистік жағдайға енгізе бастаған кезінде, шаруаларды орын тепкен қонысынан қозғап, бүкіл Россияны шарлатып жұмыс іздетіп отырған кезде, шаруаларды жергілікті «жұмыс істетушілердің» құлдануынан жұлып алып, жеке залымның талауы емес, жалпы қанаушылық атаулының, оның ішінде таптық қанаушылықтың негізі қайда екенін оларға көрсеткен кезінде, жаншылған, езілген, мал дәрежесіне жеткен былайғы шаруа халқын капитализмнің барған сайын күрделеніп бара жатқан қоғамдық-саяси тұрмысының иіріміне жаппай тарта бастаған кезінде — біздің рыцарьлар ескі негіздердің — құлай бастағаны, қыйратыла бастағаны туралы көз жасын көл қылып шу көтерді. Тұрмыстың бұл жаңа калпының революциялық жағын көрмеушілік, капитализмнің қоғамдық жаңа күш туғызғанын, ол күштің ескі қанаушылық режиміне ешбір байланысы жоқ екенін, қайта оған қарсы күресуге мүмкіндігі бар екенін көрмеушілік — мүлдем сокырлық бола тұрса да, бұлар сол шулауды, сол көксеуді, жарықтық ескі дәуірді жоқтап жылап-сықтауды әлі күнге дейін қоймай отыр.

«Халық достарында», алайда қазіргі тәртіптерге ешқандай құнарлы өзгеріс енгізу ниетінің барлығы ешбір байқалмайды да. Олар қазіргі негізден аумайтын либералдық шараларға әбден қанағаттанады, ал мұндай шараларды тыңнан табу жолында Кривенко мырза өз отанының нағыз ақымақ әкімшілік бейімділігін көрсетіп жүр.

«Өзіміздің халық өнеркәсібін» «жете зерттеп, негізінен

қайта құрудың» керегі жайындағы сөзінде ол: «бұл мәселе тегінде әдейілеп тексеруді керек қылады және өндірістің халық тұрмысына қолданылатынын бірыңғай (sic!!), ал қолдануға әлдеқандай бір кедергісі барларын бірыңғай жіктеп, топтауды керек қылады» дейді.

Осындай топқа айырудың бір үлгісін біз тағы да сол Кривенко мырзаның өзінен көреміз; ол кәсіптің капиталданбайтын түрі, капиталдануды басынан өткерген түрі және «өмір сүру үшін ірі өнеркәсіппен таласа алатын» түрі бар деп жіктейді.

«Бастапқы түрінде ұсақ өндіріс еркін өмір сүре алады» —деп кесіп-пішеді бұл әкім—онда, өзінің құбылысымен ұсақ өндірушілердің бірін буржуазияға, бірін пролетариатқа айналдыратын рыноктен де тәуелсіз, еркін болғаны ма? жергілікті рыноктердің ұлғайып, ірі рынокке ұласуынан да тәуелсіз, еркін болғаны ма? техника прогресінен де тәуелсіз, еркін болғаны ма? Әлде, мүмкін техниканың бұл сыяқты прогресі — товарлы шаруашылық түсында — капиталистік түрде болмай ма екен? Соңғысындай болған ретте автор «өндірісті ірі формада құруды да» талап етеді: «Бұл жерде өндірісті де ірі формада ұйымдастырудың керек екендігі ашық нәрсе, негізгі капитал және айналмалы капитал, машина-сайман, тағы басқалар керек, немесе, бұл жағдайларды арзан кредит арқылы, артық делдалдықты жою, шаруашылықты артельге ұйымдастыру, пайданың кәсіпшілік иесіне кетушілігінен құтылудың мүмкіндігін жасау арқылы, товар өткізуді қамтамасыз ету арқылы, техникалық жаңалықтарды енгізіп және арзанырақ қозғауыш машиналар ойлап табу арқылы, немесе, ақырында, егер де басқа жағынан есесі толатын болса, жалақыны аздап кеміту арқылы теңелдіру керек» дейді.

Сөз жүзінде идеялары кең, бірақ іс жүзінде үйреншікті либерализмі мол «халық достарының» сыйпатын дәл көрсетегін сөз. Біздің философ, өздеріңіз де көріп отырсыздар, артық та емес, кем де емес, істі пайданың кәсіп иесіне кетушілігінен құтылудың мүмкіндігі мен ірі шаруашылық ұйымдастырудың мүмкіндігінен бастайды. Бек жақсы: социал-демократтардың да көздейтіні дәл осы. Ал «халық достары» бұған қалай жеткісі келеді? Бірақ кәсіп иесісіз ірі өндіріс құру үшін, ең алдымен, қоғам

шаруашылығының товарлық құрылысы жойылып, оның коммунистік, қауымдық формаға ауысуы керек қой, онда өндірісті реттеуші, осы күндегідей, рынок болмайды, өндірушілердің, жұмысшылар қоғамының өзі болады; онда өндіріс құрал-жабдықтары жеке бір адамның меншігінде болмайды, бүкіл қоғамдікі болады. *Меншіктенудің* жекелік формасының мұндай қауымдық меншіктену формасына ауыстырылуы, сірә, *алдын-ала өндірістің* өзінің *формасын* өзгертуді, ұсақ өндірушілердің бытыраңқы, бөлшектелген, әртүрлі ұсақ өндіру қызметін бір жерге жинап, *бас-аяғы бүтін бір қоғамдық* өндіру процесіне айналдыруды керек қылады, қысқасы, капитализмнен туатын заттық жағдайлардың болуын керек қылады. Бірақ «халық достары» капитализмге ешбір арка сүйегісі келмейтін көрінеді ғой. Онда қалай істемекші? Ол жері белгісіз. Товар шаруашылығын жою туралы да олар тіпті аузына алмайды: сірә, олардың шалқыған кең идеялары қоғам өндірісінің осы системасының шеңберінен асып шыға алмайтын болса керек. Одан кейін, жеке кәсіп иелерінің пайда табуын жою үшін, оларды экспроприациялау керек қой, өйткені олардың «пайда табу» себебі де өндіріс құрал-жабдықтарын нақ монополиялап алуынан ғой. Ал енді отанымыздың бұлар сияқты шонжар балақ-шұбар төстерін экспроприациялау үшін буржуазиялық режимге қарсы халықтың революциялық қозғалысы керек қой, мұндай қозғалысқа буржуазиялық режиммен ешбір байланысы жоқ жұмысшы пролетариаттың ғана қабілеті бар. Бірақ «халық достары» ешқандай күрес туралы ойлап та көрген жоқ және олар сол кәсіп иелерінің әкімшілдік орындарынан басқа түрлі қоғам қайраткерлерінің болу мүмкіншілігі және қажеттілігі туралы сезбейді де. Әрине, «кәсіп иелерінің пайдаларына» қарсы шынымен шығатын бұларда ой жоқ екені анық: Кривенко мырза аузына келгенін жай оттай салған ғой. Сондықтан ол сөзін дереу қайта түзей бастайды: «кәсіп иелерінің пайда табуын жоғалту мүмкіндігі» сияқты нәрсені «басқа бірдеменен» «еселеуге» де болады ғой, атап айтқанда кредитпен, товардың өтуін ұйымдастырумен, техниканы ондаумен дейді. Демек бәрі де аман-есен ойдағыдай болып орналасады: ардақты кәсіп иелері мырзаларға зәбір келтіретін мұндай істің орнына, атап айтқанда ол мырзалардың «пайдаға»

ие болу сыяқты хасиетті праволарын жоюдың орнына, — бұл жерде күрес құралдарының ең жақсыларын капитализмнің қолына беретін, біздің ұсақ «халық» буржуазиясын тек күшейтіп, нығайтатын, дамытатын либералдық жартұмаш шаралар алдымыздан шықты. «Халық достарының» тек осы ұсақ буржуазияның ғана мүддесін көздейтіндігіне ешкім дұдамал болмауы үшін, Кривенко мырзаның тағы бір мынадай айта қалғандай түсінік бергені бар. Бақсақ, кәсіп иелерінің пайдасын жоюдың есесін... «жалақыны азайтумен» «толтырудың» — мүмкіндігі бар көрінеді!!! Сырттан қарағанда мұның өзі нағыз сандырақ сыяқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ шыны олай емес. Мұның өзі нағыз мещандық идеяны басынан аяғына дейін іске асырғандық болып табылады. Автор ірі капитал мен ұсақ капиталдың арасында болып тұратын күресті көрсететін фактыны байқайды, бірақ өзі нағыз шын «халық досы» болғандықтан, әрине, ұсақ... *капитал* жағына шығады. Ол бұл жерде ұсақ капиталистердің күрестегі күшті құралының бірі жұмысшының жалақысын азайту екенін естіген көрінеді, мұның өзі Россиядағы өндірістің көпшілігінде жұмыс күнінің ұзартылуымен қатар дұрыс анықталған, дұрыс айтылған факт. Ұсақ... *капиталистерді* қалай да болса аман сақтап қалу үшін, егер «басқа жағынан орны толатын болса, жалақыны бірсыпыра азайтуға болады» деп ұсыныс кіргізеді! Кәсіп орындары бар мырзалар баста өздерінің «пайдалары» туралы жағымсыз әңгімелер естіген сыяқты болса да, енді ешбір қапаланбаса да болады. Менің ойлауымша, кәсіп иелеріне *қарсы* жалақыны азайтуға жоба жасап беріп отырған мұндай данышпан әкімді олар қуана-қуана финанс министрі етіп қояр еді.

Қандайлық болсын белгілі бір практикалық мәселеге кездессе-ақ болғаны, «Русское Богатство» журналының адамгершіл-либерал әкімдері нағыз барып тұрған буржуанның өзі болып шыға келетіндігіне тағы да бір мысал келтіруге болады. «Русское Богатство» журналының № 12-де «Ішкі хабарлар» деген бөлімінде монополия туралы сөз қозғалған.

«Ілгерілеген өнеркәсіптің идеалы — монополия мен синдикат» дейді автор. Мұнан кейін тағы да: «капиталдың күшті бәсекесі» болмаса да, бұл сыяқты ұйымдар бізде де

шыға бастады деп таңырқайды. «Мұнай өнеркәсібі де, кант өнеркәсібі де айрықша өсу дәрежесіне әлі мүлде жетіскен жоқ. Егер кант пен керосиннің басқа елдерге қарағанда бізде адам басына шаққанда өте аз тұтынылатынын еске алсақ, бұл заттардың бізде енді-енді ғана қолданылып келе жатқандығын көреміз. Өнеркәсіптің бұл тарауларын өркендетуге жағдай әлі өте үлкен және де толып жатқан капиталды жұтарлықтай мүмкіндігі бар сыяқты».

Бұл жердегі ескеретін бір нәрсе — практикалық мәселеге келгенде — автор «Русское Богатство» журналының бір тәуір көретін идеясын — ішкі рыноктің тарылу мәселесін ұмытып кеткен. Ол рыноктің алдында әлі де мыктап өркендейтін келешегінің барлығын, оның тарылмайтынын амалсыздан мойындайды. Ол тұтынуы көп Батыспен салыстыру аркылы осы корытындыға келіп отыр. Себебі не? Себебі — Батыстың мәдениеті жоғары. Ал бұл мәдениеттің заттык негізі не десеңіз — капиталистік техниканың дамуында, товар шаруашылығы мен айырбастын өсуінде болмағанда неде болмакшы? Олар әр жердің орта ғасырдағыдай өзімен өзі болып, окшауланып отыруын жояды, адамдардың бір-бірімен араласуларын күшейтеді. Жартылай ортағасырлық шаруалардың деревня буржуазиясы болып және пролетариат болып жіктелуі бітпей тұрған уақытта, мәселен ұлы революция алдында, Франциянын мәдениеті біздің мәдениетімізден жоғары ма еді? Егер де автор орыс тұрмысына зер салынқырап қараған болса, мәселен, капитализм өскен жердегі шаруалардың тұтынуы керегі тек жеө кәсібін істейтін жердегі шаруалардың керегінен анағұрлым артық екенін байқамай қалмас еді. Халықтың барлық тұрмысына кәсіпшілік түр беретін дәрежеге жетіп өскен біздегі майдагерлік кәсіптерін зерттеген зерттеушілердің бәрі де бірауыздан осы пікірді айтады*.

«Халық достары» бұл сыякты «ұсақ» нәрселерге тіпті көңіл қоймайды. өйткені олардың ойынша бұл «тек кана»

---

* Бұл жерде Павловск майдагерлерін сол маңдағы деревнялардын шаруаларымен салыстырған мысалға меңзесем де болады. Григорьев пен Анненскийдің шығармаларын қараңыз 56. — Мысал үшін әдейі тағы да ерекше «халық құрылысы» бар деген деревняны аламын.

мәдениеттен немесе жалпы алғанда тұрмыстың күрделенуінен деп түсінеді, оның бержағында бұл мәдениет пен күрделенудің заттық негізі туралы олар тіпті ойлағысы да келмейді. — Егер де олар ең болмаса біздің деревня шаруашылығына көз жіберсе, онда шаруаның буржуазия және пролетариат болып жіктелуінен барып ішкі рынок жасалатынын мойындауға тиіс болар еді.

Олар, сірә, рыноктің өсуі тіпті буржуазияның өскендігі болып табылмайды деп ойлайтын болса керек. Жоғарғы біз келтірген сөздің иесі, ішкі тұрмыстың хабаршысы, онан әрі былай деп жазады: «өндірістің жалпы өсуі нашар уақытта, кәсіпке ұмтылушылықтың, инициативаның жоқ уақытында, монополия біздің *отанымыздың күштерінің* өсуіне жаңадан қол байлау болады». Темекі монополиясы туралы автор: «мұның өзі *халық ішіндегі* айналмадағы ақшадан 154 миллион сом алады» деп есеп жүргізеді. Бұл жерде біздің шаруашылық тәртібіміздің негізі товар шаруашылығы екендігі, ол шаруашылықтың басқарушысы, барлық жерлердегі сияқты, бізде де буржуазия екендігі тіпті естен шығарылған. Бұл жерде автор монополияның буржуазияны тықсыруын сөз қылудың орнына, «елді» әңгіме етіп отыр, товарлық, буржуазиялық айналысты әңгіме қылудың орнына «халық» айналысы* дегенді әңгіме қылып отыр. Бұл сияқты ұғымдардың арасындағы айырмашылық қаншама үлкен болғанымен де, буржуалар мұны ешуақытта да байқай алмайды. Бұл айырмашылықтың шынында да қаншалық айқын екенін көрсету үшін, «халық достарына» беделі мол «Отечественные Записки» деген журналдан дәлел келтіремін. 1872 жылғы № 2-де «Плутократия және оның негізі» деген мақалада мына сөзді оқыймыз:

«Марлонның сыйпаттамасы бойынша, плутократияның нағыз маңызды белгісі — мемлекеттің либералдық түрін немесе, ең болмағанда, дүние жиюға ерік беру принципін сүю. Егер де біз осы айтылған белгілерді ескеріп, бұдан бір 8 — 10 жыл бұрын не болғанына ой жіберсек, онда либерализм жөнінде зор алға кеткендігімізді көреміз...

---

* «Русское Богатство» буржуазиялық деудің орнына «халықтық» деген сөзді қолдануды сүйетіндіктен бұл сөздің қолданылуын авторға кіна етіп қою өте-мөте орынды.

Қай газетті немесе журналды алып қарасаңыз да — бәрі де аз болсын, көп болсын демократиялық принципті ұстайтынға ұқсайды, бәрі де халық мүддесі үшін қыркысуда. Бірақ демократиялық пікірлермен қатар, тіпті осы демократиялық пікірлердің көлеңкесімен *(бұл есіңізде болсын)* — әдейі ме, болмаса әдейі емес пе, ол белгісіз, — екінің бірінде плутократиялық талаптар жүргізіліп жүр».

Автор мысал үшін «жеміс беретін жалғыз ғана жекеменшіктік іскерлікті барынша кеңейту негізімен Россия финансысын құрып шығарғаны үшін» финанс министріне рахмет айтып жіберген С. Петербург пен Москва купецтерінің — Россия буржуазиясының осы ардақты сословиесінің мақтау хатын келтіреді. Сонымен автор: «Біздің қоғамда плутократ элементтер мен олардың арам ниеттері шексіз бар, бар болғанда жеткілікті түрде бар нәрсе» деп қорытынды жасайды.

Баяғы заманда болған ұлы азаттық реформаның (Южаков мырзаның білуінше «халық» өндірісінің дұрыс, тыныштықпен өсу жолын ашып беруге тиіс болған, ал шынына келгенде, таза плутократияның өсу жолын ашып берген реформаның) қызуы сөнбей, ізі тотықпай тұрған уақыттағы сізден бұрынғы өткендер де Россияда жекеменшіктік іскерліктің плутократиялық, яғни буржуалық мәні барлығын жасыра алмағанын көріп отырсыздар.

Мұны сіз неге ұмыттыңыз? «Кәсіптік іскерліктің және инициатившілдіктің» өсуі арқасында «елдің күштері» артуы туралы, «халық» айналысы туралы әңгіме етіп келіп, сіз бұл өсудің антагонистік жағын қалайша ауызға алмайсыз? Бұл инициатившілдіктің, кәсіптік іскерліктің негізінде қанаушылық бар екенін неге айтпайсыз? Монополияға және басқа осы сияқты ұйымдарға қарсы сөйлеуге, әрине, болады да және керек те, өйткені бұлардың қай-қайсысы болса да еңбекшілердің халін, сөзсіз, нашарлатады, бірақ еңбекшілер бұл ортағасырлық шырмаулардан да басқа күштірек, жаңа шырмауға, буржуалық шырмауға түсіп отырғанын да ұмытпау керек қой. Монополияны жою, сөз жоқ, бүкіл «халыққа» пайда келтіреді, себебі: буржуазия шаруашылығы елдің экономикасының негізіне айналған уақытта, бұл орта ғасырлық тәртіптердің қалдықтары капиталистік апаттың үстіне жамалған онан да гөрі хасіреттірек орта ғасырлық апат болады.

Сөз жоқ, бұл орта ғасырлық қалдықты жою өте керекті нәрсе, — ал бұл қалып неғұрлым тез жойылса, неғұрлым толық жойылса, — өйткені буржуазиялық қоғамды бұрынғыдан мирас болып қалған жартылай крепостниктік шырмаулардан құтылдырып, жұмысшы табының қолын босату үшін, оның буржуазияға қарсы күресін оңайлату үшін солғұрлым жақсы болады.

Міне сонымен монополияны және басқа түрлі ортағасырлық қысымды (оның Россиядағы аты — легион) жою — жұмысшы табының буржуазия тәртібіне қарсы жүргізетін күресіне жеңілдік келтіру үшін керек деп, әрнәрсені өз атымен атап айту керек. Айтатын сөз осы. Ортағасырлық, крепостниктік мекемелерге қарсы барлық «халықтың» мүддесінің бірлігі көлеңкесінде, сол «халықтың» ішіндегі буржуазия мен пролетариаттың арасында ымыраға келтірмейтін және терең антагонизм бар екендігін ұмытып кетушілік — тек буржуалардың ғана істейтін ісі.

Бірақ, алайда, деревняға не керек деген мәселе туралы мына төмендегідей сөздерді айтып отырған «халық достарын» осымен ұялтамын деушілік өте оғаш нәрсе болар еді; мысалы Кривенко мырза былай дейді:

«Бұдан бірнеше жыл бұрын кейбір газеттер деревняға қандай кәсіп мамандары, қандай интеллигент адамдар керек болатынын қарастырғанда, деревня керегінің тізбегі өте көп, әртүрлі және барлық тұрмысты дерлік қамтыйтын болып шыққан; мысалы: докторлар, доктор әйелдер, одан соң фельдшерлер, онан кейін адвокаттар, адвокаттардан кейін оқытушылар, кітапхана ашушылар мен кітап саудасын жүргізушілер, агрономдар, ағаш өсірушілер, жалпы айтқанда ауыл шаруашылығын жүргізетін адамдар, неше түрлі мамандықтардың техниктері (бұл нағыз көлемі кең, әзір ешкімнің қолы тимеген десе болғандай тарау), кредит мекемелерін, товар складтарын құрушылар мен басқарушылар, т. т. керек болып шыққан».

Істейтін істерінің экономика саласына тура қатнасы бар осы агрономдарға, техниктерге, тоғайшыларға т. с. «интеллигенттерге» (??) тоқтап-ақ өтелік. Бұл адамдардың деревняға керектігі қандай екен! Бірақ бұлар **ҚАНДАЙ** деревняға керек? — әрине, жер иеленушілер деревнясына, «жыйнаған қоры» бар және барлық осы қолөнершіл-

лерге еңбегі үшін жалақы төлеуге шамасы бар шаруашылығы мықты мужиктердің деревнясына керек болар, ал Кривенко мырза бұл қолөнершілерді «интеллигенттер» деп атауды ұсынады. *Бұл* деревня шынында да кредитке, товар складтарына, техниктерге көптен ділгер болып отырғаны рас — мұны барлық экономикалық әдебиет көрсетіп отыр. Бірақ бұдан гөрі саны анағұрлым көп басқа да деревня бар; ол — күйзелген, жұтаған, сабақты жібіне дейін таланған, «интеллигенттердің» жалақысын төлейтін «жыйнаған қоры» түгіл, аштан өлмес үшін жейтін наны да жоқ шаруалар деревнясы, — бұл сыяқты деревняны «халық достары» естеріне көбірек алса теріс болмас еді. Ал сіздер *осы* деревняға *товар складтарын* ашып жәрдем істемекшісіздер!! Олар, жалғыз аты бар немесе тіпті аты да жоқ шаруалар, бұл складтарға несін салмақшы? Киімдерін сала ма? — олар бар киімдерін сіздердің адамгершіл-либералдық рецептеріңізді орындау үшін үйлерінде, кабак пен дүкендерінде «нағыз» товар складтарын құрған село мен каланың кулактарына 1891 жылы-ақ салып қойған болатын. Енді олардың тек жұмыс істерлік «қолдары» ғана калып отыр ғой. Бірақ мұндай товар үшін «товар складтарын» жасауды тіпті Россия чиновниктері де әзір ойлап тапқан жоқ қой...

Бұл «демократтардың» осыншалық азғандығын көрсететін дәлелдің бірі сол — олар «шаруалар» ішіндегі техникалық прогрестерге мас болып, сол «шаруалардың» жалпылай тоналып отырғанын көрмей көз жұмып жүр. Мәселен, Карышев мырза «Русское Богатствоның» № 2-де («Жобалар», § XII) шаруаның шаруашылығындағы «ілгерілегендік және оңдалғандық» туралы, Америка сұлысы, ваза-карабидай, клейдесдаль сұлысы, т. с. «жақсарған сортты тұқымды қолданудың шаруа шаруашылығында жайыла бастағанын» айтып, көңілі көншіген меңіреу либералдың түрімен әңгіме қылады. «Кейбір жерлердегі шаруалар тұқым егу үшін азын-аулақ бөлек жер бөліп шығарады; бұл жерге әбден өңдеп болған соң ең жақсы таңдамалы деген дәнді қолмен егеді». «Жақсартылған құрал-саймандар мен машиналар* арасында өте көп түр-

* Новоузен уезінде бұл жақсыландырылған құрал-сайманның бөлінуін оқушыларға ескертіп кетейін: 5 724 сайманның 7еуі, яғни

лі-түрлі «жаңалықтардың» барлығы — окучник, жеңіл плуг, молотилка, веялка, сортировка туралы айтылады. Фосфорит, жабысқақ көң, көгіршіннің көңі, тағы сол сияқты «жер өңдеуге керекті нәрселердің түрлері молая бастағаны» айтылады. «Тілшілер, деревняда фосфорит сататын земство складтары салынсын деп талап етеді» дейді де, Карышев мырза В. В. мырзаның: «Шаруа шаруашылығындағы ілгерілеу ағыны» деген шығармасынан цитата келтіре келіп, (мұны Кривенко мырза да келтіреді) барлық осы сияқты жан сүйінерлік ілгерілеуге мәз болып, қуанышы қойынына сыймай былай деді:

«Біздің қысқаша ғана жазып отырған бұл хабарларымыз бір жағынан көңілдендіреді, екінші жағынан жабырқандырады... Көңілдендіретін себебі — кедейленген, борыш басқан, бірқатары көліксіз қалған халық тыныс алмайды, еңсесі түспейді, кәсібінен аумайды, қайта жерге сенуінен танбайды, өзінің келешегі, күші, байлығы жерде, сол жерді ұқыпты күтуде деп түсінді. (Әрине, ол не дегеніңіз Фосфориттерді, сортировканы, молотилканы, клейдесдаль сұлысының тұқымын сатып алатындар, әрине, осы көлігінен айрылған мужик қой! O, sancta simplicitas!* Бірақ мұны жазып отырған институтта оқушы қыз емес, профессор, саяси экономия ғылымының докторы ғой!! Жоқ, қалай айтсаңыз да, жалғыз ғана жарықтық анайылықпен бұл арада істің мәнісін аша алмайсыз). Ол жерді осындай дұрыстап күтудің әдістерін, өңдеудің, тұқым шашудың, құрал-саймандардың, жер тыңайтқыштың, әйтеуір ерте болсын, кеш болсын, бір уақытта еңбегін жүз есе** етіп қайтаратын жер — анасын немен болса да нәрлендіру атаулының барлығының жаңа жолдарын, жа-

---

1/8 проценті ғана, 28 мың үй шаруаның ішіндегі 10 мың үй кедейлердікі; бұлар (кедейлер) шаруалардың 37 проценті. Ал саймандардың 4/5-і халықтың 1/4 бөлімі болған байлардың жеке билігінде.

* Ой, жарықтық анайылық-ай! *Ред.*

** Бұл «қынжылмайтын», «жерден кетпейтін» халыққа ондалған шаруашылық өнімді *жүз есе артық* береді деуіңіз өте дұрыс, хұрметті профессор мырза! Бірақ саяси экономия ғылымының данышпан докторы-ау, фосфорит, тағы сондайларды колына түсіру үшін «мужик» ең алдымен аштан өліп жатқан пақырлардың қатарынан сырт, *артық* ақшасы бар кісі болуы керек екенін, ал ақша — жеке адамдардың меншігіне өтіп отыратын *қоғамдық* еңбектің нәтижесі екендігін; — ал бұл шаруашылықты жақсартудан келіп

ңа тәсілдерін табудың соңында жар құлағы жастыққа тимей жүр... Бұл айтылған хабарлардың жабырқандыратын себебі — (мүмкін, сіздер: «халық досы» ең болмағанда осы жерде шаруалардың жаппай тоналып жатқанын, осымен бірге жердің бәрі әлді мужиктердің қолына жыйналып, *капиталға* айналып, *оңдалған* шаруашылыққа негіз болуға айналғанын, осы барлық молотилка, сортировка, веялка негізінде отанымыздың «кәсіпқорлық» табыстарын жасайтын басы «бос» және «арзан» жұмыс «күшін» тонап, рынокке әкеліп салатындығын айтар деп күтіп отырған боларсыздар? — күтпей-ақ қойыңыздар), алдымен... біздің өзімізді ояту керек. Мужиктердің шаруашылықтарын көтеру талаптарына біздің беретін жәрдеміміз қайсы? Біздің білетініміз әдебиет, ғылым, музейлер, складтар, комиссионерлік конторлар ғана. (Шыны осы, мырзалар: «ғылым» мен «комиссионерлік конторлар» тап осылай қатар келтірілген... «Халық достарын» социал-демократтарға қарсы күрес ашқан уақыттарында зерттемеу керек, өйткені олар бұл уақытта «ата-балаларының идеалдарының» шоқпытынан тігілген мундирлерін киіп шығады; оларды жайдағы киімдерін киіп, өмірдің күнделікті мәселелерін талқылаған кезде ғана зерттеу керек. Сонда ғана сіздер бұлар сияқты мещан идеологтардың барлық түрі-түсі мен иіс-қоңыстарына дейін қалдырмай байқайсыздар). Ал бұл сияқты заттардан мужикке лайық не бар? Әрине, жаңадан туа бастаған ойлар бар, бірақ бұлардың да өркендеуі өте нашар. Мужиктерге үлгі алу керек, бірақ біздің тәжрибелі іс-

---

шыққан «олжаны» меншіктеушілік *өзгенің* еңбегін меншіктеу екенін, — одан кейін бұл көп олжаның болуы «тыныс алмастан» «жер — анасын нәрлендіруші» шаруаның жеке басының ғана жігерлі талаптануынан деп буржуазияның тек оңбаған күйыршықтары ғана айтатын сөз екендігін сіз ескересіз бе?

қайдасыздар? Қызмет уақытының толғағы жетті ғой, келіңдер, іске кірісіңіздер, сонда.

Шын көңілмен алғыс айтады,
Орыс халқы сендерге!»

Н. Карышев („Русское Богатство", № 2, 19 бет)

Өздерінің мещандық прогресіне мас болған, «халықтың» ұсақ буржуаларының достары, мінекей, осылар!

«Шаруалардың» бәрі бір өз ара ынтымақты және бәрі бірдей деген ұғымның сорақы екендігіне, осы жоғарыда айтылып отырған прогрестердің барлығының буржуазиялық екеніне көз жету үшін, деревнямыздың экономикасын талдап тексеруді былай қоя тұрып, тіпті біздің жаңа экономикалық тарихымызда әлде қайдан көрініп тұрған фактыны — жұрттың бәрінің айтып жүрген ауыл шаруашылығындағы прогрестермен қатар «шаруалардың» орасан экспроприациялануын — байқаса да жеткілікті болар еді! Бірақ «халық достары» мұның бәріне де құлақ аспайды. Бұрынғы әлеуметтік революцияшыл орыс халықшылдарының жақсы жағынан айрылып, олардың хателіктерінің ең бір зорын — шаруалар арасындағы таптық антагонизмді түсінбеушілік хатесін бұлар айрылмастай болып мықтап ұстаған.

«70-жылдардағы халықшылдардың шаруалардың өз ішіндегі таптық антагонизм туралы ешбір түсінігі болмады — деп дәл айтады Гурвич — бұл антагонизмді олар «қанаушы»мен — кулак немесе арамтамақпен — және соған жем болған, коммунистік рух* бойына сіңген шаруалар арасындағы қатнастан әрі асырмады. Глеб Успенский, жалпы жалған үмітке тек мысқыл күлкімен ғана жауап беріп, өзінің скептик қалпымен оқшау тұрды. Шаруалар тұрмысын өте жақсы білетіндігіне және шындықтың терең сырына жеткен артистік үлкен талантына байланысты дарашылдықтың тек өсімқор мен қарыздардың арасында ғана емес, жалпы шаруалардың арасында да экономикалық қатнасқа негіз болғандығын ол көрмей қала алмады». 1882 жылы шыққан «Русская

---

* Екінші бір жерде Гурвич: «Деревня қауымы ішінде әлеуметтік қарама-қарсы таптар туды» дейді (104 бет). Мен Гурвичтің айтқанын жоғарыда айтылған фактыларға қосымша ретінде ғана келтіріп отырмын.

Мысль» журналының № 1 «Бірыңғай теңелу» деген мақаласын қараңыз (аталған шығарманың 106 беті).

Ал егер 60—70-жылдарда деревня экономикасы жөнінде мәліметтер бүгінгіден гөрі аз кезде, деревняның жіктелуі осындай өте айқын жарыққа шықпаған кезде мұндай хиялға берілушілік кешірерлік, тіпті табиғи нәрсе болса, — енді қазіргі уақытта деревняның жіктелуін көрмеу үшін көзді жорта жұму керек қой. Ерекше бір көзге түсетін нәрсе: тап осы соңғы уақытта, шаруалардың күйзелуі ең жоғарғы шегіне жетті-ау деген уақытта, шаруа шаруашылығындағы прогресс ағымы туралы сөздер тұс-тұсынан көтеріліп жатыр. Бұл туралы В. В. мырза (мұның да «халық досы» екендігіне күман жоқ) бүтінбір кітап жазып шығарды. Оның ол еңбегіндегі келтірілген мысалдарға сіз дұрыс емес деп мін таға алмайсыз. Қайта шаруалар арасында техника, агрономиялық прогресс барлығын көрсететін факт ешқандай күмануға жатпайды, сол сияқты шаруалардың жаппай экспроприациялануы да ешбір күмануға жатпайды. Міне, сонымен, «халық достары» «мужиктердің» жер-ананы нәрлендіру үшін жер өңдеудің жаңа әдістерін жан-тәнімен іздестіруіне ғана бар назарын салып, өзгерістің екінші жағын, сол «мужиктердің» жедел түрде жерлерінен айрылып жатқандарын көрмейді. Шындыққа тура қарамау үшін, ішкі рыноктің* құралуы процесі үстінде шаруалардың қолынан шығып кеткен жердің капиталға айналып жатқан процесі қасында болып отырғанын көрмеу үшін «халық достары», түйекүс сияқты, бастарын жасыра қояды. Қауымдағы шаруаларымыздың ішінде жоғарыда айтылғандай екі жаққа жарылу процесі барлығын теріске шығарамыз деп дәлелдеп көріңдерші, оларды қоғамымыздың дамуы буржуалық қоғам болуынан емес деп түсіндіріп көріңдерші! Бірақ қолдарынан келмес! Мақтау жырын жырлап, адамгершілікті жылы сөзбен көңіл жұбату — міне

---

* Өңдеудің «жаңа әдістерін» іздеу жұмысына «жан-тәнімен кірісушіліктің» себебі — уқыпты мужиктердің шаруасы бұрынғысынан ұлғаяды, оларды ескі әдістермен жүргізуге мүмкін болмайды; — шаруалар арасындағы бәсеке жаңа әдістерді іздеуге мәжбүр етеді, өйткені егіншілік барған сайын товарлы, буржуазиялық қалыпқа түседі.

олардың барлық «ғылымдарының», олардың барлық саяси «істерінің» бас-аяғы осы.

Қазіргі тәртіптердің міне осындай либералдық жартумаш жамаушылықтарын бұлар тіпті белгілі философия қатарына көтереді. Терең ойшыл пішінмен Кривенко мырза: «Зор әрекетсіздіктен кішкене болса да тиімді іс анағұрлым артық» дейді. — Әрі аталы, әрі жаңа сөз! Бұдан кейін: «ұсақ іс кішкене мақсаттың белгісі деуге тіпті болмайды» дейді тағы да. Одан кейін осындай «іс әрісінің кеңеюіне», азғантай ғана істің «жақсы және дұрыс» іске айналатындығына мысал етіп бір ханымның мектеп құру жөніндегі істеген ісін, онан соң адвокаттардың жалақорларды күрту жөніндегі шаруалар арасында істейтін істерін, айыпталғандарды қорғау үшін округтік соттардың сессияларымен ел ішіне шығу жөнінде адвокаттардың істегелі тұрған істерін, — ең ақырында, өзімізге таныс майдагерлік складтарын салуды айтады: бұл жерде істің өрісін (ұлы мақсат көлеміне дейін) кенейту дегендерінің мағнасы — складтарды «земстволың біріккен мол күшімен халықтың көп болып тұратын жерлеріне» салу болуға тиіс.

Мұның бәрі де, әрине, өте ұлы, адамгершіл, либералдық істер; «либералдық» болатын себебі — бұл істердің бәрі де шаруашылықтың буржуазиялық системасын барлық ортағасырлық қыспақтардан тазартады, сөйтіп осы системаның өзіне қарсы жұмысшылардың күресін жеңілдетеді; әрине, мұндай шаралар бұл системаға нұқсан келтірмеуі былай тұрсын, қайта оны нығайта түседі, — мұның бәрін де біз орыстың либералдық әдебиеттерінен көптен бері оқып келе жатырмыз. Егер «Русское Богатстводағы» мырзалар бұл сияқты «либералдықтың жартумаш бастамаларын» социал-демократтарға **ҚАРСЫ** және соларға үлгі есебінде қойып, сонымен бірге социал-демократтарды «ата-бабаның идеалынан» тайғандар деп айыптап, әңгімені өздері қозғамаған болса, бұл айтылғандарға қарсы шығудың керегі де болмас еді. Ал бұлай болған соң, мұндай бәсең ғана, ұқыпты ғана, *либералдық* (яғни буржуазияға қызмет ететін) істерді ұсыну, көрсету арқылы социал-демократтарға қарсы шығып айтысушылықты, ең кемі, кісі күлетін іс демеске біздің амалымыз жоқ. Ал ата-бабаға және олардың идеалда-

рына келсек, онда орыс халықшылдарының ескі теориялары қаншама хате, қаншама утопия бола тұрса да, олардың қалай дегенмен де «либерализмнің бұл сияқты жартумаш бастамаларына» СӨЗСІЗ қарсы болғандығын айтып өтуіміз керек. Соңғы сөзімді Н. К. Михайловский мырзаның «Орыс баспасында шыққан К. Маркстің кітабы туралы» деген мақаласынан алдым («Отечественные Записки», № 4, 1872 жыл), — бұл мақала (оның қазіргі жазғандарына қарағанда) қызулы, көтеріңкі рухпен қызғылықты түрде жазылған және де жас либералдарымызды жәбірлемеу керек деген ұсыныска қызу түрде қарсы шыққан еді.

Бірақ мұның өзі ертеде, өте ерте кезде болған еді, «халық достары» бұл айтылғандардың бәрін ұмытып та үлгірді, сөйтіп саяси мекемелерді материалистік көзбен карап сынамаған күнде, қазіргі уақыттағы мемлекеттердің таптық сыйпатын түсінбеген күнде, саяси радикализмнен саяси оппортунизмге жету бір-ақ қадам жер екенін олар өздерінің тактикаларымен айқын көрсетті.

Бұл оппортунизмнің бірнеше үлгісін көрсетіп өтелік:

«Мемлекет мүлкі министрлігін жер министрлігіне айналдыру ісі біздің экономикалық дамуымызға терең әсер етуі мүмкін, бірақ оның тек чиновниктердің аздап орын алмастыруы ғана болып шығуы да мүмкін» дейді Южаков мырза («Русское Богатство», № 10).

Істің тетігі, демек, соған кімді «шақырып» отырғызуда сияқты — халық достарын шақырып отырғыза ма немесе помещик пен капиталистердің мүддесін көздейтін адамдарды шақырып отырғыза ма. Ал мүдделердің өзін тіпті қозғамай-ақ қойса да болатын тәрізді.

«Экономика жағынан ең нашарларды экономика жағынан күштілерден қорғау — үкметтің іске араласудағы ең бірінші табиғи міндеті» деп, Южаков мырза баяғы сол мақаласында әңгімені соза түседі, ал оны келіп «Русское Богатствоның» № 2-де жергілікті тұрмыстың хабаршысы нақ сондай сөздермен қайталайды. Осы мейірбандық мағынасыз* сөзді оның лайықты жолдастары,

* Мұның мағынасыз сөз болу себебі: «экономика жағынан әлдінің» күштілігі, дұрысында, оның саяси үкметті өз колында ұстап тұруында. Онысыз ол экономикалық үстемдікті қолында сақтап тұра алмаған болар еді.

мещандардың батыс-европалық либерал және радикал идеологтары, қандай түсінетін болса, нақ сондай түсінетіндігіне ешбір күман қалдырмау үшін, ол жоғарғы айтылған сөзге ізінше мына сөзді әкеп қосады:

«Гладстонның ландбилліле рі [57], Бисмарктің жұмысшыларды камсыздандыруы [58], фабрика инспекциясы, біздің шаруа банкісі турасындағы идеямыз, қоныс аудару жұмысын ұйымдастыру, кулактарға қарсы қолданылатын шаралар, міне осылардың бәрі де — экономика жөнінен нашарларды қорғау мақсатымен мұндай істерге үкметтің қол сұғу принципін қолдануға талпыну болады» дейді.

Мұның жақсылығы оның бүкпесіз ашық айтылғанында. Бұл арада автор, нақ Гладстон мен Бисмарк мырзалар сияқты, қазірдегі қоғамдық қатнастарды өзгертпей қалдырғысы келетінін ашық айтып отыр, — солар сияқты қазіргі қоғамға (буржуалық қоғамға — мұның буржуалық қоғам екенін Гладстон мен Бисмарктің батыс-европалық жақтаушылары түсінбегені сияқты, бұл да түсінбейді) қарсы күресуді емес, оны жамап-жаскауды тілейді. Осы күнгі қоғамның негізінен өсіп шыққан және сондағы үстем таптардың мүдделерін қорғайтын органды, яғни мемлекетті бұлардың реформа енгізудің құралы деп тануы да осы айтылып отырған өздерінің негізгі теориялық көзқарастарына толық үйлеседі. Олар мемлекетті өте құдіретті және қандай таптан болса да тыскары тұрады деп, одан еңбекшілерге «көмек» келеді деп күтуі былай тұрсын, тіпті нағыз дұрыс әділетті тәртіптерді орнатады деп күтеді (мұны Кривенко мырзанын аузынан естіп едік қой!). Әрине, олардан, нағыз мещан идеологтарынан, осыдан басқа ешнәрсе күтуге де болмайтыны анық. Мұның өзі, шынында да, мещандарды реакцияшыл тап ететін мещандықтың негізгі және айрықша белгілерінің бірі де осы ғой, — өндіріс жағдайларының салдарынан бытырап, оқшау-жеке қалған, белгілі бір жерге және белгілі бір қанаушыға байлаулы болған ұсақ өндіруші, кей уақыттарда қанаушылық пен құлдықтың азабын пролетариаттан кем тартпаса да, сол қанаушылық пен құлдықтың таптық сыйпатын түсіне алмайды, буржуазия қоғамындағы мемлекеттің де тап-

тық мемлекет болмай қалмайтындығын түсіне алмайды*.

Ардақты «халық достары» мырзалар-ау, біздің үкметіміздің бүгінге дейін, — ал осы азаттық реформасынан бері қарай әсіресе қызу түрде, — тек буржуазияны және капитализмді ғана «қолдағаны, қорғағаны және өсіргені» қалай? Осы тап атаулының бәріне бірдей қарайды-мыс дейтін осы абсолюттік үкметтің мұндай жаманшылық ісі ішкі тұрмыста товар шаруашылығы, сауда және өнеркәсіп өскен тарихи дәуірге дәл келуі қалай? Алғашқы өзгерістер өте терең түрде жүргендіктен, үкмет алғашқы әзірде оны сезбей, оған мың түрлі кедергі жасағанына қарамастан және сол «абсолюттік» «үкмет ішкі тұрмыстың екінші түрлі жағдайларында екінші тапты» «қолдағанына», «қорғағанына», «өсіргеніне» қарамастан сіздер не себепті ішкі тұрмыстағы бұл соңғы өзгерістерді кейін келеді, үкмет саясаты бұрын жүреді деп ойлайсыздар?

Е, «халық достары» мұндай мәселелерді ойлап та көрген емес! Мұның бәрі — материализм мен диалектика, «гегельшілдік», «мистика және метафизика» ғой. Егерде үкметтен жақсылап қана сыпайыгерлікпен сұрасақ, үкмет бәрін де ойдағыдай қылып орындайды деп ойлайды олар. Ал сыпайыгерлік жағына келгенде «Русское Богатство» журналы жөнінде әділдікті айту керек: шынында, өз басын өзі билей алмау жағынан ол тіпті либералдық баспасөздердің ішінде де айрықша орын алады. Өздеріңіз төрелік беріңіздерші:

«Тұз салығын жою, жан басына салынатын алымды

---

* «Халық достары»: мемлекеттің табиғи міндеті — экономика жағынан нашарларды қорғау (олардың оңбаған алжыған кемпірлік адамгершілігі бойынша істің жайы осылай *болуы керек)* деушіліктері себепті барып тұрған зұлым реакционерлер болып шығады, ал орыстың бүкіл тарихы мен ішкі саясаты мемлекеттің міндеті — тек крепостник помещиктер мен ірі буржуазияны қорғау және *«экономика жағынан нашарлардың»* өзін-өзі қорғау жөніндегі әрекеттерінің қандайын болса да нағыз аяусыздықпен басу екендігін көрсетеді. Бұл, әрине, оның *табиғи* міндеті, өйткені крепостниктік буржуазиялық рух абсолютизм мен бюрократияның бойына сіңген нәрсе, өйткені экономика майданында буржуазия өзі патша, өзі пір болып билеп, жұмысшыларды «бетегеден биік, жусаннан аласа» етіп қыспақта ұстайды.

*

жою және өзіне тиесілі жерін сатып алу бағасын азайту» Южаков мырзаның ойынша «халық шаруашылығына үлкен жеңілдік» көрінеді. Әрине, солай! — Түз салығы жойылған орнына бір топ жаңа жанама салықтар шығып, ескілерінің мөлшері арттырылған жоқ па еді? Жан басына салынатын алымның орнына өзіне тиесілі жерін сатып алу сылтауымен бұрынғы мемлекет қолындағы шаруалардың төлейтін алымы көбейе түскен жоқ па? жерді сатып алудың атышулы төлемін кеміткеннен кейін де (төлемнің бұл кемітуі арқылы шаруаларға берілген жеңілдік мемлекеттің шаруалардан жерді сатып алғызу жұмысы арқылы тапқан таза пайдасына да жетпейді) бұл төлемдер мен жерден түсетін пайданың арасында алшақтық әлі қалып отырған жоқ па, яғни крепостниктік оброк тікелей қалып отырған жоқ па? — Ештеңе етпес! Керегі тек «бірінші қадам», «принцип» қана, ал онан арғысын... тағы да сұрап алуға болады да!

Бірақ бұл айтылғандардың бәрі тек гүлі ғана. Ал оның жемісі мынау:

«80-жылдар халық мойнындағы салмақты жеңілдетті (жоғарыда айтылған шаралар арқылы жеңілдеген ғой), сөйтіп халықты мүлдем күйзелуден сақтап қалды» дейді.

Мұның өзі де өзінің жарамсақтық, ұятсыздық жағынан кемеліне келген сөз; бұл сөзді тек жоғарыда келтірілген Михайловский мырзаның бізге пролетариатты әлі жасап алу керек деген сөзімен ғана қатар қоюға болады. Бұл жөнінде Щедриннің дәл суреттеп жазған Россиялық либералдың эволюция тарихын[59] еске түсірмей кетуге болмайды. Ең алдымен бұл либерал істі бастықтардан «мүмкін қадеріншe» реформа жасауды өтінуден бастайды; онан кейін, «ең болмаса бірдеме болса да» деп жалынуға түседі; сонан кейін жұмысын «оңбағандыққа жататын» мәңгілік айнымас позицияға түсумен аяқтайды. Миллиондаған халықтың аштығына үкмет алғашқы әзірде саудагерлік саранлықпен қарап, артынан сондайақ саудагерлік қорқақтықпен қараған еді; осы аштықтың жаңа әсерімен баспасөз бетінде үкмет халықты біржолата мүлдем бүлінушіліктен аман алып қалды деп жүрген «халық достарын» да осы айтылған мәңгілік айнымайтын позицияға түсті деп қалай айтпассыз! Шаруа-

лардың бұдан да күштірек экспроприациялануымен тағы да бірнеше жылдар өтер, үкмет жер министрлігін күрудың үстіне, тағы да бір-екі тура салықтарды жояр және оның орнына бірнеше жанама салықтарды шығарар; одан кейін аштық 40 миллион халыққа жайылар, — бұл мырзалар сонда да: міне көрдіңіз бе, ашығып жатқандар 50 миллион емес, болғаны 40 миллион-ақ адам; бұған себеп — үкмет халықтың мойнындағы салмақты жеңілдетті, сөйтіп халықты біржолата бүлінуден аман алып қалды, мұның себебі — үкмет «халық достарының» айтқанын тыңдап, жер министрлігін күрды, деп баяғысындай тағы да жаза берер!

Тағы бір мысал:

«Русское Богатство»ның № 2-де ішкі тұрмыстың хабаршысы «біздің бағымызға» (sic!) Россия «өзінің экономикалық құрылысын ынтымақшылдық* негізінде орнатуға керекті элементтерді бойына сақтаған» артта қалған ел болып отыр, дейді де, мынаны айтады: сондықтан ол «халықаралық катнастарда экономикалық ынтымақшылдықтың жүргізушісі» болып шыға алады, сөйтіп Россияның мұндай мүмкіншіліктері оның талассыз «саяси күштілігін» арттырады!!

Орыс халқын өз үйінде жаншып езгені былай тұрсын, оны батыс халықтарын езуге құрал етіп, масқара қылған жандармды, реакция біткеннің тұрақты, нағыз сенімді тірегі болған осы европалық жандармды бұлар экономика ынтымағын жүргізуші етіп қоймақшы!

Бұл тіпті шарадан асқандық! Мына түрімен «халық достары» мырзалар тіпті барлық либералдарды да белдеріне қыстырып кеткендей. Олар тек үкметтен сұрануымен ғана, оған мақтан сөз айтумен ғана тынбай, сол үкметке тіпті табынуда, бастарын сәждеге тигізуде; тіпті табынғанда құштарлығы сондай, — бұлардың үкметті

---

* Кімнің арасындағы ынтымақшылдық? Помещик пен шаруалардың арасындағы ынтымақшылдық па? шаруасы мықты мужик пен жалаңаяқтардың арасындағы ынтымақшылдық па? Фабрика иелері мен жұмысшылардың арасындағы ынтымақшылдық па? Бұл айта қалғандай «ынтымақтық принципті» түсіну үшін фабрика иелері мен жұмысшылардың арасындағы ынтымақ «жалақыны азайту» арқылы болатындығын еске түсіру керек.

сүйген мандайларын сәждеге апарып ұрған дүрсіліне етің тұршігеді.

Филистерді немістердің қалай сыйпаттағандығы естеріңізде бар ма?

Was ist der Philister?
Ein hohler Darm,
Voll Furcht und Hoffnung,
Dass Gott erbarm*.

Біздің істерімізге бұл сыйпаттау азырақ келіңкіремейді. Құдай... құдай дегенің бізде мүлде екінші орындағы нәрсе. Ал енді бастықтарға келсек — олардың орны басқа. Егер біз осы сыйпаттарда «құдай» деген сөздің орнына «бастық» деген сөзді қойсақ, онда Россиядағы адамгершіл либерал «халық достарының» идеялық жыйған-тергендерінің, адамгершілік дәрежесінің және азаматтық ерлігінің бейнесінің қандай екенін толығымен дәл көре аламыз.

Үкмет турасындағы осы сыяқты түкке тұрмайтын пікіріне «халық достары» атышулы «интеллигенция» туралы да тиісті көзқарастарын әкеліп қосады. Кривенко мырза былай деп жазады: «Әдебиет»... дегеніміз «әрбір құрылысты оның қоғамдық мағнасына карай бағалауы керек және қайрымдылыққа қарай бет алған белсенді әрекеттің әрқайсысын көтермелеуі керек. Әдебиетіміз оқытушылар, докторлар, техниктер жетіспейді, халық ауруды, халық кедейленуде (техниктердің аздығынан шығар ол!), сауатсыз дегендерді, т. т. айтып зарланумен келе жатыр, ал көк шұға жапқан столдың басында отырудан, үй арасының сауық кешіне қатнасудан және басқарушы әкімдердің үйінің тәтті етіп пісірген нандарын жеуден жалығып, айрықша жігермен қызмет істеуге бел байлаған адамдар шығып отырғанда (ойлап қараңыздаршы: бұлар ақыры көк шұғалы столдан, сауық кешінен, тәтті наннан безіп отыр-ау!), бұл адамдарды сансыз көп кедергілердің кездесуіне карамастан әдебиеттің қарсы алып, құттықтауы керек» дейді.

Бұдан екі бет кейінірек, тәжрибемен әбден ысылған

---

* — Филистер деген не? Құдайдың рахымынан әрі қорқып, әрі үміт ететін құр қуық (Гете). *Ред.*

қызметші сияқтанып, іскерсінген түрмен ол: «земство бастығы болуға, қаланың бастығы болуға, жаңа жобамен құрылған земство басқармасының председательдігіне және мүшелігіне барар-бармасын білмей» жүрген адамдарға ұрсуға кіріседі. «Азаматтың әжетін және азаматтық міндетін кең түсінетін қоғамда (тыңдаңыздар, мырзалар: бұл сөз Барановтар немесе Косичтер сияқты атышулы Россиялық помпадурлардың сөздеріне татыйды ғой!), мұндай солқылдақтар, іске мұндай қараушылықтар болуы мүмкін емес қой, өйткені, ондай қоғам, қандай реформаны болса да, егер оның тек өмірге асарлық жағы болған болса, өз тезіне салып түзеп алар еді, яғни үйлесімді жағын пайдаланып өркендетер еді; керексіз жағы іске аспай қала берер еді; ал егер реформада өмірге асарлық нәрсе мүлдем болмаса, онда ол жат дене болып қалып қояр еді» дейді.

Мұның не сөз екенін жын білсін! Қарабақырлық құны жоқ оппортунизмнің өзіне өзі риза болып мақтана шыққанына не берерсің? Әдебиеттің міндеті—қыянқы марксистердің сыртынан әркімнің үйінде айтылатын өсектерді жыйнау, халықты біржола күйзелуден сақтап қалғандығы үшін үкметке тәжім ету, көк шұғалы столда отыра беруге жалыққан адамдарды құттықтау, «жұртты» тіпті земство начальнигі сияқты орындардан да бас тартпауға үйрету... Ойпыр-ау, менің бұл оқып отырғаным не? «Неделя»[60] ма немесе «Новое Время» ма? — Жоқ, бұл — Россияның алдыңғы қатарлы демократтарының органы — «Русское Богатство»...

Ал енді осы тәрізді мырзалар да Франциядан бүкіл Европаға таралған социализм идеяларының Россияға келіп сіңуі Герцен, Чернышевскийлердің теориялары мен ғылымдарын туғызған кездегі уақыттардың дәстүрлерін сақтаушыларымыз деп таласады, «ата-бабалардың идеяларын» сөз қылған болады. Бұл тіпті барып тұрған көртенсіздік; егер «Русское Богатство»ның өзі адам күлерлік болмаса, егер осы сияқты журналдың бетінде жазылған мұндай сөздер шек-сілемізді қатырып күлдірметен болса, мұнысы тым өрескіл болып, қатты батар еді. Дұрысында сіздер бұл идеяларды қорлап жүрсіздер! Шынында, тұңғыш орыс социалистерінің, сол заманда-ғы социалистердің бұл идеялары қандай еді, ол заманды

Каутский төмендегі сөздермен өте тамаша етіп суреттейді: — «әрбір социалист — ақын, әрбір ақын — социалист болды».

— *Орыс өмірінің өзгеше қалпына, қауымдық құрылысына* сену; осыдан барып — *шаруалардың социалистік революциясының болуы мүмкіндігіне сену* — міне оларға дем берген, ондаған, жүздеген кісілерді үкметке қарсы ерлік күреске көтерген осы болды. Осы өз уақытындағы ең жақсы адамдардың зор тарихи еңбегін бағалай білмеді, олардың рухын мейлінше сыйламады деп сіздер социал-демократтарға ешқандай кіна қоя алмайсыздар. Бірақ сіздерден менің сұрайтыным: кәне, сол сенімдер енді қайда кетті? — Енді ол жоқ, жоқтығы сондай: өткен жылы В. В. мырза: қауым халықты ынтымақтасып іс істеуге тәрбиелейді, жақсылық істеу сезімінің ұйтқысы болады, т. т. дегенді айтайын дегенде, тіпті Михайловский мырзаның өзі де оған ұялып, беті шыдамай, «мұндай жақсылық ету сезімдерімен біздің қауымның байланысы бар екенін сыйпаттайтын *зерттеулер* болған емес» деп, В. В. мырзаға өкпе айтқан болатын. Шынында да мұндай зерттеулердің жоқ екені рас. Ал бірақ не қыласыз: жұрт ешбір зерттеусіз-ақ осыған сенген, сенгенде де тіпті жантәнімен сенген уақыттары болды.

Қалайша? Неге? Не себепті?..

— «әрбір социалист — ақын, ал әрбір ақын — социалист болды».

Онан соң тағы да сол Михайловский мырза — деревняның бір жағы қалың пролетариат болып, екінші жағы барлық былайғы халықты табанына салып отырған бір уыс «кулактар» болып, екі жікке жарылып келе жатқанын адал ниетті зерттеушілердің бәрі де мақұлдайды дейді. Бұл айтуы да рас: шынында да деревня екі жарылып келе жатыр. Жарылып келе жатыр емес, мүлде алдақашан екіге жарылып та болған. Осымен бірге ескі Россия шаруасының социализмі де екіге жарылып, оның орнын — бір жағын жұмысшы социализмі басты да, екінші жағы оңбаған мещан радикализміне айналып, азып кетті. Бұл өзгеріске азған деуден басқа ат табуға болмайды. Шаруалар тұрмысының ерекше қалпы барлығын, біздің дамуымыздың өзіне ғана тән бөлек жолы барлығын жақтайтын бұл доктрина — товар шаруашылығы енді экономикалық

өркендеудің негізі болып алғандығын, бұл шаруашылықтың капитализмге айналып шыққандығын бекер дей алмайтын, ал сөйтсе де, барлық өндірістік қатнастардың буржуалық түрде екендігін көргісі келмейтін, бұл қоғам құрылысында тап күресінің керек екендігін көргісі келмейтін сылдыр ғана эклектизмге айналып шықты. *Шаруаларды осы күнгі қоғамның негізіне қарсы** социалистік революцияға *көтеруге* арналған саяси программа—*осы күнгі қоғам құрылысының негіздерін қозғамастан ғана* шаруалардың күйін жамап-жасқап «жақсартуды» мақсат еткен программаға айналып шықты.

«Дұрысында, «Русское Богатствода ғы» мырзалар, социал-демократтардың «талқанын шығаруға» белін буған уақытта олардан қандай «сын» күтуге болатындығын жоғарыда айтылғандардың бәрінен көруге болатындай болды. Социал-демократтардың Россия тұрмысын түсінулерін (егер экономикалық жағына салмақты баса салып, бұрынғы «айтыстарда» олардың қолданып келген жалпылама сөздерін, бір жағынан астарлама сөздерін көбірек қолданса, цензура жөнінен буған әбден мүмкіндік болар еді) дұрыстықпен тура айтып беруге, сөйтіп оған қарсы лайықты жауап беруге, олардың бұл түсінуінен шығарылатын практикалық қорытындылардың дұрыстығына қарсы айтуға талаптанбайды да. Оның орнына бұлар абстракт схемалар жайындағы және соларға сенушілік жайындағы, әрбір елге белгілі бір кезеңді басынан кешірудің қажеттігіне сену жайындағы... және т. с. түкке керегі жоқ нәрселерді айтып, мағнасыз сылдыр сөздермен құтыла қоюды дұрыс көреді, мұндай сөздермен біз Михайловский мырзадан жеткілікті түрде танысып өткенбіз. Бұл жерде сөздің дұрыс мағнасын мүлдем бұрып жіберушілік те кездеседі, мәселен, Кривенко мырза: Маркс «бізге, өзіміз қаласақ (?!! Демек, *Маркстің айтуы бойынша* қоғамдық-экономикалық қатнастардың эволюциясы адамның санасы мен ықтиярына байла-

---

* Шынында бізде — бакунистер мен бүлікшілдерден бастап, халықшылдардан өтіп, народоволецтерге дейін алғанда — бұрынғы революцияшыл программалардың бәрінің де мәні осы болған народоволецтерде де шаруалар земство соборына социалистерді көбірек жібереді деген сенім аз болған жоқ.

ныcты болып шыққаны ма? Бұл не, — әлде шексіз надандық па, әлде өзімен өзі кеткен арсыздық па?!) және оған лайық іс істелсе капиталистік азапқа түспей өтудің, одан гөрі колайлырақ басқа бір жолмен өтудің мүмкіншілігі бар екенін айтқан (sic!!!)» дейді.

Мұндай бөспе сөзді сөйлеуге біздің рыцарь басқаның айтқанын турадан-тура жұлмалау арқылы ғана мүмкіншілік алып отыр. Кривенко мырза жұртқа белгілі «К. Маркс хатынан» («Юридический Вестник», 1888 ж., № 10) Маркстің Россия «капиталистік құрылыстың азабын шекпеуі» мүмкін деп санаған Чернышевскийді зор бағалайтынын айтқан жерінен келтіріп, Кривенко мырза тырнақшаны жауып, яғни Маркстің сөзін дәл келтіруді осымен бітірді (Маркстің сөзі: «ол (Чернышевский) соңғы тоқтам мағнасында сөйледі» деп аяқталған), өз жанынан: «Маркс мен де бұл пікірді *қуаттаймын* (курсив Кривенко мырзанікі) дейді» дегенді қосады (186 бет, № 12).

Ал шынына келгенде Маркстің айтқаны мынау: «Сонымен менің хұрметті сыншым, ең әрісі, менің «орыстың ұлы ғалымын және сыншысын» бағалауыма қарап, оның бұл мәселе жөніндегі пікірін мен жақтайды екен деп қорытынды шығаруға қаншалықты дәлелі болатын болса, менің орыс «жазушысы» мен панслависіне[61] қарсы айтысқа шығуыма қарап, ол пікірді мен теріс көреді екен деп қорытынды шығаруына да соншалықты дәлелі бар еді» («Юридический Вестник», 1888 ж., № 10, 271 бет).

Демек, Маркс бұл жерде, Россияның өзгеше жолмен өсуі жөніндегі идеяға мені қарсы деп айтуға Михайловский мырзаның хақы жоқ еді, өйткені мен бұл идеяны жақтаушыларды да жақсы бағалаймын дейді, — ал Кривенко мырза келіп өзгеше өркендеу жолын Маркс «мойындады» деп өзінше бұрмалайды. Көріне көзге бұрмалағандық. Маркстің жоғарыда келтірілген сөзінен оның мәселеге тура жауап беруден тартынғандығы айқын көрінеді: «Михайловский мырзаға бұл бір-біріне қайшы екі пікірдің қалағанын дәлел қылып алуына болар еді, яғни бұл екі пікірдің екеуінен де жалпы орыс мәселелері жөніндегі менің көзқарастарым туралы қортынды шығаруға оның дәлелі жоқ еді». Ал бұл пікірлердің екінші мағнада ұғылмасы үшін, Маркс нақ ол «хатының» өзінде-ақ

оның теориясын Россияға қалай қолдануға болады деген мәселеге турадан-тура жауап беріп кетеді. Маркстің бұл жауабы оның мәселеге тура жауап беруден, мәселенің түйінін бір өзі ғана шеше алатын орыс мәліметтерін талдаудан бас тартқандығын өте айқын көрсетеді; ол жауабында былай дейді: «Егер де Россия батыс-европалық ұлттардың үлгісімен капиталистік ұлт болуға ұмтылатын болса, — ал бұл жағынан соңғы жылдар ішінде ол өзіне бірталай зиянды істер істеп те алды, — ол ең алдымен шаруаларының едәуірін пролетариатқа айналдырмай бұл мақсатына жете алмайды».

Мұның өзі тіпті ашық айтылған сияқты: Россия капиталистік ұлт болуға ұмтыла ма, оның шаруаларының тозғындауы — капиталистік тәртіптердің, капиталистік пролетариаттың жасалу процесі бар ма, — міне мәселенің түйіні осында болды; ал Маркс «егер де» Россия капиталистік ұлт болуға ұмтылатын болса, онда ол ең алдымен шаруаларының едәуірін пролетариатқа айналдыруы қажет дейді. Басқа сөзбен айтқанда, Маркс теориясының мәнісі — белгілі елдердің шаруашылық тәртіптеріндегі эволюцияны зерттеп, соған түсінік беру болады: ал бұл теорияны Россияға «қолданудың» мәнісі — **МАТЕРИАЛИСТІК** метод пен **ТЕОРИЯЛЫҚ** саяси экономиянын жасап шығарған тәсілдерін **ПАЙДАЛАНЫП** орыс өндіріс қатнастарын және олардың эволюциясын **ЗЕРТТЕУ** болады*.

Жаңа методикалық және саяси экономикалық теорияны жасап шығару әлеуметтік ғылымның орасан прогресі, социализмнің орасан зор алға аттағандығы болып табылды, сондықтан «Капитал» шыға салысымен-ақ ізінше орыс социалистері үшін «Капитализмнің Россиядағы тағдыры» туралы мәселе негізгі бір теория мәселесі болып алды; қызу айтыстар осы мәселенің айналасында болды; өте маңызды программалық ережелер осыған байланысты шешілді. Айтуға тұратын бір тамаша нәрсе — Россияның капиталистік эволюциясы туралы мәселені

---

* Бұл қорытынды «Коммунистік манифесті», «Философия бейшаралығын» және «Капиталды» оқыған адамдарға түсініксіз емес екендігін, тек жалғыз Михайловский мырзаға ғана ерекше түсіндіру керек болып отырғанын тағы да ескертіп өтемін.

мойындаған түрде шешкен және осы шешулерін орыстың экономикалық шындығының мәліметтерімен дәлелдеген социалистер — айрықша бір тобы шыққан уақытта (бұдан 10 жыл бұрын), — бұл топ шын мәнісіне келгенде айқын және белгілі бір сын, жалпы методологиялық және теориялық негіздерге сүйеніп, тиісті мәліметтерді басқаша түсіндірген бір де-бір сын ұшырата алмады.

«Халық достары» марксистерге қарсы үлкен аттаныс жарыялай тұрып, пікірлерін нақтылы мәліметтерді талдап айыру арқылы дәлелдеуді білмейді. Олар, біздің 1-ші мақалада көргеніміздей, тек жалпы сөзбен ғана құтылғысы келеді. Бұл жерде Михайловский мырза марксистердің арасында ауыз бірлік жоқ, олар өзара келісе алмайды деп өзінің тілмарлыққа салынуын ешбір ұмытпайды. Сонымен «өзіміздің белгілі» Н. К. Михайловский, марксистердің ішіндегі «нағызы» және «нағыз емесі» туралы тапқан сөзінің өткірлігіне мәз болады. Марксистердің арасында толық ауыз бірліктің жоқ екені рас. Бірақ бұл фактыны Михайловский мырзаның түсінуі, біріншіден, дұрыс емес, екіншіден, мұның өзі орыс социал-демократтарының нашарлығын көрсетпейді, қайта оның күштілігін және өмірге үйлесімділігін көрсетеді. Істің мәні мынау: соңғы кездерде социал-демократиялық пікірлерге социалистердің түрлі жолдармен келіп жүргені әсіресе көзге түседі, сөйтіп Россия крепостниктік қалыптан өсіп шыққан буржуазиялық қоғам болып табылады, бұл қоғамның саяси формасы таптық мемлекет болып табылады, еңбекшілердің қаналуын тоқтатудың жалғыз ғана жолы пролетариаттың таптық күресінде деген негізгі және басты ережелерге сөзсіз қосылғанымен, — олар толып жатқан жеке мәселелерге келгенде дәлелдеу әдістерінде де, орыс тұрмысының түрлі құбылыстарын жете түсіндіруде де қосылмайды. Сондықтан мен, мәселен, шолып жазылған осы мақалаларда көтерілген мәселелердің өзінде де — шаруа реформасы, майдагерлік кәсіптер мен шаруа егіншілігінің экономикасы, аренда, т. с. туралы мәселелерде —барлық социал-демократтарға бірдей әлгі айтылған негізгі және жалпы ережелердің көлемінде түрліше пікір бар дегенді айтып, Михайловский мырзаны күн ілгері қуанта аламын. Шаруа реформасы Россияның дұрыс дамуына жайлы жол аша *алар еді*, — мемлекет капитализм

мүддесін қорғаушыларға сүйенбей, «халық достарына» сүйене *алар еді,* — қауым егіншілікті өңдеуші өнеркәсіппен бірлестіріп қоғамдастыра *алар еді,* мұны майдагер ірі өндіріс дәрежесіне жеткізе *алар еді,—халықтық* аренда халық шаруашылығын *қолдар еді* — дегендер сияқты «ұлы ақыйқатты» бірауыздан мақұлдаумен қанағат етіп жүрген адамдардың бірлігі орнына, бұл сияқты мүләйім, сүйкімді ауызбірліктің орнына өндіріс қатнастарының белгілі бір системасы болған Россияның *осы күнгі шын* экономикалық құрылысына түсінік іздейтін, оның шын экономикалық эволюциясына, оның саяси және тағы басқа қондырмаларына түсінік іздейтін адамдардың алауыздығы келіп шықты.

Ал егер бұл сияқты жұмыс түрліше көзқарас тұрғысынан қарап сол жалпы ережені тануға жеткізе тұрып, үлкен саяси істер жөнінен де сөзсіз ынтымақ туғызатын ережені, сондықтан ол ережені қабылдап алушылардың бәріне де өздерін **«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР»** деп есептеуіне және өздерін солай деп атауға право беріп, міндеттейтін ережені тануға жеткізе тұрып, — оның үстіне әртүрлі мағнада шешілетін толып жатқан ұсақ мәселелер жөнінде келіспеушілікке кең жол қалдыратын болса, онда мұның өзі, әрине, орыс социал-демократиясының тек күштілігін және өмірге үйлесімді екендігін ғана дәлелдейді*.

Бұл жерде осы жұмыстың жағдайларының нашарлығы сондай, тіпті онан ауыр нәрсені ойлап табу қыйын: жеке жұмыстардың бәрін тегіс біріктіріп отырған ешбір орган жоқ және болуы да мүмкін емес; осы күнгі полициялық жағдайлар тұсында жеке қатнастардың болуы өте қы-

---

* Оған себеп — бұл мәселелердің осы күнге дейін *ешқандай шешілмегендігі.* Шынында, «халық арендасы халық шаруашылығына көмектеседі» деген сөздермен, немесе: шаруалардың құрал-сайманымен помещиктердің жерлерін өңдеп беру системасын: «Шаруалар помещиктен мықтырақ болып шықты», помещик «шаруаның дербес болу жолына өзінің тәуелсіздігін құрбан етті», «шаруалар ірі өндірісті помещиктердің қолынан жұлып алды», «егіншілік мәдениетінің формасы үшін күресте халық жеңіп шығып отыр» деген сияқты сөздерді айтып суреттеуді мәселе шешу деп атауға болмайды ғой. Бұл — «өзіміздің белгілі» В. В. мырзаның «капитализмнің тағдірлерінде» жазылған либералдық көк мылжың сөздер ғой.

йын. Сондықтан социал-демократтарға ауыз біріктіруге, мәселелердің егжей-тегжейіне дейін келісіп алуға мүмкіндік болмай, бір-біріне қайшы келетіндіктері түсінікті нәрсе...

Мұның шынында да адам күлерлік екені рас емес пе? Кривенко мырзаның социал-демократтармен «айтысында» түсініксіздеу болуы мүмкін нәрсе — оның қайдағы бір «жаңа марксистерді» сөз қылуы болып отыр. Бұған қарап, кейбір оқушылар социал-демократтардың арасында екіге жарылу сияқты жік бар екен, бұрынғы социал-демократтардың ішінен «жаңа марксистер» бөлініп шыққан екен деп ойлауы мүмкін. — Ондайға ұқсас ешнәрсе жоқ. Марксизм үшін социал-демократтардың теориясы мен программасын сынап, басқа түрлі бір марксизмді жақтап ешкім, ешжерде және ешқашан әшкере шыққан жоқ. Істің мәнісі сол, — Кривенко мен Михайловский мырзалар, марксистер жайында мейманханаларда айтылып жүрген әртүрлі өсектерді көп есітіп, өздерінің куыс құрсақ либералдығын марксизм атымен бүркеп жүрген түрлі либералдарды әбден көріп, өздерінің сүйектеріне біткен тілмарлықпен, тәрбиесімен, осындай білімімен марксистерді «сынауға» кірісті. Бұл «сынның» шіп-шикі мағнасыздық және оңбаған қылық екендігі таңғаларлық нәрсе емес.

«Дәйекті болу үшін, — дейді Кривенко, — бұған» («капиталистік өнеркәсіпті дамытуға тырысу керек емес пе?» деген сұрауға) «мақұл деп жауап беру керек» және «шаруаның жерлерін көтере сатып алудан да, дүкендер мен кабактар ашудан да тартылмау керек», «думадағы толып жатқан трактир ұстаушылардың табыстарына қуанып, шаруаның астығын сатып алатын бұдан да көп алыпсатарларға бұдан да кеп жәрдем беру» керек.

Мұнысы мүлдем қызық әңгіме. Бұл сияқты «халық досына» Россиядағы еңбекшілердің қаналуы өзінің мәні жағынан тегі капиталистік қанау екенін, шаруалардың жіктелуінің буржуазиялық сыйпаты бар екендігін дәлелдейтін пәлендей-түгендей саяси экономикалық белгілер бойынша деревнядағы шаруасы мықты мужиктер мен алыпсатарлар капитализм уәкілдері қатарына қосылулары керек екендігін айтып көріңізші, — онда ол шу көтереді, мұның өзін шатасқандық деп атайды, батыс-европалық тұ-

жырымдар мен абстракт схемаларды көз жұмып қабылдау деп шу көтерді (ал мұны істегенде, «шаталғандықтың» дәлелдерінің шын мазмұнына көз жұмып, бойларын аулақ салады). Ал қыянқы марксистерден келетін «хауіп-хатерлерді» асыра көрсету керек болғанда — ардақты ғылымды да, кіршіксіз идеалды да жыйнап қоятын түрі бар; онда шаруаның астығы мен жерлерін сатып алып жүргендерді тек басқаның еңбегін пайдалануға «әуестер» деп қана қоймай, капитализмнің шын уәкілдері деп тануға болатын тәрізді.

Орыс буржуазиясы өндіріс құрал-жабдықтарын өзінің ғана қолына жыйнап алғандығы себепті қазірдің өзінде-ақ халық еңбегін барлық жерде де өз қолына ұстап тұрғаны былай тұрсын, ол үкметке де қысым жасап, оның саясатының буржуазиялық саясат болуына әрекет жасайды, мәжбүр етеді, бағыт береді деп «халық досына» дәлелдеп көріңізші, — онда ол мұлдем жынданады, біздің үкметтің шексіз зор қуаттылығы туралы, оның «халық достарына» сүйенбей, капитализмнің мүддесін жақтаушы уәкілдерге «сүйенетіндігі» әлдеқалай түсініспестен бола салған ғажайыптан және бақытсыз кездейсоқтық салдарынан туған шатасқандық деп, оның өзі капитализмді жасанды түрде орнатып жатыр деп даурыға бастайды... Сонымен, даң-дүң айқайдың ішінде думадағы трактир ұстаушылардың өзін, яғни барлық таптардан тысқарымыс деп тұрған сол үкметтің бір элементінің өзі нақ сол капитализмнің уәкілдері екенін мойындайтын болады. Алайда, мырзалар, біздің Россияда капитализмнің мүддесін қорғайтын орын жалғыз ғана «дума» болады да, ал қорғаушылар — тек соның ішіндегі «кабак ұстаушылар» ғана болғаны ма?..

Түрлі оңбаған қылықтарға келсек, біз ондайларды Михайловский мырзадан өте көп көрдік, енді ондайды Кривенко мырзадан да көріп отырмыз, мысалы, ол өзі жек көретін социал-демократизмді құртпақ болып, «кейбіреулердің (техникалық және кеңседе істейтін жақсы орындар бола тұрса да) заводтарға барып, жұмысқа кіріп жатқандығын, мұнысын капиталистік процесті күшейту идеясымен дәлелдейтінін» баяндайды. Әрине, бұл сияқты жөні келмеген нәрселерге жауап берудің де тіпті

қажеті жоқ. Бұл жеріне тек поқат қойып, жүре беру керек.

Осы беттерінмен тарта беріңдер, мырзалар, тайсалмай тарта беріңдер! Сіздерден жаңағы естігенімізге қарағанда, халықты түпкілікті азып-тозудан аман сақтап қалатын шараларды (міндері болса да) қолданған император үкметі — енді сіздердің жаманшылықтарыңыз бен надандықтарыңызды беттеріңе басудан аман сақтайтын шараларды да (бұл жолы ешбір мінсіз) қолданар. «Мәдениетті қоғамыңыз» бұрынғысындай тәтті нан мен көк шұға жапқан столдың арасында, барлық зейнімен інісін әңгімелеп, оның халін «жақсартатын» адамгершіл жобаларды жасай бермек; оның — уәкілдері — земство бастықтары немесе сол сияқты шаруалардың қалталарын бақылайтын басқа бір бақылаушы қызметін атқарғанда олар өздерінің азаматтық әжеті мен азаматтық міндеттерінің жоғарғы сапалылығын көрсетіп отырғандықтарын сіздер арқылы сүйсініп есіте жатар. Тарта беріңдер! Сіздерге тек тыйыштық қана емес, онымен қатар Буренин сияқты мырзалардың мақтауы да, макұлдауы да... қамтамасыз етілетіні анық.

Қорытындымызда біз оқушыларымыздың, тегінде, бір қатарының-ақ ойына келген бір сұрауға жауап бере кетсек, сірә, артық болмас. Бұл сияқты мырзалармен осынша ұзақ уақыт көп сөз айтысып жатуға тұрарлық па еді? Олардың айтыс деп атауға ауыздары барып отырған бұл сияқты судай аққан либералдық және цензураның қорғауындағы лас сөздері шынында жауап беруге тұрарлық па еді?

Менінше, сірә, — тұрарлық еді, әрине, тұрарлық болғанда, бұл олар үшін емес, «мәдениетті» жұрт үшін де емес, орыс социалистерінің өзі үшін бұл аттаныстан аларлық және алуға тиісті пайдалы сабағы үшін керек еді. Бұл аттаныс Россияның қоғамдық дамуындағы социализм мен демократизмнің айрылмастай болып тұтас болып қосылған кезінің (мысалы Чернышевскийдің заманындағы сияқты кездері) мәңгі қайрылмайтын болып кеткеніне нағыз айқын, нағыз сенімді дәлел болады. Осы күнге дейін орыс социалистерінің арасынан кей жерлерде орын алып, сонымен олардың теориясына да, олардың прак-

тикасына да өте-мөте зиянды зардабын тигізіп келе жатқан идеяға, — Россияда социалистер мен демократтардың идеясының арасында сана жағынан ешбір терең жатқан айырмашылық жоқ дейтін идеяға енді мұнан былай ешбір орын жоқ.

Қайта бұған керісінше: бұл идеялардың арасындағы айырмашылық түпсіз терең шыңыраудай, сондықтан мұны орыс социалистеріне алда қашан-ақ түсіну керек еді, демократтардың идеяларынан **ТОЛЫҚ, БІРЖОЛАТА ҚОЛ ҮЗБЕЙ БОЛМАЙТЫНДЫҒЫН** және **ҚОЛ ҮЗУДІҢ ӨТЕ КЕРЕКТІГІН** ұғыну қажет еді.

Шынында да осы идеяны туғызған дәуірде бұл демократтың кім болғанына, енді кім болып отырғанына көз салып қарайықшы. Осылай салыстырып шығу үшін «халық достары» бізге жеткілікті материал береді.

Бұл жөнінде Струве мырзаның немісше басылған мақалаларының бірінде (оның «Россияның капиталистік жолмен даму мәселесіне», Zur Beurtheilung der kapitalistischen Entwicklung Russlands — деген мақаласы Sozialpolitishes Centralblatt»[62], III, № 1, 1893 жылғы 2 октябрьде басылып шықты) Ник.—он мырзаның утопизміне қарсы шығуына Кривенко мырзаның ұрынуы да қызық-ақ. «Қауым мен жер үлесін» жақтаушылардың идеяларын апарып «ұлттық социализмге» (бұл, оның ойынша, «таза утопиялық жаратылыс») жатқызады-мыс деп, Кривенко мырза Струвеге қатты ашуланады. Социализмді жақтайды-мыс деп тағылып отырған бұл сұмдық айып ардақты авторды мүлде күйдіріп, жарып жібере жаздайды:

«Қауым мен жер үлесін жақтаушы (Герцен, Чернышевскийден және халықшылдардан басқа) неғып басқа ешкім шықпады, — деп ол күйіп-піседі. — Олай десең шаруалардың шаруашылық жағынан дербес өз алдына болуы мен қауымды негізге алып, шаруа реформасының ережесін жасаушылар қайда, бұл бастамаларды қостап сөз айтып жүрген тарихымыздың және осы күнгі тұрмыстың зерттеушілері қайда, осы сыяқты түгелінен дерлік бұл бастамаларды қостап келген біздің байсалды және әдепті деген баспасөздеріміз қайда, — шынымен-ақ осының бәрі де «ұлт социализмі» деп аталған адасқандықтың құрбаны болғаны ма?»

Сабыр етіңіз, ардақты «халық досы» мырза! Сізге тағылған социализмді жақтайды деген жан түршігерлік айыптан сіздің қорққаныңыз соншалықты, — тіпті Струве мырзаның «кіп-кішкене мақаласын» дұрыс көңіл қойып оқуға тым болмаса аздап болса да еңбек сіңірмепсіз. «Қауым мен жер үлесін» жақтап жүргендерді социализмді жақтайды деп айыптаушылық, шынында да, қандай зор қыянат болған болар еді! Кешіре көріңіз, мұның қай жері социалистік еді! Неге десеңіз социализм дегеніміз— еңбекшілерді қанаушылыққа қарсы жүргізген наразылық пен күрес қой, сол қанаушылықты мүлдем жоюға бағытталған күрес қой, ал енді «жер үлесін» жақтаушылық — шаруаның бұрынғы өз қолында болған жерлерінің барлығын шаруалардың сатып алуын жақтағандық болады. Егер сатып алуды жақтамай-ақ, реформадан бұрын шаруалардың өз қолында болған жерінің барлығы да шаруаларға тегін қалдырылсын дегенде де социалистік ешнәрсе жоқ, өйткені, біздің Россиядағы сыяқты* Батыстың барлық жерлерінде де шаруалардың осы (феодал дәуірінің өн бойында жасалып шыққан) жер меншігі,— буржуазиялық қоғамның негізі болды. «Қауымды жақтаушылықта», яғни жер үлесінің әдеттегі тәртіптеріне полицияның қол сұғуына қарсылық жасауда қаншалықты социалистік бар, өйткені еңбекшіні қанаушылық сол қауым ішінде туып, сонымен біте қайнап, өсіп өне беретінін кім де болса біледі ғой? Демек, бұдан «социализм» деген сөзді созғылай беруге мүмкін емес екені көрінеді ғой: әйтпесе, Победоносцев[63] мырзаны да социалистердің қатарына қосуға тура келеді де!

Струве мырза оншалықты жантүршігерлік қыянат істеп отырған жоқ. Ол *халықшылдардың* «ұлттық социализмнің утопиялығын» айтады, ал оның халықшыл деп отырғаны кім, — Плехановтың «Біздің таласымыз» деген еңбегін оның халықшылдармен айтысу деп тануынан-ақ көрініп отыр. Плехановтың «байсалды және әдепті» деген орыс баспасөзіне ешбір түк қатысы жоқ адамдармен, социалистермен айтысқаны сөзсіз. Сондықтан да халықшылдарға айтылған сөздерді, өзіне айтылған деп санауға Кривенко мырзаның ешбір правосы жоқ еді. Егер өзінің

* Бұған шаруалардың ыдырауы дәлел.

ұстаған бағыты туралы Струве мырзаның пікірін алда жұлда білгісі келсе -- онда Струве мырзаның мақаласына көңіл қойып, көз салмағанына, оның мына бір жерін *«Русское Богатство» журналына* басуға неге *аударып бермегеніне* менің таңым бар.

«Капиталистік даму ілгері басқан сайын, — дейді автор, — осы жаңа ғана айтылған дүние танушылықтың (халықшылдықтың) табан тірейтін жері құрый беретін болуға тиісті. Ол көптен-ақ белгілері айқын көрінген не ымыраға шамасы келетін және ымырашылдарды* іздейтін, барынша солғын реформашыл бағытқа айналып, азбақшы (wird herabsinken), не ол даму шындығын бол-май қоймайтын іс деп танып, осыдан келіп қажет болып шығатын теориялық және практикалық қорытындыларды істеуі керек, — басқа сөзбен айтқанда, утопияшыл болудан тыйылуы керек».

Егер мұндай тек ымыраласуға ғана шамасы келетін бағыттың белгілері бізде қай жерде барын Кривенко мырза анғара алмайтын болса, онда мен оған «Русское Богатствоны» бір қарап шығуға, сол журналдың Россияның капиталистік жолмен** дамуын мойындаушылық туралы халықшылдық ғылымның қалған-күткенін құрастыруға тырысып әуре-сарсаң болып жүрген теориялық көзқарасына, қазіргі капиталистік тәртіптердің негізінде ұсақ өндірушілердің шаруашылығын қалпына келтіріп, жақсартуды көздеген саяси программасына көз салуға кеңес берер едім.

Мұның өзі жалпы алғанда соңғы кездегі біздің қоғамдық тұрмысымыздағы өте-мөте бір ерекше, көрнекті уа-

---

* Ziemlich blasse kompromissfähige und kompromjsssüchtige Reformrichtung—мұны орыс тілімен айтқанда: мәдениетшіл оппортунизм деуге де болып қалатын сыяқты.

** Кривенко мырзаның Струве мырзамен ұрыспақ болған талабы оның тек бишаралығын ғана байқатады. Мұның өзі — істің мәніне қарсы ешнәрсе айта алмаған баланың әлсіздігі сыяқты, баланың бұртаңдағаны сыяқты бір нәрсе. Мәселен, Струве мырза Ник.—он мырзаны «утопист» деп атайды. Бұл жерінде ол неліктен оны олай деп атайтынын айқын көрсетеді: 1) өйткені «Россияның даму шындығымен» ол санаспайды; 2) өйткені «мемлекетке» және «қоғамға» назарын аударғанда ол біздің мемлекетіміздің таптық сыйпатын ұғынбай аударады. Бұған қарсы Кривенко мырза не айтпақ? Біздің дамуымыздың шын капиталистік даму екенін ол бекерге шығара

қыйғанын бірі, — халықшылдықтың азып мещандық оппортунизмге айналуы болды.

Егер біз «Русское Богатствоның» программасының мазмұнын алып қарасақ, — қоныс ауыстыру мен жерді арендаға алу мәселелерін реттеу дегендерін, арзан кредит беру, музей, склад, техниканы жақсарту, артельдер мен қоғамдасып жер жырту дегендерін алып қарасақ, — мұның бәрінің де «байсалды және әдепті» деген баспасөз жүзінде, демек, крепостниктік баспасөзге немесе рептилиге [64] қосылмайтын барлық либералдық баспасөз жүзінде орасан кең өріс алып жазылып жүргенін көреміз. Осы айтылған шаралардың барлығының да керектігі, пайдалылығы, зәрулігі, «зиянсыздығы» туралы идеялар барлық интеллигенция арасында тамырын терең жайып, ерекше өріс алып отыр: мұны сіз, провинциялық листоктар мен газеттерде де, земство зерттеулерінде де, жыйнақтарында да, сыйпаттаған жазуларында да, т. т. және т. с. көп кездестіресіз. Сөз жоқ, егер *осыны* халықшылдық деп танысақ, — онда мұның ешкім таласпайтын зор табыс болғаны.

Бірақ мұның өзі мүлде (бұрынғы дағдылы мағнасында-

ала ма? оны басқа бір даму деп айта ала ма? — біздің мемлекет тапсыз мемлекет деп айта ала ма? Жоқ, бұл сұрауларға ол сырт орай беріп жүре беруді және адам күлерлік, әлдекалай-бір өз қиялымен жасап шығарған «үлгісімен» ұрысқансуды мақұл көреді. Тағы бір мысал. Тап күресін түсінбеуінен басқа, Ник.—он мырзаның теориясының «таза экономикалық фактылар» жайындағы ірі хателерін де айтып, Струве мырза оған кіна қояды. Ол, оның бержағында Ник.—он мырзаның бізде егіншілікті кәсіп етпейтін халықтың көп еместігін айта келіп, «Россияның капиталистік жолмен дамуы нақ осы 80 процент (Россияның ауыл шаруашылық халқы) пен 44 процент (Американың ауыл шаруашылық халқы) арасындағы айырмашылықты теңестіретінін, оның барлық тарихи міндеті де осыған келіп тірелетіндігін байқамағандығын да» көрсете кетеді. Кривенко мырза: біріншіден, біздің (?) міндетіміз шаруаларды жерсіздендіру деген сөзді айтып, бұл жерін бұрмалап әкетеді, шынында бұл жерде тек капитализмнің ауыл шаруашылығындағы халықты азайтуға қарай алған бағыты ғана әңгіме болып отыр; екіншіден, істің мәні жағынан (ауыл шаруашылығындағы халықты азайтуға қарай бағыт алмаған капитализмнің болуы мүмкін бе деген сұрауға) ештеме айтпастан, әріп кемірушілер, т. с. туралы бос сөздерді оттай бастайды. II қосымшаны қараңыз (осы томның 332 бет. *Ред).*

ғы) халықшылдық емес қой, ал бұл табыс та және мұның орасан зор өріс алуы да — халықшылдықтың өңін айналдыру арқылы, біздегі либералдыққа өте қатты оппозиция болған социал-революцияшыл халықшылдықтың мәдениетшіл оппортунизмге айналуы арқылы, ұсақ буржуазияның ғана мүддесін жақтайтын осы либерализммен қосылу арқылы ғана болып отыр.

Осы айтылғандарға көзді жеткізу үшін шаруалар мен майдагерлердің ыдырауы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерге көз салу керек — ал бұл мәліметтердің көрсететіні тіпті ондай-мұндай жалғыз-жарым немесе жаңа фактылар емес, біздің деревняда бар екенін дүшпандар да бекер дей алмайтын «жалмауыздар» мен «батрактардың» «мектебін» саясат-экономия тілімен жай ғана көрсетудің әрекеті болып шығады. «Халықшылдық» шаралардың тек ұсақ буржуазияны ғана күшейтерліктей-ақ шамасы барлығы түсінікті; немесе ол шаралар (артельдер, жерді қоғамдасып жырту) «мектептің» өзіне тіпті аз да болса шалғысы тимейтін себепті либералшыл буржуазияның бүкіл Европаға жайып, бәпелеп жүрген болмашы ғана жартумаш әрекеттер, дәрменсіз эксперименттер болып табылады. Осы себептер бойынша мұндай прогрестерге тіпті Ермолов мырза мен Витте[65] мырзалар сықылдылар да қарсы болмай отыр. Қайта мүлдем керісінше. Қайта солай істеңізші, мырзалар, дейді! Олар сіздерге «тәжрибелер» істеуге тіпті ақша да береді, — тек «интеллигенцияның» бетін революциялық жұмыстан (антагонизмді атап көрсетуден, оны пролетариатқа ұғындырудан, бұл антагонизмді тура саяси күрес жолына аударуға тырысудан) аулақ ұстап, антагонизмді осылайша жамап-жасқап бүтіндеу, бітістіру мен біріктіру жағына қарай аударсаңдар ғана болғаны. Солай істеңізші!

Халықшылдықты осы сыяқты азушылыққа жеткізген процесс жайына біраз тоқталып өтелік. Өзінің жарыққа шыға бастаған кезінде, өзінің бастапқы түрінде бұл теорияның белгілібір жеткілікті тұлғасы бар еді — халық тұрмысының ерекше уклады бар деген ұғым тұрғысынан қарап, бұл теория «қауымдық» шаруаның коммунистік жан сезімі барлығына сеніп, міне сондықтан шаруаларды социализм үшін нағыз күресшісі деп таныған еді — бірақ оның, бір жағынан, орыс тұрмысының фактыларымен дә-

лелденген теориялық талдау жұмыстары аз болды, ал екінші жағынан, шаруаның сол жорамалдаған сапаларына негізделіп жүргізілген саяси программаны қолдануда тәжрибелері аз болды.

Теорияның дамуы да нақ осы теориялық және практикалық екі бағытпен кетті. Теория жұмысы көбіне коммунизм бастамасы барлығын көргісі келген жер *пайдалану* формаларын зерттеуге бағытталған еді; ал бұл жұмыстың өзі алуан түрлі, өте мол фактылық материалдар берді. Бірақ бұл материал көбіне, жер *пайдаланудың* формасы жайында болғандықтан деревняның *экономикасының* үстіне үйіліп, оны зерттеушілерге мүлдем көрсетпей қойды. Мұның бұлай болуы өте-мөте табиғи нәрсе, себебі, біріншіден, зерттеушілердің қолында қоғамдық ғылымдағы метод туралы берік теория, өндіріс қатнастарын бөліп алып, оларды ерекше зерттеудің қажеттігін ашып беретін теория болмады; ал екіншіден, — жыйналған фактылық материалдар шаруаның таяу арада болғалы тұрған мұқтаждықтарын, шаруа шаруашылығын күйзелтетін ең таяу арада ұшырағалы тұрған ауыртпалықтарын тура және тікелей көрсетіп берді. Сондықтан зерттеушілердің барлық назары осы ауыртпалықтарды, шаруалардың жері аздығын, алғырт-салғырттарының көптігін, правосыздықтарын, езілгендіктерін, қыспаққа түсіп отырғандарын зерттеуге аударылған еді. Осының бәрінің де өте мол материалдармен егжей-тегжейіне дейін жете суреттелуі, зерттелуі, түсіндірілуі соншалықты, — егер біздің мемлекет әрине тапсыз мемлекет болған болса, егер оның саясатына бағыт беретін нәрсе билеуші таптардың мүддесі емес, «халық мұңын» әділ талқыға салуды көздеу болса, онда ол мемлекеттің бұл ауыртпалықтарды жоюдың керектігіне мың сан рет көзі жетуге тиісті болар еді. Қоғам мен мемлекетті «дұрыс жолға салудың» мүмкіндігіне сеніп жүрген аңқау зерттеушілер өздері жыйнаған фактыларының алуан-алуан ұсақ-түйектеріне өздері мүлде белшесінен батып, бір ғана мәселеден — деревняның саяси-шаруашылық құрылысынан, осы колма-қол болып отырған ауыртпалықтардан шын мәнісінде езіліп отырған шаруашылықтың негізгі түрінен көз жазып қалды. Бұдан шыққан нәтиже, әрине, өзінен өзі түсінікті болды: жер аздығынан, тағы басқа жағынан қыспакка түскен

шаруашылықты қорғау дегеннің өзі қауым *ішіндегі* қазіргі қоғамдық-экономикалық қатнастардың, елдегі шаруашылықтың қазіргі системасының жағдайында сол шаруашылықты уысынан шығармай отырған таптың, тек бір ғана өзі тұрақтай алатын және дамый алатын таптың мүддесін қорғау болып шықты.

Қанаушылықты жоюға негіз және тірек боларлықтай тәртіпті зерттеуге бағытталған теория жұмысының аяғы келіп, ұсақ буржуазияның мүддесін, яғни сол қанаушылық тәртіптерінің дәл өзі сүйеніп отырған таптың мүддесін жақтайтын программаның жасалып шығуына әкеліп соқты!

Нақ осымен бірге практикалық революциялық жұмыс та мүлде ойламаған бағытта бет алып өріс ала бастады. Мужиктің коммунистік жан сезіміне сенушілік, әрине, социалистерден саясатты қоя тұрып, «халыққа баруды» талап етті. Бұл программаны жүзеге асыру ісін толып жатқан өте жігерлі және өте талантты қызметкерлер қолына алды, мужиктердің коммунистік жан сезіміне нанушылықтың аңғалдық екендігіне бұлардың іс жүзінде көздері жетті. Енді келіп істің өзі мужикте емес, үкметте екен деп шешті, — сондықтан барлық жұмыс үкметпен күресуге жұмсалды, бұл күресті жүргізуші жалғыз интеллигенттердің өздері мен кейде оларды жақтап шыққан бірен-саран *жұмысшылар* болды. Бұл күрес басында социализм үшін жүргізілді, жүргізілгенде халық социализм үшін дайын тұр, сондықтан тек өкметті қолға алудың өзімен-ақ саяси революция ғана емес, әлеуметтік революцияның өзін де жасауға болады деген теорияға сүйеніп жүргізілді. Соңғы кезде бұл теория, тегі, бәрінен де күдер үзген болуы керек, сонымен народоволяшылардың үкметке қарсы күресі радикалдардың саяси бостандық үшін жүргізетін күресіне айналып келеді.

Ал, бір жағынан, демек, бұл жұмыс бастапқы бағытына бүтіндей қарама-қарсы нәтижеге алып келді; екінші жағынан тек радикалдық буржуазия демократиясының ғана мүдделерін көксейтін программа болып шықты. Дұрысын айтқанда, бұл процесс әзір аяқтала қойған жоқ, бірақ, сірә қазірдің өзінде-ақ толық анықталған сияқты. Халықшылдықтың мұндай дамуы әбден табиғи және сөзсіз нәрсе, өйткені олардың доктриналарының негізі —

шаруа шаруашылығының ерекше (қауымдық) уклады бар деген шіп-шикі ертегілік ұғым болған: ал ол ертегісі шындыққа келіп араласа бастағанда-ақ быж-тыж болып кетті де, шаруа социализмінен келіп ұсақ-буржуазиялық шаруалардың радикал-демократиялық уәкілдігі шықты.

Демократтың эволюциясына мысалдар келтірейік:

«Нағыз адам болудың орнына тек жақсы сезімнің бұлдыр саңлауы кернеген, шын мәнінде жанқиярлық та, тіршілікке керекті тыянақты бір нәрсе істеу де қолынан келмейтін бүкілроссиялық бейшара болып қалмаудың қамын ойлау керек» дейді Кривенко мырза. Моралі тамаша, енді оның неге әкеліп соғатынын қарап көрелік. «Бұл соңғы айтылғандар жөнінде — дейді тағы да Кривенко мырза — мен мынадай бір көңілді ренжітетін фактыны білемін»: Россияның оңтүстігінде «бауырластарын шын жақсы көрген, оларға жақсылық ету ниетімен рухтанған» жастар болды, «олар мужикке барынша көңіл бөліп хұрмет көрсетіп жүрді; мужикті төрге отырғызып, онымен бірге бір табақтан ас ішті; вареньемен, печеньемен сыйлады; мужиктен алғандарының бәріне де басқадан гөрі қымбаттырақ төледі; қарызға деп, «шайға» деп, кейде тіпті босқа да ақша беріп жүрді — европалық құрылыс туралы және жұмысшылардың ұйымдары туралы әңгімелер айтты. Сол жерде тағы да бір Шмидт деген жас неміс тұрушы еді: оның өзі басқарушы ма немесе дұрысында, жай бақша бағушы ма еді, әйтеуір ешбір адамгершілік идеясы жоқ, нағыз ой өрісі тар, барып тұрған ресми немістің өзі еді (sic??!!)» т. т. Міне сонымен, сол жерде осылайша 3—4 жыл бойы тұрыпты да, олар тарап кетіпті-мыс. Осыдан кейін тағы бір 20 жыл шамасында автор сол жаққа барады, онда жүріп «Шмидт мырза» (пайдалы қызметі үшін ол бақша бағушы Шмидт деген аттан Шмидт мырза деген атқа көшкен) шаруаларды жүзім өсірушілікке үйретті дегенді, мұның өзі шаруаларға жылына 75—100 сомдық «бірсыпыра табыс»кіргізіп отыр дегенді, сондықтан ол жөнінде жұрттың есінде «қайырымды адам» деген ұғым калғанын, ал «мужикке тек жақсы ниет қана білдіріп, бірақ оған тиімді маңызы бар ешнәрсе (!) істемеген мырзалар жөнінде жұрттың есінде тұк ештеме қалмағанын» есітеді.

Егер есептеп қарасақ, бұл айтылып өткен уақыйғалар 1869—1870 жылдарға тура келеді, яғни шамамен алғанда «европалық құрылыстың» ең ілгері және ең ірі өзгешелігін — Интернационалды[66] — орыс социалист-халықшылдарының Россияға аудармақ болған мезгіліне дәл тура келеді.

Кривенко мырзаның бұл әңгімесі өте жайсыз әсер ететіндігі айқын, сондықтан ол дереу түсінік беруге асығады.

«Мен, әрине, Шмидт бұл мырзалардан артық деп айтып отырғаным жоқ, — деп түсіндіреді ол, — тек оның басқа барлық кемшіліктеріне қарамастан, сол жерде және сол жердегі халық арасында тыянақты із қалдырып кеткендігі ненің арқасында болғанын ғана айтамын. (Артық дегенім емес, тек тыянақты із қалдырды деймін, — бұл не деген мылжың?!) Сондай-ақ оны бір өте маңызды іс істеді деп те айтып отырғаным жоқ, қайта оның істегенін ең кішкене жол-жөнекей және ешбір шығынсыз істей салынған істің, бірақ тұрмыска сөзсіз керек істің үлгісі ретінде келтіріп айтып отырмын».

Байқап отырған боларсыздар, бұл сөзінің мағнасы өте екіұшты, бірақ істің мәні оның екіұшты мағналылығында емес, тегінде, істің мәні автордың бір істің нәтижесіз болуын екінші істің нәтижелі болуына қарама-қарсы қоя келіп, бұл екі түрлі істің беталысындағы түпкі айырмашылықты, сірә, сезбей қалуында болып отыр. Істің бар мәні осы күнгі демократтардың бет-әлпетін белгілеп алу үшін бұл әңгіменің соншалықты ерекше әңгіме болып шығуында болып отыр.

Бұл жастар мужикке «европалық құрылыс пен жұмысшылар ассоциациясы» туралы айтқанда, сірә, сол мужикті қоғам тұрмысының формасын қайта құруға көтергілері келген болуы керек қой (мүмкін, бұл жерде менің бұл қорытындым хате де болар, әйтсе де оның заңдылығын кім де болса қостайды деп ойлаймын, өйткені мұның өзі жоғарыда келтірілген Кривенко мырзаның әңгімесінен шығады), әртүрлі либералдық прогрестерге мәз болып жаппай думан құрумен қатар, — еңбекшілердің соншалықты өрескіл қаналуын және оның езілуін туғызып отырған осы күнгі қоғамға қарсы әлеуметтік революция жасауға мужикті көтермек болған болуы керек қой. Ал

«Шмидт мырза», нағыз ұқыпты қожайынның бірі болғандықтан, басқа қожайындарға да өздерінің шаруашылықтарын реттеп, жөнге салып алу үшін тек көмектескісі келді — онан басқа істеген дәнеңесі де жоқ. Енді осы сыяқты бір-біріне мүлде қарама-қарсы болған екі түрлі жұмысты қалайша теңеп, салыстыруға болады? Мұның өзі, расында, бір салынып жатқан құрылысты қыйратқысы келген адамның әрекет-қыймылының пайдасыз іс екендігімен, сол салынып жатқан құрылысты оңдап, іске асырғысы келген адамның әрекет-қыймылының пайдалылығын салыстырғанымен бірдей ғой. Аз да болса мағнасы бар салыстыруды қолдану үшін, халыққа барып, шаруаларды революцияға аттандырмақшы болған жастардың әрекеттері неліктен сәтсіздікке ұшырады, — оның себебі осы «шаруаларды» нағыз еңбекші және қаналушы халықтың адамдары деп хате түсінгендігінен емес пе, өйткені іс жүзінде барлық шаруалар өз алдына дербес тап (мұның өзі бос қыял, оның болуына себеп — крепостниктік правоның құлаған дәуірінің қайырма ықпалы ғана болуға мүмкін; ол кезде шаруалар шынында да тап болып жарыққа шықты, бірақ крепостниктік қоғам табы болып қана шықты) болып отырған жоқ, өйткені оның өз ішінде буржуазия мен пролетариат таптары калыптасып отырды, — бір сөзбен айтқанда, бұрынғы социалистік теориялар мен социал-демократтардың оларға берген сындарын талдап айырып алу керек еді. Ал Кривенко мырза мұның орнына, «Шмидт мырза» ісінің «түрмыска сөзсіз керек» екендігін дәлелдемек болып, терісіне сыймай ашуланады. Сабыр етінізші, ардақты «халық досы» мырза, өзі ашық тұрған есікке сіз несіне күш салассыз... оған кімнің күманы бар дейсіз? Жүзім бақшасын өсіріп, онан 75—100 сомдай тапқанда онан артық маңызды жұмыс шынында табылар ма? *

Автор, сонымен, егер жүзім бақшасын өсіруші қожайын біреу-ақ болса, — онда мұның өзі бытыранды іс болады,

---

*-Европалық ұйымдар туралы мужикке әңгіме айтып жүрген жастарға осы «түрмыска керекті» жұмысты ұсынып байқасаңыз еді! Олар сізді қалай қарсы алар еді, сізге қандай тамаша тойтарыс берер еді. Сіз осы күні материализм мен диалектикадан қалай қорқатын болсаңыз олардың идеяларынан да сондай қорқар едіңіз!

ал егер қожайындар бірнеше болса, — онда оның өзі кішкене істі нағыз іске, дұрыс іске айналдыратын жалпыға жайылған, кең өріс алған іс болады, *мәселен,* А. Н. Энгельгардттың[67] фосфоритті өзі қолданып қана қоймай, басқаларға да фосфорит өндірісін енгізгені *сыяқты* іс болады деп түсіндіруге кіріседі.

Бұл демократтың қандайлық тамаша екені рас емес пе!

Мұның шаруа реформасы жайындағы сөздерінен тағы бір мысал алайық. Бұл реформаға жоғарыда айтылған демократизм мен социализмнің бөлінбей тұрған дәуірінің демократы Чернышевский қалай қарады? Пікірін ашық айтуға мүмкіндігі болмағандықтан *ол үндей алмады,* бірақ жасалғалы жатқан реформаны ол жұмбақтап былай сыйпаттады:

«Айталық, сізге тамақ істелетін азық-түлік қорының сақталуы үшін шара қолдануға, мен тілектес екемін. Егер мен мұны сізді тәуір көргендіктен істеген болсам, онда менің сізге құштарлығым азық-түлікті сіздікі деп ойлағаннан және онан істелген тамақ сізге шипалы және пайдалы деген ұғымнан болады, бұл өзінен өзі анық. Ал енді өзіңіз ойлап қараңыз, егер осы азықтың мүлде сіздікі емес екенін және онан істелген әрбір тамаққа сізден ақша алынатындығын, о л т а м а қ т ы ң т ө л е г е н а қ ш а ғ а т ұ р м а й т ы н д ы ғ ы б ы л а й т ұ р с ы н (мұның өзі реформадан *бұрын* жазылған. Ал Южаков сыяқты мырзалар *қазір* реформаның негізгі принципі шараларды қанағаттандыру деп сендіргісі келеді!!), *т і п т і с о л а қ ш а н ы с і з д і ң а с а б і р қ ы й ы н ш ы л ы қ т ы к ө р м е й т ө л е у г е д е е ш б і р м ү м к і н д і г і ң і з ж о ғ ы н б і л с е м — сондағы ой-сезімім қандай болар еді. Мұндай шектен тыс ғажаптың үстінен шыққанда менің басыма қандай ойлар келіп кетпекші?.. Пайдалы болуын қамтамасыз ететін жағдай туғызылмаған істің соңына түсіп, мен қандай ақмақ болып шыққан болар едім! Меншіктің белгілібір адамдардың қолында сақталуы туралы, ол меншіктің тап сол адамдардың қолына түсуіне және тиімді ретпен түсуіне күні бұрын көзі жете алмай тұрып, ақылақтан басқа қандай адам ізденбекші?.. Егер менің сүйген кісіме з ы я н н а н б а с қ а е ш т е м е к е л т і р м е й т і н б о л с а, ол азық-түліктің онан да құрығаны жақсы ғой! С і з д і к ү й з е л т у д е н б а с қ а е ш-*

нәрсе келтірмейтін істердің бәрі де құрығаны жақсы»!

Чернышевский өз кезіндегі шындықты, шаруалардың алғырт-салғыртының не екенін, орыстың қоғамдық таптарының антагонистіктігін терең және өте тамаша жақсы түсінгендігін көрсететін жерлерін мен астын сызып көрсеттім. Осы сияқты таза революцияшыл идеяны цензура бақылауындағы баспасөзде оның қыйсынын тауып жаза білгендігін атап көрсетудің де маңызы бар. Күпыя шығармаларында да ол жұмбақтамай-ақ тағы да соны жазды. «Кіріспе сөзге арналған кіріспе сөзінде» Волгин (оның аузына Чернышевский өзінің пікірін салған) былай дейді:

*«Шаруаларды азат ету жұмысы помещиктер партиясының қолына беріліп-ақ қойсын. Мұның айырмашылығы шамалы»,** дейді де пікір алысып отырған кісінің оған карсы — мұның айырмашылығы тіпті өте зор ғой, өйткені помещик партиясы шаруаларға жер бөліп беруге қарсы ғой деген сөзіне, ол үзілді-кесілді былай жауап береді:

«Жоқ, айырмасы өте зор емес, тіпті болар-болмас қана. Егер шаруалар жерді сатып алмаса, онда айырмасы зор болған болар еді. Біреудің бір нәрсесін алу мен сол нәрсені ол адамның өзіне тастауда айырмашылық бар, бірақ ол нәрсе үшін онан ақша алынса — бәрібір. Помещиктер партиясының жоспарының прогресшілдер партиясының жоспарынан айырмашылығы — жалғыз-ақ оның оңайлығында, қысқалығында. Сондықтан ол тіпті жақсырақ та. Сүйретпелігі неғұрлым азырақ болса, бәлкім солғұрлым шаруаларға да бейнеті кемірек болатын шығар. Шаруалардың қайсысында ақша болса, сол жерді сатып алады. Ақшасы жоқ екен, онда сатып алуға міндеттендірудің де түкке керегі жоқ. Бұл оларды тек күйзеліске ұшыратады. Жер төлемін төлеу деген — бәрібір сатып алу деген сөз».

Шаруа реформасының нақ жүріп жаткан дәуірінің

---

* Плехановтың «Социал-Демократтағы»68 «Н. Г. Чернышевский» деген мақаласынан алдым.

өзінде-ақ (Батыстың өзінде де мұның өзі толық айқындалып жетпеген кезінде) оның негізгі буржуазиялық мәнін осынша айқын түсіну үшін, — сол кездің өзінде-ақ орыс «қоғамы» мен «мемлекетінде» еңбекшілердің қас жауы болған және шаруалардың күйзелуі мен тоналуына күнілгері себеп болған қоғамдық таптардың патшалық құрғанын және олардың билеп-төстеп отырғанын түсіну үшін, шынында да Чернышевскийдің дәл осындай данышпандығы керек болды. Оның үстіне, біздегі антагонистік қоғам қатнастарын қымтап отырған үкметтің болуы зор бәленің бірі екенін, оның еңбекшілер халін өте-мөте төмендетіп жіберетіндігін Чернышевский түсінген еді.

«*Егер шынын айтсақ,* — дейді тағы да Волгин, — *тіпті қайта жерсіз-ақ азат болғаны жақсы*». (Яғни егер біздегі крепостник-помещиктер сондай күшті болса, олар осы крепостниктік мүдделерді алдампаз екіжүзді абсолюттік үкметтің ымыраға келуімен бүркеп жасырғанша, ашықтан ашық-ақ, тура аяғына дейін қалдырмай айтып шықсын деген сөз).

«*Мәселенің қойылысына қарағанда шаруа азат етіле ме, жоқ па деген мәселе жөнінде қызуланарлық себеп маған көрінбейді, азат етуші кім болады, помещиктер ме, әлде либералдар ма дегенге қызуланудың керегі тіпті онан да аз. Меніңше бәрібір. Помещиктер азат етсе, қайта тіпті сол жақсы*».

«Адрессіз хаттар» дегеннен былай деп келтіреді: «*Шаруаларды азат ету керек деп соғады... Ондай іске жарайтын күштер қайда? Күштер әзір жоқ. Белгілі бір іске жарайтын күш болмаса оған кірісуге болмайды. Не болайын деп отырғаның байқайсыз ба: азат ете бастайды. Мұнан не шықпақ — оны өзіңіз ойлап көріңіз, қолдан келмес іске жабысқаннан не шықпақ. Онан тек жұмыс бүлінеді — оңбағандық шығады*».

Шаруаларды азат ету, яғни крепостниктерді құлату ісі орыстың крепостниктік-бюрократтық мемлекетінің қолынан келмейтінін, оның қолынан тек «оңбағандық» істеу ғана келетінін, либералдар мен помещиктердің мүдделері арасында ымыра жасалушылық қана, (жерге төлем беру сатып алумен бірдей ғой) шаруаларды жарылқайтындықтың және оларға берілетін бостандықтың құр сағымымен ғана алдап қойып, оларды, іс жүзінде күйзеліске ұшы-

рататын және помещиктерге басыбайлы адамдар етіп беретін ымыра жасаушылық қана келетінін Чернышевский жақсы білген. Ол сонымен реформаға қарсылық көрсетті, реформаны қарғап-сілеп, оның іске аспай қалуына тілектес болды, помещиктер мен либералдардың таразысын тендестіру жұмысына үкметтің шатасуын тіледі және оның күйреп, Россияның тап күресінің ашық жолына түсуін көкседі.

Ал біздің осы күнгі «демократтар» *енді* — Чернышевскийдің данышпандықпен болжағанының фактыға айналған кезінде, 30 жылдық тарих экономикалық және саяси толып жатқан бос хиялдардың бәрін аяусыз бекерге шығарған кездің өзінде,—реформаны дәріптеуді қоймайды, оны «халық» өндірісіне берілген еркіндік деп тапқысы келеді, онан еңбекшілерге қас қоғамдық таптарға *соқпай өтетін* бір жолдың бар екеніне дәлел тапқылары келіп әуреленеді. Біздің демократтардың шаруа реформасына көзқарасы — олардың әбден буржуаланғандығының нағыз айқын дәлелі екенін тағы да айтып өтемін. Бұл мырзалар ешнәрсеге үйреніп, ешқандай сабақ алмаған, ал олардың ұмытып қалғандары өте сансыз көп.

Мұны салыстырып өту үшін 1872 жылғы «Отечественные Записки» аламын. «Ұлы азаттық» реформадан кейінгі алғашқы он жылдың ішінде либерализм (плутократия мүдделерін бүркеп келген либерализм) жағынан орыс қоғамының қолы жеткен табыстарын айтатын «Плутократия және оның негіздері» деген мақаладан мен жоғарыда бір рет үзінді келтіріп те едім.

Егер бұрын да реформаға қынжылып, ескіні көксеп жүргендер жиі-жиі кездесетін болса, — деп жазады сол мақаласында да баяғы автор, — енді ондайлар жоқ. «Жаңа тәртіптер жұрттың бәріне де ұнады, жұрттың бәрі де оған көнілді, жайбаракат қарайды» дейді де, онан соң автор: әдебиеттің «өзі де плутократияның органы болып келе жатқанын», сөйтіп «демократизмнің тонын жамылып» плутократияның мүддесін жүргізіп, аранын ашып отырғанын көрсетеді. Бұл сөздерге көңіл қойып қараңызшы. Реформа жасаған жаңа тәртіптерге «жұрттың» «бәрінің» рыйза болуына, бұл жаңа тәртіптердің көрініп тұрған антагонистік, буржуазиялық хасиеттеріне қарамастан жұрттың «бәрінің» («қоғамның» және «интелли-

генцияның» өкілдері, әрине, еңбекшілердің өкілдері емес) көңілді болуына және жайбарақат қарауына автор разы емес: либерализм «мүлік табу бостандығын» ғана, ол мүлікті, әрине, еңбекшілердің есесінен және еңбекшілерді зиянға ұшыратып табудың бостандығын ғана қорғайтынын жұрт байқамайды. Сондықтан ол қарсылық көрсетеді. Оның сөздерінің ішіндегі ең бағалысы да социалистке тән нақ осы қарсылығы болады. Байқап қараңыз, демократизм тонын жамылған плутократизмге қарсы бұл қарсылық журналдың жалпы теориясына қайшы келіп отыр: өйткені олар шаруа реформасында қандай да болса бір буржуалық момент, элемент және мүдделер барлығын мойындамайды ғой, олар орыс интеллигенциясы мен орыс мемлекетінің таптық сыйпатын мойындамайды, Россияда капитализмнің болуына негіз болатын жағдайдың барлығын мойындамайды — ал солай бола тұрса да капитализм мен буржуалықты байқамасқа, сезбеске олардың амалдары болмай отыр. Ал «Отечественные Записки» орыс қоғамындағы антагонистікті сезгендігі себепті буржуазияшыл либерализм мен демократизмге қарсы күресті, — сондықтан оның істеген істері біздің алғашқы социалистердің бәріне бірдей ортақ іс болды; бұл социалистер бұл антагонистікті түсіне алмаса да, бірақ оның бар екенін сезіп, антагонистікті туғызған қоғам құрылысының өзіне қарсы күресу ниетінде болды; — сондықтан да ол кезде «Отечественные Записки» де прогресшіл болып еді (әрине, пролетариат тұрғысынан қарағанда). «Халық достары» бұл антагонистікті ұмытып кетті, біздің жарықтық Русь елінде де «демократизм тонын жамылып» жасырынып жүрген нағыз буржуаны мүлде сезуден қалды, ал сондықтан олар енді реакцияшыл (пролетариат жөнінде) болып кетті, өйткені олар антагонизмді бүркейді, олардың сөз қылып жүргені күрес емес, ымыраластыратын мәдениеттік әрекет қана болып отыр.

Алайда, мырзалар-ау, Россиялық жылтыр мандай либерал, 60-жылдардағы плутократияның демократиялық өкілі, мандайына азамат қайғысының әжімі түскендіктен ғана 90-жылдары буржуазияның идеологі болудан қала қойғаны ма?

Үстіміздегі қоғамдық-экономикалық қатнастар өзгерілмей тұрғанда зор мөлшерде «мүлік табу бостандығы»,

зор кредит алу, ірі капиталды болу, ірі техникалық жақсартулар енгізу бостандығы ұсақ кредит алу, ұсақ капиталды болу, ұсақ техникалық жақсартулар енгізу бостандығымен ауыстырылғанынан либералдық болудан, яғни буржуазиялық болудан неғып қала қояр екен?

Қайталап айтамын, олар көзқарастардағы радикалдық өзгерістердің немесе біздегі тәртіптердің радикалдық өзгерістерінің ықпалы арқасында басқа бір пікірге келіп отырған жоқ. Жоқ, олар мүлде ұмытып қалған.

Теорияларының барынша дерексіздігіне қарамастан, шындықты танудағы тым аңғал-утопиялық көзқарастарына қарамастан, кезінде өздерінен алдыңғыларды прогрессшіл еткен осы жалғыз белгісінен айрылып қалған «халық достары» осы уақыттың ұзын бойына ешнәрсе үйрене алмады. Ал енді, тіпті орыс өміріндегі шындықты саяси-экономиялық жөнінен талдауды былай қойғанда да, осы 30 жыл ішіндегі Россияның саяси тарихының бір өзі-ақ оларды көп нәрсеге үйретуге тиісті еді.

Ол кезде, «60-жылдардың» кезінде крепостниктердің күштері қалжырап еді: рас, олар біржолата жеңілген жоқ еді, бірақ мықты жеңіліске ұшырап еді, сөйтіп сахнадан таюға тиіс болып еді. Либералдар, керісінше, бастарын көтерді. Прогресс, ғылым, жақсылық туралы, әділетсіздікке қарсы күресу туралы, халық мүдделері, халық намысы, халық күші туралы, т. т. және т. б. туралы либералдық сылдыр сөздер ағылды — қазірдің өзінде де біздің радикалшыл уайымшылдардың ерекше бір жабырқаған шақтарында өздерінің қонақ үйлерінде, либералшыл судырлардың өздерінің мерекелі қонақ асыларында өздерінің журналдары мен газеттердің бетінде жүректерін айнытатын кәдіуілгі судай ағызатын сылдыр сөздері шықты. Либералдардың күшті болып шыққандығы сонша-лықты, олар «жаңа тәртіптерді», әрине, бәрін түгел болмаса да, өздерінше әдеуір өзгертіп қайта жасады. Ол кезде Русь елінде «ашықтан-ашық тап күресінің айқын сәулесі» болмап еді, бірақ дегенмен қазіргіден гөрі айқынырақ еді, сондықтан еңбекші тап идеологтарының бұл тап күресі туралы тұк хабары жоқ дегендерінің өзі де, осы күнгі оңбаған халдің себебін *түсіндіруден* гөрі, ке-

лешек жақсылықты арман етуді артық көргендер де, тіпті осылардың өзі де либерализмді бетке ұстап оның қабатында плутократия тұрғанын, бұл жаңа тәртіптердің буржуалық тәртіп екенін көрмей тұра алмады. Күн тәртібінде тұрған бұдан гөрі де маңызы басымырақ мәселелерге бұлардың көңілін аударманған, жаңа тәртіптерді таза күйінде (біркелкі) көруге кедергі болмаған крепостниктердің нақ сахнадан таюы осы қалыпты айқын көруге мүмкіндік берді. Бірақ ол кездегі біздің демократтарымыз плутократтық либерализмді сөге білу қолынан келгенімен, алайда мұны ұғына білмеді және ғылым жолымен түсіндіре алмады, біздің қоғамдық шаруашылығымыз капиталистік жолмен ұйымдастырылып отырғанда оның қажет екендігін де ұғына білмеді, бұрынғы крепостниктік укладқа қарағанда, тұрмыстың осы жаңа укладының прогрестік екенін ұға білмеді, бұл жаңа уклад туғызып отырған пролетариаттың революциялық ролін ұға білмеді—сөйтіп олар «бостандық» пен «адамгершіліктің» осы тәртіптеріне «оскыра» қараумен тынды, буржуалықты әлдеқалай кездейсоқ бола қалған нәрсе деп санады, «халық құрылысында» тағы бір басқа әлдеқандай қоғамдық қатнастар табылады деп күтумен болды.

Ал енді, тарих оларға осы басқа түрдегі қоғамдық қатнастарды көрсетті. Крепостниктердің мүдделері сонша-лықты сорақы түрде бұлдірілген реформадан әлі тірі қалған крепостниктер қайтадан жанданып (бірер сағат), осы басқа деп жүрген біздің қоғамдық қатнастардың, буржуалықтан басқа қатнастардың, қандай болғанын айқын-ақ көрсетті, көрсеткенде жүгенсіз, ақылға сыймайтын мағнасыз және айуандық реакция түрінде көрсетті, бұдан демократтарымыз да қорқып кетті, тұралап қалды, буржуазиялықты сезе білген, бірақ оны ұғына білмеген өздерінің аңғал демократизмін қайтадан қарап жаңарта отырып, оны социал-демократизмге айналдырып алға басудың орнына, — либералдарға қарай кейін шегініп кетті, ал қазір олар өздерінің уйымшылдығын... яғни, менің айтайын дегенім, өздерінің теориялары мен программаларына «байсалды және әдепті деген барлық баспасөздің» қосылып отырғандығын мақтан етуде. Былай қарағанда, алған сабақ өте есте қаларлық сыяқты: халық тұрмысы-

ның ерекше уклады туралы, халықтың социалистік сәуегей сезімі туралы, капитализм мен буржуазияның кездейсоқтығы туралы бұрынғы социалистердің бос қиялы өзін өте-мөте айқын көрсеткен сияқты, демек, енді шындыққа тура қарап, Россияда буржуазиялық және тозығы жеткен крепостниктен басқа ешбір қоғамдық-экономикалық қатнастар болмағанын және жоқ екенін, сондықтан жұмысшы қозғалысы арқылы болмаса, социализмге апаратын басқа жолдың болуы мүмкін емес екенін ашықтан-ашық мойындауға болатын сияқты еді. Бірақ бұл демократтар ешнәрсе үйрене алмаған, сөйтіп мещандық социализмнің аңғал бос қиялдары мещандық прогрестің іс жүзіндегі іскерсінгендігіне орын беріп отыр.

Енді, олар еңбекшілер мүдделерін көксеуші болып көрінгісі келіп жүргенде, мещан идеологтарының бұл теориялары тура реакцияшыл теория болып отыр. Олар «жоғары көтеру», «жақсарту» және басқа жұрттың бәріне ортақ шараларды қолдану арқылы іске көмектесуге болады-мыс, ымыраластыруға және біріктіруге болады-мыс деген сөздерді айтып, орыстың осы күнгі қоғамдық-экономикалық қатнастарындағы антагонизмді бүркеп жүр. Олар — реакцияшылдар, өйткені біздің мемлекетімізді тап атаулыдан тыс тұрған қайдағы бір мемлекет, сондықтан оның қаналушы халыққа елеулі және адал көмек беретін күші де, қабілеті де бар деп суреттейді.

Ақырында, олардың реакцияшылдығы сол — олар күрестің қажеттігін, еңбекшілер өздеріне бостандық алулары үшін жанталаса күресу қажеттігін мүлде түсінбейді. «Халық достарының» ойына қарағанда, мәселен олардың қолынан, тегі, бәрі де келеді, олар бәрін де өздері істеп шыға алатын сияқты. Жұмысшылар жайбарақат жата берсе де болады. Әне, көрмейсіз бе, «Русское Богатство-ның» редакциясына техник те келіп жетті, енді олар «халық тұрмысына капитализмді енгізуге» керекті «жасандылардың» бірін жасап шығаруға сәл ғана қалған сияқты. Социалистер мещандық идеялар мен теориялардың бәрінен де **ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ЖӘНЕ БІРЖОЛАТА** қол үзуі тиіс — бұл аттаныстан алынуға тиісті **ЕҢ БАСТЫ ПАЙДАЛЫ САБАҚ МІНЕ ОСЫ.**

Күн ілгері ескеруіңізді сұраймын, мен бұл жерде «халық достарынан» және олардың идеяларынан қол үзуді

айтып отырған жоқпын, өйткені ешуақытта ешқандай байланыс болмаған нәрседен байланысты үзу деген мүмкін емес қой, мен мещандық идеялардан қол үзуді айтып отырмын. «Халық достары» дегеніміз тек осындай түрдегі мещандық-социалистік идеялардың бағыттарының біріндегі өкілдердің бірі болады. Ал егер мен осы жағдайға байланысты мещандық-социалистік идеялардан, *жалпы алғанда* бұрынғы орыс шаруалары социализмнің идеяларынан, қол үзу керек деген қорытынды жасасам, онда оның себебі мынау: марксизмнің өсуінен қорққан ескі идея уәкілдерінің марксистерге қарсы осы аттанысы оларды мещандық идеяларды ерекше толық және ерекше айқын суреттеуге итермеледі. Бұл идеяларды осы заманның социализмімен, орыс өмір шындығының осы замандағы мәліметтерімен салыстырып қарағанда, біз бұл идеялардың әбден тынысы тарылып біткен идея екенін, дәрменсіз эклектизмнің дәрежесіне жетіп, нағыз барып тұрған қарапайым мәдениетшіл-оппортунистік программаға дейін төмендеп басы-аяғы бүтін тұтас теориялық негіздің бәрінен де мүлде жұрдай болғанын айқын көреміз. Мұның өзі — социализм атаулының бұрынғы идеяларының айыбы емес, ал тек қазіргі мына мырзалардың ғана айыбы ғой, бұларды социалистердің қатарына қосып отырған ешкім де жоқ қой деп айтушылар болар; бірақ бұл сыяқты қарсы пікір айтудың меніңше ешбір дәлелі жоқ сыяқты. Мен барлық жерде ескі теориялардың осындай болып азушылығы қажеттілігін көрсетуге тырыстым, барлық жерде мүмкін болғанынша әсіресе бұл мырзаларды сынауға орынды аз беріп, ал жалпы алғанда бұрынғы орыс социализмінің жалпы және негізгі қағыйдаларына мүмкіні болғанынша орынды көбірек беруге тырыстым. Ал егер социалистер мені бұл қағыйдаларды теріс баяндаған немесе дәл емес я болмаса айтылмаған сөздер қалдырған деп табатын болса, онда мен оларға: рахым етіңіз, мырзалар, олай болса өздеріңіз баяндаңыз, жетпеген жерін дұрыс жеткізіп беріңіз деп тәжім еткен өтініш сөзіммен ғана жауап қайырар едім!

Рас қой, социалистермен айтысудың мүмкін болғандығына социал-демократтардан артық ешкім қуаныш ете алмас еді.

Мұндай мырзалардың «айтысына» жауап беріп жату

бізге сондайлық жағымды еді, олар тарапынан тікелей жабысу, қадалу және қатты соқтығысу болмаса, бізді өз аяғымыздан барып осындай істер еді деп, сіздер неғып ойлайсыздар?

Мещандық моральмен қосылған қазналық-либералдық осындай жиреніште лепірген сөздерді оқу үшін, оны қайта-қайта оқып, әбден қанып түсіну үшін біз өзімізді өзіміз күштеп, зорламайды деп, сіздер неғып ойлайсыздар?

Бірақ мұндай идеяларды негіздеу мен баяндауға енді тек осылар сияқты мырзалар ғана кірісіп жүргеніне біз жазықты емеспіз ғой. Тағы да күн ілгері ескерулеріңізді сұраймын, мен *социализм* жайындағы мещандық идеялардан аулақ болудың қажеттігін айтып отырмын. Жоғарыда талдап қаралған ұсақ буржуазиялық теориялар социалистік теория ретінде **ШЫҒЫП ОТЫРҒАНДЫҚТАН СӨЗСІЗ** реакцияшыл теория болып табылады.

Бірақ егер біз, шынында да, мұнда социалистік түк нәрсе жоқ екендігін, яғни бұл теориялардың бәрі еңбекшілердің қаналуын ашып бере алмайтындығы сөзсіз екенін, ал сондықтан еңбекшілердің бостандық алуы үшін ол теориялардың қызмет етерлік шамасы жоқ екенін, шынына келгенде бұл теориялардың бәрі ұсақ буржуазияның мүдделерін көздеп, соны жүргізетіндігін түсінетін болсақ, — онда біз оған екінші түрде қарауға тиістіміз, алдымызға: *ұсақ буржуазия мен оның программасына жұмысшы табы қалай қарауы керек?* деген мәселені қоюға тиістіміз. Ал бұл таптың екі жақтылық сыйпатын (ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның арасындағы антагонизмнің оншалықты дамып жетіспеуі себепті, біздің Россияда бұл екі жақтылық өте күшті болып отыр) еске алмай тұрып, бұл мәселеге жауап беруге болмайды. Бұл тап жалпы демократиялық талаптарды көтеріп отырғанда, яғни ортағасырлық заман мен крепостниктіктің қалдықтары атаулының барлығына да қарсы күресіп отырғанда прогрессшіл тап болып шығады; ал ұсақ буржуазия болғандықтан өзінің ұсақбуржуазиялық қалпын сақтап қалу үшін елдің жалпы дамуын тоқтатуға, оны кейін қарай шегеріп, буржуазиялық бағытында дамытуға тырысып, сол үшін күрес жүргізгенде ол реакцияшыл тап болып шығады. Мәселен, үлес жердің қайта алынбайтын болуы туралы атышулы әңгімелер, тағы басқа осылар сияқты толып

жатқан шаруаларға камқорлық ниетіндегі іске аспайтын қыял өрісіндегі реакцияшыл талаптар әдетте еңбекшілерді қорғау деген игі тілекті сылтаулардың қабатында болады; ал шынына келгенде бұлар, әрине, олардың тек тұрмыс халдерін нашарлатады, сонымен бірге олардың өздеріне бостандық алу үшін жүргізетін күресін қыйындатады. Ұсақбуржуазиялық программаның осы екі жағын бір-бірінен жете айыра білу керек және, бұл теориялардың ешқандай социалистік сыйпатының жоқтығын көрсете отырып, олардың реакцияшыл жақтарына қарсы күресе отырып, олардың демократиялық жақтарын да ұмытып кетуге болмайды. Марксистердің мещандық теорияларды түгелдей бекерге шығаруы олардың программасындағы демократизмді мүлдем шығарып тастағандық емес екендігі былай тұрсын, қайта ол демократизмді бұрынғыдан да гөрі барынша күшейтуге күш салуды керек ететіндігін, мен мысал келтіріп түсіндірейін. Жоғарыда, мещандық социализм өкілдерінің өз теорияларында әрқашан да құрал етіп ұстаған негізгі үш қағыйдасы: жер тапшылығы, алғырт-салғырттың ауырлығы, әкімшілік қысымдар көрсетілді.

Бұл бәлелерді жою жөніндегі талапта социалистік ешнәрсе жоқ, өйткені олар экспроприация мен қанаудың мәнін ешбір жөнді түсіндірмейді және оларды жою капиталдың еңбекті езушілігіне зәрредей кедергі бола алмайды. Бірақ бұлардың жоғалуы ол езушілікті күшейтіп отырған орта ғасырлық ескі-құсқы бұтақтардан арылтады, жұмысшының капиталға қарсы тура күрес жүргізуіне жеңілдік келтіреді, сондықтан бұларды демократиялық талап деп тауып, жұмысшылар барлық жігерін салып қостайды. Алғырт-салғырт пен салық дегеніміз жалпы айтқанда, тек ұсақ буржуа ғана ерекше маңыз беретін мәселе, ал біздегі шаруалардан алынатын салғырттар дегеніміз көп реттерде крепостниктіктің қарапайым қалдықтары ғана болып шығады: осындайға қосылатын, мәселен, сатып алу төлемі, бұлар тезінен сәзсіз жойылуға тиіс; осындайға қосылатын, мәселен, шаруалар мен мещандарға ғана түсетін, бірақ «игі жақсылар» босатылатын салықтар. Экономикалық және саясаттық тоқырап қалушылықты туғызатын бұл сыяқты ортағасырлық қатнастардың қалдықтарын құрту жөніндегі талапты соци-

ал-демократтар әрқашан да қостайды. Жер тапшылығы жөнінде де осыны айтуға болады. Бұл жайындағы зарлаудың буржуазиялық мәнін сыйпаттауға мен жоғарыда көбірек тоқтадым. Алайда, мәселен, шаруа реформасының жер кесіп алу арқылы помещиктердің пайдасына шаруаларды турадан-тура талан-таражға түсіргендігі, сөйтіп осы айтылған реакцияшыл күшке тікелей де (шаруа жерінен кесіп алумен), жанамалай да (үлес жердің шекараларын шебер белгілеумен) қызмет еткендігі сөзсіз. Ал сондықтан шаруалардан алынған жерді өздеріне дереу қайтарып беруді, крепостниктік мекемелер мен дәстүрлердің тірегі — помещиктік жер иеленушілікті толығымен экспроприациялауды социал-демократтар бар жігерін салып талап етеді. Жерді мемлекет меншігіне айналдырумен теңбе-тең келетін осы соңғы пунктта социалистік ешнәрсе жоқ, өйткені бұл жағдайда қазір біздің құрылып келе жатқан фермерлік қатнастар бұрынғыдан да тезірек және көріктірек болып гүлденер еді, сонымен бұл пункт игі жақсы помещиктерді біржолата күйрете алатын бірден-бір ғана шара болғандықтан әсіресе демократиялық мағнасы жағынан өте-мөте маңызды. Ақырында, шаруалардың қанау мен экспроприацияға түсуінің себебі шаруалардың правосыздығы деген сөздер, әрине, тек Южаковтар мен В. В. мырзалардан ғана шығуы мүмкін; бірақ әкімдердің шаруаларды езуі күмансыз екендігі былай тұрсын, кайта ол тіпті қарапайым ғана езу емес, шаруаларды «оңбаған сілімтіктер» деп көріне көзге мазақтау болды, өйткені олардың игі жақсы помещиктер қарамағында болуы сүйегіне сіңген нәрсе, сондықтан оларға жалпы азаматтық правосын пайдаланудың өзі де ерекше бір мейірімділік еткендік (мәселен, қоныс аударушылық*) деп қарады, оларды, жұмыс үйіне қамап қой-

---

* Бұл жерде Ермолов мырзаның, қазіргі жер министрінің, «Күрғақшылық және халыққа келген ауыртпалық» деген кітабында коныс аударушылыққа карсы шығып, крепостниктің тап-таза россиялық арсыздығын көрсеткендігін ескермеске болмайды. Европалық Россияда помещиктер әлі басы бос жұмыс қолын керек етіп отырғанында, мұндай шараларды мемлекеттік тұрғыдан қарағанда пайдалы деп санауға болмайды-мыс. — Шынында, шаруалар жатып ішер помещиктер мен олардың «жоғары дәрежелі» күйыршықтарын өз еңбектерімен асырау үшін жаралмаса, не үшін жаралыпты?

ған адамдардай, кез келген помпадур билеп-төстеп басқаратын болды. Сондықтан социал-демократтар шаруалардың азаматтық правосын толық орнату, дворяндарға берілген артықшылықтың қандайын болса да толық жою, шаруалардың сыртынан бюрократтық қамқорлық жасауды жою, жергілікті басқару жұмысын олардың өз қолдарына беру талабына сөзсіз қосылады.

Жалпы алғанда, орыс коммунистеріне, марксизм жолын ұстаушыларға басқалардан гөрі өте-мөте басымырақ, өзін **СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР** деп атаған және өздерінің істерінде **ДЕМОКРАТИЗМНІҢ*** аса зор маңыздылығын ешқашан ұмытпау керек.

Россияда ортағасырлық, жартылай крепостниктік мекемелердің қалдықтары әлде де шексіз күшті (Батыс Европаға қарағанда), бұлардың өзі пролетариаттың да және жалпы алғанда халықтың да мойнына түскен бұғау болып, барлық сословиелер мен таптардың саяси ой-пікірлерінің өсуіне кедергі болып отыр, — сондықтан крепостниктік мекеме атаулылардың бәріне, абсолютизмге, сословиелікке, бюрократияға қарсы күрестің жұмысшылар үшін аса зор маңызы бар екендігін жақтамасқа болмайды. Бұл мекемелердің қандайлық хатерлі реакциялық күш екендігін, капиталдың еңбекті езуін бұл мекемелердің қалай күшейтіп отырғандығын, еңбекшілерді табанының астына салып, қандай жаныштап отырғандығын, еңбекті қанау жөнінде жаңа индустрияға беріспейтін ортағасырлық түрінде капиталдың дамуын баяулатып отырғанын, бұл қанаудың үстіне азаттық үшін күреске қандай қыйыншылық келтіріп отырғанын жұмысшыларға мейлінше толық көрсетіп беру керек. Реакцияның бұл тіректерін** құлатпай тұрып, буржуазияға қарсы ойда-

---

* Мұның өзі өте маңызды пункт. Плехановтың: «біздің революционерлеріміздің жауы екеу: бірі әлі жойылып болмаған ескі соқыр сенімдер, ал екіншісі — жаңа программаны тар көлемде түсінушілік» дегені өте дұрыс, III қосымшаны қараңыз. (Осы томның 353 беті. *Ред).*

** Революционерлердің назарынан шетірек қалып келген реакциялық мекемелердің әсіресе бір көрнектісі Россиялық мемлекетті de facto (факт, іс жүзінде. *Ред)* басқарып отырған отандық *бюрократиясы* болып табылады. Көбінесе, әр тектілердің арасынан шыққан адамдарымен толықтырылып отырған бұл бюрократияның өзі шыққан туысы жағынан да, қызметінің түрі мен сыйпаты жағы-

ғыдай ешбір күрес жүргізудің мүмкін емес екенін, өйткені бұлар тұрғанда жұмысшы табының жеңіп шығуының керекті шарты — көмегі керек ауыл шаруашылығындағы орыс пролетариатының тепкідегі, қуғындағы адамдардың халінен шығу ешуақытта мүмкін емес екенін, олардың тек күр қынжылу ғана қолынан келетін, бірақ саналы және табандылықпен қарсылық көрсету, күрес жүргізу қолынан келмейтін адамдар болып қалатынын жұмысшылар білуге тиісті. Ал сондықтан радикалдық демократиямен қатар тұрып, абсолютизмге және реакциялық сословиелер мен мекемелерге қарсы күрес жүргізу — жұмысшы табының тікелей міндеті, мұны социал-демократтар жұмысшы табының көкейіне қондыра білуге тиісті, сонымен бірге бұл мекемелердің бәріне қарсы күресу буржуазияға қарсы күресті жеңілдету үшін ғана керекті құрал екендігін, жалпы демократиялық талаптарды іске асыру жұмысшыға еңбекшілердің бас дұшпаны — жаратылысында таза демократиялық мекемені, *капиталды*, жеңуге жол ашу үшін керек екенін, ал бұл капиталдың біздің Россияда жұмысшыларды жаныштап, жұмысшы қозғалысының жарыққа шығуын неғұрлым күштірек бөгеу үшін реакцияшылдармен одақтасуға, өзінің демократизмін соның жолына құрбан етуге ерекше бейім тұрғандығын бір минут уақытты боска өткізбей жұмысшы табының құлағына құя беру керек.

Бұл баяндалған сөздер, байқауымызша, социал-демократтардың абсолютизмге және саяси бостандыққа көз-

---

нан да барынша буржуалық болып табылады, бірақ абсолютизмен игі жақсы помещиктерге берілген зор саяси артықшылықтардың болуы мұны ерекше зиянды түрге айналдырды. Мұның өзі — помещик пен буржуаның мүддесін қоса көздеуді өзіне зор міндет көретін нағыз тұрақсыз жағымпаздар еді. Мұның өзі — «экономикасы әлсіз нашарды» кулактар мен өсімқорлардың қысымынан «қорғаудың» және «бағудың» атағымен еңбекшілерді «оңбаған сілімтіктер» халіне түсіретін, оларды крепостник помещиктерге басынан байлап беретін шараларды қолданып, онымен әсіресе буржуазияның алдында жұмысшы мен шаруаны онан сайын қорғансыз етіп, өзінің крепостниктік сүйіспеншілігін, жұмысшылар мен шаруаларды алдап отыруға жұмсайтын азғындар еді. Мұның өзі—Батыс Европадағы реакцияшыл шеберлердің тәжрибесіне қанған өздерінің аракчеевтік арам пейілдерін халықты жақтағансыған сұлу сөздерімен жасыра білетін нағыз хауіпті екіжүзділер еді.

қарастарын, сол сыяқты олардың саяси бостандық алу үшін әсіресе соңғы кезде күшейіп отырған революционерлердің барлық фракцияларын «біріктіруге» және «одақтастыруға» бағытталған ағымға[69] көзқарастарын жеткілікті етіп-ақ көрсетеді.

Мұның өзі — барынша тың және ерекше ағым болып отыр.

Мұның тың болуы «одақтасу» туралы ұсыныстар белгілібір топтан немесе мынадай-мынадай мәселелер жөнінде бір пікірге келдік деген белгілібір программасы бар топтан шығып отырған жоқ. Егер мұның өзі осылай болса, одақ болу туралы мәселе әрбір жеке уақыйғаның мәселесі, біріккен топтардың уәкілдерінің өздері шешетін нақты мәселе болар еді. Онда дербес «біріктіру» ағымы да болмас еді. Бірақ мұның өзі бар ағым және ескіліктен қалып қойған, ал жаңа ағымның ешбіріне әлі жуыса алмаған адамдар шығарып жүрген ағым: абсолютизммен күресушілердің осы уақытқа дейін сүйеніп келген теориясы, тегі, күйрей бастаған сыяқты, сөйтіп күреске керекті ынтымақ пен ұйымшылдықтың шарттарын да күйрете бастаған сыяқты. Міне енді «біріктіруші» және «одақшыл» мырзалар мұндай теорияның барлық мәнін абсолютизмге қарсы күресті және саяси азаттықты талап етуді ғана көздейтін теорияға айналдырып, қалған басқа социалистік мәселелер мен социалистік емес мәселелердің бәрін де былай қойып, мүмкін, оңай теория жасап шығаруға болады деп ойлайтын сыяқты. Осы аңғал түрде адасқандық мұндайлық бірігуге әрекет еткен бастағанда-ақ өзін өзі сөзсіз теріске шығаратыны анық.

Ал бұл «біріктіру» ағымының ерекшелігі — ол жоғарыда мен көрсетіп өтуге тырысқан, жауынгерлік, революциялық халықшылдардың саяси-радикалдық демократизмге айналудың соңғы сатыларының бірін айқын көрсетеді, мұны (процесін) мен жоғарыда көрсетуге тырыстым. Осы көрсетілген тудың астында барлық социал-демократиялық емес революциялық топтардың берік бірігуі ескілікті орыс өзіндік тұрмысының соқыр сезімінен түпкілікті қол үзіп, *демократиялық* талаптардың берік программасы жасалған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл сыяқты демократиялық партияның құрылуын социал-демократтар, әрине, ілгері басқан пайдалы адым деп

санайды, сөйтіп социал-демократтардың халықшылдыққа қарсы бағытталған жұмысы бұған көмекші болуға, соқыр сезімдер мен ғажайып лақап атаулылардың бәрін жоюға, социалистерді марксизм туының астына топтастыруға және қалған топтардың демократиялық партия құруына көмек көрсетуі керек.

Жұмысшылардың өз алдына дербес жұмысшы партиясы болып ұйымдасуы қажет деп санайтын социал-демократтардың, әрине, әлгіндей партиямен «бірігуі» мүмкін болмайды, — бірақ жұмысшылар демократтардың реакциялық мекемелерге қарсы күресінің қандайына болса да бар жігерін салып көмектескен болар еді.

Халықшылдықтың азып кетуі салдарынан ұсақ буржуазиялық радикализмнің нағыз барып тұрған қарапайым теориясына айналуы, — ол жөнінде (азғындауы жөнінде) «халық достары» соншалықты айқын қуа бола алады, — қоғамдық қатнастарымыздың антагонистік сыйпаттарын ашып көрсетпей тұрып, осы себепті саяси азаттықты буржуазия идеологтарының да жақтап отырғанын көрсетпей тұрып, жұмысшыларға бүкіл еңбекші халықты азат етудің күресушісі — орыс жұмысшысының тарихи ролін айқын түсіндірмей тұрып, абсолютизмге қарсы күрестің идеясын жұмысшылар арасында тараткысы келетін адамның қандайлық үлкен хате істейтіндігін бізге айқын көрсетіп отыр.

Маркстің теориясын бейне тек өздері ғана пайдаланбақшы, ал шынында оның экономикалық теориясын социалистердің бәрі де тегіс қолданады ғой деп социал-демократтарды кінәлауды жақсы көретіндер бар. Ал егер біздің Россияда жалпы алғанда барлық жерде де еңбекшілердің қналуына қоғам шаруашылығының буржуалық құрылысы себеп болмай, — айталық, жер тапшылығы, салық төлемдері, әкімшілік қысымдары ғана себеп болса, онда жұмысшыларға құн формасын, буржуазиялық тәртіптердің мәнін және пролетариаттың революциялық ролін түсіндіруде қандайлық мағна бар? деп сұрауға тура келеді.

Осы күнгі құрылған фабрика жұмысшыларының табына қосылмайтын былайғы «халық» бұқарасын сөз қылмай қоя тұрғанда, егер осы теория жұмысшының фабрикантқа көзқарасы қандай болуы керек екендігін де ашып

бере алмаса (біздегі капитализм — үкметтің қолдан жасап енгізіп отырған капитализм), онда жұмысшыларға тап күресінің теориясын түсіндіруде қандайлық мағна бар?

Бізде коммунизмге апаратын жолдарды капитализмнен тыс және капитализм жасақтап отырған пролетариаттан тыс жерден іздейтін болса, — онда коммунизмді капитализм арқылы ұйымдастыратын пролетариаттың революциялық ролі жөнінде қорытындыға келген Маркстің экономикалық теориясын қалайша қабылдауға болмақ?

Бұл сыяқты жағдайда жұмысшыны саяси азаттық күресіне шақыру оны алдыңғы қатарлы буржуазияға бола отқа түсуге шақырумен бірдей болатындығы анық, өйткені, саяси азаттықтың, ең алдымен буржуазия мүддесіне ғана қызмет ететінін, сөйтіп жұмысшыларға олардың халдерін жеңілдету емес, тек қана... тек қана *нақ сол буржуазияның өзімен* күресудің жағдайларын... ғана жеңілдететіндігін бекер деуге болмайды, (мұның бір өзгеше жері сол, мұны народоволяшылар да бекер демеген). Мен мұның өзін социал-демократтардың теориясын қабыл алмай тұрып, алайда өзінің насихат жұмысын жұмысшылар арасына аударып жүрген, тәжрибеде тек солардын арасынан ғана революцияшыл элементтерді табуға болады деп сенген социалистерге қарсы айтып отырмын. Бұл социалистер өздерінің теориясын практикаға қарама-қарсы кояды және жұмысшыларды **СОЦИАЛИСТІК ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ*** жөніндегі өздерінің тікелей міндетін орындаудан басқаға аударып өте үлкен хате істейді.

Бұл хате, әрине, крепостниктік тәртіп бас көтертпей

---

* Жұмысшыларды абсолютизмге қарсы күреске шығару керек деген қорытындығы екі жолмен келуге болады: *не* социалистік құрылысты орнату үшін күресетін бірден-бір күресші адам жұмысшы ғана деп тану керек, ал онда саяси бостандықты да оның күресін жеңілдететін жағдайдың бірі деп қарау керек. Социал-демократтар осылай қарайды. *Не* жұмысшыларға осы күнгі тәртіптерден ең көп қорлық көрген адам деп карап, оның жоғалтатын ешнәрсесі де жоқ деп, сондықтан ол абсолютизмге жұрттың бәрінен де гөрі батылырақ қарсы шығады деп қарау керек. Бірақ бұлай қарау дегеніміздің мәнісі — бұл абсолютизмге қарсы бүкіл «халықтың» ынтымағы дегенді жамылып буржуазия мен пролетариат арасындағы антагонизмді көргілері келмейтін буржуазиялық радикалдардың соңына жұмысшыларды ерту болып шығады.

отырған буржуазиялық қоғамның таптық антагонизмдері әлі мүлде дамып жетпеген кезде, бұл крепостниктік тәртіптің өзі бүкіл интеллигенция ынтымақтасқан қарсылығы мен күресін туғызған кезде, осыдан барып біздің интеллигенциямыздың ерекше демократизмі туралы, либералдар мен социалистердің идеяларының арасында терең айырмашылық жоқтығы туралы жалған үміт шыққан кезде пайда болды. Енді, — экономикалық даму соншалықты ілгері басып отырған кезде, бұрынғы кезде Россия капитализмінің болуына жағдай барлығын бекерге шығарып жүрген адамдардың өзі де капиталдық даму жолына біздің түскендігімізді мойындап отырған кезде, — енді бұдан былайғы жерде бұл жөнінде ешбір жалған үміт болуы мүмкін емес. «Интеллигенцияның» құрамы да, заттық бағалы игіліктерді өндіру ісімен шұғылданып отырған қоғам құрамы сияқты, айқын сыйпатталып келеді: егер бұл қоғамда қожалық етіп басқарып отырған капиталист болса, интеллигенцияның ішінде ықпалын жүргізіп отырғандар барған сайын тез өсіп, үсті үстіне көбейіп келе жатқан мансапқорлар мен буржуазия сойылын соғушылар тобы — сандырақтың қандайынан болса да аулақ және өзінің керегін жақсы білетін, бәріне де рыйза, жайбарақат отырған «интеллигенция». Біздің радикалдар мен либералдар бұл фактыларды бекерге шығармайтындығы былай тұрсын, қайта мұны мейлінше баса көрсетіп, мұның адамгершілікке жатпайтындығын дәлелдеу, оны сөгу істерімен шұғылдана отырып, барлық күш-жігерді салып талқандауға, ұялтуға... сөйтіп оны жоюға күш салуда. Бұл буржуазия интеллигенциясын оның буржуазиялығы үшін *ұялтамыз* деген аңқаулық талаптың өзі де бір күлкі, мұның өзі мещандық экономистердің біздің буржуазияны («ағаларының» тәжрибелеріне сүйене отырып) халықты күйзеліске, қайыршылыққа, жұмыссыздыққа және ашаршылыққа ұшыратасыңдар деп қорқытпақшы болғаны сияқты күлкі, буржуазия мен оның идеологтарын бұлайша соттаудың өзі қармаққа ілінген шортанды қайтадан суға жіберу керек деп үкім шығарған сот сияқты. Бұлардан әрі қарай прогресс, ғылым, шындық, халық т. б. туралы неше алуан сансыз сылдыр сөздерді судай ағызатын және талас-тартыс, жоқшылық, қайғы-хасірет дегендерді білмейтін,

жұрттың бәрінің жүректері демократизм отымен жанған 60-жылдарды жоқтап жылауды жақсы көретін либералдық және радикалдық «интеллигенция» басталады.

Ол кездегі ынтымақшылдықты туғызған сол кездің материалдық жағдайлары екенін, ол жағдайлардың енді қайтып келмейтіндігін сүйегіне біткен аңғалдықтарымен бұл мырзалар мүлде түсінгілері келмейді: крепостниктік право жұрттың бәрін де қысты — жыйнап алған ақшасының рахатын көріп жатқысы келген крепостник бурмистерді де, алым алып, шаруашылығына қол сұғып, одан қол үздіре бергені үшін төрені жек көретін шаруашыл мужикті де, кісі есігінде жүрген пролетарды да, купецке құлдыққа сатылып жіберілген кедейленген мужикті де қысты; крепостниктік тұрмыстан купец-фабрикашы да, жұмысшы да, майдагер де, шебер де азап шекті. Барлық осы адамдардың арасындағы бір ғана байланыс — бұлардың бәрінің де крепостниктікке жау болуында ғана еді: осы ынтымақтықтан әрі қарай нағыз күшті шаруашылық антагонизмі басталды. Осынша асқынған антагонизмді бұл уақытқа дейін көрмеу үшін адам өзін-өзі қанша тәтті қиялмен жұбатуы керек; шындық күресті талап етіп отырғанда, әркімнен, егер **ЕРІКТІ** немесе **ЕРІКСІЗ** түрде де буржуазияның шабарманы болғысы келмесе, пролетариат жағына шығу талап етіліп отырғанда бұрынғы ынтымақшыл замандардың қайта оралуын тілеп қашанғы жылай беру керек.

Егер сіз «халық мүдделері» деген бос, лепірген сөздерге нанбайтын болсаңыз және тереңірек қазбалап қарасаңыз, — онда әртүрлі күнасыз прогрестер арқылы өздерінің (олардың тілінде «халықтық») шаруашылығын жақсартуды, оны сүйемелеуді және қалпына келтіруді арман еткен, бірақ бұл сыяқты прогрестердің мұндай өндірістік қатнастар жағдайында бұкараны тек барған сайын пролетариаттандыра беретіндігін түсінуге тұк шамасы келмейтін ұсақ буржуазияның барып тұрған идеологтарының алдыңызда тұрғанын көресіз. Біздің интеллигенцияның таптық сыйпатын әбден ашуға көп қол-қабыс еткендігі үшін және сонымен біздің ұсақ өндірушілердің ұсақ буржуазиялық екендігі туралы марксистердің теориясын нығайта түскені үшін «халық достарына» алғыс айтпасқа болмайды; орыс социалистерін осынша ұзақ

уақыт алаң еткен ескі жалған үміттер мен ертегілердің күруын олар сөзсіз тездетуге тиісті болды. Бұл теорияларды «халық достары» соншалықты сүйрелеп, тоздырып, былғап болды, енді осы теорияны жақтап келген орыс социалистерінің алдында біріне-бірі карама-қарсы екі мәселе қойылатыны сөзсіз: не ол теорияларды жаңадан қайта қарап шығу керек, не оны мүлдем тастау керек, сөйтіп оларды мәз-майран болған салтанатты түрде шаруа байларының жақсы құрал-сайман сатып алғандары туралы urbi et orbi* жар салып жүрген, жасыл столдардың артында отыра-отыра әбден жалыққан адамдарды құттықтау қажет деп сіздерді шынымен сендірмекші болып жүрген мырзаларға-ақ басымен беру керек болар. Олар осы айтылған мағнада «халық құрылысы» және «интеллигенция» туралы байсалды түрде ғана айтып қоймайды, тіпті кең көлемдегі идеалдар туралы, тұрмыс мәселелерін айта қаларлықтай етіп жолға қою туралы өте-мөте зор дәмелі сөздермен даурығады!..

Жалған үміттерді тастап, тіректі Россияның тілек еткен дамуынан емес, шын дамуынан іздегенде ғана, болуы мүмкін қоғамдық-экономикалық қатнастардан емес, шын қоғамдық-экономикалық қатнастардан іздегенде ғана социалистік интеллигенция өз жұмыстарын жемісті болады деп күте алады. Бұл ретте оның **ТЕОРИЯЛЫҚ** жұмысы *Россиядағы экономикалық антагонизмнің барлық формаларын нақты түрде зерттеуге қарай, бұлардың байланыстары мен дәйекті түрде дамуын зерттеуге қарай бет алуға тиісті; бұл теориялық жұмыс осы антагонизмнің бетін барлық жерде, оның саяси тарихпен, праволық тәртіптердің өзгешеліктерімен, орнап келген теориялық соқыр сенімдермен бүркеулі жатқан жерлерінің бәрін де тауып алып, бетін ашуы* керек. Теориялық жұмыс *өндіріс қатнастарының тура нақты системасы болған біздің тұрмыс шындығымыздың тұтас суретін беруі керек, бұл система тұсында еңбекшілердің қаналуы мен экспроприациялануы қажет болатындығын көрсетуі керек, экономикалық даму көрсетіп отырған бұл тәртіптерден құтылудың жолын көрсету* керек.

Орыс тарихы мен тұрмыс шындығының бастан аяқ же-

---

* — бүкіл әлемге. *Ред.*

те зерттелуіне негізделген бұл теория пролетариаттың сұрауына жауап беруге тиісті, — ал егер ол ғылым қойып отырған талаптарды қанағаттандырарлық болып шықса, онда пролетариаттың қарсылық білдіруге қозғалған ой-пікірінің бәрі де бұл ой-пікірді социал-демократизмнің арнасына әкеліп түсірмей қоймайды. Бұл теорияның жасалып шығуы ілгері қарай басқан сайын социал-демократизмнің өсуі де тездетіле беретін болады, өйткені осы заманның тәртіптерінің барып тұрған айлакер қорғаушылары да пролетариаттың ой-пікірінің оянуына кедергі бола алмайды, кедергі бола алмайтын себебі: өндіруші-лердің экспроприациялануының бірден бірге күшейе беруін, пролетариат пен оның резерв армиясының барған сайын өсуін сол тәртіптердің өздері-ақ қажет етеді және сөзсіз тұғызып отырады — ал мұның өзі қоғамдық байлықтың ілгері басуымен, өндіруші күштердің үлкен өсуімен және капитализмнің еңбекті қоғамдастыруымен қатар жүріп отырады. Мұндай теорияны жасап шығаруға әлі қаншама көп уақыт бар десек те, социалистер ол жұмысты орындай алады, — бұған программа атаулының барлығының шындық процестің дәл тұжырымы болуын талап ететін бірден-бір ғылми метод болған материализмнің социалистер арасында таралуының өзі кепіл болады, бұған бұл идеяларды қабылдап отырған социал-демократияның табыстары, — табыстары болғанда, біздің либералдар мен демократтарды соншалықты бір сілкіндірген, бір марксистің айтқанындай, олардың қалың журналдарын оқу адамды жалықтырмайтын болғандығының өзі кепіл.

Социал-демократтардың теориялық жұмыстарының қажеттілігін, маңыздылығын және аса зор екендігін баса айтқанда, мен мүлде бұл теориялық жұмыс **ПРАКТИКАЛЫҚ*** жұмысқа қарағанда бірінші орын алсын дегім келіп отырған жоқ, — ал екінші жұмыс бірінші жұмыс

---

* Керісінше. Бірінші орынға әруақытта сөзсіз үгіт-насихат практикалық жұмыстар қойылып отырады, оның себебі: 1-шіден теория жұмысы практикалық жұмыстың қойған сұрауларына ғана жауап беріп отырады. Ал, екіншіден, социал-демократтарға, өздерінен болмаған себептермен, екінің бірінде-ақ жалғыз теория жұмыстарын ғана қолға алуға тура келеді, сондықтан практикалық жұмысты мүмкін болған уақыттарда олардың қымбат санамасына болмайды.

аяқталғанға дейін тоқтай тұрсын демейтіндігім екі бастан белгілі ғой. Тек «социологиядағы субъективтік методты» жақтаушылар ғана немесе утопиялық социализмнің жолын қуғандар ғана осындай қорытындыға келе алар еді. Әрине, егер социалистердің міндеті — елдің «дамуының басқа (шын жолынан басқа) бір жолдарын» іздеу болса, онда практикалық жұмысты данышпан философтар сол айтылған «басқа жолды» тауып, көрсеткеннен кейін ғана жүргізуге мүмкін болатындығы табиғи нәрсе; ал мұның керісінше, егер ол жолдар ашылған және көрсетілген болса, — онда теория жұмысы біте теді де, «отанды» «жаңа ашылған» «басқа жолға» түсіретін кісілердің жұмысы басталады. Ал социалистердің міндеті осы айтылған қоғамдық-экономикалық дамудың *шын* жолында тұрған шын, нағыз дұшпандарға қарсы пролетариаттың шын күресінде пролетариатқа идея жағынан басшылық ету болған күнде істің түрі мүлде басқаша болады. Бұл жағдайда теория жұмысы мен практика жұмысы бір жұмыс болып қосылып кетеді, мұны германиялық социал-демократтардың қариясы Либкнехт мынадай сөздермен өте дәл суреттеді:

Studieren, Propagandieren, Organisieren*.

Жоғарыда көрсетілген теориялық жұмыс болмайынша идеялық басшы болуға болмайды, сол сыяқты бұл жұмысты істің тілегіне карай бағыттамайынша, ол теорияның нәтижесін жұмысшылар арасында насихаттамайынша және олардың ұйымдасуына көмектеспейінше ондай басшы болуға болмайды.

Міндеттің осылай қойылуы социалистер топтарының азапты өте жиі көріп жүрген кемшіліктерінен, — догматизм мен сектанттықтан социал-демократтарды аман сақтайды.

Доктринаның ең жоғарғы және бірден бір критерийсі оның қоғамдық экономикалық дамудың шын процесіне сәйкес келуі болып отырған жерде догматизм болуға да мүмкін емес; міндет пролетариатты ұйымдастыруға көмектесу болып отырған кезде, демек, «интеллигенцияның» ролі айрықша интеллигент басшыларды керексіз

* — Үйрену керек, насихаттау керек, ұйымдастыру керек: *Ред.*

ету болып отырған кезде сектанттықтың да болуы мүмкін емес.

Сондықтан, марксистер арасында әртүрлі теориялық мәселелер жөнінде алауыздық болғанына қарамастан, олардың саяси ісінің тәсілдері топ болып құрыла бастағаннан бастап осы уақытқа дейін — бұрынғы қалпында қалып келеді.

Социал-демократтардың саяси ісі — Россиядағы жұмысшы қозғалысының дамуы мен ұйымдасуына жәрдем істеу, жұмысшы қозғалысын осы күнгі бытыраңқы қалпынан, жетекші идеясы жоқ қарсылық көрсету, «бунт» және стачка жасау әрекеттерінің түрінен шығарып, буржуазия режиміне қарсы бағытталған және экспроприаторларды экспроприациялауды көздейтін, еңбекшілерді езуге негізделген қоғамдық тәртіптерді жоюды көздейтін **БҮКІЛ** орыс жұмысшы **ТАБЫНЫҢ** ұйымдасқан күресіне айналдыруға көмек істеу болып табылады. Россияның бүкіл еңбекшілері мен қаналушы халқының жалғыз ғана табиғи өкілі орыс жұмысшылары ғана* деген марксистердің жалпы сенімі бұл іске негіз болады.

Табиғи болатын себебі — Россиядағы еңбекшілерді қанау крепостниктік шаруашылықтың құрып бара жатқан қалдықтарын еске алмағанда, *барлық жерде де өзінің мәні жағынан капиталистік қанау болып табылады;* бірақ өндірушілер бұқарасының қаналуы ұсақ, бытыранды, дамып жетпеген қаналу, өйткені фабрика-завод жұмысшыларының қаналуы ірі, қоғамдастырылған және шоғырланған қанау болып табылады. Бастапқы ретте — бұл қанау — ортағасырлық формалармен, әртүрлі саяси, заң, әдет-ғұрып бүркеулерімен, айла-амалдармен және сыйқырлықтармен әлі де болса шырмалып жүреді, бұлар еңбекшілер мен оның идеологтеріне еңбекшілерді жаншып тұрған тәртіптердің мәнісін көруіне, бұл халден құтылу жолының мүмкіншілігі қайда екенін және қалай болатындығын көруіне бөгет болады.

---

* Шаруа социализмінің өкілдері—сөздің ең кең мағнасында алғанда халықшылдар Россияда келешектің адамы — мужик деп ойлаған. Ал социал-демократтар Россияда келешектің адамы — жұмысшы деп ойлайды. Марксистердің көзқарастары бір қолжазбада осылайша тұжрымдалған болатын.

Ал соңғы ретте, керісінше, қанау мейлінше дамып жетілген және істі шатастыратын бүркеулері жоқ мүлдем таза түрінде ашық көрінеді. Жұмысшыны қанаушы *капитал* екенін, күресті буржуазия *табына* қарсы жүргізуге тура келетінін жұмысшының енді көрмеуі мүмкін емес. Сондықтан жұмысшының ең жақын арадағы экономикалық қажеттерін қамтуға, өзінің материалдық халін жақсартуға бағытталған оның осы күресі — жұмысшылардың ұйымынан жеке кісіге емес, тапқа қарсы, бір ғана фабрикалар мен заводтардағы емес, барлық жерде де еңбекшілерді езіп, еңсесін жаздырмай отырған тапқа қарсы сөзсіз соғысқа шығуды талап етпей қоймайды. Міне сондықтан фабрика-завод жұмысшысы барлық қаналушы халықтың дәл алдыңғы қатарлы уәкілі болып табылады, міне сөйтіп ұйымдасқан, табанды, күрес арқылы өзінің өкілдігін іс жүзіне асыру үшін, — қайдағыбір «болашақтармен» әуестену мүлде талап етіліп отырған жоқ; мұның үшін *оған оның халінің қандай екенін ашып беру,* өзін езіп отырған системаның саяси-экономикалық құрылысын ашып беру, бұл система тұсында таптық антагонизмнің қажеттілігін және болмай қоймайтындығын ашып беру талап етіледі. Капиталистік қатнастардың жалпы системасындағы фабрика-завод жұмысшысының осындай халі оны жұмысшы табының азаттығы үшін бірден-бір күресуші етіп шығарады, өйткені бұл күрес үшін қажетті материалдық жағдайлар мен әлеуметтік күштерді капитализм дамуының ең жоғары сатысы ғана, ірі машиналы индустрия ғана жасайды. Басқа орындардың барлығында да, капитализм дамуының төменгі формалары тұсында, мұндай материалдық жағдайлар жоқ: өндіріс мың сан ұсақ шаруашылыққа бөлінген бытыранқы болады (қауымдық жер иеленудің барып тұрған теңгерме формалары болса да, бұлар бытыранқы *шаруашылық* күйінде қала береді), қаналушылар көбінесе әлі де болмашы ұсақ шаруашылыққа ие болады және сонымен өздері қарсы күрес ашуға тиісті болған сол буржуазиялық системаға байлаулы болады: мұның өзі капитализмді құлату қолынан келетін әлеуметтік күштердің дамуын тоқтатады және қыйындатады. Бытыранды, жалғызды, ұсақ қанау еңбекшілерді бір орыннан қозғалтпайды, олардың бір-бірінен қатнас-

тарын үзеді, өздерінің таптық ынтымағын ойлап ұғынуыча мүмкіндік бермейді, езілудің себебі — қайдағыбір жеке адамның басында емес, бүкіл шаруашылық системасында екенін түсініп, бірігуіне мүмкіндік бермейді. Ал, мұның керісінше, ірі капитализм жұмысшының ескі қоғаммен, белгілібір орынмен және белгілібір қанаушымен барлық байланысын сөзсіз үзеді, жұмысшылардың басын қосады, ой-пікірін тербетеді және ұйымдасқан түрде күрес бастауына мүмкіндік беретін жағдай туғызады. Сондықтан да социал-демократтар өзінің барлық назарын, өзінің барлық ісін жұмысшылар табына аударады. Жұмысшы табының алдыңғы қатарлы өкілдері ғылми социализм идеяларын, орыс жұмысшысының тарихи ролі жайындағы идеяны ұғып меңгеріп алған кезде, бұл идеялар жұмысшылар арасына кең түрде тараған кезде және жұмысшылар арасында берік ұйымдар құрылған кезде бұлар жұмысшылардың қазіргі бытыраңқы түрде жүріп жатқан экономикалық соғысын саналы тап күресіне айналдырған кезде, — сол уақытта орыс **ЖҰМЫСШЫСЫ** барлық демократияшыл элементтердің бастаушысы болып көтеріліп абсолютизмді құлатады, сөйтіп **ОРЫС ПРОЛЕТАРИАТЫН** (**БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ** пролетариатымен қатар) *ашық саяси күрестің тура жолымен* **ЖЕҢІМПАЗ КОММУНИСТІК РЕВОЛЮЦИЯҒА АПАРАДЫ.**

Ақыры.

1894

ными хозяйствами при самыхъ уравнительныхъ формахъ общиннаго (землевладѣнія), эксплуатируемый большею частью владѣетъ еще крошечнымъ хозяйствомъ и так. обр. привязывается къ той самой буржуазной системѣ, противъ к-рой долженъ вести борьбу: это задерживаетъ и затрудняетъ развитіе тѣхъ соціальныхъ силъ, к-рыя способны ниспровергнуть капитализмъ. Раздробленная, единичная, мелкая эксплуатація привязываетъ трудящихся къ мѣсту, разобщаетъ ихъ, не даетъ имъ возможности уразумѣть своей классовой солидарности, не даетъ возможности объединиться, понявъ, что причина угнетенія — не та или другая личность, — а вся хозяйственная система. Напротивъ, крупный капитализмъ неизбѣжно разрываетъ всякую связь рабочаго со старымъ обществомъ, съ опредѣленнымъ мѣстомъ и опредѣленнымъ эксплуататоромъ, объединяетъ его, заставляетъ мыслить и ставитъ въ условія, дающія возможность начать организованную борьбу. На классъ рабочихъ и обращаютъ соціалъ-демократы все свое вниманіе и всю свою дѣятельность. Когда передовые представители его усвоятъ идеи научнаго соціализма, идею объ исторической роли русскаго рабочаго, когда эти идеи получатъ широкое распространеніе и среди рабочихъ создадутся прочныя организаціи, преобразующія теперешнюю разрозненную экономическую войну рабочихъ въ сознательную классовую борьбу, — тогда русскій РАБОЧІЙ, поднявшись во главѣ всѣхъ демократическихъ элементовъ, свалитъ абсолютизмъ и поведетъ РУССКІЙ ПРОЛЕТАРІАТЪ (рядомъ съ Пролетаріатомъ ВСѢХЪ СТРАНЪ) прямой дорогой открытой политической борьбы къ ПОБѢДОНОСНОЙ

КОММУНИСТИЧЕСКОЙ РЕВОЛЮЦІИ.

Конецъ.

1894.

В. И. Лениннің „„Халық достары" деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?" деген кітабының гектографпен басылып шыққан III бөлімінің соңғы беті.—1894 ж.

Кішірейтілген

I қосымша

Бұл кестеде тексте айтылған 24 бюджет туралы мәліметтерді келтіремін.

Острог уезі бойынша 24 нағыз шаруа шаруашылығының құрамы мен бюджеттері туралы мәліметтердің жыйнағы.

Кестені түсіндіру.

1) Алғашқы 21 графа түгелінен жыйнақтан алынды. 22-графа: қара бидай, ақ бидай, сұлы, арпа, тары мен қара құмық; қалған астықтар мен картофель, овощь және пішен (8 графа) жөніндегі жыйнақтың графаларын біріктіреді. Салом мен топандарды шығарып тастағанда, астықтан кіретін табыстың (23-графа) қалай есептелінгендігі тексте айтылды. Бұдан кейін 24-графа: жылқы, сыйыр, қой, шошқа, құс, тері мен жүн, май мен ет, сүт өнімдері, сарымай (9 графа) жөніндегі жыйнақтың графаларын біріктіреді. 25—29-графалар түгелінен жыйнақтан алынды. 30—34-графалар қара бидайға, ақ бидайға, тары мен қара құмыққа, картофель, овощь, тұз, сарымай мен ет, балық, сүт өнімдері, арақ, шайларға (12 графа) шыққан шығын жөніндегі жыйнақтың графаларын біріктіреді. 35-графа: сабынға, керосинге, балауызға, киім-кешекке және ыдыстарға (4 графа) шығарылған шығын жөніндегі жыйнақтың графаларын біріктіреді. Қалған графалардың бәрі де айқын.

2) 8-графа арендалық жердің десятина саны мен үлес жердің егіндігінің десятина санын қосу арқылы жасалды (жыйнақта мұндай графа бар).

3) Графалардағы төменгі сандар: «табыс пен шығысты бөлу» дегеніміз *табыс пен шығыстың ақшалай түскен бөлімін көрсетеді.* 25 — 28 және 37—42-графаларда барлық ақшалай табыс (шығыс) көрсетіледі. Ақшалай түскен бөлімі (автор оны бөлмейді) өз шаруашылығында тұтынған жалпы табысынан есептеліп шығарылды.

Үй қожайындарының дәрежелері және олардың саны		Қуны сом есебімен						
		Қора-қопсы	Қозғалмайтын басқа мүліктер	Саймандар	Үй аспаптағы	Киім-кешек	Мал және балалары	Барлығы
		14	15	16	17	18	19	20
Жуқатты үй қожайындарының 6-ында	Сомасы	2 696	2 237	670,8	453	1 294,2	3 076,5	10 427,5
	1 қожайынға орта есеппен	449,33	372,83	111,80	75,5	215,7	512,75	1 737,91
Орта ауқаты бар үй қожайындарының 11-нде	Сомасы	2 362	318	532,9	435,9	2 094,2	2 907,7	8 650,7
	1 қожайынға орта есеппен	214,73	28,91	48,44	39,63	190,38	264,33	786,42
Кедей үй қожайындарының 7-нде	Сомасы	835	90	112,3	254	647,1	605,3	2 543,7
	1 қожайынға орта есеппен	119,28	12,85	16,04	36,29	92,45	86,47	363,33
24 үй қожайындарының *барлығында*	Сомасы	5 893	2 645	1 316	1 142,9	4 035,5	6 589,5	21 621,9
	1 қожайынға орта есеппен	245,55	110,21	54,83	47,62	168,14	274,56	900,91
2 батракта (кедейлер санына қосылғандар)	Сомасы	155	25	6,4	76,8	129,3	9,1	401,6
	1 қожайынға орта есеппен	77,5	12,5	3,2	38,4	64,65	4,55	200,8

Кредит борышының сомасы. Сом есебімен	Табыстың бөлінуі							
	Егіншіліктен		Мал өсіруден	Ара өсіру мен бақша өсірудеи	Кәсіпшіліктен	Кәсіп орындарынан	Түрлі табыстардан	Барлығы сом есебімен
	Барлығы	Соның ішінде астықтан						
21	22	23	24	25	26	27	28	29
80	61,2% 3 861,7 1 774,4	2 598,2 1 774,4	15.4% 972,6 396,5	4,3% 271	6,5% 412	5 % 320	7,6% 482,2	100 % 6 319,5 3 656,1
13,3	643,6	—	162,1	45.2	68,6	53,3	80,4	1 053,2 609,3
357	60,7% 3163,8 899,9	2 203,8 899,9	16,1% 837,5 423,2	0,7% 36,1	18,8% 979,3	—	3,7% 195,5	100 % 5 212,2 2 531
32,4	287,7	—	76,1	3,2	89	—	17,8	473,8 230
233,6	48,7 % 689,9 175,25	502,08 175,24	22,9% 324,2 216,6	1,9% 27	23,8% 336,8	—	2,7% 39	100 % 1 416,9 794,64
33,4	98.5	—	46.3	3,9	48,1	—	5.5	202.4 113,5
670,6	59,6% 7 715,4 2 849,54	5 304,8 2 849,54	16,5% 2 134,3 1 036,3	2,6% 334,1	13,3% 1 728,1	2,5% 320	5,5 % 716,7	100 % 1 2 948,6 6 984,74
27,9	321,5	—	88,9	13,9	72	13,3	29,9	539,5 291,03
50	59,5 3	—	5,7 4,8	—	128,8	—	4	198 140,6
25	29,75	—	2,85	—	64,4	—	2	99 70,3

Үй қожайындарының дәрежелері және олардың саны		Шығыстардың					
		Тағамдар					Киім-кешек және үй керектері
		Барлығы	Өсімдік тағам	Басқа тағамдар	Оның ішінде		
					Сүт, ет және басқалары	Тұз, арақ, шай	
		30	31	32	33	34	35
Ауқатты үй қожайындарының 6-ында	Сомасы	29,2 % 1 500,6 218,7	823,8	676,8	561,3 103,2	115,5	8,2 % 423,8 58,6
	1 қожайынға орта есеппен	250,1	—	—	—	—	70,63
Орта ауқаты бар үй қожайындарының 11-інде	Сомасы	37,6 % 1 951,9 257,7	1 337,3 33,4	614,6	534,3 144	80,3	10,6 % 548,1 49,5
	1 қожайынға орта есеппен	177,45	—	—	—	—	49,83
Кедей үй қожайындарының 7-інде	Сомасы	42,1 % 660,8 253,46	487,7 160,96	173,1	134,4 53,8	38,7	14,6 % 229,6 26,8
	1 қожайынға орта есеппен	94,4	—	—	—	—	32,8
24 үй қожайындарының *барлығында*	Сомасы	34,6 % 4 113,3 729,86	2 648,8	1 464,5	1 230	234,5	10,1 % 1 201,5 134,9
	1 қожайынға орта есеппен	171,39	110,37	61,02	51,25	9,77	50,06
2 батракта (кедейлер санына қосылғандар)	Сомасы	81,7 50,7	72,1 42,5	9,6	6,1 4,7	3,5	14,9 4,6
	1 кожайынға орта есеппен	40,85	—	—	—	—	7,45

бөлінуі								
Мал бағу шығындары	Қозғалатын және қозғалмайтын сайман-дар	Қызметшілер мен малшыларға төленетіні	Аренда	Жан басы салығы	Поптарға төленетіні	Түрлі шығыстар	Барлығы сом есебімен	Таза табысы + жетіспейтіні —
36	37	38	39	40	41	42	43	44
24,9% 1 276,6	9,4% 484,5	13,5 % 691,7	6,5% 332	4,9% 253,5	1,1% 56	2,3% 116,5	100% 5 135,2 2 211,5	+ 1 184,3
212,76	80,75	115,29	55,33	42,25	9,33	19,42	855,86 368,6	+ 197,34
21,2% 1098,2	5 % 256	0,9 % 47,6	6,8% 351,7	4,9% 254,9	1,3% 69,9	11,7% 609,4	100% 5 187,7 1 896,7	+ 24,5
99,84	23,27	4,33	31,97	23,17	6,35	55,4	471,6 172,5	+ 2,19
15,6% 243,7	7,1% 110, 6	1,6 % 24,3	6% 94,5	6,5% 101,8	1,8 % 28	4,7% 73,2	100 % 1 566,5 712,66	— 149,6
34,81	15,8	3,47	13,5	14,54	4	10,46	223,78 101,8	— 21,38
22,2% 2618,5	7,1% 851,1	6,4 % 763,6	6,5% 778,2	5,1% 610,2	1,3% 153,9	6,7% 799,1	100% 11 889,4 4 820,86	+ 1 059,2
109,1	35,46	31,82	32,43	25,43	6,41	33,29	495,39 200,87	+ 44,11
8	53,2	0,4	—	22,6	2,8	3,3	186,9 137,6	+ 11,1
4	26,6	0,2	—	11,3	1,4	1,65	93,45 68,8	+ 5,55

II қосымша

Ник. — онды сынағанда Струве мырзаның ең басты мәселенің бірі етіп, «Маркстің тап күресі мен мемлекет туралы ғылымы орыстың саяси-экономына мүлде жат» деген қағыйданы алғаны әбден әділ. Струве мырзаның осы бір ғана кішкентай (4 бағана) мақаласы бойынша оның көзқарастарының системасы туралы белгілібір пікір айтуға, Кривенко мырзадай, менің батылым бармайды (оның басқа мақалалары маған белгісіз); сонымен бірге, оның айтып отырған қағыйдаларының бәріне бірдей қосыла алмайтынымды да айтпасқа болмайды, сондықтан да оның мақаласын түгелінен жақтай алмаймын, тек оның келтіріп отырған кейбір негізгі қағыйдаларын ғана жақтаймын. Бірақ қалай дегенде де көрсетілген жағдай өте терең дұрыс бағаланған: шынында да, капиталистік қоғамға тән тап күресін түсінбеу, Ник. — он мырзаның, — *негізгі хатесі*. Тіпті оның теориялық қағыйдалары мен зерттеулерінің өзінен социал-демократиялық қорытындылар шығуы қажетті болуы үшін осы бір ғана хатені түзетудің өзі де жеткілікті болар еді. Шынында да, тап күресін елемеу марксизмді нағыз сорақы түрде түсінбегендікті көрсетеді, ал мұндай түсінбеушілікті Ник.—он мырзаға мін етіп тағу өте-мөте орынды болады, өйткені ол өзін жалпы алғанда Маркс принциптерін барынша жақтайтын адам етіп көрсеткісі келеді. Тап күресі туралы ғылым — Маркстің көзқарастарының бүкіл системасының ең басым жағы екенін, аз да болса Марксті білетін әрбір адам теріс дей алар ма?

Ник. — он мырза, әрине, Маркс теориясын, оның, айталық, мәселен, орыс тарихы мен шындығына жанаспайтындығы себепті осы пунктінен басқасын, қабылдай ала-

тын еді, — бірақ онда, біріншіден, Маркстің теориясы біздегі тәртіптерді түсіндіріп бере алды деудің өзі мүмкін болмас еді, тіпті бұл теория туралы және капитализм туралы сөз қылуға да мүмкін болмас еді, өйткені теорияны қайта жасауға және антагонистік қатнастар мен таптардың күресі тән емес басқа бір капитализм туралы белгілібір ұғым жасап шығаруға тура келген болар еді. Қалай дегенде де, мұны егжей-тегжейіне дейін қалдырмай толық айтып өту керек еді, марксизмнің *А* әріпін сөз қыла отырып, *Б* әріпін автордың сөз қылғысы келмеуінің себебін түсіндіру керек еді. Ник.—он мырза мұның бірде-бірін істеуге әрекеттенген жоқ.

Сондықтан да Ник.—он мырзаның тап күресін түсінбеуі, оны утопист етіп отыр деп Струве мырзаның қорытындыға келуі мүлде әділдік, өйткені капиталистік қоғамда тап күресін елемеуші адам ео ipso* осы қоғамның қоғамдық-саяси тұрмысының барлық шындық мазмұнын да елемейді және өздерінің тілектерін іске асыру үшін бишаралық қиял өрісінде құрғақ ойға белшесінен бататыны сөзсіз. Бұл түсінбеушілік оны *реакционер* етеді, өйткені «қоғам» мен «мемлекетке», яғни буржуазияның идеологтері мен саясатшыларына үндеудің қолынан социалистерді жолдан тайдыру ғана, оларды пролетариаттың қас дұшпандарының одақтасы деп таныту ғана келеді, мұның өзі жұмысшылардың азаттығы үшін күресті күшейту, оның мәнін түсіндіру мен үлкен көлемде ұйымдастыру ісіне көмектесу орнына, бұл күресті бөгеуге ғана жарайды.

Струве мырзаның мақаласы туралы сөз болған соң, бұл жерде Ник.—он мырзаның «Русское Богатствоның» № 6 оған қайырған жауабына да тоқталмай кетуге болмайды**.

---

* сонымен. *Ред.*

** Жалпы айтқанда Ник.—он мырза «Русское Богатствоға» жазған мақалалары арқылы өзінің мещандық радикализмнен тіпті онша алыс емес екенін дәлелдеуге өте тырысатын сияқты, бұған дейін оны осылай деп кім ойлаған; оның өзі шаруа буржуазиясының өсуінен (№ 6, 118 бет — «шаруалар» арасында жақсарған құрал-

«Бақсақ, — дейді Ник.—он мырза, фабрика-завод жұмысшыларының өсуінің баяулығы туралы, жалпы халықтың өсуінен оның кейін қалып отырғаны туралы мәліметті келтіре отырып, — бақсақ, біздегі капитализм өзінің «тарихи міндетін» орындай алмай ғана отырғаны былай тұрсын, сонымен бірге ол өз дамуына өзі кедергі жасайтын көрінеді. Міне сондықтан да, былайша айтқанда, өз отанының дамуына «Батыс Европа өркендеп келген және қазірде өркендеп отырған жолдан басқа даму жолын іздеп табуға тырысушылардікі» мың есе дұрыс. (Осыны жазып отырған адам да Россияның сол капиталистік жолмен дамып отырғанын мойындаушы адам!) Бұл «тарихи міндеттің» орындалмауының себебі, — дейді Ник.—он мырза, — «қауымға қас, қарсы бағытталған шаруашылық ағымы (яғни капитализм) болып отыр, мұның өзі сол қауымдық тұрмыстың өмір сүретін негізін қыйрата береді, бірақ Батыс Европаның айқын бір сыйпаты болған және әсіресе өте-мөте Солтүстік Америкада күшейе бастаған біріктірушілік маңызын мұнда көрсете алмай отыр.

Басқа сөздермен айтқанда, капитализмге, «халық тұрмысына капитализмді енгізу» туралы мемлекеттік мәселені шешуші департамент чиновнигінің тұрғысынан қараған атақты В. В. мырзаның социал-демократтарға қарсы ойлап тапқан ресми-қазналық дәлелдерін көріп отырмыз: егер капитализм «міндетті» атқарса, онда оған жол беруге болады, ал егер атқармайтын болса онда оған «жол беруге болмайды». Бұл тілмарлық пікір талқысының басқа хасиеттерін былай қойғанның өзінде, капитализмнің «міндетінін» өзін В. В. мырза, тегі, Ник.—он мырза да осылай ұғынатын болуы керек, өте сорақы түрде мұлде адам айтқысыз теріс және тар шеңберде түсінетін көрінеді; ал тағыда, ол мырзалар өз түсініктерінің өрісінің тарлығын шімірікпестен социал-демократтарға жабады: олардың сөздерін ашық шығатын баспасөзге

дардың фосфориттердің тараулы etc:) (et cetera — және басқалар. *Ред.*:) өздерінің басына түскен халден құтылудың қажет екенін *«шаруалардың* өздерінің» де (топ-тобымен тоналып жатқан шаруалар ма?) «түсінетіндігінің белгілерін көре алатындығын дәлелдеуге тырысатын көрінеді»..

жібермейді, сөйтіп социал-демократтарға жаппаған бәле. жақпаған күйе қалдырмайды.

Капитализмнің атқаратын прогрестік, революциялық жұмысы оның еңбекті бірлестіре отырып, сонымен бірге, осы процестің механизмі арқылы «жұмысшы табын үйретіп, біріктіріп және ұйымдастыруында» деп білді Маркс, жұмысшы табын күреске үйретіп, оның «ашынуын» туғызып, «экспроприаторларды экспроприациялау» үшін оларды біріктіруінде, саяси өкімет билігін өз қолына алу үшін және «аз ғана озбырлардың» қолдарынан өндіріс құрал-жабдықтарын тартып алып, оларды бүкіл қоғамның қолына беру үшін қызмет атқаратындығында деп білді Маркс («Капитал», 650)[70].

Маркстің тұжырымы осындай.

Мұнда, әрине, «фабрика-завод жұмысшыларының саны» туралы айтылып отырған сөз де жоқ: мұнда өндіріс құрал-жабдықтарының бір жерге жыйналуы туралы және енбектің біріктірілуі туралы сөз болып отыр. Бұл критерийлердің «фабрика-завод жұмысшыларының санымен» ешқандай байланысы жоқ екендігі айқын.

Бірақ мұны біздің Марксті өзінше түсінетіндер — капитализм тұсында еңбекті бірлестірудің мәні фабрика-завод жұмысшыларының бір үйдің ішінде жұмыс істейтіндігінде, сондықтан капитализмнің прогрестік жұмысының өлшеуіші... фабрика-завод жұмысшыларының санында-мыс!!! деп түсіндірмек болды. Демек, фабрика-завод жұмысшыларының саны көбейсе — онда капитализм жақсы прогрестік жұмыс істегені; егер де оның саны азайса — капитализм «өзінің тарихи міндетін нашар орындайтыны». (Ник.—он мырзаның мақаласының 103 бетін қараңыз), сөйтіп «интеллигенцияға» өзінің отаны үшін басқа жол іздеуге «тура келеді».

Ал сонымен Россия интеллигенциясы «басқа жол» іздеуге кіріседі. Ал оның бұл жолды іздеп тапқанына тек бір ғана он жыл өткен жоқ, олар барлық күшін салып, капитализм — «теріс» дамуда, өйткені ол жұмыссыздық пен дағдарыстарға әкеліп соғады, деп дәлелдеп* келді.

---

* Бұл дәлелдердің нәтижесіз болып қалу себебі: халықтың күйзелуі, жоқшылыққа ұшырауы және оның ашығуы — капитализмнің күмансыз және сөзсіз болатын сергі екендігі—бекер болғандығынан

Міне 1880 жылы біз дағдарысқа душар болдық; 1893 жылы да осындай болып отыр: бұл жолдан шығатын мезгіл жетті, өйткені мұның аяғы жақсы болмайтындығы даусыз.

Ал орыс буржуазиясы «тыңдай түседі де, сылқылдатып соға береді»: ағыл-тегіл пайда табуға болмайтын болса, шынында да «жаман» болып шығады; сондықтан да буржуазия бір ауыздан үн қосып либералдар мен радикалдарды жақтайды, сөйтіп босап қалған және бас-қадан неғұрлым арзан капитал арқасында жаңа темір-жол салуға бар күш-жігерін салып кіріседі. «Біз» жаман халге ұшырадық, өйткені «біз» бұрынғы орындарда халықтың әбден түгін қоймай сыпырып алдық және сауда капиталындай байыту қолынан келмейтін индустриялы капиталға көшуге тура келеді: сол себепті «біз Европалық Россияның шығыс және солтүстік өлкелеріне барамыз, ол жерлерде жүздеген процент пайда беретін «алғашқы қор жыйнау» әлі де болса мүмкін, ол жерлерде шаруалардың буржуазиялық ыдырауы әлі де аяқталып болған жоқ дейді олар. Интеллигенция осының бәрін көреді де, «біз» тағы апатқа ұшыраймыз деп зәрені алумен болады. Сонымен шынында да жаңа апат келіп жетеді. Ірі капиталистер толып жатқан ұсақ капиталистерді бас көтертпей тастайды, көптеген шаруалар егіншіліктен шығарылып тасталады, бұл егіншілік барған сайын буржуазияның қолына көшіп отырады; қайыршылық, жұмыссыздық, аштық адам айтқысыз зор өріс алып көбейе береді, — ал «интеллигенция» шімірікпестен өзінің сәуегейлігіне сүйеніп және капитализмнің бізде берік емес екендігі сыртқы рыноктердің жоқтығынан деп дәлелдеп, тағы сол дамудың теріс жолда екендігін айтып ренжиді.

Ал орыс буржуазиясы «тыңдай түседі де, сылқылда-

емес олардың құр далаға бағытталғандығынан болып отыр. «Қоғам» — демократизмнің тонын жамылып отырса да, оның өзі шұбар-балақ шонжар төстердің мүдделерін жақтайды, сондықтан капитализмге қарсы шығатындар, әрине, бұлар емес. «Үкмет» жөнінде... — қарсы адамның, Н. К. Михайловский мырзаның берген бір сыйпаттауын келтірейін, ол бір кезде: — өзіміздің үкметіміздің программасын қанша аз білеміз десек те, «еңбекті қоғамдастырудың» үкмет программасына кірмейтіндігін анық білеміз, деп жазды.

тып соға береді». «Интеллигенция» жаңа жолды іздеп жүргенде, буржуазия өздерінің отарларында орасан зор теміржолдар салуға кіріседі, сонымен бірге ол жерлерде өзіне рынок жасап алады, жаңа өсіп келе жатқан жас елге буржуазия тәртіптерінің асылын енгізеді, өнеркәсіп және егіншілік буржуазиясын ерекше шапшаңдықпен өсіреді, сөйтіп, өндірушілер бұқарасын мәңгі аш жұмыссыз жүретін адамдар қатарына апарып қосады.

Социалистер капитализмнің мықты емес екендігін дәлелдеп, дамудың теріс жолда екендігін айтып... бұған фабрика-завод жұмысшыларының санының баяу өсіп отырғанын дәлел етіп көрсетіп ренжумен, қынжылумен ғана қалайша қанағаттанып қоймақшы!!?

Бұл балалық идеяға* кіріспестен бұрын, Струве мырза мақаласының сынаған жерін Ник.—он мырзаның тіпті дәл көрсетпей отырғанын айта кетпеске болмайды. Оның мақаласында дәл былай делінген:

«Егер автор (яғни Ник. — он мырза) орыс халқы мен америка халқының құрамында істейтін кәсібі жөнінен айырмашылықтары бар екенін көрсетіп отырса — Россияда шаруашылықпен шұғылданатын (erwerbsthätigen) бүкіл халықтың 80 процентті ауыл шаруашылығында жұмыс істейді, ал Құрама Штаттарда тек 44 процентті десе, — онда ол осымен бірге, Россияның капиталистік жағынан дамуы нақ осы 80—44 арасындағы айырмашылықты жою жөнінде қызмет ететіндігін байқамайды: оның тарихи міндеті де, шынында осында деуге болады».

«Міндет» деген *сөз* бұл жерде лайықсыз қолданылып отыр деп табуға болады, бірақ Струве мырзаның пікірі айқын: Ник — он мырза Россияның капиталистік дамуы (мұның өзі шын капиталистік даму екенін оның өзі де мойындайды) селолық халықтың санын азайта беретіндігін көр-

---

* Шынында капитализмнің прогрестік жұмысын анықтау үшін қоғамдастырылу дәрежесін алмай, халық еңбегінің *бір* саласының дамуының ғана осындай тұрақсыз көрсеткішін алатын идеяны балалық идея демей не дерсің! Өндірістің капиталистік әдісінің кезінде жұмысшы саны өте тұрақсыз болмай қоймайтындығын, жұмысшы санының дағдарыстар сияқты, резерв армиясының мөлшері сияқты еңбектің қаналу дәрежесі мен оның қысаңдық дәрежесі, т. с. сияқты толып жатқан екінші дәрежелі факторларға байланысты екенін жұрттың бәрі біледі.

ре білмеген, ал мұның өзі — капитализмнің жалпы заңы. Демек, бұл қарсы пікірді теріске шығару үшін Ник.—он мырза *не* 1) капитализмнің бұл алған бет алысын өзінің есінен шығарып жібермегендігін, *не* 2) капитализмнің мұндай бет алысы жоқ екендігін көрсетуі керек еді.

Мұның орнына Ник.—он мырза біздің фабрикалық жұмысшыларымыздың саны жөніндегі мәліметтерді тексермекші болады (оның есебі бойынша жұмысшылардың саны халықтың 1 проценті). Струве мырзаның мақаласында фабрикалық жұмысшылар туралы айтылып отырма екен? Россия халқының 20 проценті, Америка халқының 56 проценті—фабрикалық жұмысшылар ма екен? «Фабрикалық жұмысшылар» мен «ауыл шаруашылығымен шұғылданбайтын халық» деген ұғым бірдей ме екен? Россиядағы ауыл шаруашылығымен шұғылданушы халықтың азайып келе жатқандығын бекер деп таласуға болар ма?

Кривенко мырза осы журналда мақаланың бұл жерін бірнеше рет бұрмалаған болатын, сондықтан мұны түзетуді өте-мөте қажет деп таптым, енді осы түзетуден кейін, Ник. — он мырзаның «біздің капитализм өз міндетін жаман орындап отыр» деген идеясының өзіне көшелік.

Біріншіден, «Очерктердің»[71] авторы істеген сияқты, фабрика-завод жұмысшыларының санын капиталистік өндірісте істейтін жұмысшылардың санымен бірдей деп есептеудің өзі өрескелдік. Мұның өзі капитализмді тура ірі машиналы индустриядан бастап әңгіме ететін Россияның мещандық экономистерінің хатесін қайталау *(және тіпті оны үш есе арттыру)* деген сөз болып шығады. Көпестерге олардың өз заттарымен, кәдімгі жалақы алып жұмыс істейтін миллиондаған орыс майдагерлері капиталистік өндірісте жұмыс істейтіндер емес пе? Егіншіліктегі жалшылар мен күндеп істейтін адамдар кожайындарынан жалақы алмай ма және оларға қосымша құн өндіріп бермей ме? Құрылыс өнеркәсібіндегі жұмысшылар (реформадан кейін бзіде тез дамып келе жатқан жұмысшылар) капиталистік қанауға ұшырамай отыр ма? т. т.*

---

* Мен бұл арада Ник.—он мырзаның—«капитализмнің біріктірушілік маңызы» туралы пікір қорытқанда фабрикалық жұмыс-

Екіншіден, фабрикалық жұмысшылардың санын (1 400 000) бүкіл халықтың санымен салыстыру және оның бұл қатнасын процентке шағып көрсетудің өзі де өрескелдік. Мұның мәнісі турадан-тура өлшеуге келмейтін санды салыстырып шығу болады: еңбекке жарамды адамдарды еңбекке жарамайтын адамдармен, материалдық бұйымдар өндіру ісімен шұғылданып жүрген адамдарды «идеологиялық көзқарастардағылармен», т. т. салыстыру болып шығады. Фабрика-завод жұмысшыларының әрқайсысы жұмыс істемейтін семьяларының белгілі бір мүшелерін асырап отырған жоқ па? Фабрика-завод жұмысшылары — өздерінің қожайындарынан басқа толып жатқан саудагерлерді де — топ-топ солдаттарды, чиновниктерді, т. с. мырзаларды асырап отырған жоқ па, бұл сыяқтыларды сіздер егіншілікпен кәсіп ететін халықтың қатарына қосып, бұл ботқаның бәрін фабрика-завод жұмысшыларына қарама-қарсы қойып отырған жоқсыз ба? Ал бұдан кейін, Русь елінде балық аулау және басқа сол сыяқты кәсіпшіліктер жоқ па, бұларды егіншілікке қоса отырып, фабрика-завод өнеркәсібіне

шылардың санына қарап қорытатындығы сыяқты *тәсілін* сынаумен сөзімді доғарам. Мәліметтерді талдап жатпаймын, өйткені Ник.—он мырза пайдаланып отырған материалдар менің қолымда жоқ. Алайда, бұл материалдарды Ник.—он мырзаның дұрыс іріктегені екі талай екенін ескерте кетпеуге болмайды. Ол материалды алдымен «соғыс-санақ жыйнағынан» 1865 жылдың және 1894 жылы басылып шыққан 1890 жылдың «фабрика мен заводтар көрсеткішінен» алады. Жұмысшылар саны (тау-кен жұмысшыларын қоспағанда) 829 573 және 875 764 болып шығады. Артқаны 5,5 процент — халық санының өсуінен әлдеқайда аз (91 және 61,42 миллион — 48,1 процент). *Келесі бетінде* басқа мәліметтер алынған: 1865 жыл үшін де, 1890 жыл үшін де, — 1893 жылғы «Көрсеткіштен» алынған. Бұл мәліметтер бойынша жұмысшылар саны — 392 718 және 716,792; яғни 82 процент өскен. Бірақ мұнда көлденең салық салынған өнеркәсіп қосылмаған, ал бұл өнеркәсіпте жұмысшылар саны (104 бет) 1865 жылы: 186 053 және 1890 жылы: 144 332 болды. Бұл соңғы сандарды алдыңғы сандармен қосқанда жұмысшылардың жалпы саны (тау-кен заводтарындағы жұмысшыларды қоспағанда) 1865 жылы: 578 771 және 1890 жылы 861 124 болып шығады. Өскен: 48,7 процент, ал халықтың өсуі 48,1 процент. Сонымен автор бес бет бойы мәліметтер келтірумен болады, ал бұл мәліметтердің біреулері — 5 процент өскендікті көрсетсе, екінші біреулері — 48 процент өскендікті көрсетеді! Сөйтіп, ол осы сыяқты біріне-бірі қайшы мәліметтердің негізінде біздің капитализмнің әлсіз-нашарлығы туралы айтады!!

қарама-қарсы қою тағы да нағыз барып тұрған өрескелдік емес пе? Егер сіз Россия халқының істейтін кәсібіне қарай, оның құрамының қандай екенін білгіңіз келсе, онда, біріншіден, материалдық заттар өндіру ісімен шұғылданатын халықты өз алдына бөлек алып (демек, бір жағынан, жұмыс істемейтін халықты, екінші жағынан — солдаттарды, чиновниктерді, поптарды, тағы сондайларды шығарып тастап), ал екіншіден, оны халық еңбегінің әртүрлі салаларына бөлуге тырысу керек болар еді. Егер бұл үшін мәліметтер болмаған күнде, мұндай есептерді* шығаруға кіріспеу керек еді, фабрика-заводтық

Сонан соң, автор жұмысшылардың саны туралы өзінің «Очерктерде» (XI және XII кестелер) келтірген мәліметтерін неге алмаған, ол мәліметтер бойынша үш жылдың (1886—1889) ішінде жұмысшылар санының 12—13 процент өскендігін, яғни халықтың өсуінен тез басып озатындай болып өскендігін көрген еді ғой. Автор мүмкін, бұл екі арадағы уақыт өте аз дер. Бірақ оның есесіне бұл мәліметтер біркелкі, салғастыруға келетін және өте дәлелді мәліметтер ғой, бұл бір. Ал екіншіден, арадағы өткен уақыттың аздығына қарамастан, фабрика-завод өнеркәсібінің өсуі туралы пікір қорыту үшін автордың өзі де осы мәліметтерді пайдаланған жоқ па?

Халық еңбегі саласының хал-жайы туралы жұмысшылар саны сияқты ауытқып тұратын көрсеткішті алғаннан кейін, халық еңбегінің бір ғана саласы туралы мәліметтердің тыянақсыз болмай тұра алмайтындығы түсінікті. Ойлап қараңыздаршы, бұл сияқты мәліметтерге сүйеніп, біздің капитализм қажымайтын, жанталасқан күрессіз-ақ қыйрайды, өзінен-өзі күл-талқан болады деп сену үшін — мұндай мәліметтерді капитализмнің сөзсіз үстемдік етіп отыратындығына және оның халық еңбегінің барлық салаларында дамуына қарсы қою үшін қандай аңқау қыялшыл болу керек!

* Ник. —он мырза «Очерктерде» мұндай есепті келтіруге тырысқан еді, бірақ онысы өте ретсіз болды. Оның 302-бетінен мынаны оқыймыз:

«Соңғы кезде Европалық Россияның 50 губерниясындағы барлық басы бос жұмысшылардың санын есептеп шығаруға талап етілді. (*С. А. Короленко.* «Еркімен жалданатын еңбек». Спб. 1892). Ауыл шаруашылық департаментінің жүргізген зерттеуі Европалық Россияның 50 губерниясындағы еңбек етуге жарамды село халқын 35 712 мың адам деп есептейді, оның бержағында, ауыл шаруашылығына, өңдейтін, зат өндіретін, тасыйтын және басқа кәсіптерге керекті жұмысшылардың жалпы саны небәрі — 30 124 мың адам. Сонымен, жұмысшылардың мүлде бос қалған артығы өте көп — 5 538 мың адам, ал семьяларымен қосқанда әдеттегі норма бойынша 15 миллион адамнан ешбір кем болмайды». (341-бетінде мұны тағы қайталаған).

Егер біз бұл «зерттеуге» көз жіберетін болсақ, мұнда помещиктердің еркімен жалданатын еңбекті пайдалануы ғана «зерттелгенін»

өнеркәсіпте істейтін адамдар халықтың 1 проценті (??!!) деген жоқтан өзгені сокпау керек еді.

Үшіншіден — ал мұның өзі капитализмнің прогрестік, революциялық жұмысы туралы Маркс теориясын барынша сорақы және мейлінше бұрмалағандық болып отырған — бұл капитализмнің «біріктірушілік маңызы» тек фабрикалық жұмысшыларды біріктіруде ғана дегенді сіз қайдан алдыңыз? Марксизм туралы түсінікті сіз «Оте-

---

көреміз, және бұл зерттеуге С. Короленко мырзаның Европалық Россияның «ауыл шаруашылық және өнеркәсіп жөніндегі шолуын» әкеп қосқандығын көреміз. Бұл шолуда Европалық Россияның жұмысшы халқы олардың кәсіптері бойынша бөлуге талап етілген (талап етілгенде белгілібір «зерттеу» негізінде емес, бұрынғы қолдағы мәліметтер бойынша талап етілген.) Мұның нәтижесі С. А. Короленко мырзада мынадай болып шыққан: Европалық Россияның 50 губерниясында барлық жұмысшылардың саны — 35 712 000 болған. Бұлардың ішінен:

егіншілікте	27 435,4 мың	30 124 мың
арнаулы өсімдіктер егісінде . . .	1 466,4 »	
фабрика-завод және кен өнеркәсібінде	1 222,7 »	
еврейлер	1 400,4 »	
орман-тоғай кәсіптерінде	2 000 »	шамасы
мал өсіруде	1 000 »	»
темір жолдарда	200 »	»
балық аулауда	200 »	»
жергілікті және жанама кәсіп орындарында, аң аулау және сол сияқты басқа кәсіптерде	787,2 »	
Жыйыны:	35 712,1 мың	

Сонымен, Короленко мырза барлық жұмысшыларды олардың кәсіптері бойынша бөліп отыр (жаман болсын, жақсы болсын осылай етіп отыр), ал Ник. —он мырза алдыңғы үш бөлімін қалай болса солай ала салып, 5 588 мың «мүлде бос қалған» (??) жұмысшылар туралы айтады.

Бұл сәтсіздіктен басқа, Короленко мырзаның есебі өте дөрекі және дәл емес есеп екенін ескерте кетпеуге болмайды: егіншіліктегі жұмысшылардың саны бүкіл Россияға ортақ бір норма арқылы белгіленді, өндірмейтін халық бөлінбеді (Короленко мырза, еврейлерге қаны қас бастыққа бағынып, өндірмейтін халыққа... *еврейлерді!* апарып қосты. Өндірмейтін жұмысшылар 1,4 миллионнан көп болуға тиіс: саудагерлер, қайыршылар, қаңғыбастар, қылмысты адамдар, тағы-тағылар), майдагерлер саны өте аз (ақырғы бөлімі сыртқа шығып істейтін және жергілікті жердегі майдагерлер) т. т. Мұндай есепті келтіргеннен келтірмеген артық болар еді.

чественные Записки дің» еңбекті біріктіру жөніндегі мақалаларынан алып отырған жоқсыз ба? Сіз де оны бір үйде істелетін жұмысқа теңеп отырған жоқсыз ба?

Жоқ, олай емес. Ник.—онды бұл жөнінен кінәлауға болмас еді, өйткені ол «Русское Богатствоның» № 6 басылған мақаласының екінші бетінде капитализмнің еңбекті біріктіруін дәл сыйпаттайды, бұл біріктірудің екі белгісін дұрыс көрсетеді: 1) жалпы қоғам үшін істелетін жұмысты және 2) жалпы еңбектің өнімін алу үшін жеке қызметшілердің бірігуін дұрыс көрсетеді. Алайда, егер мұның өзі осылай болып отырса, капитализмнің «міндеті» туралы фабрикалық жұмысшылардың санына қарай сөз қылудың қажеті қанша, өйткені бұл «міндет» капитализмнің және жалпы алғанда еңбектің біріктірілуінің дамуы, жалпы алғанда пролетариаттың құрылуымен орындалады, — бұл пролетариат жөнінде фабрика-завод жұмысшылары авангардтың алдыңғы қатардағы сапының міндеттерін ғана атқарады. Әрине, пролетариаттың революциялық қозғалысы жұмысшылардың санына да, олардың бір жерде топтасуына да, олардың даму дәрежесіне де, т. т. байланысты екені талассыз, бірақ мұның бәрі де капитализмнің *«біріктірушілік маңызын» фабрика-завод жұмысшыларының санына қарай* белгілеуге ешқандай право бермейді. Мұның өзі Маркстің идеясын адам айтқысыз етіп өрісін тарылту болады.

Мысалы келтірейін: Фридрих Энгельс өзінің Zur Wohnungsfrage»* деген кітапшасында: Германияның өнеркәсібі туралы сөз қылады және Германиядан басқа ешбір елде, — оның айтып отырғаны тек Батыс Европа туралы ғана, — өзінің меншігінде бау-бақшасы немесе егін салатын аз ғана жері бар мұншалықты жалданушы жұмысшылардың жоқ екендігін көрсетеді. *«Деревнялық бау-бақшамен немесе ауыл шаруашылығымен ұштасқан деревняның майдагерлік өнеркәсібі* — дейді, ол, — *Германияның жаңа өсіп келе жатқан ірі өнеркәсібінің кең негізі болып отыр»*. Бұл майдагерлік кәсіпшілік неміс ұсақ шаруаларының қажеттері өсуіне қарай, бірден бірге барған сайын өсіп отырмақшы

---

* «Пәтер-үй мәселесіне». *Ред.*

(өз тарапымыздан Россиядағы сыяқты деп қосып қоялық), бірақ мұнымен бірге өнеркәсіпті егіншілікпен **ҚОСУ** майдагердің **ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫНЫҢ** оңдалуы болып табылмайды, қайта мұның керісінше — бұрынғысынан да горі оның **ЕЗІЛЕ ТҮСУІНЕ** жағдай болып шығады. Майдагер өзінің тұрған жеріне байлаулы болғандықтан қандай бағаға болса да көнуге мәжбүр болады, сондықтан ол капиталистке қосымша құнды беріп қана қоймай, жалақының да анағұрлым бөлегін береді (ірі өндірістің үйде істелетін системасы орасан зор дамып отырған Россия да сондай). *«Мұның өзі істің бір ғана жағы,* — дейді әрі қарай Энгельс, — *бірақ мұның екінші жағы да бар... майдагерлік кәсіпшіліктің өріс алуымен қатар қазіргі заманның өнеркәсіп қозғалысына бір жердегі шаруалардан кейін екінші жердегі шаруалар тартыла береді. Майдагерлік кәсіпшілік арқылы егіншілікпен күн елтетін жерлердің осылайша революцияландырылуы Германияда өнеркәсіп революциясын Англия мен Францияға қарағанда анағұрлым кең өрісте таратады... Мұның өзі Германияда, Англия мен Францияға мүлде қарама-қарсы, революцияшыл жұмысшы қозғалысы тек қалалық орталықтардың шеңберінде қалып қана қоймай, бүкіл байтақ елге ерекше күшпен таралуының себебін түсіндіреді. Ал мұның өзі осы қозғалыстың байыптылықпен, берік, тоқтаусыз өсуінің себебін де түсіндіреді. Германияның астанасында және басқа үлкен қалаларында жеңімпаз көтерілістің болуы ұсақ қалалардың және деревня облыстарының көпшілігі төңкеріс жасауға пісіп жеткен кезінде ғана болуға мүмкіндігі Германияда өзінен өзі түсінікті мәселе»*[72].

Міне енді қараңызшы: «капитализмнің біріктірушілік маңызы» ғана емес, сонымен бірге жұмысшы қозғалысының табысты болуы да фабрикалық жұмысшылардың санына байланысты болып қоймай... *майдагерлер* санына да байланысты көрінеді. Ал біздің өзіншелік жолды ұстаушылар орыстың майдагерлік кәсіпшілігінің анағұрлым көпшілігінің таза капиталистік жолмен ұйымдасып отырғандығын елеместен, оларды қайдағыбір «халықтық» өнеркәсіп ретінде капитализмге қарама-қарсы қояды, сөйтіп «капитализмнің өз қарамағындағы халықтың проценті» туралы мәселені фабрикалық жұмысшылар-

дың санына қарай талқыға салады! Мұның өзі Кривенко мырзаның мынадай бір пікірін еске түсіреді: марксистер барлық назарын фабрикалық жұмысшыларға аударғысы келеді, бірақ 100 миллионның бір миллионы ғана жұмысшылар болғандықтан, мұның өзі тұрмыстың бір кішкене ғана бұрышы болады, сондықтан өзінің ісін тек осыған арнау — сословиелік немесе игі істер мекемелерінде жұмыс істеумен ғана қанағаттанып қоюшылықпен бірдей болады («Русское Богатство» № 12). Фабрикалармен заводтар да — сословиелік және игі істер мекемелері сияқты тұрмыстың кішкене ғана бұрышы болып табылады!! Пай, данышпан Кривенко мырза-ай! Мүмкін, тек сословиелік мекемелер ғана барлық қоғам үшін өнім өндіретін шығар? мүмкін, сословиелік мекемелердің тәртіптері ғана еңбекшілердің қаналуы мен экспроприациялануын түсіндіріп беретін шығар? мүмкін, жұмысшыларды азат ету туын көтеру қолынан келетін пролетариаттың алдыңғы қатарлы өкілдерін тек сословиелік мекемелерден ғана іздеуге болатын шығар?

Мұндайларды ұсақ буржуазиялық философтардың ауыздарынан естісең таңырқамайсың ғой, ал егер бұл сияқты нәрсені Ник. —он мырза сияқты адамдардан естігенде бір түрлі адамның жанына батқандай болып тұрады.

Маркс «Капиталдың»[73] 393 бетінде Англия халқының құрамы жөнінде мәліметтер келтіреді. Англияда және Уэльсте 1861 жылы барлығы — 20 миллион адам болған. Фабрика-завод өнеркәсібінің бас салаларындағы жұмысшылардың саны 1 605 440 адам* болған көрінеді. Сонымен бірге көмекші қызметшілердің саны 1 208 648 болған көрінеді, ал Маркс екінші басылуында жазған ескертуінде осы соңғы таптың ерекше жедел өсіп отырғанын

---

* 624 607 адам тоқыма өнеркәсібінде, шұлық және шілтер өндірісінде жұмыс істейді (бізде шұлық және шілтер тоқу кәсібімен айналысатын он мыңдаған әйелдер бар, бұларды жұмыс істетіп отырған «саудагер әйелдер» құлақ естіп көз көрмеген түрде қанайды. Жалақы кейде күніне 3 тыйынға (sic!) дейін барады! Ник. — он мырза, бұларды «капитализмнің нақ өз қарамағында» емес деп қалай айта аласыз?), онан соң 565 835 адам көмір мен металл кендерінде жұмыс істейді және 396 998 адам бүкіл металл өндірісінде және мануфактураларда жұмыс істейді.

көрсетеді. Енді айталық Англияда «капитализмнің біріктірушілік маңызы» туралы белгілі бір пікір айту үшін 1,6 миллионды 20ға бөлмекші болған «марксистер» табылған екен делік. 8 процент болады екен — *он екі бөлігінің біріне жетіңкіремейді!!!* Халықтың он екі бөлігінің бір бөлігін біріктіре алмай отырғанында, сол капитализмнің «міндеті» туралы қалай сөз қылуға болады! және оның үстіне «үй құлдарының» табы жедел өсіп келеді екен — мұның өзі «халық еңбегінің» босқа кеткендігін көрсетеді екен, сондықтан «біз», ағылшындар, «теріс жолмен» келеміз! сол себепті «бізге» «өз отанымыздың дамуына басқа бір жол», капиталистік емес «бір жол» табуымыз керек болатыны айқын емес пе, дейтін болса қайтер едіңіз!

Ник. —он мырзаның дәлелдерінде тағы бір пункт қалды: «Батыс Европаға ерекше тән болған, *Солтүстік Америкада ерекше күшпен басталып көзге түсе бастаған»* капитализмнің біріктірушілік маңызын біздің капитализм тудыра алмай отыр дегенінде ол жұмысшы қозғалысын айтып отырған болу керек. Демек, біз басқа жолды іздеуге тиістіміз, өйткені біздің капитализм жұмысшы қозғалысын туғыза алмайды. Бұл дәлелді Михайловский мырза, сірә, бұрын болжаған сияқты еді ғой. Маркс дайын тұрған пролетариаттың кезінде іс істеді, — деп үйретті ол марксистерді. Сөйтіп бір марксистің оған сіз қайыршылықтан тек қайыршылықты ғана көресіз деген ескертуіне, ол мынадай жауап қайырды: бұл ескертудің өзі, жалпы әдет бойынша бүтіндей Маркстен алынған дейді. Бірақ егер біз «Философия бишаралығының» бұл жеріне келетін болсақ, онда мұны біздің істерімізге қолдануға болмайтындығын көреміз, біздің бишаралығымыз — тек бишаралық екенін ғана көреміз. — Ал іс жүзінде «Философия бишаралығынан» біз ешнәрсені көріп отырғанымыз жоқ. Маркс онда бұрынғы ескі мектептің коммунистері туралы сөз қылады, олар бишаралықтан тек бишаралықты көреді, оның революциялық, ескіні қыйрататын жағын, ескі қоғамды[74] құлататын жағын байқамайды. Михайловский мырзаның мұны біздің ісімізге қолдануға болмайды деп айтуына жұмысшы қозғалысының «көрінбеуі» негізгі дәлел болғаны айқын нәрсе. Бұл пікір жөнінде, біріншіден, Маркс дайын тұрған

пролетариаттың кезінде іс істеді дейтін идея фактылармен барынша үстіртін танысқан адамдарды ғана сендіре алатындығын ескерте кетуіміз керек. Маркс коммунистік программаны 1848 жылға дейінгі уақыттың ішінде-ақ жасап шығарды. Ол кезде Германияда жұмысшылар қозғалысы* қандай еді? Тіпті ол кезде саяси бостандық та жоқ еді, сондықтан коммунистердің жұмысы жасырын үйірмелердің жұмысынан асып кетпеген еді (казіргі біздегі сыяқты). Капитализмнің революциялық және бірік-тірушілік міндетін жұрттың бәріне айқын көрсеткен социал-демократиялық жұмысшылар қозғалысы бұдан екі он жылдай соң басталды, ғылми социализмнің доктринасы әбден қалыптасып болған кезде, ірі индустрия барынша кең өрістеген және жұмысшылар арасында бұл доктринаны таратушы дарынды, жігерлі адамдар табылған кезде басталды. Тарихи фактыларды теріс көрсете отырып, жұмысшы қозғалысына саналылық және ұйымшылдық енгізу жөнінде социалистердің толып жатқан еңбек жұмсағандығын ұмытып осылардың барлығының үстіне философтарымыз Маркстің көзқарасына ақылға қонбайтын фаталистік көзқарастарды тықпалайды. Оның пікірі бойынша жұмысшыларды ұйымдастыру және оларды біріктіру өзінен өзі болатын сыяқты, ал, демек егер біз айталық, капитализмді көре отырып, жұмысшы қозғалысын көрмей отырсақ, мұның себебі жұмысшылардың арасында ұйымдастыру және насихат жұмысын жүргізу жөнінде біз жұмысты әлі де нашар істеп отырғандығымыздан емес, капитализмнің өз міндетін орындай алмай отырғандығынан көрінеді. Біздің өзіншелік философтарымыздың бұл мещандық қорқақтың жалтарысын теріске шығаруға да тұрмайды: оны барлық елдердегі социал-демократтардың барлық істері теріске шығарады, оны қай марксистің болса да ашықтан ашық жұртшылық алдында айтқан сөзі теріске шығарады. Социал-демократия дегеніміз жұмысшылар қозғалысының социализммен ұштасуы болып табылады деп Каутский өте әділ

* Ол кезде жұмысшы табының саны қаншалықты аз болғанын *27 жылдан соң* 1875 ж., Маркстің былай деп жазғанынан байқауға болады: «Германияның еңбекші халқының көпшілігі пролетарлар емес, шаруалар».[75] Міне — «дайын тұрған пролетариаттың кезінде іс істеу (??)» деп отырғаны осы.

айтады. Ал капитализмнің прогрестік жұмысы бізде де «көрінуі» үшін біздің социалистер барлық жігерін салып өз жұмысына кірісуге тиісті; олар орыс тарихы мен орыс өмір шындығын толық марксистік тұрғыдан ұғыну ісін жасап шығаруға тиісті, Россияда өте-мөте шатастырылып, бүркеліп тасталған тап күресі мен қанаудың барлық түрлерін нақты зерттеуге тисіті. Бұдан кейін олар бұл теорияны жұмысшыларға жеткізуге, жұмысшының оны ұғуына көмектесуге, *социал-демократизм идеясын тарату үшін және жұмысшыларды саяси күш етіп біріктіру үшін біздің жағдайымызда* **ҚОЛАЙЛЫ** *деп тапқан ұйым* түрін дайындап шығаруға тиісті. Ал орыс социал-демократтары біз жұмысшы табының идеологтарының бұл жұмысын (мұнда бұл жұмыстың бұл жерде де ұшы-қыйыры көрінбейді) аяқтадық, орындадық деп ешуақытта айтпағандығы былай тұрсын, ал қайта керісінше, олар бұл жұмысты жаңа бастап жатқанын, белгілібір берік істі аяқтап шығу үшін көптеген адамдардың әлі де болса көп күшін салуы керек екенін ұдайы атап көрсетіп келді.

Біздің капитализмнің прогрестік жұмысының жоқтығы туралы таралып жүрген наразылық пікір Маркс теориясын қанағаттанғысыз және өрескел тар мағнада түсінушілікпен қатар «халықтық құрылыс» деген ертегі жөніндегі сорақы идеяға негізделген болуы керек.

«Шаруалар» атышулы «қауымда» кедей мен бай болып, пролетариаттың өкілдері мен капитал (әсіресе сауда капиталы) өкілдері болып бөлінген кезде, — ол уақытта бұл жерде жұрт жаңа басталып келе жатқан, ортағасырлық капитализмді көргісі келмейді, сөйтіп деревняның саяси-экономикалық құрылысын көрмей өте шығып, «отан үшін басқа жолдар» іздеу туралы, шаруалардың жер *шелену* формаларының түрлері өзгергені туралы әңгіме соғады, бұл формамен экономикалық ұйымдастыру формасын кешіргісіз түрде шатастырады, бізде «теңгермелік қауымның» өзінде шаруалардың таза буржуазиялық ыдырауы бейнебір өркендемеген сыяқты көреді. Ал бұл капитализм дами келе ортағасырлық, деревнялық капитализмнің көлемі тар формаларын басып озып, жердің крепостниктік қожалығын талқандап отырған кезде, әлдеқашан барынан айрылып біткен, ашыққан шаруаны жерін қоғамға мерейі үстем болған кулактардың арасын-

да тепе-тең етіп бөліп беруге тастап, басқа жаққа кетуге, бүкіл Россияны кезіп кетуге көп уақытын жұмыссыз өткізіп, бүгін помещикке, ертең — темір жол құрылысының көтермешісіне, онан соң, — қалада қара жұмысшы болып немесе бай шаруаға жалшылыққа, т. т. жалдануға мәжбүр еткен кезде; бұл «шаруа» бүкіл Россияда қожайыннан қожайынға ауысып, жүрген жерінің барлығында да оның нағыз ұятсыздықпен тоналып жүргенін көргенінде, өзімен қатар дәл өзі сияқты басқа да қаңғырып жүргендердің де тоналып отырғанын көргенінде, үздіксіз тонап отырған тек «байбатша» ғана емес, жұмысшы күшін сатып алуға ақша жыйнап алғанда «өзінің туысы-мужиктің» де тонап отырғанын көргенінде, жұмысшылардың правосын тұжыртып, оның элементарлық правосын қорғау үшін жасаған әрекетінің барлығын бүліншілік деген сылтаумен баса отырып, үкметтің барлық жерде де, қожайындарға қызмет етіп отырғанын көргенде де, бір жағынан, орыс жұмысшыларының еңбегі бірден бірге барынша қыйындап, жұмысшының тұрмыс халі барған сайын нашарлап, тонау күшейіп, жұмыссыздық дағдыға айналып бара жатса, ал екінші жағынан, байлық пен сән-салтанаттың бірден бірге өсіп келе жатқанын көріп отырған кезде, — міне осындай уақытта біздің марксизмді сынаушыларымыз отан үшін басқа жолдар іздейді, міне осындай уақытта олар терең мағналы мынадай бір мәселені: фабрика жұмысшыларының саны баяу өсіп отырғанда, капитализмнің прогрестік жұмысы бар деп мойындауға бола ма және біздің капитализмді «өзінің тарихи міндетін нашар, өте нашар орындап отырғандығы себепті» теріске шығарып, теріс жол деп тану керек емес пе деген мәселені шешпекші болады.

Қандайлық жоғары дәрежелі, аскан зор — адамгершілік кәсіп екені рас емес пе?

Россияның барлық жерінде де еңбекшілер капиталистік канауда болып отырғанда отан үшін басқа жолдар іздеу— шындықтан қашып утопияға шому болып табылады дейтін, өз міндетін нашар орындап отырған біздің капитализм емес, қайта орыс социалистері, орыс қоғамының антагонистік таптарының ғасыр бойы келе жатқан экономикалық күресін өз-өзінен құрыйды деп ойлау — маниловщинаға түсу болып табылатындығын түсінгісі кел-

мейтін, бұл күресте ұйымшылдық пен саналылық енгізу жөнінде тырысу керек екенін және бұл үшін социал-демократиялық жұмысқа кірісу керек екенін түсінгісі келмейтін орыс социалистері деп айтатын марксистердің өзі қандайлық өрісі тар, қандайлық қатаң доктринерлер десеңізші.

Қорытындыда Ник. — он мырзаның Струве мырзаға қарсы «Русское Богатствоның» сол № 6 жазылған тағы бір өрескелдігін айтпай кетуге болмайды.

«Струве мырзаның айтысының кейбір өзгешеліктеріне көңіл қоймасқа болмайды — дейді Ник. —он мырза. Ол мақаласын немістің елеулі журналында, неміс жұртшылығына арнап жазды, ал қолданған тәсілі мүлде лайықсыз сияқты. Оның мақаласындағы толып жатқан әртүрлі «құбыжықтардан» үрейлене қоюдан, неміс жұртшылығы былай тұрсын, орыс жұртшылығының да кеткенін, мұның «есейіп, ақылы кірген адамдардың» қатарына қосылғанын ойлау керек еді. «Утопия», «реакцияшыл программа» және тағы осы сияқты сөздер бұл мақаладан жол басы кездесіп отырады. Бірақ, не керек, бұл «қорқынышты сөздер» Струве мырза ойлағандай, тегі, оншалықты әсер ете алмады» (128 бетті қараңыз).

Ник. —он мырза мен Струве мырзаның бұл айтысында «лайықсыз тәсілдер» бар ма, егер бар болса, — оларды кім қолданып отыр, міне осыны талдап көрейік.

Елеулі мақалада «құбыжықтар» мен «қорқынышты сөздер» арқылы жұртты әуре етпекші болды деген сөздер бойынша Струве мырза «лайықсыз тәсілдер» қолданды деп кіналанып отыр.

«Құбыжықтар» және «қорқынышты сөздер» дегенді айту — өзіне қарсы адамға өте ұнамсыз баға беру деген сөз болады, мұның өзі сонымен қатар ашық және айқын дәлелденген, жазып отырған адамның (айқын баяндаған адам тұрғысынан) ой тұрғысынан сөзсіз туатын сөзсіз баға емес, тек біреуді балағаттап масқаралауды көздейтін баға беру деген сөз болады.

Өте ұнамсыз баға беруге керекті теңеуді де «құбыжықтар» дегізіп отырғанда осы соңғы себеп қана болу керек. Слонимский мырза да Ник. —он мырза туралы қатты айтып еді ғой, бірақ ол қазіргі тәртіптердің бур-

жуазиялық тәртіп екенін түсінуге мүлде қолынан келмейтін кәдімгі либералдық көзқарасын ашық және қорытып жазғандықтан өзінің адамды таң қалдыратын дәлелдерін айқын, өте анық етіп қорытқандықтан, — оны басқа қандай қылықтары үшін айыптауға болса да, «лайықсыз тәсілдер» қолданды деп айыптауға болмайды. Слонимский мырза туралы да Ник. — он мырза «бізде де ақталған» (Ник. — он мырзаның өзі мойындаған) Маркстің сөздерін келтіріп оған үгіт және ақыл айта отырып, Слонимский мырзаның ұсақ майдагерлік өндіріс пен жер иеленуші ұсақ шаруаларды жақтауының *реакцияшыл* және *утопиялық* екендігін көрсетіп, оның көзқарасының «өрісі тар», *«аңқаулығы»*, т. с. бар деп айыптап, өте қатты сөкті. Қараңызшы енді, Ник. —он мырзаның мақаласы да Струве мырзаның мақаласындағы жазылған сөздер сияқты теңеулермен «толы» (бұлардың асты сызылған), бірақ біз «лайықсыз тәсілдер» туралы сөз қыла алмаймыз, өйткені мұның бәрі — дәлелденген, мұның бәрі автордың көзқарасының белгілібір тұрғысынан және системасынан қарап жазылған, бұлардың хате болуы да мүмкін, бірақ бұларды қабылдай отырып, қарсы адамға ой-өрісі тар, аңқау, реакцияшыл утопист адам деп қарауға болады, басқаша қарауға болмайды.

Енді Струве мырзаның мақаласының мән-жайына келейік. Ник. —он мырзаны реакцияшыл программаның шығуына әкеліп соғатын утопиялыққа және аңқаулыққа салындың деп айыптағанда, ол өзін осындай пікірге келтірген дәлелдерді әбден айқын ашық көрсетеді. Біріншіден: Ник. — он мырза «өндірістің біріктірілуін» тілей отырып, «қоғамға (sic!) және мемлекетке арқа сүйейді». Мұның өзі «Маркстің тап күресі және мемлекет туралы ғылымының орыс саяси-экономына мүлде жат екендігін дәлелдейді». Біздің мемлекетіміз — «үстем таптардың өкілі». — Екінші: егер «шын капитализмге тек біз *қажет еткендіктен* шығуға *тиісті* болған *қыял өрісіндегі* шаруашылық құрылысты қарама-қарсы қоятын болсақ, басқа сөзбен айтқанда, капитализмнен тыс өндірістің біріктірілуін көксейтін болсақ, онда мұның өзі тек тарихқа жанаспайтын аңқау ұғынушылықты ғана көрсетеді». Капитализмнің дамуына байланысты, өзіндік шаруашылықтың ығыстырылуы және тәлолық халықтың санының азаюына

байланысты, «қазіргі мемлекет біздің патриархалды заманымыздың (Россия туралы айтып отырмыз) күңгірт дүниесінен шығады, ол ашық тап күресінің айқын дүниесін көреді, ал өндірісті біріктіру үшін басқа күштер мен басқа фактыларды іздестіруге тура келеді».

Бұл не, әлде мұның өзі жеткілікті, ашық және түсінікті дәлел емес пе? Струве мырзаның автор пікірі жөніндегі атап көрсеткен сөздерінің дұрыс екендігіне талассуға бола ма? Әлде Ник. —он мырза шынына келгенде капиталистік қоғамға тән тап күресін есіне алды ма? Жоқ. Ол қоғам мен мемлекетті сөз қылғанда бұл күресті ұмытып кетеді, оны мүлде есептен шығарып тастайды. Ол, мәселен, мемлекет қауым арқылы еңбекті бірлестірудің орнына, капитализмді қолдады дейді, т. т. Ол, сірә, мемлекеттің олай да, былай да істеу қолынан келеді деп санайды, демек мемлекетті *таптан тыс* деп есептейді. Струве мырзаны «құбыжықтарды» қолдандың деп айыптау — *барып тұрған* әділетсіздік екендігі айқын емес пе? Біздің мемлекет таптық мемлекет деп ойлайтын адам, еңбекті біріктіру үшін, яғни үстем таптарды жою үшін бұл мемлекеттен көмек сұрайтын адамды аңқау және реакцияшыл, утопист деп санамай тұра алмайтыны айқын емес пе? Ол-ол ма! Өзіне қарсы адамды «құбыжықтарды» қолданасың деп айыптағанда, оның мұндай баға беруіне себеп болған көзқарастарының айқын қорытылып жазылуына қарамастан бұл көзқарас туралы автор *жұмған аузын ашпай* отырғанда, мұның үстіне оны бұл көзқарас ене алмайтын цензураның бақылауындағы журналда айыптап отырғанда, — мұны «мүлде лайықсыз тәсіл» деп ойлау керек болмас па екен?

Бұдан әрі барайық. Струве мырзаның екінші дәлелінің де тұжырымдалуы бұдан кем емес. Капитализмнен тыс, қауым арқылы еңбекті біріктіру, — киял өрісіндегі құрылыс, мұның өзі күмансыз нәрсе, өйткені ол шындық өмірде жоқ нәрсе. Бұл шындықты Ник. — он мырзаның өзі былай деп суреттейді: 1861 жылға дейін өндіруші орындар «семьялар» мен «қауымдар» болып келді («Очерктер», 106—107 бет.), бұл «ұсақ, бытыраңқы, өзімен өзі болған өндіріс айтақаларлықтай дамый алмады, сондықтан да ол өте мешеу қалған, өнімі тым кем өндіруші орын болып отыр». Бұдан былайғы жердегі өзгеріс

«еңбектің қоғамдық бөлінісінің бірден бірге ұдайы ұлғая беруінде болды». Демек, капитализм бұрынғы өндіруші орындардың тар шеңберін бұзып, бүкіл қоғамдағы еңбекті біріктірді. *Біздің капитализмнің еңбекті бұл біріктіруін Ник. — он мырзаның өзі де мойындайды.* Сондықтан еңбекті біріктіру үшін, *оны біріктіріп қойған* капитализмге сүйенгісі келмей, *өзінің талқандауы арқасында бүкіл қоғамда еңбектің тұңғыш рет бірігуіне қолды жеткізген* қауымға сүйенгісі келеді, сондықтан да ол реакцияшыл утопист болып шығады. Струве мырзаның пікірі міне осы. Бұл пікірді дұрыс деп санауға да, немесе дұрыс емес деп санауға да болады, бірақ Ник. —он мырза туралы қатты айтылған бағаның сөзсіз осы пікір логикасынан шыққандығын мойындамауға болмайды және сондықтан «құбыжықтар» туралы сөз қылуға тура келмейді.

Ол-ол ма. Струве мырзаның еңбек бірігуін тілейтіндігін, мұның капитализм арқылы істелуін тілейтінін, бұл үшін «тап күресінің айқын ашық әлемінде» көзге түсетін күштерге сүйенгісі келетіндігін тура ашық айтуына қарамастан, Ник. —он мырза өзінің айтысын Струве мырзаны шаруаларды жерсіз қалдырғысы келеді деп аяқтайды («Егер прогрестік программа деп шаруалардың жерсіз қалуын айтатын болса... онда «Очерктердің» авторы — консерватор»), — онда мұны ақыйқат шындыққа мүлде қарама-қарсы келтірілген нәрсе деп атамасқа болмайды ғой. Ал егер цензураның бақылауындағы баспасөзде Струве мырзаның тап күресінің айқын әлемінде көзге түскен күштер туралы айта алмағандығын, ал оның Ник. —он мырзаның өзіне қарсы адамның үнін шығармай қойғандығын еске алсақ, — онда Ник. —он мырзаның қолданған тәсілінің «лайықсыз тәсілдерден» де лайықсыз екеніне таласудың қажеттілігінің өзі екіталай болып шығар еді.

III қосымша

Мен марксизмді тар ұғыну туралы айтқанда, марксистердің өздерін айтып отырмын. Бұл жөнінде біздің либералдар мен радикалдар марксизмді ашық баспасөз бетінде баяндауға кіріскен кезде марксизмнің өрісін өрескел тарылтып жіберетінін және бұрмалайтындығын айта кетпеске болмайды. Бұл қандай баяндау! Тек ойлап қараңызшы, бұл революциялық доктринаны Россия цензурасының адам айтқысыз тар шеңберіне зорлап сыйғызам деп оны қаншама бұлдіру керек болған! Ал біздің публицистеріміз түк шімірікпестен мұндай әрекетті істей береді: марксизм олардың баяндауынша капиталистік құрылыс кезінде жеке меншік иесінің еңбегіне негізделген жеке меншіктің диалектикалық түрде қалай дамып отыратындығы туралы, ал бұл меншік өзінің қажеттігін бекерге шығаратын меншікке қалай айналатындығы және бұдан кейін ол қалай біріктірілетіндігі туралы, айта көрмеңіз, осы жөніндегі ғылым көрінеді. Олар марксизмнің социологиялық методының барлық өзгешелігін елеместен, оның тап күресі туралы ғылымын елеместен, жерттеудің тура мақсаты — антагонизмнің, қанаудың барлық формаларын ашу екендігін, сөйтіп пролетариатқа бұларды құлатуға көмектесу керек екендігін елеместен, марксизмнің барлық мазмұны шынымен-ақ әлгі «схемада» деп ойлайды. Онда мұның өзі соншалық солғын және көлемі өте тар бірдеме болып шығады, сондықтан да біздің радикалдардың сорлы болған орыс марксистері үшін қайғырып, зарлай бастауы таңырқарлық іс емес. Енді қайтсін! Егер де орыс абсолютизмі мен реакция бар кезінде марксизмді толық және дәлме-дәл, ақыр аяғына дейін жсткізе айтуға болатын болса,

онда орыс абсолютизмі мен орыс реакциясы болмаған да болар еді. Егер біздің либералдар мен радикалдар марксизмді жақсылап білген болса (тым болмаса неміс әдебиетінен білген болса), онда олар цензура бақылауындағы баспасөз жүзінде марксизмді осынша бұрмалаудан ұялған болар еді. Теорияны баяндауға болмайды екен — үндемеңіз немесе оның барлығын баяндамайтын шындығыңызды, ең маңызды жерін тастап кететініңізді ескерте кетіңіз, ал теорияның үзінділерін ғана баяндай отырып, бұл теорияның өрісінің тарлығы туралы айқай-шу көтерудің қажеті қанша?

Бұлай еткенде тек Россияда ғана болуы мүмкін сөлекеттікке келіп ұрынуға болады, өйткені мұнда тап күресі туралы, капиталистік қоғамға тән, сөзсіз болатын антагонизм туралы және бұл антагонизмнің дамуы туралы, пролетариаттың революциялық ролі туралы түк түсінігі жоқ адамдарды; тіпті «ақша шаруашылығы», оның «қажеттігі» және сол сияқты сылдыр сөздерді тауып айтса-ақ болғаны, тұрадан-тура мүлде буржуазиялық жобаларды ұсынған адамдарды марксистердің қатарына қосып жүр, ал бұл сылдыр сөздерді марксистік сөздер деп тану үшін Михайловский мырзаның тілмарлығының бүкіл терең ойлылығы керек.

Ал Маркс өзінің теориясының бүкіл құны ол теорияның «өзінің мәні жағынан сыншыл* және революцияшыл»[76] болуында деп білді. Ал осы кейінгі хасиеттің *марксизмге* бүтіндей және сөзсіз тән екендігі ақыйқат шындық, өйткені бұл теория қазіргі қоғамдағы антагонизм мен қаналудың барлық формаларын *әйгілеуді*, олардың эволюциясына зер салуды, олардың өткінші сыйпатын, олардың басқа формаға ауысуының болмай қоймайтындығын дәлелдеуді және *сонымен пролетариат-*

---

* Бұл арада Маркстің материалистік сын туралы айтып отырғандығы есіңізде болсын, ол тек осы сынды ғана ғылми сын деп санайды, басқаша айтқанда саяси-заңдық, әлеуметтік, тұрмыстық және сондай фактыларды экономика мен өндірістік қатнастар системасымен, бүкіл антагонистік-қоғамдық қатнастардың негізінде сөзсіз құралатын таптардың мүдделер мен салыстыратын сын туралы айтып отырғандығы есіңізде болсын. Орыс қоғам қатнастарының — антагонистік қатнастар екендігіне күман келтіретін адам бола қояр ма екен. Бірақ оларды мұндай сынға негіз қылып әлі ешкім алып көрген емес.

тың қанау атаулыны мүмкін қадерінше тез және *мүмкін қадерінше оңай құртуына қызмет етуді өзіне тұрадан-тұра міндет етіп қояды*. Бұл теорияға барлық елдердің социалистерін қатыстыра отырып, жеңдірмейтін тартымды күштің (қоғамдық білімнің соңғы табысы бола тұрып) мәні сол — ол ең дәйекті және ең жоғары дәрежелі ғылымдылықты революцияшылдықпен ұштастырып отырады, ұштастырғанда кездейсоқ түрде ұштастырмайды және доктринаның негізін салушы адам ғылым мен революционердің хасиеттерін өз бойына жыйнағандығынан ғана ұштастырмайды, сол теорияның өзінің ішкі құрылысы жағынан табиғи түрде ажырамастай етіп ұштастырады. Шынында да, бұл жерде, теорияның міндегі, ғылымның мақсаты — езілгендердің табына оның қазіргі болып жатқан шын экономикалық күресіне көмектесу болады деп тура қойылып отыр.

> *«Біз дүние жүзіне: күресіңді тоқтат — сенің күресіңнің бәрі де түкке тұрмайтын бос нәрсе демейміз. Біз дүние жүзіне тек күрестің ақыйқат ұранын айтып береміз».*[77]

Демек, Маркстің айтуынша, ғылымның тура міндеті — күрестің ақыйқат ұранын айтып беру, яғни осы күрестің өзі өндіріс қатнастарының белгілібір системасының жемісі екенін объективті түрде түсіне білу, бұл күрестің қажетті екенін, оның мазмұнын, оның өрісі мен даму шарттарын *түсіне білу*. Бұл күрестің әрбір жеке түрін барынша әбден зерттемейінше, әрбір жекө кезеңдерде жағдайды анықтап алу үшін күрестің бір формадан екінші формаға көшудегі әрбір адымына зер салып отырмайынша, күрестің жалпы сыйпатын, оның жалпы мақсатын — қанау атаулы мен езушілік атаулының барлығын толық және мүлде жою мақсатын есте ұстамайынша «күрес ұранын» беруге болмайды.

Маркстің «сыншыл және революцияшыл» теориясымен біздің белгілі Н. К. Михайловскийдің өзінің «сынында» баяндаған және ол теорияға қарсы күрескен сыйықсыз шатпағын салыстырып көріңіз, — сонда сіз біздің публицистердің Маркс теориясының барлық татымды, мәнді жерін сылып тастап, оны «дерекі үйірмеге» айналдырып қойған нәрсесімен қанағаттанатын... адамдардың өздерін

«еңбекші таптардың идеологтарымыз» деп санағанда, шынында да осындай адамдар болады екен-ау деп таңыркайсыз.

Еңбекшілердің идеологі болу тілегінен туып отырған біздің халықшыл әдебиетімізді, жалпы алғанда біздің экономикалық тәртіптеріміздің, ал жеке алғанда шаруалардың тарихы мен қазіргі хал-жайына арналған әдебиетті осы теорияның қоятын талаптарымен салыстырып көріңіз, — онда сіз социалистердің күйзелушілікті зерттеп, оны суреттеп жазып шығудан және бұл туралы моральайтудан аспайтын теорияға қалай қанағаттанғанына таңданып, таңыркайсыз. Крепостниктік право белгілібір қанауды, белгілібір антагонистік таптарды, белгілібір саяси, заңдық және басқа тәртіптерді туғызатын шаруашылық құрылыстың белгілібір формасы болып суреттелмей, — помещиктердің жай ғана бір қиянаты және шаруаларға істеген әділетсіздігі болып суреттеледі. Шаруа реформасы белгілі шаруашылық формаларының және белгілі экономикалық таптардың соқтығысуы болып суреттелмей, ниетінің игілігіне қарамастан хателесіп «теріс жолға» «түскен» бастықтардың қолданған шарасы болып суреттеледі. Реформадан соңғы Россия белгілібір дамудағы антагонистік өндіріс қатнастарының белгілібір системасы деп суреттелмей, еңбекшілердің күйзелушілігіне себепкер болатын жолға түскендік, дұрыс жолдан тайғандық деп суреттеледі.

Қазір бұл теорияның өз маңызын жоғалтқандығы күмансыз, сондықтан, білімнің қазіргі дәрежесінде, марксизмнен тыс революцияшыл теорияның болуы мүмкін еместігін орыс социалистері неғұрлым тез ұқса, олар теория және практика жүзінде бұл теорияны Россияда қолдануға барлық күштерін неғұрлым тез жұмсаса, — революциялық жұмыстың табысты болуы да соғұрлым сөзсіз және тез болады.

Дұрыс, нағыз өнеркәсіпті «құру» үшін және басқа сондайлар үшін «халық достарының» өздерінің интеллигенцияны «халыққа» мәдениет жағынан әсер етуге шақыруы арқылы қазіргі «орыстың тапшы ой-пікіріне» қандай іріткі салатындығын айқын, көрнекті суреттеу үшін,

— народоволяшылардың бірден біргі ұрпағы, біздің ой-пікіріміздің тұрғысынан көрінеалшақ жатқан ой-пікірдегі народоправошылардың берген бағаларын келтірейік. «Толғағы жеткен мәселе» деген кітапшаны қараңыз, 1894 жыл. «Народное право» партиясы басып шығарған.

«Қайткенде де, тіпті кең бостандық беріледі деген шарт бола тұрса да, Россия еңбекшілердің өндірісте тәуелсіздігін қамтамасыз ететін (!) өзінің экономикалық құрылысынан айрылуға тиісті емес» дейтін және «бізге саяси реформа емес, ұдайы жоспарлы түрде жүргізіліп отыратын экономикалық реформалар керек» дейтін халықшылдардың бір түріне тамаша тойтарыс бере келіп, народоправошылар былай дейді:

«Біз буржуазияны жақтаушылар емеспіз және оның идеалдарына мәз болып, жетегінде кете берушілер де емеспіз, бірақ егер де қатал тағдыр халықтың таңдауына — буржуазияның қол сұғуынан жан-тәнін салып қорғайтын земство бастықтарының қорғауындағы «жоспар бойынша жүргізілетін экономикалық реформаны» қалайсыз ба немесе осы соңғы айтылғанды саяси бостандық негізінде, яғни халықтың өз мүдделерін ұйымдаса отырып өзі қорғауын қамтамасыз ететін жағдайда болуды тілейсіз бе десе, — сонда біз халық осы екеуінің ең соңғысын қалап алса, мұның өзі пайдалы болып шығар еді деп ойлаймыз. Қазір бізде, оның аты бар да заты жоқ экономикалық құрылысын тартып алу хатерін туғызып отырған «саяси реформалар жоқ, — дағдыда тек жұрттың бәрі де және барлық жерде болса да буржуазиялық саясат деп саналып отырған халық еңбегін өте өрескел қанаушылық бар. Қазір бізде бостандықтың кеңі де, тары да жоқ, тек сословиелік мүдделерді қорғау ғана бар, мұндай қорғауды конституциялы елдердің аграрийлары мен капиталистері қыял етуді де қойған. Қазір бізде «буржуазиялық парламентаризм» де жоқ, қоғам басқару орындарының маңына да жуытылмайды, — десятина басына 100 сомнан сыйлық кредит берілуін талап етуге дейін барып отырған «біздің ғадал дворяндарымыздың» өкілдерімен қатар өздерінің мүдделерін қорғау үшін қытай қорғанын салып беруді талап етіп отырған — Найденов, Морозов, Кази және Белов мырзалар бар. Бұларды комиссияларға шақырып оты-

рады, олардың айтқандарын хүрметпен тыңдайды, еліміздің экономикалық тұрмысындағы маңызды мәселелер жөнінде олардың пікірлері шешуші орын алып отырады. Ал осы кезде халықты жақтап сөйлеушілер кім, олар қай жерде? олар земство бастықтары емес пе? Ауыл шаруашылығы жұмысшы роталарын құру жобасы сол үшін жасалынып жатқан жоқ па? Халыққа жер үлестіріліп бергенде, алғырт-салғыртты төлету үшін, міндеттемелерді өтету үшін ғана беріліп отыр деп Вологда губернаторының өз жарлығында жұрттың бәріне жарияланған, арсыздықпен ұштасып жатқан сөздері қазір ғана айтылып отырған жоқ па? Самодержавиенің немесе, дұрысырақ айтқанда, бюрократиялық абсолютизмнің істеп отырған бұл ісін губернатор тек тұжырымдап, жұртқа естіртіп айтып берді.

Народоправошылардың өздері мүдделерін қорғағысы келетін «халық» жөніндегі, еңбектің мүдделерін қорғайтын сенімді орган деп ойлап келген «қоғам» жөніндегі түсініктері әлі де бұлдыр бола тұрғанмен, — «халық правосы» партиясының құрылуының бір адым алға басқандық екенін, «отан үшін басқа жолдар» іздеу туралы жалған үміттер мен қиялдарды мүлде тастауға, қорқып-үркпестен-ақ нағыз шын жолдарды мойындап және революциялық күрес жүргізу үшін адамдар іздеп табуға бағытталған бір адым ілгері басқандық болып табылатынын мойындамауға болмайды. Мұнда демократиялық партияны құруға ұмтылғандық айқын көрініп отыр. Менің тек «ұмтылғандық» туралы ғана айтып отырған себебім, амал қайсы, народоправошылар өздерінің көзқарастарын табанды түрде жүргізе алмай келеді. Олар әлде болса социалистермен бірігу және олармен одақ жасау туралы сөз қылады, олар жұмысшыларды жай ғана саяси радикализмге тарту дегеннің жұмысшы интеллигенттерді жұмысшы бұқарасынан айыру болатындығын, демек, жұмысшы қозғалысын әлсіздікке душар еткендік болатынын түсінгілері келмейді, өйткені жұмысшы қозғалысы жұмысшы табының мүдделерін толық және барлық жағынан бірдей жүргізу негізінде ғана күшті бола алады, капитал қызметіне қарсы жүргізілетін саяси күреспен ажырамастық болып ұштасқан капиталға қарсы жүргізілетін экономикалық күрестің негізінде ғана күш-

ті бола алады. Олар барлық революциялық элементтерді «біріктіру» ісі жеке мүдделердің* өкілдерін ерекше ұйымдастыру арқылы және белгілібір партиялардың белгілібір жағдайларда бірігіп қыймыл жасаулары арқылы ғанағұрлым жақсы орындалатынын түсінгілері келмейді. Олар жалғыз ғана саяси реформалармен қанағаттанып, асқан сақтықпен, біздің социалистік «қарғыс атқан» мәселелерімізге соқпастан өте шыға тұрса да, өз партияларын әлі де болса «әлеуметтік-революциялық» партия деп атап жүр («Народное право» партиясының 1894 жылы 19 февральда шыққан Манифесін қараңыз). Жалған үміттерге қарсы күреске басқаларды өте қызу шақырып отырған партия өз «манифесінің» бірінші сөздері арқылы оларды жалған үмітке батырмауы керек еді; *конституционализмнен* басқа ешнәрсе жоқ жерде *социализм* туралы сөз қылудың керегі жоқ еді. Алайда, қайырып айтамын, народоправошылардың народоволяшылардан шыққандығын еске алмай тұрып, народоправошыларды бағалауға болмайды. Сондықтан, олардың бір адым ілгері басып отырғандығын, жалғыз ғана саяси программасы арқылы социализмге қатысы жоқ, тек қана саяси күресті дәлелдеп отырғандығын мойындамауға болмайды. Социал-демократтар народоправошылардың табысқа жетуіне жан-тәнімен тілектес, олардың партиясының өсіп, дамуына тілектес, қазіргі экономикалық тәртіптердің ** негізінде тұрған және *күнделікті тұрмыс* мүдделері де *демократизммен* шын тығыз байланысты қоғамдық элементтермен олардың неғұрлым тығыз жақындасуына тілектес.

* Олардың өздері де интеллигенттердің керемет жасайтындығына сенушілікке қарсы шығады, күреске халықтың өзін қатнастырудың қажеттігі туралы олардың өздері де айтады. Мұны істеу үшін бұл күресті белгілібір тұрмыстық мүдделермен байланыстыру қажет қой, демек жеке мүдделерді айыра білу және оларды күреске жеке-жеке тарта білу қажет.... Ал егер бұл жеке мүдделерді тек интеллигенттерге ғана түсінікті жалаң саяси талаптармен бүркейтін болсақ, онда мұның өзі — тағы сол кейін тарту, дәрменсіздіктері жаңа ғана мойындаған бір ғана интеллигенцияның күресіне қанағаттану болып шықпай ма?

** (Яғни капиталистік тәртіптердің) — бұл тәртіптерді қажетті түрде мойындамаудың және бұларға қарсы аяусыз күрес жүргізудің негізінде емес.

«Халық достарына» екі жақтан бірдей шабуыл жасағанкезде: бір жағыан олардың бюрократияға сенім білдіруге бейім болғандығы үшін, саяси күрестің сөзсіз керек екендігін түсінбегендігі үшін оларға саяси радикалдар тиіскен кезде; — екінші жағынан, олардың социализмге ешқандай қатысы болмаса да, еңбекшілер езілуінің себептері және болып жатқан тап күресінің сыйпаты туралы түк түсінігі болмаса да өздерін бейнебір социалистер етіп көрсетуге тырысатындығы үшін оларға социал-демократтар да тиіскен кезде «халық достарының» ымырашыл, қорқақ, нәзік қыял-арманының халықшылдығы көп өмір сүріп тұра алмайды.

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОҒАН СТРУВЕ МЫРЗАНЫҢ КІТАБЫНДА БЕРІЛГЕН СЫН

(МАРКСИЗМНІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕ СУРЕТТЕЛУІ)

П. Струве мырзаның: „Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын мақалалар" деген кітабы туралы. СПБ. 1894 ж.[75]

1894 жылдың аяғында—1895 жылдың басында жазылған

Бірінші рет К. Тулиннің қолы қойылып „Біздің шаруашылық дамуымыздың сыйпаттамаларына материалдар" деген жыйнақта басылған. СПБ. 1895 ж.

„Біздің шаруашылық дамуымыздың сыйпаттамаларына материалдар" деген жыйнақтың тексті бойынша басылып отыр

МАТЕРІАЛЫ

КЪ ХАРАКТЕРИСТИКѢ

НАШЕГО ХОЗЯЙСТВЕННАГО РАЗВИТІЯ.

СБОРНИКЪ СТАТЕЙ.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ
Типографія П. П. Сойкина, Стремянная ул., № 12
1895

В. И. Ленинің „Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын" деген еңбегі басылған жинақтың ішкі беті.—1895 ж.

Сөзді кең мағнасында — ең маңызды социологиялық және экономикалық мәселелерді үзілді-кесілді шешіп беретін теориялық доктрина деп және «экономикалық саясат догматының» системасы деп түсінетін болсақ, Струве мырзаның жоғарыда аты аталған кітабы — халықшылдықты жүйелеп сынап шыққан кітап (VII бет). Бұл сыяқты міндеттің қойылуының бір өзі-ақ кітапқа аса көңіл аударта алар еді; бірақ бұл жөнінде бұдан да гөрі маңыздырақ мәселе — автор сынының қай тұрғыдан қаралып жүргізілгенінде болып отыр. Бұл туралы автор алғысөзінде былай дейді:

«Кейбір негізгі мәселелер жөнінде әдебиетте әбден белгілі болған көзқарастарға қосыла отырып, ол (автор) қандай да болса бір доктринаның әрпіне және заңына өзін байланысты деп ешбір санаған жок. Ол ортодоксияшылдық ауруға шалдықпаған» (IX).

Кітаптың барлық мазмұнынан оның «әдебиетте әбден белгілі болған көзқарастар» дегені марксистік көзқарастар екендігі айқын көрінеді. Автор, атап айтқанда, марксизмнің «кейбір негізгі» қағыйдаларының қайсысын қабыл алады, қайсысын қабыл алмайды? — неге және қанша? — деген сұрау туады. Автор бұл сұрауға тура жауап бермейді. Сондықтан, бұл кітаптағы марксизмнің есебіне жатқызуға болатыны немене, — автор доктринаның қандай қағыйдаларын қабыл алады және оларды қаншалықты бұлжытпай қолданып отыр, — қандай қағыйдаларын қабыл алмайды, ал бұлай болғанда, не болып шығады, — осының бәрін анықтап білу үшін кітапты толық тексеріп шығу қажет болады.

Бұл кітаптың мазмұны өте әртүрлі: автор, біріншіден, біздің халықшылдар қабылдап жүрген «социологиядағы субъективтік методты» баяндайды, оны сынайды және оған «тарихи-экономикалық материализм методын» қарама-қарсы қояды. Бұдан кейін ол халықшылдыққа экономикалық сын береді, мұны бергенде, біріншіден, «жалпы адамзаттың тәжрибесі» бойынша (IX бет) және, екіншіден, орыстың экономикалық тарихы мен тұрмысының мәліметтері бойынша береді. Жол-жөнекей халықшылдардың экономикалық саясат догматына да сын беріледі! Кітап мазмұнының мұндай әртүрлілігі (бұл біздің қоғамдық пікіріміздегі аса ірі ағымды сынағанда сөзсіз болатын нәрсе) кітапты тексерудің формасын да белгілеп отыр: автордың бірқатар дәлелдерінің әрбіріне жекежеке тоқтай отырып, оның баяндауын егжей-тегжейіне дейін тексеріп шығуға тура келеді.

Алайда, кітапты тексеруге кіріспестен бұрын, менің ойымша кейбір алдын ала түсінік беру мәселесіне толығырақ тоқтап өту қажет болады. Бұл мақаланың міндеті — Струве мырзаның кітабын сынау, сынағанда *барлық* («кейбір» ғана емес) «негізгі мәселелер жөнінде әдебиетте әбден белгілі болған көзқарастарға» «қосылатын» адамның тұрғысынан қарап сынау.

Бұл көзқарастар сынау мақсатымен либералдық-халықшылдық баспасөз бетінде сан рет баяндалған болатын, ал ол баяндаудың өзі бұл көзқарастарды сорақы көмескілендіріп жіберді,—ол-ол ма, тіпті бұрмалап жіберді, бұл көзқарастарға ешқандай қатнасы жоқ гегельшілдікті, «капитализм кезеңінен өту әр ел үшін де міндетті дегенге сенушілікті» және басқа көптеген таза жаңазамандық сандырақты әкеліп таңды.

Әсіресе доктринаның практикалық жағы, оны орыс істеріне қолдану жағы бұрмаланады. Орыс марксизмінің доктринасының негізге алатын жері орыс тұрмысы туралы мүлдем басқа ұғым екенін түсінгісі келмей, біздің либералдар мен халықшылдар осы доктринаны орыс тұрмысы жөніндегі өздерінің бұрынғы көзқарастарымен салыстырып қарайды және бұдан ешбір нәрсеге жуыс-

пайтын қорытынды шығарып қана қоймай, мұның үстіне, марксистерге ең өрескел айып тақты.

Сондықтан, өзімнің халықшылдыққа көзқарасымды белгілеп алмай тұрып, маған Струве мырзаның кітабын тексеруге кірісу мүмкін емес болып көрінеді. Мұның үстіне, халықшылдық көзқарастар мен марксистік көзқарастарды алдын ала салыстырып шығу, доктринаның объективтік жағымен ғана тынып, практикалық қорытындылардың бәрін дерлік қағажу қалдыратын, осы тексерілгелі отырған кітаптың көптеген жерлерін түсіндіру үшін керек.

Бұл салыстырудың өзі бізге халықшылдық пен марксизмнің негізге алатын ортақ жерлері қандай екенін және бұлардың негізгі айырмашылықтары қандай екенін көрсетеді. Бұл арада бұрынғы орыс халықшылдығын алу қолайлырақ болады, өйткені, ол, бірінші ден, дәйектілігі және пікір баяндылығы жөнінде қазіргі халықшылдықтан («Русское Богатство» сияқты органдардың адамдарынан) шексіз жоғары болды, ал, екіншіден, кейбір реттерде марксизм де қосылатын, халықшылдықтың жақсы жағын тұтасырақ көрсетеді.

Бұрынғы орыс халықшылдығының осындай professions de foi-ының * бірін алайық та, оны авторды оқшелеп соңына түсе отырып қарап шығалық.

---

* — дін қойған сенімдерінің. *Ред.*

I ТАРАУ

ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ PROFESSION DE FOI-ЫНА ЖОЛМА-ЖОЛ ТҮСІНІК

«Отечественные Записки»* CCXLII томында, автордың аты қойылмаған «Халықтың жаңадан көктеген гүлдері» деген мақала басылды; бұл мақалада орыс либерализміне қарама-қарсы, халықшылдықтың прогресшілдік жағы айқын көрсетіледі.

«Халық ішінен озат шығып, ең жоғарғы қоғамдық сатыға аяқ басып келе жатқан адамдарға» қарсы шығу «қазірде» «опасыздық етуге таяу қалғандық» болып саналады дегеннен бастайды автор.

«Осы жақын арада ғана әдебиетшіл бір есек «Отечественные Записки»ді *халыққа пессимистік жасады* деп бір түйреп өтті, ол бұл сөзді Златовратскийдің кітапшасы туралы жазған кішкене рецензия жөнінде айтқан болатын; ол кітапшада өсімқорлық пен жалпы тыйын құмарлықтың адамды аздыратын әсері жөніндегі пессимизм болмаса, басқа ешқандай пессимистік жоқ еді; ал, соңынан Гл. Успенский өзінің соңғы очерктеріне («Отечественные Записки», № 11, 1878 ж.) түсінік жазған кезде, либералдық батпақ кәдімгі ертегідегі сияқты асты-үстіне шықты... және ойда жоқ жерден толып жатқан халық қорғаушыларының шыққандығы сонша — біз, тіпті, халқымыздың осынша көп достары бар екен ғой деп таң қалдық...: Деревня-сұлу туралы және әдебиетшіл жігіттердің немесе, дұрысырақ айтқанда, жігіттер емес, дворян мырзалар мен малайлардың арасынан шыққан кәрі құмарпаздардың, жас өспірім көпестердің сол деревня-сұлуға көзқарасы туралы мәселенің қойылуына... мен тілектес болмай қала алмаймын... Деревняны мақтап ән салу және «оған көз қысу» оны жақсы көргендік, хұрметтегендік емес екендігі сияқты, оның кемшіліктерін көр-

* 1879 жыл, № 2, «Қазіргі замандағы шолу», 125—152 беттер.

сету әсте оған қастық ойлағандық болып шықпайды. Егер сіздер сол Успенскийдің өзінен: жаның нені көбірек жаратады, сеніңше келешек кепілдерінің көпшілігі неде — деревняда ма, әлде ескі дворяндық және жаңа мещандық жіктерде ме? — деп сұрасаңыз, онда оның «деревняда» дейтіндігіне күмәндануға болар ма».

Бұл жерінің өте-мөте ерекшелігі бар. Біріншіден, ол халықшылдықтың мәні неде екенін ашық көрсетеді: халықшылдықтың мәні — Россиядағы крепостниктікке (ескі дворяндық жікке) және буржуазиялыққа (жаңа мещандық жікке) *шаруаның, ұсақ өндірушінің тұрғысынан* қарсы болуында. Екіншіден, ол сонымен қатар бұл қарсылықтың қиял екенін де, оның фактылардан бет бұрып кетуін де көрсетеді.

«Ескі дворяндық» немесе «жаңа мещандық» тәртіптерден *тыс* басқа бір жерде өмір сүріп отырған деревня бар ма? Сол екеуінің де өкілдерінің өздерінше құрып келгені және құрып отырғандары осы «деревня» емес пе? Деревня дегеніміз — бірсыпырасы «ескі дворяндық», бірсыпырасы «жаңа мещандық» «жіктелудің» нақ өзі. Егер сіздер мүмкіншіліктерді қарастырмай, тек өмір шындығын ғана көрсетіп өтумен тынатын болсаныз (әңгіме тек осы туралы ғана болып отыр), онда деревняны қалай айналдырсаңыз да, одан ешқандай басқа бір нәрсені, ешқандай үшінші «жікті» таба алмайсыздар. Ал егер халықшылдар *тауып* жүрген болса, онда олардың онысы тек ағаштардың тасасында қалып орманды көре алмағандығынан, шаруалар қауымдарының жеке жер *иелену* түрінен асып кете алмағандығынан, орыстың бүкіл қоғамдық шаруашылығының экономикалық үйымын көре алмағандығынан болып отыр. Бұл үйым шаруаны товар өндірушіге айналдыра отырып, оны ұсақ буржуа етіп шығарады, — рынктің ұсақ дербес қожайыны етеді; осының салдарынан ол үйым, «келешек кепілдерін» *арттан* іздеу мүмкіндігін жойып, оларды *алдан* іздеткізеді, іздеткенде — «жаңа мещандық» тәртіп иелерінің мүдделерінің еңбек мүдделеріне қарама-қарсылығының өзі жеткілікті дамымағандықтан, «ескі дворяндық» және «жаңа мещандық» жіктелудің ұштасуы еңбек жағдайын өте нашарлатып, оның «жаңа мещандық» тәртіптердің иелеріне қарсы күрес жүргізуіне мүмкіндік бермейтін «деревнядан» іздетпейді,

толық жетіліп, «ескі дворяндық» әсемдіктен әбден тазарған, еңбекті қоғамдастырған, деревняда әлі бастама күйінде басынқы халде тұрған әлеуметтік қарама-қарсылықты аяқтап, анықтаған, ақырына дейін «жаңа мещандық» болған жіктен іздетеді.

Енді халықшылдық пен марксизмге *әкелетін* доктриналардың арасындағы, орыс тұрмысы мен тарихты *ұғынушылықтың* арасындағы теориялық айырмашылықтарды белгілеп беру керек.

Авторға ілесіп көрейік.

Ол «рухын ашу қысқан мырзаларды» былай деп сендірмек болады: халық кедейлігі мен халық адамгершілігінің арақатнасын Успенский:

«деревняға табынушылардың көбінен артығырақ түсінеді, ол табынушылар үшін... деревня дегеніміз... либералдық паспорт тәрізді нәрсе; әдетте мұндай паспорттарды үстіміздегі дәуір сияқты дәуірлерде есі бүтін және іскер буржуалардың бәрі күні бұрын дайындап алады».

Халықшыл мырза, сіз еңбек мүдделерін қорғағысы келген адамды қайғыртатын және жәбірлейтін зат, — оның «келешектің кепілі» деп танығаң нәрсесінің «либералдық паспортқа» айналып кетуі сияқты зат, — не себептен болып отыр деп ойлайсыз? Бұл келешектің өзі буржуазияны шығарып тастауға тиіс, — ал сіздердің осы келешекке жету жолында тұтқа етіп барғыларыңыз келіп отырған нәрсеңізге «іскер және есі бүтін буржуалардың» қастық істемейтіндігі былай тұрсын, қайта, өзі тілеп үсті-үстіне «паспорт» қарастырады.

Егер сіз «келешектің кепілін» көрсеткенде «іскер және есі бүтін буржуалар» билеп-төстеп отырған құрылысқа тән әлеуметтік қарама-қарсылықтар әлі жетілмеген, бастама халде тұрған жерде деп көрсетпей, ол қарама-қарсылықтар акырына дейін, nes plus ultra *-ға дейін жетілген жерден, демек, жартумаш, жарым-жарты шаралар қолданып кана тоқтауға болмайтын жерден, еңбекшілердің desiderata **-сын өз пайдасына асыруға болмайтын жерден, мәселенің қауырт қойылған жерінен

---

* — ең шегіне. *Ред.*

** — тілектерін, талаптарын. *Ред.*

көрсеткен болсаңыз, — онда, мұндай шатақ нәрсенің болуы мүмкін бе, сіз қалай деп ойлайсыз?

Төменде сіз өзіңіз де былай деп отырған жоқсыз ба: «Қоғамда қыймыл жасаушы күштердің бәрі, әдетте, тең қыймыл жасайтын, өзара қарама-қарсы екі күш болып құралатындығын және селқос күштердің, тегінде, күреске қатыспайтын күштердің, тек осы минутта салмағы басым күшке ғана қызмет ететіндігін, осындай қарапайым нәрсені халықтың селқос достарының түсінгісі келмейді» (132 бет).

Деревня бұл сыйпатқа жатпай ма екен, «салмағы басым күштің» таяғын соғармын-ау деп қорқпастан, деревня туралы қалай болса солай сөйлей беруге бола ма екен, сондайлық деревня өзінің ішінде осы «өзара қарама-қарсы күштер» де, күрес те жоқ болатын әлде қандай басқа бір дүние ме екен? Әңгіме күрес туралы болғаннан кейін айтып өту керек, осы өзара қарама-қарсы күштерді бір-бірінен батыл және біржолата айырып алуға кедергі болып отырған, басты жауды айқын көруге кедергі болып отырған толып жатқан басқа оқыйғалар осы күрес мазмұнын көлегейлеген жерден бастау қаншалықты дәлелді? Мақаланың аяғында автордың ұсынып отырған программасы — оқу, шаруаның жер иелігін ұлғайту, алым-салықты азайту — салмағы басым күшті титтей де мұқата алмайды, ал программаның соңғы пункты — «халықтық өнеркәсіпті ұйымдастыру» — күрестің болғаны былай тұрсын, оның үстіне күрес жеңіспен аяқталды деп есептейді, бұл айқын емес пе? Бар екенін мойындаудан өзіңіз де бас тарта алмаған антагонизмнен сіздің программаңыз бойын аулақ салып отыр. Сондықтан да ол программа «жаңа мещандық жіктің» қожайындарына қорқынышты емес. Сіздің программаңыз — ұсақбуржуазиялық қыял. Міне сондықтан ол программа тек «либералдық паспорт» болуға ғана жарайды.

«Деревняны дерексіз ұғым деп, ал мужикты дерексіз Нарцисс деп түсінетін адамдар, деревняны тек мақтап қою керек, деревня өзін бұзатын әсерлердің бәріне мейлінше жақсы қарсы тұрады деп қою керек дейтін адамдар, өте нашар ойлайды. Деревня күн сайын тыйын-тебен үшін жан аямай күресетін жағдайға қойылған болса, оны өсімқорлар жүндей түтіп, кулактар алдап, помещиктер қысымшылыққа салып отырған болса, кейде оны болыс кеңсесінде дүрелеп жататын болса, мұның өзі деревняның адамгершілік, мінез-құлық жағына әсер етпей қала ала ма?... Капитализмнің айқүні болып табылатын теңге деревняның ең көркем бейнесінің бас-

тысы болып отырса, адамның барлық назары, барлық ой-пікірлері мен рухани күштері теңгенің жолына салынып отырса, теңге өмір. дің мақсатына және адамның қабылеттілігін өлшейтін таразыға айналып отырса, бұл фактыны жасырып қалуға бола ма, мужик дегеніміз ақшаны мүлдем керек қылмайтын, ақшадан қол үзген Косьма деуге бола ма? Деревняда алауыздыққа қарай ұмтылушылық байқалып отырса, кулактар гүлдене өсіп, әлсіз шаруаларды батрак етуге, қауымды бұзуға, т. т. тырысып отырса, осы фактылардың бәрін жасырып қалуға бола ма?! деймін мен. Олардың неғұрлым тыянақты түрде, барлық жағынан зерттелуін тілеуімізге. оларды кедейліктің орасан ауыр жағдайларынан (ашыққан адамдар ұрлық қылады, кісі өлтіреді, ал өте ауыр жағдайларда тіпті бірін-бірі жеп те қояды) болып отыр деп ұғынуымызға болады. бірақ оларды жасыруға мүлде мүмкін емес. Оларды жасыру statum quo-ны * қорғау болып табылады, күйінішті құбылыстар жантүршігерлік мөлшерге жеткенге дейін атышулы laissez faire laissez aller ** дегенді қорғау болып табылады. Жалпы алғанда шындықты бояу қашан да болса артық нәрсе болады».

Мұнда да деревня қандай жақсы сыйпатталған, бірақ одан қандай саяз қортынды шығарылған! Фактылар қандай дұрыс көрсетілген, бірақ оларды түсіндіруі мен ұғынуы қандай әлсіз болып шыққан! Бұл жерде де біз еңбекті қорғау жөніндегі desiderat-тар мен оларды жүзеге асыру құралдарының арасында түпсіз тұңғыйық жатқанын тағы көріп отырмыз. Авторға деревнядағы капитализм «күйінішті құбылыстан» басқа нәрсе болып көрінбейді. Ол, нақ осындай ірі көлемді капитализмді қалада да көре тұрса да, капитализмнің халық еңбегінің барлық салаларын ғана емес, тіпті, буржуазиялық шараларды халық атынан және халық үшін деп көрсететін «прогресшіл» әдебиетті де өзіне қалай бағындырып алғанын көре тұрса да, — осының бірде-біріне қарамастан, істің мәні біздің қоғамдық шаруашылығымыздың өзгеше құрылғандығынан екенін мойындағысы келмейді, сөйтіп мұның өзі «ауыр жағдайлар» туғызып отырған күйінішті құбылыс қана деген қиялмен өзін-өзі жұбатады. Егерде қол сұқпаушылық теориясын қолданбайтын болсақ, онда бұл жағдайды жоюға болады-мыс. Я, *егерде*, сұйтсе-бұйтсе! Бірақ Русь елінде қол сұқпаушылық саясаты еш уақытта да болып көрген емес: қашанда болса буржуазияны жоқтайтын... қол сұғу болып келді. Мұны,

---

* — бұрынғы, өзгермейтін қағыйданы. *Ред.*

** — уақыйғаларды өз бетінше жібере бер. *Ред.*

Струве мырза айтқандай, «әлеуметтік күштерді таптардың арасында қайта бөлмей-ақ», өзгертуге тек «түскі тамақтан кейінгі жайбарақаттықпен» тәтті хыялға бату ғана үміттендіре алады.

«Біз қоғамымызға идеалдардың — саяси, азаматтық және басқа идеалдардың — ең алдымен, бұларды тауып алған соң, еш нәрсе туралы да ойламау үшін керек екенін, қоғамның ол идеалдарды жас шақтағы албырттықпен іздемей, түскі тамақтан кейінгі жайбарақаттықпен іздейтіндігін, қоғамның көңлі ол идеалдардан жаны қыйналып барып суымай, аркадиялық ханзаданың көңліндей оңай суыйтындығын ұмыта береміз. Міне, шегеріп айтқанның өзінде, біздің қоғамымыздың орасан басым көпшілігі осындай. Дұрысын айтқанда, оған ешқандай идеалдардың керегі жоқ, өйткені оның тамағы тоқ, ол құрсақтағы корегіне толық қанағаттанады».

Бұл—біздің либералдық-халықшылдық қоғамымызға өте жақсы берілген сыйпаттама.

Енді, осы «қоғаммен» әуреленіп, оны әлпештеп жүрген, «болғалы тұрған» капитализмнің, мақаланың авторы айтқандай, «қаһарын тігіп тұрған зұлымдықтың»* сұмдықтарын қоғамға суреттеп беріп жүрген, қоғамның өкілдерін «біз» бұрылып кеткен теріс жолдан шығуға, т. т. шақырып жүрген халықшылдар дәйекті ме, — әлде «өрісі тарлығынан» қоғамнан іргесін тым аулақ салып жүрген, «құрсақтағы корегіне» «қанағаттанбайтын» және *қанағаттануға мүмкіндігі жоқ* адамдарға ғана, идеалдарды керек қылып отырған және идеалдарды күнделікті тұрмыс мәселесі деп есептейтін адамдарға ғана сүйенуді қажет деп жүрген марксистер дәйекті ме? деген сұрақ туады.

Бұл — шәкірт қыздардың көзқарасы, — дейді автор одан соң. Бұл:

«ой-пікір мен сезімнің өте қатты бұзылғандығын дәлелдейді... мұндай сыпайы, әдемі боялған, мұндай кінәсіз және осымен бірге қатты бұзылғандық бұрын еш уақытта да болған емес. Бұл бұзылғандық — түгелімен біздің ең жаңа тарихымыздың игілігі, сериліктің, дворяндық сентиментализмнің, надандық пен жалқаулықтың арқасында өсіп жетілген мещандық мәдениеттің игілігі [яғни, туралап айтқанда, буржуазиялық, капиталистік тәртіптердің игілігі. К. Т.**] Мещандық өмірге өзінің ғылымын, өзінің адамгершілік заңын, өзінің софизмдерін ала келді».

---

* Неменеге қаһарын тігіп тұрған? құрсақ корегіне ме? Капитализмнің бұған қаһарын тікпейтіні былай тұрсын, қайта, керісінше, бұған өте сүйкімді және аса жұғымды тағамын ұсынады.

** К. Т. (К. Тулин) — В. И. Ленин. *Ред.*

Бірден-бір мүмкін жолды да түсіну үшін, автор шындықты соншалық дұрыс бағалаған болса керек еді. Барлық мәселе біздің буржуазиялық мәдениетте болып отырса, — онда осы буржуазияның «антиподынан» басқа ешқандай «келешектің кепілі» болуы мүмкін емес, өйткені ол «мещандық мәдениеттен» әбден «жіктеліп шыққан», ол оған үзілді-кесілді және түпкілікті қас, ол «либералдық паспорттарды» кесіп-пішіп ала беруге қолайлы болатын келісімдердің бірде-біріне көне алмайды.

Бірақ олай да емес. Әлі де болса қиялға салып көруге болады. «Мәдениет» — шынында да құр «мещандық», құр бұзылғандық. Бірақ бұл тек ескі серіліктің (жаңа ғана өзі — мәдениетті жаңа тарих жасады, тарих болғанда — нақ ескі серілікті жойған тарих жасады деп мойындады ғой) және жалқаулықтың нәтижесі емес пе, — демек, бұл тамырланып нық бекімеген, кездейсоқ нәрсе, т. т. с. Фактылардан теріс айналудан, «өзара қарама-қарсы күштердің» *бар екенін* көрмейтің тәтті қиялдан басқа ешқандай мағнасы жоқ бос сөздер басталады. Тыңдаңыздар:

«Оған (мещандыққа) оларды (ғылымды, адамгершілік заңын) кафедраға, әдебиетке, сот орындарына және өмірдің басқа жерлеріне енгізу керек. [Оның *бұларды* «өмірдің» деревня сияқты терең «жеріне» *енгізіп үлгіргенін* біз жоғарыда көріп өттік. К. Т.]. Ол, ең алдымен, бұған толық жарамды адамдарды таба алмай, лажсыздан басқа дәстүрлегі адамдарға қол артады. [«Адам табалмай жүрген» — орыс буржуазиясы да?! Мұны теріске шығарып жатудың керегі жоқ, өйткені төменде автор өз сөзін өзі теріске шығарады. К. Т.]. Бұл адамдар іс білмейді [іс білмейтін орыс капиталистері де?! К. Т.], олардың аяқ алысында тәжрибе жоқ, қыймылдары епсіз [ондаған, жүздеген процент пайда түсіру үшін олардың «іс білуі» жеткілікті; барлық жерлерде truck-system[79] қолдануға «тәжрибелері» де жеткілікті; қамқорлық салықтарын алуға ептілігі де жеткілікті. Бұл адамдардың қанауын өз мойнымен *тікелей, тура* арқаламайтын адамға ғана, тек ұсақ буржуазияға ғана мұндай қиял елестей алады. К. Т.]; олар батыс-европалық буржуазияға еліктеуге тырысады, кітаптар жаздырып алады, оқыйды, үйренеді [бұл жерде, автордың өзі жаңа ғана, өзінің ойынан шығарған нәрсесінің құр қиял екенін мойындауы керек, ол қиял — «мещандық мәдениет» *надандық* негізінде өсіп жетілді деген қиял. Дұрыс емес. Реформадан соңғы Россияға мәдениеттілікті, «білімділікті» нақ сол «мещандық мәдениет» әкелді. «Ақыйқатты бояп әдемілеу, жауды әлсіз және негізсіз етіп көрсету «жалпы алғанда қашан да болса керегі жоқ» нәрсе. К. Т.]; кейде олар өткен күндер туралы өкініш етеді, әл кейде болашақ туралы ойланады», өйткені әлде

қайдан — мещандық дегеніміз ғарсыздықпен уақытша пайда болған нәрсе ғана, оның ғылымы сынауға татымайтын ғылым, ал оның адамгершілік заңы мүлде жарамсыз деген дауыстар естіліп жатыр».

«Өткен күндер туралы өкініп», «болашақ туралы ойланып» отырған орыс буржуазиясы болғаны ма?! Жолыңыз болсын! «Мещандықтың жарамсыздығы» туралы естілген дауыстардан қаймықты-мыс деп, соры қайнаған орыс буржуазиясына үшы-қыйыры жоқ жала жауып, өз басын өзі қатыруға адам деген құмар болады екен ғой! Мұның керісінше емес пе: ақырып қалған кезде, бұл «дауыстар» «сасқалақтап» қалған жоқ па, «болашақ туралы ойланып» жүрген солар емес пе?...

Осы сыяқты мырзалардың бізді не үшін романтик деп атайды деп таңданатынын, түсінбегенситінін айтсайшы!

«Сонда да бас сауғалау керек. Мещандық жұмысқа бар деп сұрамайды, жұмысқа бармасаң өлесің деп қорқытып, бұйырады*. Бармасаң — нансыз қаласың, көшенің ортасына тұрып алып: «қызметтен шыққан штабс-капитанға садақа бер!» деп айқайлайтын боласын, немесе тіпті аштан өлесін. Міне, сөйтіп; жұмыс басталады, тарс-тұрс, дүрс-дүрс, күрс-күрс етіп жатады, біреуді біреу біліп болмайды. Жұмыс асығыс, кейінге қалдыруға болмайды. Ақырында, механизм босатылады. Тарсылдаған ащы дауыстар азайған сыяқтанып, бөлшектері үйлескен тәрізді болады, тек сөлекет бір нәрсенің дүрсілі ғана естіліп тұрады. Бірақ одан сайын қорқынышты болады: тақтайлар майысқан үстіне майыса түседі, винттері сылқылдап босайды, сөйтіп, байқап қарасаңыз, барлығы быт-шыт болып қыйрағалы тұрады».

Бұл жері өте бір ерекше жер, өйткені бұл жерде: Россия халықшылдарының ғылым бейнесіне келтіргісі келе беретін пікірлерінің схемасын айқын, қысқаша, әдемі түрде көрсеткен. Капиталистік құрылыста қайшылықтардың бар екенін, езушіліктің, аштан өлудің, жұмыссыздықтың, т. т. бар екенін дәлелдейтін, талассыз, ешқандай күман келтруге болмайтын фактыларға сүйеніп, олар, «байқап қарасаңыз» быт-шыт болып қыйрағалы

---

* Оқушы, бұл есінізде болсын. Халықшыл: біздің Россияда «жұмыска бар деп бұйрық беретін *мещандық*» дейтін болса, — онда бұл шындық болып табылады. Ал марксист: бізде өндірістің капиталистік әдісі үстем болып отыр, дейтін болса, — онда В. В. мырзалар: ол «демократиялық құрылысты (sic!!) (солай!! *Ред.*) капиталистік құрылысқа айырбастауға» тырысады деп бақыра бастайды.

тұрған капитализмнің — өте жаман нәрсе «сөлекет» нәрсе екендігін дәлелдеуге тырысады. [В. В., *Каблуковтың* («Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе»), *аздап* Николай—он мырзаны салыстырыңыз].

Көптеген жылдар бойы байқап келеміз, байқап қарасақ, орыс халқына жұмысқа бар деп бұйрық беріп отырған бұл күштің барған сайын нығайып, өсіп келе жатқандығын, *өзі* құрған Россияның қуатын айтып бүкіл Европа алдында мақтанып отырғандығын және, әрине, «винттердің босағанынан» үміттенудің қажет екендігі туралы ғана «естілген дауыстарға» қуанып отырғандығын көреміз.

«Әлсіз адамдардың қорқыныштан зәресі ұшады. Өжет адамдар «солай болғаны жақсы» дсседі. Буржуазия да: «солай болғаны жақсы, солай болса шет елдерден жаңа механизмді тезірек жаздырып аламыз, платформаларды, тақтайларды және басқа да жабайы құрал-саймандарды үй материалынан тезірек жасап аламыз, шебер машинистерді тезірек тауып аламыз» дейді. Ал қоғамның адамгершілік жағы бұл уақыттың ішінде ең нашар халде болмақ. Кейбіреулер жаңа жұмысқа бойы үйреніп алған соң, әлін білмей әлек болады, кейбіреулер кейін қалады да, өмірден күдер үзеді».

Ай, бишара болған орыс буржуазиясы-ай! Қосымша күн аламын деп «әлек болып» жүр-ау! және адамгершілік жағынан қорлық көріп отыр-ау! (Есіңізде болсын, бұдан бір бет бұрын осы адамгершіліктің бәрі күрсактағы қорек пен бұзылғандыққа барып тірелген болатын). Бұл арада онымен күресудің — оның үстіне әлдекандай бір тап күресінің — ешбір керегі жоқ екендігі, — тек жақсылап тұрып ұрсып ақыл айтса, оның өзін-өзі зорлауды қоятындығы түсінікті.

«Бұл кезде ешкім де дерлік халық туралы ойламайды; сонда да буржуазияның ережелері бойынша, барлығы да халық үшін, халық есесіне істеледі; ал, ол екі ортада, әрбір қоғамдық қайраткер мен әдебиет халықтың игілігі жөнінде сөз етуді міндетіміз деп санайды... Бұл либералдық-қылымсу бағыты басқалардың бәрін жойып, өзі басым болып алды. Біздің *демократияшыл заманымызда,* халықты жақсы көретіндігін жұрт алдында мойындап: «менің әрқашан да сүйгенім біреу-ақ өлгенде де осы сүюшілікпен өлем, ол сүйетінім — халық, мен өзім халықтан шықтым» (бұл әлі еш нәрсені дәлелдемейді) деп жүрген тек Суворин мырза ғана емес; керек десе «Московские Ведомости» да халыққа мүлде бір түрлі басқаша қарайды... және олар, әрине, халықтың жақсы халде болуы жөнінде бір түрлі өздерінше кам жеп жүр-

Қазіргі уақытта, «Весть» марқұм[80] тәрізді, яғни халықты ашықтан-ашық жек көретін бірде-бір баспасөз органы қалған жоқ. Алайда ашықтан-ашық жек көру көзқарасының болғаны артық еді. Өйткені ол кезде жау алақанындағыдай ашық көрінуші еді: оның қай жағынан ақымақ екені, қай жағынан алдамшы екені көрініп тұрушы еді. Қазіргі күнде — бәрі де дос, ал сонымен қатар бәрі де — жау; бәрі жалпы былықтың ішінде араласып жүр: Успенский айтқандай, халықты, шынында да, әлдеқандай тәжрибесіз адамды ақылдан, жолдан тайдыратын тұман басып отыр. Бұрын халық көз алдындағы бір ғана шын заңсыздықты көруші еді. Ал қазірде оған: помещик қандай еріктi болса, сен де сондай еріктісің дейді, өз істеріңді өзің басқарып отырсың дейді, сені жоқшылықтан алып шығып, адам етіп отыр дегенді айтады, дұрысында бұл қамқорлықтың бәрінде, оларды әрі жіңішке, әрі мықты жіппен көгендеп отыратын ұшы-қыйыры жоқ алдау мен екіжүзділік толып жатыр».

Дұрысты дұрыс деу керек!

«Ол кезде, кулактарды көтермелеп, нағыз кедейлерді кредитсіз қалдыратын, қарыз-сақтық серіктігін құруға жұрттың көпшілігі шұғылдана қоймайтын еді».

Алғашқы рет қарағанда, кредиттің буржуазиялық нәрсе екенін түсінетін болғандықтан, автор бұл сыяқты буржуазиялық шаралардың барлығынан да ат тонын ала қашатын болар деп ойлауға болады. Бірақ ұсақ буржуаның басқадан өзгеше және негізгі белгісі — буржуазиялыққа қарсы буржуазия қоғамының өз құралдары арқылы күресу болып табылады. Сондықтан, автор да, жалпы халықшылдар сыяқты, буржуазиялық істі неғұрлым мол кредиттің, нағыз кедейлер үшін керекті кредиттің болуын талап ету арқылы *түзетпек!*

...«ол кезде егістік жерді қайта бөлу ісі мен қауым(?) кедергі жасап отырған интенсивтік шаруашылықтың қажет екені туралы талқыламайтын еді; жан басына салынатын алым-салықтардың ауыр екені туралы сарнай бермейтін еді және табысқа түсетін салықты қолдану керек демейтін еді, жанама салық туралы, табысқа түсетін салықтың, әдетте, іс жүзіне келгенде баяғы сол кедейлерге түсетін салыққа айналатындығы туралы үндемейтін еді; шаруалардың помещиктерден өте қымбат баға бойынша жер сатып алуы үшін жер кредитінің болуы хажет екені, т. т. туралы сөз қылмайтын еді... Қоғамда да сол: онда да халық достарының сонша көп екендігіне қайран қаласың... Тегі, көп кешікпей-ақ, алармандар мен салықшылар да халықты жақсы көретіндігін айта бастауы мүмкін».

Буржуазияшылдыққа қарсы наразылық жақсы айтылған; бірақ жасаған қортындылары тым болымсыз: бур-

жуазия тұрмыста да, қоғамда да дәурен сүріп отыр. Демек, қоғамға сырт беріп, буржуазияның антиподы жағына шығу керек сияқты.

Бірақ олай болмай, «нағыз кедейлер» үшін берілетін кредит жөнінде үгіт-насихат жүргізу керек болып отыр!

«Жағдайдың бұл сияқты күңгірт болуына кім көбірек айыпты — әдебиет пе әлде қоғам ба, — мұны анықтау қыйын, тіпті оны анықтаудың ешқандай пайдасы жоқ. Балық басынан шіриді деседі, бірақ мен мұндай нағыз аспазшылық бақылауға ешқандай мән бермеймін».

Буржуазиялық қоғам шіріп барады, — міне автордың пікірі осы. Марксистердің де мәселені бастайтын жері нақ осы екенін атап өту керек.

«Ал бұл екі арада, біз деревнямен әуреленіп, оған қылымсып, көз салып жүргенде, тарихтың тегермеші айнала береді, стихиялық күштер әрекет жасап жатады, немесе, түсінікті етіп, онайырақ айтқанда, өмірге нешетүрлі онбағандар қыстырылып, өмірді өзінше қайта құрып жатады. Әдебиет деревня туралы, мужиктің акпейілдігі туралы және оның білімінің жоқтығы туралы таласын аяқтап болғанша, публицистика қауым мәселелері мен жер иелену түрлері туралы жазамын деп шелек-шелек сияларын тауысып болғанша, алым-салық комиссиясы алым-салық реформасын талқылап болғанша, — деревняның бара-бара есіз қалуы мүмкін».

Солай деңіз! «Біз сөзбен болып жүргенде — тарихтың тегермеші айнала береді, стихиялық күштер әрекет етіп жатады» екен ғой!

Ай, достар-ай, егер мұны мен айтқан болсам, қандай шу көтерер едіңдер!

Марксистер «тарихтың тегермеші мен стихиялық күштер» туралы әңгіме етсе, онда да бұл «стихиялық күштер» дамып келе жатқан буржуазияның күштері екенін дәл түсіндіре отырып, әңгіме етсе, — халықшыл мырзалар, осы «стихиялық күштердің» өсу фактысы дұрыс па және ол дұрыс бағаланған ба деген мәселені былай қойып, «тарихтың тегермеші» мен «стихиялық күштер» туралы сөз қылуға батылы барып жүрген неткен «мистик және метафизик» адамдар екен деп, бас-аяғы жоқ былшыл сөздерді сандырақтауды артық көреді.

Халықшылдың өзі мойындап отырған жоғарыдағы пікірі мен марксистердің дағдылы қағыйдасының арасындағы айырмашылық, өте мәнді айырмашылық, — тек

мынау ғана: халықшылдың ойынша бұл «стихиялық күштер» «өмірге қыстырылған» «оңбағандар» болатын болса, ал марксистің ойынша бұл стихиялық күштер буржуазия *табынан* көрек алады, буржуазия табы кездейсоқ түрде немесе сыртқы бір жақтан келіп «өмірге қыстырылған» нәрсе емес, капиталистік қоғамдық формация болып отырған қоғамдық «өмірдің» жемісі мен көрінісі болып табылады. Халықшыл, түрлі кредиттердің, алымсалықтардың, жер иелену түрлерінің, қайта бөлістердің, жақсартулардың, т. с. үстінде қалып қойғандықтан, буржуазияның орыс өндіріс қатнастарындағы терең тамырларын көре алмайды, сондықтан, оны «оңбағандардан» басқа еш нәрсе де емес дегенді айтып, өзін өзі баланың қиялымен жұбатады. *Мұндай* көзқарас бойынша, мәселенің бәрі тек «оңбағандарды» құртуда ғана болып отырғанда, бұл арада тап күресінің не керегі бар екендігі, расында да, мүлде түсініксіз болатындығы табиғи нәрсе. Марксистердің бұл күресті әлденеше рет, күш сала көрсетуіне халықшыл мырзалардың, тапты көрмей, тек «оңбағандарды» ғана көріп отырған адамдай, еш нәрсені түсінбеген болып үндемей құтылатындығы да табиғи нәрсе.

Тапқа қарсы *екінші бір тап* қана күресе алады, және күрескенде, сөз жоқ, өз жауынан әбден «жіктеліп» болған, оған мүлде қарама-қарсы тұрған тап қана күресе алады, ал «оңбағандарға» қарсы, әлбетте, тек полиция күрессе де, ең әрі кеткенде «қоғам» мен «мемлекет» күрессе де жетіп жатыр.

Алайда, біз халықшылдың өзі берген сыйпаттама бойынша бұл «оңбағандардың» қандай екенін, олардың тамырларының қаншалық терең екенін, олардың қоғамдық міндеттерінің қаншалық кең екенін көп ұзамай көреміз.

Бұдан соң, «халықтың селқос достары» туралы жоғарыда жазылған сөздерден соң, автор іле-шала былай дейді:

«Бұл — саясаттағы қарулы битараптықтан да жаман нәрсе, жаман болатын себебі — бұл арада әрдайым ең күшті адамға белсенді көмек көрсетіледі. Селкос дос қандай ақкөңіл болғанымен, күнделікті өмірде қандай сыпайы және сабырлы болуға тырысқанымен, ол, бәрібір, достарына зиян келтіреді»...

«Азды-көпті болсын алдына қойған мақсаты бар және халықты

шын көңілмен жақсы көретін адамдар үшін*, істің мұндай жағдайы, бара-бара, жан шыдағысыз сорақылыққа айналып келеді. Жылдан-жылға, күн сайын қайталай айтылып, кеңселерде де, шонжарлардың салондарында да, трактирлерде де, ішкілік үстінде де қайталай айтылып келе жатса да, ешуақытта іске аспайтын, халықты жақсы көреміз деп өне бойы және жексұрындықпен айтылатын бұл сыяқты сөздерді тыңдау ол адамдар үшін ұятқа қалдыратын және жеркенішті нәрсеге айналып келеді. Міне сондықтан да олар, ақыр аяғында, бұл былықпайлардың бәрін қалай болса солай керексіз нәрсе деп танып отыр».

Бұрынғы орыс халықшылдарының либералдарға көзқарасы жөніндегі бұл сыйпаттама марксистердің қазіргі халықшылдар жөніндегі көзқарасына бүтіндей дерлік ұйлескен болар еді. «Халыққа» кредиттер беру, жер сатып әперу, техниканы жақсарту, артельдер құру, қоғамдасып жер жырту**, т. с. арқылы жәрдем беру туралы сөздерді тыңдау енді марксистерге де «жан шыдағысыз» нәрсе. Олар да «халық» жағына емес, жоқ... буржуазия жұмысқа бар деп бұйыратын адамдардың жағына шыққысы келетін адамдардан осы либералдық-халықшыл былықпайлардың бәрін, «қалай болса солай керексіз нәрсе» деп тануды талап етеді. Олар, халық өнеркәсібінің барлық салаларында капитал үстемдік етіп отырғанда, мүдделердің астыртын күресі болып жатқанда, бұл күресті бүркемелемей, ашып көрсету керек болып отырғанда, «күрессіз болса болар еді»*** деп қиялға салынбай, ол күресті тұрақтылық, сабақтастық, дәйектілік жағынан, әсіресе идеялық жағынан *дамыта беру* керек болып отырғанда, Россия үшін керекті жол табу туралы, «болғалы тұрған» капитализмнің кесапаттары туралы, «халық өнеркәсібінің мұхтажы» туралы талқылауды «жан шыдағысыз» екіжүзділік деп таныйды.

---

* «Селкос достардан» басқаның айырмасы қандай күңгірт қалған! Олар да «мақсаты» бар және «халықты шын көңілмен» күмансыз «жақсы көретін» адамдар ғой. Мұның алдындағы қарама-қарсы қоюдан — селкос адамға «өзара қарама-қарсы» *қоғамдық күштердің* күресіне қатнасатын адамды қарсы қою керек екендігі анық көрінеді. Hier liegt der Hund begraben (Ит көмілген жер осы екен ғой. *Ред.*).

** Южаков мырза, «Русское Богатство», 1894 ж. № 7.

*** «Қоғамдық таптардың қатты күресі» туралы Струве мырзаның айтқан сөздеріне жауап ретінде Кривенко мырзаның айтқан сөзі («Русское Богатство» 1894 ж. № 10).

«Міне сондықтан да, ақыр аяғында, белгілібір азаматтық өсиеттер келіп шығады, қайткен күнде де өнегелі болуды тілейтін белгілібір талаптар келіп шығады, бұл талаптар — қатаң және кейде ықшам талаптар, сондықтан бұл талаптарды қараңғы жерлерде кеңшілікті сүйетін және олардың логикалық тегін есіне алмайтын, қанаты кең либералдар өте-мөте жақтырмайды».

Өте жақсы тілек! Нағыз «қатаң» және «ықшам» талаптардың қажет екендігінде күман жоқ.

Бірақ барлық бәле — халықшылдардың ең жақсы ниеттерінің бәрі бірдей «кінәсіз тілектерден» аспай жүргендігінде. Мұндай талаптардың қажет екендігін өздері мойындап отырса да, ол талаптарды жүзеге асыру үшін уақыттары мейлінше жеткілікті бола тұрса да, — олар осы уақытқа дейін бұл талаптарды іс етіп шығарған жоқ, олар талай-талай біртіндеп өту жолдары арқылы Россияның либералдық қоғамымен үдайы бірігіп келді, олар осы уақытқа дейін солармен бірігіп келе жатыр*.

Сондықтан, — енді марксистер оларға *қарсы* нағыз өте «катты» және өте «ықшам» талаптар қоятын болса, — талап болғанда, *тек* бір ғана тапқа (атап айтқанда, «тұрмыстан сұрыпталып жіктелген» тапқа) *айнымай* қызмет ету, оның дербес дамып, өз ой-пікірінің болуы үшін қызмет ету талаптарын қоятын болса, Россияның «сыпайы» буржуаларының «азаматтық» «сыпайылығынан» толық ажырасу талаптарын қойып отырса, — халықшылдар мұны өздерінен көрсін.

«Бұл өсиеттер, расында, жекелеп алғанда қандай шығын болғанымен, қалайда жалпы талапқа — «екінің бірі: не шын дос болыңдар, не ашықтан-ашық жау болыңдар!» деген талапқа қарсы еш нәрсе айтуға болмайды.

Біз қазіргі уақытта өте маңызды тарихи процесті — үшінші сословиенің құрылу процесін басымыздан кеші-

---

* Аңғалдықтан өзіне қарсы жазып отырғардығын түсінбейтін кейбір аңқау халықшылдар, тіпті, бұған мақтанып та жүр.

В. В. мырза Струве мырзаға *қарсы:* «Жалпы интеллигенциямыздың, оның ішінде әдебиеттің, тіпті ең буржуазиялық ағымдардың өкілдерінің өздерінде де, былайша айтқанда, халықшылдық сыйпаты бар» деп жазады («Неделя», 1894 ж., № 47, 1506 бет).

Өмірде талай-талай байқаусыз өтулер арқылы ұсақ өндірушінің буржуазиямен бірігіп кететіні сияқты, — әдебиетте де халықшылдардың кінәсіз тілектері құрсақ корегін алушылар үшін, қаймақ жалаушылар т. т. үшін керекті «либералдық паспортқа» айналып келеді.

ріп отырмыз. Біздің көз алдымызда өкілдерді іріктеп алу жұмысы жүріп жатыр және тұрмысты билеуге әзірленіп жатқан жаңа қоғамдық күштер ұйымдасып жатыр».

Жаңа ғана «әзірленіп жатыр» ма? Онда «билеп» отырған кім? Басқа қандай «қоғамдық күш» бар?

«Весть» а, Іа * органдарда айтылған күштер болып жүрмесе неғылсын? — Ол болуы мүмкін емес. Біз 1894 жылда емес, 1879 жылда, «жүрек диктатурасының»[21] қарсаңында тұрмыз, — ол кезде, макала автордың айтқанындай, «әсіре консерваторларды көшеде колмен нұсқап көрсететін еді», оларды мазақтап «сақылдап тұрып күлетін» еді.

Мүмкін еңбекші «халық» емес пе екен? — автордың бүкіл мақаласы бұған теріс жауап береді.

Солай бола тұрса да автор әлі де болса: «билеуге өзірленіп жатыр» деуін қоймайды?! Жоқ, бұл күш алдақашан «әзірленіп болған», алдақашаннан бері «билеп келеді»; ал Россия үшін тәуір жолдар табуға «әзірленіп жатқандар» тек халықшылдар ғана; шамасы, тап қайшылықтарының, дәйекті дамуы тап қайшылықтарынан бойын аулақ салатын адамдардың бәрін ығыстырып, сыртқа шығарып тастағанға дейін, олардың дайындалумен күні өтеді.

«Европада біздегіден анағұрлым ерте басталған бұл процесс көп мемлекеттерде аяқталып қалды**; басқаларында бұл процесс феодализмнің қалдықтары мен жұмысшы таптарының қарсы қаймылының салдарынан кешеуілдеп отыр, бірақ мұнда да тарихи тегермеш бұл қалдықтарды жыл сайын үсті-үстіне сындырып, тұрмысты жаңа тәртіптерге ыңғайлап келеді».

Біздің халықшылдар батыс-европалық жұмысшы қозғалысын міне осынша дәрежеде түсінбейді! Байқап қарасаңыз, бұл қозғалыс капитализмді «кешеуілдетіп» отырған көрінеді, — сондықтан жұмысшы қозғалысын «қалдықтар» ретінде феодализммен қатар қойып отыр!

Бұл — Россия үшін ғана емес, Батыс үшін де — капи-

---

* сыяқты. *Ред.*

** Яғни «аяқталып қалды» дегеніміз не? Процесс ақырына жетті, «жаңа күш» шыққалы жатыр деген сөз бе? — олай болса процесс бізде де аяқталып келеді. Әлде көп мемлекеттерде 3-сословие енді тумайды деген сөз бе? — бұл дұрыс емес, неге десеңіз, азын-аулақ буржуазия мен толып жатқан пролетариат шығаратын ұсақ өндірушілер онда да әлі бар

тализмге қарсы күресті оның дамуын «кешеуілдетпей», қайта оның дамуын тездету арқылы, арттан емес, алдан, реакциялық жолмен емес, прогрестік жолмен жүргізуге болатындығын біздің халықшылдардың түсіне алмайтындығын көрсететін айқын дәлел.

«Жалпы алғанда, бұл процесс мынадай: дворяндар мен халықтың арасында, жоғарыдан төмендеп келе жатқан элементтер мен төменнен жоғарылап келе жатқан элементтерден, егер осылай айтуға болатын болса, сыбағалы салмағы бірдей сыяқты элементтерден қоғамдық жаңа қабат құрылады; бұл элементтер тығыз бірігіп, бірге қосылады, өзара қатты өзгеріске ұшырайды және, өздерінің керегіне қарай үйлестіре отырып, жоғарғы қабатты да, төменгі қабатты да өзгерте бастайды. Бұл процестің өзін жеке алғанда да аса қызықты нәрсе, ал біз үшін оның өтемөте ерекше маңызы бар. Бұл арада біздің алдымызға бірқатар мәселелер қойылады: үшінші сословиенің үстемдігі әрбір халықтың цивилизациясының мандайына жазылған және болмай қоймайтын сатысы болып табыла ма?...»

Недеген қоқыс?! «Мандайға жазылған» деген сөзді қайдан алған және оның бұл жерде не керегі бар? *Бізде,* хасиетті Русь елінде, 70-ші жылдарда 3-ші сословиенің үстем болғандығын сыйпаттап жазған және төменде одан да гөрі толық сыйпаттап жазып отырған автордың өзі емес пе?

Автор, сірә, біздің буржуазия өкілдерінің беттеріне ұстап тасаланып жүрген теориялық дәлелдерін алатын болу керек.

Бұл сыяқты жалған сөздерді таза шындық деп тану, осы «теориялық» пікірлердің тасасында *мүдделер* бар екендігін, жаңа ғана өте дұрыс баға берілген қоғамның мүдделері, буржуазияның мүдделері бар екенін түсінбеу — үстіртін қыял болмағанда не болады?

Мүдделерге қарсы силлогизмдер арқылы күресуге болады деп, тек романтик қана ойлай алады.

...«шамадан тыс сақтық жасайтын филистерлерге аяғын басқан сайын керемет болып көрінетін хауіпті адымдардың ешқайсысын жасамай-ақ, тарихта мандайға жазылған жалғыз ғана тәртіп бар, осының салдарынан, адамға кәрілік пен жастық қандай міндетті нәрсе болса, үшінші сословиенің үстемдігі мемлекет үшін де сондай міндетті нәрсе деп ойлайтын фаталистерді тындамай-ақ, мемлекетке бір сатыдан екінші сатыға тура көшуге болмай ма?...»

Біздің өмір шындығымызды халықшылдар міне осындай терең түсінетін көрінеді! Егер мемлекет капитализм

дамуына жәрдем етіп отырса, мұның себебі — буржуазияның халықты «жұмысқа жіберуге» және саясатты өз жағына қарай бұруға жететін материалдық күшке ие болғандығынан емес екен. Мүлде олай емес екен. Мәселе — Вернадскийлер, Чичериндер, Менделеевтер сияқты профессорлардың және сондайлардың «мандайға жазылған» тәртіп жөніндегі теріс теорияларды қолданатындығында, ал мемлекеттің бұлардың сөзін «тындайтындығында» ғана секілді.

...«ақырында, болып келе жатқан тәртіптің теріс жақтарын жеңілдетуге, бір нәрсе етіп оның түрін өзгертуге немесе оның үстемдік ететін уақытын қысқартуға болмай ма? Мемлекет, шынымен-ақ, өз тағдырларына әсер ете алмайтын және оларды өзгерте алмайтын жасық, мүшкіл әлсіз бір нәрсе, болғаны ма; ол, шынымен-ақ тек белгілібір жолмен тек белгілібір уақытта ғана қозғалатын және белгілібір мөлшерде айналып отыратын ғайыптан пайда болған ойыншық болғаны ма, немесе болмашы ғана, бір еркі бар организм сияқты болғаны ма; оны, шынымен-ақ адам баласының бақытына апаратын ең жақын жолдарды іздеп көруге батылы барып, бел байлаған адамның бәрін жаныштап кететін орасан зор шойын тегермеш сияқты бір нәрсе билеп отырғаны ма?!»

Россия халықшылдарының қолма-қол өндірушілердің мүдделерін қорғап келген, қазірде қорғап отырған *реакцияшылдығын, ұсақ буржуазияшылдығын* ерекше анықтап көрсететін өте бір өзгеше жері осы. Ұсақ өндірушілер, капитализмнің кас дұшпаны болып отырғандықтан, буржуазиямен шектесіп келе жатқан өткінші тап болып табылады, сондықтан олар өздеріне ұнамсыз болып отырған ірі капитализмнің кездейсоқ, нәрсе емес, өзара қарама-қарсы қоғамдық күштердің күресінен құралып отырған қазіргі бүкіл экономикалық (әрі әлеуметтік, әрі саяси, әрі заңдық) құрылыстың тура жемісі екенін түсіне алмайды. Тек осыны түсінбеушілік қана, — саяси тәртіптердің тамырлары экономикалық тәртіптерде болмағандай-ақ, оның жоғын жоқтамағандай-ақ, оларға қызмет етпегендей-ақ, — «мемлекетке» жалбарыну сияқты барып тұрған сорақылыққа апарып соға алады.

Ұсақ өндіруші *өзінің* мүдделері жөнінде мемлекеттің шынында да тамаша жасық екенін көріп, ыза болып: мемлекет шынымен-ақ жасық бір нәрсе болғаны ма? деп сұрайды.

Жоқ, олай емес, — деп жауап берер едік біз оған, —

мемлекет қайткен күнде де жасық нәрсе емес, ол үнемі әрекет істеп отырады және бұл әрекетін өте жігерлі түрде істейді, қашанда болса белсенді түрде істейді, еш уақытта селқостық істеген емес, — мемлекеттің белсенді ісін, бұл істің буржуазиялық сыйпатын, оның табиғи жемістерін бұдан бір бет бұрын автордың өзі де сыйпаттап өткен болатын. Бір жаман жері: автор мемлекеттің белсенді ісінің бұл сыйпаты мен орыс қоғамдық шаруашылығының капиталистік жолмен ұйымдасуы арасындағы байланысты көргісі келмейді, сондықтан да ол өте үстірт кетеді.

Kleinburger* «тегермештің» өз тілеуінше айналмағандығын көріп: мемлекет шынымен-ақ ойыншық болғаны ма, ол шынымен-ақ бір шойын тегермеш болғаны ма? деп сұрайды.

Жоқ, олай емес, — деп жауап берер едік біз оған, — мемлекет ойыншық емес, тегермеш емес, тағдырдың жазуы емес, алланың бұйрығы емес: оны «тізілген кедергілдерден көктей өтіп»** (мысалы, қолма-қол өндірушілердің, немесе ескі-дворяндық жік өкілдерінің қарсылығы сияқты кедергілерден өтіп) жүргізіп жатқан — «жігерлі адамдар», атап айтқанда, салмағы басым қоғамдық күшке жататын «жігерлі адамдар». Сондықтан да, тегермешті екінші жаққа қарай айналуға еріксіз көндіру үшін, «жігерлі адамдарға» қарсы (яғни идеологиялық игілікке жатпайтын, нағыз экономикалық мүдделерді көксейтін қоғамдық элементтерге қарсы) күресте «жігерлі адамдарға» сүйену керек, тапқа қарсы күресте де — тапқа сүйену керек. Бұл үшін «ең жақын жолдар» жөніндегі кінәсіз, жақсы тілектер мүлдем жеткіліксіз, — бұл үшін «әлеуметтік күштерді таптардың арасында қайта бөлу» керек, бұл үшін күрестен аулақ тұрған қолмақол өндірушінің емес, нағыз қызу күрестің қақ ортасын-

---

* — ұсақ буржуа. *Ред.*

** Струве мырзаның кітабының 8-бетінде Н. Михайловский мырзаның мына сөздері келтірілген: «жігерлі адам өзінің барлық ойпікірлері мен сезімдері арқылы бүкіл ауыртпалықты өз мойнына көтеріп, тарихтың қайраткері бола бастайды. Тарихта мақсаттар қоюшы және жаратылыс пен тарихи жағдайлардың стихиялық күштері туғызатын кедергілерден өткізіп, осы мақсаттарға қарай оқыйғаларды жылжытушы — әлдеқандай бір мистикалық күш емес, жігерлі адам».

да жүрген, буржуазиялық қоғамның «түрмысынан біржолата жіктелген» күштің идеологі болу керек. Бұл — «адам баласының бақытына апаратын *бірден-бір* жол, сондықтан да ең жақын жол, бұл жол — қазіргі ахуалдың теріс жағын жеңілдетуге мүмкіндік беретіндігі былай түрсын, оның дамуын тездету арқылы оның өмірін қысқартуға мүмкіндік беретіндігі былай түрсын, сонымен қатар «тегермешті» (мемлекеттік күштердің емес, әлеуметтік күштердің тегермешін) мүлде басқа жаққа қарай айналуға еріксіз көндіріп, қазіргі ахуалдың теріс жағын мүлдем құртатын жол.

...«Бізді шұғылдандыратын — тек үшінші сословиенің күралу процесі ғана, тіпті, халық ортасынан шығып, оның қатарына қосылып келе жатқан адамдар ғана. Бұлар өте маңызды адамдар: олар өте маңызды қоғамдық қызметтер атқарады, буржуазиялық тәртіп дәрежесінің жедел жетілуі осыларға байланысты. Осы тәртіптер орнаған елдердің бірде-бірі юларсыз іштеңе істей алған жоқ. Егер ол адамдар ел ішінде жоқ болса немесе жеткіліксіз болса, онда оларды халық ішінен шығару керек, халық түрмысында ондай адамдарды құрастыруға және оларды бөліп шығаруға жәрдем беретін жағдайлар туғызу керек, ақырында, олар әбден нығайып жеткенге дейін, оларды сақтап, олардың өсуіне көмектесу керек. Бұл арада біз, өз мүдделері үшін жағдайлар мен минутты пайдаланатын өте-мөте жігерлі адамдардың тарихи тағдырға төтесінен қол сұғып отырғандығын кездестіреміз. Бұл жағдайлар, көбінесе өнеркәсіп прогресінің қажеттігінде болып отыр (майдагерлік өндірісті мануфактуралық өндіріске, мануфактуралық өндірісті фабрикалық өндіріске ауыстыруда, егіншіліктің бір системасын екінші бір рационалды системаға ауыстыруда болып отыр); шынында да, белгілібір халық тығыздығы мен халықаралық қарым-қатнастар түсында, мемлекет мұнсыз іс істей алмайды, және бұл жағдайлар экономикалық факторларға да, идеяның өсуіне де байланысты болатын саяси және адамгершілік алауыздықта болып отыр. Мемлекет түрмысындағы осы сияқты мықты өзгерістерді епті адамдар әдетте өз басына және белгілібір тәртіптерге байланыстырады, бұл адамдарды, егер басқа адамдар осы кезге дейінгісінен гөрі ақылдырақ және жігерлірек болса, басқа адамдармен ауыстыруға болатындығы және қашанда болса ауыстыруға болатындығы ешбір күмәнсіз».

Сөйтіп, автор буржуазияның «маңызды қоғамдық қызметтер» атқаратындығын мойындамауға лажы жоқ, — бұл қызметтерді жалпы түрде былай деп айтуға болады: халық еңбегін өзіне бағындыру, оған басшылық ету, оның өнімділігін арттыру. Шынында да экономикалық «прогрестің» осы элементтермен «байланысатындығын»,

яғни біздің буржуазияның өзімен бірге экономикалық прогресті, анығырақ айтқанда, техникалық прогресті шынында да ала келетіндігін автордың көрмеске лажы жоқ.

Бірақ ұсақ өндірушінің идеологі мен марксистің арасындағы негізгі айырмашылық дәл осы жерден басталады. Халықшыл бұл *фактыны* (буржуазия мен прогрестің арасындағы байланысты) «епті адамдардың» «өз мүдделері үшін жағдайлар мен минутты пайдалануынан» деп түсіндіреді, — басқа сөзбен айтқанда, бұл құбылысты кездейсоқ нәрсе деп есептейді және сондықтан мейлінше аңқаулық етіп: «бұл адамдарды басқа адамдармен қашанда болса (!) ауыстыруға болатындығы ешбір күмәнсіз», ол басқа адамдар да прогреске жеткізеді, бірақ бұл буржуазиялық прогресс емес, — деген қорытындыға келеді.

Марксист бұл фактыны товар шаруашылығында күралатын, еңбекті товар етіп шығаратын, оны капиталға бағындыратын және оның өнімділігін көтеретін, материалдық бағалы заттарды өндіру жөнінде адамдар арасында болатын, қоғамдық қатнастардан деп түсіндіреді. Ол мұны кездейсоқ нәрсе емес, біздің қоғамдық шаруашылықтың капиталистік құрылысының қажетті жемісі деп біледі. Ол сондықтан шығар жол — буржуаны ауыстыратын адамдардың нені «күмәнсіз істей алатындығы» туралы бос сөздерде емес (әуелі, «ауыстыру» керек қой, — ал бұл үшін тек құр сөздер немесе қоғам мен мемлекетке жалбарыну жеткіліксіз), осы кездегі экономикалық тәртіптің таптық қайшылықтарының дамуында деп біледі.

Бұл екі түсінік біріне-бірі диаметрдей қарама-қарсы екенін, бұл түсініктерден бірін-бірі жоққа шығаратын екі қыймыл системасы шығатындығын жұрттың бәрі де ұғады. Халықшыл, буржуазияны кездейсоқ нәрсе деп есептеп, оның мемлекетпен байланыстары бар екенін көрмейді, сөйтіп «аққөңіл мужиктің» сенгіштігіне салынып, тікелей буржуазияның мүдделерін қорғайтындардан көмек сұрап жалбарынады. Оның ісі филантропиямен теңбе-тең келетін, баяу және ұқыпты, қазыналық-либералдық іс болып шығады, өйткені оның ісі «мүдделерге» шындап тиіспейді және оларға ешқандай қор-

қынышты емес. Марксист бұл былықпайдан бойын аулақ салады да, «экономикалық таптардың қатал күресінен» басқа ешқандай «келешектің кепілдері» болмақ емес дейді.

Егер қыймыл системаларындағы бұл айырмашылықтар біздің буржуазияның үстемдік құрып отырған фактысына берілген *түсініктің* әртүрлі болуынан тікелей және лажсыз туып отырған болса, — онда марксист, *теориялық талас* жүргізе отырып, бұл буржуазияның қажет екендігін және болмай қоймайтындығын (қоғам шаруашылығы қазіргідей болып ұйымдасып отырғанда) дәлелдеумен тынатыны да түсінікті (Струве мырзаның кітабының өзі дәл осылай болды); ал егер халықшыл, түсіндіру әдістерінің мұндай әртүрлі болуы туралы мәселеге соқпастан, гегельшілдік туралы және «адамға қатаңдық ету» * туралы әңгімелермен шұғылданатын болса, — онда бұл оның тек әлсіздігін көрсететіндігі де түсінікті.

«Батыс Европада үшінші сословиенің тарихы өте ұзақ тарих... Біз, фаталистердің ғылымына қарамастан, бүкіл осы тарихты әрине, қайталамаймыз; біздің үшінші сословиенің оқыған өкілдері, өздерінің мақсаттарына жету үшін, бұрынғы қолданылған құралдардың да бәрін бірдей, әрине, қолдана бермейді, ол құралдардың ішінен орнына, уақыт жағдайларына ең қолайлы келетіндері мен ең сәйкес келетіндерін ғана алады. Олар, шаруаларды жерсіз қалдырып, фабрикалық пролетариат құру үшін, дөрекі әскери күшті немесе дөрекілігі одан кем соқпайтын қоныс аудартуды, әрине, керек қылмас»...

«Керек қылмас»...?!! Өткен уақыт пен қазіргі уақыттың *фактыларын*, алдақашан «я», керек қылады деп жауап берген фактыларын мұндай қасақана ұмытушылықты және келешекте, әрине, «жоқ», керек қылмайды, деп кәміл сенушілікті тек тәтті оптимизмнің теоретиктерінен ғана кездестіруге болады. Әрине, ол өтірік.

...«ал олар жерді қауым болып иеленушілікті жоюға қарай, фермерлік шаруашылықтарды құруға, азғана ауқатты шаруалардың табын құруға** қарай, жалпы алғанда экономикалық жағынан нашарлар өздерінен өзі құрыйтын шараларды қолдануға қарай бет бұрады. Олар енді цехтар құрып жатпайды, бірақ кредит-

* Михайловский мырза, «Русское Богатство» № 10, 1894 ж.

** Бұл — қауымды жоймаса да өте жақсы істелетін іс, шаруалардың ажырасуын қауым ешбір жоя алмайды, — бұл земствоның санағында анықталған нәрсе.

тік, шикізаттық, тұтыну және өндіру жөніндегі бірлестіктерін құрады, бұлар жалпыға бірдей бақыт туғызу жөнінде сөз бере отырып, күштілердің одан сайын күшеюіне, ал нашарлардың одан сайын нашарлауына ғана көмектеседі. Олар ру сотын құруға тырыспайды, бірақ, еңбек сүюшілікті, айықтықты және білімге ұмтылуды көтермелеу үшін заң шығаруға тырысады, ондай болуға тек жас буржуазия ғана тырысады, себебі бұқара бұрынғыша маскүнемдікке салынып, надандықта қала береді және басқа біреу үшін еңбек етеді.»

Бұл жерде — мына осы кредиттік, шикізаттық және де басқа түрлі бірлестіктердің бәрі, еңбек сүюшілікке, айықтыққа және білімге жәрдем ететін шаралардың бәрі қандай жақсы сыйпатталған, бұлардың бәріне де біздің қазіргі либералдық-халықшыл баспасөз, мұның ішінде «Русское Богатство» да шын ықлас салып қарап отыр. Марксиске тек бұрынғы айтылғанды баса көрсету ғана қалады, шынында, *мұның бәрі де — үшінші сословиені қорғағандықтан басқа ешнәрсе емес*, ал, солай болғандықтан, бұл туралы күйіп-пісіп жүрген адамдар да *кішкене буржуадан* басқа еш нәрсе емес екендігіне толық көну ғана қалады.

Бұл цитата — қазіргі халықшылдарға жеткілікті жауап; олар марксистердің бұл сияқты шараларды өте жек көретіндігінен — марксистер «көріп қана отыратын адам» болғысы келеді, қол қусырып қарап отырғысы келеді — деген қортынды жасап жүр. Әрине, марксистер буржуазиялық істерге еш уақытта да қатыспайды, олар мұндай істер жөнінде қашанда болса «көріп қана отыратын адам» болып қала береді.

«Бірақ, не керек, бұл таптың (халық арасынан шыққандардың, ұсақ буржуазияның), тап болғанда буржуазия армиясының күзет орындарын, атқыштар тізбегін және авангардын құратын таптың роліне тарихшылар мен экономистер өте аз көңіл бөліп келді, ал оның ролінің, қайталап айтайық, маңызы өте зор. Қауым қыйрап, шаруалар жерсіз қалғанда, оны олай еткен тек жалғыз лордтар мен рыцарлар ғана емес, оны олай етуге өз туғаны да қатнасты, яғни тағыда сол халық арасынан шыққан адамдар, практикалық ептілігі бар және икемді, байбатшаның рахымы түскен, ылай судан балық аулаған немесе талан-тараж арқылы біраз капитал жыйнап алған адамдар қатнасты, бұл адамдарға жоғарғы сословиелер мен заң орыны жәрдем колын созды. Оларды халықтың ең еңбек сүйгіш, қабілетті, айық элементтері деп атаған болатын»...

Бұл бақылау факт жағынан алып қарағанда өте дұ-

рыс бақылау. Шынында, жерсіз қалдыру ісін, көбінесе, «өз туғаны», ұсақ буржуа жүргізеді. Бірақ халықшылдың бұл фактыны түсінуі қанағаттанарлық емес. Ол антагонистік екі тапты, феодал мен буржуазияны, «ескі-дворяндық» және «жаңа-мещандық» тәртіптердің өкілдерін бір-бірінен айыра алмайды, шаруашылық ұйымдардың түрлі системаларын бір-бірінен айыра алмайды, бірінші таппен салыстырғанда екінші таптың прогрессіл маңызы бар екенін көрмейді. Бұл бір. Екіншіден, ол буржуазияның өсуі талаудан, ептіліктен, итаршылықтан, т. т. болды деп есептейді, ал шынында, ұсақ шаруашылық товарлы өндірістің негізінде ең айық, ең іскер қожайынды да ұсақ буржуа етіп жібереді, өйткені оның «жыйнағандары» болады, ал бұл «жыйнағандары» жан-жақты қоршаған қатнастардың күшімен *капиталға* айналады. Бұл туралы біздің халықшыл беллетристердің майдагерлік кәсіпшіліктер мен шаруалар шаруашылығын суреттеп жазғандарынан оқып көріңіз.

...«Бұл тіпті — атқыштар тізбегі мен авангард та емес, бұл — буржуазияның бас армиясы, штаб пен бас офицерлер, жеке бөлімдердің бастықтары билейтін, публицистерден, шешендерден және оқымыстылардан * құралған бас штаб билейтін төменгі чиндегі саптардан біріктірілген отрядтар. Бұл армиясыз буржуазия еш нәрсе істей алмаған болар еді. 30 мыңға толмайтын ағылшын лендлордтары, әлденеше он миллиондаған аш бұқараны фермерлерсіз басқара алар ма еді?! Фермер дегеніміз — саяси мағнада айтқанда нағыз жауынгер солдат, ал экономикалық мағнада айтқанда экспроприация жасайтын кішкене ұйым... Фабрикаларда фермерлердің ролін — тек жұмысты басқалардан гөрі шебер істегендігі үшін ғана емес, сонымен қатар жұмысшыларды бақылап отырғандығы үшін, станоктан кеткенде жұрттың ең соңынан кететіндігі үшін, жұмысшылар тарапынан жалақыны көбейту туралы, немесе еңбек сағаттарын азайту туралы талап қойылуына жол бермейтіндігі үшін, қожайындардың осылардың өздерін көрсетіп: «қараңыздаршы, жұмыс істеп, бізге пайда келтіріп жүргендерге біз қанша төлеп отырмыз» деп айтуына мүмкіндік беретіндігі үшін өте көп жалақы алатын шеберлер мен олардың жәрдемшілері атқарады; қожайындарымен және завод әкімдерімен ең жақын қатнас жасап жүрген дүкеншілер атқарады; конторшылар, түрлі-түрлі бақылаушылар және сол сияқты, тамырларында жұмысшының қаны әлі де бар, бірақ бойына капитал біржолата сіңіп бол-

* Әкімдерден, төрешілдерден — деп қоса айтуы керек еді. Мұнсыз «бас штабтың» қатарына кіретіндердің тобын көрсетуі мүлде толық болып шықпайды, — әсіресе орыс жағдайларында толық болып шықпайды.

ған ұсақ сұліктер атқарады. [Өте дұрыс! К. Т.] Әрине, біз Англияда көріп отырғанымызды Францияда да, Германияда да және басқа елдерде де көруге болады. [Өте дұрыс! Россияда да нақ осындай. К. Т.] Кейбір жағдайларда тек жеке нәрселер ғана өзгерер, бірақ олар да көбіне өзгермей қалады. Өткен ғасырдың аяқ шенінде дворяндарды женіп шыққан, немесе, дұрысырақ айтқанда, халықтың женісін пайдаланған француз буржуазиясы халық ішінен ұсақ буржуазияны шығарды; бұл ұсақ буржуазия халықты тонауға жәрдемдесіп, халықты өзі де тонады және оны авантюристердің қолына берді... Әдебиетте француз халқына арналып жыр айтылып жүрген кезде, оның ұлы халық екендігі, оның мейрімділігі және босгандық сүйгіштігі мадақталып жүрген кезде, бұл сыяқты дәріптеудің бәрі Францияның үстінен тұман болып төнген кезде, буржуазия мысығы тауықтың балапанын жұндей тұтіп, бүтіндей дерлік жеп қойды да, халыққа тек сүйек-саяғын ғана қалдырды. Даңқы жер жарған халық жер иеленуі метрмен өлшенетін және көбінесе салық төлемі жөніндегі шығынды да өтей алмайтын тым ұсақ нәрсе болып шықты»...

Осымен тоқталайық.

Бірінпіден, бізде «крепостниктік правоны жеңгенде», «ескі дворяндық жікті» жеңгенде, бұл «женісті пайдаланған» кім? деп халықшылдан сұрасақ қызықтырақ болар еді. Тегі, буржуазия болмау керек. «Әдебиетте жыр айтылып жүрген» кезде, автордың жаңа ғана келтіргеніндей, халық туралы, халықты сүю туралы, мейрімділік туралы, қауымның хасиеттері мен сапалары туралы, қауым ішіндегі «әлеуметтік өзара үйлесушілік пен ынтымақты іс» туралы, Россияның өзі — бүтіндей артель екендігі туралы, ал қауым дегеніміздің өзі — «село адамдарының ой-пікірінде және істерінде не нәрсе болса, соның бәрі» екендігі, etc.* etc. etc., туралы жыр айтылып жүрген кезде, бұл жыр либералдық-халықшыл баспасөздің бетінде казірде де (мұнды үнмен болса да) айтылып жүрген кезде, біздің «халық» ішінде не істеліп жатты? Шаруалардан, әрине, жер тартып алынбаған шығар; буржуазия мысығы тауықтың балапанын жұндей тұтіп, бүтіндей дерлік жеп қоймаған шығар; «даңқы жер жарған халық жер иеленуі» «тым ұсақ нәрсе болып» шықпаған шығар; оңдағы төленетін салық кіріс пайдадан артпаған шығар?** — Жоқ, тек «мистиктер мен ме-

---

* — et cetera — тағысын-тағылар. *Ред.*

** Франциядағы сыяқты «көбінесе» ғана емес, жалпы тәртіп ретінде болды; сонымен бірге артығы оңдаған процент қана емес, тіпті жүздеген процент болды.

тафизиктер» ғана осылай болды деп санай алады; мұны факт деп есептейтін, бұл фактыны біздің істеріміз туралы өз ой-пікірлерінің бастапқы шығатын жері етіп қолданатын, «отан үшін басқа жолдар іздеуге» бағытталмай, осы қазіргі, әбден белгіленіп болған, капиталистік жолда еңбек етуге бағытталған әрекеттерінің бастапқы шығатын жері етіп қолданатын тек солар ғана.

Екіншіден. Автордың *методын* марксистердің *методымен* салыстыру қызықты нәрсе. Олардың айырмашылығын, дерексіз ойлар арқылы түсінуден гөрі, нақты пікірлер арқылы анағұрлым жақсы түсінуге болады. Автордың француз «буржуазиясы» өткен ғасырдың аяқ шенінде дворяндарды жеңіп шықты деуінің себебі қалай? көбінесе және түгелдей дерлік интеллигенцияның ісінен құралған істің буржуазиялық болып аталуының себебі не? ал, одан соң, шаруалардың жерін тартып алған, оларға көп салықтар салған, тағы сондайларды істеген үкімет емес пе? Ақырында, россиялық либералдар мен халықшылдардың айтқандарындай және айтып жүргендеріндей, халықты сүю туралы, теңдік туралы және жалпыға бірдей бақыт туралы айтқан да осы қайраткерлер емес пе? осындай жағдайларда осының бәрінен жалғыз «буржуазияны» көруге бола ма? саяси және идеялық қозғалыстарды Plusmacherei-ге * әкеліп соқтыратын бұл көзқарастың «өрісі тар» емес пе? — Қаранызшы, мұның бәрі — біздің шаруа реформасы туралы (оның айырмашылығы тек «жеке нәрселерде» деп біліп), реформадан кейінгі жалпы Россия туралы біртектес нәрселерді айтқан кезде халықшылдардың орыс марксистерінің алдына үйіп-төгіп қоятын баяғы бір мәселелері. Менің бұл арада айтып отырғаным, тағы қайталап өтейін, — біздің көзқарасымыздың факт жүзіндегі дұрыстығы туралы емес, халықшылдың бұл жердегі қолданып отырған *методы* туралы. Ол *критерий* ретінде нәтижелерді (халық жер иеленуі тым ұсақ нәрсе болып «шықты», мысық тауықтың балапанын «жүндей түтіп», «жеп қойды»), нәтижелер болғанда, түгелдей экономикалық *нәтижелерді* алып отыр.

Оның бұл методты Россия үшін де қолданғысы кел-

---

* Түсім қуалау, пайда қуалау. *Ред.*

мей, тек Франция жөнінде ғана қолданатын себебі не? деген сұрау туады. Метод барлық жерде біреу болуға тиіс қой. Егер сіздер Францияда *үкімет* пен *интеллигенцияның* істерінен *мүдделер* іздейтін болсаңыздар, онда сіздер оларды хасиетті Русь елінен неге *іздемейсіздер?* егер *онда* сіздердің критерийіңіз халық жер иеленуі қандай болып *«шықты»* деп сұрау қоятын болса, *мұнда* критерий ол қандай болып шыға «алады» деп қойылуының себебі не? Егер онда «тауықтың балапанын жеп қою» бар жағдайда халық туралы және оның мейірімділігі туралы сөйленген бос сөздер сіздің әділ жеркенуіңізді тұғызатын болса, — *мұнда* өзіңіз мойындап отырған «жеп қою» бар жағдайда, «әлеуметтік өзара үйлесушілік» туралы, «халық қауымы» туралы, *«халық өнеркәсібінің мұқтаждары»* туралы және сол сияқты нәрселер туралы сөз қылуға аузы барып жүрген адамдардан — буржуазияшыл философтардан бойыңызды аулақ салмауыңыздың себебі не?

Бұған берілетін жауап біреу: мұның себебі, сіз — ұсақ буржуазияның идеологісіз, өйткені сіздің идеяларыңыз, яғни Иванның, Петрдің, Сидордың идеялары емес, жалпы халықшылдардың идеялары — мүлде «таза» * ойдың нәтижесі емес, ұсақ өндірушінің мүдделері мен көзқарасын көрсетудің нәтижесі.

«Бірақ біз үшін бұл жөнінде өте-мөте ғыбыратты нәрсе — Германия: Германия да, біз сияқты буржуазиялық реформа жасауда кеш қалды, сондықтан ол басқа халықтардың тәжрибесін дұрыс мағнасында пайдаланбай, әрине, теріс мағнасында пайдаланады». Германияда шаруалар құрамы біркелкі болған жоқ, — деп автор Васильчиковтың айтқанын қайталап айтады: шаруалар әрі правосы жағынан, әрі иелігі жағынан, үлестерінің көлемі жағынан бөлінетін. Бүкіл процесс, «шаруа аристократиясының», «тегі дворян емес ұсақ жериеленушілер сословиесінің» құрылуына, бұқараның «үй қожайындарынан қара жұмысшыға» айналуына әкеліп соқты. «Ақырында, даулыс правосын тек дворяндар мен дәулетті мещандарға ғана берген 1894 жылғы жартылай аристократиялық, жартылай мещандық конституция істі аяқтап, жұмысшылардың тұрмыс-халін түзету жөніндегі жарыя жолдың бәрін кесіп тастады».

Тың пікір. Конституция жарыя жолды *«кесіп тастады»?!* Бұл — әлі де болса россиялық халықшылдардың

---

* В. В. мырзаның сөзі: «Біздің бағыттарымызды», сонсын «Недельны» қараңыз, 1894 ж., № 47—49.

сол баяғы аққөңілдік теориясының ықпалы; бұл теория бойынша «интеллигенция» «бостандықты» құрбан етуге шақырылған болатын, өйткені ол бостандық тек оған ғана қызмет еткен болар еді де, халықты «дәулетті мещандардың» қолына берген болар еді-мыс. Біз бұл сияқты сорақы және реакциялық теорияға қарсы таласып жатпаймыз, себебі жалпы алғанда қазіргі халықшылдар, жеке алғанда біздің ең таяу тұрған жауларымыз, «Русское Богатствоның» публицист мырзалары ол теориядан бас тартты. Бірақ біз мынаны көрсетпей өте алмаймыз: бұл халықшылдар бұл идеядан бас тарта отырып, басқа жолдардың мүмкін екендігі туралы көпірген сөздерінің орнына Россияның *қазіргі осы* жолын ашық мойындауға қарай ілгері қадам баса отырып, мұнысымен өзінің ұсақ буржуазияшылдығын біржолата дәлелдеді, өйткені тап күресін мүлде түсінбеушіліктің себебінен ұсақ, мещандық реформаларды жақтау оларды либералдардың жағына шығарады, «антиподтар» жағына шыққандарға, «антиподтарды» әңгіме болып отырған игіліктердің бірденбір, былайша айтқанда, дестинатэрі * деп білетін адамдарға қарсы қояды.

«Бұл уақытта азаттық ісіне он, жыйырма, отыз жылдар бойы және одан да көп жылдар бойы мәз болуға ғана беріліп келген адамдар Германияда да көп болды; бұл адамдар скептицизм атаулының бәрін, реформа жөніндегі наразылық атаулының бәрін реакцияға пайдалы деп санап, оларға лағнет айтумен болды. Олардың ішіндегі аңқаулары халықты бір ат сияқты, еркіне жіберілген, бірақ қайтадан әкеліп ат қораға қамап, жегіп почта тасый бастауға болатын (бұл барлық уақытта бірдей бола бермейді) ат сияқты көрді. Бірақ мұнда халыққа жарамсақтанып, айқай-шуды пайдаланып басқа бағыт ұстап жүрген кулар да болды, халықты шын жақсы көрген ашықауыздармен, алдауға да, қанауға да болатын ашықауыздармен ауыл үй қонып алған кулар да болды. Әй, аңқау ашықауыздар-ай! Азамат соғысы басталған кезде, оған жұрттың бәрі бірдей мұлдем дайын болмайды, және ол кім көрінгеннің қолынан келмейді».

Бұл — бұрынғы орыс халықшылдарының ең тәуір дәстірлерін жақсылап қысқаша қорытып беретін өте тамаша сөздер орыс марксистерінің *қазіргі уақыттағы* орыс халықшылдары жөніндегі көзқарасын сыйпаттау үшін пайдалануымызға болатын сөздер. Бұл сөздерді бұлай

---

* жасаушысы. *Ред.*

пайдалану үшін — оларды көп өзгертуге тура келмейді: өйткені екі елдің капиталистік дамуының процесі соншалық бір *тектес* болып отыр; бұл процесті көрсеткен қоғамдық-саяси идеялар соншалық бір *тектес* болып отыр.

Бізде де «алдыңғы қатарлы» әдебиетімізде үстемдік етіп, басқарып жүрген адамдар бар; олар «біздің шаруа реформасының батыстағы реформадан негізгі айырмашылықтары бар екендігі» туралы, «халық (sic!) өндірісіне рұқсат ету» туралы, ұлы «жер үлестіру» (бұл, төлеп алу ма!!), т. т. туралы әңгіме қылып жүр, міне сондықтан «еңбекті қоғамдастыру» деп аталатын керемет бастық жібереді деп күтіп жүр, «он, жыйырма, отыз жылдар бойы және одан да көп жылдар бойы» күтіп жүр, ал біз жаңа айтып өткен мысық тауықтың балапанын жеп жатып, қарны тойған, көңілі жай айуанның жылы жүзімен «аңқау ашықауыздарға» қарап қояды, ашықауыздар отан үшін басқа жол табудың қажет екендігі туралы, «төніп тұрған» капитализмнің зиянды екендігі туралы, халыққа кредиттер, артельдер арқылы, қоғамдасып жер жырту арқылы және сол сияқты кінәсіз жамау-жасқау арқылы жәрдем ету шаралары туралы сөз қылып жүр. «Әй, аңқау ашықауыздар-ай!»

«Үшінші сословиенің күрылу процесін қазір біз де бастан кешіріп отырмыз, көбінесе, біздің шаруаларымыз бастан кешіріп отыр. Бұл іс жөнінде Россия бүкіл Европадан артта қалды, керек десе өзінің институттас досынан да немесе, дұрысырақ айтқанда, күрбысынан — Германиядан да артта қалды. Европада барлық жерлерде үшінші сословиені өркендеткен және оған ұйтқы болған ең алдымен қалалар болды. Бізде, оның керісінше», — қала халқы өте аз... «Бұл айырмашылықтың басты себебі — елді деревняда ұстап отырған, біздің халық жер иеленуінде болып отыр. Европада қала халқының көбеюі халықтың жерсіз қалуымен және өндірістің капиталистік жағдайларында арзан еңбекке, ол еңбекті ұсынудың мол болуына мұқтаж болып отырған фабрикалық өнеркәсіппен тығыз байланысты. Деревнядан қуылған европалық шаруалар табыс іздеп қалаларға кетіп жатқан кезде, біздің шаруаларымыз, шамасы келгенше, жерден айрылмай отырып алады. Халық жер иеленуі шаруа позициясының негізгі стратегиялық пункті, негізгі кілті болып табылады, оның маңызын мещандардың басшылары өте жақсы түсінеді және сондықтан олар өздерінің бар өнерін және өздерінің бар күшін соған жұмсайды. Қауымды кінәлаудың бәрі осыдан келіп шығады, пайдалы агрономия үшін, өнеркәсіптің гүлденуі үшін, ұлттық прогресс пен оның даңқы үшін, егіншіні жерден айыру туралы толып жатқан түрлі жобалар да осыдан келіп шығады!»

Бұл жерде халықшылдар теориясының үстірттігі айқын көрініп отыр; бұл теория, «басқа жолдар» туралы қиялға түсудің салдарынан, шындықты мүлдө теріс бағалап отыр: «бас пунктті» шаруалардың жер *иелену* түрлері (қауымдық немесе үй басына иелену түрі) сияқты негізгі роль атқармайтын заң институттарында деп біледі; біздің ұсақ шаруа шаруашылығында әлдеқандай бір ерекшелік бар деп біледі, оны өзінің саяси-экономикалық құрылысы жағынан батыс-европалық қолөнершілер мен шаруалардың шаруашылығымен мүлде тектес ұсақ өндірушілердің дағдылы шаруашылығы емес сияқты көріп, әлдеқандай бір «халықтық» (!?) жер иелену деп біледі. Біздің либералдық-халықшыл баспасөзде белгіленген терминология бойынша, «халықтық» деген сөз еңбекшіні қанаушылықты жоққа шығаратын сөз, — сондықтан автор өзінің берген сыйпаттамасында біздің шаруалар шаруашылығында нақ сол үстеме құнды пайдаланушылықтың бар екендігі жөніндегі, «қауымнан» сыртқы жерде де толып жатқан, біреу үшін еңбек етушіліктің бар екендігі жөніндегі күмәнсіз фактыны тура бүркеп қалып отыр, сөйтіп, көлгір және тәтті тілді фарисейлікке есікті анқыйтып ашып беріп отыр.

«Жері аз және алым-салықтардан басын көтере алмай отырған біздің қазіргі қауымның қандай кепіл екендігін құдай білсін. Шаруаның жері онсыз да көп емес еді, ал қазірде халықтың көбеюінің және жер құнарының нашарлануының салдарынан бұрынғысынан да азайды; алым-салықтың ауыртпалығы кемімей көбейіп барады: кәсіп орындары аз; жергілікті табыстар одан да кем: деревняда тұрмыстың ауырлап бара жатқандығы сонша — шаруалар үйлерінде тек әйелдері мен балаларын ғана қалдырып, деревня-деревня болып табыс іздеп алысқа кетіп жатыр. Сөйтіп уездер тұтасымен босап калып жатыр... Бір жағынан, тұрмыстың нақ осы ауыр жағдайларының әсерінен, шаруалар арасынан адамдардың ерекше табы — жас буржуазия бөлініп шығады; бұл буржуазия жерді басқа жактан, жеке-жеке сатып алуға тырысады, басқа кәсіптерге — саудаға, өсімқорлыққа, бастығы өзі болып, жұмыс артельдерін құруға, түрлі шартты жұмыстар алуға және тағы сол сияқты ұсақ айлакерліктер жасауға тырысады».

Бұл жерге мейлінше толық тоқтап өтуге тұрады.

Біз бұл жерде, біріншіден, белгілі фактыларды — шаруалар қашуда деген екі сөзбен айтуға болатын фактыларды қорытқандықты көріп отырмыз; екіншіден, бұл фактыларға берілген (жамандап берген) бағаны көріп

отырмыз, ал үшіншіден, бұл фактыларға берілген түсінікті көріп отырмыз; бұл түсініктен тұтас бір программа, бұл жерде айтылмаған, бірақ өте белгілі программа (жер қосып беру, алым-салықты кеміту; кәсіптерді «көтеру» және оларды «дамыту») тікелей келіп шығады.

Марксистің тұрғысынан қарағанда *біріншінің де, екіншінің де* толық және сөзсіз әділдік екендігін баса көрсету керек (бірақ айтылуы тіпті қанағаттандырарлық емес, мұны қазір көреміз). Бірақ *үшіншісі* мүлдем түкке тұрмайды *.

Мұны түсіндірейін. Біріншісі әділдік. Біздің қауымымыз кепіл бола алмайды, шаруалар деревняны тастап, жерінен кетіп жатыр деуі де әділ айтылған факт; экспроприацияланып жатыр деп айту керек еді, — өйткені шаруалар (жеке меншік правосы бойынша) белгілі өндіріс құрал-жабдықтарын (олардың ішінен жерді ерекше право бойынша, қауымдардың *сатып алған* жерін де жеке адамның пайдалануына бергізетін право бойынша) иемденген болатын, енді олардан айрылып жатыр. Майдагерлік кәсіпшіліктер «төмендеп бара жатыр» деу де әділдік, — *яғни* бұл жерде де шаруалар экспроприациялануда, өндіріс жабдықтары мен өндіріс құралдарынан айрылуда, үй тоқыма кәсібін тастап, темір жол құрылысына жұмысшы болып, тас шабатын жұмысшы болып, қара жұмысшы, т. т. болып жалданып кетіп жатыр. Шаруалардың айрылып қалып отырған өндіріс құрал-жабдықтары ат төбеліндей азшылықтың қолына түсіп, жұмысшы күштерін қанаудың қайнар бұлағы — *капитал* болып қызмет атқарады. Сондықтан автордың — осы өндіріс құрал-жабдықтарының иелері «буржуазияға» айналып жатыр, яғни қоғамдық шаруашылықты капиталистік жолмен құру тұсында «халық» еңбегін өз қолдарына ұстап отырған тапқа айналып жатыр деуі де дұрыс. Бұл фактылардың бәрі дұрыс көрсетілген, олардың қанаушылық маңызы дұрыс бағаланған.

Ал, марксистің бұл фактыларды тіпті басқаша *түсіндіретіндігін,* оқушы, жоғарыда жасалған сыйпаттаудан,

---

* Марксизм теоретиктерінің халықшылдарға қарсы соғыса отырып, мәселенің түсіндірілуіне, ұғылуына, объективтік жағына күш салатын себеб' осы.

әрине, көрген болар. Халықшыл бұл құбылыстардың себептерін «жердің аздығынан», алым-салықтардың ауырлығынан, «табыстың» кеміп бара жатқандығынан деп біледі — яғни жер, алым-салық, өнеркәсіп жөніндегі *саясаттың* ерекшеліктерінен деп біледі, *өндірістің* бұл саясатты ықтиярсыз шығарып отырған *қоғамдық құрылысының* ерекшеліктерінен деп қарамайды.

Жер аз және барған сайын азайып барады, — дейді халықшыл. (Мен, тіпті, мақала авторының нақ осы сөзін алып отырғаным жоқ, халықшылдық доктринаның жалпы қағыйдасын алып отырмын). — Бұл өте әділдік, бірақ сіз тек жер *аз* деп қана айтып, жерді *аз сатады* деп қоса айтпайтын себебіңіз не? Сіз біздің шаруалардың өзінің үлес жерлерін помещиктерден *сатып алып* отырғанын білесіз ғой. Сіздің көбіне көңіліңізді *аздығына* аударып, *сататындығына* аудармайтындығыңыздың себебі не?

Осы сату, сатып алу фактысының өзі-ақ еңбекшілерді, өндіріс құрал-жабдықтары аз сатылсын, көп сатылсын бәрібір өндіріс құрал-жабдықтарынсыз қалдыратын принциптердің (өндіріс құрал-жабдықтарын ақшаға алу принциптерінің) үстем екендігін көрсетеді. Сіз бұл фактыны айтпай өткендіктен, мұндай сатудың тууына бірден-бір негіз болып отырған өндірістің капиталистік әдісін де айтпай кетіп отырсыз. Оны айтпай өткендіктен, сіз осы буржуазиялық қоғамның жағына шығып отырсыз және, жерді көп сату керек пе, әлде аз сату керек пе деп талқылайтын, қарапайым саясатшыға айналып отырсыз. Сіз осы төлеп алу фактысының өзі-ақ мынаны дәлелдейтіндігін көрмей отырсыз: мұдделері «ұлы» реформаны жүзеге асырғандардың, ол реформаны жүргізгендердің «бойына» *«капитал* әбден сіңіп біткен»; реформа орнатқан тәртіптерге сүйене отырып, ол тәртіптерге неше түрлі жақсарту енгізу туралы саясат құрып жүрген бүкіл осы либералдық-халықшыл «қоғам» тек «капиталистік айдан» ғана жарық іздейді. Нақ сондықтан, принцип жағынан мүлде басқа негізде тұрғандарға халықшыл өшігіп қарсы шығып отыр. Халықшыл: олар халық туралы қам жемейді, олар шаруаларды жерсіз қалдырғысы келеді!! деп шу көтереді.

Ол, халықшыл, халық туралы қам жейді, оның шаруа-

ларды жерсіз қалдырғысы келмейді, ол шаруаға жердің көбірек болғанын *(сатылғанын)* тілейді. Ол — ақпейіл дүкенші. Рас, ол, жердің тегін берілмей, сатылып берілетіндігі туралы үндемейді, — бірақ дүкендерде товар үшін ақша төлеу керек екендігін айтып жата ма? Оны айтпаса да жұрттың бәрі біледі.

Егер Михайловскийлер мен Южаковтар сияқты мырзалардың * өте сыйпатты, ұсақбуржуазияшыл сөздерін қолдануға болатын болса, — бұл дүкеншілік қоғамнан «жіктелгендерге» ғана, одан «кеткендерге» ғана назар салу керек дейтін марксистерді халықшылдың жек көретіндігі түсінікті.

Ілгері барайық. «Кәсіпшілік аз» — міне, халықшылдың майдагерлік кәсіпшіліктер жөніндегі көзқарасы осы. Ал, осы кәсіпшіліктердің ұйымдасу жағының қандай екендігі туралы халықшыл тағыда дәнеңе айтпайды. Ол, «кері кетіп бара жатқан» кәсіпшіліктердің де, «дамып келе жатқан» кәсіпшіліктердің де екеуі бірдей, — алып-сатарлардың, күпецтердің, т. т. капиталына еңбекті толық құл ете отырып, — капиталистік жолмен ұйымдасқанын жайбарақаттықпен көрмей отыр, сөйтіп прогрестер, жақсартулар, артельдер, т. с. жөніндегі мещандық талаптармен қанағаттанып, бұл сияқты шаралар капиталдың үстемдік ету *фактысына* біраз болса да нұқсан келтіре алатындай көреді. Ол, егіншілік жөнінде де, өңдеуші өнеркәсіп жөнінде де, бұлардың осы жолмен ұйымдасуын қуаттайды да, бұлай ұйымдастырудың өзіне қарсы күреспей, оның түрлі кемшіліктеріне қарсы күреседі. Ал, алым-салықтарға келетін болсақ, бұл арада халықшыл, өз айтқанын өзі теріске шығарып, халықшылдықтың негізгі ерекше сыйпатын — келісімге келгіштігін — айқын көрсетті. Үстеме құнды пайдалану системасы болып отырғанда салықтың қандайын болса да (тіпті табыс салығын да) жұмысшылар көтереді деп ол өзі жоғарыда айтқан болатын, — бірақ солай дей тұрса да, ол, алым-салықтардың көптігін немесе аздығын ли-

---

* Халықшыл мырзалар сатып алудың капиталистік сыйпатын атамай өтуімен қатар, шаруалар «жерінің аздығының» орнын «ескі дворяндық» жіктің өкілдерінің қолында жердің өте жақсы бөліктерінің болуы толтырып отыратын фактысын байқамағансып айтпайды.

бералдық қоғаммен қосыла отырып талқыға салудан және «азаматтық әдептілікке» сүйене отырып, салықтар мен алымдардың департаментіне тиісті кеңестер беруден ешбір бас тартпайды.

Бір сөзбен айтқанда, марксистің пікірі бойынша, мұның себебі — саясатта да емес, мемлекетте де емес, «қоғамда» да емес, мұның себебі — Россияның экономикалық құрылысының қазіргі системасында; мәселе «епті адамдардың» немесе «кулардың» лай судан балық аулауында болып отырған жоқ, мәселе «халықтың» біріне-бірі қарама-қарсы, біріне-бірі ұқсамайтын екі тапқа бөлінуінде болып отыр: «қоғам ішінде қыймыл жасаушы күштердің бәрі тең қыймыл жасайтын, өзара қарама-қарсы екі күш болып құралады».

«Буржуазиялық тәртіптің орнауына тілектес адамдар, өз жобаларының іске аспай қалғанын көріп*, мұнымен тоқтамайды: олар, обының бәріне айыпты болып отырған — қауым мен айнала кеп'лдік, егістік жерлерді қайта бөлу және жалқаулар мен маскүнемдерге дем беріп отырған қауымдық тәтіптер деп, шаруаларға сағат сайын айтып жүр; олар дәулетті шаруалар үшін қарыз-сақтық серіктігін құрып, участок бойынша жер немдену үшін ұсақ жер кредиті туралы қам жеп жүр; олар қалаларда техникалық кол-

* Сөйтіп, қауымды жою туралы жобаның іске аспай қалуы — «буржуазиялық тәртіпті орнату» мүдделерін жеңгендік болып шығады екен ғой!!

«Қауымнан» мещандық утопия құрып алып жүрген халықшыл қыялға салынып, шындықты сондайлық бұрмалауға дейін барып отыр, қауымға қарсы жобаны буржуазиялық тәртіпті бүтіндей орнату деп танып отыр, ал шынында мұндай жоба — толығынан «орнатылып» болған буржуазиялық құрылыс негізінде болып отырған жай саясатқұмарлық.

Ол үшін марксистке қарсы ең негізгі дәлел: жоқ, сіз айтыңыз, сіз қауымды жойғыңыз келе ме немесе жойғыңыз келмей ме? солай ма, солай емес пе? деп, барынша мәз болған түрмен қойылатын сұрау. Ол үшін бұл арадағы барлық мәселе, барлық «орнатылу» осы. Марксистің көзқарасы бойынша «орнатылу» дегеніңіз алдақашан және біржолата болған факт, бұл фактыны қауымды жою да, қауымды нығайта түсу де қозғай алмайды, — сондай-ақ қазірде қауымдық деревняда да, жеке үйлерден құралған деревняда да капитал бірдей үстем болып отыр; міне осыны халықшыл ешбір түсінгісі келмейді.

Халықшыл «орнатуға» қарсы ең қатты наразылықты сол орнатудың дәріптелуі етіп көрсетуге тырысады. Суға кеткен тал қармайды, деген-ау.

өнерлік және басқа әртүрлі оқу орындарын ашып отыр, бұл оқу орындарына тағыда сол дәулетті адамдардың ғана балалары кіріп, бұқара мектепсіз қалып отыр; олар көрмелер арқылы, сыйлық беру арқылы, деподан ақы төлегенде жіберілетін тұқым малы, т. т. арқылы бай шаруаларға малдарын жақсартуға жәрдем көрсетіп жүр. Осы ұсақ тырысушылықтардың бәрі жыйылып, едәуір бір күш болып шығады, бұл күш деревня қауымына іріткі саларлықтай әсер етеді, шаруаларды барған сайын екіге бөле береді».

«Ұсақ тырысушылықтарға» жақсы сыйпаттама берілген. Автордың: осы ұсақ тырысушылықтардың бәрі (бұларды осы кезде «Русское Богатство» мен біздің бүкіл либералдық-халықшыл баспасөз сонша ынтасын салып қолдайды) «жаңа-мещандық» жікті, капиталистік тәртіптерді көрсетеді, соларды қорғайды және жүзеге асырады деген пікірі — өте әділ пікір.

Марксистердің бұл сыяқты тырысушылықтарға теріс көзбен қарауына себеп болып отырған нақ осы жағдай. Ал бұл «тырысушылықтардың» күмәнсыздан ұсақ өндірушілердің ең жақын desiderata-сы болып отырғандығы жөніндегі факт марксистердің ойынша, өздерінің мынадай негізгі қағыйдасының дұрыстығын дәлелдейді: шаруаны еңбек идеясының өкілі деп қарауға болмайды, өйткені ол, шаруашылықтың капиталистік жолмен ұйымдастырылып отырған кезінде ұсақ буржуа болып табылады да, сондықтан қазіргі тәртіптерді қуаттайды, сондықтан өз тұрмысының (және өз идеясының) кейбір жағынан буржуазияға жанасады.

Бұл жерін мына төмендегілерді баса көрсету үшін де пайдалану теріс болмайды. Марксистердің «ұсақ тырысушылықтарға» теріс көзбен қарауы — халықшыл мырзалардың өте-мөте ашуын келтіреді. Халықшылдарға өздерінің ата-бабаларын естеріне түсіре отырып, біз мұнымен мыналарды көрсетеміз: халықшылдардың бұған басқаша қарағаң уақыты да болған, олардың келісімге келуді онша тілемеген, оған онша ынтызар болмаған уақыты да болған (дегенмен, осы мақаланың дәлелдеуіне қарағанда, ол кезде де келісімге келген болатын) олардың бұл сыяқты тырысушылықтардың бәрінің буржуазияшылдығын — түсінген, деп айтпайтын — бірақ қалайда сезген уақыты да болған, бұл тырысушылықтарды теріс деп тануды либералдардың ішіндегі ең аңқау-

лары ғана «халық жөнінде пессимизм жасағандық» болады деп айыптаған уақыты да болған.

Халықшыл мырзалардың, «қоғамның» өкілі ретінде, осы либералдармен жасаған сүйкімді қарым-қатнасы, сірә, пайдалы жеміс берген болу керек.

Буржуазиялық прогрестің «ұсақ тырысушылықтарына» қанағаттана алмаушылық — әсте, жеке реформаларды мүлде теріске шығарғандық болмайды. Марксистер бұл шаралардың біраз (тіптей де болса) пайдасы барлығын әсте теріске шығармайды: ол шаралар еңбекшілердің күйін біраз (тіптей де болса) жақсарта алады; ол шаралар капиталдың, өсімқорлықтың, езудің, т. с. ерекше артта қалған түрлерінің жойылып бітуін тездетеді, олардың европалық капитализмнің анағұрлым жаңа және адам шыдарлық түрлеріне айналуын тездетеді. Сондықтан, егер марксистерден мұндай шараларды қабылдау керек пе деп сұраса, әрине, олар керек деп жауап берген болар еді, бірақ сонымен бірге осы шаралар арқылы тәуірленіп отырған капиталистік құрылысқа жалпы көзқарасын түсіндірген болар еді, — сонымен бірге өзінің ол шараларды қабылдауға келісетіндігін осы құрылыстың дамуын, демек, оның ақырының болуын тездеткісі келетін тілегімен дәлелдеген болар еді*.

«Егер біз өзіміздегі шаруалардың, Германиядағы сыяқты, праволары мен меншігіне қарай түрлі категорияларға (мемлекеттік, удельдік, бұрынғы помещиктік шаруалар және олардың ішінен толық үлес алғандар, орта шаруалар және үлестің төрттен бірін алғандар, үй қызметіндегі шаруалар) бөлінгендігін еске алсақ, қауымдық салт бізде жалпы салт емес екендігін еске алсақ, оңтүстік-батыс өлкеде жеке жер иемденуді көргенде, біз тағыда, көлігі бар, қара жаяу**, бақша салып отырған, жалшылықта жүрген шаруаларды, чиншевиктерді кездестіретінімізді, олардың кейбіреулерінің 100 десятина және одан да артық жері болып, кейбіреулерінің сүйемдей де жері болмайтындығын еске алсақ, балтика губернияларындағы аграрлық құрылыстың Германияның аграрлық құрылысына мүлде ұқсас екендігін, т. т. еске алсақ, — онда бізде де буржуазияның болуына негіз барлығын көреміз».

Бұл жерде қауымның маңызын қиялмен асыра баға-

---

* Бұл «техникалық және басқа оқу орындары» туралы ғана шаруалар мен майдагерлердің техникасын жақсарту туралы ғана айтылып отырған жоқ, сонымен қатар «шаруалардың жер иеленуін кеңейту» туралы да, «кредит», т. с. туралы да айтылып отыр.

** Осы томның 37-бетін қараңыз. *Ред.*

лаушылықтың бар екендігін айтып өтпей болмайды: халықшылдар мұның маңызын қашаннан асыра бағалап келеді. Автордың сөзіне қарағанда «қауымдық салт» буржуазияны болғызбаған сияқты, шаруалардың бөлшектенуін болғызбаған сияқты. Бұл нағыз өтіріктің өзі ғой!

Қауымдық шаруалардың да праволары мен үлесіне тиген жеріне қарай бөлшектеніп отырғандығын жұрттың бәрі біледі; барынша қауымдасқан деревняның қай-қайсысында болса да шаруалардың «праволарына қарай» да (жерсіздер, жер үлесі барлар, айрықша жарна төлеп жер үлесін алған бұрынғы үй қызметіндегілер, тізімге жазылып отырғандар, etc. etc.), «иелігіне қарай» да бөлшектеніп отырғанын: үлесіндегі жерлерін қайта тапсырған шаруалар, мойнындағы қарыздарын толық төлемегені үшін, жерді ұксатып отырмай, тоздырып жібергені үшін үлесіндегі жерлері тартып алынған шаруалар, — басқалардың үлесіндегі жерлерін жалға алып отыратын шаруалар; «мәңгі пайдаланатын» жері бар немесе бірнеше десятиналап «біраз жылға жер сатып алатын» шаруалар; ақырында, үйсіз-жәйсіз, ешқандай малсыз, жылқысыз және көп жылқылы шаруалар болып бөлшектеніп отырғандығын жұрттың бәрі біледі. Барынша қауымдасқан деревняның қай-қайсысында болса да шаруашылықтың бөлшектенуі мен товар шаруашылығының осы негізінде өсімқорлық капиталдың, неше түрлі езудің гүлденіп өршіп келе жатқанын жұрттың бәрі біледі. Ал халықшылдар қайдағыбір «қауымдық салт» туралы жеркенішті ертегісін әлі де айтумен келеді!

«Біздегі жас буржуазия да, шынында, күн сайын емес, сағат сайын өсіп келеді, өскенде тек жалғыз еврейлер тұрған шет аймақтарда ғана емес, Россия ішінде де өсіп келеді. Оның санын цифрмен көрсету әзірше өте қыйын, бірақ, жер иеленушілер санының барған сайын артуына қарап, сауда жөніндегі сенім қағаздардың көбеюіне қарап, кулактар мен арамтамақтардың үстінен деревнялардан түсіп жатқан шағымдардың көбеюіне қарап, тағы сондай белгілерге* қарап, — оның саны қазірдің өзінде-ақ едәуір деп ойлауға болады».

---

* Бұларға — шаруалар банкісінің көмегімен сатып алушылықты, «шаруа шаруашылығындағы прогрестік ағымдарды» — техника мен мәдениетті жақсартуды, жақсартылған құралдарды қолдануды, шөп егуді, т. с., ұсақ кредиттің дамуын және майдагерлер үшін сату мәселесін ұйымдастыруды, т. т. қоса айту керек.

Өте дұрыс! 1879 жыл үшін дұрыс болып отырған және 1895 жыл үшін өлшеусіз зор дамыған, даусыз нәрсе болып отырған нақ осы факт — орыс тұрмысын марксистік жолмен түсінудің негіздерінің бірі болып табылады.

Бұл фактыға біздің екі жағымыздың да көзқарасымыз қарсы; бұл фактының қолма-қол өндірушілердің мүдделеріне қарама-қарсы құбылыстарды көрсететінін екі жағымыз да мойындаймыз, — бірақ бұл фактыларды біз мүлде әртүрлі *түсінеміз*. Осы әртүрлі түсінушіліктің теориялық жағын мен жоғарыда сыйпаттап өттім, ал енді практикалық жағына келейін.

Халықшыл былай дейді: буржуазия — әсіресе деревня буржуазиясы — бізде **әлі де болса** әлсіз; ол тек жаңа ғана туып келе жатыр. Сондықтан онымен **әлі де болса** күресуге болады. Буржуазиялық бағыт әлі де болса өте нашар — сондықтан оны **әлі де болса** кейін бұруға болады. Уақыт еткен жоқ.

Тек метафизик-социолог (практика жүзінде реакцияшыл қоян-жүрек романтикке айналып бара жатқан метафизик-социолог) қана осылай ойлай алады. Мен бұл арада деревня буржуазиясының «әлсіз» болуының себебі оның күшті элементтерінің, оның шонжарларының, қалаға жосылғандығынан, деревняларда тек «солдаттар» ғана қалып, оның «бас штабының» қалаларда орнығып отырғандығынан дегенді айтпақшы емеспін, — мен халықшылдардың фактыны осындай ашықтан-ашық бұрмалағандығының бәрі туралы айтпақшы емеспін. Бұл пікірде тағыда бір қате бар, ол қате бұл пікірді метафизикалық пікір етіп отыр.

Біз белгілібір қоғамдық қатнасты, деревнядағы ұсақ буржуаның (бай шаруаның, саудагердің, кулактың, арамтамақтың, т. с.) және «еңбекші» шаруаның, еңбекші болғанда, әрине, «біреу үшін» еңбек ететін шаруаның, арасындағы қатнасты көріп отырмыз.

Мұндай қатнас бар — оның жан-жақтың бәріне түгел тамыр жайып отырғандығын халықшыл теріске шығара алмайды. Бірақ бұл қатнас әлсіз, сондықтан оны *әлі де болса* түзетуге болады — дейді халықшыл.

Бұл халықшылға біз: тарихты «жігерлі адамдар» жасайды дейміз де, оның өз сөзін өзіне айтамыз. Қоғамдық

қатнастарды түзету, өзгерту, әрине, мүмкін нәрсе, бірақ бұған *осы түзетілетін немесе өзгертілетін қоғамдық қатнастардың мүшелерінің өздері* кіріссе ғана мүмкін болмақшы. Бұл айдан айқын нәрсе. Бұл қатнасты «еңбекші» шаруа өзгерте ала ма? бұл қатнастың мәнісі неде? деген сұрау туады. — Оның мәнісі мынада: товар өндірісі системасының тұсында екі ұсақ өндіруші қожайындық етеді, осы товар шаруашылығы оларды «екіге» бөледі, біреуіне *капитал* беріп, екіншісіне «біреу үшін» жұмыс істеткізеді.

Еңбекші шаруаның өзі нақ сол өзгерту керек болып отырған негізге бір жағынан арқа сүйеп отырғанда біздің еңбекші шаруа бұл қатнасты қалай өзгертпекші? еңбекші шаруаның өзі жекеленіп, жаман-жақсысын өз мойнымен көтеріп қожайындық етіп отырғанда, рынок үшін қожайындық етіп отырғанда жекелену мен товар шаруашылығының жарамсыз екендігін ол қалай түсіне алмақ? тұрмыстың бұл жағдайлары еңбекші шаруаның жүрегінде рынок үшін жеке-жеке жұмыс істеп отырғандарға тән «ойлар мен сезімдер» туғызып отырғанда, оны материалдық жағдайлардың өзі, өз шаруашылығының көлемі мен сыйпаты бөлшектеп отырғанда, осының салдарынан оның капиталға қарама-қарсылығының әлі де болса дамымағандығы сонша, ол мұның тек «оңбағандар» мен епті адамдар ғана емес, нақ сол *капиталдың* өзі екендігін түсіне алмай отырғанда, — жекелену мен товар шаруашылығының жарамсыз екендігін ол қалайша түсіне алмақ?

Дәл осы (nota bene*) қоғамдық қатнас *ақырына дейін* дамыған жерді, осы қоғамдық қатнастың қолма-қол өндірушілер болып табылатын мүшелерінің өздері буржуазиялық тәртіптерден біржолата «жіктеліп» және «жекеленіп шығып» отырған жерді, қарама-қарсылықтың жете дамығандығы өзінен өзі айқын болып отырған жерді, мәселені қылға салына, екі ұшты қоюдың қандайы болса да мүмкін болмай отырған жерді қарастыру керек екендігі айқын емес пе? Ал бұл сыяқты алдыңғы қатардағы жағдайларда тұрған қолма-қол өнді-

---

* — есіңізде болсын *Ред.*

рушілер буржуазиялық қоғамның «тұрмысынан» *факт жүзінде* ғана емес, *өзінің сана-сезімі жағынан* да «жіктеліп шыққан» кезде, — сол кезде, артта қалған, нашар жағдайларға қойылған еңбекші шаруалар да «мұның қалай болатындығын» көріп, өзінің «біреу үшін» еңбек етіп жүрген жолдастарына барып қосылады.

«Бізде жұрт шаруалардың жер сатып алатындығы туралы сөз қылғанда және шаруалар жерді өзінің жеке меншігіне қаратып та, қауым болып та сатып алады деп түсіндірген кезде, бұған — жеке меншікке жер сатып алуға қарағанда қауым болып жер сатып алудың сирек кездесетін және болмашы ғана нәрсе екендігін еш уақытта дерлік қоса айтпайды».

Автор, 1861 жылы 103 158 ге жеткен жеке жер иеленушілер санының 60-шы жылдардағы мәліметтер бойынша 313 529 болып шыққандығы туралы мәліметтер келтіре отырып, мұның бұлай болу себебі шаруалардың ішіндегі крепостниктік правоның тұсында саналмай қалған ұсақ меншікшілер екінші ретте есепке алынды, дегенді айта келіп, бұдан соң былай дейді:

«бұл — ұсақ иелігі бар дворяндарға тікелей жанасып, қосылатын селолық жас буржуазияның дәл өзі».

Біз бұған: рас, әбден рас, әсіресе оның «жанасып», «қосылатыны» рас, дейміз! Сондықтан да біз «шаруаның жер иеленуін ұлғайту» ісіне аса мән беретін (қолма-қол өндірушілердің мүдделері мағнасында) адамдарды, яғни 152-бетте осылай деп отырған авторды да ұсақ буржуазияның идеологтары деп есептейміз.

Сондықтан да біз, жеке меншігіне қаратып және қауым болып жер сатып алу туралы мәселені қарағанда — буржуазиялық тәртіптердің «орнауы» тіпті де болса бейне осы мәселеге байланысты деп қарайтын адамдарды ең әрі кеткенде саясаткұмарлар деп есептейміз. Біз бұл екі жағдайдың екеуін де буржуазияшылдық деп есептейміз, өйткені екі жағдайдың екеуінде де сатып алу — сатып алу күйінде, ақша — ақша күйінде қалады, яғни «әлеуметтік өзара үйлесу үшін және ынтымақпен іс істеу үшін» қауым болып біріксе де, не участок бойынша жер иелену арқылы ыдыраса да, бәрібір ұсақ буржуаның ғана қолына түсетін товар күйінде қалады*.

---

* Әлбетте, кажетті тұтыну заттарын алу үшін ғана қолданылатын ақша туралы сөз болып отырған жоқ, өндіріс құрал-жабдықтарын

«Оның бер жағында ол (селоның жас буржуазиясы) бұл арада ешбір тегіс қамтылып айтылып отырған жоқ. «Арамтамақ» деген сөз, әрине, Русь елінде жаңа сөз емес, бірақ бұл сөздің еш уақытта да нақ осы кездегідей мағнасы болып көрген емес, ауылдастарға еш уақытта да нақ осы кездегідей қысым көрсеткен емес. Осы кездегісімен салыстырғанда, арамтамақ әрқашан да қауымға бағынып отыратын бір патриарх адам болған, ал кейде онша пайда қуа қоймайтын жай ғана жалқау адам болған. — Қазіргі уақытта арамтамақ деген сөздің басқаша мағнасы бар, ал губерниялардың көпшілігінде ол сөз тектік ұғым ғана болып қалып отыр, бұл сөз басқаға қарағанда аз айтылып, оның орнына — кулак, жатып ішер, купец, қабақшы, мысықшы, подретші, кепілші, т. с. сөздер қолданылып жүр. Бір сөздің бұлай бірнеше сөзге бөлшектенуі, бір жағынан жаңалығы аз сөздерге, ал екінші жағынан тіпті жаңа сөздерге немесе бұл уақытқа дейін шаруа тұрмысында кездеспеген сөздерге бөлшектенуі, ең алдымен, халықты қанау ісінде еңбек бөлінісі туып отырғандығын, ал одан соң жыртқыштықтың көбейіп, оның мамандыққа айналғанын көрсетеді. Әрбір село мен әрбір деревняда дерлік мұндай қанаушылардың біреуі немесе бірнешеуі бар».

Жыртқыштықтың көбеюінің бұл фактысы дұрыс көрсетілгендігінде дау жоқ. Автор, барлық халықшылдар сияқты, бұл фактылардың бәріне қарамастан, мынаны түсінгісі келмей, босқа әуреленеді: үнемі кездесіп отыратын, жалпы тараған, дұрыс келе жатқан (тіпті еңбек бөлінісі бар) бұл кулактар — егіншіліктегі капитализмнің бір түрі, капитал үстемдігінің алғашқы түрі; бұл капитал, бір жағынан, халықшылдар кірме нәрсе деп есептейтін қалалық, банкілік, жалпы европалық капитализмнің үнемі сөлін сығып отырады, ал екінші жағынан, осы капитализмнен жүрегін жалғап, қоректеніп отырады; қысқасы, бұл — орыс халық шаруашылығын капиталистік жолмен ұйымдастырудың бір жағы.

Мұның үстіне, арамтамақтың «эволюциясын» сыйпаттау бізге халықшылды тағыда әшкерелеуге мүмкіндік береді.

Халықшыл, 1861 жылғы реформаны халық өндірісінің мақұлданғаны деп есептеп, бұл реформаның Батыстағы реформадан мәнді өзгешелігі бар деп біледі.

сатып алу үшін сақтауға болатын *басы бос* ақша туралы сөз болып отыр.

Халықшылдың осы кездегі көксеп отырған шаралары да — қауымды, т. с. дәл осылай «мақұлдау» ғана, «жер үлесімен» және жалпы өндіріс құрал-жабдықтарымен дәл осылай «қамтамасыз» ету ғана болып шығады.

Бұл «халық өндірісін (капиталистік өндірісті емес) мақұлдаған» реформаның «патриарх жалқаудан» едәуір жігерлі, пысық, цивилизация көлегейлеген жыртқыштың шығуына ғана әкеліп соғуы неліктен? Батыстағы осындай ұлы реформалар сыяқты, жыртқыштықтың тек *формасын* ғана өзгертуге әкеліп соғуы неліктен деп ойлайсыз, халықшыл мырза?

«Мақұлдаудың» бұдан былайғы қадамдары (шаруалардың жер иеленушілігін ұлғайту, қоныс аударту сыяқты, аренда ісін және басқа да күмәнсіз прогрестерді, бірақ прогресс болғанда тек буржуазиялық прогрестерді жөнге салу сыяқты толық мүмкін болатын қадамдары) капиталдың *формасын* бұдан былай да өзгерте беруден басқа, *капиталды* бұдан былай да европалық етуден басқа бірденеге әкеліп соғады, оның сауда капиталынан өндіру капиталына айналуына, орта ғасырлық капиталдан жаңа замандық капиталға айналуына, әкеліп соғады, деп ойлайтын себебіңіз не?

Бұдан басқаша болуы *мүмкін емес* — мүмкін болмайтын себебі: бұл сыяқты шаралар *капиталға* ешбір залал етпейді, яғни адамдардың арасындағы қатнасқа, қатнас болғанда, біреулердің қолына ақшаны — товарлы шаруашылық ұйымдастырған *қоғамдық* еңбектің өнімін жыйнап беретін, ал екінші біреулерде құр «қолдан»* басқа, атап айтқанда алдыңғы айтылған топтың қолына жыйналған өнімнен күркол қалудан басқа дәнеңе де болдырмайтын қатнасқа ешбір залал етпейді.

...«Олардың (осы кулактардың, т. т.) ішіндегі капиталы жоқ қыйқым-бақайлары, әдетте, өздерін кредитпен қамтамасыз етіп отыратын немесе өз есебіне сатып алу жұмыстарын тапсырып отыратын ірі саудагерлерге жанасады; олардың неғұрлым ауқаттылары істі өз алдына жүргізеді, сауда жасайтын және порты бар ұл-

---

* «*Бұқара бурынғысындай... біреу үшін* еңбек ете бермек» (талқылап отырған мақаланың 135 беті): егер ол «күркол» болмаған болса (de facto, — ал енді de jure** мүмкін «үлесті жермен қамтамасыз етілген» болар) — әлбетте, бұлайша болмас еді.

** — de facto — факт жүзінде; de jure — заң жүзінде. *Ред.*

кен қалалармен өздері қатнас жасап отырады, ол қалаларға өз атынан вагондар жіберіп отырады, және жергілікті жерде керек болатын товарларды жеткізу үшін өздері жолға шығады. Кез келген темір жолмен жүріп көрсеңіз, сіз III класта (ілуде бірі II класта) өз жұмыстарымен бір жаққа кетіп бара жатқан сол адамдардың онлағанын сөзсіз кездестіресіз. Сіз бұл адамдарды үстіне киген ерекше киімінен де, кісімен сөйлесуінің өте дөрекілігінен де, шылым тартпаңыз деп өтінген кайсыбір әйелді мазақтап, немесе бір жаққа табыс іздеп кетіп бара жатқан, сауда жөнінен еш нәрсе түсінбейтіндіктен және аяғына кигені шәркей болғандықтан «надан» болып көрінген мужик пақырды [нақ осылай: «мужик пақырды» деп жазыпты. К. Т.] мазақтап қаркылдап күлуінен де таныйсыз. Сіз бұл адамдарды сөйлескен сөзінен де таныйсыз. Олар әдетте: «елтірі-сеңсең» туралы, «өсімдік майлары» туралы, тері-терсек туралы, «шабақ балықтар» туралы, «тары», т. с. туралы сөйлеседі. Сіз сонымен бірге, өздерінің істейтін каззаптықтары мен товарды көз бояп алдап өткізетіндіктері туралы арсыздық әңгімелерін де естисіз: «әбден иістенген» тұзды етті қалай «фабрикаға өткізгендігі» туралы, «бір көрсетіп берсең боямалап шай жасау әркімнің де қолынан келетіндігі» туралы, сатып алушы еш нәрсе сезбейтіндей етіп қантқа су сеуіп, бір кесек қантқа үш қадақтай салмақ қосуға болатындығы», т. т. туралы әңгімелерді естисіз. Осының бәрін әбден ашықтан-ашық, именбей әңгіме ететіндігі сонша — сіз, бұл адамдардың тек түрмеге түсіп қалудан қорқатындығынан ғана буфеттерден қасық ұрламайтынын, сондықтан ғана вокзалдардан ғаз шақшаларын бұрап әкетпейтінін айқын көресіз. Бұл жаңа адамдардың мінез-хұлық жағы ең жабайы сыпайыгершіліктен де төмен, олардың бар мінез-хұлқы теңге табуға негізделіп мынадай нақылдармен тамамдалады: саудагер — айлакер; шабақтың көзін ілдірмеуге — теңізде шортан бар; қапыда қалма; құнтсыз жатқан нәрсеге көзіңді сала жүр; ешкім қарамай тұрғанда минутпен пайдаланып қал; әлсізді аяма; керек жерде бас иіп құрдай жорғала». Ал бұдан соң, кабакшы және өсімқор Волков дейтін біреудің өзінің көп ақшаға қамсыздандырылған үйін өртегендігі туралы газет хабарларынан алынған мысал келтіріледі. Бұл адамды «мұғалім мен жергілікті священник өздерінің ең қадірлі танысы деп есептейді», бір «мұғалім өзін арақпен сыйлағаны үшін оған қай-қайдағы жала қағаздарды жазып береді». «Болыстың хатшысы оған мордваны матап берем деп уәде берді». «Бір земство агенті және земство управосының мүшесі оның тозығы жеткен үйін 1 000 сомға қамсыздандырып» отыр, т. т. «Волков — тіпті де бірен-саран кездесетін оқыйға емес, басқаларға ұқсас кейіпкер. Өздерінің Волковтары болмаған жер жоқ, шаруаларды осы сияқты тонаумен кіріптар ету былай тұрсын, дәл осы сияқты өртеу оқыйғалары туралы да сізге әңгіме қылып айтпайтын жер жоқ»...

...«Бірақ, алайда, бұл сияқты адамдарға шаруалар қалай қарайды? Егер ол адамдар Волков сияқты ақымақ, дөрекі-мейірімсіз және есепқор адам болса, онда шаруалар оларды жақтырмайды, олардан қорқады, қорқатын себебі олар шаруаларға әрқыйлы он-

бағандық жасауы мүмкін, ал шаруалар оларға қарсы еш нәрсе істей алмайды; ол адамдардың үйлері қамсыздандырылған, олардың арғымақ аттары бар, мықты құлыптары бар, қабаған иттері бар және жергілікті өкімет орындарымен байланыстары бар. Ал егер бұл адамдар Волковтан ақылдырақ, айлалырақ болса, егер олар шаруаларды тонау мен кіріптар етуді жөнді түрге салса, егер олар, тенгені қалтаға баса отырып, сонымен бірге бүкіл жұртқа әйгілеп тыйын-тебенді тастай салса, жарты шөлмек арақ беруге немесе өртке шалдыққан деревняға деп азын-аулақ тары беруге аянып қалмаса, онда шаруалар оларды кедейлердің асыраушысы, қамқоршысы сыяқты көріп, бұлар болмаса, кім біледі, кедейлер өліп қалатындай хұрметтейді, олардың беделін көтеріп қадыр тұтады. Шаруалар оларды ақылды адамдар деп санап ғылым үйрену үшін оларға балаларын да береді, баласының дүкенде отырғандығын өзіне мәртәба деп санайды, келешекте баласы адам болып шығады деп сенеді».

Орыстың қоғамдық шаруашылығының буржуазиялық құрылысы туралы қағыйдаға *қарсы* адамның біздің жас буржуазияға берген сыйпаттамасын көрсету үшін, мен автордың ой-пікірін әдейі толығырақ көшіріп жаздым. Бұл сыйпаттаманы тексеру орыс марксизмінің теориясы жөнінде, *қазіргі уақыттағы* халықшылдар тарапынан марксизмге көбірек тағылып жүрген жалалардың сыйпаты жөнінде көп нәрсені анықтап береді.

Бұл сыйпаттаудың бас жағына қарағанда, автор бұл буржуазияның тамыры терендеп кеткенін түсініп-ақ отырған тәрізді, оның ұсақ буржуазия «жанасып отырған» ірі буржуазиямен байланысын, «ғылым үйрену үшін балаларын» оған беріп отырған шаруалармен байланысын түсініп-ақ отырған сыяқты, — бірақ автордың келтірген мысалдарына қарағанда, бұл құбылыстың күші мен беріктігін оның тым жеткіліксіз бағалайтыны көрінеді.

Оның келтірген мысалдары қылмысты істерді, кәззаптықты, өрт қоюшылықты, т. т. сөз қылады. Шаруаларды «тонау және кіріптар ету» — қайдағы бір кездейсоқ нәрсе сыяқты болып көрінеді, тұрмыстың (автордың жоғарыда айтқанындай) ауыр жағдайының, «мінез-хұлық идеясының дөрекілігінің», «әдебиетті халыққа тарату ісін» қыспаққа салудың (152 бет), т. с. нәтижесі сыяқты болып көрінеді, — бір сөзбен айтқанда, оныңша осының бәрі біздің қоғамдық шаруашылықтың осы кездегі ұйымдасуынан эсте лажсыз туып отырған жоқ.

Марксист нақ осы соңғы пікірді қостайды; марксист былай дейді: бұл әсте кездейсоқ нәрсе емес, лажсыз болатын нәрсе, Россияда үстем болып отырған өндірістің капиталистік әдісінен туған лажсыз нәрсе. Ал шаруа товар өндірушіге айналып келе жатқан болса (қазірдің өзінде-ақ шаруаның бәрі де товар өндірушіге айналды), — онда оның «мінез-хұлқы» еріксіз «теңгеге негізделінеді», сондықтан оны бұл үшін айыптауға болмайды, өйткені тұрмыс жағдайларының өзі бұл теңгені сауда үстіндегі түрліше қулық-сұмдықтар* арқылы қолға түсіруге мәжбүр етеді. Бұл жағдайларда ешбір қылмыссыз-ақ, ешбір итаршылықсыз-ақ, ешбір қулық-сұмдықсыз-ақ, — «шаруалардан» байлар мен кедейлер бөлініп шығып отырады. Бұрынғы теңдік рыноктегі ауыткулардың алдында төзіп тұра алмайды. Бұл — құр сөз емес; бұл — факт. Бұл жағдайларда азшылықтың «байлығы» *капиталға* айналатыны да, ал бұқараның «кедейлігі» оны өзінің жұмыс күшін саткызып, біреу үшін жұмыс істеуге мәжбүр ететіндігі де факт. Сөйтіп, марксистің тұрғысынан қарағанда, капитализм фабрика-заводтық өнеркәсіпте ғана емес, деревняда да және Русь елінің барлық жерлерінде де қазірдің өзінде-ақ нық орнығып, қалыптасып, толық айқындалып отыр.

Марксистің: деревнялардағы бұл «қайғылы нәрсенің» болып отырған себебі — саясат та емес, жердің аздығы да емес, алым-салық төлемі де емес, ошбаған «адамдар» да емес, оның себебі — капитализм дейтін дәлеліне, өндірістің капиталистік әдісі өмір сүріп отырғанда, буржуазия табы үстем болып отырғанда, мұның бәрі *қажетті* және лажсыз нәрсе дейтін дәлеліне жауап ретінде, халықшылдың: марксистер шаруаларды жерсіз қалдырғысы келеді, олар «дербес» шаруадан пролетариатты «артық көреді», олар, — провинциялық бикештердің айтатыны сияқты, Михайловский мырзаның Струве мырзаға берген жауабында айтқаны сияқты,— «адамға» «жек көрушілік, қатаңдық» жасайды деп дауырға бастағанын көргенде, халықшыл мырзалардың ақылының қандайлық алғыр екендігін енді шамалап біле аларсыз.

---

* *Успенскийді* салыстырыңыз[82].

Бізге қарсы адамдар жазғандықтан қызғылықты болып отырған деревняның осы сыйпаттамасынан, марксистерге қарсы айтылып жүрген пікірлердің өрескелдігін, олардың фактыларды аттап өтіп, өздерінің бұрынғы айтқандарын ұмытып, ойдан шығарылатындығын, — осының бәрі, бахытымызға қарай, енді ешқандай күш қорғап қала алмайтын армандар мен келісімдер теорияларын coûte que coûte*, қорғап қалу үшін істеліп отырғанын біз айқын көре аламыз.

Россиядағы капитализм туралы сөз қылғанда, марксистер даяр тұрған схемаларды алып жүр, мұлде басқа жағдайлардың көшірмесі болып табылатын қағыйдаларды догма сыяқты қайталап айтып жүр. Олар Россиядағы даму дәрежесі мен маңызы жағынан болмашы ғана капиталистік өндірісті (біздің фабрикаларымыз бен заводтарымызда небары 1 400 мың адам жұмыс істейді) әлі де жерге ие болып отырған шаруалар бұқарасына тән нәрсе деп есептейді. Либералдық-халықшыл топтың марксистерге қарсы жақсы көріп айтатын пікірлерінің бірі міне осындай.

Міне сөйтіп, біз деревняның нақ осы сыйпаттамасынан халықшылдық «қауымдық» және «дербес» шаруалардың тәртіптерін суреттегенде абстрактылы схемалар мен бөтен догмалардан алынған нақ сол буржуазиялық категориясыз іс істей алмайтындығын көреміз, ол категорияның бірен-саран оқыйға емес, деревнялық кейіпкер екендігін, оның қалалардағы ірі буржуазиямен мықты байланыстары бар екендігін, «оған балаларын ғылым үйрену үшін беріп отырған» шаруалармен де, басқа сөзбен айтқанда, осы жас буржуазия шығатын шаруалармен де байланысты екендігін көрсетпей кете алмайтындығын көреміз. Демек, біз бұл жас буржуазияның біздің қауымнан тысқары жерден емес, соның ішінен өсіп шығып жатқанын, оны товар өндіруші болып отырған шаруалардың белортасындағы қоғамдық қатнастардың өздері туғызып отырғандығын көреміз; біз, тек «1 400 мың адам» ғана емес, селодағы орыс адамдарының бәрі бірдей *капиталға* жұмыс істеп отырғанын, соның «менге-

---

* — қалай да болса. *Ред.*

руінде» отырғанын көреміз. — «Триадаларға» сенетін қайдағы-бір «мистик және метафизик» марксист емес, орыс тұрмысының өзгешеліктерін бағалай білетін, жеке туған халықшыл айтып отырған осы фактылардан дұрысырақ қортынды жасайтын кім? Капитал өзіне керекті жол таңдап алмағандай, тәуір жол таңдап алу туралы сөз қылып жүрген, «қоғам» мен «мемлекеттен», яғни тек осы таңдау негізінде және *соның үшін* өсіп жетілген элементтерден болады деп күтілетін, екінші бір қалыпқа қарай бет бұру туралы сөз қылып жүрген халықшыл дұрысырақ қортынды жасай ма? әлде, басқа жолдар туралы қиялға салыну — аңқау романтик болу деген сөз, өйткені «жолдың» сайланып алынып қойғандығын шындық өте айқын көрсетіп отыр, капиталдың үстемдігі факт болып отыр, бұл фактыдан кінәлау, айыптау арқылы құтыла алмайсың, бұл фактымен тек қолма-қол өндірушілер ғана есептесе алады дейтін марксист дұрысырақ қортынды жасай ма?

Екіншібір көп айтылып жүрген кінәлау мынадай. Марксистер Россиядағы ірі капитализмді прогрестік құбылыс деп таныйды. Сөйтіп, олар «дербес» шаруадан пролетарды артық көреді, халықтың жерсіз қалуын тілейді, ал, өндіріс құрал-жабдықтарының жұмысшыларға тиісті болуын мақсат ететін теорияның тұрғысынан қарағанда, жұмысшының өндіріс құрал-жабдықтарынан ажырауын тілейді, яғни шешілмейтін қайшылыққа барып ұрынады.

Рас, марксистер ірі капитализмді прогрестік құбылыс деп есептейді, — мұның себебі, әрине, капитализмнің «дербестікті» дербессіздікпен ауыстырып отырғандығынан емес, қайта оның дербессіздікті жою үшін жағдай туғызып отырғандығынан. Ал орыс шаруаларының «дербестігіне» келетін болсақ, бұл — халықшылдық тәтті ертегі ғана, басқа түкте емес; шынында дербестік жоқ. Келтірілген сыйпаттамада (шаруалардың экономикалық хал-жайы жөніндегі шығармалар мен зерттеулердің бәрінде де) бұл фактыны (шынында дербестік жоқ дегенді) мойындаушылық бар: шаруалар да, жұмысшылар сияқты, «біреу үшін» жұмыс істейді. Мұны орыстың бұрынғы халықшылдары мойындаған болатын. Бірақ олар бұл дербес*сіздіктің* себептері мен сыйпатын түсінбеді,

мұның да *капиталистік* дербессіздік екендігін, оның қала дербессіздігінен айырмасы тек аз дамығандығында, капиталдың ортағасырлық жартылай крепостниктік формалардың қалдықтарының молдығында ғана екендігін, айырмасы тек осы ғана екендігін түсінбеді. Сол халықшыл суреттеп берген деревняны-ақ фабрикамен салыстырайық. Айырма (дербестік жөніндегі айырма) тек мынада ғана: деревняда біздің көретініміз «майда сірке» болса, қалада оның ірісін көреміз, онда — бір-бірлеп, жартылай крепостниктік жолмен қанаушылықты көрсек, мұнда — бұқараның қаналуын, қазірдің өзінде таза капиталистік жолмен қаналуын көріп отырмыз. Әрине, мұның екіншісі прогрессшіл жол: нақ сол деревняда дамымай қалған, сондықтан өн-бойы өсімқорлық etc. қаптаған капитализмнің өзі мұнда дамыған; нақ сол деревняда бар қарама-қарсылық мұнда толық көрініп отыр; мұнда толық жіктелушілік бар, сондықтан мәселенің мұндай ұсақ өндіруші (және оның идеологі) қанағаттанатындай жартумаш түрде қойылуына мүмкіндік жоқ, бұл ұсақ өндірушінің капитализмді сөгуге, ұрсуға және қарғауға қабілеті бола тұрса да, бұл капитализмнің дәл негізінен* бас тартуға, оның қызметшілеріне сенуден бас тартуға, әп-әсем Кривенко мырзаның айтқанындай «күрессіз болғаны тәуір еді» деген тәтті қыялдан бас тартуға қабілеті жоқ. *Мұнда* қыялдар болуы мүмкін емес, — бір ғана осының өзі ілгері қарай зор қадам басқандық; мұнда күш кімнің жағында екені айқын көрініп тұр, сондықтан жол таңдау туралы мылжыңдауға болмайды, өйткені алды-

---

* Жұрт шатаспас үшін түсінік бере кетейін, — капитализмнің «негізі» деп мен капиталистік қоғамда әртүрлі формада болатын қоғамдық қатнасты айтамын; оны Маркс: ақша — товар — артып шыққан ақша, — деген формуламен айтқан болатын.

Халықшылдардың қолданып отырған шаралары бұл қатнасты *қозғай алмайды,* ақшаны = қоғамдық еңбектің өнімін жеке адамдардың қолына беретін товар өндірісін де, «халықтың» бұл ақшаларды неленуші мен таза тақырларға бөлінуін де қозғай алмайды.

Марксист бұл қатнасты, басқа формалардың бәрінің негізі болып табылатын, ең жақсы дамыған формасында алып қарайды, сөйтіп, өндірушіге міндет пен мақсатты көрсетеді: бұл қатнасты жойып, оны басқа қатнаспен ауыстыру керек, дейді.

мен бұл күшті «қайта бөлу» керек екендігі айқын болып отыр.

Струве мырза халықшылдарды «жылымшы оптимизм» деп сыйпаттаған болатын, мұнысы — өте дұрыс. Деревняда капиталдың толық үстемдік етіп отырғанын елемеушілік, оны сөз қылмаушылық, кездейсоқ нәрсе деп көрсетушілік оптимизм емей не? осы «кулактардың, жатып-ішерлердің, купецтердің, кабакшылардың, подіретшілердің, кепілшілердің», т. т. бәрі қосылып, осы «жас буржуазияның» бәрі болып, осы кездің өзінде «әрбір деревняны» «қолдарына» ұстап отырмағандай, әртүрлі кредиттерді, артельдерді, қоғамдық жер жыртуды ұсынушылық оптимизм емей не? Баяу, санасыз түрде, идея арқылы жолын ашпаған күйінде болса да күрес жүріп-ақ жатқан кезде, жұрттың «10 жыл, 20 жыл, 30 және одан да көбірек жылдар бойы»: «күрессіз болғаны тәуір еді» деп коймайтыны жылымшылық емей немене?

«Оқушы, енді қалаларға көшіңіз. Мұнда сіз жас буржуазияның одан да гөрі көбін, одан да гөрі әр түрлісін кездестіресіз. Сауаттанып келе жатқандардың және өздерін неғұрлым игі жұмыстарға жарамды деп санайтындардың бәрі, өздерін жәй шаруаның аянышты өмірінен артық өмірге лайықтымыз деп есептейтіндердің бәрі, сайып келгенде, деревняда осы жағдайларға көнісе алмайтындардың бәрі енді қалаларға қарай ұмтылып отыр»...

Солай бола тұрса да халықшыл мырзалар қала капитализмінің «қолдан жасалғандығы» туралы, мұның бағып-қақпаса өзінен өзі шіріп бітетін, «жылылықта өсетін өсімдік» екендігі, т. т. туралы аузының суы құрып талқылап жүр. *Фактыларға* жәй ғана көз салып қарағанның өзінде, бұл «қолдан жасалған» буржуазияның — қалаларға көшіп келіп орналаскан кәдімгі деревнядағы арамтамақтар екені, бұлардың «капиталистік айдың сәулесі» түскен жерде және әрбір жәй шаруаны — арзан алып, қымбатқа сатуға мәжбүр ететін жерде тіпті өз бетімен өсетіндігі анықталады.

...«Сіздер бұл жерде: приказчиктерді, конторшыларды, ұсақ, жүргінші саудагерлерді, әртүрлі подіретшілерді (үй сылаушыларды, ағаш ұсталарын, тасшыларды, т. т.), кондукторларды, қора тазалаушылардың бастықтарын, қала бақылаушыларын, биржа артельшілерін, тасушы орын, тамақ үй, қонақ үй ұстаушыларды, әртүрлі мастерскойлардың қожайындарын, фабрика шеберлерін, т. т. с.

кездестіресіз. Осының бәрі де — өзіне тән белгілері бар нағыз жас буржуазия. Оның адамгершілік әрісі бұл жерде де тым тар; оның әрекетінің бәрі еңбек қанауға негізделген*, ал өмірде қойған міндеті капитал жыйнап алу немесе уақытты топастық салтанатпен өткізу үшін пұл жыйнап алу болып табылады»... «Осы адамдарға қарай отырып, жұрттың көбі қуанатынын, бұл адамдарды, ақылды, жігерлі және талапты адамдар деп таныйтындығын; оларды халықтан шыққан ең прогресшіл элементтер деп есептейтінін, оларды ой-шұқыры уақыты жеткенде тегістеліп кететін отандық цивилизацияның тура және табиғи түрде ілгері аяқ басуы деп таныйтындығын мен жақсы білемін. Бізде білімді адамдардың арасынан, не 1861 жылдың дағдарысына шыдай алмай, төмендеген, не уақыттың рухына шалдыққан саудагерлер мен дворяндардың арасынан ең жоғарғы буржуазияның құрылғандығын, бұл буржуазияның қазірдің өзінде-ақ үшінші сословие кадрларын құрып алғанын, оған халық арасынан шыққан тек нақ осы сыяқты элементтер ғана жетпей отырғанын, бұл элементтерсіз оның еш нәрсе де істей алмайтынын, сондықтан оған бұлардың ұнап та отырғанын мен алдақашаннан бері білемін»...

Бұл арада да «жылымшы оптимизмге» саңылау қалдырылған: ірі буржуазияға халық ішінде тек буржуазияшыл элементтер «ғана жетпейді»-мыс! Сонда ірі буржуазияның өзі халықтан шықпағанда, қайдан шықты? Автор біздің «купецтердің» шаруалармен байланыстары бар екендігін бекер демесе не қылсын?

Бұл жерде, жас буржуазияның осы өсуін кездейсоқ іс, саясаттың нәтижесі, т. т. деп көрсетуге тырысушылық бар екендігі көрініп тұр. Құбылыстардың тамырлары қоғамның экономикалық құрылысының өзінде екенін көруге шамасы жетпейтін, — ұсақ буржуазияның жеке өкілдерін тәптештеп атап көрсетуге қабілеті бола тұрса

---

* Дәл емес. Ұсақ буржуазияның ірі буржуадан айырмашылығы оның — автордың санап көрсеткен топтары сыяқты — өз басының еңбек етуінде. Әрине, еңбек қанау бар, бірақ ылғый бір ғана қанау емес.

Тағы бір кішкене ескерту: жай шаруаның күнін көруге қанағаттанбайтындардың тіршіліктегі мақсаты — капитал жыйнап алу. Халықшыл (сау отырған минуттарда) осылай дейді: — Орыс шаруалары қауымдық құрылысқа қарай беттемейді, ұсақбуржуазиялық құрылысқа қарай беттейді. Марксист осылай дейді.

Бұл қағыйдалардың арасында қандай айырма бар? Айырма тек қана — біреуінің тұрмыс тәжрибесін бақылауында, ал екіншісінің бақыланып жүрген фактыларды (деректі «жігерлі адамдардың» деректі «ой-пікірлері мен сезімдерін» көрсететін фактыларды) саяси-экономикалық заң етіп қорытып отырғандығында болғаны ма?

да, шаруа мен майдагердің ұсақ дербес шаруашылығының өзі, қазіргі экономикалық тәртіптердің кезінде, қайдағы-бір «халықтық» шаруашылық емес, *ұсақбуржуазиялық* шаруашылық болып табылатындығын түсінуге қабілеті жетпейтін осы ұғым ұшқалақтығы — халықшылға айрықша тән нәрсе.

...«Ертедегі аталы рулардың ұрпақтарының көбі шарап ашыту, кабак ұстау ісіне, темір жол концессиялары мен іздеу жұмыстарына кіріскендігін, акционерлік банкілердің басқармаларына орнығып алғандығын, керек десе әдебиетке де орналасып алып, осы күнде жана өлеңдер айтып жүргендігін мен жақсы білем. Әдебиет өлеңдерінің көпшілігі өте нәзік және өте әсерлі екенін, ол өлеңдерде халықтың мұқтаждары мен тілектері туралы айтылып отырғанын мен жақсы білем; бірақ мен сонымен қатар жөнді әдебиеттің міндеті — халыққа ас берудің орнына тас бергісі келетін ниеттерді ашып беріп отыру екенін де білем».

Неткен аркадиялық тәтті сарын десеңші! Әлі күнге дейін не берудің «*ниеті*» ме?!

Сонсын, бұл қалайша үйлескен: буржуазияның «алдақашан-ақ» құрылғанын «біледі», — сөйте тұрса да әлі күнге дейін өзінің міндетін буржуазияны құру «ниеттерін ашу» деп таныйды!

Міне осындай мобилизацияланып болған армияның көз алдында тұрып, «алдақашан» құрылған «бас штаб» біріктіріп отырған саптағы «солдаттардың» көз алдында тұрып, — бұл жұрттың, мұдделердің толық ашылып болған күресі туралы сөз қылмай әлі де болса «ниеттерді ашып беру» туралы сөз қылуы нақ сол жайбарақаттық» деп аталады.

...«Француз буржуазиясы да өздерін халықпен барабармыз деп, әрқашан да өз талаптарын халық атынан қойып отырған болатын, бірақ әруақытта да халықты алдаумен келген болатын. Біз қоғамымыздың соңғы жылдарда алып отырған буржуазиялық бағытын халықтың адамгершілігі мен ауқаттылығы үшін зиянды және хауіпті нәрсе деп есептейміз».

Бұл сөзден автордың ұсақ буржуазияшылдығы бәрінен гөрі айқын көрінсе керек. Ол буржуазиялық бағытты халықтың адамгершілігі мен ауқаттылығы үшін «зиянды және хауіпті» деп жариялайды! Хұрметті моральшыл мырза, бұл айтып отырғаныңыз қай «халық»? — «от басын», «отырықшылықты» және «еңбек міндетінің

хасиеттілігін»* нығайтқан крепостниктік правоның түсында помещиктерге жұмыс істеп келген халық па? әлде соңынан төлеуге берілетін теңге табуға кеткен халық па? Бұл теңгені төлеу «азат етудің» негізгі және басты шарты болғанын, ал бұл теңгені шаруаның Купон мырзадан[83] басқа еш жерден ала алмайтынын сіз жақсы білесіз. Бұл мырзаның қалай қожайындық еткендігін, «мещандардың өмірге өзінің ғылымын, өзінің адамгершілік ережесін және өзінің софизмдерін» қалай «әкелгендігін», буржуазияның «ақылы, пысықтығы, жігері» туралы жыр жырлайтын әдебиеттің қалай құрлығандығын өзіңіз сыйпаттап жазған едіңіз ғой. Бұл арада мәселенің бәрі қоғамдық құрылыстың екі формасының орын алмасуына келіп соғатындығы айқын: жерге беркілген крепостнойлық шаруалардың қосымша еңбегін пайдалану системасы крепостниктік адамгершілікті туғызды; «біреу үшін», ақша иесі үшін, жұмыс істейтін «ерікті еңбек» системасы оның орнына буржуазиялық адамгершілікті туғызды.

Ал ұсақ буржуа болған затқа тура қарауға және оны атымен атауға қорқады: ол осы даусыз фактылардан теріс айналып кетеді де, қиялға шома бастайды. Ол тек ұсақ дербес шаруашылықты ғана *(рынок үшін өндіретін* шаруашылық екендігі туралы момақансып үндемейді) «адамгершілікке сай» деп есептеп, жалдама еңбекті «адамгершілікке сай емес» деп есептейді. Ол мұның бір бірімен байланысты екендігін — тіпті тығыз байланысы бар екендігін — түсінбейді, және буржуазиялық адамгершілікті товарлы шаруашылықтан (бұған оның, шынында, ешбір қарсылығы жоқ) шығып өсіп жатқан буржуазиялық тәртіптердің турадан-тура нәтижесі деп есептемей, қайдағы бір кездейсоқ ауру деп есептейді.

Сондықтан ол: «зиянды, хауіпті» деп, кемпірлерше уағаз айта бастайды.

Ол қанаудың ең жаңа формасын оның бұрынғы, крепостниктік формасымен салыстырмайды, ол өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарының иелері жөніндегі қатнастарына оның енгізген өзгерістерін көрмейді, — ол оны

---

* Южаков мырзаның сөзі.

мағнасыз, мещандық утопиямен салыстырады: өзі товарлы шаруашылық бола тұрса да, хазіргі бастап апара жаткан жеріне апара алмайтын «ұсақ дербес шаруашылықпен» салыстырады (жоғарыдағы: «кулактар гүлденіп өсіп келеді, өте нашарларды батрак етіп, кіріптарлыққа ұшыратуға тырысады» деген сөздермен, т. т. салыстырыңыз). Сондықтан оның капитализмге қарсы жасаған наразылығы (сол күйінде, наразылық ретінде — өте заңды және өте әділ наразылық) реакциялық налу болып шығады.

Ол, еңбекшіні бір орынға бекіткен қанау формасын еңбекшіні бір орыннан екінші орынға айдап бүкіл елге тарататын қанау формасымен ауыстырып, «буржуазиялық бағыттың» пайдалы жұмыс істегендігін түсінбейді; ол қосымша өнімді пайдалану ісін қанаушының өндіруші жөніндегі жеке катнастары арқылы, өзара азаматтық саяси міндеттемелер арқылы, «үлесті жермен қамтамасыз ету», т. т. арқылы шырмайтын, қанау формасын — осының бәрінің орнына «мейрімсіз таза ақшаны» қоятын қанау формасымен ауыстырып, жұмысшы күшін басқа товардың бәрімен, затпен теңдестіретінін түсінбейді; сөйтіп «буржуазиялық бағыттың» қанаушылықты оның барлық көмескіліктерінен, елестерінен аршып жаңаштайтындығын, ал оны аршып жаңаштаудың өзі — үлкен еңбек сіңіргендік екенін түсінбейді.

Сонсын, біздің қоғамымыз буржуазиялық бағытты «соңғы жылдарда» қабыл алды деген сөзге де көңіл бөліңіз. — Тек «соңғы жылдарда» ғана қабыл алды ма екен? Бұл бағыт 60-шы жылдарда да толығынан айқын көрінген жоқ па еді? Ол бағыт бүкіл 70-ші жылдар бойы да үстем болған жоқ па еді?

Ұсақ буржуа бұл жерде де істі жеңілдеткісі келеді, реформадан кейінгі барлық дәуірде біздің «қоғамымыздың» сыйпаты болып келген буржуазияшылдықты біртүрлі уақытша әуестенушілік деп, салт деп көрсеткісі келеді. Ағаш тасасында тұрып орманды көрмеу — ұсақбуржуазиялық доктринаның негізгі белгісі. Крепостниктік правоға қарсы наразылық етіп, оған карсы қызу шабуыл жасап жүріп, — ол (ұсақ буржуазияның идеологі) буржуазияшылықты көрмей отыр, өйткені ол осы арпалысқан айқайдың үстінде құрылған тәртіптердің эконо-

микалық негіздеріне тура қарауға қорқады. Ол, бүкіл алдыңғы қатардағы («либералшыл-қылымсыған», 129 бет) әдебиеттің кредит туралы, қарыз-сақтық серіктік-тері туралы, алым-салықтардың ауырлығы туралы, жер иеленушілікті ұлғайту туралы және «халыққа» жәрдем берудің сол сияқты шаралары туралы айтып жүрген пікірлерінен — тек «соңғы жылдардағы» буржуазияшыл-дықты ғана көріп отыр. Ақырында, «реакция» жөніндегі өкініштердің, «60-жылдарды» жоқтаудың салдарынан, — ол осының бәрінің негізінде буржуазияшылдық жат-қандығын мүлде көрмей отыр, сондықтан барған сайын ол осы «қоғаммен» қосылып отыр.

Расында да — біздің шаруалар идеологі реформадан кейінгі тарихтың осы үш дәуірінің өне бойында әрқа-шан да «қоғаммен» қатар тұрды және сонымен бірге бол-ды, ол бұл қоғамның буржуазияшылдығы оның буржуа-зияшылдыққа қарсы наразылығының бар күшін жойып отыратындығын және оны не қиялдарға, не ұсақбур-жуазиялық болмашы келісімге сөзсіз ұшыратындығын түсінбеді.

Біздің халықшылдардың («принцип жүзінде» либера-лизмге қарсы халықшылдардың) либералдық қоғамға мұндай жақындығы көп адамдардың көңілін елжіретіп келді, тіпті осы кезге дейін В. В. мырзаның көңілін елжі-ретіп отыр (оның «Неделяның» 1894 жылғы 47 — 49 но-мерлеріндегі мақаласын салыстырыңыз). Осыдан бізде буржуазиялық интеллигенция әлсіз немесе тіпті жоқ де-ген қортынды шығарып, мұны орыс капитализмінің не-гізі жоқ дегенмен байланыстырады. Ал шынында тура керісінше шығады: бұл жақындық халықшылдыққа қарсы ең күшті дәлел болып табылады, оның ұсақбур-жуазияшылдығын тура көрсететін дәлел болып табыла-ды. Тұрмыста ұсақ өндіруші, рынокке арналған товар-ларды жеке өндіруге мүмкіндігі бар болғандықтан, үл-кен жолға шығуға, ірі қожайынға айналуға қашан да үміті бар болғандықтан, буржуазияға қалай қосылатын болса, — ұсақ өндірушінің идеологі де әртүрлі кредиттер, артельдер etc. туралы мәселелерді біріге талқылай отырып, либералға солай қосылып отыр; ұсақ өндіруші буржуазияға қарсы күресуге қандай қабілетсіз болса

және алым-салықтарды азайту, жерді көбейту, т. с. сияқты көмек алу шараларына қандай мәз болатын болса, — либералдық «қоғамға» және «халық» туралы «ұшы қыйыры жоқ жалғандық пен екіжүзділік» арқылы бүркелген мылжыңына халықшыл да сондай сенеді. Егер ол кейде бір «қоғамды» бәлағаттай қалса, соның артынша: тек осы «соңғы жылдарда» ғана «қоғам» осылай бұзылды, әйтпесе жалпы алғанда оның өзі жаман емес дегенді қосып айта қояды.

«Бізде реформадан кейін құралған жаңа экономикалық тапты жуырда карастыра келіп, «Современные Известия» оны төмендегідей өте жақсы сыйпаттады: «Ерте уақыттағы етігін майлап киіп, кіші шенді полицейдің алдында жуасып тұратын, сақалды, момын миллионер, — европалықтарша менмен, тіпті әдепсіз және тәкаппар антрепренерге, кейде өте көзге түсерліктей орден таққан және үлкен шені бар антрепренерге тез айналды. Күтпеген жерден өсіп шыққан бұл адамдарға жөндеп қарасаң, өзің таңғалып — бұл жаркыраған-дардың көпшілігі — кешегі кабақшылар, пөдіретшілер, приказчиктер, т. с. екенін байқайсыз. Жаңа келген келімсектер қала тұрмысын жандандырды, бірақ оны жақсартқан жоқ. Олар қала тұрмысында дамылсыз ерсілі-қарсылы жүрісті және ұғымның өтемөте шатасуын енгізді. Айналыстың күшеюі, капиталдың өтімділігі кәсіп орындарының жанталасуын күшейтіп жіберді, бұл жанталасу қызу ойынға айналды. Ойланбаған-күтпеген жерде құралған толып жатқан байлықтар баюдың аранын ашып жіберді», т. т. ...

«Халықтың адамгершілігіне мұндай жұрттың өте зиянды әсер ететіндігінде күмән жоқ [пәленің бәрі әсте капиталистік өндіріс қатнастарында емес, мінез-хұлықтың бұзылуында екен ғой! К. Т.]. ал егер қала жұмысшыларының деревня жұмысшыларына қарағанда анағұрлым бұзылғандығында күмән болмайтын болса, онда мұның осылай болу себебі бұл жерде жұмысшыларды сол сияқты адамдардың анағұрлым көп қоршайтындығынан, солардың ауасымен дем алатындығынан және солар жасаған тұрмыспен тұратындығынан екендігіне де, әрине, күмәндануға болмайды».

Бұл халықшылдардың реакцияшылдығы туралы Струве мырзаның пікірін растайтын көрнекті дәлел. Қала жұмысшыларының «бұзылғандығы» ұсақ буржуаны қорқытып отыр; ұсақ буржуа «от басын» (келінқұмарлығы мен таяқ жұмсайтындығы бар), «отырықшылықты» (езіліп артта қалғандығы мен тағылығы бар) артық көреді және «атқа» мінген адамның сана сезімінің оянуы, — бұл оянудың сондайлық зор және бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар, ол үшін шыққан шығынның бәрі де заңды шығын, — жалпы капиталистік жағдайларда,

әсіресе орыс жағдайларында өте қызу формаға айналмай тұра алмайтынын түсінбейді.

«Егер орыс помещигінің өзгешілігі тағылық болып, оны азғана қырғылап тазалағанда татар болып шығатын болса, ал орыс буржуасын тіпті қырғылап тазаламаса да болады. Егер орыстың ескі купецтері капас дүние орнатқан болса, енді олар жаңа буржуазиямен қосылып алып, ой-пікір атаулының, адамдық сезім атаулының бәрі жойылатын қара түнек орнатады».

Автор оңбай хателесіп отыр. Бұл жерде келер шақта емес, өткен шақта айтылуы керек, сол кездің өзінде де, 70-ші жылдарда да, өткен шақта айтылуы керек.

«Жаңа жаулаушылардың қарақшылары жан-жаққа түгел тарап, ешжерде және ешбіреудің қарсылығын кездестірмей келеді. Помещиктер оларға пана болып, оларды қуанышпен қарсы алып отыр, земство адамдары оларға орасан көп қамсыздандыру қаражатын беріп отыр, халық оқытушылары оларға өсек арыздар жазып беріп жүр, дін адамдары оларға барып қол беріп жүр, ал болыстың хатшылары мордваны байлап-матауға жәрдемдесіп жүр».

Бұл — өте дұрыс берілген сыйпаттама! «ешбіреудің қарсылығын кездестірмейтіні былай тұрсын», қайта «қоғам» мен «мемлекеттің» өкілдерінің, — әлгіде автор шамамен санап өткен өкілдердің, — бәрінен көмек көріп отыр. Сондықтан — өзінен өзі туатын логика! — істің бетін өзгерту үшін, басқа жол табу жөнінде кеңес беру керек, кеңес бергенде нақ «қоғам» мен «мемлекетке» кеңес беру керек.

«Алайда, бұл сияқты адамдарға қарсы не істеуге болады?»

...«Қанаушылардың сана-сезімі жетіледі, қоғамдық пікір жақсарады деп күту әділеттіктің тұрғысынан қарағанда да, адамгершілік пен саясаттың тұрғысынан қарағанда да мүмкін емес, мемлекет осы көзқарастарда болуға тиіс».

Көрдіңіздер ме: мемлекет «адамгершілік және саяси көзқараста болуға тиіс»! Бұлай деу — құр бос сөз. «Мемлекеттің» әлгі айтылған өкілдері мен агенттері (болыс хатшыларынан бастап, содан жоғары қарай) қазірдің өзінде-ақ «саяси» [жоғарыдағы: «жұрттың көбі қуанады... оларды халықтан шыққан ең прогресшіл элементтер деп есептейді, оларды отандық цивилизацияның тура және табиғи түрде аяқ басуы деп таныйды» — дегенді салыстырыңыз] және «адмагершілік» [дәл сол жердегі: «ақыл, жігер, талап» дегенді салыстырыңыз] көзқараста емес пе? Тұрмыста «жаңадан өліп келе

жатқандар» «буржуазияның жұмысқа баруға әмір етіп отырған адамдарына» қандайлық сөзсіз қас болса, нақ сондайлық қас болып отырған адамгершілік және, саяси идеялардың екіге жарылып отырғандық фактысын сіз неліктен бүркейсіз? Қоғамдық таптар күресінің қондырмасы ғана болып табылатын осы идеялар күресін нелік-тен бүркемелейсіз?

Мұның бәрі — ұсақбуржуазиялық көзқарастың табиғи және болмай қоймайтын нәтижесі. Ұсақ өндіруші осы күнгі тәртіптерден көп зәбір көріп отыр, бірақ ол тура-дан-тура және толық айқындалған қайшылықтардан оқшау тұр, олардан қорқады және «мемлекет адамгершілік көзқараста болуға тиіс», атап айтқанда нақ ұсақ өндірушіге ұнамды адамгершілік көзқараста болуға тиіс деген реакцияшыл-аңқау қиялмен өзін-өзі жұбатады.

Жоқ, сіздікі дұрыс емес. Сіз арыз айтып отырған мемлекет, қазіргі замандағы, осы күнгі мемлекет жоғарғы буржуазияға ұнамды адамгершілік көзқараста болуға *тиіс, тиіс болатын* себебі — қоғамдағы бар таптардың арасындағы өлеуметтік күштердің бөлінуі осылайша болып отыр.

Сіз ашуланасыз. Бұл «тиістілікті», бұл қажеттілікті мойындаумен бірге, марксист буржуазияны қорғайды деп сіз айқай саласыз.

Дұрыс емес. Сіз фактының өзіңізге қарсы екенін сезесіз, сондықтан түрлі бұлтарысқа салып отырсыз: буржуазияның үстемдік етіп отырған *фактысына* сүйеніп, сіздің буржуазиясыз жол таңдап алу керек деген мещандық қиялдарыңызды теріске шығарған кісіге, қоғамның экономикалық құрылысында буржуазияның терең тамыр жайғандығына, таптардың «қоғам» мен «мемлекет» негізінде жатқан экономикалық күресіне сүйене отырып, сіздің буржуазияға қарсы қолданған ұсақ, болмашы шараларыңыздың жарамдылығын теріске шығарған кісіге, еңбекшілер табының идеологінен бұл элементтерден араны толық ажыратып, тек буржуазиялық қоғамның «тұрмысынан жіктеліп шыққандарға» ғана қызмет етуді талап еткен кісіге — сіз, буржуйларды қорғағысы келеді деп, жала жабасыз.

«Біз, әрине, әдебиет ықпалының ешқандай күші жоқ деп есептемейміз, бірақ бұл үшін: біріншіден, ол әдебиет өзінің атқара-

тын ісін жақсы түсінуге тиіс және кулактарды баулып тәрбиелеумен ғана (sic!!!) қанағаттанбай, қоғамдық пікірді де оятуға тиіс».

Міне сізге нағыз таза күйіндегі petit bourgeois!* Егер әдебиет кулактарды баулып тәрбиелейтін болса, онда мұның себебі оның өзінің атқаратын ісін жақсы түсінбегендігінен!! Міне осы мырзаларды аңқаусыңдар деп атағанда, сендер романтиксіңдер дегенде, олардың тағы таңғалатынын қайтерсіз!

Мұның керісінше ғой, құрметті халықшыл мырза-ау: әдебиетті «кулактар»** баулып тәрбиелеп отыр — олар оған идея беріп отыр (ақыл-ой, жігер, талап туралы, отандық цивилизацияның табиғи қадамы туралы идея беріп отыр), олар оған қаражат беріп отыр. Егер біру біріне бірі қарама-қарсы тұрған жауласқан екі армияның көз алдынша жау жағының фельдмаршалының адъютантынан: «тізе қосып қыймылдайық» деп, бас иіп барып өтініш етсе, мұнысы күлкі болған болар еді, сіздің әдебиетке шағынуыңыз да дәл осындай күлкі нәрсе. Тіпті айырмасы жоқ.

«Қоғамдық пікірді ояту керек» деген тілектің де жайы осындай. — «Түскі асқа тойып маужырап жатып идеалдар іздейтін «қоғамның пікірін ояту керек болғаны ма? Бұл — халықшыл мырзалардың «10 жыл, 20 жыл, 30 жыл бойы және одан да көп жылдар бойы» сондай тамаша табыспен істеп келе жатқан үйреншікті кәсібі.

Тағыда тырысып бағыңыздар, мырзалар! Түскі асқа тойып алып, маужыраған қоғам кейде ыңыранатын-ды — сірә, мұнысы оның кулактарға қарсы тізе қосып қыймыл жасауға әзірленгендігі болар. Онымен тағы сөйлесіп көріңіз. Allez toujours!***

...«ал, екіншіден, ол әдебиет сөз бостандығымен мол пайдалануға тиіс және халықтың оған емін-еркін қолы жетуге тиіс».

Жақсы тілек. «Қоғам» бұл «идеалға» тілектес. Бірақ қоғам ол идеялды да түскі асқа тойып алып маужырап отырып «іздейтін» болғандықтан және ол осы тыныш-

---

* — ұсақ буржуазия. *Ред.*

** Бұл — тым тар мағналы сөз. Буржуазия — деп, дәлірек және анығырақ айту керек еді.

*** — Сөйлей беріңіз! сөйлей беріңіз. *Ред.*

тықты бұзудан өлердей қорқатындықтан, сондықтан... сондықтан ол онша асықпай қыймылдайды, прогресс жасауының шеберлігі сонша — қоғамның алға басқан аяғы жылдан жылға кейін кете береді. Халықшыл мырзалар мұны кездейсоқтық деп ойлайды, түскі астан соңғы ұйқы әлі-ақ бітіп, нағыз прогресс басталады деп ойлайды. Күте беріңіздер!

«Біз нақ сондай-ақ тәрбие мен білім алудың әсерін де мүлдем әлсіз деп санамаймыз, бірақ біздің ойымызша, ең алдымен: 1) білім берілгенде тек үздік шыққан адамдарға ғана берілмей, оларды жұрт арасынан екшеп алып, кулакқа айналдырмай, жұрттың бәріне, әрбір адамға білім берілуі керек»...

«Жұрттың бәріне, әрбір адамға»... — марксистер нақ осыны тілейді. Бірақ марксистер, қазіргі қоғамдық-экономикалық қатнастардың негізінде отырғанда, мұны қол жеткізбес нәрсе деп біледі, өйткені тегін және міндетті оқу бола қалғанда да «білім алу» үшін ақша керек болады, ал ақша тек «үздік шыққандардың» қолында ғана бар. Демек, марксистер, бұл арада да «қоғамдық таптардың қатаң күресінен» басқа жол жоқ деп біледі.

...«2) халық мектептерінің есігі жалғыз орнынан босаған дьякондарға, чиновниктерге, түрлі азғындарға ғана ашық болмай, нағыз өнегелі адамдар мен халықты шын сүйетін адамдарға ашық болу керек».

Жанды қозғайтын сөз! Бірақ, «ақыл-ой, талап, жігер» дегендер «халық ішінен шыққандарда» деп білетіндер де — «халықты сүйеміз» деп сендіреді ғой (кейде шын ниеттерімен де сендіреді); олардың көбі «нағыз өнегелі» адамдар екені де даусыз. Бұл жерде кім төрелік береді? Сын көзімен ойлайтын, адамгершілігі күшті адамдар төрелік бере ме? Бірақ осы халық ішінен оқшау шыққандарға жек көру арқылы әсер етуге болмайды деп автордың өзі айтқан жоқ па?*

Ең баста айтып өтуге тура келген — фактылардан теріс бұрылып кету сыяқты халықшылдықтың негізгі белгісінің нақ өзіне, ақыр аяғында, тағы келіп тіреліп отырмыз.

Халықшыл фактыларды суреттеген кезде, — ол өзі

* 151-бет! «...Өздерін жек көретін адамдарды олар бұрыннан-ақ (осы «бұрыннан-ақ» дегенді жақсы байқап қойыңыз) жек көріп келе жатқан жоқ па?»

әрқашан да: шындықтың капиталға тиісті екенін, біздегі шын эволюция капиталистік эволюция екенін, күштің буржуазияның қолында тұрғанын мойындауға мәжбүр болады. Мұны, мысалы, жаңа түсінік беріліп отырған мақаланың авторы да мойындады; ол бізде «мещандық мәдениеттің» орнағанын, халықты бұйрықпен жұмысқа айдап отырған буржуазия екенін, буржуазиялық қоғамның тек күрсақтағы қорекпен, түскі астан соңғы үйқымен ғана ісі болып отырғандығын, «мещандардың» тіпті буржуазиялық ғылымды да, буржуазиялық адамгершілікті де, саясаттағы буржуазиялық софизмдерді де, буржуазиялық әдебиетті де туғызғанын атап көрсетті.

Ал солай бола тұрса да халықшылдық пікірлердің *бәрі қашан да болса* бұған қарама-қарсы болжауға: күш буржуазия жағында емес, «халық» жағында деген болжауға негізделген. Халықшыл жол таңдап алу туралы (шын жолдың капиталистік сыйпатын мойындаумен қатар), еңбекті (буржуазияның «биілігінде» тұрған еңбекті) қоғамдастыру туралы, мемлекеттің адамгершілік пен саясат тұрғысына көшуге тиіс екені туралы, халықты дұрысында халықшылдар үйретуге тиіс екені туралы, тағысын-тағылар туралы сөз қылады; сондағысы, күш қазірдің өзінде еңбекшілердің немесе олардың идеологтерінің жағында тұрған сияқты көреді, тек бұл күшті жұмсаудың «таяудағы», «қолайлырақ» тағы сондай тәсілдерін көрсету ғана қалған сияқты көреді.

Мұның бәрі — жылымшы татыған шылғый өтірік. Мұндай жалған үміттер үшін raison d'etre* бұдан жарты ғасыр бұрын, пруссиялық регирунгсрат[84] Россияда «қауым» болғанын ашқан заманда жездестіруге болатын еді, — ал енді, «ерікті» еңбектің 30 жылдан астам тарихынан кейін, бұл — не мазақ, не фарисейлік, не тілін безеген екіжүзділік болып табылады.

Осы ізгі ниетті және жайдары жүзді өтірікті талқандау марксизмнің теориялық негізгі міндеті болып табылады. «Адам баласының бахытына апаратын жолды» іздегісі келетін адамдардың ең бірінші борышы — өзін-өзі әуреге салмай, бар нәрсені ашықтан-ашық мойындауға бел байлау болып табылады.

---

* — негіз. *Ред.*

Ал еңбекші таптың идеологтері мұны түсініп, жете сезген кезде мынаны мойындайды: «идеалдардың» мәні сі — ең тәуір, ең төте жол салып беру емес, біздің капиталистік қоғамдағы көз алдымызда жүріп жатқан «қоғамдық таптардың қатаң күресінің» міндеттері мен мақсаттарын бейнелеп айтып беру; өз талаптарының табысына өлшеу болатын нәрсе — «қоғам» мен «мемлекетке» кеңес айтып беру емес, қоғамның белгілібір табына осы идеалдарды тарату дәрежесі; сіз идеалдарды экономикалық күреске қатысушылардың өздерінің мүдделерімен мызғымастай етіп қоса білмесеңіз, «еңбекке әділ төлеу» мәселесі сияқты, осы таптың күнбе-күнгі тұрмысқа байланысты «тар өрісті», ұсақ мәселелерімен қоса білмесеңіз, ол идеялардың ең жоғары идеалдар болса да бақыр тыйындық құны болмайды; аузымен орақ орған халықшыл мұндай ұсақ мәселелерге тәкаппарлықпен оскырып қарайды.

...«Бірақ бұл аздық етеді, ақыл-ойдың жетілуі жыртқыштық талаптар мен соқыр сезімдерден адамды әлі де қорғай алмай келеді; амал не, мұны өзіміз қадам сайын көріп отырмыз. Сондықтан деревняны жыртқыштықтан қорғау үшін жедел шаралар қолдануға тиіс, ең алдымен, адам баласы табиғатының мінез-хұлық жағының жетілмеуіне жәрдемдесетін қоғамдық тіршілік формасы болып табылатын қауымымызды қорғау үшін шаралар қолданылуға тиіс. Қауымның өмір сүру мәңгі-бақый кемтамасыз етілуге тиіс. Бірақ бұл да әлі аздық етеді: қауым өзі қазіргі экономикалық жағдайдар мен салық ауыртпалығының қыспағында тұрғанда өмір сүре алмайды, сондықтан шаруалардың жер иеленуін ұлғайтатын, алым-салықтарды азайтатын халық өнеркәсібін ұйымдастыратын шаралар керек.

Кулактарға карсы шаралар міне осы; жөнді әдебиеттің бәрі осы шараларға келісіп, соларды қолдауға тиіс. Бұл шаралар, әрине, жаңалықты шаралар емес; бірақ істің мәні мынада: бұл шаралар бірден-бір шаралар, ал бұған жұрттың бәрінің көзі әлі жете қойған жоқ». (Соңы.)

Аузымен орақ орған халықшылдың программасы міне осы! Фактыларды суреттеп өтуден біз экономикалық мүдделердің бір-біріне толық қайшы келетіндігінің барлық жерде байқалатындығын көрдік, — «барлық жерде» дегенде қалада да, деревняда да, қауымның ішінде де, одан тысқары жерде де, фабрика-завод өнеркәсібінде де, «халық» өнеркәсібінде де байқалатындығын көрдік деген мағнада ғана емес, сонымен қатар шаруашылық

құрылыстардың шегінен тыскары жерлерде де — әдебиетте де, «қоғамда» да, адамгершілік, саясат, заң идеяларының, т. т. саласында да байқалатындығын көрдік деген мағнада айтылып отыр. Ал біздің сері Klein-Bürger: «деревняны қорғау үшін жедел шара қолдану керек» деп көз жасын төгіп, зарланады. Мещандық үстірт ұғынушылық пен келісімге бейімдік толық айқын көрініп тұр. Бұл деревняның өзі бір жік пен күрес екенін, қарама-қарсы мүдделер құрылысы екенін біз жоғарыда көрдік, — бірақ халықшыл бәленің түп тамыры бұл құрылыстың өзінде емес, оның жеке кемшіліктерінде деп біледі, өзінің программасын құрғанда, болып жатқан күреске идеялық негіз бере отырып құрмай, деревняны кездейсоқ, заңсыз түрде, сырттан келетін «жыртқыштардан» «қорғау керек» дегенге негіздеп құрады! Құрметті романтик мырза, сонда қорғау шараларын кім қолдануға тиіс? Нақ қорғауға тиіс болған адамдардың себебінен құрсақ қорегін алып отырған «қоғам» қолдануға тиіс болғаны ма? Қосымша құннның үлесімен күн көретін, сондықтан, әлгіде өзіміз көргендей, қарсылық көрсетпей, қайта көмек көрсетіп отыратын — земство болыс агенттері және басқа да сондай агенттер қолдануға тиіс болғаны ма?

Халықшыл мұны — өкінішті кездейсоқтық, басқа түк те емес, «өз міндетінің не екенін» теріс «түсінгендіктің» нәтижесі, деп біледі; барлық осы сияқты элементтердің «теріс жолдан қайтуы» үшін, бұларды «келісіп, тізе қоса қыймылдауға» шақырса болғаны деп біледі. Егер экономикалық қатнастарда Plusmacherei системасы орнаған болса, білім алу үшін қаржы және бос уақыт тек «халық ішінен оқшау шыққандардың» ғана қолында болып, ал «бұқара», «надан күйінде қала беруге, біреу үшін еңбек ете беруге» тиісті болатын тәртіптер орнаған болса, — онда бұлардың турадан-тура және тікелей мына төмендегінің салдарынан болып отырғанын халықшыл мойындағысы келмейді: «қоғам» қатарына тек «оқшау шыққандардың» өкілдері ғана қосыла алады, нақ осы «қоғамнан» және «оқшау шыққандардың» арасынан ғана болыс хатшылары, земство агенттері, тағысын-тағылар құралады; бұларды халықшыл-экономикалық кат-

настар мен таптардан *жоғары* тұратын, олардың *үстінде* тұратын бір нәрсе деп есептеп, аңқаулық қылады.

Сондықтан оның: «қорғандар», деген үндеуі де тіпті тиісті жеріне айтылып отырған жоқ.

Ол не мещандық шағала шаралармен тынады (кулактарға қарсы күрес, қарыз-сақтық серіктіктері туралы, кредит туралы, ақыл-ой анықтығын, еңбек сүюді, білім алуды қуаттайтын заң шығару істері туралы жоғарыда айтылғандарды қараңыз; шаруаның жер иеленуін ұлғайту, — жер кредиті мен жер сатып алу туралы жоғарыда айтылғандарды қараңыз; алым-салықтарды азайту, — табыс салығы туралы жоғарыда айтылғандарды қараңыз), не болмаса «халық өнеркәсібін ұйымдастыру керек» деген студенттік албырт қиялдармен тынады.

Ал бұл қазірдің өзінде-ақ ұйымдастырылып қойған жоқ па екен? Жоғарыда суреттелген бүкіл осы жас өспірім буржуазия қазірдің өзінде-ақ осы «халық өнеркәсібін» өзінше, буржуазияша ұйымдастырып қойған жоқ па екен? Оны істемеген болса, буржуазия қалайша «әрбір деревняны өз қолына ұстап» тұра алар еді? ол «халыққа жұмыска шық деп» қалай «әмір етіп», қосымша күнды қалай иемдене алар еді?

Халықшыл шектен тыс адамгершілікке салынып күйінеді. Ол: капитализм өндіріс анархиясына, дағдарыстарға, бұқараның ұдайы, қалыпты және барған сайын күшейіп отырған жұмыссыздығына, еңбекшілердің халінің орасан нашарлауына негізделіп құрылып отырғанда, ол капитализмді «құрылыс» деп тану адамгершілікке жатпайды деп айқай салады.

Керісінше. Ақыйқат істі боямалау, реформадан кейінгі Россияны бүтіндей сыйпаттайтын тәртіптерді кездейсоқ, байқаусызда болып қалған бір нәрсе деп көрсету адамгершілікке жатпайды. Капиталистік ұлт атаулының бәрі өндірушіні мүгедектікке және жарымжандыкка ұшырату арқылы ғана техникалық прогреске, еңбектің қоғамдасуына жеткізетіні алдақашан анықталған нәрсе. Ал бұл *фактыны* «қоғаммен» мораль жайында әңгімелесу материалына айналдыру және, болып жатқан күресті көргісі келмей, тамаққа тойып маужырап: «қорғандар», «қамтамасыз етіңдер», «ұйымдастырыңдар» деп былдырлау —

романтик болу, аңқау, реакцияшыл романтик болу деген сөз.

Оқушыға, бұл түсініктердің Струве мырзаның кітабын тексерумен ешқандай байланысы жоқ болып көрінуі ықтыймал. Меніңше, бұл тек сыртқы байланысы жағынан ғана осылай.

Струве мырзаның кітабы орыс марксизмін тіпті де жаңадан ашып отырған жоқ. Ол тек бұрыннан қалыптасып айтылып келген теорияларды ең алғашқы рет біздің баспасөз жүзінде шығарып отыр*. Жоғарыда айтып өттік, бұл шығарудан бұрын либералдық-халықшылдық баспасөз жүзінде марксизм қатаң сынға алынған болатын, бұл сын істі шатастырып, теріске бұрмалаған болатын.

Бұл сынға жауап бермейінше, біріншіден, мәселенің қазіргі күйіне жақын келуге болмайтын болды; екіншіден, Струве мырзаның кітабын, ол кітаптың сыйпаты мен мақсатын түсінуге болмайтын болды.

Жауап беру үшін ескі халықшылдық мақаланың алыну себебі — принциптік мақала керек болды, ал онын үстіне, орыстың ескі халықшылдарының ең болмағанда кейбір өсиеттерін, марксизм үшін бағалы өсиеттерін, сақтайтын мақала керек болды.

Біз бұл түсінік арқылы либералдық-халықшыл айтыстардың көп тарап жүрген әдістерінің ойдан шығарылғандығын және сөлекеттігін көрсетуге тырыстық. Бақсақ, марксизм гегельшілдікпен байланысты** триадаға сенумен, фактылар арқылы тексеруді керек қылмайтын дерексіз догмалар мен схемаларға сенумен байланысты, әрбір ел үшін капитализм кезеңінен өту міндетті екендігіне, т. с. сенумен байланысты дейтін ой-пікірлер — құр былшыл екен.

Марксизм өз межесін — қоғамдық таптар мен экономикалық мүдделердің көз алдымызда жүріп жатқан кү-

---

* В. В. «Теориялық экономияның очерктері». СПБ. 1895, 257—258 беттерін салыстырыңыз[85].

** Мен, әлбетте, марксизмнің тарихи тегі жөнінде айтып отырғаным жоқ, оның қазіргі замандағы мазмұны туралы айтып отырмын.

рестерін *түжырымдап* беруде және оны теория жүзінде *түсіндіруде* деп біледі.

Марксизм, орыс тарихы мен тұрмысының фактыларынан басқа ешқандай нәрсеге сүйенбейді; марксизмнің өзі де еңбекші таптың идеологиясы болып табылады, бірақ ол орыс капитализмінің өсуі мен жеңістері жөніндегі жалпыға мәлім фактыларды мүлде басқаша түсіндіреді, қолма-қол өндірушілердің идеологтерінің алдына біздің өмір шындығымыз қойып отырған міндеттерді мүлде басқаша ұғынады. Сондықтан марксист орыс капитализмінің қажеттілігі, болмай қоймайтындығы, прогрессившілдігі туралы айтқанда, жалпыға бірдей анықталған фактыларға сүйеніп айтады, бұл фактылар нақ жалпыға бірдей болып анықталғандықтан, ешбір жаңалық нәрсе болмағандықтан әрқашан да бірдей айтыла бермейді; марксист халықшыл әдебиеттің айтқандарына және қайталап айтқандарына басқаша түсінік береді, — ал егер халықшыл бұған жауап ретінде: марксист фактыларды білгісі келмейді деп айқайлайтын болса, онда оны әшкерелеу үшін 70-ші жылдардағы халықшылдардың принциптік мақалаларының қайсысын болса да жай көрсетіп өтудің өзі-ақ жеткілікті.

Енді Струве мырзаның кітабын тексеруге көшеміз.

II ТАРАУ

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ СОЦИОЛОГИЯҒА СЫН

Халықшылдықтың «мәнін», оның «негізгі идеясын» автор «Россияның өз бетінше экономикалық дамуы жөніндегі теорияда» деп біледі. Оның сөздеріне қарағанда, бұл теорияның шығатын «негізгі екі бұлағы бар: 1) жеке адамның тарихи процестегі ролі туралы белгілі бір ғылым және 2) орыс халқының ерекше ұлттық сыйпаты мен рухы барлығына және оның ерекше тарихи тағдырларына тікелей сену» (2). Осы жеріне жасаған ескертуінде автор «халықшылдардың ап-айқын әлеуметтік идеалдары бар»* дейді және халықшылдардың экономикалық көзқарасын ол төменде баяндайтындығын айтады.

---

* Әрине, бұл: «ап-айқын идеалдары» деген сөзді дәл өз мағынасында, яғни халықшылдар өздерінің не істегісі келетінін «ап-анық»

Халықшылдықтың мәнін бұлай сыйпаттау, менің ше, біркелкі түзетуді керек етеді. Бұл сыйпаттама, халықшылдықтың теориялық үстем идеяларын көрсете отырып, не оның «мәнін», не оның «шығатын бұлағын» көрсетпегендіктен, тым дерексіз, тым идеалистік сыйпаттама болып отыр. Көрсетілген идеалдардың, өз бетінше дамуға сенушілікке, жеке адамның ролі туралы ерекше ғылымға келіп қосылып кетуінің себебі қалай екені, бұл теориялардың қоғамдық пікіріміздің «ең ықпалды» ағымы болып шығуының себебі қалай екені мүлде түсініксіз болып қалады. Егер автор, «халықшылдықтың социологиялық идеялары» туралы (1-ші тараудың аты) айта отырып, таза ғана социологиялық мәселелермен (социологиядағы метод) тынып қоя алмай, халықшылдардың орыс экономикалық тұрмысы жөніндегі көзқарастарын да сөз қылғанда болса, онда ол бұл көзқарастардың мәнін де көрсетуге тиісті еді. Ал жоғарыда көрсетілген ескертуде мұның тек жарым-жартысы ғана істелген. Халықшылдықтың мәні — ұсақ өндірушілер мен ұсақ буржуа көзқарасы тұрғысынан қарап, өндірушілердің мүлдерін қорғағандық. Струве мырза өзінің Н. —он мырзаның кітабы туралы («Sozialpolitisches Centralblatt», 1893, № 1) немісше шыққан мақаласында халықшылдықты «ұлттық социализм» деп атаған («Русское Богатство», 1893, № 12, 185 бет). «Ұлттық» деудің орнына — бұрынғы орыс халықшылдығы жөнінде — «шаруалық» деу керек еді, ал осы кездегісі жөнінде — «мещандық» деу керек еді. Халықшылдықтың «шыққан бұлағы» — реформадан кейінгі капиталистік Россияда ұсақ өндірушілер табының көптігі.

Бұл сыйпаттаманы түсіндіру хажет. «Мещандық» деген сөзді мен күнделікті мағнада емес, саяси-экономикалық мағнасында қолданып отырмын. Товарлы шаруашылық системасының тұсында шаруашылықпен шұғылданатын ұсақ өндіруші,—міне «ұсақ буржуа», Kleinbürger немесе, бұда сол, мещан деген ұғымды беретін екі белгі

біледі деген мағнада түсінуге болмайды. Бұлай түсіну мүлдем теріс болар еді. «Ап-айқын идеалдар» деп ең мықтағанда қолма-қол өндірушілердің идеологиясын түсіну керек, бұл идеология нағыз қожыраған идеология бола тұрса да, солай түсіну керек.

осындай. Сонымен бұл ұғымға шаруа да, майдагер де кіреді, бұл екеуін халықшылдар қашанда бір деп сана·ған болатын — онысы әбден әділдік, өйткені мұның екеуі де рынок үшін жұмыс істейтін өндірушілер және бұлардың тек товарлы шаруашылықтарының даму дәрежесі жағынан ғана айырмасы бар. Сонсын, менің халықшылдықты бұрынғы* және қазіргі деп айыруымның себебі — ол уақыттағы халықшылдық, Россияда капитализмнің дамуы өте нашар болған кезде, шаруа шаруашылығының ұсақбуржуазиялық сыйпаты мүлде анықталмаған кезде, доктринаның практикалық жағы таза утопия болған кезде, халықшылдар либералдық «қоғамнан» жалт беріп, «халық арасына барған» кезде құралған бірсыпыра жүйелі доктрина болған еді. Ал қазір олай емес: енді Россияның капиталистік жолмен дамуын ешкім де бекерге шығарып отырған жоқ, деревнянын ыдырауы — даусыз факт. «Қауымға» балаша сенген халықшылдықтың жүйелі доктринасынан тек шоқпыты ғана қалды. Ал іс жүзінде — утопияның орнына ұсақбуржуазиялық «прогрестердің» мүлдем утопиялық емес программасы шықты, сөйтіп тек лепірген жел сөздер ғана бұл бишаралық келісімдердің отан үшін ең жақсы және өзіндік жолдар табу туралы армандармен тарихи байланысы бар екенін еске түсіреді. Либералдық қоғамнан алыстаудың орнына, оларға шын ықласпен жақындасуды көріп отырмыз. Міне осы өзгеріс шаруалар идеологиясын ұсақ буржуазияның идеологиясынан айыруды еріксіз істетіп отыр.

Струве мырзаның жоғарыда көрсетілген баяндауындағы дерексіздік — оның негізгі кемшілігі болып отырғандықтан халықшылдықтың шын мазмұны жөніндегі бұл түзету екібастан қажетті түзету болады; бұл бір. Ал, екіншіден, Струве мырзаның қатысы болмаған доктринаның «кейбір негізгі» қағыйдалары қоғамдық идеяларды қоғамдық-экономикалық қатнастармен байланыстыруды талап етеді.

Сондықтан біз енді, осындай байланыстыру болмаса, халықшылдықтың социологиядағы метод туралы мәселе

---

* Бұрынғы халықшылдар деп мен, мәселен, «Отечественные Записки» шығарғандарды айтпаймын, нақ «халық арасына барғандарды» айтамын.

тәрізді тіпті таза теориялық идеяларын да түсінуімізге болмайтындығын көрсетуге тырысамыз.

Социологиядағы ерекше метод туралы халықшылдық ғылымды бәрінен де Миртов[86] пен Михайловский мырзалар жақсы баяндаған дегенді көрсете келіп, Струве мырза бұл ғылымды «субъективтік идеализм» деп сыйпаттайды және мұны дәлелдеу үшін аты аталған адамдардың шығармаларының бірсыпыра жерін келтіреді, ал бұған тоқталып өтуге болады.

Бұл екі автордың екеуі де — тарихты «күрес жүргізуші жеке адамдар» жасап келген деген қағыйданы негізге алады. «Тарихты жеке адамдар жасайды» (Миртов). Михайловский мырзада бұл одан да гөрі ашық айтылған: «Жігерлі адам өзінің барлық ой-пікірлері мен сезімдері арқылы бүкіл ауыртпалықты өз мойнына көтеріп, тарихтың қайраткері бола бастайды. Тарихта мақсаттар қоюшы және жаратылыс пен тарихи жағдайлардың стихиялық күштері туғызатын кедергілерден өткізіп, осы мақсаттарға қарай оқыйғаларды жылжытушы — әлдекандай бір мистикалық күш емес, жігерлі адам» (8). Бұл қағыйда — тарихты жеке адам жасайды деген қағыйда — теория жағынан мүлде мағнасыз. Тарихтың өзі түгелінен жеке адамдардың қыймылынан құралады, ал қоғамдық ғылымның міндеті осы қыймылдарды түсіндіру болып табылады, сондықтан «оқыйғалардың барысына қол сұғу правосын» айту (Михайловский мырзадан Струве мырзаның келтірген сөздері, 8 бет) — қайталай берген сылдыр сөз болып шығады. Бұл, әсіресе, Михайловский мырзаның соңғы тирадасында ерекше айқын көрініп отыр. Жігерлі адам тарихи жағдайлардың стихиялық күштері туғызатын кедергілерден өткізіп, оқыйғаларды жылжытып отырады, — дейді ол. Ал осы «тарихи жағдайлар» деген немене? Автордың логикасы бойынша, бұлар да сол баяғы басқа бір «жігерлі адамдардың» қыймылдарынан құралады. Жігерлі адам басқа бір жігерлі адамдар туғызатын кедергілерден өткізіп, оқыйғаларды жылжытып отырады, деу, шіркін, шынында да тарихтың терең мағналы философиясы емес пе! Ал енді бір жігерлі адамдардың қыймылы стихиялы қыймыл аталып, екінші бір адамдар туралы — олар күн ілгері бел-

гіленген мақсаттарға қарай «оқыйғаларды жылжытып отырады» деудің себебі қалай? Әлбетте, бұдан қандай да болса бір теориялық мазмұн шығарамын деп дәмеленуге бола қояр ма екен. Барлық әңгіме мынада: біздің субъективистердің «теориясына» материал беріп келген тарихи жағдайлар антагонистік қатнастар болды (қазірде де солай болып отыр), өндірушіні экспроприациялауды туғызып отырды. Бұл антагонистік қатнастарды түсіне білмей, *олардың арасынан* өздеріне «жеке адамдарды» қосып ала алатын қоғамдық элементтерді таба білмей, субъективистер тарихты «жігерлі адамдар» жасады деп «жеке» адамдарды жұбаткан теориялар шығарумен тынды, Атышулы «социологиядағы субъективтік метод» жақсы тілек пен жаман ұғымнан басқа мүлде түк нәрсе де көрсете алмайды. Михайловский мырзаның автор келтіріп отырған бұдан былайғы пікірі де мұны ап-айқын дәлелдейді.

Европа тұрмысы, дейді Михайловский мырза, «жаратылыстағы өзеннің ағысы мен ағаштың өсуі сыяқты, мағнасыз, салтсыз құрылды. Өзен бөгеу болмайтын жаққа қарай ағады, ол ағызып әкете алатын нәрсесін алмас кені болса да ағызып әкетеді, ал ағыза алмайтын нәрсесін үйіп қойған көң болса да айналып өтеді. Шлюздер, бөгеттер, судың бағытын әрі-бері аударатын үлкен тоғандар адамның ақыл-ойы мен сезімі бойынша жасалады. Бұл акыл-ой мен сезім Европада қазіргі экономикалық тәртіп шыққан кезде болмады (? П. С.) деуге болады. Олар жаңа ғана туып өсіп келе жатыр еді, сондықтан оқыйғалардың табиғи стихиялық барысына олардың әсері болмашы ғана еді» (9).

Струве мырза бір сөзге сұрау белгісін қойған, бірақ бұл сұрау белгісін оның барлық сөзге қоймай, тек бір сөзге қойғанына біздің таңымыз бар, өйткені бұл тирада түгелінен мағнасыз сылдыр сөз ғой! Капитализм шыққан кезде ақыл-ой мен сезім болмады деген сөз не деген сандырақ! Капитализм адамдардың арасындағы белгілі қатнастардан құралмағанда неден құралады, ал ақыл-ойы мен сезімі жоқ адамды біз әлі білген емеспіз. Сонсын, «оқыйғалардың барысына» ол кездегі «жігерлі адамдардың» акыл-ойлары мен сезімдерінің әсері «болмашы» ғана еді деген өтірік не деген өтірік? Мүлде олай емес,

оның керісінше. Сол кезде-ақ адамдар, ақыл-есі түзу болғандықтан, кайсар шаруаны капиталистік қанаудың арнасына әкеліп түсірген өте-мөте тамаша шлюздер мен бөгеттер жасап алды; олар саяси және финансылық шаралардың да өте-мөте айлакерлікпен құрылған құрсау арналарын жасады; жалаң экономикалық заңдардың қыймылына қанағаттанбаған капиталистік қор жыйнау мен капиталистік экспроприация осы (арналар) бойынша зырлап ағып отырды. Бір сөзбен айтқанда, Михайловский мырзаның осы сөздерінің терістігінің кереметтігі сонша -- оларды тек қана теориялық қателер деп түсіндіруге болмайды. Бұлар осы жазушының өзі қолдап отырған мещандық көзқарасқа толық байланысты. Капитализм өзінің бет алысын ашықтан-ашық көрсетті, ол өзіне тән антагонизмді шегіне жеткізе дамытты, мүдделердің қайшылықтары қазірдің өзінде белгілібір формаға түсе бастап, тіпті орыс заңында да көрініп отыр, — бірақ ұсақ өндіруші бұл күрестен шетте қалып жүр. Ол өзінің мардымсыз шаруашылығы арқылы әлі де болса ескі буржуазиялық қоғамға байлаулы болып отыр, соның үшін ол, капиталистік құрылыстан езгі көріп отырғандықтан, өзінің езілуінің шын себептерін түсіне алмайды, сөйтіп, ол: бәленің бәрі адам баласының ақыл-ойы мен сезімінің «жаңа ғана туып өсіп келе жатқандығында» деп, өзін өзі жалған үмітпен жұбатады.

«Әрине, — дейді одан әрі осы ұсақ буржуаның идеологі, — адамдар әрқашан да оқыйғалардың барысына қалайда болса әсер етуге тырысты».

«Оқыйғалардың барысының» өзі адамдардың қыймылдары мен «әсерлерінен» құралады, басқа ештеңеден де құралмайды, сондықтан бұл тағы бос сөз болып шығады.

«Бірақ олар бұл арада ең тапшы тәжрибенің мәліметтеріне және ең дөрекі мүдделердің жетегіне ерді; сондықтан да, бұл басшылардың қазіргі замандағы ғылым мен қазіргі замандағы адамгершілік идеялар көрсеткен жолға мейлінше сирек, әлде қалай ғана кездесуі әбден түсінікті нәрсе» (9).

Бұл — өз «идеалдарын» бір хажетті мүдделермен жанастыра алмауының салдарынан «мүдделер дөрекілігін» теріске шығаратын мещандық мораль; қазірдің өзінде болып қалған, осы замандағы ғылымда да, осы заман-

дағы адамгершілік идеяларда да ашық көрініп отырған жіктеушілікті мещандықпен елемеу.

Михайловский мырзаның пікірлерінің осы хасиеттерінің бәрі де, ол Россия туралы мәселеге көшкенде де, өзгермей сол күйінде қалатыны түсінікті. Михайловский мырза, Яковлев мырза деген біреудің: Россия tabula rasa*, ол істі ең басынан бастай алады, басқа елдердің қателеріне соқпай өте алады, т. т., — деген мейлінше таңырқарлық ертегілерін «жан-тәнімен құттықтайды». Ал, мұның бәрі, ірі жер меншігі бар және орасан зор саяси артықшылығы бар «бұрынғы дворяндық» укладтың өкілдері әлі де осы tabula rasa-да тастай берік отырғанын, бұл жерде өзінің әртүрлі «прогрестерімен» бірге капитализмнің тез өсіп келе жатқанын толық көре-біле тұра айтылып отыр. Ұсақ буржуа бұл *фактыларды* қорқақтықпен көрмей кетеді, сондықтан ол «біз енді, ғылым бірсыпыра шындыққа да, бірсыпыра беделге де ие болған кезде өмір сүре бастаймыз», деген кінәсіз сәбилік арманның арнасына түседі.

Сонымен, Струве мырза келтірген Михайловский мырзаның пікірлерінің өзінен-ақ халықшылдықтың социологиялық идеяларының таптық тегі ашық көрініп тұр.

Струве мырзаның Михайловский мырзаға қарсы айтқан мына бір ескертуіне қарсылығымызды білдірмей кете алмаймыз. «Оның көзқарасынша — дейді автор — жеңілмейтін тарихи беталыстар жоқ, олар, тарихи беталыстар болғандығынан, бір жағынан, бастама пункт болуға тиіс, екінші жағынан — жеке адамдар мен қоғамдық топтардың пайдалы істерінің міндетті шегі болуға тиіс» (11).

Бұл — марксистің (материалистің) сөзі емес, объективистің сөзі. Бұл ұғымдардың (көзқарас системаларының) арасында айырма бар, бұл айырмашылыққа тоқтап өту керек, өйткені бұл айырманы толық түсіндірмеу Струве мырзаның кітабындағы негізгі кемшілігі болып отыр, бұл кемшілік оның пікірлерінің көпшілігінен-ақ көрініп отыр.

Объективист қазіргі тарихи процестің қажеттілігі туралы сөз қылады; материалист қазіргі қоғамдық-эконо-

---

* — таза жер. *Ред.*

микалық формацияны және одан туатын антагонистік қатнастарды дәлме-дәл талдап көрсетеді. Объективист, осы бірсыпыра фактылардың хажеттілігін дәлелдей келіп, әрдайым осы фактыларды жақтаушылардың көзқарасына түсіп кету хаупіне ұшырап отырады; материалист тап қайшылықтарын ашып береді, сөйтіп ол өзінің көзқарасын белгілейді. Объективист «жеңілмейтін тарихи беталыстар» туралы сөз қылады; материалист қазіргі экономикалық тәртіпті «меңгеріп», басқа таптардың қарсылығының белгілібір формаларын туғызып отырған тап туралы сөз қылады. Сонымен, бірінші жағынан материалист объективистен гөрі әйектірек және өзінің объективизмін одан гәрі терең, толық жүргізіп отырады. Ол процестің хажеттілігін айтумен ғана тынбайды, сонымен қатар бұл процеске нақ қандай қоғамдық-экономикалық формация мазмұн беретіндігін, бұл қажеттілікті *нақ қандай тап* белгілейтінін ашады. Бұл арада, мәселен, материалист «жеңілмейтін тарихи беталыстарды» көрсетумен қанағаттанбас еді, бұл тәртіптердің мазмұнын белгілейтін және өндірушілердің өздері кіріспейінше шығуға мүмкіндік бермейтін белгілібір таптардың барлығын көрсетер еді. Екінші жағынан, материализм өз мағнасына, былайша айтқанда, партиялықты да енгізеді, оқыйғаға қандай да болса баға бергенде, белгілібір қоғамдық таптың көзқарасын ашықтан-ашық, турадан-тура қолдап шығуға міндеттейді*.

Михайловский мырзадан соң, автор, кісі қызығарлықтай өз алдына дербес еш нәрсесі жоқ Южаков мырзаға көшеді. Оның социологиялық пікірлері туралы Струве мырза: бұл — «ешқандай мазмұны жоқ» «көпірме сөздер», деп өте дұрыс айтады. Южаков мырза мен Михайловский мырзаның арасындағы (жалпы халықшылдық үшін) өте ерекше айырмашылыққа тоқталу мақұл. Струве бұл айырмашылыққа тоқтап, Южаков мырзаны «ұлтшыл» деп атайды, ал Михайловский мырзаны алсақ, оған «қай уақытта болса да ұлтшылдық атаулының бәрі де мүлде жат болды» және оған, оның

* Струве мырзаның материализмді толық қолданбайтындығын және оның тап күресі теориясын теріс түсіндіретіндігін дәлелдейтін нақты мысалдар төменде әрбір жеке ретте өз алдына көрсетіліп отырады.

өз сөзі бойынша, «халықтық шындық туралы мәселе тек орыс халқын ғана қамтымайды, бүкіл цивилизациялы дүниенің барлық еңбекші адамдарын қамтыйды» — деп атап көрсетеді. Менің ойымша, бұл айырмашылықтың сыртынан тағыда ұсақ өндірушінің екіжақтылық жағдайының сәулесі көрініп тұр; бұл ұсақ өндіруші, Южаков мырзаның жай айта салған орынды сөзі бойынша, «қоғамнан жіктеле» бастағандығынан, прогресшіл элемент болып табылады, ал, ұсақ қожайын ретінде, өз дәрежесін сақтап қалу үшін күрескендігінен, экономикалық дамуды бөгеуге тырысқандығынан, ол реакциялық элемент болып табылады. Сондықтан орыс халықшылдары да доктринаның прогресшіл, демократиялық белгілерін — «Московские Ведомостидің» тілектестігін туғызатын реакциялық белгілерімен ұштастыра алады. Мұның кейінгілеріне келетін болсақ, онда бұларды Южаков мырзаның Струве мырза келтіріп отырған мына тирадасында көрсеткенінен гөрі анық етіп көрсету қыйын болар еді деп ойлаймын.

«Қашанда болсын және қай жерде болсын таза еңбек идеясының иесі тек шаруалар ғана болып келді. Қазіргі замандағы тарихтың майданына төртінші сословие дегеннің, кала пролетариатының шығарып отырғаны да, тегі, осы идея болу керек, бірақ, бұл арада оның мәнінің өзгеріп кеткендігі сонша — шаруа одан өз тұрмысының байырғы негізін таный ала қояр ма екен. Еңбектің хасиетті *міндеті* емес, мандайдан тер ағызып нанын табу міндеті емес, еңбек ету *правосы* [«таза еңбек идеясының» тасасында тұрған нәрсе осы екен ғой! Бұл өзіне түскен салғыртты орындау үшін... шаруаның нан тауып жеу «міндеті» туралы таза крепостниктік идея емес пе? Осы «хасиетті» міндет туралы оның өзі әбден тепкіге салып, тыйтығына жеткен мәстекке айтылып отыр-ау!!*]; сонсын, еңбекті бөліп шығару және еңбекке ақы төлеу, бұл ақының өзі еңбектің өз жемісі арқылы пайда болмайтындай-ақ, еңбекке дұрыс ақы төлеу туралы осынша

* Батыс Европаның еңбекші халқы «еңбек ету правосын» талап еткен даму сатысынан алдақашан өтіп, енді «жалқаулық правосын», өзін мүгедек етіп, әбден езіп отырған орасан ауыр жұмыстан дем алу правосын талап етіп отырғанын автор, тегі, білмейтін болу керек — бұл кішкене буржуаға лайық нәрсе.

үгіт жүргізу [«Бұл не? sancta simplicitas-па*, немесе басқа бірдеңе ме?» деп Струве мырза сұрақ қояды. Одан да жаман. Бұл — басқа біреуге тегін істеудің азақ алдында жұмыс істеуге дағдыланған, жерге бекітілген жалшының тіл алғыштығын мадақтау]; еңбекті тұрмыстан бөлектеп, қайдағы бір дерексіз (?! П. С.) категория етіп шығару, категория болғанда — қызметкердің күнделікті мүдделерімен ешбір басқа (?! П. С.) қатнасы жоқ, ешбір байланысы жоқ, тек фабрикада пәлендей сағат болғандықты ғана көрсететін дерексіз категория етіп шығару [бұл — ұсақ өндірушінің таза мещандық қорқақтығы; ұсақ өндіруші қазіргі капиталистік құрылыстан кейде өте-мөте қыйыншылыққа ұшырап отырады, бірақ ол осы ұйыммен қандай болсын қатнас жасаудан биржолата «жігі айрылып кеткен» элементтердің бұл құрылысқа қарсы елеулі қозғалысынан өте жаман қорқады]; ең ақырында, отырықшы еместігі, еңбекпен құрылған үй-жайының жоқтығы, еңбек ісінің тұрақсыздығы, — міне осының бәрі де шаруа еңбегінің идеясына мүлде жат нәрсе. Әкелерінен, ата-бабасынан мұра болып қалған еңбек орны, өзінің мүдделері арқылы бүкіл тұрмысқа енетін және ол тұрмыстың моралін құратын еңбек көптеген ұрпақтардың маңдай терімен суарылған егінін сүю, — осының бәрі шаруа тұрмысының өзіндік ерекше белгісі болып табылатын, жұмысшы пролетариатқа мүлде таныс емес нәрсе; сондықтан, жұмысшы пролетариаттың тұрмысы, еңбекшілік тұрмыс бола тұрса да, буржуазиялық моральге (жекешілік және қолы жеткен правоның принципіне сүйенетін моральге), мықтағанда дерексіз-философиялық моральге негізделіп құрылса, шаруа моралінің негізінде — дәл осы еңбек, оның логикасы мен оның тілектері жатады» (18). Бұл арада ұсақ өндірушінің реакциялық белгілері таза түрінде-ақ көрініп тұр, ол белгілер: оның езілгендігі, мәстек болу өмір бақый маңдайына жазылған «хасиетті міндетің» деген сөзге оны еріксіз сендіретін езілгендігі, оның «әкелерінен, ата-бабасынан мұра болып қалған» жағымпаздығы; оның жеке болмашы шаруашылыққа байлаулы болуы; осы болмашы шаруашылығынан ай-

* — хасиетті қарапайымдық. *Ред.*

рылып қалу қаупы оны тіпті «дұрыс ақы төлеу» туралы барлық ойдан бездіреді және «үгіт» атаулының бәріне де қарсы шығарады; еңбек өнімділігінің төмендігінен және еңбекшіні бір орынға бекітетіндігінің салдарынан, осы болмашы шаруашылық оны жабайы адамға айналдырады және сол шаруашылық жағдайларының күші арқылы оның езілушілігін, жағымпаздығын лажсыз туғызады. Бұл реакциялық белгілердің күйреуі, сөзсіз біздің буржуазияның еңбегі деп танылуға тиіс; буржуазияның прогресшіл жұмысы нақ мынау: ол еңбекшінің крепостниктік тәртіптермен, крепостниктік дәстүрлермен байланысының бәрін жойды. Қанаудың ортағасырлық формаларының орнына, мырзаның өз қоластындағы адамы жөніндегі, жергілікті кулак пен алыпсатардың жергілікті шаруалар мен майдагерлер жөніндегі, патриархтық «кішіпейіл, сақалды миллионердің» өз «жігіттері» жөніндегі *жеке* қатнастарымен бүркелген және осының арқасында әсіре-реакциялық идеяларды туғызған осы ортағасырлық қанау формаларының орнына, — буржуазия, «европалықша тәкаппар антрепренердің» қанауын, қанау болғанда, жөнсіз, ашықтан-ашық, еш нәрсемен бүркелмеген және сондықтан жалған үміттер мен қыялдардың тас-талқанын шығаратын қанауды орнатты және орнатып та келеді. Буржуазия өзінің ұлтарақтай жерінен басқа ешнәрсені білгісі келмеген және *біле де алмаған* шаруаның бұрынғы оқшаулығын («отырықшылығын») бұзды, сөйтіп, еңбекті қоғамдастыра отырып және оның өнімділігін төтенше арттыра отырып, өндірушіні қоғамдық тұрмыс майданына күшпен айдап сала бастады.

Южаков мырзаның осы пікірі туралы Струве мырза былай дейді: «Сонымен Южаков мырза халықшылдықтың славяншылдық негізін дәп-дәйекті етіп документпен көрсетеді» (18), ал төменірек, халықшылдықтың социологиялық идеяларын баяндауын қорыта келіп, ол мынаны қоса айтады: «Россияның өз бетінше дамуына» сенушілік «славяншылдық пен халықшылдықтың арасындағы тарихи байланыс» болып табылады, сондықтан марксистердің халықшылдармен таласы «славяншылдық пен батысшылдықтың арасындағы алауыздықтың табиғи жалғасы» (29). Осы соңғы қағыйда, менің ойымша, шек қою-

ды керек ететін сыяқты. Барып тұрған құнсыз (мысалы, Южаков мырза сыяқты) қышқыл отаншылдық үшін халықшылдардың өте-мөте кінәлі екені даусыз. Маркстің социологиялық методын және оның қолма-қол өндірушілер жөніндегі мәселелерді қалай қойғанын елемеушілік, осы қолма-қол өндірушілердің мүдделерін көксегісі келген орыс адамдары үшін, батыс «цивилизациясынан» толық бойтартумен теңбе-тең екені де даусыз. Бірақ халықшылдықтың мәні тереңіректе жатыр: оның мәні өзіндік даму туралы ғылымда да емес, славяншылдықта да емес, орыстың ұсақ өндірушісінің мүдделері мен идеяларын қорғағандықта. Сондықтан халықшылдардың арасында да, Струве мырзаның өзі мойындағанындай, славяншылдықпен ешбір қатысы болмаған және тіпті Россия сол Батыс Европаның түскен жолына түсті деп таныған жазушылар да болды (және бұлар халықшылдардың ішіндегі ең тәуірлері болды). Орыс халықшылдығының мәселелеріндегі славяншылдық пен батысшылдық сыяқты категорияларды мүлде түсініп болмайды. Халықшылдық орыс тұрмысының славяншылдық пен батысшылдық құралып келе жатқан заманда жоққа тән болған фактысын, атап айтқанда: еңбек мүдделері мен *капитал* мүдделерінің қарама-қарсылығын көрсетті. Халықшылдық бұл *фактыны* ұсақ өндірушінің тұрмыс жағдайлары мен мүдделерінің тұрғысынан көрсетті, сондықтан мұны қорғалақтап, бұзып көрсетті, қоғамдық мүдделердің қайшылықтарын алға қоймай, дамудың басқа жолына бостан-босқа сенушілікті алға қоятын теория шығарды, ал біздің міндетіміз — халықшылдықтың бұл қатесін түзетіп, қоғамдық топтың қайсысы қолма-қол өндірушілердің мүдделерінің шын өкілі бола алатындығын көрсету.

Енді Струве мырзаның кітабының екінші тарауына көшейік.

Автордың баяндау жоспары мынадай: ол ең алдымен материализмді қоғамдық ғылымның бірден-бір дұрыс методы деп санауға еріксіз көндіретін жалпы пікірлерді көрсетеді; бұдан кейін Маркс пен Энгельстің көзқарастарын баяндайды; ең ақырында, бұдан шыққан қортын-

дыларды орыс тұрмысының кейбір күбылыстарына қолданады. Бұл тараудың мәселесі ерекше маңызды болғандықтан, біз, қарсылық туғызатын пункттердің бәрін көрсете отырып, оның мазмұнын толық талдауға тырысамыз.

Автор — қоғамдық процесті «өзі алдына мақсаттар қоятын» және «оқыйғаларды жылжытып отыратын» «жігерлі адамдардың» қыймылдары деп көрсететін теория — білместіктің нәтижесі болады деген әбден дұрыс ескертуден бастайды. Әлбетте, «әлеуметтік топ өзі құралатын жеке адамдардан тәуелсіз, дербес өмір сүреді» (31) деп ешкім де, ең уақытта ойлаған жоқ, бірақ әңгіме мынада: «жеке адам, нақтылы дара адам ретінде, барлық өзінен бұрын өмір сүрген және өзімен замандас болған жеке адамдардың, яғни әлеуметтік топтың туындысы» (31). Автордың ойын түсіндірейік. Михайловский мырза — тарихты «өзінің бүкіл ақыл-ойлары мен сезімдері арқылы жігерлі адам жасайды» — деп ойлайды. Әбден дұрыс. Бірақ бұл «ойлар мен сезімдер» немен белгіленеді? Бұлар жеке адамның рухани тұрмысының материалы, объектісі болатын және сол жеке адамның не қолайлы, не қолайсыз «ойлары мен сезімдерінде» көрінетін, белгілібір қоғамдық таптың мүдделерін қорғауда көрінетін осы қоғамдық ортадан хажетті түрде шықпай, кездейсоқ қана шығады деген пікірді шынында да қолдауға бола ма? Ал, сонсын: *нақты* жеке адамдардың *нақты* «ойлары мен сезімдерін» қандай белгілері бойынша білуіміз керек? Мұндай белгінің жалғыз-ақ болуы мүмкін екені түсінікті, ол белгі: осы жеке адамдардың *қыймылдары,* — ал енді сөз тек қоғамдық «ойлар мен сезімдер» туралы болып отырғандықтан, бұған тағы: жеке адамдардың *қоғамдық қыймылдары,* яғни *әлеуметтік фактылар,* дегенді қосу керек. «Әлеуметтік топты жеке адамдардан бөлектегенде,—дейді Струве мырза,—біз әлеуметтік топ деп әлеуметтік тұрмыстың негізінде шығатын және әдет-ғұрып пен правода, салт пен мінез-хұлықта және діншілдік түсініктерде объективтенетін жеке адамдардың арасындағы барлық сол алуан-алуан өзара қыймылдарды айтамыз» (32). Басқа сөзбен айтқанда: адамдардың белгілібір қоғамдық қатнастарын өз зерттеуінің тақырыбы

ететін материалист социолог сонымен-ақ, қыймылдарынан осы қатнастар құралатын нақты *жеке адамдарды* да зерттейді. Субъективист социолог өз пікірін «жігерлі адамдардан» бастағансып, шынына келгенде, өзі қолайлы деп санайтын «ойлар мен сезімдердің» бұл адамдарға не салатынынан бастайды (өйткені ол өзінің «жеке адамдарын» нақтылы қоғамдық жағдайдан оқшаулап, олардың *шын* ойлары мен сезімдерін зерттеу мүмкіншілігінен айрылып қалады), яғни, «утопиядан келіп бастайды», ал мұны Михайловский мырзаның мойындауына да тура келді*. Ал, сонсын, бұл социологтің қолайлылық туралы өз түсінігі де осы әлеуметтік ортаны көрсететін (оның өзі үшін байқаусыз түрде көрсететін) болғандықтан, оның ойларынан шығатын және өзіне «қазіргі замандағы ғылым мен қазіргі замандағы адамгершілік идеялардың» «ең таза» нәтижесі болып көрінетін ақырғы қортындысы іс жүзіне келгенде тек... мещандықтың көзқарасы мен мүдделерін ғана көрсетеді.

Осы соңғы пункт, — яғни жеке адамның ролі туралы немесе субъективтік метод туралы ерекше социологиялық теория сыншыл материалистік зерттеудің орнына утопияны әкеліп қояды дейтін пункт, — өте маңызды пункт; мұны Струве мырза қалдырып кеткендіктен, оған біраз тоқтап өту мақұл.

Мұны көрсету үшін майдагер туралы тарап жүрген халықшылдық пікірді алайық. Халықшылдар осы майдагердің аянышты халін, оның өндірісінің мардымсыздығын және өнімнің көбін өз қалтасына салып, 16—18 сағаттық жұмыс күні үшін өндірушіге тиін-тебен ғана қалдырып, алыпсатардың майдагерді өрескіл қанап отырғанын суреттей келіп, — қортындысында: майдагердің өндірісінің аянышты дәрежеде болуы және оның еңбегінің қаналуы — қазіргі тәртіптердің жаман жағы дейді. Бірақ майдагер жалдамалы жұмысшы емес; бұл — оның жақсы жағы. Сондықтан жақсы жағын сақтап қалып, жаман жағын құрту керек, ал мұның үшін майдагерлік артель құру керек. Міне — халықшылдық пікірдің толығы осы.

---

* Шығармалар, III том, 155 бет: «Социология бірсыпыра утопиядан бастауға тиіс».

Марксистің пікірі басқаша. Кәсіпшіліктің жағдайымен таныстығы, марксистке: бұл жақсы ма, жаман ба деген мәселеден басқа, тағыда — бұл кәсіпшіліктің ұйымдастырылу жағы қандай, яғни белгілі өнімді өндіру жөнінде майдагерлердің арасындағы қатнастар қалай және *неліктен басқаша болмай, нақ осылай болып отыр,* деген мәселені туғызады. Сөйтіп, ол бұл ұйымның товарлы өндіріс екенін, яғни өзара *рынок* арқылы байланысатын *дара-дара* өндірушілердің өндірісі екенін көреді. Жеке өндірушінің өзінен басқалардың тұтынуына арналған өнімі *ақша* түріне айналғанда ғана, яғни алдын ала сапа жағынан да, сан жағынан да қоғамдық есепке алынғанда ғана, ол өнім тұтынушының қолына жете алады және өндірушінің басқа бір қоғамдық өнім алуына право бере алады. Ал бұл есеп өндірушінің билігінен тыс рыноктегі нарықтың ауытқуы арқылы жүргізіледі. Өндірушіге белгісіз, одан тәуелсіз тұрған бұл рынок ауытқуы өндірушілер арасында теңсіздік туғызбай тұра алмайды, біреулерін күйзелтіп, екінші біреулерінің қолына ақша-қоғамдық еңбек өнімін бере отырып, теңсіздікті күшейтпей тұра алмайды. Осыдан келіп ақша иесінің, алыпсатардың күшті болу себебі де анықталады; ол себеп мынау: күнделігі күнінен, ең көп дегенде жетілігі жетісінен ауыспай отырған майдагерлердің ішінде ақшасы бары, яғни бұрынғы *қоғамдық* еңбек өнімі бары жалғыз алыпсатар ғана; бұл ақша оның қолына тиген соң *капитал* бола бастайды, басқа майдагерлердің қосымша өнімін иемденудің құралы бола бастайды. Сондықтан, — дейді қорыта келіп маркс-ист, — қоғамдық шаруашылықтың мұндай құрылысының кезінде өндірушінің экспроприациялануы мен қаналуы мүлде болмай қоймайтын нәрсе, дәулетсіздердің дәулеттілерге бағынуы және олардың мүдделерінің карама-қарсылығы, *таптар күресі* жөніндегі *ғылыми* ұғымның мағнасын беретін карама-қарсылық мүлде болмай қоймайтын нәрсе. Ал, олай болса, өндірушінің тілегі — бұл карама-қарсы элементтерді мүлдем келістіру емес, қайта, мұның керісінше, ол карама-қарсылықты дамыту, осы карама-қарсылықты мойындауды дамыту. Товарлы шаруашылықтың дамуы біздің Русь елінде де карама-қарсылықтың осындай дамуына әкеліп соғаты-

нын көреміз: рынок ұлғайған сайын және өндіріс өрістеген сайын сауда капиталы индустриялық капитал бола береді. Машиналы индустрия оқшауланған ұсақ өндірісті біржолата қыйрата келіп (бұл өндірістің тамырларын алыпсатарлар-ақ қопарып тастаған), еңбекті қоғамдастырады. Майдагерлік өндірісте майдагердің бейне бір дербес болып көрінуімен және алыпсатардың үстемдігінің бейнебір кездейсоқ болып көрінуімен бүркелген Plusmacherei системасы — енді еш нәрсемен бүркелмеген ап-айқын бола бастайды. Алыпсатарларға қосымша өнімді әперумен ғана майдагерлік кәсіпшілікте де «тұрмысқа» қатысып келген «еңбек» енді буржуазиялық қоғамның «тұрмысынан» мүлде «жіктеліп» шығады. Бұл қоғам еңбекті ашықтан-ашық шығарып тастайды, шығарғанда оның негізінде жатқан принципті — өндіруші өз еңбегінің қосымша өнімін иемденуге рахымы түскен ақша иесін таба алғанда ғана өзінің тіршілік қаражатын ала алады деген принципті ақырына дейін жеткізеді, — сөйтіп, майдагер [және оның идеологі — халықшыл] түсіне алмаған нәрсе, атап айтқанда: жоғарыда көрсетілген қарама-қарсылықтың таптық терең сыйпаты — өндірушіге өзінен өзі-ақ айқын бола бастайды. Міне сондықтан майдагердің мүдделерін тек осы алдыңғы қатардағы өндіруші ғана көксей алады.

Енді осы пікірлерді олардың социологиялық методы жағынан салыстырып көрейік.

Халықшыл былай дейді: мен — шыншылмын. «Тарихты жігерлі адамдар жасайды», — сондықтан да мен қазіргі тәртіпті жаратпайтын майдагердің «сезімдерінен» және оның жақсы тәртіп құру туралы ойларынан бастаймын, ал марксист қайдағыбір хажеттік пен сөзсіздік туралы сөз қылады, ол мистик және метафизик.

Бұл мистик былай деп жауап береді: рас, тарихты «жігерлі адамдар» жасайды, — сондықтан да мен, майдагерлік кәсіпшілікге қоғамдық қатнастардың басқаша құрылмай, осылай құрылып отырған себебі не деген мәселені талдай келіп (сіз бұл мәселені тіпті алдыңызға қойған да жоқсыз!), нақ осы «жігерлі адамдардың» өз *тарихын қалай жасағандығын* және қалай жасап жатқандығын талдадым. Сондықтан менің қолымда, «жігерлі», шын адамдар жөнінде, шын ойлар мен сезімдер жө-

нінде, сөз қылып отырғанымды дәлелдейтін критерий болды; бұл критерий мынау болды: олардың «ойлары мен сезімдері» қыймылдарынан шықты, белгілібір қоғамдық қатнастарды туғызды. Рас, мен еш уақытта «тарихты жігерлі адамдар жасайды» деп айтпаймын (өйткені, меніңше, бұл — бос сөз), бірақ мен, *шын* қоғамдық қатнастарды және олардың *шын* дамуын зерттей келіп, нақ сол жігерлі адамдардың істерінің нәтижесін зерттеймін. Ал сіз «жігерлі адамдар» туралы айтуын айтасыз да, бірақ шынына келгенде, бастама пункт ретінде, осы «жігерлі адамдарды», бұған қоса, олардың тұрмыс жағдайларынан және өндірістік қатнастардың қазіргі системасынан туатын «ойлары мен сезімдерін» алмай, оның орнына қуыршақты алып, оның басына өзіңіздің «ойларыңыз бен сезімдеріңізді» толтыра бастайсыз. Мұндай кәсіптен құр сәбилік қыял ғана туатындығы түсінікті; тұрмыс сізден аулақ қалып, ал сіз тұрмыстан аулақ қалып қойыпсыз*, Ол ол ма: сіз осы қуыршақтың басын *немен* толтырып отырғаныңызды және қандай шаралар қолдануды уағаздап отырғаныңызды қараңызшы. Сіз, «қазіргі замандағы ғылым мен қазіргі замандағы адамгершілік идеялардың көрсеткен жолы» ретінде еңбекшілерге артельді ұсынғанда, бір кішкене ғана жағдайды: қоғамдық шаруашылығымыздың бүкіл құрылысын еске алмадыңыз. Мұның капиталистік шаруашылық екенін түсінбегендіктен, сіз, *осы негізде* мүмкін болатын артельдердің бәрі мардымсыз шала шаралар болып шығатынын байқамадыңыз; бұл шала шаралар өндіріс құрал-жабдықтарының, оның ішінде ақшаның, азшылықтың қолына шоғырлануын да (бұл шоғырлану — талассыз факт), халықтың анағұрлым көпшілігінің мүлдем қайыршылыққа ұшырауын да ешбір жоя алмайды; бұл шала шаралар, ең мықтағанда, бір топ жеке майдагерлерді ғана ұсақ буржуазияның қатарына қоса алады. Сіз еңбекшінің иде-

---

* «Практика оны («тарихи жаңа жолдың мүмкіншілігін») мейрімсіз түрде тойтарып тастап отыр»; «ол күн сайын кеміп келеді деуге болады» (Михайловский мырзаның Струве мырза келтірген сөзі, 16 бет). Кемігенде, әрине, ешуақытта болып көрмеген «мүмкіншілік» кемімейді, жалған үміт кемиді. Оның кемігенінің өзі жақсы.

ологінен ұсақ буржуазияның идеологіне айналып келесіз.

Алайда, Струве мырзаға қайта оралайық. Ол, «жеке адам» туралы халықшылдардың пікірлерінің мағнасыздығын көрсете келіп, былай дейді: «Социология шынында да әрдайым жеке элементтерді әлеуметтік негіздерге айналдыруға тырысады; мұның осылай екенін тарихи эволюцияның белгілібір ірі кезеңін түсіндіру әрекетінің қай-қайсысы болса да дәлелдеп береді. Істің өзі «тарихи адамға», «ұлы адамға» келіп тірелген кезде, оны белгілібір дәуір рухының «иесі» етіп, өз заманының өкілі етіп көрсетуге тырысушылық, — оның қыймылын, оның табыстары мен сәтсіз істерін—оның алдында болып өткен бүкіл өмір ағымының қажетті нәтижесі етіп көрсетуге тырысушылық әрдайым болып тұрады» (32). Қандай әрекеттің болса да осы жалпы беталысы — әлеуметтік құбылыстарды *түсіндіруге*, яғни қоғамдық ғылым жасап шығаруға тырысу «қоғамдық эволюцияның негізгі процесі ретіндегі тап күресі туралы ғылымда әбден айқын көрінді. Жеке адам есептен шығарылып тасталғаннан кейін, басқа бір элемент табу керек болды. Мұндай элемент әлеуметтік топ болып шықты» (33). Струве мырзаның, «жеке элементтерді әлеуметтік негіздерге» айналдыру жөніндегі социологияның жалпы талабын, былайша айтқанда, тап күресінің теориясы аяқтап шығады деуі мүлде дұрыс. Ол ол ма: тап күресінің теориясы бұл талаптың өзін ең бірінші рет толық және дәйекті түрде жүргізіп отыр, мұның өзі социологияны ғылым дәрежесіне көтеріп отыр. Бұған «топ» деген ұғымға материалистік жолмен анықтама беру арқылы жеттік. Өзін жеке алғанда бұл ұғым әлі де тым анық емес және өз бетінше тұр: «топтарды» бір-бірінен айыратын критерийді діни құбылыстарда да, этнографиялық құбылыстарда да, саяси құбылыстарда да, заңдық құбылыстарда да, т. т. көруге болады. Осы салалардың әрқайсысындағы «топтардың» қандайын болса да бір-бірінен айыруға болатын берік белгі жоқ. Ал тап күресінің теориясы қоғамдық ғылымның орасан үлкен табысы болатын дәл себебі — ол жекелікті әлеуметтікке айналдырудың тәсілдерін мейлінше дәлме-дәл және айқын белгілейді. Біріншіден, бұл теория *қоғамдық-экономикалық формация* деген ұғымды

жасады. Өзінің бастама пункт ретінде әрбір адамзат қоғамының негізгі фактысын — тіршілік қаражатын табу әдісін алып, бұл теория, адам мен адам арасындағы, тіршілік қаражаттарын табудың осы әдістерінің әсерімен құралатын қатнастарды сол әдіспен байланыстырды, сөйтіп бұл қатнастардың (Маркстің терминологиясы бойынша: «өндірістік қатнастардың») системасынан қоғамның саяси-заңдық формалармен және қоғамдық ойдың белгілі ағымдарымен бейнеленген *негізін* көрсетті. Өндірістік қатнастардың осындай әрбір системасы, Маркстің теориясы бойынша, өзінің тууының, өмір сүруінің және жоғарғы формаға көшуінің, басқа бір әлеуметтік тәнге айналуының ерекше заңы бар, ерекше әлеуметтік тән болып табылады. Қайталаушылық жөніндегі объективтік, жалпығылымдық критерий әлеуметтік ғылымға осы теория арқылы қолданылды, ал мұны социологияға қолданудың мүмкін екенін субъективистер бекерге шығарып келген болатын. Олар нақ былай деп ойлады: әлеуметтік құбылыстардың орасан күрделілігінің және әртүрлі болғандығының салдарынан, оның маңыздыларын маңызсыздарынан айырмай тұрып бұл құбылыстарды зерттеуге болмайды, ал осылай етіп айыру үшін «сын көзімен қарап ойлайтын» және «адамгершілігі жетік» жеке адамның көзқарасы қажет деп ойлады, — сөйтіп олар аман-есен ғана қоғамдық ғылымды мещандық моральдің насихат сөздеріне айналдыруға келіп тірелді; біз мұның үлгісін тарихтың мақсатқа сәйкеспейтіндігі туралы және «ғылымның жарығымен» бастайтын жол туралы философияшылдыққа салынған Михайловский мырзадан көрдік, Маркс теориясы міне осы пікірлердің тамырын қопарып тастады. Маңызды мен маңызсыздың арасындағы айырмашылықтың орнына, қоғамның мазмұны ретіндегі экономикалық структурасы мен оның саяси және идеялық *формасының* арасындағы айырмашылықты қойды: табиғат заңдары, өндірістік қатнастардың ерекше, белгілібір тарихи системасының заңдарына орын бар жерде ғана болады дейтін, бұрынғы экономистердің көзқарасын теріске шығару арқылы, экономикалық структура деген ұғымның өзі не екені дәлме-дәл түсіндірілді, Субъективистердің жалпы «қоғам» туралы пікірлерінің, мещан-

дық утопиядан әрі асып кете алмаған мағнасыз пікірлерінің (өйткені, тіпті әртүрлі әлеуметтік тәртіптерді әлеуметтік тәннің ерекше бір түрлеріне біріктіру мүмкіндігінің өзі де анықталмаған еді) орнына — қоғам құрылысының белгілібір формаларын *зерттеу* мәселесі қойылды. Екіншіден, сондай әрбір қоғамдық-экономикалық формацияның ішіндегі «жігерлі адамдардың» қыймылдары, олардың шегі жоқ алуан-алуан қыймылдары, ешбір жүйеге салуға көнбейтін сыяқты қыймылдары қорытылып, жеке адамдар топтарының қыймылдарына айналдырылды, — бір-бірінен өндірістік қатнастардың системасында атқаратын роліне қарай, өндіріс жағдайларына қарай, демек, өздерінің тұрмыс халдерінің жағдайларына қарай және осы жағдай белгілейтін мүдделеріне қарай айырылатын жеке адамдар топтарының қыймылдарына айналдырылды, — бір сөзбен айтқанда, күрестері қоғамның дамуын белгілеген *таптардың* қыймылдарына айналдырылды. Тарихты жігерлі адамдар жасайды деген еш нәрсені ашып бере алмайтын қағыйдамен қанағаттанған және адамдардың қыймылдары қандай әлеуметтік жағдаймен байланысты екенін және қалай байланысты екенін зерттеп білгісі келмеген субъективистердің тарих жөніндегі аңқау-балалық, таза механикалық көзқарасы осы жоғарыда айтылғандармен теріске шығарылды. Субъективизмнің орнына, әлеуметтік процесті табиғи-тарихи процесс деп таныйтын көзқарас қойылды, бұл көзқарассыз, әрине, қоғамдық ғылымның да болуы мүмкін емес еді. Струве мырза: «социологияда жеке адамды елемеу немесе, дұрысырақ айтқанда, оны социологиядан шығарып тастау — негізінде ғылыми тұрғыдан дүние тануға талаптанудың жеке бір түрі» (33) деп және «жекеліктер» рухани дүниеде ғана емес, сонымен бірге физикалық дүниеде де бар деп өте әділ айтады. Барлық әңгіме мынада: «жекеліктерді» белгілібір жалпы заңдарға бағындыру физикалық дүние үшін алдақашанақ аяқталған, ал әлеуметтік әлем үшін оны тек Маркстің теориясы ғана берік анықтады.

Россиялық субъективистердің социологиялық теориясына Струве мырзаның бұдан былайғы жердегі қарсылығы мынадай: жоғарыда келтірілген дәлелдердің бә-

рінен басқа — «біздің жекелік деп атайтындарымызды социология бастауыш факт деп *мүлде* мойындай алмайды, өйткені жекелік деген (бұдан былай қарай түсіндіруге жатпайтын) ұғымның өзі және оған сәйкес факт — ұзақ уақыттық әлеуметтік процестің нәтижесі» (36). Бұл — өте дұрыс пікір, бұған тоқталу жөн, әсіресе, автордың дәлелдерінде бірсыпыра теріс жері болғандықтан бұған тоқталмасқа болмайды. Ол *Зиммельдің* көзқарастарын келтіреді; Зиммель өзінің «Әлеуметтік жіктелу туралы» деген шығармасында жеке адамның дамуы мен осы жеке адамның өзі жататын топтың жіктелуінің арасында тура тәуелділіктің барлығын дәлелдепті-мыс. Струве мырза бұл қағыйданы Михайловский мырзаның жеке адамның дамуы мен қоғамның жіктелуінің («әртектілігінің») арасындағы кері тәуелділік туралы теориясына қарсы қояды. «Жіктелмеген ортада — дейді оған қарсы шыға отырып Струве мырза — жеке адам өзінің «бір түрлілігі және басқаға ұқсайтындығы» жөнінде... «ұйлесімділігі жағынан тұтас» болады. «Нақты адам «жалпы адамның тәніне лайық хасиеттердің бәрінің тұлғасы» бола алмайды, өйткені мұндай толық мазмұн нақты адамның шамасынан асып кетеді» (38—39). «Жеке адам жіктеле алу үшін, ол өзі жіктелген ортада есуге тиісті» (39).

Бұл баяндаудан Зиммельдің мәселені дәл қалай қойып, қалай дәлелдеп отырғаны айқын көрінбейді. Ал Струве мырзаның айтуында мәселенің қойылысы Михайловский мырзаның кемшілігіндей кемшілікке ұшырап отыр. Жеке адамның дамуы (және оның тұрмыс-халі) қоғамның жіктелуіне қаншалықты тәуелді екендігі туралы дерексіз пікір — мүлдем ғылыми пікір емес, өйткені қоғам құрылысының барлық формасына жарамды боларлықтай ешбір арақатнас жасауға болмайды. «Жіктелу», «эртектілік», тағы сол сияқты ұғымның өзі, оның қолданылатын әлеуметтік жағдайына қарай, мүлде әртүрлі мағна беріп отырады. Михайловский мырзаның бір негізгі қатесі — нақтылы бір қоғамдық формацияның нақтылы «прогресін» зерттеудің орнына оның пікірінің жалпы «прогресс» атаулыны түгел қамтуға тырысатын дәл осы дерексіз догматизмінде болып отыр. Струве мырза өзінің (жоғарыда жазыл-

ған) жалпы қағыйдаларын Михайловский мырзаға қарсы қойған кезде, өзі де нақтылы прогресті суреттеуден және ұғындырудан гөрі, көмескі, дәлелсіз догмаға қарай ауып кетеді, Михайловский мырзаның қатесін қайталайды. Бұған бір мысал келтірейік: Струве мырза — «жеке адамның үйлесімділігі жағынан тұтастығы өзінің мазмұны жөнінде топтың даму дәрежесімен, яғни топтың жіктелуінің дәрежесімен белгіленеді» дейді және осы сөзін курсивпен жазады. Алайда, бұл жерде, топтың «жіктелуі» деп нені түсінуге болады? Крепостниктік правоның жойылуы бұл «жіктелуді» күшейтті ме, әлде оны бәсеңдетті ме? Михайловский мырза мәселені соңғы мағнасында шешіп отыр («Прогресс дегеніміз не?»); ал Струве мырза, қоғамдық еңбек бөлінісінің күшеюіне сүйене отырып, мұны тегі алғашқы мағнасында шешкен болар еді. Бұлардың біреуі сословиелік айырмашылықтардың жойылуын еске алған болса, екіншісі экономикалық айырмашылықтардың тууын еске алған. Көріп отырсыздар ғой, терминнің көмескілігі сонша — оны қарама-қарсы түсінік етіп шығаруға да болар еді. Тағыда мысал келтірейік. Капиталистік мануфактурадан машиналы индустрияға көшуді «жіктелудің» кемуі деп білуге де болар еді, өйткені мамандануып болған жұмысшылардың арасында еңбектің талдап бөлінуі тоқталып қалады. Дегенмен жеке адамның даму жағдайы (жұмысшы үшін) тап осы соңғы ретте анағұрлым қолайлы болатындығына ешбір күмән болмаска тиіс. Бұдан шығатын қортынды сол — мәселенің қойылуының өзі дұрыс емес. Жеке адам мен топтың арасында антагонизмнің бар екенін автордың өзі де мойындап отыр (Михайловский да осыны айтып отыр). «Бірақ, — дейді тағыда ол, — тұрмыс еш уақытта тек *абсолюттік* қайшылықтардан құрылмайды: тұрмыста бәрі де *өзгермелі* және *шамалас* болады, сонымен бірге тұрмыстың түрлі жақтарының бәрі де өзара қыймылда болып отырады» (39). Егер олай болса, — онда топ пен жеке адам арасына абсолюттік арасалмақ қоюдың хажеті қанша еді ? — белгілібір қоғамдық формацияның дамуының дәл бір кезеңіне тура келмейтін арасалмақ қоюдың қажеті қанша еді? осы дәлелдердің бәрін Россияның эволюциясының нақтылы

процесі туралы мәселеге жатқызуға болмайтын ба еді? Автордың мәселені дәл солай етіп қоюға талабы болған, ал егер ол бұл талабын табандылықпен жүзеге асырып отырған болса, оның дәлелдері көп ұтқан болар еді. «Тек еңбек бөлінісі ғана, — Михайловский мырзаның ғылымы бойынша, адам баласының осы күнәға батуы ғана, — «жеке адамның» дамуына жағдай жасады; Михайловский мырза сол жеке адамның қамы үшін еңбек бөлінісінің қазіргі замандағы формаларына әділ қарсы шығып отыр» (38). Бұл өте жақсы айтылған сөз; жалғыз-ақ «еңбек бөлінісі» дегеннің орнына «капитализм» деу керек еді, тіпті оданда гөрі ықшам: *орыс капитализмі* деу керек еді. Капитализмнің прогрестік маңызының өзі де нақ мынада болды: ол ақыл-ой топастығын туғызған, өндірушілердің өз тағдырын өз қолдарына алуына мүмкіндік бермеген адам тұрмысының бұрынғы тар жағдайларын бұзды. Сауда қатнастары мен дүниежүзілік айырбастың орасан зор дамуы, орасан көп халықтың үздіксіз қоныс аударa беруі, рудың, семьяның және жеріне қарай құрылған қауымның ежелгі байланыстарын бұзып, Батыстың ең жаңа тарихында өте зор роль атқарып отырған дамудың әрқыйлылығын, «талаптардың әркыйлылығын, қоғамдық қатнастардың байлығын»* туғызды. Россияда бұл процесс реформадан кейінгі заманда, еңбектің ескі формалары барынша тез күйреген кезде, сөйтіп, шаруаны патриархтық, жартылай крепостнойлық семьядан, деревняның оны мүлде меңреу қылатын жағдайынан айырып алған және қосымша құнды иемденудің жартылай крепостниктік формаларының орнына оның таза капиталистік формаларын орнатқан, жұмысшы күшін сату-сатып алу ісі бірінші орынға шығарылған кезде әбден кемеліне келді. Бұл экономикалық процесс әлеуметтік тұрмыста «жеке адам сезімінің жалпы көтерілуі» арқылы, әртектілердің помещиктік тапты «қоғамнан» ығыстырып шығаруы арқылы, жеке адамға мағнасыз, ортағасырлық қысым жасауға қарсы әдебиеттің

---

* *К. Marx.* «Der achtzehnte Brumaire». S. 98 u. s. w[87] *(К. Маркс. «Луи Бонапарттың онсегізінші брюмері», 98-ші және одан кейінгі беттері. Ред.).*

қызу күресі, т, с. арқылы көрінді. Бұл адам сезімінің көтерілуін, адамның өз басының бағасын сезуін дәл осы реформадан кейінгі Россия туғызды, — бұған халықшылдар, бәлкім, таласа алмас. Бірақ олар бұған қандай материалдық жағдайлар жеткізді деген мәселені алдарына қоймайды. Крепостниктік правоның тұсында, әлбетте, бұл сияқты еш нәрсе бола алмайды, — ал халықшыл өзінің буржуазияшыл тарихшылар түскен соқыр оптимизмге түсіп отырғанын байқамай, «бостандық әперген» реформаны құттықтайды; Маркс сол буржуазияшыл тарихшылар туралы: олар шаруа реформасына «азаттықтың» clairobscur — ы* арқылы қарайды, бұл «азаттық» тек бір форманың екінші формаға ауысуы, феодалдық қосымша өнімнің буржуазиялық қосымша құнға алмасуы ғана болғанын сезбейді деген болатын. Дәл осының өзі бізде де болды. Халықты жерге матап қойған, оны бытыратып, вотчинашылардың құлдары етіп қойған дәл осы «ескі-дворяндық» шаруашылық системасы жеке адамның езілушілігін туғызды. Бұдан соң, — жеке адамды крепостниктік бұғаулардың бәрінен босатқан дәл осы капитализм оны рынокпен дербес қатнас жасайтын етіп, товар иесіне айналдырды (және товар иесі болған соң, басқа товар иелерімен де тең етті), сөйтіп жеке адамның сезімін арттырды. Егер, орыс капитализмінің прогрессшіл екені жөнінде сөз қылғанда, халықшыл мырзалар фарисейлікпен үрейлене түсетін болса, онда мұның жалғыз себебі — олар реформадан кейінгі Россияны сыйпаттайтын «прогресс игіліктерінің» материалдық жағдайлары туралы мәселені ойламайды. Егер Михайловский мырза өзінің «социологиясы» Россияның дұрыс жолдан кездейсоқ және уақытша таюы болып табылатын орыс капитализміне қарсы шығатын «жеке адамнан» бастайтын болса, онда ол, жеке адамның мұндай қарсылық білдіруіне мүмкіндік берген жағдайды туғызған тек қана капитализм екенін түсінбей, өзін өзі сойылдайды. — Біз осы келтірген мысалдан-ақ Струве мырзаның дәлелдері қандай өзгертуді керек ететінін тағыда көреміз. Мәселені бүтіндей орыс тұрмысының

* — пердесі. *Ред.*

негізіне, қазіргі бар нәрсені түсіндіру негізіне және бұл бар нәрсенің басқа түрде болмай, нақ осылай болу себебін түсіндіру негізіне салу керек еді: халықшылдардың өздерінің барлық социологиясын, өмір шындығына анализ жасаудың орнына, «болуы мүмкін» нәрсеге анализ жасауға негіздеп отыруы тегін емес; өмір шындығы өздерінің жалған үмітін аяусыз талқандап отырғанын олардың көрмеуі де мүмкін емес.

Автор «жеке адамдар» теориясын талдап тексеруін мынадай тұжырыммен қорытады: «социология үшін жеке адам — ортаның функциясы», «бұл жерде — жеке адам формалдық ұғым, оның мазмұны әлеуметтік топты зерттеу арқылы беріледі» (40). Осы соңғы қарсы ереже субъективизм мен материализмнің қарама-қарсылығын айрықша жақсы көрсетеді: субъективистер «жеке адам» туралы айта келіп, бұл ұғымның *мазмұнын* (яғни бұл жеке адамның «ойлары мен сезімдерін», оның әлеуметтік қыймылын) *a priori* етіп анықтады, яғни «әлеуметтік топты зерттеудің» орнына, өз утопияларын тықпалады.

Материализмнің екінші бір «маңызды жағы» — дейді сонсын Струве мырза — «экономикалық материализм идеяны фактыға, сана мен тиістілікті болмысқа бағындырады» (40). «Бағындырады» дегеніміз, бұл жерде, әрине: қоғамдық құбылыстарды түсіндіруде бағынышты орын береді деген сөз. Ал субъективист халықшылдар мұның дәл керісінше істейді: олар өздерінің пікірлерінде «идеалдарды» негізге алады, бұл идеалдардың өзі де шындықтың белгілібір көрінісі ғана бола алғанын, демек оларды фактылар арқылы тексеріп, фактыларға байланыстыру керек екенін мүлде ойланбайды. Бұл соңғы ережені халықшылға түсіндіріп бермейінше, оған бұл түсініксіз болып қалады. Бұл қалай? — деп ойлайды халықшыл — идеалдар фактыларды кінәлауға тиіс қой, фактыларды қалай өзгерту керек екенін көрсетуге тиіс қой, фактылар арқылы тексерілмей, қайта фактыларды тексеруге тиіс қой. Бұлттың буалдырында самғап дағдыланған халықшылға, осы соңғы ереже фактымен келісімге келу болып көрнеді. Түсінісіп көрейік.

«Басқа біреудің есебіне қожайындық етудің» болуы, қанаудың болуы қашанда болса қаналушылардың өздерінің ішінде де, «интеллигенцияның» кейбір өкілдерінің ішінде де бұл системаға қарама-қарсы идеалдар туғызады.

Марксист үшін бұл идеалдар аса бағалы; марксист халықшылдармен тек осы идеалдардың негізінде ғана айтыса алады, айтысқанда, осы идеалдардың құралуы және олардың жүзеге асырылуы туралы мәселе жөнінде ғана айтыса алады.

Халықшыл үшін, тек осындай идеалдарды туғызатын фактыны көрсетсе, сонсын «қазіргі замандағы ғылым мен қазіргі замандағы адамгершілік идеялар» тұрғысынан идеалдың заңды екенін айтып берсе жеткілікті болғаны [айта кету керек, бұл «қазіргі замандағы идеялар» батыс-европалық «қоғамдық пікірдің» жаңа туып келе жатқан күшке жол беруі ғана екендігін халықшыл түсінбейді], сөйтіп, одан кейін «қоғам» мен «мемлекетке»: қамтамасыз етіңдер, қорғандар, ұйымдастырыңдар! деп жалбарынса жеткілікті болғаны.

Марксист те сол идеалды негізге алады, бірақ ол оны «қазіргі замандағы ғылыммен және қазіргі замандағы адамгершілік идеяларымен» салыстырып қарамайды*, *қазіргі бар тап қайшылықтарымен* салыстырып қарайды, сондықтан оны «ғылымның» тілегі деп емес, пәлендей таптың тілегі деп тұжырымдайды, пәлендей қоғамдық қатнастар (объективтік түрде зерттелуге тиісті қатнастар) туғызатын және осы қатнастардың пәлендей хасиеттері салдарынан, тек пәлендей еткенде ғана жүзеге асатын тілек деп тұжырымдайды. Егер идеалдарды *осылайша* фактыларға байланыстырмаса, онда бұл идеалдар нәрестелік тілек болып қала береді, оларды бұқара қабылдайды деп, олай болса, олар жүзеге асырылады деп ешбір үміттенуге болмайды.

---

* Энгельс өзінің «Herrn E. Dührings Umwälzung der Wissenschaft» («Ғылымда Е. Дюринг мырза жасаған төңкеріс» («Анти-Дюринг»). *Ред.)* деген кітабында, бұл — өз ұғымын оны көрсетіп отырған фактымен салыстырып қарамай, басқа ұғыммен, басқа фактының беделімен, салыстырып қарау — ескі психологиялық метод[88] деп өте дұрыс көрсетеді.

Сонымен, материализм қоғамдық ғылымның бірден-бір дұрыс методы деп еріксіз мойындауға көндіретін жалпы теориялық қағыйдаларды көрсете келіп, Струве мырза Маркс пен Энгельстің көзқарастарын баяндауға көшеді, көбінесе соңғысының шығармасынан цитаталар келтіреді. Бұл — кітаптың аса қызықты және өнеге боларлық бөлімі.

Автордың: «Марксті орыс публицистерінің түсінбеуі сыяқты түсінбеушілікті ешбір жерде кездестіруге болмайды» (44) — деуі өте дұрыс. Ол, ең алдымен, «Маркстің тарихи-философиялық теориясын» тек «капиталистік құрылыстың генезисін» анықтау ғана деп таныйтын Михайловский мырзаны мысалға алады. Струве мырза Михайловскийдің мұнысына қарсы шығуға толық праволы. Шынында да бұл барынша айрықша факт. Михайловский мырза Маркс туралы көп жазды, бірақ, *Маркстің методы* «социологиядағы субъективтік методпен» қандай қатнаста тұрғандығы туралы ең уақытта жұмған аузын ашқан емес. Михайловский мырза «капитал» туралы жазып, Маркстің экономикалық доктринасына өзінің «қосылатынын» (?) айтқан, бірақ ол, — мысал үшін айтсақ, — россиялық субъективистер товарлы шаруашылықты өзінің әділдік идеалы бойынша қайта құрғысы келген* Прудонның методына тура келмей ме? деген мәселе жөнінде тұқ үндемей өткен болатын. Бұл критерийдің (әділдік — justice éternelle) Михайловский мырзаның: «қазіргі замандағы ғылым мен қазіргі замандағы адамгершілік идеялар» деген критерийінен қандай айырмашылығы бар? Сонсын, қоғамдық ғылымдардың методы мен табиғаттық ғылымдардың методын бір деуге қашанда болса бар жігерімен қарсы шығып жүрген Михайловский мырза Маркстің: егер, химиктің «заттар алмасуының шын заңдарын зерттеудің орнына, бұл алмасуды «тектестік» заңдары бойынша қайта жасағысы келгені қандай сорақылық болса, Прудонның бұл сыяқты методы да сондай барып тұрған сорақылық—деген сөзіне неге қарсы шықпады? Маркстің әлеуметтік процесс «табиғи-тарихи процесс» деген көзқара-

---

* Das Kapital. I. B., 2-te Aufl., S. 62. Anm. 38 («Қапитал», I том, 2-ші басылуы, 62 бет, 38 ескерту. *Ред.*)[89].

сына неге қарсы шықпады? Мұны оның әдебиетпен таныс еместігінен дей алмайсың; әңгіме, сірә, оның мүлде түсінбеушілігінде, немесе түсіргісі келмеушілігінде болу керек. Струве мырза мұны әдебиетімізде ең бірінші рет айтып отырған сияқты, — оның сіңірген зор еңбегі осы.

Енді автордың марксизм жөніндегі сын туғызып отырған сөздеріне келейік. «Бұл ғылымның *таза философиялық дәлелдері,* — дейді Струве мырза, — әлі де болса берілген жоқ және бүкіл дүние тарихы беріп отырған орасан көп нақтылы материалды реттеу оның әлі де болса қолынан келмей отыр; мұны бізге мойындамауға болмайды. Тегі фактыларды жаңа теория тұрғысынан қайта қарау керек болар; теорияны факт жүзінде сынау керек болар. Мүмкін, бірсыпыра сыңаржақтықтар мен тым асығыс жасалған қортындылар шығарылып тасталар» (46). Автордың «таза философиялық дәлелдер» деп нені айтып отырғаны мүлде айқын емес. Маркс пен Энгельстің көзқарасы бойынша, дербес жеке өмір сүруге философияның ешбір правосы жоқ, оның материалы дұрыс ғылымның түрлі салаларына бөлініп бытырап отырады. Сонымен философиялық дәлелдер деп *не* оның қағыйдаларын басқа ғылымдардың әбден белгіленген заңдарымен салыстыруды айтуға болады [психология қазірдің өзінде-ақ субъективизмнен бас тартып, материализмді қабылдауға еріксіз көндіретін ережелер шығарып отырғанын Струве мырзаның өзі де мойындап отыр], *не* бұл теорияны қолданудың тәжрибесін айтуға болады. Ал бұл жерде Струве мырзаның өзінің былай дегені бар: материализм толып жатқан (бұл NB) аса маңызды тарихи фактылар жөнінде ғылыми терең, шын *философиялық* (курсив автордікі) түсінік берді, оның бұл еңбегі мәңгі қалады (50). Автордың соңғы мәлімдемесінде: материализм — социологияның бірден бір ғылыми методы, сондықтан, әрине, осы тұрғыдан «фактыларды қайта қарап шығу» керек, әсіресе, Россиялық субъективистер белсене бұрмалаған орыс тарихы мен орыс тұрмысының фактыларын қайта қарап шығу керек, деп мойындағандық бар. Ал, оның болуы мүмкін «сыңаржақтықтар» мен «тым асығыс жасалған қортындылар» жөніндегі соңғы ескертуін алсақ, онда біз бұл жалпы, сондықтан да көмескі ескертуге тоқтамастан,

«ортодоксиядан сау» автордың Маркстің «тым асығыс жасалған қорытындыларына» енгізген түзетулерінің біріне тікелей көшеміз.

Мәселе мемлекет жөнінде болып отыр. «Маркс және оның жолын қуушылар» мемлекетті керексіз деп тауып, *«қазіргі замандағы мемлекетті* сынауда тым алысқа сермеп» «әуестенді», сөйтіп «сыңар жақтыққа» түсті. «Мемлекет дегеніміз, -- дейді Струве мырза бұл әуестенушілікті түзете отырып, — ең алдымен *тәртіп ұйымы;* өз ішіндегі бір топтың екінші топқа бағынуы өзінің экономикалық құрылысына байланысты болған қоғамда ғана мемлекет (таптық) үстемдік ұйымы болады» (53). Автордың ойынша, мемлекет рушылдық тұрмыста да болған, мемлекет таптар жойылған кезде де болмақ, өйткені мемлекеттің белгісі -- зорлық өкіметі.

Автордың осындай түк дәлелсіз, өзінің профессорлық тұрғысынан қарап қана Марксті сынағанына тек таңдануға болады. Ең алдымен, оның мемлекеттің айрықша бір белгісі — зорлық өкіметі деуі мүлдем дұрыс емес: зорлық өкіметі адамзат қоғамының қай-қайсысында да болды, рушылдық құрылыста да, семьяда да бар, бірақ бұларда мемлекет болған жоқ. Струве мырза мемлекет туралы цитата алып отырған сол шығармада Энгельс: «мемлекеттің мәнді белгісі халық көпшілігінен қол үзген ашықтан-ашық өкімет болуында» дейді [«Ursprung der Familie u. s. w.», 2-te Aufl., S. 84*; орысша аудармасы, 109 бет], және бұдан біраз жоғарырақта навкрариялардың[90] мекемесі туралы былай дейді: «ол рулық құрылысты екі түрлі жолмен бұзды: біріншіден, ол ашықтан-ашық өкімет құрды (oeffentliche Gewalt — орысша аудармасында қоғамдық күш, деп қате аударылған), ол өкімет қарулы халықтың тұтас жыйынына мүлде сай келмейді (ib.**, S. 79; орысша аудармасы, 105 бет)[91]. Сонымен мемлекеттің белгісі — қолдарына *өкметті* түгел алған адамдардың ерекше бір табының болуы. Қауымның «тәртіп ұйымын» оның өз мүшелері *түгел* кезекпе-кезек басқарса, ол қауымды ешкім, әлбетте, мемлекет деп

---

* — «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», 2-басылуы, 84 бет. *Ред.*

** ibidem — бұл да, сонда. *Ред.*

атай алмас еді. Сонсын, Струве мырзаның қазіргі заманда-ғы мемлекет туралы пікірі одан да гөрі дәлелсіз. Қазіргі замандағы мемлекетті «ең алдымен (sic!?!) тәртіп ұйымы» деудің өзі — Маркс теориясының өте маңызды пункттерінің біреуін түсінбегендік болады. Қазіргі замандағы қоғамда қолында өкімет тұрған ерекше топ — бюрократия. Бұл органның осы замандағы қоғамда үстемдік етіп отырған буржуазия табымен тікелей және өте тығыз байланысты екені тарихтан да көрініп отыр (бюрократия буржуазияның феодалдарға қарсы, жалпы алғанда «ескі дворяндық» укладтың өкілдеріне қарсы жұмсаған бірінші саяси құралы болды, асыл-текті жер иелерінің емес, әртектілердің, «мещандардың» саяси үстемдік майданына бірінші рет шығуы болды), бұл таптың құралуы мен топтану жағдайларының өзінен де көрініп отыр; бұл тапқа кіруге «халықтан шыққан» буржуаларға ғана есік ашық және бұл тап осы буржуазиямен мың сан жолдармен берік байланысты*. Авторда халықшылдарға шүйілмекші болған жақсы пікір болды, ал дәл осы росснялық халықшылдар, бюрократияның кай-қайсысы да өзінің тарихи тегі жағынан да, өзінің қазіргі шығып отырған қайнар бұлағы жағынан да, өзінің алатын орны жағынан да тек қана таза буржуазиялық мемлекет екендігін, бұған өндірушілер мүдделерінің тұрғысынан тек ұсақ буржуазия идеологтері ғана жүгіне алатындығын мүлде түсінбейді; сондықтан да автордың катесі өкінерлік іс болып отыр.

Марксизмнің этикаға көзқарасына тағы біраз тоқтап өту хажет. Автор 64—65 беттерде Энгельстің бостандықтың хажеттікке қатнасы жөнінде: «бостандық дегеніміз хажеттікті ұғыну»[93] деген өте жақсы түсіндіруін келтіреді. Детерминизмнің фатализм емес екені былай

---

* Салыстырыңыз: *K. Marx.* «Bürgerkrieg in Frankreich», S. 2? (Lpz. 1876) *(К. Маркс.* «Франциядағы азамат соғысы», 23 бет, Лейпциг, 1876. *Ред.*) және «Der achtzehnte Brumaire» S. 45—46 (Hmb 1885)[92] («Онсегізінші брюмер» 45—46 беттер, Гамбург 1885. *Ред.)*: «Француз буржуазиясының материалдық мүддесі осы кең механизмді және кен таралып келе жаткан механизмді (әңгіме бюроктария туралы болып отыр) сақтап қалумен баттаса байланысып жатыр. Буржуазия өзінің артық халқын осыған өткізеді, сөйтіп, түсім, процент, рента, гонорар түрінде ала алмаған нәрсесін казналық жалақы түрінде толықтырады».

тұрсын, қайта, мұның керісінше, оның өзі саналы қыймылға керекті негіз жасап береді. Бұған россиялық субъективистердің ерік бостандығы туралы мәселе сияқты соншалықты жеңіл мәселені де ұғына алмағандығын қоса айтып өтпеске болмайды. Михайловский мырза детерминизмді фатализммен былықтырып, бишара болып шатасты, сөйтіп, оның екі орындықтың арасына отырып, тапқан жолы... мынау: ол, заңға сәйкестілікті теріске шығарғысы келмей, ерік бостандығы — біздің санамыздың фактысы (шынында бұл — Михайловский мырза үйреніп алған Миртовтың идеясы), сондықтан этикаға негіз бола алады, деді. Социологияға қолданғанда, бұл идеялардың қоғам ішінде болып жатқан тап күресін елемейтін утопиядан басқа, не түкке тұрмайтын моральдан басқа еш нәрсе бере алмағаны түсінікті нәрсе. Сондықтан Зомбарттың — «марксизмнің өзінде басынан аяғына дейін этиканың бір түйірі де жоқ» деген пікірінің әділдік екенін мойындамауға болмайды: марксизм теория жөнінен «этикалық көзқарасты» «себептілік принципіне» бағындырады; практика жөнінен ол оны тап күресіне байланыстырады.

Материализмді баяндауын Струве мырза «халықшылдық қағыйдалардың бәрінде де аса маңызды роль атқаратын екі факторды» — «интеллигенция» мен «мемлекетті» (70) материалистік тұрғыдан бағалаумен толықтырады. Осы бағалауда автордың объективизмі жөнінде жоғарыда көрсетілген «ортодоксал еместігі» тағыда көрініп отыр. «Егер...: жалпы қоғамдық таптардың бәрі, олардың тек қоғамдық таптарымен сәйкес келетіндігінен ғана, немесе ол таптарға қосылатындығынан ғана,.. нақтылы күш болатын болса, онда «сословиесіз интеллигенцияның» нақтылы қоғамдық күш болмайтыны анық» (70). Дерексіз теориялық мағнада айтқанда, автордікі, әрине, дұрыс. Ол, былайша айтқанда, халықшылдарды сөзінен ұстайды. Сіздер Россияны «басқа жолдарға» интеллигенция түсіруге тиісті дейсіздер, — бірақ тапқа қосылмаса ол интеллигенцияның нуль екенін сіздер түсінбейсіздер. Сіздер: орыстың сословиесіз интеллигенциясы қашан да болса идеясының «тазалығымен» көзге түскен деп мақтанасыздар, — сондықтан да ол әрдайым әлсіз болып келді ғой. Автордың сыны

интеллигенцияның құдіреттілігі туралы халықшылдық сорақы *идеяны* — «экономикалық процесте интеллигенцияның әлсіздігі» (71) туралы өзінің мүлде әділ *идеясымен* салыстырумен ғана тынады. Бірақ бұл салыстыру жеткілікті болмайды. Орыс қоғамының ерекше тобы ретінде, бүкіл реформадан кейінгі дәуірді — дворянды әртектілер мүлде ыгыстырып шығарған дәуірді — жеріне жете сыйпаттап отырған, даусыз белгілібір тарихи роль атқарып отырған тобы ретінде, орыстың «сословиесіз интеллигенциясы» туралы пікір айту үшін, — біздің «сословиесіз интеллигенцияның» идеяларын және одан да бетер программаларын *орыс қоғамының осы табының хал-жайымен, мүдделерімен* салыстыру керек. Жұрттың бізді өздеріне тартып отыр деп сезіктенуіне мүмкіншілік бермеу үшін, біз бұл салыстыруды өзіміз істемей-ақ, мақаласы I тарауда түсіндірілген халықшылға меңзеумен ғана тынамыз. Оның барлық берген бағаларынан шыққан қортынды ап-анық: орыстың алдынғы қатарлы, либералдық, «демократияшыл» интеллигенциясы буржуазиялық интеллигенция болды. «Сословиесіздік» интеллигенция идеясының таптық тегін ешбір жоққа шығармайды. Қашан да болса және қай жерде болса да буржуазия осы сословиесіздік үшін феодализмге қарсы көтеріліс жасап келді, — ал бізде де сословиесіз интеллигенция ескі-дворяндық, сословиелік құрылысқа қарсы шығып отырды. Қашан да болса және қай жерде болса да буржуазия, өз ішіндегі тап қайшылықтары әлі-де болса дамый қоймаған бүкіл халық үшін, дәурені өткен сословиелік шеңберлерге және басқа да ортағасырлық мекемелерге қарсы шығып отырды; буржуазияның мұнысы Батыста да, Россияда да дұрыс еді, өйткені сыналып отырған мекемелер шынында да *жұрттың бәрін* қыспаққа салды. Россиядағы сословиешілдікке батыл соққы берілісімен-ақ (1861) — дереу «халық» ішінде антагонизм шыға бастады, сонымен қатар және соның салдарынан сословиесіз интеллигенцияның ішінде либералдар мен халықшылдардың, шаруа идеологтерінің арасында да антагонизм шыға бастады (шаруалар ішінде қарамақарсы таптардың құрылуын қолма-қол өндірушілердің алғашқы орыс идеологтері көрмеді және көре алмайтын да еді). Содан былайғы экономикалық даму орыс қоға-

мындағы әлеуметтік қарама-қарсылықтардың толығырақ түрде жарыққа шығуына әкеліп соқты, шаруалардың деревнялық буржуазия мен пролетариат болып бөліну фактысын еріксіз мойындатты. Өзінен марксизмді шеттетіп, халықшылдық мүлде дерлік ӯсақ буржуазияның идеологиясына айналып кетті. Сондықтан орыстың «сословиесіз интеллигенциясы» «шын қоғамдық күш» болып табылады, *өйткені ол жалпы буржуазиялық мүдделерді жақтайды**. Егер, дегенменде, бӯл күш өзі қорғап отырған мүдделеріне лайықты мекемелерді жасап *ала алмаса* «қазіргі россиялық мәдениеттің атмосферасын» (В. В. мырза) қайта жасай алмаса, егер «саяси күрестің дәуіріндегі белсенді демократизм» «қоғамдық селқостыққа» ауысқан болса (В. В. мырза, «Неделя», 1894 ж.; № 47):— онда мӯның себебі отандық «сословиесіз интеллигенцияның» тек арманшыл сыйпатында ғана емес, сонымен бірге көбінесе, бӯл интеллигенцияның шыққан таптарының және оның күш алып отырған таптарының жағдайында, олардың екіжүзділігінде жатыр. Россиялық «атмосфераның» оларға көп зыян келтіргендігі, сонымен қатар оның оларға бірсыпыра пайда келтіргендігі де даусыз.

Россияда, халықшылдардың ойынша, «еңбектің таза идеясының» иесі болып табылмайтын топтың атқаратын тарихи ролі өте зор; оның «белсенділігін» «тӯз сепсен де» баса алмайсың. Сондықтан марксистердің ол тапты атап көрсетуі, марксистер туралы барып тӯрған қыйсынсыз сорақылықтарды ойынан шығаруға маманданып алған В. В. мырзаның айтқанындай, «демократиялық арқауды үзеді» деу қате екені былай тӯрсын, қайта, керісінше, селқос «қоғам» қолынан түсіріп жіберетін бӯл арқауды ол ӯстап тӯра алады, оны дамытуды, нығайтуды, тӯрмысқа жақындатуды талап етеді.

* Халықшылдық тілектердің орасан көпшілігінің ӯсақбуржуазиялық сыйпаты I тарауда көрсетілген. Бӯл сыйпатқа сәйкеспейтін («еңбекті қоғамдастыру» сыяқты) тілектер қазіргі халықшылдықта мүлдем аз орын алады. Кредиттердің, жер иелігін кеңейтудің, қоныс ауларудың т. т. тозығы жеткен емі туралы «катты» (Южаков мырзаның сөзі) айтып жүрген Н—он мырзаға «Русское Богатство» да (1893, № 11—12, *Южаковтың* «Россияның экономикалық даму мәселелері» деген мақаласы), В. В. мырза да («Теориялық экономияның очеркі» Санкт-Петербург. 1895) қарсы шығып отыр.

Интеллигенцияны жете бағалай алмаумен байланысты Струве мырзаның мына бір қағыйдасы да оңды тұжырымдалмаған. «Ескі экономикалық құрылыстың ыдырайтындығы сөзсіз екенін дәлелдеу керек» (71) дейді ол. Біріншіден, автор «ескі экономикалық құрылысы» деп нені айтып отыр? Крепостниктікті айтып отыр ма? бірақ оның ыдырағандығын дәлелдеудің қажеті де жоқ қой. — Әлде «халықтық өндірісті» айтып отыр ма? — бірақ оның өзі де төменде: бұл құрастыра салған сөз «ешбір шын тарихи тәртіпке жатпайды» (177), былайша айтқанда бұл құр ертегі, өйткені «крепостниктік право» жойылғаннан кейін бізде товарлы шаруашылық жедел қарқынмен дамый бастады, — деп өте әділ, дұрыс айтады. Тегі, автор капитализмнің ортағасырлық мекемелерден толық құтылып болмаған кездегі, сауда капиталы күшті кездегі және өндірушілердің көпшілігінде ұсақ өндіріс бар кездегі даму сатысын айтып отырған болу керек. Екіншіден, автор бұл болмай қоймайтын ыдыраудың себебі неде деп біледі? Пәлендей бір таптардың үстемдігінде деп біле ме? өндірістік қатнастардың қазіргі системасының хасиеттерінде деп біле ме? Осы екі жағдайдың екеуінде де мәселе белгілібір (капиталистік) тәртіптердің *барлығын көрсетуге* келіп тіреледі; мәселе *фактыны көрсетуге* келіп тіреледі; сондықтан мұны ешуақытта болашақ турасындағы ой тұңғыйығына салудың керегі жоқ еді. Мұндай ойларды «отан үшін басқа жолдар» іздеп жүрген халықшыл мырзалардың жеке өз қарауларына қалдыру керек еді. Келесі бетінде автордың өзі де мемлекет атаулының бәрі де — «белгілібір қоғамдық таптардың үстемділігінің белгісі», «мемлекет өз бағытын негізінен өзгерту үшін, жеке таптардың арасындағы әлеуметтік күштер қайта бөліну керек» (72) дейді. Мұның бәрі — өте дұрыс және халықшылдарға қарсы өте дәл жұмсалынған, сондықтан осыған сәйкестіріп мәселені басқаша қою керек еді: Россияда («ыдыраудың болмай қоймайтындығын», т. т. емес) капиталистік өндірістік қатнастардың *бар екенін* дәлелдеу керек: «товарлы шаруашылық — капиталистік шаруашылық» деген заңның орыс мәліметтері бойынша да дұрыс екенін, яғни бізде де товарлы шаруашылық барлық жерде капиталистік шаруашылыққа

ұласып бара жатқанын дәлелдеу керек; барлық жерлерде негізінде буржуазиялық тәртіптердің үстем болып отырғандығын, атышулы халықшылдық «кездейсоқтықтар» яки «саясат», т. с. емес, дәл осы таптың үстем болуы өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан жұрдай етуді және барлық жерлерде оның бөтен біреудің есебінен қожайындық құруын туғызатынын дәлелдеу керек.

Осымен Струве мырзаның кітабының жалпы түрде жазылған бірінші бөлімін талдауды аяқтаймын.

III ТАРАУ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ХАЛЫҚШЫЛДАР ҚАЛАЙ ҚОЯДЫ ЖӘНЕ СТРУВЕ МЫРЗА КАЛАЙ ҚОЯДЫ

Автор, социологияны аяқтағаннан кейін, бұдан гөрі «нақтылы экономикалық мәселелерге» (73) көшеді. Осымен бірге ол, өзінің алғы сөзінде айтқаны сыяқты, мәселені «жалпы қағыйдалар мен тарихи анықтамалардан», «жалпы адам баласының тәжрибелері арқылы анықталған, күмәнсіз дәлелдерден», — бастауды «табиғи және занды нәрсе» деп санайды.

Тексеріліп отырған кітаптың негізгі кемшілігі ретіндегі әуел бастан-ақ көрсетілген дерексіздік бұл әдісте де бар екенін байқамауға болмайды. Біз енді сөз қылғалы отырған тарауларда (үшінші, төртінші және бесінші тараулар) бұл кемшілік екі түрлі ұнамсыз жағдайға әкеліп соқтырған. Бір жағынан, бұл кемшілік автордың халықшылдарға қарсы қойған белгілі теориялық қағыйдаларын әлсіретіп жіберген. Струве мырза мәселені *жалпы алып* талқылайды, өзіндік шаруашылықтан товарлы шаруашылыққа көшуді суреттейді, дүниеде істің өзі көбінесе олай да былай да болған дегенді айтады, сөйтіп кейбір жеке, ат үсті пікірлерді айта келіп, Россияға көшеді, көшкенде, «шаруашылық түрмыстың тарихи дамуының» жалпы процесін Россияға да қолданады. Дау жоқ, мұны Россияға қолдануы әбден заңды нәрсе және автордың «тарихи анықтамалары» тек бір ғана Россияның тарихын теріс түсініп жүрмеген халықшылдарды сынау үшін өте қажет нәрсе. Бірақ бұл қа-

ғыйдаларды дәлірек айту керек еді, дамудың жалпы процесін Россияға қолданудың дұрыс екенін мойындамайтын халықшылдардың дәлелдеріне бұл қағыйдаларды айқынырақ етіп қарсы қою керек еді; орыс тұрмысы жөніндегі халықшылдардың пәлендей бір ұғымын *дәл сол* тұрмыс жөніндегі *басқа бір* ұғыммен, марксистердің ұғымымен салыстыру керек еді. Екінші жағынан, автордың пікірлерінің дерексіздігі, оның қағыйдаларының түгел айтылмауына әкеліп соғады, бұл дерексіздік мынаған да әкеліп соғады: автор, пәлендей бір процестің бар екенін дұрыс көрсете келіп, осымен бірге қандай таптардың құралғандығын, процесті қандай таптардың туғызғандығын, мұны туғызғанда халықтың сол таптарға бағынышты басқа жіктерін көрсетпей тасада қалдыра отырып туғызғандығын анықтап ашпайды; қысқасы, бұл арада автордың объективизмі осы терминдердің жоғарыда айтылған мағнасында материализмге барып жетпейді*.

Струве мырзаның шығармасының көрсетіліп өткен тарауларына мұндай баға берудің дәлелдерін біз қазір келтіреміз, келтіргенде, кейбір жеке аса мәнді қағыйдаларды тексере отырып келтіреміз.

Автордың: «қолма-қол өндірушілердің қожайындарға тәуелділігі (заң және экономика жағынан) «халық өндірісінің» тыныш тұрмысының тарихи серігі сыяқты бо-

---

* Объективизм мен материализмнің ондай арасалмағын, айта кетелік, Маркс өзінің «Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte» («Луи Бонапарттың Онсегізінші брюмері». *Ред.*) деген шығармасының алғысөзінде көрсеткен. Онда Маркс дәл осы тарихи оқыйға туралы Прудон (Coup d'ètat) жазған болатын дей келіп, өзінің көзқарасына қарама-қарсы келетін оның көзқарасы туралы былай деген:

«Прудон, өз тарапынан, мемлекеттік төңкерісті [2 декабрьдегі] өткен тарихи дамудың нәтижесі етіп көрсетуге тырысады. Бірақ ол, мемлекеттік төңкерістің тарихи желісін, осы төңкерісті бастаған батырды тарих жағынан дәріптеп көрсететін нәрсеге айналдырып отыр. Сөйтіп, ол біздің *объективті* тарихшылар деп аталатын тарихшыларымыздың қатесіне кездесіп отыр. Мен, мұның керісінше көрсетсем, көрсеткенде, жәй қарапайым және кісі күлерлік адамға батырдың ролін атқаруға мүмкіндік берген шарттар мен жағдайларды Франциядағы *тап күресінің* қалай жасағанын көрсетем» (Vorwort)[94].

лып орыс тарихының басынан-ақ ұшырасып отырады десе болғандай» (81), деуі өте дұрыс. Өзіндік шаруашылықтың дәуірінде шаруа жер иесіне құл болды, ол өзіне жұмыс істеді, боярға, монастырьге, помещикке жұмыс істеді, — сондықтан Струве мырзаның бұл *тарихи фактыны* өзімен өзі болған біздің социологтардың «өндіріс құралдары өндірушінікі болды» (81) дейтін сандырақтарына қарама-қарсы қоюға толық еркі бар. Бұл сандырақтар мещандық утопияның пайдасын көздейтіндіктен орыс тарихын бұрмалаушылықтың бірі болып отыр, — орыс тарихын бұрмалауға халықшылдар мейлінше жомарт болып келді. Шындыққа тура қарауға қорқып, бұл езушілікті өзінің шын атымен атауға қорқып, олар тарихқа сүйенді, сүйенгенде істің жәйін: өндіріс құрал жабдықтарының өндірушіге тиістілігі шаруа еңбегінің «атам заманы» негізі, «ежелгі тірегі» болатын, сондықтан да шаруалардың осы күнгі экспроприациялануының себебі, феодалдық қосымша өнімнің буржуазиялық қосымша құнмен ауыстырылуында болып отырған жоқ, біздің қоғамдық шаруашылығымыздың капиталистік жолмен ұйымдастырылуында болып отырған жоқ, оның себебі тек сәтсіз саясаттың кездейсоқтығында, «ұлттың бүкіл тарихи өмірі талап етіп отырған жолдан» уақытша «тайғандықта» (Южаков мырза, П. Струве цитата етіп келтірген, 15 бет) болып отыр — деп суреттейді. Шаруалардың ең өрескел, азиялық түрдегі крепостниктік жолмен қаналуы осы жуық арада ғана тоқталған* ел туралы халықшылдар осы сорақы мылжыңдарын айтып сөз қыла беруге ұялмады; шаруаларды қанаудың ең өрескел, азиялық түрінің үстем кезінде өндіріс құралдарының өндірушінікі болмағаны былай тұрсын, тіпті өндірушілердің өзінің де кейбір «өндіріс құрал-жабдығынан» айырмасы шамалы болды. «Халық өндірісі» мен

---

* Әлі, тіпті біржола тоқтады деуге болмайды. Бір жағынан, сатып алу төлемдерінің бар екенін көріп отырмыз (ал олардың ішіне так жердің бағасы ғана емес, сонымен қатар крепостниктік праводан босану төлемі де кіріп отырғандығы мәлім); екінші жағынан, мысалы, «кесіліп берілген жерлер» үшін шаруалардың ақыны жұмыс істеп өтеуі — өндірістің феодалдық әдісін тура бастан кешіру болып табылатындығын көріп отырмыз.

*

крепостниктік правоның байланысы туралы Салтыковтың: «ежелгі тірек» заманының «молшылығы» «лейбкампандықтар[95] мен тағы басқа дружинниктердің ұрпақтарының ғана [мұны байқаңыз] ұлесіне» қалай «тиді» (83) деген қатты мінеп айтқан пікірін Струве мырза халықшылдардың әлгі «тәтті тілді» оптимизміне өте дәл қарама-қарсы қояды.

Бұдан соң, Струве мырзаның, орыс тұрмысының белгілі фактыларына даусыз қатысы бар және өте дұрыс айтылған мына төмендегі пікіріне тоқталып өтейік. «Өндірушілер жергілікті, дәл белгіленген рынок үшін істемей, алыстағы және белгісіз рынок үшін жұмыс істей бастаған кезде, бәсеке де дамып, рынок үшін күрес күшейгенде, бұл жағдайлардың өзі техникалық прогреске әкеліп соғады... Еңбек бөлінісі мүмкін болғасын, оның өзі мүмкін кадары кеңірек жүргізілуге тиіс, бірақ өндіріс техника жөнінен қайта құрылып алғанша, айырбастың (өткізудің) жаңа жағдайларының әсері өндірушіні экономикалық жағынан саудагерге (алыпсатарға) тәуелді етіп қояды, сондықтан бұл жағдайдың әлеуметтік жағынан шешуші маңызы бар. Мұны таза техникалық прогрестің маңызына көзі тұнған В. В. мырза сыяқты біздің «шын марксистеріміз» есінен шығарып отыр» (98). Алыпсатардың шығуының шешуші маңызы бар деген бұл пікір өте дұрыс пікір. Оның шешуші маңызы болатыны: ол, казірдің өзінде-ақ өндірістің капиталистік жолмен ұйымдастырылып отырғанын сөзсіз дәлелдейді, «товар шаруашылығы — ақша шаруашылығы — капиталистік шаруашылық екені» жөніндегі қағыйданы Россияға да қолдануға болатындығын дәлелдейді; өндірушінің капиталға бағынушылығын туғызады, өндірушінің өз әрекеті болмаса басқа жолмен ол бағынушылықтан шығуы мүмкін емес. «Тұтынушы мен өндірушінің арасына кәсіп иесі-капиталист кіріскен кезден бастап, — ал бұл кең және белгісіз рынок үшін товар өндірген кезде сөзсіз пайда болады, — біз капиталистік өндірістің бір түрінің туғанын көреміз». Ал мұның үстіне автор: «Егер біз, белгісіз және алыстағы рынок үшін жұмыс істегенде өндірушінің *экономикалық жағынан толық дербес* болатын өндірісін майдагерлік өнеркәсіп деп түсінетін болсақ, онда

сірә, мұндай шын майдагерлік өнеркәсіптің өзі орыс *тұрмысында* мүлде жоқ болып шығар еді» — деп, дұрыс айтып отыр. Бұл жерде «сірә» деген сөз бекер-ақ айтылған, өйткені болашақ уақытта: ірі өндірістің үйде істелетін системасы мен алыпсатарлардың майдагерлерді толық құл етуінің басым болуы келешекте де біздің майдагерлік өнеркәсіптеріміздің шын ұйымдасуының жалпыға тараған және басым *фактысы* болады. Бұл ұйымның капиталистік ұйым екені былай тұрсын, сонымен қатар бұл ұйым, автордың дұрыс айтқанындай, «капиталистер үшін аса пайдалы» да ұйым; олардың орасан зор пайда түсіруін, мүлде жартымсыз жалақы төлеуін қамтамасыз етіп отыратын және жұмысшылардың ұйымдасуын, жетілуін мейлінше қыйындататын ұйым (99—101 б.). Біздің майдагерлік кәсіптерімізде капиталистік қанаудың басым болып отырған фактысы көптен мәлім екенін, бірақ халықшылдардың ол фактыны нағыз арсыздыққа салынып елемей жүргенін айтпай кетуге болмайды. Олардың журналдары мен газеттерінің осы мәселе жөнінде әңгіме болатын әрбір номерінде дерлік, сіздер мынаны: үкімет «жасанды» ірі капитализмді қолдайды [оның бар «жасандылығы» онын ұсақ емес, ірі капитализм екендігінде, майдагерлік емес, фабрикалық, қолмен істейтін емес, механикалық капитализм екендігінде], *«халық* өнеркәсібінің мұқтаждары» үшін еш нәрседе істемейді, деп зарлануды кездестіресіздер. Ұсақ *капиталды* жақтап, ірі *капиталға* қарсы күресетін және — осы «халық» өнеркәсібінде де мүдделердің нақ сондай қарама-қарсылығының бар екендігін, ал олай болса, істі шешудің жолы мардымсыз кредиттер беруде, тағы сол сыяқтыларда емес екенін, осы даусыз анықталған фактыны тіптен көргісі келмейтін ұсақ буржуазияның өрісінің тарлығы бұл арада әбден айқын көрініп отыр. Өз шаруашылығына байланған және одан айырылып калам ба деп үнемі қауыпта болатын ұсақ кожайынға мұның бәрі қайдағы бір сұмдық сыяқтанып көрінеді, «еңбекке дұрыс ақы төлеу жөніндегі» қайдағыбір «үгіт» сыяқтанып көрінеді, — «еңбектің өзі бұл ақыны өз жемістері арқылы туғыза алмайтын тәрізді» болып көрінеді, сондықтан, фабрика-заводтық өнеркәсіптің «жасанды», «қолайлы» жағдайларында тұрған

өндіруші ғана майдагерлер еңбекші бұқарасының бірден-бір өкілі бола алатындығы түсінікті нәрсе*.

Енді Струве мырзаның егіншілік жөніндегі пікіріне тоқталып өтейік. Бу күшімен жүретін транспорт айырбас шаруашылығына көшуге мәжбүр етеді, ол ауыл шаруашылық өндірісін товарлы өндіріс етеді. Ал өндірістің товарлы сыйпаты «оның экономика және техника жағынан жетілуін» (110) сөзсіз керек қылады. Автор бұл қағыйданы егіншілікте ірі өндірістің артықшылығы бар екендігі дәлелденбеген (оларша дәлелденбепті-мыс) деп масайрайтын халықшылдарға қарсы аса маңызды дәлел деп есептейді. Автор оларға былай деп жауап береді. «Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономика және техника жөніндегі өзгешеліктерін теріске шығару Маркстің ғылымына сүйенетіндерге ылайық емес, — Маркстің өзі бұл өзгешеліктердің маңызын теріске шығарғанмен де, — осы өзгешеліктердің арқасында белгілібір жағдайларда ұсақ кәсіп орындарының ірі кәсіп орындарына қарағанда экономика жағынан артықшылығы болады» (111)—деп, жауап береді. Бұл жері тіпті айқын емес. Мұнда автор қандай өзгешеліктер туралы айтып отыр? Оларды неге анықтап көрсетпейді? Маркс бұл туралы өзінің пікірін қай жерде, қалай айтқан екен және бұл пікірді қандай дәлелдерге сүйеніп түзету керек болады — міне осыларды неге көрсетпейді?

«Ұсақ егіншілік өндірісі — дейді автор бұдан соң — барған сайын товарлық сыйпат алуға тиіс, сондықтан тұрмыска ұйлесімді *кәсіп орны* болу үшін ұсақ егіншілік шаруашылықтары экономика және техника жағынан жетілудің жалпы талаптарына сәйкес келуге тиіс» (111). «Ұсақ егіншілік кәсіп орындарын ірі егіншілік кәсіп орындары өз бойына сіңіріп жібере ме, жоқ па, мәселе тіпті мұнда болып отырған жоқ, — экономикалық эволюцияның ондай болып шығуын күтуге бола қоймас, — ал мәселе айырбастың әсерінен бүкіл халық шаруашылығы ұшырап отырған өзгерісте болып отыр. Жоғарыда айтылып өткен «өнеркәсіптің бытырауына»

* «Бүкіл процестің мәні мынада болып отыр: ұсақ өндіріс (қолөнері) өзінің бір элементтері арқылы «капитализмге» жақындайды, ал екінші элементтері арқылы — өндіріс құрал жабдықтарынан айрылған жалдама еңбекке» жақындайды (.04 б.).

байланысты айырбас шаруашылығының өзіндік шаруашылықты ығыстырып шығаруы қоғамның бүкіл құрылысын мүлде өзгертіп жіберетіндігін халықшылдар естерінен шығарып жүр. Егінші халық (село халқы) пен егінші емес халықтың (қала халқының) арасындағы бұрынғы қарым-қатнас соңғысының пайдасына қарай өзгеріп отыр. Ауылшаруашылық өндірушілердің экономикалық кейпі мен мінез-хұлық қалпының өзі шаруашылық тұрмыстың жаңа жағдайларының әсерінен негізінен өзгеріп отыр» (114).

Осы келтіріліп өткен жер автор өзінің лепірме сөзімен Маркс туралы не айтқысы келгенін бізге түсіндіріп беріп отыр, — ал сонымен бірге, мәселені баяндаудың нақтылы процесті суреттеуге сүйенбеген догмалық әдісі автордың пікірлерін көмескілеп, оларды түгел айтқызбай қалдырады деп жоғарыда жасалынған ескертуді әбден айқын көрсетеді. Халықшылдар көзқарасының терістігі жөніндегі оның қағыйдасы өте дұрыс, бірақ толық емес, өйткені онда ұқыпсыз өндірістің орнын ұқыпты өндіріс басқан кездегі дамып отыратын таптық антагонизмнің жаңа түрлері көрсетіліп отырылмаған. Автор, мысалы, «экономика жөніндегі ұқыптылық» «ең жоғарғы рентаны» көрсетеді (110) дегенді үстіртін ескерте өтумен қанағаттанып, бірақ бұған мынаны қоса айтуды ұмытып отыр: *рента егіншіліктің буржуазиялық жолмен ұйымдастырылуын* көрсетеді, яғни, біріншіден, егіншіліктің рынокке толық бағынуын көздейді, ал, екіншіден, капиталистік индустрияға да тән болатын буржуазия мен пролетариат сыяқты таптардың егіншілікте де құралуын көздейді, — дегенді қоса айтуды ұмытып отыр.

Халықшылдар, біздің егіншілік кәсібімізді капиталистік емес жолмен құрылыпты-мыс деп қарап, мәселені жөнсіз тар көлемде және мейлінше теріс түрде қояды, істің бәрін тек ірі шаруашылықтың ұсақ шаруашылықты ығыстырып шығаруына ғана әкеліп тірейді. Мұндай пікірлерді айтып, халықшылдар: егіншілік өндірісінің жалпы сыйпатын, сыйпаты болғанда, Батыс Европа шаруалары шаруашылығының буржуазиялық болғаны сыяқты, ұсақ өндірістің түсында да егіншіліктің буржуазиялық бола алатын жалпы сыйпатын (шындығын

да бізде оның буржуазиялық сыйпаты бар) естерінен шығарып алады, деп Струве мырза оларға өте дұрыс айтып отыр. Ұсақ дербес шаруашылықтың (Россия интеллигенциясының терминологиясы бойынша «халық» шаруашылығының) буржуазиялық шаруашылыққа айналатын шарттарының қандай екені жұртқа мәлім: бұл шарт біріншіден, товар шаруашылығының үстем болуы, товар шаруашылығы өндірушілердің бір-бірінен оқшау* болған кезінде олардың арасында бәсекелесуді туғызады да, бұқараны күйзелте келіп, ат төбеліндей азшылықты байытады; бұл шарт, екіншіден, жұмыс күштерінің товарға, өндіріс құрал-жабдықтарының капиталға айналуы, басқаша айтқанда, өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылуы және өнеркәсіптің ең маңызды салаларының капиталистік жолмен ұйымдасуы. Осы айтылған шарттар болса ұсақ дербес өндіруші өндірушілер бұқарасына қарағанда ерекше жағдайда болады, — ал қазір бізде де *шын мәнісіндегі дербес* қожайындар, біреу үшін жұмыс істейтін, «дербес» шаруашылығының жоқтығы былай тұрсын, тіпті күн көруіне біржетілік қаражаты да жоқ бұқараның арасында осындай ерекше жағдайда тұр... Дербес қожайынның тұрмыс-халі мен мүдделері оны, көбінесе жалақымен күн көретін өндірушілер бұқарасынан оқшаулата береді. Ал оның бержағында, өндірушілер бұқарасы, — қоғамдық шаруашылықты басқаша құру жайындағы негізгі мәселенің қажетті бастамасы болып табылатын мәселені — «еңбекке дұрыс ақы төлеу» мәселесін — алға қоятын болса, — дербес қожайынның өте-мөте көңіл аударатын мәселесі тіптен басқа мәселе, оған керегі: кредит, әсіресе «халықтық» ұсақ кредит, жақсартылған арзан құрал-саймандар, «затты өткізу ісін ұйымдастыру», «жер иеленушілікті ұлғатйу», тағы сол сияқтылар.

---

* Әңгіме *шаруашылық* жөніндегі оқшауланушылық туралы болып отырғаны түсінікті. Қауымдасып *жер иеленушілік* ол оқшауланушылықты титтей де жоя алмайды. Нағыз «теңбе-тең» жер бөлісі болғанның өзінде де шаруа өз жерінде дара-дара қожалық етеді, олай болса, бір-бірінен оқшауланған, бөлектенген өндіруші болып табылады.

Ұсақ шаруашылыққа қарағанда ірі шаруашылықтың артықшылығы туралы заң, тек товар өндірісінің ғана заңы, ал, олай болса, товар өндірісіне әлі біржола тартылып болмаған, рынокке бағындырылмаған шаруашылықтарға ол заңның қолданылуы мүмкін емес. Сондықтан, реформадан кейін дворян шаруашылықтарының кері кетуі және жеке меншіктегі жерлерді шаруалардың арендаға алуы біздің егіншілік кәсібіміздің капиталистік жолмен дамуы жөніндегі пікірді теріске шығарады, дейтін дәлел (айта кету керек, бұл дәлелге В. В. мырза да жаттыққан болатын), — міне бұл дәлел оған сүйенгендердің істі мүлде түсінбейтінін ғана испаттайды. *Егістің* шаруалар қолында болған кездегі крепостниктік қарым-қатынастардың бұзылуы помещиктердің дағдарысын туғызғаны түсінікті. Бұл дағдарыс, жартылай феодалдық еңбектің күні өтіп бара жатқан түрлерін (еңбекпен өтеу) ауыстырған батрактармен күндікшілердің еңбегін барған сайын кең мөлшерде пайдалануға ғана бастап әкелгенін айтпағанның өзінде, — міне, бұл туралы айтпағанның өзінде де, — шаруа шаруашылығының өзі өз сыйпатын айтарлықтай өзгерте бастады: ол рынок үшін жұмыс істеуге мәжбүр болды, шаруалардың деревнялық ұсақ буржуазия және селолық пролетариат болып екіге бөлінуін тездетті. Шаруалардың екі жікке бөлінуі Россиядағы капитализм туралы мәселені біржола шешеді. Жоғарыда көрсетілген процесті Струве мырза кітабының V тарауында түсіндіріп отыр, онда ол былай дейді: «ұсақ егінші жіктеліп келеді: бір жағынан, «экономика жағынан әлді» шаруа [буржуазиялық шаруа деу керек еді], екінші жағынан, пролетариат кейіпті шаруа дамып келеді. Халық өндірісінің белгілері капиталистік белгілермен қосылып бір келбетке келіп, мұның үстіне «байшікеш келеді» деген айқын жазу жазылады» (177 бет), — дейді.

Міне істің осы жағына, жаңа,«ұқыпты» егіншіліктің *буржуазиялық жолмен ұйымдасуы жағына* көңіл аудару керек еді. Көрсетілген процесті елемей, халықшылдардың шаруаларды дәріптеушіден ұсақ буржуазияны дәріптеушіге айналып отырғанын оларға көрсету керек еді. Халықшылдар көксеп жүрген «халық өн-

дірісін көтеру ісі» — шаруа шаруашылығы осылай ұйымдастырылып отырған кезде, — ұсақ буржуазияны «көтеру» ғана болып шығуы мүмкін. Ал, мұның керісінше, кімде-кім, анағұрлым дамыған капиталистік қарым-қатнастарда тұрған өндіруші жөнінде сөз қылса, ол адам, жалғыз осы өндірушінің ғана мүдделерін дұрыс көрсетіп қоймай, бүкіл «пролетарлық» шаруалардың орасан көпшілігінің мүдделерін де дұрыс көрсетеді.

Струве мырзаның мәселені баяндауының қанағаттанғысыздығы, оның толық еместігі мен түгел айтылмағандығы мынаған әкеліп соқты: ұқыпты жүргізілетін егіншілік туралы айта келіп, ол оның қоғамдық экономикалық жағынан ұйымдасуын сыйпаттамады, будың күшімен жүретін транспорттың ұқыпсыз өндірісті ұқыпты өндіріспен, өзіндік өндірісті товарлы өндіріспен ауыстыратынын көрсете келіп, ол, таптық антагонизмнің осымен бірге шығып қалыптасатын жаңа түрін сыйпаттап бермеді.

Мәселені қоюдағы осы кемшілік тексеріліп отырған тараулардағы пікірлердің көп жерлерінде көрініп отырады. Мұны айқын бейнелеу үшін тағыда бірнеше мысалдар келтірейін. Товар шаруашылығы — дейді автор — және кең түрдегі қоғамдық еңбек бөлінісі «жеке меншік тәртібіне сүйеніп, экономика жағынан еркін болу принциптері мен жекешілдік сезімге сүйеніп дамып келеді» (91). Ұлт өндірісінің прогресі «жеке меншік тәртібінің қоғамға жүргізетін үстемдігінің мөлшеріне» байланысты. «Мүмкін, бұл өкінішті іс болар, бірақ тұрмыста істің жәйі осылай болып отырады, бұл — эмпирика, тарих жүзінде анықталған бірге өмір сүрушілік. Казіргі уақытта, XVIII ғасырдың идеялары мен принциптері соншама жеңіл ойлылықпен тәлкекке салынып отырған кезде, ал шын мәнінде соның өзінің қателері қайталанып отырғанда, — экономикалық прогрестің жеке меншік тәртібімен, экономика жағынан еркін болу принциптерімен және жекешілдік сезімімен осындай мәдени-тарихи байланысы екінің бірінде ұмытыла береді. Осы байланысты елемеген күнде ғана аталып өткен негіздерді жүзеге асырмай-ақ экономика және мәдениет жағынан мешеу қалған қоғамның шаруашылық прогреске жетуі мүмкін деп есептеуге

болады. Біз бұл негіздерді соғышама ұнатып отырғанымыз жоқ және олардың тарихи-*өткінші* сыйпаты бар екендігін жақсы түсінеміз, бірақ сонымен қатар біз, оларда зор мәдени күш бар екенін, — керексіз ғана емес, керекті де күш бар екенін, — көрмей тұра алмаймыз. Ол күшті, өзінің ой-пікірлерін ешқандай тарихи сабақтастықпен байланысты емес деп қарайтын идеализм ғана көрмеуі мүмкін» (91).

Автордың «тарихи бірге өмір сүрушілікті» «объективті» түрде көрсетуі мүлде дұрыс, бірақ солай бола тұрса да оның дәлелінің түгел айтылмағандығына қапа боласын. Сондықтан оған былай дегіміз келеді: түгел айтып бітірсеңізші! Осы жалпы қағыйдалар мен тарихи анықтамаларды біздің орыс тарихының белгілібір дәуіріне жатқызып көріңіз, сіздің ұғымыңыздың халықшылдардың ұғымынан не себепті айырмасы болатынын және атап айтқанда нендей айырмашылығы барлығын көрсетерліктей етіп, сол жалпы қағыйдалар мен тарихи анықтамаларды тұжырымдап беріңіз, оларды орыс марксизмі үшін шарт болып табылатын шындықпен салыстырып қараңыз, осы прогрестер мен мәдениет атаулының бәрі бірдей бүркемелеп отырған таптық қайшылықтарды көрсетіңіз — дегіміз келеді*.

Реформадан кейінгі Россия өзімен бірге туғызған «прогресс» пен «мәдениеттің» «жеке меншік тәртібімен» байланысты екендігі күмәнсіз нәрсе, — ол тәртіп — «еркін еңбек» пен оның капиталға сатылуы жарыққа шығарған «теңдік» сыяқты сот алдындағы «теңдікті» камтамасыз еткен «айтысты» жаңа азаматтық процесті жасау арқылы тұңғыш рет мейлінше толық жүзеге асырылып қана қойылған жоқ; ол тәртіп әрі мемлекеттік міндетті істер мен міндеттердің барлығынан құтқарылған помещиктердің жер иелігіне де, әрі *меншік*-шаруаға айналған шаруалардың жер иелігіне де

---

* Contra principia negantem disputari non potest (негізгі қағыйдаларды теріске шығарушымен таласу мүмкін емес. *Ред.)*—дейді автор, халықшылдармен болған талас жөнінде. Бұл осы principiaларды қалай тұжырымдауға байланысты, — жалпы қағыйдалар және анықтамалар ретінде тұжырымдала ма, немесе орыс тарихының және оның тұрмыс шындығының пәлендей-түгендей *фактыларын басқаша түсіну* деп тұжырымдала ма, міне, осыған байланысты.

жайылды; ол тәртіп тіпті жергілікті басқару орнына қатысу жөніндегі «азаматтардың» саяси праволарының негізіне де алынды (ценз), тағысын тағылар. Біздің «прогресіміздің» «экономика жағынан ерікті болу принциптерімен» «байланыстылығы» оданда гөрі күмәнсіз: бұл «еріктілік» дегеннің мәнісі орыс жерін біріктіруші «кішіпейіл, қабасақалдарды» «шені төмен полициялық қызметшінің алдында бас ию» қажеттігінен босату екенін, біз, І-ші тарауда біздің халықшылдан есіткен де едік. Товар шаруашылығының дамуымен «жекешілдік сезімнің» қалай туғанын біз жоғарыда айтып өттік. Отандық прогрестің осы белгілерінің бәрін бір жерге жыйнақтай келіп: бұл прогресс пен мәдениет түгелінен буржуазиялық болды деген қортындыға келмей болмайды (70-жылдардағы халықшыл да осындай қортынды жасаған). Қазіргі Россия реформаға дейінгі Россиядан анағұрлым жақсы, бірақ бұл жақсартудың бәрі бүтіндей және тек буржуазияның, оның агенттерінің және оны дәріптеушілердің арқасында ғана болғандықтан, өндірушілер онымен пайдаланған да жоқ. Өндірушілер үшін бұл жақсартулар тек қосымша өнімнің түрлерін өзгерту ғана болды, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айырудың ең таңдаулы және өте икемді тәсілдері ғана болды. Сондықтан халықшыл мырзалар, орыс капитализмі мен буржуазиялыққа қарсы наразылық білдіргенде, сол наразылығын әлгі капитализм мен буржуазиялықты таратушылар мен жүзеге асырушылардың нақ өздеріне айтып, олар өздерінің мүлде адам айтқысыз «ұшқалақтығын», ұмытшақтығын көрсетіп отыр. Олар жөнінде «өзін-өзі танымас» дегенді ғана айтуға болады.

Реформадан кейінгі Россия мен «қоғамға» осындай баға берушілікке көну осы күнгі халықшылдың қолынан келмейді. Ал бұған қарсы таласу үшін оған реформадан кейінгі Россияның буржуазиялық сыйпатын теріске шығаруына тура келген болар еді, теріске шығарғанда, «келешектің тұтқасын» қолма-қол өндірушілердің өзінен іздеу үшін «халық ішіне барған» өзінің арғы атасы, 70-жылдардағы халықшылдың бас көтеріп істеген ісін теріске шығарған болар еді. Әрине,

қазіргі халықшылдың мұны теріске шығаруға бел байлайтындығы былай тұрсын, тіпті осы қарастырылып отырған қарым-қатнаста жақсылыққа қарай бастаған өзгерістер бар деп те дәлелдей бастар; бірақ ол мұнысымен өзінің нағыз кәдімгі *кішкене буржуадан* басқа ешнәрсе де емес екендігін әлі көрмей жүрген жұрттың бәріне көрсетіп қана берген болар еді.

Маған тек Струве мырзаның қағыйдаларын айтып бітіруге, «сөзі бір болғанмен сарыны басқа» дегендей, ол қағыйдаларды басқаша тұжырымдауға тура келіп отырғанын оқушы көріп отыр. Мұның қажеті бар ма? Бұл қосымшалар мен қорытындыларға соншама толық тоқталып жатудың керегі бар ма? Олар өзінен өзі түсінікті емес пе? — деген сұраулар туады.

Меніңше бұларға тоқталып өтуге екі себеп бар. Біріншіден, автордың өрісі тар объективизмі өте қауыпты, өйткені ол объективизм отанымыздың алған бағыты мен тағдыры жөніндегі біздің әдебиетімізде әбден орын тепкен ескі, профессорлық пікірлер мен белгілібір таптар жасап отырған шын процестің дәл сыйпаттамасының арасындағы межені ұмытуға дейін барып отыр. Осы өрісі тар объективизм, марксизм жөнінде осы тыянақсыздық — Струве мырзаның кітабының негізгі кемшілігі, сондықтан ол кемшіліктің қайдан туып отырғандығын көрсету үшін оған өте-мөте толық тоқталып өтуіміз қажет; ол кемшілік: марксизмнен тумай марксизмді жеткіліксіз жүзеге асырудан туып отыр; автор өз теориясының шындықтан басқа критериесі бар деп білгендігінен туып отырған жоқ, оның доктринадан басқа бір практикалық қортындылар шығарайын дегендігінен туып отырған жоқ (ондай қортынды жасау мүмкін емес, тағыда айтамын, доктринаның ең басты қағыйдаларының бәріне қиянат етпейінше ондай қорытындының жасалуы ақылға сыйымсыз нәрсе), автор теорияның бірғана, неғұрлым жалпы жағымен қанағаттанып, оны толық тыянақтылықпен жүзеге асырмағандығынан туып отыр. Екіншіден халықшылдарды жәй мәселелерде сынға алудан бұрын, «принципті түрде айтысу» арқылы «таластың шын негіздерін ашу» (VII) қажет болды деп автордың алғысөзде айтқан пікіріне қосылмауға бол-

майды. Сондықтан автордың нақ осы мақсаты көздеген жерінен шығу үшін оның қағыйдаларының барлығына дерлік неғұрлым нақтылы мағна беру қажет болады, оның тым жалпы пікірлерін орыс тарихы мен орыс тұрмысының нақтылы мәселелеріне жатқызу керек болады. Бүкіл осы мәселелер жөнінде орыс марксистерінің алдында әлі зор жұмыстар тұр: материалистік көзқарас бойынша «фактыларды қайта қарап шығу», — «қоғам» мен «мемлекеттің» істеріндегі «интеллигенция» теорияларының тасасында тұрған таптық қайшылықтарды ашу жұмыстары тұр, — ақырында, Россияның «халық» өндірістеріндегі қосымша өнімді иемденудің барлық жеке-жеке, шексіз әралуан түрлері мен сол иемденудің «келешектің тұтқасы» өзінде болып, «өндірушінің» идеясы мен тарихи міндетін қазіргі уақытта бірінші кезекке қойып отырған алдыңғы қатарлы, анағұрлым дамыған капиталистік түрінің арасындағы байланысты анықтап алу жұмыстары тұр. Сондықтан, осы мәселелерді шешудің жолын көрсету әрекеті қаншама батыл болып көрінгенімен, бұдан былайғы талдап зерттеу ісі қаншама өзгеріс, қаншама түзетулер енгізгенімен, — мәселені мүмкін қадары жалпалама, кеңірек талқыға салу үшін нақтылы мәселелер белгілеп шығу, қалайда еңбек сіңіруді керек қылады.

Струве мырзаның мәселелерді теріс қоюшылығын туғызып отырған өрісі тар объективизмінің ең жоғарғы шыңы — оның Лист туралы пікірі, «ұлттық өндіруші күштердің конфедерациясы» жайындағы Листің «тамаша ғылымы» туралы пікірі, фабрикалық өнеркәсіптің дамуының ауыл шаруашылығы үшін маңыздылығы туралы, мануфактуралық-егіншілік мемлекеттің егіншілік мемлекеттен артықшылығы туралы, тағы сол сияқты пікірлері. Бұл «ғылым», «сөздің кең мағнасында алғанда капитализмнің тарихи болмай қоймайтындығы мен заңдылығын» (123), «үстем болып отырған товар өндірісінің мәдени-тарихи күшін» (124) өте-мөте «дәлелді етіп баяндап береді» — деп санайды автор.

Автордың, белгілі елдердің қандайынан болса да, белгілі тарихи дәуірлердің, белгілі таптардың қандайынан болса да жоғары сияқты болып отырған пікірлерінің профессорлық сыйпаты, осы арада әсіресе айқын

көрініп отыр. Бұл пікірге осындай баға беру қай жағынан қарағанда да, -- таза теориялық жағынан немесе практикалық жағынан алып қарағанда да, — бәрібір дұрыс болады. Бірінішісінен бастайық. Белгілі бір елде «капитализмнің тарихи болмай қоймайтындығына және заңдылығына» фабрикалық өнеркәсіптің маңызы туралы айтылған дерексіз, догмалық қағыйдалармен кімді болса да «сендіруге» болады, деп ойлау таңырқарлық нәрсе емес пе? «Русское Богатствоның» либералшыл профессорларына әбден ұнайтын осы негізге сүйеніп мәселе қою қате емес пе? Істің бәрін болған нәрсені ашуға және оның басқаша болмай нақ осылай болғанының себебін ашуға әкеліп тіреу марксист үшін міндетті іс емес пе?

Халықшылдар біздің капитализмді жасанды, жылы жерде өсірілген өсімдік деп есептейді, оның себебі олар капитализмнің біздің қоғамдық шаруашылығымыздың түгелімен товарлық жолмен ұйымдасуына байланысты екенін түсінбейді, капитализмнің тамырлары біздің «халық өндірісінде» екендігін көрмейді. Оларға осы байланыстар мен тамырларды көрсетіп берсеңіз, капитализмнің жете дамымаған түрде, сондықтан да ең нашар түрде халық өндірісінде де үстемдік етіп отырғанын көрсетіп берсеңіз, — сонда сіз оларға орыс капитализмінің «болмай қоймайтындығын» дәлелдеп бересіз. Бұл капитализмнің еңбек өнімділігін арттырып және оны қоғамдастыра отырып, жер-жердің бәрінде де «халық өндірісінде» қалыптасқан таптық, әлеуметтік қарама-қарсылықты дамытатынын және анықтайтынын көрсетіп берсеңіз, — сонда сіз орыстың ірі капитализмінің «заңдылығын» дәлелдеп шығасыз. Ал енді бұл пікірдің сауда саясаты туралы мәселеге соғатын практикалық жағына келетін болсақ, онда мынаны айтуға болады. Орыс марксистері, сауда еркіндігі мен протекционизм туралы мәселенің капиталистік мәселе екенін, буржуазиялық саясаттың мәселесі екенін бәрінен бұрын және бәрінен басымырақ көрсете отырып, сауда еркіндігін қолдауға тиіс, өйткені елдің экономика жағынан дамуына бөгет болып отырған, бүкіл буржуазия табының мүддесі үшін емес, тек ат төбеліндей

азғана шонжарлардың мүдделері үшін ғана қызмет етіп отырған протекционизмнің реакцияшылдығы Россияда ерекше күшті сезіліп отыр, — өйткені сауда еркіндігі капитализмнен құтылу құралын беретін процесті жеделдеткендік болып табылады.

III-ші тараудың соңғы § (XI) «капитализм» деген ұғымды тексеруге арналған. Бұл сөз «тым еркін» қолданылып жүр деп, автор өте дұрыс айтады, оны «өте тар мағнада» және «өте кең мағнада» ұғынудың мысалдарын келтіреді, бірақ ешбір дәл айқындалған белгілерін көрсетпейді; сондықтан, автордың әдейі тексеруіне қарамастан «капитализм» деген ұғым анықталмай қалған. Бірақ, мұның оншама қыйынға соғатындай ешнәрсесі жоқ сыяқты еді, өйткені бұл ұғымды Маркс ғылымға енгізген және оны Маркстің өзі іс жүзінде дәлелдеп берген. Бірақ Струве мырзаның бұл арада да «ортодоксияны» өзіне дарытқысы келмеген болар еді. Ол: «Маркстің өзі *товар* өндірісінің *товарлы-капиталистік* өндіріске айналу процесін іс жүзінде болып отырғанынан гөрі шапшаңырақ және турарақ болуы мүмкін деп ұғынған болатын» (127 бет, ескерту) дейді. Мүмкін солай болар. Бірақ бұл ғылыммен дәлелденіп, капиталдың тарихымен анықталған бірде-бір ұғым болғандықтан, «шапшаңдылығы» мен «туралығы» «мүмкін» кемірек болған басқа ұғымдармен таныс болмағандығымыздан, міне сондықтан, біз Маркске жүгінеміз. Маркстің ғылымы бойынша, капитализмнің ең мәнді белгілері, өндірістің *жалпы* формасы ретінде, товар өндірісінің (1) болуы. Мейлінше әралуан қоғамдық өндіріс организмдерінде өнім товар формасына айналады, бірақ капиталистік өндірісте ғана еңбек өнімінің мұндай формасы ерекше, бірен-саран кездесетін, кездейсоқ форма болмай жалпы форма болып табылады. Капитализмнің екінші белгісі (2) — еңбек өнімінің ғана товар формасына айналып қоймай, сонымен бірге еңбектің өзінің де, яғни адамның жұмыс күшінің де товар формасына айналуы. Жұмыс күшінің товарлық формасының даму дәрежесі капитализмнің даму дәре-

жесін сыйпаттайды*. — Осы анықтаманың арқасында біз, Струве мырзаның келтіріп отырған мысалдарында бұл терминді теріс түсінушілік бар екенін оп-оңай-ақ ашамыз. Біздің халық шаруашылығымыздың техника жағынан артта қалғандығына, қол өндірісінің басымдылығына, тағы сол сияқтыларға сүйеніп, орыс тәртіптерін капитализмге карама-қарсы қоюшылық, — халықшылдар дәлел ретінде жиі келтіретін карама-қарсы қоюшылық, — барып тұрған соракылық екені күмәнсіз, өйткені капитализм техниканың төмен кезінде де, жете дамыған техниканың тұсында да өмір сүреді, сондықтан Маркстің «Капиталда»: капитал өндірісті қандай күйде кездестірсе, оны нақ сол күйінде әуелі өзіне бағындырып алып, тек содан кейін ғана оны техника жағынан қайта құрады, деп бір емес, әлде неше рет көрсеткені күмәнсіз. Немістің Hausindustrie-сі, орыстың «ірі өндірісінің үйде істелетін системасы» өнеркәсіптің капиталистік жолмен ұйымдасуы болып табылады, бұған дау жоқ; өйткені бұл арада товарлық өндірістің үстемдік ететіндігі былай тұрсын, сонымен қатар ақша иесі де өндірушіге үстемдік етіп және үстеме құнды иемденіп отырады. Халықшылдардың Батыс-европалық капитализмге орыстың «жер иеленуші» шаруаларын сүйіне карама-қарсы коюы да, капитализм дегеннің не екенін олардың бәзбаяғы түсінбейтіндігін ғана көрсетеді, бұған да дау жоқ. Автордың өте дұрыс айтқанындай, «шаруалардың жартылай өзіндік шаруашылығы кей жерлерде Батыста да сақталып келеді» (124), бірақ бұл факты товарлық өндірістің басымдылығын да, өндірушілердің басым көпшілігінің капиталға бағынушылығын да, — бағынушылық болғанда, — өзінің ең жоғарғы барып тұрған даму шегіне жеткенге шейін көп сатылардан өтетін, істі Маркстің мейлінше ап-айқын түсіндіруіне қарамастан, әдетте халықшылдар елемейтін сатылардан өтетін бағынушылығын Батыста да,

---

* «Das Kapital», II. Band (1885), S 93 («Капитал», Ii том (1885), 93 бет. *Ред.*). — Ескертіп өту керек. Көрсетіліп отырған жерде Маркс капитализмге ешбір *дефиниция* (формалық анықтама. *Ред.*) беріп отырған жоқ. Маркс дефинициямен шұғылданған емес. Бұл арада товарлық өндірістің капиталистік өндіріске қатнасы ғана көрсетіледі, тексте де осы туралы сөз болып отыр[96].

Россияда да жоя алмайды. Бұл бағынушылық *сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдан* басталады; содан кейін индустриялық капитализмге ауысады, бұл капитализмнің өзі әуелі техника жағынан өте мешеу болады, өндірістің ескі системаларынан оның ешбір айырмашылығы болмайды; онан кейін мануфактураны ұйымдастырады, — бұл мануфактура әлі де болса қол еңбегіне негізделеді, жалдама жұмысшының жермен байланысын бұзбай, басым болып отырған майдагерлік кәсіптерге қол артады, — сөйтіп ол бағынушылық өзінің өріс алуын ірі машиналы индустриямен келіп аяқтайды. Өндірушілердің капиталға бағынуының осы ең соңғы, ең жоғарғы сатысы ғана капитализмнің дамуының ең биік шыңы болып табылады, *тек сол саты ғана* мүлде экспроприацияланған құстай еркін жұмысшыны* жасақтайды, *тек сол саты ғана* капитализмнің «біріктіруші маңызын», халықшылдар жалпы капитализм атаулыға таңа беруге дағдыланған «біріктіруші маңызын» туғызады (материалдық жөнінен де, әлеуметтік жөнінен де), *тек сол саты ғана* капитализмге оның өз «бел баласын» қарама-қарсы қояды.

Кітаптың: «Экономикалық прогресс пен әлеуметтік прогресс» деген төртінші тарауы, үшінші тараудың тура жалғасы болып, кітаптың — «жалпы адам баласы тәжрибесінің» мәліметтерін халықшылдарға қарсы қоятын бөліміне жатады. Бізге бұл жерде, біріншіден, Маркстің жолын ұстаушылар жөніндегі автордың бір теріс көзқарасына (немесе орынсыз айтылған сөзіне?) және, екіншіден, халықшылдықты экономикалық жағынан сынаудың міндеттерін тұжырымдауына толығырақ тоқтап өтуге тура келеді.

Маркс капитализмнен жаңа қоғам құрылысына көшу капитализмнің бірден құлауы, күйреуі түрінде болады деп түсінді, — дейді Струве мырза. (Оның ойынша, Маркстің еңбектеріндегі «кейбір жерлері» осылай ойлауға дәлел болады деп есептейді, ал шынына келгенде бұл көзқарас Маркстің *барлық шығармаларында*

---

* Халықшылдар қашанда болса істің жәйін: жерсіз қалған жұмысшы тек машиналы индустрияның ғана қажетті шарты болып табылатындығы былай тұрсын, сонымен қатар *жалпы* капитализм *атаулының да* қажетті шарты болып табылады, — деп суреттейді.

бар). Оның жолын ұстаушылар *реформа үшін* күреседі. Маркстің 40-жылдардағы көзқарасына «маңызды коррективтер енгізілген»: капитализмді жаңа құрылыстан бөліп отырған «шыңыраудың» орнына «бірсыпыра өткелдердің» болатындығы мойындалды.

Біз мұны ешбір дұрыс деп таный алмаймыз. «Маркстің жолын ұстаушылар» оның көзқарасына ешқандай маңызды да, маңызсыз да «корректив» (біздің тіліміз-ше — *түзету)* еңгізген емес. Реформа үшін күрес — «корректив» енгізгендікті ешбір көрсетпейді, шыңырау туралы және бірден құлау тура́лы ғылымды ешбір түзетпейді, өйткені бұл күрес ашықтан-ашық, белгілібір қабылданған мақсатпен — нақ сол «құлауға» жету мақсатымен жүргізіліп отыр; ал бұл үшін «бірсыпыра өткелдердің» керек екенін — күрестің бір кезеңінен, оның бір сатысынан келесі кезеңіне, сатыларына өту керек екендігін, — мұны 1840 жылдарда Маркс те мойындаған болатын, мойындағанда, «Манифесте»: жаңа құрылысқа қарай бет алған қозғалысты жұмысшы қозғалысынан (олай болса, реформа жолындағы күрестен де) бөліп қарауға болмайды деп, қортындысында өзі бірсыпыра практикалық шаралар ұсына отырып, мойындаған[97].

Егер Струве мырза Маркс көзкарасының дамуын көрсеткісі келген болса, онда, әрине, оның мұнысы дұрыс. Бірақ олай болғанда мұның аты Маркстің көзқарастарына «корректив» енгізу болмайды, қайта, ол көзқарастарды *қолдану, жүзеге асыру болады.*

Біз автордың халықшылдық жөніндегі көзқарасына да қосыла алмаймыз.

«Біздің халықшылдардың әдебиеті ұлт байлығы мен халық дәулетін, әлеуметтік прогресті, бөлісу прогресін қарама-қарсы қоюшылықты іліп әкетті» (131) — дейді автор.

Халықшылдар бұл қарама-қарсы қоюшылықты «іліп әкеткен» жоқ, реформаға дейінгі Россияда прогресс, мәдениет, байлық пен өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылуы, өндірушінің халық еңбегінің өнімінен алатын үлесінің кемуі, қайыршылық пен жұмыссыздықтың артуы арасында қарама-қарсылық болғанды-

ғын тек қана *атап көрсетті,* бұл қарама-қарсылық Батыста да әлгі қарама-қарсы қоюшылықты туғызды.

«...Бұл әдебиет өзінің адамгершіл және халықты сүйгіш сыйпатына қарай мәселені бірден халықтың дәулетті болуының пайдасына қарай шешті, бірақ халықтық-экономикалық формалардың кейбіреулері (қауым, артель) экономикалық теңдік мақсатын қамтып, сонымен халықтың дәулетті болуын қамтамасыз етіп отырған тәрізді болғандықтан, ал өндіріс прогресі айырбастың күшеюінің әсерінен бұл формалардың өркендеуіне ешбір дем бермей қайта олардың экономикалық және психикалық негіздерін жоятын тәрізді болғандықтан, міне сондықтан халықшылдар, жеке меншік пен экономикалық еркіндікке сүйенген өндіріс прогресінің Батыстағы болған өкінішті тәжрибесін көрсете келіп, товарлы шаруашылыққа — капитализмге халық дәулеттілігін қамтамасыз ететін, қоғамдық-экономикалық мақсат ретінде, «халық өндірісі» дегенді қарама-қарсы қойды; орыс интеллигенциясы мен орыс халқы сол халық өндірісін сақтап қалу үшін және әрі қарай дамыта беру үшін күресуі керек».

Бұл пікірде Струве мырзаның баяндауының кемшіліктері мейлінше айқын көрініп отыр. Халықшылдық «адамгершіл» теория ретінде көрсетіледі, бұл теория ұлттық байлық пен халықтың жарлылығын бір-біріне қарама-қарсы қоюды «іліп әкетеді», «мәселені» сол байлықты бөлісу пайдасына «шешеді», өйткені «Батыстың тәжрибесі» халықтың дәулетті болуын «көздемейді». Сөйтіп автор мәселені осылай «шешуге» қарсы таласа бастайды, мұнымен ол өзінің халықшылдықтың мазмұнына қарсы күреспей, оның тек идеалистік және оның үстіне тек аңқау-қиялый пердесіне ғана қарсы күресіп отырғанын естен шығарады, мәселені халықшыл мырзалардың дағдысымен профессорларша қоюды қолдануының өзімен сл ірі қате істеп отырғанын естен шығарады. — Жоғарыда ескертіп өткеніміздей, орыстың ұсақ өндірушісінің көзқарасы мен мүдделерінің әсері халықшылдыққа *мазмұн* беріп отыр. Теорияның «адамгершілдігі мен халықты сүйгіштігі» — әрі «ескі дворяндық» тәртіптер мен дәстүрлерден, әрі ірі капиталдың езуінен қатты зәбір-жапа шеккен біздің ұсақ

өндірушінің тұрмыс халінің ауырлығынан туған. Халықшылдықтың «Батысқа» көзқарасы және оның Россияға еткен ықпалына көзқарасы, әрине, оның Батыстың қандай да болса бір идеясына «жармаса кеткендігімен» анықталған жоқ, ұсақ өндірушінің тұрмыс жағдайларымен анықталды: ұсақ өндіруші өзіне қарсы Батыс-европалық техниканы қолданған ірі капитализм тұрғанын көрді*, ал өзі одан езу көріп отырғандықтан капиталистік саясат капиталистік шаруашылықтан туып отыр демей, капитализм саясаттан туып отыр деп түсіндіретін, ірі капитализмді орыс тұрмысына жат, кірме нәрсе деп жариялайтын, аңқау теориялар шығарды. Өзінің кішкене жеке шаруашылығына жіпсіз байлаулы болғандығынан ұсақ өндірушінің мемлекеттің шын сыйпатын түсінуге мұршасы келмеді, — сондықтан ол, ұсақ («халықтық») өндірісті қолдауды және дамытуды сұрап, мемлекетке өтініш етті. Капиталистік орыс қоғамына тән таптық қарама-қарсылықтың дамығандығы мынаны туғызды: мещандықтың осы дәріптеушілерінің теориясы жалпы еңбектің мүдделерін көксейтін теория сықылды болып шықты.

Мәселенің өзін халықшылдардың сорақы түрде қойып отырғандығын көрсетіп берудің орнына және олардың бұл мәселені ұсақ өндірушінің әл-ауқат жағдайларымен «шешуін» түсіндірудің орнына, автордың өзі өзінің мәселе қойысында, халықшылдардың экономикалық прогресс пен әлеуметтік прогрестің бірін «таңдауы» сияқты, догматизм жасап отыр.

«Халықшылдықтың экономикалық негіздерін сынаудың міндеті... мына төмендегілерді дәлелдеу... болады:

1) Экономикалық прогресс — әлеуметтік прогреске керекті шарттың бірі; әлеуметтік прогресс тарихи түрде экономикалық прогрестен туады, ал дамудың белгілі бір сатысында осы екі процестің арасында біріне бірі тығыз әсер етушілік, өзара байланыстылық пайда болуға тиіс, шынында да пайда болады» (133).

Жалпы айтқанда, бұл ереже, әрине, әбден орынды.

---

* «Отечественные Записки»ден жоғарыда келтіріліп өткен мақаланы салыстырып қараңыз.

Бірақ бұл ереже халықшылдықтың экономикалық негіздерін сынаудың міндеттерін белгілемей, көбінесе социологиялық негіздерін сынаудың міндеттерін белгілейді: асылына келгенде, бұл — қоғамның дамуы өндіруші күштердің дамуына байланысты деп қарайтын — және I, II тарауларда сөз болынған — ғылымның басқаша тұжырымдалуы. «Халықшылдықтың *экономикалық негіздерін*» сынау үшін бұл жеткіліксіз болады. Мәселені дәлірек тұжырымдау керек, оны жалпы прогресс деп қарамай, капиталистік орыс қоғамының «прогресі» мағнасында алу керек, *бұл* прогресті түсінуде tabula rasa туралы, «халық өндірісі» туралы, орыс капитализмінің негізсіздігі туралы, тағы сол сияқты кісі күлерлік халықшылдық ертегілерді туғызған теріс түсініктер мағнасында алу керек. Экономикалық және әлеуметтік прогресс біріне бірі әсер етуі керек деудің орнына, Россиядағы әлеуметтік прогрестің тиісті құбылыстарын көрсетіп беру керек (немесе ең болмағанда белгілеп беру керек), халықшылдар бұл құбылыстардың белгілібір экономикалық тамырлары бар деп білмейді*.

«2) Сондықтан өндірісті ұйымдастыру мәселесі мен еңбек өнімділігінің дәрежесі жөніндегі мәселе — бөліс мәселесіне қарағанда басым мәселе; белгілі тарихи жағдайларда, халық еңбегінің өнімділігі абсолюттік жағынан да, относительдік жағынан да өте төмен болып тұрған кезде, өндірістік моменттің маңызының басымдылығы айырықша айқын сезіледі».

Автор бұл арада Маркстің бөліс ісінің бағынышты маңызы жөніндегі ғылымына сүйенеді. IV тарауға эпиграф ретінде келтірілген сөздер Маркстің Гота программасына[98] жасаған ескертулерінен алынған: онда Маркс ғылыми социализмді тұрпайы социализмге қарама-қар-

* Жұрт маған: сен күрбосқа алға орағытып отырсың, деп қарсы шығар; әйтпесе, жалпы мәселелерден бірте-бірте нақтылы мәселелерге көшетіндігін автордың өзі-ақ айтты ғой, сол нақтылы мәселелерді автор VI тарауда талқылап та отыр ғой, дер. Бірақ істің мәні мынада: Струве мырзаның сынауының жоғарыда айтылған абстрактылығы оның *бүкіл* кітабының, VI тарауының да, тіпті қорытынды бөлімінің де айрықша белгісі болып табылады. Ең алдымен Струве мырзаның нақ осы *мәселе қойысының* өзі түзетуді керек қылады.

сы қояды; ғылыми социализм бөліске мәнді маңыз бермейді, қоғам құрылысын *өндірістік қатнастардың* ұйымдасуына қарай түсіндіреді және өндіріс қатнастарының сол ұйымдасуының өзінде бөлістің белгілібір системасы болады деп санайды. Бұл идея, автордың әбден дұрыс айтқанындай, Маркстің бүкіл ғылымына сіңген идея, сондықтан халықшылдықтың мещандық мазмұнын ашу үшін оның өте зор маңызы бар. Бірақ Струве мырзаның сөзінің екінші бөлімі ол идеяны өте көмескілеп отыр, әсіресе «өндірістік момент» деген анық емес терминнің салдарынан көмескіленіп отыр. Бәлкім, бұл терминді қандай мағнада түсінуге болатыны жөнінде ұғыныспаушылық тууы мүмкін. Халықшыл өзінің ауыр халін өте үстірт түсіндіретін ұсақ өндірушінің көзқарасын қуаттайды: ұсақ өндіруші өзінің «кедей» болып, ал алыпсатар көршісінің «бай» болғандығынан, «әкімдердің» ірі капиталға ғана жәрдемдесетіндігінен, тағы сол сияқтылардың себебінен деп түсіндіреді, қысқасы, бөлістің ерекше сыйпаттарынан, саясаттың қателіктерінен, тағы сондайлардан болған нәрсе, деп түсіндіреді. Ал автор халықшылдарға қандай көзқарасты қарама-қарсы қояды: майдагер-шаруанын болмашы шаруашылық құруына жирене қарайтын және өз өндірісінің жоғары дәрежеде дамуына масаттанатын, халық еңбегінің мүлде және біршама төмен болған өнімділігін арттыру жөніндегі өзінің «еңбегіне» масаттанатын ірі капиталдың көзқарасын қарама-қарсы қоя ма? Әлде қарым-қатнастардың өтемөте дамыған кезінде өмір сүріп отырған, сондықтан да саясатты, бөлісті дәлел қылумен қанағаттана алмайтын, мұның негізгі себебі тереңірек жатқанын — өндірістің ұйымдастырылуының (қоғамдық жолмен) өзінде екенін, қоғамдық шаруашылықтың рыноктің бақылауымен, басқаруымен істейтін болып жеке меншік негізінде құрылғандығында екенін ұғына бастаған оның антиподының көзқарасын қарама-қарсы коя ма? Оқушылар тарапынан мұндай сұраулар өз-өзінен туған болар еді, неге десеңіз автор кейде «шаруашылық» деген сөзбен қатар «өндірістік момент» деген сөзді қолданады (171 бетті қараңыз: халықшылдардың «шаруашылықтың қандайын болса да мойындамаушылыққа дейін» баратын «өндірістік моментті елемеуі»), неге десеңіз автор кейде «ұқыпты»

өндіріс пен «ұқыпсыз» өндірістің арасалмағын көрсетем деп, ұсақ өндіруші мен өндіріс құрал-жабдықтарынан біржола айырылған өндірушінің арасындағы қатнасты тасада қалдырып қояды. Дау жоқ, *объективтік жағынан* алып қарағанда автордың баяндауының дұрыстығы мұнан ешбір кемімейді, капиталистік құрылыстың антагонистік құрылыс екендігін түсінетін әрбір адам істің жәйін осы соңғы қатнастың тұрғысынан қарап оп-оңай ұғынатындығында талас жоқ. Бірақ Россиядағы халықшыл мырзалардың мұны түсінбей жүргендігі жұрттың бәріне мәлім болып отырғандықтан, олармен таласқанда айтатын сөздердің мейлінше айқын, толық айтылып, өте дерексіз жалпы қағыйдалардың мүмкін қадері аз болғаны теріс болмас еді.

Халықшылдықтың марксизмнен *барлық* айырмасы — *орыс капитализмін сынау әдісінде* екенін біз I тарауда нақтылы мысалмен көрсетіп беруге тырысқанбыз. Халықшыл капитализмді сынау үшін қанаудың бар екенін, қанау мен саясаттың арасындағы байланысты, тағы сондайларды атап өту жеткілікті болады деп есептейді. Марксист қанаудың осы құбылыстарын бірімен бірін байланыстырып, оларды белгілібір өндірістік қатнастардың системасы ретінде, атқаратын жұмысы мен дамуының заңдары объективті түрде зерттелуге тиіс болған айырықша бір қоғамдық-экономикалық формация ретінде түсіндіру керек деп есептейді. Халықшыл — капитализмді өз идеяларының тұрғысынан қарап, «осы заманғы ғылым мен осы заманғы адамгершілік идеяларының» тұрғысынан қарап айыптаса, капитализмді сынау үшін соның өзі жеткілікті болады деп есептейді. Марксист капиталистік қоғамдағы құралатын таптарды егжей-тегжейіне дейін қалдырмай зерттеп шығуды қажет деп есептейді, «жеке адамның» моральдық пікірлерін негізге алып сынамай, белгілібір таптың тұрғысынан қарап сынауды ғана, іс жүзінде болып жатқан қоғамдық процесті дәл сыйпаттап беруге негізделген сынауды ғана дұрыс сын деп есептейді.

Егер осыған сүйеніп, халықшылдықтың экономикалық негіздерін сынаудың міндеттерін ыспаттап бермекші болсақ, ол міндеттер шамалап айтқанда мына түрде болып шығар еді:

Россиядағы ірі капитализм мен «халық өндірісінің» арасы әбден жетіліп дамыған нәрсе мен дамып жетілмеген нәрсенің арасындай екенін, капиталистік қоғамдық формацияның дамуының ең жоғарғы сатысы мен оның төменгі сатысының арасындай екенін дәлелдеу керек*; — фабрикада болсын, тіпті қауымдасқан деревняның өзінде болсын, өндірушінің өндіріс құралжабдықтарынан айрылуы мен оның еңбегінің өнімін ақша иесінің иемденуінің себебі саясаттан, бөлістен емес, товарлы шаруашылықта сөзсіз құрылатын өндірістік қатнастардан, капиталистік қоғамның сыйпаты болып табылатын, мүдделері жағынан қарама-қарсы таптардың құрылуынан болатындығын дәлелдеу керек**; халықшылдар капитализмге соқтырмастан жоғарғы сатыға көтермек болған тұрмыс шындығының (ұсақ өндірістің) қазірдің өзінде-ақ капитализм жолында тұрғанын, оның бойында сол капитализмге тән таптар қарама-қарсылығы мен таптар қақтығысуының барлығын, — бірақ бар болғанда тап қарама-қарсылығының өндірушінің өз бетімен іс істеуін қыйындататын ең қолайсыз түрінде екенін, сондықтан да халықшылдар, қазірдің өзінде қалыптасып болған әлеуметтік қарама-қарсылықтарды елемей, «отан үшін басқа

---

* Экономикалық жағына анализ жасау, әрине, әлеуметтік, заңдық-саясаттық және идеялық қондырмаларға анализ жасаумен толықтырылуы тиіс. Капитализмнің «халық өндірісімен» байланысты екендігін түсінбеушілік, халықшылдарда, шаруалар реформасының, мемлекеттік өкіметтің, интеллигенцияның, тағы тағылардың *таптық* сыйпаты *жоқ* деген идеялар туғызады. Материалистік анализ, бұл құбылыстардың бәрін тап күресіне сая келе біздің орыс елінің реформадан кейінгі «әлеуметтік прогресі» капиталистік «экономикалық прогрестің» нәтижесі ғана болғанын нақты көрсетуге тиіс.

** Орыстың экономикалық шындығының «фактыларын қайта қарау», әсіресе, халықшылдар өздерінің институттық армандары үшін керекті материал алып отырған шындықтың «фактыларын», басқаша айтқанда, шаруа шаруашылығы мен майдагерлік шаруашылықтың «фактыларын қайта қарау», — мынаны көрсетуге тиіс: өндірушінің езушілік көруінің себебі бөлісте емес («мужик кедей, алыпсатар бай»), өндіріс қатнастарының дәл өзінде екендігін, қазіргі заманғы шаруа шаруашылығы мен майдагерлік шаруашылықтың қоғамдық жолмен ұйымдастырылуының өзінде екендігін көрсетуге тиіс. Бұдан: «халық» өндірісінде де «өндірісті ұйымдастыру жөніндегі мәселенің бөліс туралы мәселеден басым екендігі» айқындалады.

жолдар» іздеуді арман еткенде, олардың утопист-реакционер болып шығатындығын дәлелдеу керек, өйткені ірі капитализм Россияның барлық жерлерінде болып отырған осы қарама-қарсылықтардың мазмұнын дамытып, тазартып және анықтап қана береді.

Автордың орыс капитализмі емес, Батыс-европалық капитализмнің «қажеттігі» мен «прогрессивтілігін» дәлелдейтін келесі сөздері де халықшылдықты экономикалық жағынан сынаудың міндеттерін өте дерексіз ыспаттауымен тығыз байланысқан. Халықшылдардың доктринасының экономикалық мазмұны жөнінде тура еш нәрсе айтылмағанмен, бұл сөзде алайда қызық және сабақ аларлық бірсыпыра нәрселер бар. Біздің халықшылдардың әдебиетінде Батыс-европалық жұмысшы қозғалысына сенімсіздік білдірген үндер талай рет естілді. Бұл Михайловский мырза мен оның серіктері болған мырзалардың марксистерге қарсы бағытталған соңғы айтыстарының кезінде («Русское Богатство», 1893—1894) әсіресе айқын көрінді. Ол кезде Михайловский мырза — біз әлі капитализмнен ешбір жақсылық көргеніміз жоқ, деп жазған еді*. Бұл мещандық сорақы көзқарастарды Струве мырзаның мәліметтері оп-оңай-ақ теріске шығарады, мұның мәнісі де бар, өйткені бұл мәліметтер ең жаңа буржуазиялық әдебиеттен алынған, бұл әдебиетте асыра айтушылық бар деп ойлаудың ешбір жөні келмейді. Автордың келтіріп отырған цитаталары — капитализмнің жаңа қоғамдық-экономикалық формацияға көш-

---

* Осы заманды өзге заманның қай-қайсысынан болса да жақсы ететін, оның шығуының тарихын ақтайтын, осы заманның ең басым және орасан зор фактысы Батыстағы жұмысшы қозғалысы болып табылады дейтін Энгельсте «өзіне өзі сүйсінушілік» бар екені Струве мырзаның жауабынан байқалып отыр деп біледі Михайловский мырза; мұны көрсетіп өтпеске болмайды.

Энгельске осындай өрескел кінә тағушылық қазіргі заманғы орыс халықшылдығына баға беру үшін өте тән нәрсе.

Бұл мырзалар «халық шындығы» туралы мылжыңдай біледі, отан үшін дұрыс жол таңдап алмадың деп күңкілдеп, біздің «қоғаммен» сөйлесе біледі, «болса қазір болсын, болмаса ешқашан да болмасын» деп тәтті тілмен жырлай біледі, жырлағанда мұны «10 жыл, 20 жыл, 30 жыл, тіпті онан да көп уақыт» жырлай біледі, — бірақ, осы тәтті жырлар арналып отырғандардың дербес қыймылының бәрін қамтыйтын маңызы бар екенін мүлде түсінбейді.

пей қоймайтындығына Батыста жұрттың бәрінің де, тіпті буржуаның да, көзі жеткендігін көрсетеді.

Капитализмнің еңбекті қоғамдастыруының ілгерілегендігі сонша — тіпті буржуазиялық әдебиетте де «халық шаруашылығын жоспарлы жолмен ұйымдастыру» қажеттігі жөнінде үлкен сөз болып жүр. Автордың мұны — «заманның белгісі», капиталистік тәртіптердің толық іруінің белгісі деуі әбден дұрыс. Автор келтіріп отырған буржуазиялық профессорлардың мәлімдемелері ғана емес, Россия радикалдарының осы уақытқа дейін танығысы келмей жүрген нәрсесін еріксіз мойындаған консерваторлардың мәлімдемелері де тіптен қызық, атап айтқанда, консерваторлар жұмысшы қозғалысы «жәй ғана» мәдениет арқылы немесе өзге саяси жағдайлар арқылы жасалмай, капитализм туғызған материалдық жағдайлар арқылы жасалғандығын еріксіз мойындап отыр.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін, бізге автордың бөліс ісі тек ұқыпты өндіріске сүйене отырып қана ілгері баса алады деген пікіріне тоқталып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Бұл қағыйданың мәнісі мынау екені анық: ұқыпты өндіріске негізделген ірі капитализм ғана өндірушіні оның бас көтеруіне мүмкіндік беретін жағдайларға кез қылады және өзі жөнінде де, артта қалған өндірістің салдарынан осы жағдайларға қол жеткізе алмағандар жөнінде де ойлауына, қам жеуіне мүмкіндік беретін жағдайларға кез қылады.

Біз Струве мырзаның: «бөлістің экономикалық прогреске кедергі жасап отырған тым теңсіздігін капитализм туғызған жоқ: ол оған» романтиктер қой үстіне боз торғай жұмырыткалаған заман деп есептеген заманнан «мұра болып қалды» (159 б.) деген сөзіне бір-екі ауыз ескерту жасап өтейік. Егер автор бұлай дегенде, халықшыл мырзалар ұмытуға бейім болатын бөліс теңсіздігінің капитализмге дейін де болғанын айтқысы ғана келсе, онда бұл дұрыс нәрсе. Ал егер капитализмнің бөліс теңсіздігін күшейткенін теріске шығаратын болса, онда мұнысы дұрыс болмайды. Банкі, теміржол, өнеркәсіп шонжарлары мен мүлде қайыршыланған шаруаның немесе қара табан кедейдің

арасында реформадан кейінгі капиталистік Россия туғызған теңсіздіктей зор теңсіздік крепостниктік правоның тұсында болған емес, болуы да мүмкін емес еді.

Енді V тарауға көшейік. Мұнда автор «халықшылдыққа — бұл экономикалық дүние тану» деп жалпы сыйпаттама береді. Струве мырзаның ойынша, «халықшылдар өзіндік шаруашылық пен алғашқы заманғы теңшілдікті дәріптеушілер» (167).

Мұндай сыйпаттамаға қосылуға мүмкін емес. Халықшылдар — ұсақ өндірушіні дәріптеушілер деп I-тарауда келтірген дәлелдерімізді біз бұл жерде қайталап жатпаймыз. Ұсақ өндірушінің тұрмыс-күй жағдайларының нақ өзі, оның «қожайындар» мен «жұмысшылар» аралығындағы көшпелі, орталық халі халықшылдардың таптық қайшылықтарды түсінбеушілігін де, олардың программасының прогрессивтік пункттері мен реакцияшылдық пункттерінің жөнсіз былығуын да тұғызып отырғандығы сол тарауда көрсетіліп өткен болатын.

Бұл жерде оған қосатынымыз мынау ғана: өзінің бірінші, яғни прогрессивтігі жағынан орыс халықшылдығы батыс-европалық демократизмге жуықтайды, сондықтан да мұнан 40 жылдан аса уақыт бұрын француз тарихының уақыйғалары жайында демократизмге берілген данышпандық баға орыс халықшылдығына да толығымен сай келеді:

«Демократ, ұсақ буржуазияның өкілі болатын болғандықтан, басқаша айтқанда, мұнда екі таптың мүдделері бірін бірі көмескілеп отыратын *көшпелі таптың* өкілі болғандықтан, — сондықтан ол, өзім тегі таптық антагонизмнен жоғары тұрамын-ау деп ойлайды. Демократтар өздеріне ардақты таптың қарсы тұратындығын мойындайды, ал ұлттың бүкіл былайғы жұртшылығымен бірге өздерін халықпыз деп есептейді. Олар *халық правосын* жақтайды; олар *халық мүдделерін* көксейді. Сондықтан оларға түрлі таптардың мүдделері мен күйі-жәйін зерттеп жатудың қажеті жоқ. Оларға өздерінің күш-қуатын тым дәл таразыға

тартып жатудың қажеті жоқ...* Егер олардың мүдделеріне жұрт көңіл қоймайтын болып шықса, олардың күші дәрменсіз болып шықса, онда бұған не *тұтасбір халықты* біріне-бірі жау түрлі лагерьлерге бөліп отырған жауыз софистер айыпты,** ... не істің бәрі сәлбір нәрсенің дұрыс орындалмағандығынан бұлінген болып шығады, не, ақырында, күтпеген жерден тап болған бір кездейсоқ нәрсе бұл жолы сәтсіздікке ұшыратқан болып шығады. Қалай болғанмен де, демократ нағыз масқара жеңіліске әуел баста қалай күнәсіз тап болса, одан нақ солай тап-таза боп шыға келеді, шыққанда, берік сеніммен шығады: ол жеңіп шығуға тиіс, оның өзі де, оның партиясы да бұрынғы көзқарасын өзгертпеуге тиіс, қайта, оқыйғалар сол көзқарастың дәрежесіне өсіп жетуге тиіс, деген берік сеніммен шығады» (ihm entgegenzureifen haben. «Der achtzehnte Brumaire u. s. w », S. 39***).

Халықшылдар өзіндік шаруашылық пен алғашқы заманғы теңшілдіктің дәріптеушілері деген сыйпатталғанның теріс екендігін автордың өзі келтірген мысалдары көрсетіп отыр. «Н. —он мырзаның Васильчиковты осы күнге дейін либералшыл экономист деп атауы сөкет нәрсе екенін атап өту керек» дейді Струве мырза (169). Егер осы атақты *шын мағнасында* алсақ, оның сөкет дерлік еш нәрсесі жоқ. Васильчиков өзінің программасында арзан және жұрттың бәріне тарайтын кредитті қолдап отыр. Орыс қоғамы сыяқты капиталистік қоғамның негізінде кредиттің тек буржуазияны

---

* Тап Россия халықшылдары сыяқты. Олар Россияда өндірушіге қарама-қарсы таптардың бар екенін мойындайды, бірақ олар, — «халық» алдында бұл «жыртқыштар» болмашы ғана нәрсе деген пікірлермен өздерін жұбатады және әрбір жеке таптың жағдайы мен мүдделерін дәл зерттеу ісімен шұғылданғысы келмейді, өндірушілердің кейбір жіктерінің мүдделері «жыртқыштардың» мүдделерімен ұштасып отырған жоқ па, сөйтіп, өндірушілердің кейбір жіктерінің жыртқыштарға қарсыласу күшін әлсіретіп отырған жоқ па, міне осыны анықтағысы келмейді.

** Орыс халықшылдарының көзімен қарағанда, — «әлеуметтік өзара бейімделушіліктің» және «ынтымақпен іс істеудің» гүлдері әбден жайқалып өскен жерге капитализм мен оның таптық антагонизмдерін қолдан егіп отырған қаскүнем марксистер айыпты (В. В. мырза; Струве кітабының 161 беті).

*** *К. Маркс.* «Онсегізінші брюмер және т. б.» 39-бет. *Ред.*[99]

ғана күшейтетіндігін, «капиталистік қатнастардың дамуына және нығаюына» бастайтынын Н.—он мырзаның көрмеске шарасы жоқ («Очерктер», 77 бет). Ьарлық халықшылдар тәрізді Васильчиков та өзінің практикалық шаралары арқылы жалғыз ғана ұсақ буржуазияның мүдделерін көксейді. Мұндағы сөкет нәрсе тек мынау болар: Н.—он мырза «Русское Богатство»ның публицистерімен қатар отырса да, ол публицистердің де нақ князь Васильчиков сыяқты кішігірім «либералшыл экономистер» екенін «осы күнге дейін» көрмей отыр. Утопизм теориясы іс жүзінде мещандық прогрестермен оп-оңай бітіседі. Жұрттың бәріне тегіс жер үлестірудің мағнасыз нәрсе екенін мойындап отырған және «жұмысшы адамдарға арзан кредит» берілуін ұсынып отырған Головачев халықшылдыққа берілген мұндай бағаны онан сайын дұрыстайды. Струве мырза осы «ғажап» теорияны сынай келіп, оның тек теориялық мағнасыздығына ғана көңіл бөледі де, оның ұсақ буржуазиялық мазмұнын байқамағансыйды.

Енді V тарау жөнінде, Щербина мырзаның «орта мөлшердегі тұтыну заңына» тоқталып өтпей болмайды. Бұл, Струве мырзаның VI тарауда өте айқын көрініп отырған мальтусшылдығын бағалау үшін маңызды нәрсе. «Заңның» мәні мынадай: шаруаларды *үлесіне тиген жеріне қарай* топқа бөлгенде шаруа семьясының тұтынуына керекті қаражатының (яғни түрлі мұқтажына жұмсайтын шығындарының) сәл ғана айырмасы бар (топ басына) орта мәлшері шығады, ал онсоң Щербина мырза ол шығындарды жан басына шағып есептейді.

Струве мырза: бұл «заңның орасан зор маңызы бар», өйткені Мальтустің — «халықтың дәулетті болуы мен көбейіп өсіп өнуі оның қолы жететін тіршілік құралдарына байланысты» дейтін «жалпыға мәлім» заңын дұрыстайды-мыс, деп бар көңілімен нығыта түседі.

Струве мырзаның бұл заңға қуана кетуінің себебі қалай екені түсініксіз. Әсіресе, Щербина мырзаның есептерін негізге алып бұл заңды «орасан зор маңызы бар заң» деп қалай тануға болатыны түсініксіз. Әрбір жеке шаруа семьясының тұрмыс халінде оншама зор

айырмашылық болмай отырғанда, шаруаларды топ-топқа бөлсек, тұтынудың шамалы ғана айырмасы болатын орта мөлшерін алатынымыз өте табиғи нәрсе; әсіресе, шаруаларды топ-топқа бөлгенде үлестіріліп берілетін жердің мөлшерін негізге алатын болсақ, мөлшері болғанда, тікелей семьяның ауқаттылығын белгілемейтін (өйткені үлестірілетін жердің арендаға берілуі мүмкін, ал жердің арендаға алынуы да мүмкін) және салық түсетін жандарының саны бірдей ауқатты шаруаға да, кедей шаруаға да бірдей тиетін жер мөлшерін негізге алсақ, тұтынудың шамалы ғана айырмасы болатын орта мөлшерінің шығатындығы өте табиғи нәрсе. Щербина мырзаның есептері, оның шаруаларды жіктеудің теріс жолын сайлап алғандығын ғана дәлелдейді. Егер Щербина мырза бұл арада бір-түрлі бір заң таптым дейтін болса, — мұнысы тіпті таңырқарлық нәрсе. Аренданы да, «табыс табуды» да, шаруаның помещик пен алыпсатарға экономика жағынан тәуелділігін де еске алмастан, жер-үлесінің көлеміне қарай «шаруаның қолы жететін тіршілік құралын» білуге болады-мыс дейтін Мальтус заңы бұл жерде айқындалып отыр деп қарау одан бетер таңырқарлық нәрсе. — Щербина мырзаның осы «заңы» жөнінде (Щербина мырзаның ол заңды баяндауы мынаны көрсетеді: «заңның» авторының өзі, мүлде еш нәрсені дәлелдеп көрсете алмайтын өзінің орта цифрларына соншама зор мән береді) Струве мырза былай дейді: «Бұл ретте «халық өндірісі» жалдамалы еңбек қолданылмаған жәй шаруашылық болып шығады. Ал шаруашылық осылай ұйымдастырылып отырған жағдайда «үстеме күн» өндірушінің қолында қалады — бұл даусыз нәрсе» (176) дейді. Сөйтіп автор: еңбек өнімділігі төмен болған жағдайда ондай «халық өндірісі» өкілінің жұмысшыдан нашар күн елтуіне бұл іс бөгеу болмайды, дейді. Мальтусшілдікке әуестенудің салдарынан автор көшіріп алған қағыйдасын дәл тұжырымдап айта алмады. Сауда капиталы мен өсімқорлық *капитал* әрбір орыс деревнясында еңбекті өзіне бағындырып отыр және — өндірушіні жалдамалы жұмысшыға айналдырмай-ақ — одан, индустриялы капиталдың қызметшіден алатын қосымша күнынан кем

түспейтін қосымша құн алып отыр. Капиталист дербес (сырттан қарағанда дербес) өндірушіден тек даяр товар ғана сатып алып отырса да, өндірушінің арасына капиталист келіп араласқан кезден бастап, капиталистік өндіріс басталады (99 бет және 2 ескерту), ал орыстың «дербес» өндірушілерінің арасынан капиталиске (купецке, алыпсатарға, кулакқа, тағы басқаларға) жұмыс істемейтіндерін табу оңай болмаған болар еді, деп Струве мырза жоғарыда дұрыс айтып өтті. Халықшылдардың ең ірі қателерінің бірі мынау: олар орыстың қоғамдық шаруашылығының капиталистік жолмен ұйымдасуы мен сауда капиталының деревняда толық үстемдік етуінің арасындағы өте тығыз және айырылмас берік байланысын көрмейді. Сондықтан автор: ««халық өндірісі» деген сөздің өзі, — оны халықшыл мырзалардың қолданып жүрген мағнасында алғанда ешбір нақтылы тарихи тәртіпке үйлеспейді. Біздің Россияда 1861 жылға дейін «халық өндірісі» крепостниктік құрылыспен тығыз байланысты болып келді, ал соңынан 1861 жылдан кейін товарлы шаруашылықтың дамуы жеделдеді, бұл товар шаруашылығы халық өндірісінің тазалығын бұзбай тұра алмады» (177), деп тамаша дұрыс айтып отыр. Халықшыл өндіріс құрал-жабдықтарының өндірушіге тиістілігі — орыс тұрмысының атам заманғы негізі еді дейді, сөйтіп ол, өз утопиясының пайдасы үшін тектен-тек тарихты бұрмалайды, бұрмалағанда, мынадай сөз амалы арқылы бұрмалайды: крепостниктік правоның кезінде, помещик өндіріс құрал-жабдықтарын өндірушіге бергенде, өндірушінің помещикке өтейтін барщиналық жұмысын өтеуі *үшін* беріп отырған; жер үлесі еңбек ақының заттай берілген түрі, — қосымша өнімді иемденудің «атам заманғы» әдісі тәрізді болып көрінді, деген сөз амалы арқылы бұрмалайды. Крепостниктік правоның бұзылуы өндірушіні ешбір «азат ету» болған жоқ; оның бұзылуы қосымша өнімнің *түрін өзгерту ғана* болды. Егер Англияның бір жерінде крепостниктік правоның құлауы шын дербес және еркін шаруаларды туғызған болса, онда біздің реформамыз крепостниктік «масқара» қосымша өнімнен буржуазиялық «еркін» үстеме құнға бірден көшті.

IV ТАРАУ

РОССИЯНЫҢ РЕФОРМАДАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІН СТРУВЕ МЫРЗАНЫҢ ТҮСІНДІРУІ

Струве мырзаның кітабының соңғы (алтыншы) тарауы ең маңызды мәселеге — Россияның экономикалық дамуына арналған. Бұл соңғы тарауының теориялық мазмұны мына бөлімдерге бөлінеді: 1) егіншілік Россиядағы халықтың артылып қалуы, оның сыйпаты мен себептері; 2) шаруалардың ыдырауы, оның маңызы және себептері; 3) шаруалардың күйзелуі жөнінде өнеркәсіптік капитализмнің ролі; 4) жеке-меншікті иеліктегі шаруашылық; оның даму сыйпаты және 5) орыс капитализмі үшін керекті рыноктер туралы мәселе. Струве мырзаның бұл мәселелердің әрқайсысына келтірген дәлелдерін талқылауға көшуден бұрын, оның шаруа реформасы жөніндегі ескертулеріне тоқталайық.

Автор реформаны «идеалистік» мағнада ұғынушылыққа қарсы шығып, мемлекеттің еңбек өнімін арттыруды талап еткен тілектерін, *ақы төлеушілікті,* «төменнен» болған қысымды көрсетеді. Амал не, автор өзінің заңды түрде жасаған қарсылығын аяғына шейін айтып шықпады. Халықшылдар реформаны «қоғамда» «адамгершілік» және «азат етушілік» идеялардың дамуы деп түсіндіреді. Бұл фактының болғандығында күмән жоқ, бірақ реформаны оларға бұл фактымен түсіндіру — «азат етуді» «азат етушілік» идеяларына апарып тіреп, мағнасыз мылжыңдыққа салыну болып табылады. Материалистер үшін, идеяға бола жүзеге асырылған шаралардың *мазмұндарын* ерекше талқылау қажет. Тарихтағы маңызды «реформалардың» ішінде, тіпті тақтық сыйпаты болған реформалардың да ішінде, оны дәріптеп даңқты сөздер мен даңқты идеялар айтылмаған бірде-бір реформа болған емес. Шаруа реформасын алсақ та дәл осындай. Егер шаруа реформасы жасаған өзгерістердің шын мазмұнына көңіл бөлетін болса, бұл өзгерістердің сыйпаты мынадай болып шығады: шаруалардың бір бөлегі жерсіз қалдырылды, және — ең басты нәрсе — өз жерлерінің бір бөлегі өз еншісіне тиген басқа шаруаларға бұл жерді тіпті басқа біреудің бұйымындай етіп помещиктерге *ақы төлеп* алуына тура

келді және оның үстіне әдейі қымбаттатылған бағамен ақы төлеп алуына тура келді. Бұл сияқты реформалар тек бізде Россияда ғана емес, тіпті Батыста да «бостандық» және «теңдік» теорияларымен бүркемеленді, сондықтан бостандық пен теңдік идеяларын шығаруға дәл товар шаруашылығының негіз болғандығы «Капиталда» да көрсетілген. Россияда реформаны шығарған бюрократтық механизм қандай қыйын болса да, бұл механизмді буржуазияның өзінен, *сірә** қаншама алыс жатыр *десе де*, қайткен күнде де *буржуазиялық тәртіптердің осындай* реформаның негізінде ғана шыға алатындығы күмәнсіз нәрсе. Струве мырза, орыстың шаруа реформасын — Батыс Европаның реформаларына қарсы қоюшылық жөнінде таралып жүрген пікір дұрыс емес, деп өте дұрыс айтады: «Батыс Европада шаруаларды азат еткенде жер берілген жоқ немесе, басқаша айтқанда, шаруалар заң жолымен жерсіз қалдырылды деп *(сонша ма жалпы* түрде) дәлелдеу мүлде теріс» (196). Мен — *«сонша ма жалпы* түрде», деген сөзді баса көрсетіп отырмын, өйткені шаруаларды заң жолымен жерсіз қалдыру — шаруа реформасы жүргізілген жердің барлығына бірдей талассыз тарихи факты болып табылады, бірақ бұл факты жалпалама факты емес, өйткені шаруалардың *бір бөлегі* крепостнойлық тәуелділікген азат етілгенде помещиктерден алған жеріне Батыста да *ақы төледі*, бізде де ақы төлеп отыр. Бұл *ақы төлеу* фактысын тек буржуа ғана бүркемелей алады және «шаруаларды жерімен азат ету** Россияны tabula rasa-ға айналдырды»-мыс (Яковлев мырза дейтіннің сөздері, бұл сөздерді Михайловский мырза «жан-

---

* Шынында, бұл механизм өзінің составы жағынан да, өзінің шыққан тарихи негізі жағынан да тек буржуазияға ғана қызмет өткен механизм болды, біз мұны жоғарыда да айттық.

** Шынына көшетін болсақ, онда: шаруалардың *бір бөлегіне* өздерінің үлестік жерлерінің бір бөлегін *екі есе қымбат төлеп* помещиктерден сатып алуға жол беру — деу керек еді. Тіпті «жол беру» деген сөздің өзі дұрыс болмайды, өйткені шаруа «үлеспен» осылай «қамтамасыз етілуден» бас тартатын болса, болыстық басқармадан дуре жеп еді

тәнімен карсы алған» — П. Струвенің кітабының 10 бетінен қараңыз) деп тек буржуа ғана талқылай алады.

I

Струве мырзаның «егіншілік Россиядағы халықтың артып қалуының сыйпаты» жөніндегі теориясына келейік. Бұл — Струве мырзаның марксизм «доктринасынан» мальтусшылдық доктринаға шегінетін ең мәнді пункттерінің бірі. Оның Н.—он мырзаға қарсы талас-та дамытқан көзқарастарының мәнісі мынау: егіншілік Россиядағы халықтың артып қалуы «капиталистік түрдегі артып қалу емес, былайша айтқанда, өзіндік шаруашылыққа сай келетін, халықтың жәй артуы»* дейді.

Струве мырза, өзінің Н.—он мырзаға қарсы пікірін «халықтың относительдік түрде артып қалуы жөніндегі Маркстің теориясына Ф.-А. Лангенің жалпы қарсы пікіріне толық сәйкеседі» (183, ескертуі) дейді, сондықтан, біз мұны тексеру үшін әуелі Лангенің осы «жалпы қарсы пікіріне» тоқталамыз.

Ланге Маркстің халықтың артып қалуы жөніндегі заңын өзінің «Жұмысшы мәселесінің» V тарауында (орысша аудармасының 142—178 беттерінде) талқылайды. Ол Маркстің — «жалпы әрбір тарихи ерекше өндіріс әдісінің өзіне халықтың өсуі жөніндегі заңы сай келеді, бұл заңның тек тарихи маңызы бар. Өсіп-өнудің абстракциялық заңы тек өсімдіктер мен айуандарда ғана болады»[100] деген негізгі ережесінен бастайды. Бұған Ланге былай дейді:

«Ашып айтқанда өсімдіктер мен айуандар үшін де өсіп-өнудің ешқандай «абстракциялық» заңы жоқ дегенді айтуға рұхсат етілер деймін, өйткені жалпы абстракция дегеніміз толып жатқан бір тектес құбылыстардың тек бір жалпы түрі ғана» (143), осыны айта келіп, Ланге абстракцияның не екендігін Маркске толық тү-

*Струве мырза „Sozialpolitisches Centralblatt"-да (1893, № 1. 2 октябрь) бастырған өзінің мақаласында осылай тұжырымдайды. Ол бұған қосымша — бұл көзқарасты — «мальтусшылық» көзқарас деп есептемеймін дейді.

*

сіндіріп шығады. Тегі, ол Маркстің айтқан сөзінің мағынасын мүлде түсінбеген болу керек. Маркс бұл жөнде адамды өсімдіктер мен айуандарға қарсы қойғанда, адам тарихи ауысып отыратын, *түрлі әлеуметтік құрылыстарда* өмір сүреді, бұл құрылыстар қоғамдық өндірістің, демек, үлестірудің системасы арқылы белгіленеді. Адамның өсіп-өну шарттары түрлі әлеуметтік құрылыстардың жаратылысына тікелей байланысты, сондықтан халықтың көбейіп өсіп-өну заңын қоғам құрылысының тарихи түрлі формаларынан тыс, «абстракциялы» түрде зерттемей, осы айтылған құрылыстардың бас-басына бөлек зерттеу керек. Лангенің: абстракция дегеніміз — *бір тектес* құбылыстардың тек бір жалпы түрі деген түсінігі бүтіндей оның өзіне қарсы жұмсалады; біз айуандар мен өсімдіктердің ғана өмір сүру шарттарын бір тектес дей аламыз, адам жөнінде мұны тіпті де айта алмаймыз, өйткені адам құрылысы жағынан түрліше болып келген әлеуметтік қоғамдарда өмір сүріп келгенін білеміз.

Ланге мұнан соң Маркстің капиталистік елдегі халықтың относительдік түрде артып қалуы жөніндегі теориясын баяндай келіп, былай дейді: «алғаш қарағанында бұл теория бүкіл органикалық жаратылыстан бастап адамға дейін кете беретін ұзақ байланысты үзетіндей болып көрінуі мүмкін, ол теория жұмысшы мәселесінің негіздерін түсіндіргенде адамзаттың өмір сүруі, өсіп-өнуі мен жетілуі туралы жалпы зерттеулердің біздің мақсатымызға, яғни жұмысшы мәселесін түсіну мақсатына мүлде керексіз сыяқты етіп түсіндіретіндей болып көрінеді» (154)* — дейді.

Маркстің теориясы бүкіл органикалық жаратылыстан бастап адамға дейін кете беретін байланысты тіпті де үзбейді: Маркстің теориясы тек қана «жұмысшы мәселесінің» — бұл мәселе капиталистік қоғамда ғана болатындықтан — адамның өсіп-өнуі туралы «жалпы зерт-

---

* Ал, бұл «жалпы зерттеулер» дегеніміз не нәрсе? Егер бұл зерттеулер адам қоғамының ерекше экономикалық формацияларын елемейтін болса, — онда олар жалған зерттеулерге айналады. Ал, егер бұл зерттеулер бірнеше формацияларды қамтыйтын болса, онда бұл зерттеудің алдынан әрбір формацияның ерекше зерттеулері болуға тиіс екендігі анық.

теулердің» негізінде шешілмей, капиталистік қатнастардың заңдары туралы ерекше зерттеулердің негізінде шешілуін талап етеді. Бірақ Ланге басқа пікірде: «шынына келгенде бұл олай емес. Фабрикалық еңбек алғашқы басталғаннан-ақ *жоқшылықты* туғызатыны айқын нәрсе» (154) — дейді ол. Сөйтіп Ланге, өз-өзінен түсінікті және бізді титтей де алға бастырмай отырған осы қағыйданы дәлелдеу үшін бір жарым бет жазған: біріншіден, өндіріс фабрикалық түрге айналмай тұрған кездегі капитализмнің даму дәуірінің өзінде-ақ машиналар басы артық халықты туғызудан бұрын-ақ жоқшылықты капитализмнің өзі туғызғандығын, екіншіден, қоғам құрылысының капитализмнен бұрынғы формасы — феодалдық, крепостниктік форма, өзінің ерекше жоқшылығын өзі туғызғандығын, оның бұл жоқшылықты мұра етіп капитализмге қалдырғандығын — біз жақсы білеміз.

«Бірақ тіпті осындай күшті көмекшімен де (яғни жоқшылық бола тұрса да) қызметтің жаңа түріне айтарлықтай жұмысшы күшін тарту кез келген кәсіп иесінің қолынан келе бермейді. Әдетте, бұл былай болады. Кәсіп иесі фабрикалық өнеркәсіп орын тепкен жерден өзімен бірге белгілі мөлшерде жумысшылар ала келеді; ол бұл жұмысшыларға дәл сол кезде жұмыссыз жүрген бірнеше бобыльдарды* қосып алады, ал, бұдан былай фабрика жұмысшыларының қатары *жаңаөспірім жастардан* толтырылады» (156). Ланге соңғы екі сөзді курсивпен жазады. «Адамзаттың өмір сүруі, өсіп-өнуі және өсіп жетілуі туралы жалпы зерттеулер» нақ осы фабриканттың жаңа жұмысшыларды алжыған кәрілерден алмай, «жаңаөспірім жастардан» алатындығында көрінетін болу керек. Қайырымды Ланге өзінің кітабының тағы бүтін бір бетінде (157) осы «жалпы зерттеулерді» жазады, ата-аналар өз балаларын қамтамасыз етуге тырысады, — қолы бос моралистер адамның туғандағы халден құтылуға жасаған әрекетін босқа кінә-

* Реті келгенде айта кетейік: бұл «бобыльдар» қайдан келді? Лангенің ойынша бұл — крепостник тәртіптің қалдығы да емес, капитал үстемдігінің жемісі де емес, «бала табуды өз еркімен азайту тенденциясы халықтың әдет-ғұрпында орныкпауының» (157 бет) нәтижесі болатын шығар?

лейді, бала-шағаны өз жалақысына шағындап икемдеуге тырысу — табиғи нәрсе дегенді айтады. Міне осы талқылаулардың, құрғақ сөзде ғана айтылатын талқылаулардың, барлығынан өткеннен кейін ғана істің шындығына келеміз:

«Жері ұсақ жер иелері мен ірі жер иелеріне қарайтын егіншілік елде, бала табуды ерікті түрде ықшамдау ниеті халықтың ғадет-ғұрпына сіңіспеген болса, сол территориядан шығатын өндіріспен өмір сүргісі келетін жұмысшылар мен тұтынушылардың үнемі артылып қалуы сөзсіз болып отырады» (157—158). Бұл нағыз мальтустық қағыйданы Ланге ешбір дәлелсіз алып ұсынады. Ол бұл қағыйданы қайта-қайта айтып береді, — «қайткен күнде де, ондай елдің халқының көбейіп өсіп-өнуі гіпті өте сирек болғанмен де халықтың относительдік түрде артып қалуының белгілері болады», «рынокте еңбекті сатуға ұсынушылық *ұдайы басым* түсіп отырады да, ал, оның бержағында еңбекті керек етушілік мардымсыз күйінде қалады» (158), — дейді, бірақ мұның бәрі мүлде бос сөз болып қала береді. «Жұмысшылардың артылып қалуы» шынында болмай қоймайтын нәрсе деушілік қайдан туып отыр? Жұмысшылардың мұншалықты артылып қалуының бала табуды ерікті түрде ықшамдау ниеті халықтың салтында жоқ болуымен байланысты екені неден көрініп тұр? «Халық салты» туралы талқылаудан бұрын халықтың өмір сүріп отырған өндіріс қатнастарын қарап көру керек емес пе? Мәселен, Ланге сөз қылып отырған ұсақ жер иелері, мен ірі жер иелері материалдық бағалы бұйымдар өндірісінде өзара былайша бірікккен екен делік: ұсақ жер иелері күн көру үшін ірі жер иелерінен жер үлестерін алып, бұл үшін ірі жер иелеріне барщина ретінде жұмыс істеді, олардың жерін ұқсатып берді, — делік. Онан соң, бұл қарым-қатнастар бұзылды, адамгершілік идеялар ірі жер иелерінің басын айналдырғандығы сонша олар «өз шаруаларын жерімен азат етті», яғни шаруалар үлестерінің шамалап айтқанда, 20 процентін кесіп алып, қалған 80 процентіне екі есе артық ақы төлетті, — делік. Сөйтіп «пролетариат мерезінен» аман қалған шаруалар күн көру үшін, ірі жер иелеріне бұрынғыдай жұмыс іс-

тей беруге тиіс екендігі, бірақ шаруалардың енді бұрынғыдай крепостник бурмистрдің наряды бойынша істемей, ерікті шарт бойынша істейтіндігі — солай болса, шаруалар енді өзара байланысты болмағандықтан және әркайсысы өз бетінше қожалық ететін болғандықтан біреуінің жұмысын біреуі қағып әкететіндігі түсінікті нәрсе. Жұмысты бір-бірінен қағып алып кетудің бұл тәртібі кейбір шаруаларды ығыстырып шығармай қоймайды: өйткені үлестің азайып, жерге ақы төлеу көбеюдің салдарынан шаруалар помещиктерге қарағанда әлсіз бола бастайды, ал олардың бәсекелесуі қосымша өнімнің нормасын көбейтеді, сондықтан помещик аздаған шаруалармен де іс істей алады. Бала табуды ерікті түрде ықшамдау ниеті халық салтына қалай сіңе тұрса да, бәрібір, халықтың «артылып қалушылығы» болмай тұрмайды. Лангенің қоғамдық-экономикалық қатнастарды елемейтін пікірлері, оның тәсілдерінің жарамсыз екендігіне айқын дәлел болып қана табылады. Ал, Ланге осы сияқты пікірлерден басқа еш нәрсе де айтпайды. «Қай жұмыска болса да *қолдануға қашанда дайын тұрған балалар еңбегі керегінше бар*» (161) болғандықтан фабрик иелері өндірісті түкпірде жатқан деревняға өзі тілеп көшіреді, дейді Ланге, бірақ ол өз балаларын құлдыққа ұстап беруге әке-шешелердің «дайындығын» қоғамдық өндірістің қандай тарихы, қандай тәсілі туғызғанын зерттеместен осылай дейді. Лангенің тәсілдері бәрінен гөрі оның мынадай пікірлерінен ашық көрінеді: ол Маркстің машиналы индустрия капиталға әйелдер мен балалар еңбегін сатып алуға мүмкіндік берумен қатар, жұмысшыны «құл сатушы» етеді, деген сөзін келтіреді.

«Міне кей, сөздің аяғы қалай қарай бет алды!» — деп лепіреді Ланге жеңімпаздық калыппен. — «Ал, жоқшылықтың зардабынан өзінің жұмыс күшін сататын жұмысшыны, егер оны бір жағынан жоқшылық, екінші жағынан қызығушылық итермелемесе, өзінің әйелі мен баласын саудаға салуға оп-оңай көше қояды деп ойлауға бола ма?» (163).

Қайырымды Ланге қара тер болғанша күш салып, жұмысшыны Маркстен қорғайды. Марксе жұмысшыны «жоқшылық итермелейді» деп дәлелдейді.

...«Шын мәнінде, барған сайын өршіп бара жатқан жоқшылық өмір сүру үшін болатын күрестің метаморфозы болмағанда не?» (163).

Міне, «адамзаттың өмір сүруі, өсіп өнуі және өсіп жетілуі туралы жалпы зерттеулер» қандай жаңалық тарға әкеліп соғып отыр! Егер бізге, бұл өмір сүру үшін болатын күрестің метаморфозы деп айтып отырса, онда біз «жоқшылықтың» себебі туралы, оның саяси-экономикалық мазмұны мен даму жолы туралы азда болса еш нәрсе ұғып-біле аламыз ба? Мұны не нәрсе жөнінде болса да, жұмысшының капиталиске көзқарасы туралы да, жер иесінің фабрикант пен крепостной лық шаруаға көзқарасы туралы да, тағысын тағылар туралы да айтуға болады ғой. Лангенің Марксті түзеймін деген талабы осы сияқты мазмұнсыз бос сөздерден немесе аңқаулықтардан басқа бізге еш нәрсе де бермейді. Енді Лангенің ізін басып жүрген Струве мырза нақтылы мәселе туралы, атап айтқанда, егіншілік Россиядағы халықтың артып қалуы туралы пікірінде бұл түзетуді нығайту үшін не айтар екен, соны көрейік.

Товар өндірісі елдің өрісін кеңейтеді — деп бастайды Струве мырза. «Айырбастың бұл қыймылы өндірісті техника және экономика жағынан толығынан қайта құру жөнінде ғана болып қоймай, сонымен бірге өндіріс техникасы бұрынғы қалпынша қалып, өзіндік шаруашылық халықтың жалпы экономикасында, бұрынғы басым күйінде қалғанның өзінде де болады. Бірақ бұлай болған күнде де аз уақыт өрлеуден соң «халықтың артып қалуы» болмай қоймайды; бірақ та халықтың артып қалуына товар өндірісі кінәлі болған күнде, тек: 1) соған дем беруші ретінде, 2) соны қыйындатушы ретінде ғана кінәлі (182). Халықтың артып қалуы товар шаруашылығынсыз да болған болар еді: оның: сыйпаты капиталистік сыйпат емес, дегенді айтады.

Автордың ұсынып отырған қағыйдалары міне осылар. Бұл қағыйдалар біздің Лангеден көргеніміз сияқты, құрғақ сөзділігімен бастан-аяқ таң қалдыратын қағыйдалар: өзіндік-шаруашылықта халықтың артып қалатындығы сөзсіз деп дәлелдейді, бірақ мұның нақ қандай процесс арқылы болатындығы түсіндірілмейді.

Автор өз көзқарастарын дәлелдейді деп білетін фактыларға келейік.

1762—1846 жылдардың мәліметтері халықтың жалпы алғанда, тіпті де тез өспегендігін көрсетеді, жылмажыл өсуі — 1,07 — 1,5 процент болған. Оның бержағында халықтың өсуі, Арсеньевтің сөзіне қарағанда, «егіншілік» губернияларда тезірек болған. Осыдан келіп Струве мырза: бұл «факты, өсіп-өну табиғаттың байлығына тікелей тәуелді болған, былайша айтқанда, тәуелділігі қолмен сыйпап сезгендей болған халық шаруашылығының дөрекі формалары үшін өте сыйымды факты» — деген қортынды шығарады. Бұл «халықтың өсіп-өнуі мен тіршілік құралдарының бір-біріне сай келу заңының» (185) әрекеті. «Жер неғұрлым кең болса, және жердің табиғи құнарлылығы неғұрлым жоғары болса, халықтың табиғи өсуі де солғұрлым көп болады» (186). Мүлде дәлелсіз қортынды: Европалық Россияның орталық облыстық губернияларының ішінде 1790 жылдан 1846 жылға дейін халықтың өсуі бәрінен де Владимир және Калуга губернияларында аз болды деген жалғыз фактыға сүйеніп, халықтың өсіп-өнуі мен тіршілік құралдарының бір біріне сай келуі туралы бүтін бір заң шығарылады. Жердің кеңдігін негіз етіп халықтың тіршілік құралдары туралы (соншалықты аз мәліметтер жалпы қортынды жасауға мүмкіндік береді деп мойындағанның өзінде) қортынды шығаруға бола ма екен? Бұл халық «табиғат байлығынан» өндірген өнімдерін өз керегіне тікелей айналдырған жоқ қой, халық бұл өнімдерді помещиктермен және мемлекетпен бөлісіп отырды ғой. Халықтың қолындағы «тіршілік құралдарының» азайып-көбеюіне өндірушілердің бүтіндей және еркін иелігінде болмаған көлемді жерден гөрі, помещик шаруашылығының белгілі бір системасының, — оброктің яки барщинаның, алым-салық өлшерлерінің және оларды алу тәсілдерінің және т. т. — анағұрлым көп әсер еткендігі анық емес пе? Ол-олма. Крепостниктік правода болған қоғамдық қатнастарға қарамастан, халық сол кезде де айырбаспен байланысты болған: «өңдеуші өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуі, яғни қоғамдық, ұлттық еңбек бөлінісі реформадан бұрынғы дәуірде де болды» (189), — деп, автор

дұрыс айтады. Олай болған күнде, «жері табиғи құнарлы» болып келетін Тамбовтың жәй егіншісіне қарағанда, ойпаң жерде тұрған Владимир майдагерінің яки ұсақ саудагерінің «тіршілік құралдары» аз болды деп қалайша ойлауға тиістіміз? — деп, сұрауға болады.

Бұдан соң Струве мырза азат етудің алдында крепостнойлық халықтың ғайғандығы туралы мәліметтер келтіреді. Экономистер бұл құбылысты «әл-ауқаттың нашарлауынан» (189) деп біледі, ал автор осы экономистердің пікірін айтады. Сөйтіп автор мынадай қортынды жасайды:

«Біз азат етудің алдында крепостнойлық халықтың азаю фактысына келіп тоқтадық, өйткені бұл факты — біздің ойымызша, Россияның сол дәуірдегі экономикалық халін айқын сыйпаттайды. Елдің едәуір жерінде... сол кездегі техникалық-экономикалық және әлуметтік-заңдық жағдайларда халық тығыз болды; бұл жағдайлар бүкіл халықтың 40 процентінің дерлік азды-көпті жылдам өсіп-өнуіне мүлдем қолайсыз болды» (189). Крепостниктік қоғамдық тәртіптер тіршілік құралдарын, өсіп-өнуі зерттеліп отырған қалың бұқараны аттап өтіп, бір топ ірі жер иелерінің қолына түсіруге карай бағыттап жіберіп отырғанда, өсіп-өнудің тіршілік құралдарымен сәйкесуі туралы Мальтустың «заңының» бұл араға қандайлық қатысы бар? Автордың, мәселен, халықтың ең аз өскен жері не өнеркәсібі нашар дамыған, жерінің құнарлылығы кем губерняларда, не таза егіншілік кәсіпті халкы тығыз губерняларда болды деген пікірінде қандайда болса бір құнды нәрсе бар деп мойындауға бола ма? Бұдан Струве мырза «халықтың артып қалуы капиталистік сыйпатқа байланысты емес» дегенді тапқысы келеді, ол товар шаруашылығынсыз-ақ болуға тиіс еді, «өзін дік шаруашылыққа сәйкеседі» дегісі келеді. Бірақ бұл халықтың артып қалуы крепостниктік шаруашылыққа сай келеді, халықтың баяу өсуі бәрінен гөрі помещиктердің барщиналық еңбекті өзінің ішерлік астығын өндіруге ғана қолданбай, *сатарлық астық* өндіруге қолдануының салдарынан помещиктік шаруашылықтарда товар өндірісінің өсуі арқылы шаруа еңбегін қанаудың күшеюіне көбірек байланысты деу нақ жаңағыдай деу-

ден сыйымдырақ болар еді. Автордың алған мысалдары оның өзіне қарсы болып отыр: бұл мысалдар қоғамдық қатнастардың тарихи ерекше системалары мен олардың даму дәрежелерін елемей, өсіп-өнудің тіршілік құралына сай келуі туралы тұжырым бойынша халықтың көбейіп өсіп-өнуінің абстракты заңын құра қоюдың мүмкін емес екендігін көрсетеді.

Реформадан кейінгі дәуірге көшіп Струве мырза былай дейді: «азат етілгенге дейінгі болған негізгі белгілерді халықтың крепостниктік право жойылғаннан кейінгі тарихынан да көріп отырмыз. Өсіп-өну қарқыны жалпы алғанда жердің және жер үлесінің көлеміне тікелей байланысты» (198). Бұл шаруаларды үлесінің көлеміне қарай топтайтын және үлестің көлемі неғұрлым үлкен болса, халықтың өсуі соғұрлым көп болады деп көрсететін кесте арқылы дәлелденеді. «Бұл өндірушінің өз мұқтаждарын тура қанағаттандыру үшін қызмет ететін *өзіндік*, «өзі тұтынатын»... шаруашылық *жағдайында басқаша болуға мүмкін де емес*» (199).

Шынында бұл осылай болған болса, егер үлестер ең алдымен өндірушінің мұқтаждарын қанағаттандыру үшін қызмет ететін болса, егер олар осы мұқтаждарды қанағаттандырудың бірден-бір көзі болып табылған болса, — тек осылай болған күнде ғана бұл сияқты мәліметтерден өсіп-өнудің жалпы заңын қорытып шығаруға болар еді. Бірақ біз мұның бұлай емес екендігін білеміз. Үлестер «ең алдымен» помещиктер мен мемлекеттің мұқтаждарын қанағаттандыру үшін қызмет етеді: егер бұл «мұқтаждар» дер кезінде қанағаттандырылмаса, үлестер иесінің қолынан тартылып алынады; үлестерге олардың келтіретін табысынан артып түсетін салық салынады. Онан соң, бұл шаруаның бірден-бір қоры емес. Автор былай дейді: шаруашылықтағы болған зиян халыққа сабақ ретінде және жаза ретінде әсер етуге тиіс. Түз табысы халықтың ересек еркектерінің басқа жаққа көңлін аударады, ал оның үстіне өсіп-өнуге кедергі болады (199). Ал, егер үлесті шаруашылықтың зиянының арендамен немесе кәсіптік табыспен орны толтырылса, онда шаруаның тіршілік құралы «тез өсіп-өну» үшін толық жеткілікті болады. Дау жоқ. жағдайдың мұндай қолайлы болып кездесуі

шаруалардың тек азшылығы үшін ғана мүмкін нәрсе, бірақ — шаруалардың өз ішіндегі өндіріс қатнастары әдейілеп тексерілмеген уақытта — бұл өсудің бір келкі болып отыратындығы, оның көбінесе азшылықтың әл ауқатынан туған нәрсе емес екендігі ешқандай көрінбейді. Ақырында, — автор өз қағыйдасының дәлелділігінің шарты етіп өзіндік шаруашылықты қояды, ал реформадан кейін, оның өзінің мойындауы бойынша, бұрынғы өмірге товар шаруашылығы кең өріс алып енді дейді. *Өсіп-өнудің жалпы заңын анықтау үшін* автордың мәліметтерінің мүлде жеткіліксіз екендігі айқын. Ол-ол ма — тексеріліп отырған қоғамда өндіріс құрал жабдықтары «ең алдымен өндірушінің өз мұқтаждарын тура қанағаттандыру үшін қызмет етеді» дейтін бұл ваңның абстрактылық «қарапайымдылығы» сондайлық күрделі фактыларды мүлде теріс, ешбір дәлелсіз суреттейді. Мәселен: Струве мырза былай дейді, — шаруаларды азат еткеннен кейін шаруаларға жерді арендаға беру помещиктерге тиімді болды. «Сөйтіп, шаруалардың қолы жететін азық-түлік көлемі, яғни оның тіршілік құралдары көбейді» (200) — дейді. Барлық аренданы турадан-тура «азық-түлік көлемінің» есесіне жатқызу мүлде бос сөз және мүлде дұрыс емес. Помещиктер өз жерлерінде өндірілген өнімнің орасан көбін алып отырды деп (200) автордың өзі айтып отыр, сондықтан ондай аренда (мысалы, отработка үшін алған аренда) арендаторлардың халін нашарлатпады ма екен, арендаторлардың мойнына ең ақыр аяғында азық-түлік көлемін азайтуға әкеп соғатындай етіп міндеттер жүктемеді ме екен, бұл әлі шешуді керек қылады. Бұдан кейін автор аренда тек ауқатты (216) шаруалардың ғана қолынан келеді, сондықтан ауқатты шаруалардың қолындағы аренда «өзі тұтынатын» шаруашылықты нығайтудан гөрі, товарлы шаруашылықты ұлғайтудың құралы болуға тиіс — дейді. Тіпті жалпы алғанда аренда «шаруалардың» халін жақсартады деп дәлелдеген күнде де — автордың өзінің айтуынша — кедейлер арендадан күйзеліп отырғанда (216) — яғни бұл біреулер үшін жақсы болса, екінші біреулер үшін жаман болып отырғанда, бұл жағдайдың қандай маңызы болмақ? Шаруа арендасында крепостниктік ескі

катнастар мен капиталистік жаңа катнастардың араласып жаткандығы анық; бұл катнастардың екеуіне де көңіл коймайтын автордың абстракты пікірі бұл катнастарды түсінуге көмектеспейтіндігі былай тұрсын, кайта істі шатыстырады.

Автордың көзқарастарын дәлелдейді-мыс дейтін оның тағы бір пікірлері бар. Бұл пікір: *«жер тапшылығы* дейтін бұрынғы ескі сөз — ғылым халықтың артып калуы деп атайтын құбылыска койылған тек от басының сөзі» (186) дейтіндікке сүйенушілік. Сөйтіп автор: шаруа үлестері «жетімсіз» дейтін, халық көбейді — үлестер ұсакталып кетті — сондыктан шаруалардың күйзелуі табиғи нәрсе, дейтін «қарапайым» пікір арқылы «шаруанын жер иеленуін кеңейту» туралы өзінің тілегін мың рет «дәлелдемекші болған» халықшылдар әдебиетіне қалайда сүйенгісі келеді. Бірақ «жер тапшылығы» туралы әбден тозығы жеткен бұл халықшылдық пікірдің қандайда болса бір ғылыми маңызы* бола қояр ма екен, бұл пікір отанның ауыртпалыкка сокпай тура жолмен жүруі туралы мәселе жөніндегі комиссияда айтылатын «ізгі ниетті сөздерден» баска ешнәрсеге жарай қояр ма екен. Бұл пікірде талдың тасасындағы орман көрінбейді, құбылыстың сырткы бейнесінің тасасынан тұрмыстың негізгі қоғамдық-экономикалық суреті көрінбейді. Бір жағынан, жер қорының орасан көпшілігінің «ескі дворяндык» укладтың өкілдеріне тиістілігі, екінші жағынан, жерді сатып алу арқылы иелену — негізгі сурет міне осындай, мұның тұсында «жер иеленушілікті ұлғайту» әрекеті құр далбаса болып кала береді. Сондыктан жердің жетімсіздігі туралы халықшылдық пікір де, көбеюдің тіршілік құралдарына сәй келуі жөніндегі Мальтустік «заңдар» да, белгілі, нақтылы қоғамдық-экономикалық катнастарды теріс бұрмалайтын, өзінің абстрактылық «карапайымдығымен» күнәлі болып кала береді.

---

* Баскаша айтқанда, жердің «жеткіліксіз» болу фактысы да, халықтың өсу нәтижесінде жеткіліксіздіктің шиеленісу фактысы да талассыз болғанмен бұл пікір шаруалардың күйзелуін және халықтың артылып калуының себебін *түсіндіру* үшін мүлде жарамайды. Фактыны айтып кана кою емес, оның қайдан шыққандығын түсіндіруді керек қылады.

Струве мырзаның дәлелдерінің осы шолуы бізді мынадай қортындыға келтіреді: оның егіншілік Россияда халықтың артып қалуы көбеюдің тіршілік құралдарына сай келмеуімен түсіндіріледі-мыс дейтін қағыйдасы мүлде еш нәрсемен дәлелденбейді деген қортындыға келтіреді. Ол өз дәлелдерінен мынадай қортынды жасайды: «товарлы-шаруашылық жағдайлары арқылы және крепостниктік заманның әлеуметтік құрылысынан мұра болып қалған басқа да маңызды белгілер арқылы шиеленіскен өзіндік-шаруашылықтағы халықтың артып қалуының суреті, — міне біздің көз алдымызда тұр» (200). Әрине, «өзіндік» шаруашылықтан «товарлы» шаруашылыққа көшуді басынан кешіріп жатқан елде болып тұратын экономикалық фактының қандайы туралы болса да, бұл — «товарлы-шаруашылық жағдайлары арқылы шиеленіскен өзіндік-шаруашылық» құбылысы ғой, деп айтуға болады. Мұның керісінше де айтуға болады: «өзіндік-шаруашылықтың жағдайлары арқылы шиеленіскен товарлы-шаруашылық құбылысы» деуге де болады, бірақ мұның бәрі де *белгілі қоғамдық-экономикалық қатнастар негізінде* халықтың қалай артып қалатындығының «суретін» бере алмайтындығы былай тұрсын, тіпті ол туралы титтей түсінік те бере алмайды. Автордың Н. —он мырзаға және оның Россияда халықтың капиталистік түрдегі артып қалуы туралы теориясына қарсы қойған ең түйінді қортындысы: «біздің шаруалар азық-түлікті жеткіліксіз өндіреді» (237) дейді.

Шаруалардың егіншілік өндірісі, мемлекет арқылы жерге ақы алып отыратын помещиктерге баратын өнімді осы кезге дейін беріп келеді, бұл өндіріс шаруалардың басым көпшілігінен өнімнің орасан зор бөлімін жырып алып отырған сауда және өсімқорлық *капиталдың* операцияларының тұрақты объектісі болып табылады, — ақырында, «шаруалардың» өз арасында бұл өндірістің бөлінуінің күрделілігі сонша, жалпы және орта пайда (аренда) бұқара үшін зиян болып шығады, ал қоғам қатнастарының бүкіл осы желісін Струве мырза «өндіріс жетімсіз» деген абстрактылы және түкке тұрғысыз ұйғарынды арқылы Гордиев түйіні құсатып бір-ақ кеседі. Жоқ, бұл теория ешқандай сынды

көтермейді: бұл теория тек зерттеуді керек ететін нәрсе — шаруалардың егіншілік шаруашылығындағы өндірістік қатнастарды бұркемелейді. Мальтустік тұжырым мәселені суреттегенде, бізде қазіргі орыс шаруа шаруашылығының құрылысында араласып жатқан крепостниктік және буржуазиялық қатнастар емес, tabula rasa бар сияқты етіп көрсетеді.

Әрине, біз тек Струве мырзаның көзқарастарын ғана сынға тартумен қанағаттана алмаймыз. Біз сонымен қатар өзімізге: оның қателерінің негіздері неде? және халықтың артылып қалуын түсіндіру жөнінде айтысып отырғандардың (Н.—он мырза мен Струве мырзаның) қайсысынікі дұрыс? — деген сұрау қоюға тиіспіз.

Н.—он мырза халықтың артып қалуы жөніндегі өзінің түсінігін кәсіптердің капитал жолына көшкендігінің салдарынан көптеген жұмысшылардың «босап қалу» фактысына негіздейді. Ол сонымен бірге фабрика-заводтық ірі өнеркәсіптің өсуі туралы мәліметтерді ғана келтіріп, қоғамдық еңбек бөлінісінің терендей түсетіндігін көрсететін майдагерлік кәсіптің жарыса өсу фактысын ескерусіз калдырады*. Ол егіншіліктің қоғамдық-экономикалық ұйымдасуын және *сол ұйымдасудың даму дәрежесін* дәл суреттеуге тырыспастан егіншілікті түсіндіруге көшеді.

Струве мырза бұған жауап ретінде — «Маркстің пікірімен айтқанда халықтың капиталистік түрде артып қалуы техника прогресіне тығыз байланысты» (183) — дейді, ал, ол Н.—он мырза екеуі шаруа «шаруашылығының техникасы прогрессияланған жоқ» дерлік (200) деп тапқандықтан — ол егіншілік Россиядағы халықтың артып калуын капиталистік арту деп танудан бас тартады, сөйтіп бұған басқаша түсінік іздестіреді.

Струве мырзаның Н.—он мырзаға жауап ретінде көрсеткені дұрыс. Халықтың капиталистік түрде артып

---

* Біздің майдагерлік кәсіптің өсу фактысы және реформадан кейін толып жатқан майдагерлік кәсіптердің жарыққа шығу фактысы мәлім. Маркстің «өнеркәсіпті капитал үшін ішкі рыноктің құрылуын» түсіндіргенде басқа кәсіптердің капиталдануымен қатар бұл фактыны теория жүзінде түсіндіргені де мәлім [«Das Kapital». 2 Aufl. S. 776 u. ff.] («Капитал», 2-ші басылуы, 776 және келесі беттері. *Ред.*)[101]

калуы, *капиталдың* өндірісті меңгеріп алып және (белгілі бір мөлшердегі өнімдерді өндіру үшін) қажетті жұмысшылардың санын азайта келіп, басы артық халықты туғызатындығынан болатын нәрсе. Егіншілікте халықтың капиталистік түрде артып қалуы туралы Маркс былай дейді:

«Капиталистік өндіріс ауыл шаруашылығын тез меңгеріп алысымен немесе оның ауыл шаруашылығын меңгеріп алуына қарай, — бұл салада қызмет ететін капиталдың қорландырылуымен бірге село жұмысшыларын керек етушілік мүлде азаяды, бірақ жұмысшылардың ығыстырылып шығарылуы егіншілік емес өнеркәсіптегі сыяқты, сларды көптеп тарту арқылы жүргізілмейді. Сондықтан село халқының бір бөлегі қалалық немесе мануфактуралық халыққа айналуға қашанда дайын тұрады*. (Бұл жерде мануфактура — егіншілік емес өнеркәсіп атаулының мағнасында айтылып отыр). Сөйтіп халықтың относительдік түрде артып қалуының бұл қайнар бұлағы үдайы ағып жатады. Бірақ, оның үдайы ағысы қазірдің өзінде-ақ деревняда халықтың үнемі көмескі түрде артылып қалып отыруын көздейді, халықтың бұлайша артылуының мөлшері оның ерекше кең өріс алған кезінде ғана көріне бастайды. Осының салдарынан село жұмысшысы жалақының ең азына да қанағаттануға мәжбүр болады, сондықтан оның бір аяғы жоқшылықтың батпағына үдайы батып тұрады» («Das Kapital», 2. Aufl., S. 668)[102].

Н. —он мырзаның егіншілік Россиядағы халықтың артып қалуының капиталистік сыйпатын *дәлелдей алмаған* себебі, ол, мұны егіншіліктегі капитализммен байланысты етіп қойған жоқ: ол жеке иеліктегі шаруашылықтың капиталистік эволюциясын үстірт және шала-шарпы көрсетумен қанағаттанып, шаруа шаруашылығының ұйымдасуының буржуазиялық белгілерін ойынан мүлде шығарып жіберді. Струве мырзаға Н. он мыр-

---

* Реті келгенде айта кетелік. Лангенің өзі жете түсінбеген Маркс теориясына түзету енгізуіне, бәлки, бұл фактыны қарастыру себеп болған шығар. Бұл фактыны талдай отырып, қоғам өндірісінің осы тәсілін (капиталистік) бас пункт етіп алудың орнына және егіншіліктегі оның болған түрін қарастырудың орнына, «халық әдеттерінің» әртүрлі өзгешеліктерін ол өзі ойдан шығарған.

заның баяндауындағы өте маңызды мәні бар бұл нашар жерін түзету керек еді, өйткені егіншіліктегі капитализмді, оның үстемдігін және сонымен қатар оның әлі де нашар дамуын елемеушілік табиғи түрде ішкі рыноктің жоқтығы немесе оның тарылуы жөніндегі теорияға әкеліп соқты. Струве мырза Н. —он мырзаның теориясын біздің егіншілік капитализмнің нақтылы мәліметтерімен ұштастырудың орнына, халықтың артып қалуының капиталистік сыйпатын мүлде мойындамай, екінші бір қате жасады.

Бүкіл реформадан соңғы тарих *капиталдың* егіншілік шаруашылығына басып енуімен сыйпатталады. Помещиктер ерікті жалдама еңбекке көшті (бұл көшу баяу болды ма яки жылдам болды ма — ол басқа мәселе), — бұл ерікті жалдамалы еңбек өте кең тарап, шаруалардың табыстарының басым көпшілігінің сыйпатында анықтайтын болды; олар техниканы жоғары сатыға көтеріп, машинаны қолдануды енгізді. Тіпті шаруашылықтың құрып бара жатқан крепостниктік системасы — шаруаларға жерді еңбекпен өтейтін етіп беру — шаруалардың бәсекесінің салдарынан буржуазиялық сыйпатқа енді; ол бәсеке жалға жер алушылардың халінің нашарлауына, ауыр жағдайларға түсуіне*, ал солай болса, жұмысшылар санының азаюына әкеліп сокты. Шаруалар шаруашылығында шаруалардың деревня буржуазиясы және деревня пролетариаты болып жіктелгені әбден ашық көрінді. «Байлар егісін кеңейтті, шаруашылығын жақсартты (В. В. ның «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» дегенін салыстырыңыз), сөйтіп жалдама еңбекті қолдануға мәжбүр болды. Мұның бәрі алдақашан анықталған, елдің бәрі таныған фактылар, бұларды Струве мырзаның өзі де көрсетіп отыр (мұны қазір көреміз). Ашық көрсету үшін орыс деревнясындағы тағы бір ең дағдылы реттерді алайық: «кулак»

---

* Мәселен, Карышевті қараңыз. («Земство санағының қорытындылары», II т. 266 беті) — жыйнақтың Дон бойындағы Ростов уезінде шаруалардың шөмелелік[103] үлесінің біртіндеп азая беруі жөніндегі нұсқауын қара. Соның өзінде, V тарау, § 9 — жарналас аренда кезінде шаруалардың еңбекпен қосымша ақы төлеуі туралы.

«кауымнан», дұрысырақ айтқанда, протетариат түстес қауымдастардан үлес жердің шұрайлы бөлегін жырып алып, ол жерде сол баяғы «үлес жермен қамтамасыз етілген» шаруалардың еңбегі мен құрал-саймандарымен шаруашылық жүргізіп отыр, ал бұл шаруалар борыштарға және міндеттемелерге шырмалған, сөйтіп халықшылдардың сүйіп алған қауымдық негіздердің күшімен өзінің жарылқаушысына — әлеуметтік өзара ынғайласу үшін және ынтымақтасып іс істеу үшін — жіпсіз байланып қойылған. Кулактың шаруашылығы күйзелген шаруалардың шаруашылығынан, әрине, жақсы жүргізіліп және жердің бұл шұрайлы бөлегі бірнеше ұсақ иелердің қолында болған кездегіден гөрі жұмысшыны едәуір аз тілейді. Бұл сияқты фактылардың бірен-саран емес, жалпыға бірдей екенлігін — бірде-бір халықшыл теріс дей алмайды. Халықшылдар теорияларының томаға-тұйықтығы сол — олар бұл фактыларды өздерінің шын атымен атағысы келмейді, бұл фактылар — *егіншілікте капиталдың үстемдік етуі* болып табылатындығын көргісі келмейді. Халықшылдар капиталдың бастама түрі әрқашанда және барлық жерде де сауда, ақша капиталы болғандығын, капитал қашан да болса өндірістің техникалық процесін, ол процесс кездескенде қандай күйде болса, оны нақ сондай күйінде алатындығын, сөйтіп оны соңынан тек техника жағынан ғана қайта құратындығын ұмытады. Сондықтан олар қазіргі егіншілік тәртіптерді «төніп келе жатқан» (?!) капитализмнен «қорғағанда», (әрине, сөзбен қорғайды, — онан басқа еш нәрсе де емес) олар, капиталдың тек *ортағасырлық* түрлерін капиталдың ең жаңа, таза буржуазиялық түрлерінің қысымынан қорғайтындығын көрмейді.

Сонымен, капиталдың егіншілікте үстемдік етіп отырғандығын теріске шығаруға болмайтыны сияқты, халықтың Россиядағы артып қалуының капиталистік сыйпатын да теріске шығаруға болмайды. Бірақ Н.—он мырзаның істеп отырғанындай, *капиталдың даму дәрежесін* елемеушілік, әрине, мүлде сөкет нәрсе; Н.—он мырза капиталды мүлде дерлік кемеліне келіп болған нәрсе деп түсінуге әуестеніп алған, сондықтан шындығында капитал қазірдің өзінде-ақ үстемдік етіп отыр-

ғанда, бірақ біршама мүлде дамып жетпеген түрде үстемдік етіп отырғанда, ішкі рыноктің кемуі немесе жоқ екендігі туралы теория шығарып отыр; капитализм әбден дамығанға дейін, өндірушіні өндіріс құралдарынан толық бөліп тастағанға дейін әлі де көптеген аралық сатылар бар, ал егіншілік капитализмнің алға қарай басқан әрбір қадамы ішкі рыноктің өсуі болып табылады, бұл рынокті, Маркстің теориясы бойынша, егіншілік капитализмі құрады, — ішкі рынок Россияда тарылып бара жатқан жоқ, қайта құрылып, дамып келеді.

Онан соң, тым жалпы түрдегі сыйпаттама болса да біздің егіншілік капитализмге* берілген осы сыйпаттамадан, біз, капитализмнің деревнядағы қоғамдық-экономикалық қатнастардың *барлығын* қамтымайтындығын көріп отырмыз. Онымен қатар біз, крепостниктік қарым-қатнастардың әлі де болса шаруашылық саласында да бар екенін (мысалы, кесінді жерді жалға бергенде оның ақысын еңбекпен және заттай өтейтін етіп жалға беру — мұнда крепостниктік шаруашылықтың барлық белгілері көрініп тұр: өндіруші мен өндіріс құрал-жабдықтарын иеленушінің арасында болатын заттай «бір-біріне қолғабыс етушілік» те, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан бөлу арқылы емес, жерге жіпсіз байлау арқылы қанау да бар), ал бұл қатнастардың әлеуметтік және саяси-заң саласында одан да гөрі көбірек екенін (міндетті түрде «ұлесті жермен қамтамасыз ету», жерге байлау, яғни бір жерден екінші жерге барып жүру бостандығының жоқтығы, жерге төлем төлеу, яғни помещикке сол бәз-баяғы салықты төлеу, сот және басқару ісі жөнінде артықша дәрежелі жер иелеріне бағыну т. т.) көріп отырмыз; бұл қатнастардан да шаруалардың күйзелуіне, жұмыссыздыққа, жерге таңылған жалшылардың «артып қалуына» бастап әкелетіні күмәнсіз. Осы кездегі қатнастардың капиталистік негізі «ескі дворяндық» жіктердің әлі де болса күдіреті күшті осы қалдықтарын жасыруға тиісті емес, капитализмнің жете дамымағандығының салдарынан бұл қал-

* Ол туралы төменде толығырақ айтылады, шаруалар мен помещиктер жөнінде жеке айтылады.

дықтарды капитализм әлі де болса *талқандаған* жоқ. Капитализмнің нашар дамығандығын, «Россияның мешеулігін» халықшылдар «бақыт»* деп санайды, ал шынында бұл аты шулы қанаушылар үшін ғана «бақыт» болып табылады. Демек, қазіргі заманғы «халықтың артып қалуында» негізгі капиталистік белгілерден басқа крепостниктік белгілер де бар.

Егер біз бұл соңғы қағыйданы Струве мырзаның «халықтың артып қалуында» өзіндік-шаруашылық пен товарлы-шаруашылықтың белгілері бар дейтін қағыйдасымен салғастырсақ, онда бірінші екіншіні жоққа шығармай, қайта, бірінші екіншінің ішінде болатындығын көреміз: крепостниктік право «өзіндік-шаруашылықтың» құбылыстарына, капитализм — «товарлы шаруашылықтың» құбылыстарына жатады. Струве мырзаның қағыйдасы, бір жағынан, атап айтқанда қандай *қатнастардың* өзіндік-шаруашылыққа, қандай *қатнастардың* товарлы—шаруашылыққа жататындығын дәл көрсетпейді, ал екінші жағынан, бізді кейін қарай, Мальтустың мәнсіз, мазмұнсыз «заңдарына» қарай тартады.

Әрине, осы кемшіліктерден оның мұнан былайғы баяндауларының қанағаттанғысыздығы келіп шықты. Автор: «Біздің халық шаруашылығын қалай етіп, қандай негіздерде қайта құруға *болады?*» (202)—деп сұрау қояды. Бұл, тағыда сол бұрынғы нағыз профессорларша, қазіргі жағдайдың нашарлығын көрсетіп, отан үшін жақсы жол іздейтін халықшыл мырзалардың мәселе қоюдағы дағдысынша тұжырымдалған одағай сұрау. «Біздің халық шаруашылығымыз» — капиталистік шаруашылық, бұл шаруашылықты ұйымдастыру және «қайта ұйымдастыру» ісін осы шаруашылықты «басқарып» отырған буржуазия анықтайды. Мүмкін болатын қайта құру туралы мәселенің орнына, осы буржуазиялық шаруашылықтың дамуының мұнан кейінгі ізбе-із болып отыратын сатылары туралы мәселе қою керек еді, — автордың Н. — он мырзаны «талассыз марксист» деп бағалайтын В. В. мырзаға: бұл «талассыз марксистің» тап күресі туралы және мемлекеттің таптық тегі туралы түсінігі жоқ, — деп тамаша жақсы жауап беру-

---

* «Русское Богатствода» Южаков мырза жазған болатын.

де пайдаланған теорияның тұрғысынан алып, мәселені осылай қою керек еді. Мәселе қоюды осы көрсетілген мағнада өзгерткенде автор «шаруалар» туралы қате пікірлерден аулақ болған болар еді, бұл қате пікірлерді біз оның кітабының 202—204 беттерінен оқып отырмыз.

Автор сөзін бастағанда шаруаларға берілген жер үлесі жетімсіздік етеді, егер бұл жетімсіздіктің орнын шаруалар арендамен толтырған күннің өзінде де, «шаруалардың едәуір бөлімі» бұған қарамастан, *әрқашан* зиян шегіп отырады; шаруалар туралы сөз қылғанда, оны тұтас бір нәрсе туралы айтуға болмайды, өйткені мұның аты жалған* нәрсе туралы сөз қылу болып шығады (203 б.), дегеннен бастайды. Ал мұнан тұп-тура мынадай қортынды шығарады:

«Қайткен күнде де, өндірістің жетімсіздігі — біздің халық шаруашылығының *негізгі*, *басым* фактысы болып табылады» (204 беті). Бұл нағыз барып тұрған бос сөз және мұның алдында айтқандарымен мүлде ешқандай байланысы жоқ: шаруалар арасында бір біріне қарсы таптар калыптасып жатқандықтан шаруаларды тұтас бір нәрсе деушіліктің жалған сөз екендігі неліктен «негізгі, басым факты» болып табылмайды? Автор өзінің қортындысын ешқандай мәліметтерге сүйенбей, «өндірістің жетімсіздігіне» (бірақ та бұл жетімсіздік азшылықтың көпшілік есесіне баюына кедергі жасамайды) немесе шаруалардың ыдырауы жөніндегі фактыларға ешқандай анализ жасамай, — мальтустіктің пайдасын көздейтін қайдағы бір теріс ұғымға сүйеніп жасап отыр.— Автор онан соң былай дейді: — «сондықтан егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көбеюі орыс шаруалары үшін мүлде пайдалы және игілікті іс» (204) — дейді. Біздің таңымыз бар: автор «жалған нәрсе» туралы —.жалпы «шаруа» туралы пікір айтқандығы үшін халықшылдарға қарсы тек жаңа ғана өте зор (және өте әділ) кінә тағып еді, ал енді келіп бұл жалғандықты өз зерттеуіне өзі енгізіп отыр! Егер осы «шаруалардың» ішіндегі қатнастар мынадай болып отырғанда: «азшылық

---

* «Голубев мырзаның өзінің тамаша жақсы мақалаларында айтылған пікірлерінің басты кемшілігі — оның нақ осы жоқ нәрсе туралы сөз қылудан құтыла алмауында» (203).

экономика жағынан күшейіп», ал көпшілік пролетариатқа айналып отырғанда, егер азшылықтың жерге иелігі ұлғайып және ол байый беріп, ал көпшілік қашанда болса зиян шегіп, күйзелушілікке ұшырап отырғанда, жалпы процестің «тиімділігі және пайдалылығы» туралы қалай сөз қылуға болады? Автор, сірә, процесс шаруалардың екі бөлегінің екеуіне де бірдей пайдалы дегісі келген шығар. Бірақ олай болған күнде ол, біріншіден, әрбір жеке топтың хәл-жағдайын жеке алып карап, оны өз алдына бөлек зерттеуге тиіс еді, ал екіншіден, топтар арасында антагонизм болғандықтан «тиімділік пен пайдалылық» туралы сөз қай топтың тұрғысынан айтылғандығын анықтау қажет еді. Струве мырзаның объективизмінің қанағаттанғысыздығы, түгел айтылмағандығы — бұл мысалда үсті-үстіне дәлелденіп отыр.

Н. —он мырза бұл мәселе жөнінде қарсы пікірде, ол: «егер өнім товар болып өндірілетін болса, егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көбеюі*, халықтың әл-ауқатын көтере алмайды» («Очерктер», 266 беті) дейді, ал Слрувө мырза енді осы пікірді теріске шығаруға кіріседі.

Біріншіден, дейді Струве мырза, қазіргі заманғы дағдарыстың барлық салмағы үстіне түсіп тұрған шаруа, астықты өзінің тұтынуы үшін өндіреді; ол астық сатпайды, қайта сатып алып қосып отырады. Мұндай шаруа үшін — ал ондайлар (жалғыз аттылар мен аты жоқтар) 50 процентке дейін барады, ал (аты жоқтар) қазірде 25 проценттен тіпті де кем емес — еңбек өнімділігінің көбеюі астық бағасының арзандауына қарамастан, қайткен күнде де тиімді болады.

Әрине, егер мұндай шаруа өз шаруашылығын ұстап тұра алатын болса және оны ең жоғарғы сатыға көтере алатын болса, онда еңбек өнімділігінің көбеюі ондай шаруаға тиімді болған үшін болар еді. Бірақ жалғыз атты және аты жоқ шаруаларда, бұл жағдай, жоқ қой. Жабайы құралдары бар, жерді қалай болса-солай өңдейтін тағы сондай жағдайлары бар шаруалардың техниканы көтермек түгіл өзінің қазіргі шаруашылығын

---

* «Қалай болғанмен де» ол «керек және қажет» — деп қосады Н —он мырза.

ұстап тұруға да шамасы келмейді. Техниканың бұл көтерілуі товарлы шаруашылықтың өсуінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан товар өндірісі дамуының бұл сатысында астық сату ісі астықты қосымшалап сатып алып тұруына тура келетін шаруалар үшін де қажетті нәрсе болып табылатын болса, онда товар өндірісінің келесі даму сатысы астық сатушылықты мұнан да гөрі міндетті етіп шығарады (өзіндік шаруашылықтан товарлы шаруашылыққа көшудің қажетті екендігін автордың өзі де мойындайды), ал егісті жоғарылаткан қожалардың бәсекесі шаруаны сөзсіз және дереу тыйтығына жеткенше тонайды, оны жерге байланған пролетарийдан, күс тәрізді басы бос пролетарийға айналдырады. Менің тіпті де мұндай өзгеріс *шаруаға* тиімсіз болды дегім келіп отырған жоқ. Қайта мұның керісінше, капиталдың шеңгеліне өндіруші бір іліккеннен кейін, — ал бұл шаруалардың осы қарастырылып отырған тобы жөнінде талассыз болып отырған факты — толық бостандық оған өте «тиімді және пайдалы» болады, оған бір қожайыннан шығып, екінші қожайынға жалдануға мүмкіндік береді, оның қолын байлаудан босатады. Бірақ Струве мен Н.—он мырзалардың айтысы тіпті де мұндай пікірлер жөнінде болып отырған жоқ.

Екіншіден — дейді бұдан соң Струве мырза — Н. —он мырза «егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көтерілуі *техникаға* және шаруашылықтың немесе егін шаруашылығының *системасына* өзгерістер енгізу арқылы ғана мүмкін болатынын ұмытады» (206). Дұрысында Н. —он мырза мұны ұмытып отыр, бірақ бұл пікір дәулетсіз шаруалардың, «пролетарий кейіпіндегі» шаруалардың біржолата тоналмай қалмайтындығы жөніндегі қағыйданы тек күшейте түседі. Техниканы өзгертіп жақсарту үшін ақшалай қаржы керек, ал бұл шаруалардың керек десе азық-түлікке жұмсайтын қаржысы да жоқ.

Үшіншіден, Н. —он мырзаның егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көтерілуі бәсекелесушілерге бағаны арзандаткызады дегені дұрыс емес — деп қортынды жасайды автор. Бағаны бұлай төмендету үшін біздің егіншіліктегі еңбектің өнімділігі Батыс-Европадағы еңбек өнімділігін куып жетіп қана қоймай [бұлай болған күнде біз өнімді қоғамдық-қажетті еңбектің мөлшеріне

қарай сататын боламыз], оны басып озуы қажет — деп Струве мырза дұрыс айтып отыр. Оның бұл қарсылығы әбден дәлелді, бірақ ол қарсылық техниканың көтерілуі атап айтқанда «шаруалардың» қай бөлегіне және не себепті тиімді болатындығы туралы еш нәрсе айтпайды.

«Жалпы айтқанда Н. —он мырза егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көбеюінен тек босқа қорқып жүр» (207). Струве мырзаның ойынша Н. —он мырзаның бұдан қорқатын себебі сол — Н. —он мырза ауыл шаруашылығының прогресін, машиналардың жұмысшыларды барған сайын ығыстырып шығаруымен қатар жүргізіліп отыратын экстенсивті егіншілік прогресі түрінде деп қана түсінеді,

Автор Н. —он мырзаның егіншіліктегі техниканың өсуіне көзқарасын: «қорқақтық» — деген сөзбен өте дәл сыйпаттайды; оның — бұл қорқақтық — сорақылық, деуі өте дұрыс. Бірақ, оның келтірген дәлелдері Н. —он мырзаның негізгі қатесін ашпайтын сыяқты.

Н. —он мырза, марксизм доктринасынан ешбір шамау шықпағансыйды, бірақ сүйте тұрса да капиталистік қоғамдағы егіншіліктің капиталистік эволюциясын өңдеуші өнеркәсіп эволюциясынан мейлінше айырады, айырғанда, мұның соңғысы үшін капитализмнің прогрессивтік жұмыс атқаратындығын, еңбекті қоғамдастыратынын мойындап, ал біріншісі үшін мұны мойындамайды. Сондықтан ол, *істің қоғамдық-экономикалық жағы мен бұл процестің қоғамның түрлі таптарына ететін әсері бұл екі жағдайдың екеуінде де мүлде бірдей бола тұрса да*, өңдеуші өнеркәсіп үшін еңбек өнімділігінің көбеюінен «қорқпайды», ал егіншіліктегі еңбек өнімділігінің көбеюінен «қорқады»... Маркс бұл қағыйданы мына пікірінде өте ашып айтқан болатын: «Құдайдың Каиннан оның ағасы Авель туралы дерек сұрағаны сыяқты, ағылшынның Милль, Роджерс, Гольдвин Смит, Фаусетт және тағы да басқа филантропиялық мейірімді экономистері мен Джон Ерайт және оның серіктері сыяқты либерал фабриканттары ағылшынның жер иеленуші ақсүйектерінен біздің мындаған шаруаларымыз кайда кетті? — деп сұрайды. Ал сендердің өздерің қайдан шықтындар? Осы шаруалардың жойылуынан шықтындар. Ал солай болса, дербес тоқымашы-

лар, жіп иірушілер, қолөнершілер қайда кетті? деп сіздер неге сұрамайсыздар? („Das Kapital", I. S. 780, Anm. 237*). Соңғы сөздері егіншіліктегі ұсақ өндірушілердің тағдырының өңдеуші өнеркәсіптегі ұсақ өндірушілердің тағдырымен бір екендігін айқындайды, бұл екі жағдайдың екеуінде де буржуазиялық қоғам таптарының құрылатындығын баса көрсетеді**. Н.—он мырзаның негізгі қатесі атап айтқанда мынада: ол осы таптарды, ол таптардың біздің шаруалар ішінде құрылғандығын елемейді, бұл таптардың қарама-қарсылығының дамуының біріне-бірі жалғас әрбір сатысын барынша мұқият қадағалап отыруды мақсат етпейді.

Бірақ Струве мырза мәселені мүлде бұлай қойып отырған жоқ. Оның Н.—он мырзаның қатесін түзетпегені былай тұрсын, қайта, таптардан *жоғары* тұрған профессордың тұрғысынан қарап прогрестің «шаруалар» үшін «тиімділігі» туралы пікір айтып, *бұл қатені өзі қайталап* отыр. Автордың таптардан жоғары көтерілуге әрекеттенуі оның қағыйдаларының мейлінше күңгірт болуына, күңгірт болғанда, ол қағыйдалардан буржуазиялық қортындылар жасалуы мүмкін болатын күңгірттікке дейін әкеліп соғады: егіншіліктегі капитализмнің (индустриядағы капитализм сияқты) өндірушінің халін нашарлататындығы туралы талассыз дұрыс қағыйдаға қарсы автор бұл өзгерістердің *жалпы* «тиімділігі» жөнінде қағыйда ұсынып отыр. Егер біреу, буржуазия қоғамындағы машиналар туралы пікір айтып, экономист-романтиктің: машиналар еңбекшілердің халін нашарлатады деген теориясын жалпы прогрестің «тиімділігі мен пайдалылығы» жөніндегі дәлелдер арқылы теріске шығара бастаса, бұда бәрібір, нақ сондай.

Струве мырзаның пікіріне халықшыл: Н.—он мырза еңбек өнімділігінің көбеюінен қорқпайды, буржуазиялықтан қорқады — деп жауап беруі мүмкін.

Біздің капиталистік тәртіптердің тұсында егіншіліктегі техника прогресінің буржуазиялықпен байланысты болатындығы, — күмәнсіз нәрсе, бірақ халықшылдар

---

* — «Капитал», I т. 780 бет. 237 ескерту[104]. *Ред.*

** Әсіресе XXIV тараудың: «Капиталистік арендатордың генезисі» деген § 4 қара. 773—776 беттері[105].

көрсетіп отырған «қорқақтық» әрине, мүлде орынсыз болып табылады. Буржуазиялылық қазірдің өзінде-ақ өмір шындығының фактысы болып отыр, еңбек егіншілікте де қазірдің өзінде-ақ капиталға бағынып отыр,— сондықтан, буржуазиялықтан «қорқпау» керек, өндірушінің бұл буржуазиялықты таный алмай отырғандығынан, өндірушінің буржуазиялыққа қарсы өз мүдделерін қорғау қабілетінің жоқ болып отырғанынан қорқу керек. Сондықтан капитализмнің дамуын бөгеуді тілемей, қайта оның толық дамуын, ақыр аяғына дейін дамуын тілеу керек.

Струве мырзаның капиталистік қоғамдағы егіншілік туралы пікір айтқанда жасаған қатесінің не нәрсеге негізделгенін толығырақ және дәлірек көрсету үшін, пікір туғызуға себеп болған техникадағы өзгерістермен қатар таптардың құрылу процесін (барынша жалпы түрде) суреттеп көрейік. Струве мырза бұл арада егіншілікті экстенсивті және интенсивті деп мейлінше екіге бөледі де, Н.—он мырзаның адасуының түпкі тамыры — оның экстенсивті егіншіліктен басқа еш нәрсені білгісі келмейтіндігінде деп қарайды. Біз Н.—он мырзаның негізгі қатесі — егіншіліктің интенсивті егіншілікке көшердегі буржуазиялық қоғам таптарының құрылуы асылына келгенде экстенсивті егіншіліктің дамыған кезіндегі таптардың құрылуымен бірдей деуде емес екендігін дәлелдеуге тырысамыз.

Экстенсивті егіншілік туралы көп айтуға тура келмейді, өйткені мұнда буржуазияның «шаруаларды» ығыстырып шығаратындығын Струве мырза да мойындап отыр. Бұл арада мына бір екі мәселені айта кетелік. Біріншіден. Техника прогресін товар шаруашылығы туғызады; техника прогресін жүзеге асыру үшін қожайынның қолында басы бос, артық [оның тұтынуынан және оның өндіріс құралдарын қайталап өндіруінен артылған] *ақша* қаржысы болу керек. Бұл қаржылар қайдан алынады? Анығында, олар басқа ешжерден емес, тек мынадан ғана алынады: товар — ақша — товар айналысы ақша — товар — өсінді ақша айналысына айналады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл қаржыларды тек капиталдан ғана алуға болады, *сауда және өсімқор капиталдан* алуға болады, Россияның аңқау халықшылдары ка-

питализмге жатқызбай, «жыртқыштыққа» жатқызып жүрген «жатыпішерлердің, кулактардың, купецтердің, тағы сондайлардың нағыз өзінен алуға болады (оларша капитализм жыртқыштық емес сияқты, бұл «жыртқыштықтың» әралуан түрлерінің — ең жабайы және алғашқы кулактардан бастап, ең жаңа, ұқыпты кәсіп-иелену-шілікке дейінгі әралуан түрлерінің — өзара байланыстылығын орыс тұрмысының шындығы бізге көрсетпей отырған сияқты!)*. Екіншіден, Н.—он мырзаның бұл мәселеге адам таңғаларлық көзқарасын айта кетелік. Ол 233 беттегі 2 ескертуде, «Оңтүстік орыс шаруа шаруашылығының» авторы В. Е. Постниковтың айтқанын теріске шығарады; Постников машиналар шаруа үйінің ұқсататын егіс көлемін жұмысшы басына дәл екі есе, 10 десятинадан 20 десятинаға дейін, өсіріп отырғанын, сондықтан «Россияның кедей» болуының себебі — «шаруа шаруашылығы көлемінің шағындылығында» екенін көрсетеді. Басқа сөзбен айтқанда: буржуазиялық қоғамдағы техниканың өсуі ұсақ және мешеу шаруашылықтарды тонауға әкеп соғады. Н.— он мырза бұған былай деп қарсы шығады: ертең техника жұмысшының ұқсататын егіс көлемін тағы үш есе көбейте алады. Олай болғанда 60 десятиналы шаруашылықтарды 200 немесе 300 десятиналы шаруашылықтарға айналдыру керек болады, деп қарсы шығады. — Егер біреудің бүгінгі бу күшімен жүретін машинаны «ертең» электрмен жүретін машинаға ауыстыруға тура келеді дегенді негіз етіп, фабрикалық капитализмнің нашарлығы мен дәр-

---

* Халықшыл мырзалардың, «халық өндірісінде», яғни «халық» әсімкорлығы мен кулактықта біздегі өнеркәсіп капитализмінің тамырлары бар екендігін көмескілей беретін тағы бір, өте терең тәсілі бар. Кулак өзінің «жыйған қорларын» мемлекет банксына салады, оның салғандары банкке — халық байлығының, халықтың жыйған қорларының, халық икемділігінің, халықтың борыш өтеуге қабылеттілігінің өсуіне сүйеніп ағылшыннан қарызға ақша алуға мүмкіндік беріп отырады. Қарыз алған ақшаларды «мемлекет».. *капиталистерге* көмек беруге жұмсайды... дейді, — қандай тайыз саясат! «қазіргі ғылым» мен «қазіргі адамгершілік идеяларын» қандай аянышты елемеушілік! Енді — егер мемлекет бұл ақшаларды (капиталистердің ақшаларын) капитализмге жұмсаймай, «халық өндірісіне» жұмсаған болса, — онда бізде, Русь елінде, капитализм болмай, «халық өндірісі» болатындығы қалайша анық емес? деген — сұрау туады.

менсіздігін дәлелдегені қандай адам күлерлік нәрсе болса, мұндай дәлелді біздің егіншіліктің буржуазиялық егіншілік екендігі жөніндегі қағыйдаға қарсы қою да нақ сондай адам күлерлік нәрсе. Н.—он мырза: «босап қалған миллиондаған жұмысшы күштерінің қайда кететіндігі де белгісіз болып отыр» деп, буржуазияны сотқа шақырмақшы болады, сөйтіп буржуазияны өндірушінің өзінен басқа ешкім де соттай алмайтындығын ұмытады. Басы бос жұмыссыздар армиясының құрылуы — буржуазиялық индустриядағы сыяқты, буржуазиялық егіншілікте де машина қолданудың қажетті нәтижесі болып табылады.

Сөйтіп, экстенсивті егіншіліктің дамуы жөнінде техника прогресі товар шаруашылығы тұсында «шаруаны», бір жағынан, фермерге (фермер деп кәсіп иесін, егіншіліктегі капиталисті түсінгенде), екінші жағынан, батрак пен күндікшіге айналдыруға әкеп соғатындығында талас жоқ. Енді экстенсивті егіншіліктің интенсивті егіншілікке айналатын кезінде болатын жағдайды қарап көрейік. Струве мырза нақ осы процестен «шаруа» үшін «тиімділікті» күтеді. Біздің бұл айналуды суреттеуде қолданған материалдың жарамды-жарамсыздығы жөнінде талас болғызбау үшін, Струве мырза тым өлшеусіз мактап отырған А. И. Скворцов* мырзаның: «Бу күшімен жүргізілетін транспорттың ауыл шаруашылығына тигізетін әсері», деген шығармасын пайдаланайық. А. Скворцов мырза өзінің кітабының IV бөлімінің 3 тарауында экстенсивті және интенсивті егіншілік жүргізетін елдерде «бу күшімен жүргізілетін транспорттың әсерінен егіншілік техникасының өзгеруін» тексеріп шығады. Бұл өзгерістің *халқы тығыз экстенсивті елдердегі* суреттелуін алып қарайық. Орталық Европалық Рос-

---

* Бізлің әдебиетте оны марксистер қатарына қосып жүр. Н.—он мырзаны марксистер қатарына жатқызуға дәлел қандай аз болса, бұған да дәлел сондай аз. А. Скворцов мырза да тап күресі туралы және мемлекеттің таптық сыйпаты туралы ғылыммен таныс емес. Оның «Экономикалық этюдтер»де жасаған практикалық ұсыныстарының кәдімгі буржуазиялық ұсыныстардан ешбір айырмасы жоқ. Егер ол орыс тұрмысына халықшыл мырзалардан гөрі едәуір естығарына Б. Чичерин мырзаны да, тағы басқа адамдарды да қосуға тиіс болған болар еді.

сия осы сыйпаттамаға тура келеді деп ойлауға болады. Струве мырзаның ойынша Россияда да сөзсіз болуға тиісті өзгерістердің, атап айтқанда: дамыған фабрикалық өндірісі бар интенсивті егіншілік елге айналу, — халқы тығыз экстенсивті елде болатындығын Скворцов мырза алдын ала болжап айтады.

А. Скворцов мырзаға ілесіп қарайық (§§ 4—7, 440—451 беті).

Экстенсивті ел*. Халқының едәуір бөлімі егіншілікпен айналысады. Кәсіптің бір беткейлігі рыноктің жоқ болуын туғызады. Біріншіден, шаруашылық көлемі кіші болғандықтан, екіншіден, айырбас болмағандықтан халқы кедей: «егіншінің өзі өндіретін тамақтан басқа керектерінің барлығы бізде майдагерлік кәсіп делініп жүрген, атамзаманғы қолөнер кәсібінің шығармалары арқылы қанағаттандырылады, деуге болады».

Теміржолдың салынуы егін өнімдерінің бағасын көтереді, солай болса халықтың сатып аларлық күшін де арттырады. «Теміржолмен бірге ел мануфактуралармен фабрикалардың арзан бұйымдарына лық толады», бұлар жергілікті майдагерлерді күйзелтеді. Бұл — «көптеген шаруашылықтардың күйреуінің» бірінші себебі.

Бұл күбылыстың екінші себебі — егіннің шықпай қалуы. «Егіншілік те осы уақытқа дейін алғашқы заманның тәсілімен, яғни қашанда болса ұқыпсыз түрде жүргізіліп келді, сондықтан егіннің шықпай қалуы сирек кездесетін нәрсе емес, ал теміржол жүргеннен кейін, астықтың, бұрын тек егін шықпай қалғанда ғана болып тұратын қымбаттауы не тіпті болмайды, немесе, қайткенде де едәуір азаяды. Сол себепті мұнда егіннің алғашқы жылғы шықпай қалуының салдары әдетте көптеген шаруашылықтардың апатқа ұшырауына әкеліп соғатыны табиғи нәрсе болып табылады. Егіннің бір калыпты шығымының қалған артығы, жалпы алғанда, неғұрлым аз болса және халық көбінесе майдагер-

---

* А. Скворцов мырза, экстенсивті ел деп әдетте халқы аз елді айтады (439-бет, ескерту) — дейді. Ол бұл анықтаманы, теріс деп санап, экстенсивтіліктің мынадай белгілерін көрсетеді: 1) егіннің бірде олай, бірде бұлай болып ауытқып беруі; 2) егістің бір-ақ түрлі болуы және 3) ішкі рыноктердің, яғни өңдеуші өнеркәсіпті бір жерге жыйнақтайтын үлкен қалалардың болмауы.

лік кәсіптен өнетін табысқа сүйенуге тиісті болса — мұндай нәтиже соғұрлым тез болып отырады».

Майдагерлік кәсіптерсіз-ақ күн елту үшін және интенсивті (ұқыпты) егіншілікке көшу арқылы егіннің шықпай қалуынан өзін қамтамасыз ету үшін, біріншіден, артып қалған көптеген ақшалай қаржы (егін өнімдерін неғұрлым қымбат бағамен сату арқылы түскен) болу қажет, ал, екіншіден, халықтың интеллигенттік күші болуы қажет, мұндай күш болмайынша ұқыптылық пен интенсивті көтеру мүмкін емес. Қалың бұқарада бұл жағдайлар, әрине, жоқ: бұл жағдайлар халықтың азшылығында ғана бар*.

«Осылайша [яғни майдагерлік кәсіптердің құлауынан және егіншілікке қойылған өте жоғары талаптардан күйзеліске ұшыраған көптеген шаруашылықтардың «жойылуының» салдарынан] құралған басы артық халықтың бір бөлегі бұл жағдайдан бақыттырақ болып шығатын және өндірістің интенсивтілігін арттыруға мүмкіндік алатын шаруашылықтарға сіңеді», — (яғни, әрине, олар жалдама жұмысшылар, батрактар және күндікшілер болып «сіңеді». А. Скворцов мырза мұны айтпайды, мүмкін, ол мұны онсызда айқын мәселе деп санайтын шығар). Жұмыс істейтін адам күшін көп жұмсауға тура келеді, өйткені жол қатнастарының жаксаруы арқылы рыноктің жақындауы бір жерден екінші жерге тасуы қыйын болатын өнімдерді өндіруге мүмкіндік береді, «мұндай өнімдерді өндіру көбінесе жұмысшы күшін едәуір жұмсауды талап етеді». Онан соң Скворцов мырза былай дейді: «Алайда, әдетте шаруашылықтың бүліну процесі сақталып қалған шаруашылықтардың жақсару процесінен анағұрлым тез болып отырады, сондықтан шаруашылығы күйзелген қожайындардың бірсыпырасы мүлдем елден безіп кетпесе де, ең болмағанда қалаларға барып тұруға тиісті болады. Теміржол жүргізілгеннен бастап европалық қала-

---

* «Біз мұндай елде (шаруашылық мәдениеттіктің осындай сатысында халықпен лық толған елде), бір жағынан, басы артық нәрсенің аз болуы, екінші жағынан — халықтың білім дәрежесінің төмен болуы, жағдайлар өзгеріп кеткен кезде, көп шаруашылықты жойылуға мәжбүр етеді деуге тиіспіз» (442).

лардағы халықтың көбеюінің басты контингенті халықтың осы бөлегі болады» дейді.

Онан соң. «Халықтың артылып қалуы — жұмыс қолының арзандығын көрсетеді». «Жер құнарлы болса (және ауа райы жақсы болса...) онда өсімдіктер егісі үшін және жалпы алғанда, егін өнімін өндіру үшін белгілібір жер кеңістігіне жұмысшы күшін көп жұмсауды талап ететін барлық жағдайлар бар» (443), ал оның үстіне, шаруашылықтардың көлемі шағын болса («ол шаруашылықтар, мүмкін бұрынғысына қарағанда ұлғайып кете түрсада») машинаны қолдануды қыйындатады. «Осымен қатар негізгі капитал да өзгеріссіз қала бермейді, сондықтан ең алдымен құрал-саймандар да өзінің сыйпатын өзгертуге тиісті болады». Ал машинадан басқа, «жерді жақсы баптаудың қажеттілігі бұрынғы алғашқы заманғы құралдардың орнына неғұрлым жақсартылған құралдарды қолдануға, ағаштың орнына темір мен болатты қолдануға бастап әкеледі. Бұл өзгерістің өзі бұл жерде, осындай құралдар дайындап шығаратын фабрикалар құруды туғызады, өйткені мұндай құралдарды майдагерлік жолмен бір келкі тәуір етіп жасап шығару мүмкін емес». Өнеркәсіптің бұл саласын дамытуға мына жағдайлар мүмкіншілік береді: 1) машинаны немесе оның бөлшегін таяу уақытта алудың қажеттілігі; 2) «бұл жерде жұмысшылар күші өте көп және олар арзан»; 3) отын, салынған үй құрылыстары да және жер де арзан; 4) «жеке-жеке шаруашылықтың ұсақтығы құрал-саймандарды көп қолдануға әкеп соғады, өйткені, ұсақ шаруашылықтардың басқаға қарағанда құрал-саймандарды бір шама көп тілейтіндігі мәлім». Баска түрлі өндірістер де дамыйды. «Жалпы алғанда қалалық тұрмыс өркендейді». Қажетті болғандықтан *тау-кен кәсіптері дамыйды*, «неге десеңіз, бір жағынан, толып жатқан бос жұмысшылар пайда болады, ал екінші жағынан — теміржолдың арқасында және қайта өндеп шығаратын машина және де басқа өнеркәсіптердің дамуы арқасында тау-кен кәсібінің өнімдерін керек етушілік күшейеді,

Сөйтіп, осындай аудан, теміржол жүргенге дейін халқы қалың экстенсивті егіншілік аудан, міне осындай аудан азды-көпті өркендеп келе жаткан фабрикалық

өндірісі бар өте интенсивті егіншілік ауданға біршама тез айналады». Интенсивтіліктің көбеюі егін шаруашылық системасының өзгеруі арқылы көрініп отырады. Егін шығымының ауытқуының салдарынан үш нәубетті егіс қолдану мүмкін емес. Егін шығымының ауытқушылығын жоятын «егін шаруашылығының тұқымды алмастырып себу системасына» көшу қажет болады. Әрине, өтө күшті интенсивтілікті тілейтін *тұқымды алмастырып себудің* толық системасын* бірден қолдана қою мүмкін емес. Сондықтан алдымен *тұқымды алмастырып себудің ауыспалы егісі* [өсімдіктерді дұрыс кезектестіріп егу] қолданылады, мал шаруашылығы дамыйды, *мал азығы үшін керекті шөптер егісі* дамыйды.

«Сөйтіп, ең ақыр аяғында, біздің халқы қалың экстенсивті ауданымыз жол қатынастарының дамуына қарай бірқатар тез түрде өте интенсивті шаруашылық ауданына айналады, сонымен қатар оның интенсивтілігі, жаңа айтылған сыяқты, ең алдымен ауыспалы капиталдың көбею есесінен өседі».

Интенсивті шаруашылықтың даму процесін мұнлай толық суреттеу — бұл ретте де товар өндірісінің тұсында болған техника прогресі буржуазиялық шаруашылыкка әкеп соғатындығын, колма-қол өндірушіні интенсивтіліктің, құрал-саймандардың жақсаруының т. т. бар пайдасын иемденетін *фермерге*, — және өзінің «еріктілігімен», өзінің «арзандығымен» «бүкіл халық шаруашылығының прогрессивтік дамуына» барынша «қолайлы жағдайлар» туғызатын *жұмысшыға* бөлетіндігін айқын көрсетеді.

Н.—он мырзаның негізгі қатесі оның бір ғана экстенсивтік егіншілікпен қанағаттанып, интенсивті егіншілікті елемегендігінде емес, оның басты қатесі орыстың егіншілік өндіріс саласындағы тап қайшылықтарына анализ жасаудың орнына оқушыны: «біз» теріс жолға түсіп кеттік деген мағнасыз қынжылулармен сыйлауында. Струве мырза осы катені қайталап отыр. Тап қайшылықтарын «объективтік» пікірлердің та-

---

* Оның белгілері мынау: 1) жердің барлығы да егістік жерге айналады; 2) мүмкіндігінше пар жойылады; 3) ауыспалы егісте өсімдіктер дұрыс кезектестіріліп отырылады; 4) жер мүмкіндігінше ұқыпты түрде бапталады; 5) малды қолдан асырайды.

сасында қалдырып, Н. —он мырзаның тек кішігірім қателерін ғана түзетіпті. Бұл «күмәнсіз марксисті» тап күресінің теориясын түсінбейсің деп өте әділ кінәлап отырған Струве мырзаның бұлай істеуі тіпті ерсі нәрсе. Бұл өте өкінішті нәрсе, өйткені мұндай қате жібергендіктен Струве мырза өзінің: егіншіліктегі техника прогресінен «қорқу» — сорақылық деген өте дұрыс пікірінің дәлелді маңызының күшін әлсіретіп алып отыр.

Егіншіліктегі капитализм туралы бұл мәселені аяқтау үшін жоғарыда айтылғандарды қысқаша қорыталық. Струве мырза мәселені қалай қойып отыр? Ол халықтың артып қалуы халықтың көбеюінің тіршілік құралдарына сай келмеуінен болады деген ешбір дәлелсіз түсінікке сүйенеді, онан соң, біздің шаруаның тамақ өндірісі «жетімсіз» деп, мәселені: техника прогресі «шаруаларға» пайдалы, «егіншілік өнімділігі өсуге тиіс» (211), деп көрсетеді. Егер ол марксизм «доктринасына байланысты» болған болса, мәселені қалай қоюға тиісті болар еді? Ол орыс егіншілігіндегі қазіргі өндіріс қатнастарына анализ жасаудан *бастауға* тиісті еді және — өндірушінің қаналуы кездейсоқтықтан және саясаттан емес, товар шаруашылығының негізінде лажсыз құралатын *капитал* үстемдігінен екенін көрсетіп, — онан кейін бұл капиталдың ұсақ өндірісті қалай қыратындығын және сонымен қатар тап қайшылықтары қандай түрге айналатындығын қадағалауға тиіс еді. Ол онан соң, бұдан былайғы даму капиталдың тап қайшылығының ескі түрінің тұсында толық қалыптасып болған қарама-қарсылықты дамыта және шиеленістіре отырып, «ерікті» еңбекті «ұқыпты» өндіріске біржолата қарсы қоя отырып, сауда капиталынан индустриялық капиталға (экстенсивті шаруашылықтың тұсында пәлендей, интенсивті шаруашылықтың тұсында түгендей түрлерде болып) ұласуына қалай жеткізетіндігін көрсетуге тиісті еді. Онда, өзгерістің «прогрессивтік» сыйпатын, оның өндіруші үшін «пайдалылығын» әбден ашық көрсету үшін, буржуазиялық өндіріс пен буржуазиялық қанаудың жалғасып, сабақтасып жатқан осы екі түрін жай ғана салыстырудың өзі жеткілікті еді: бірінші ретте еңбектің капиталға бағынуы ортағасырлық қатнастардың мындаған қалдықтарымен бүркеліп отырады,

бұл қалдықтар өндірушінің істің мазмұнына түсінуіне бөгет жасап, оның идеологінің «қоғамнан» көмек күтуге болады дейтін, тағы сол сыяқты сорақы, реакциялық идеяларын туғызады; екінші ретте еңбектің капиталға бағынуы ортағасырлық матаудан мүлде еркін, сондықтан өндіруші өзінің «антиподына» қарсы өз алдына дербес, саналы іс жүргізуге мүмкіндік алады және мұның қажеттілігін түсінеді. Капитализмге «көшудің қыйындығы, ауыртпалығы» туралы пікір айтудың орнына тап қайшылықтарын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге ол тап қайшылықтарын «ұқыпсыз» және «ұқыпты» өндірістің, «экстенсивті» және «интенсивті» шаруашылықтың әрбір түрінен шын ашып көрсететін теория келіп шыққан болар еді.

Струве мырзаның кітабының VI тарауының «егіншілік Россиядағы халықтың артып қалуының сыйпатына» арналған бірінші бөлімін талдағанда шыққан нәтижелерді былайша тұжырымдауға болады: 1) Струве мырзаның мальтусшылдығы ешқандай факты жүзіндегі мәліметтермен дәлелденбеген және методология жөнінде дұрыс емес догмалық дәлелдерге негізделген. — 2) Егіншілік Россиядағы халықтың артып қалуы, халықтың көбеюі мен тіршілік құралдарының арасындағы сәйкестіктің жоқтығынан емес, капиталдың үстемдік етуінен болып отыр. 3) Струве мырзаның халықтың артып қалуының өзіндік-шаруашылықтық сыйпаты бар дейтін қағыйдасы, егіншілік кәсіптегі капитал крепостниктік қатнастарды басынан кешіріп жатқандығының салдарынан дамымаған және сондықтан да өндірушіге өте ауыр соққан формаларда кідіріп қалып отыр, — деген мағнада ғана дұрыс. 4) Н. —он мырза Россияда халықтың артылып қалуының капиталистік сыйпатын дәлелдей алған жоқ, өйткені ол, капиталдың егіншілік кәсіпте үстемдік етуін зерттеген жоқ. — 5) Н. —он мырзаның Струве мырза қайталап отырған, негізгі қатесі — буржуазиялық егіншілік кәсібінің дамуы тұсында құралған таптарға анализ жасамауында болып отыр. — 6) Струве мырзаның тап қайшылықтарын елемеуі, оның техникалық жақсартулардың прогрессивтігі және керектігі туралы өте дұрыс пікірін, мейлінше орынсыз және күңгірт түрге айналдырып жіберді.

II

Енді VI гараудың шаруалардың ыдырауы туралы мәселеге арналған екінші бөліміне келейік. Бұл бөлім, егіншіліктегі капитализм туралы мәселеге қосымша болғандықтан өткен бөліммен тура және тығыз байланысты.

Реформадан кейінгі алғашқы 20 жылдың ішінде ауылшаруашылық өнімдері бағасының көтерілгендігін, егіншіліктегі товарлық өндірістің ұлғайғандығын көрсете келіп Струве мырза: бұдан «көбінесе жер иелері мен ауқатты шаруалар пайда көрді» (214) деп өте дұрыс айтады. «Шаруа халқының арасындағы *жіктелу* күшею-ге тиісті болады, сондықтан оның алғашқы табыстары да осы заманға жатады». Теміржолдардың салынуы шаруалардың ауқатты бөлімдерінің ғана дәулетін жоғары көтерді, аренда шаруалар арасында «нағыз соғыс» туғызып отыр, ал бұл соғыста шаруашылығы күшті элементтер әрқашанда жеңіп шығады (216—217), деп көрсеткен жергілікті зерттеушілерден — автор цитат келтіреді. Ол Постниковтың зерттеуінен цитат келтіреді, оның зерттеуі бойынша ауқатты шаруалар шаруашылығының қазірдің өзінде-ақ рынокке бағынушылығы соншалық, тіпті егістік жерлерінің 40 проценті рынокке түсетін өнім береді, ал қарама-қарсы полюстегі шаруалар «өзінің экономикалық дербестігінен айрылып және өзінің жұмыс күшін сатып, батрактықтың шегінде тұрғандығын» айта келіп: «Экономика жағынан күшті шаруалар шаруашылығының әлсіз шаруалардың күйзелуінен пайда көруі айырбас шаруашылығының енуінен ғана болып отыр, (223) — деп дұрыс қортынды жасайды «Ақша шаруашылығының дамуы мен халықтың өсуі — дейді автор — шаруалардың екіге бөлінуіне бастап әкеледі: біріншісі экономика жағынан мықты, жаңа күштің барлық түрдегі және барлық дәрежедегі капиталдың өкілдерінен құралған бөлім, ал екіншісі жартылай дербес егіншілерден және нағыз батрактардан құралған бөлім» (239).

Автордың осы «жіктелушілік» туралы пікірі қандайлық қысқа бола тұрса да, бірақ олар, карастырылып отырған процестің мынадай маңызды белгілерін айтып өтуімізге мүмкіншілік береді: 1) Іс, тек мүлік жағынан

теңсіздік туғызумен ғана тоқталып қалмайды: «жаңа күш» — *капитал* жасақталады. 2) Бұл жаңа күштің жасақталуы шаруалар шаруашылықтарының жаңа түрлерінің жасақталуына ілесіп жүріп отырады: біріншіден, ауқатты, экономика жағынан күшті, дамыған товарлық шаруашылықты жүргізетін, аренданы кедейдің қолынан тартып алып кететін, басқа біреудің еңбегін* қанауға қарай жүгіретін шаруашылықтардың жасақталуына ілесіп отырады; екіншіден, капиталға өзінің жұмыс күшін сататын «пролетарлық» шаруалардың шығуына ілесіп отырады. 3) Бұл құбылыстардың бәрі тура товарлық шаруашылықтың негізінен туып отыр. Товарлы өндіріссіз олар мүмкін болмады, ал ол келіп енгеннен кейін қажет бола бастады — деп Струве мырзаның өзі көрсеткен болатын. 4) Бұл құбылыстар («жаңа күш», шаруалардың жаңа түрлері) айырбас, товар айналысы салаларында ғана тоқтап қалмайды, *өндіріс* салаларында да болып отырады: капитал егіншілік *өндірісте* көрінеді; жұмыс күшін сатуда да сондай.

Процестің осы белгілері, таза капиталистік құбылыспен біздің істес болып отырғанымызды, шаруалардың ішінде буржуазиялық қоғамға тән — буржуазия және пролетариат сықылды *таптардың* құралып отырғандығын тура анықтап берген тәрізді еді. Ол-ол ма: бұл фактылар капиталдың егіншіліктегі үстемдігін ғана емес, сонымен қатар, капиталдың — егер осылай деп айтуға болатын болса — қазірдің өзінде-ақ екінші қадам басқандығын да дәлелдеп береді. Ол сауда капиталынан индустриалды капиталға айналады, рынокта үстемдік етуден өндірісте үстемдік етуге айналады; байалыпсатар мен кедей-шаруаның қарама-қарсылығы ұқыпты буржуазиялық қожайын мен ерікті қолды еркін сатушылардың қарама-қарсылығына айналатындығын дәлелдеп берді.

---

* Струве мырза осы белгі туралы айтпайды. Бұл белгі, ауқатты шаруалардың шаруашылығында едәуір роль атқарып отырған жалдама еңбектің қолданылуында да және нақ сондай дәрежеде өндірушіден үстеме құнды тартып алып отыратын өсімқор және сауда капиталының қолындағы операцияларда да жарыққа шығып отыр. Бұл белгілерсіз «капитал» туралы айтуға да болмайды.

Бірақ Струве мырза бұл арада да өзінің мальтусшілдігіне соқпай кете алмады; оның пікірінше, көрсетілген процесте істің *тек бір-ақ жағы* («тек прогрессивтік жағы») көрінеді, ал онымен қатар екінші жағы да бар: «бүкіл шаруалар шаруашылығының техника жағынан тәртіпке салынбағандық жағы», «мұнда, былайша айтқанда, бүкіл процестің регрессивтік жағы көрінеді», бұл жағы «халықтың өсуіне байланысты» қиымыл жасап, шаруаларды «тегістейді», теңсіздікті үйлестіреді (223—224).

Осы өте күңгірт пікірден тек мыналар ғана көрінеді: автор, нағыз барып тұрған дерексіз қағыйдаларды нақтылы дәлелдерден артық көреді, көбеюдің тіршілік құралдарына үйлесімділігі туралы «заңды» не болса соның бәріне әкеліп жабыстыра береді. Жабыстыра береді, деймін: өйткені, егер тіпті автордың өзі келтіріп отырған фактылармен тоқтап қалғанның өзінде, процестің — марксизмнің «доктринасына» үйлес келмейтін және мальтусшілдікті мойындауды талап ететін нақтылы белгілерін көрсетерліктей бір нәрсе табу мүмкін емес. Бұл процесті тағы бір рет белгілеп өтелік: біз ең әуелі бір шама, бір тектес өзіндік өндірушілерді, шаруаларды көреміз* Товарлы өндірістің енуі жеке үйлердің байлығын рынокке тәуелді етіп қояды, сөйтіп, рынктің ауытқуы арқылы теңсіздікті туғызады және оны шиеленістіреді, тұтынудан бос ақшаларды біреудің қолына жыйнайды, екінші біреулерді күйзелтеді. Әрине, бұл ақшалар кедейлерді қанау үшін қызмет атқарады, капиталға айналады. Әлі күйзелумен келе жатқан шаруалар өзінің шаруашылығына жармасып әзірше отырған кезде, капитал оларды қанай алады, қанағанда, оларды шаруашылық жүргізуге бұрынғыша ескі, техника жағынан қолайсыз негізде қалдыра беріп, қанауды олардың еңбегінің өнімдерін сатып алу негізіне қойып қанай алады. Бірақ, күйзелушілік, ақырында, сондайлық даму дәрежеде

---

* *Помещиктерге жұмыс істейтіндер.* Өзіндік шаруашылықтан товарлық шаруашылыққа көшкендікті айқынырақ ұғындыру үшін бұл жағы кейін қалдырылады. «Ескі-дворяндық» қарым-қатнастардың қалдығы өндірушінің хал-жағдайын нашарлатып, күйзелушіліктің ерекше ауыр формасына ұшыратады. — Бұл туралы жоғарыда айтып өттік.

сіне жетеді, шаруалар шаруашылығын мүлде тастап кетуге мәжбүр болады: ол өз еңбегінің өнімін енді сата алмайды, оған тек өзінің еңбегін сату ғана қалады. Сол кезде капитал шаруашылықты өз қолына алады, сонымен қатар ол оны — бәсекенің күшімен — ұқыпты етіп ұйымдастыруға мәжбүр болады; күні бұрын «жыйнастырып алған» тұтынудан бос ақша қаражатының арқасында, ол енді қожайынды емес, батракты, күндікшіні қанауға мүмкіншілік алады. Автор бұл процесте қандай екі жақты айырып айтып отыр деген сұрау туады. «Біздің шаруаларымыздың күн көруіне керекті нанын тартып алып отырған дұшпан капитализм емес [мұны байқаңыздар, «емес»], шаруашылықтың техника жағынан жақсы ұйымдастырылмағандығы тартып алып отыр» (224) деген мұндай адам айтқысыз сорақы мальтусшілдік қортынды жасауға оның қалайша аузы барып отыр. Осы тіршілік үшін керекті нан қажетті өнімге және помещик, кулак, «күйлі» шаруа, капиталист алып отыратын қосымша өнімге бөлінбей, бір заманда өндірушінің қолына түгел тиген сықылды-мыс!

«Тегістеу» мәселесі туралы автордың тағы да бірсыпыра түсініктерінің бар екенін, айтпай кетуге болмайды. Ол былай дейді: «көп жерлерде айтылып өткен *кеміп кетушілік* немесе *шаруа халқының орта тобының тіпті жоқ болып кетушілігі*» — «жоғарыда көрсетіліп өткен тегістеушіліктің нәтижесі» болып табылады (225). «Село байларын жері жоқ, аты жоқ пролетариаттан бөліп отыратын араның бұрынғыдан да гөрі қашықтағандығын» көрсететін земство кітабынан цитат келтіріп, ол мынадай қортынды жасайды: «тегістелушілік бұл ретте, әрине, сонымен қатар *жіктелушілік* болып табылады, бірақ *мұндай* жіктелушіліктің негізінде, тек қана *кіріптарлық* күшейеді, ал бұл кіріптарлық экономика жағынан алға басуға кедергі жасайды» (226). — Сонымен, енді, товарлық шаруашылық туғызып отырған жіктелушілікті «тегістеушілікке» емес, сол жіктелушіліктің өзіне, бірақ *басқа түрлі* жіктелушілікке, атап айтқанда, кіріптарлыққа қарама-қарсы қою керек болып шығып отыр. Кіріптарлық «экономикалық жағынан алға басуға» «кедергі» жасайтын болғандықтан, автор істің бұл «жағын» — «регрессивтік» деп атайды.

Бұл пікір нағыз өрескел және маркстікке мүлде жат пайтын әдіске сүйеніп құрылған пікір. «Кіріптарлық» пен «жіктелушілік» салыстырылады, бұл екеуі өз алдына дербес, ерекше «система» сықылды; біреуін «алға басуға» жәрдемдеседі деп, мақтайды; ал екіншісін, прогреске, кедергі жасайды деп бәлағаттайды. Струве мырзаның таптық қарама-қарсылықтарды талдау туралы талабы, — мұны орындамадың деп Н. —он мырзаны орынды кінәлаған талабы, өзі өте жақсы айтып өткен «стихиялық процесс» туралы ғылымы қайда кеткен? Кертартпалығы үшін Струве мырза тек жаңа ғана жойып жіберген бұл кіріптарлық, басқа еш нәрсе емес, егіншіліктегі капитализмнің алғашқы көрінісі болып отыр ғой, капитализм болғанда, бұдан былай техниканы прогрессивтік жолмен өрлететін капитализмнің көрінісі болып отыр ғой. Шынында, кіріптарлық деген не нәрсе? Бұл — рынок үшін жұмыс істеуге мәжбүр болатын кәсжайынның өзінің өндіріс құралдарына өзі ие бола отырып, ақша иесіне тәуелді болуы, тәуелділік болғанда, қандайлық түрде жарыққа шыққанымен (өсімқор капиталдың түрінде жарыққа шыға ма, немесе зат өткізуді монополизациялап алған алыпсатар капиталдың түрінде жарыққа шыға ма), еңбек өнімінің орасан зор бөлімін өндірушінің қолына тигізбей, әрқашанда ақша иесінің қолына түсіріп отыратын тәуелділік. Солай болса, оның мәні — таза капиталистік*, бірақ бүкіл өзгешелік — капиталистік қарым-қатнастың осы алғашқы және бастама түрлерінің бұрынғы, крепостниктік қа-

---

* Бұл арада белгілердің барлығы да бар: қоғамдық еңбек өнімдерін акша түрінде монополизациялаудың негізі болып отырған, — товарлық өндіріс бар, нәтиже ретінде, — бұл ақшалардың капиталға айналушылығы бар. *Капиталдың* осы алғашқы түрлерінің жеке реттерде капиталистік тәртіпке шейін де кездесіп отырғанын, мен ешқандай ұмытпаймын. Бірақ іс нақ мынада болып отыр: бұл түрлер орыстың қазіргі заманғы шаруалар шаруашылығында бірен-саран емес, дағдылы нәрсе болып отыр, қарым-қатнастардың үстем системасы болып отыр. Олар қазірдің өзінде-ақ ірі фабрикалық-заводтық машиналы капитализммен (сауда айналыстарымен, банкімен) байланыс жасап отыр, сөйтіп, өзінің тенденциясын көрсетіп отыр; — бұл «кіріптарлықтың» өкілдері, — буржуазияның бір ынғай және бөлінбейтін армиясының тек жауынгер солдаттары ғана болып табылатындығын көрсетіп отыр.

рым-қатнастармен бүтіндей шырмалып отырғандығында: бұл арада еркін түрде жасалған шарт жоқ, ал тек амалсыздан жасалған (кейде «әкімдердің» бұйрығымен, кейде шаруашылықты сақтап қалу тілегімен, кейде ескі борыштан қысылып, тағы басқалар арқылы жасалған) келісім ғана бар; өндіруші бұл арада белгілібір орынға және белгілібір қанаушыға жіпсіз байланып отыр: таза капиталистік қарым-қатнасқа тән болатын товарлық келісімнің кісіге байланыссыз сыйпатына қарама-қарсы, бұл арадағы келісімнің «жәрдем» беру, «қайырымдылық» ету сықылды сөзсіз кісігө байланысты сыйпаты бар, — сондықтан келісімнің бұл сыйпаты өндірушіні жеке адамға, жартылай крепостниктікке сөзсіз тәуелді етіп қояды. Автордың «тегістеушілік», «прогреске кедергі жасаушылық», «регрессивтік» деген сияқты сөздері — капитал ең әуелі өндірісті ескі негізінде мөңгеріп, техника жөнінен артта қалған өндірушіні бағындырып алады дегөнді көрсетеді, осыдан басқа ешнәрсені де көрсетпейді. Автордың, — капиталдың болуы оны «барлық апаттарға айыпты» деп санауға әлі право бермейді деген нұсқауы, тек мына мағнада дұрыс: біздің басқаға жұмыс істеп жүрген шаруамыз тек капитализмнен ғана азап шегіп жүрген жоқ, капитализмнің жеткілікті дамымағандығынан да азап шегіп отыр. Басқа сөздермен айтқанда: шаруалардың орасан көп бұқарасында өзіне арналған дербес өндіріс мүлде жоқ десе болғандай; ұқыпты буржуазиялық қожайындарға жұмыс істелумен қатар біз тек ақша капиталының иелеріне жұмыс істелетіндікті көреміз, яғни мұнда да капиталистік қанауды, бірақ тек жетілмеген, жабайы қанауды, солай болғандықтан да, біріншіден, еңбекшіні ерекше, үстемө қыспақтардың торымен шырмап, оның халін он есе нашарлататын қанауды, ал, екіншіден, оның (және оның идеологі — халықшылдың да) өзі жөнінде істеліп отырған «жайсыздықтың» таптық сыйпатын ұғыну және өзінің ісін соның таптық сыйпаттарына *сәйкестіріп* жүргізу мүмкіншілігінен айыратын қанауды көреміз. Солай болса, «жіктелудің» «жақсы жағы» (Струве мырзаның тілімен айтқанда) мынада болады: жіктелу, кіріптарлық түрде бүркемелденіп отырған қарама-қарсылықты жарыққа шығарады, ал сонымен қа-

тар сны өзінің «ескі дворяндық» белгісінен айырады. Шаруалардың тең болуын (кулактың... алдында) қатты талап ететін халықшылдықтың «регрессивтігі» мынада: ол, капиталды оның ортағасырлық түрінде, ортағасырлық болғанда, қанаушылықты бөлшектенген, техника жағынан артта қалған өндіріспен біріктіріп отыратын және өндірушіге тікелей қысымшылық жасайтын түрінде қалдыруды тілейді. Бұл екі реттердің екеуінде де («кіріптарлық» ретте де, «жіктелушілік» ретте де) езушіліктің себебі *капитализм* болып табылады, ал автордың, іс «капитализмде емес», «техникалық жағынан жақсы ұйымдастырылмағандықта», «шаруалардың кедейлігіне айыпты капитализм емес», дейтін тағы сол сыяқты қарама-қарсы мәлімдемесі, — Струве мырзаның: дамымаған капитализмге қарағанда, дамыған капитализмнің артықшылығы туралы дұрыс пікірді қорғай отырып, тым әуестеніп кеткендігін ғана көрсетеді, және өзінің қағыйдаларының дәрексіздігінің салдарынан бұл екеуін осы құбылыстың дамуының жалғасты екі сатысы ретінде қарама-қарсы қоймай, өз алдына дербес нәрсе ретінде қарама-қарсы қойғандығын көрсетеді*.

III

Автордың әуестенгендігі мына пікірде де, пікір болғанда, шаруалардың күйзелу себебін шынында ірі өнеркәсіп капитализмінен көруге болмайды дейтін пікірде де — көрініп отыр. Ол бұл арада Н. —он мырзамен айтыска түседі.

---

* Бұл не себепті тек Струве мырзаның *әуестенуі* болып табылады? — деп сұрауы мүмкін оқушының. Мұның себебі, автор капитализмді негізгі фон, суреттеліп өткен бүкіл құбылыстар осы фонда болып жатыр деп, толық айқын түрде мойындайды. Ол бір жағынан, товарлық шаруашылықтың тез өсіп келе жатқандығын, шаруалардың жікке бөлініп отырғандығын, «жақсартылған құрал-саймандардың тарап отырғандығын» (245) тағы сол сыяқтыларды, екінші жағынан, «шаруалардың жерден босағандығын, село пролетариатының құрылғандығын» (238), — өте айқын түрде көрсетті. Ақырында, ол мұны жаңа күштің — *капиталдың* тууы деп, өзі сыйпаттады, және өндіруші мен тұтынушының арасына капиталистің келіп кірінуінің шешуші маңызын айтып өтті.

Фабрика өнімдерін арзан өндіру ісі, — дейді Н. —он мырза фабрикалық киім-кешек туралы, — ол өнімдердің үйде жасалуын азайтты (Струве мырзаның кітабының 227 беті).

«Іс бұл арада теріс ұғынылып отыр, мұны көрсету қыйын емес, — деп лепіреді Струве мырза. — Шаруалардың жіп иіру материалдарының өндірілуінің кемуі капиталистік мақта-мата өнеркәсіп өнімдері өндірілуінің және тұтынылуының көбеюіне әкеліп соқты, басқаша болған жоқ» (227).

Автордың, істің мәнін ұсақ-түйек нәрселермен қыйындатып келіп мәселе қоюы, ойдағыдай бола қоярмекен. Егер фабрикалық өнеркәсіптің даму фактысын бақылаудан алынған негіздерге сүйенетін болсақ (Н. —он мырза нақ осы фактының бақылауынан алынған негізге сүйенеді), онда, фабрикалық өнімдердің арзандауы да товарлы шаруашылықтың өсуін жеделдететіндігін, үйде істелетін өнімдерді ығыстырып шығаруды жеделдететіндігін — теріске шығару мүмкін емес. Струве мырза, Н. —он мырзаның мұндай мәлімдемесіне қарсы шыққанда, ол мұнысымен, бұл авторға қарсы бағытталған өзінің дәлелдерін тек әлсіретіп қана алады; Н. —он мырзаның негізгі қатесі мынада: ол, «фабрикаңы» «шаруалардан» аулақ тұрған, кездейсоқ, оған сырттан келіп жапсырылған бір нәрсе сыяқты етіп көрсетуге тырысады, ал шынында «фабрика» бүкіл қоғамдық шаруашылықтың, солай болса, шаруалар шаруашылығының да товарлық жолмен ұйымдасуы жөніндегі дамуының аяқталғандығы (Н. —он мырза дұрыс еліктегісі келіп отырған сол теория бойынша да, орыс тарихының мәліметтері бойынша да) болып табылады. «Фабрикадағы» буржуазиялық ірі өндіріс — деревнядағы, аты шулы «қауымдағы» немесе майдагерлік кәсіптегі ұсақбуржуазиялық өндірістің тура және нағыз жалғасы болып табылады. «Фабрикалық форма» «анағұрлым арзанырақ» болу үшін, шаруа ақша шаруашылығының жағдайында шаруашылықты экономика жағынан жаксы ұйымдастыру жөніндегі көзқарасты қуаттауы тиіс», — деп Струве мырза өте дұрыс айтады. «Егер шаруалар өзіндік шаруашылықтан кол үзбей

тұрып алса.., ешқандай шыт... оны қызықтыра алмаған болар еді».

Басқа сөзбен айтқанда: «фабрикалық форма» — *дамыған* товарлы өндіріс, онан басқа еш нәрсе де емес; ал бұл товарлы өндіріс өзіміз көріп отырған шаруа шаруашылығындағы және майдагерлік шаруашылықтағы *дамымаған* товарлы өндірістен дамып шықты. Автор, Н. —он мырзаға: «фабрика» мен «шаруалар» өзара байланысты, олардың тәртіптерінің шаруашылық «негізі» бір-біріне қайшы келмейді*, қайта үйлеседі, — деп дәлелдегісі келеді. Бұл үшін оған мәселені шаруа шаруашылығының экономика жағынан ұйымдасуына әкеліп тіреу керек болды, біздің ұсақ өндірушіміз (егінші-шаруа және майдагер) ұсақ буржуа болып табылады, дейтін қағыйданы Н. —он мырзаға қарсы қоюы керек болды. Мәселені осылай қоюшылықпен ол, бұл мәселені: болуға «тиіс», болуы «мүмкін», тағы басқалар дейтін ой-пікірдің саласынан шығарып, *не нәрсенің бар екенін* анықтау жөніндегі және оның *басқаша болмай, нелықтен нақ осындай болғандығын* түсіндіру жөніндегі ой-пікірдің саласына әкеліп қойған болар еді. Бұл қағыйданы теріске шығару үшін халықшылдарға: не товарлы шаруашылықтың өсуі, шаруалардың жіктелуі туралы жалпыға мәлім және даусыз фактыларды теріске шығаруға тура келген болар еді [*ал бұл фактылар* шаруалардың ұсақ буржуалығын *дәлелдейді*], немесе саяси экономияның жұртқа мәлім ақыйқаттығын теріске шығаруға тура келген болар еді. Бұл қағыйданы қабыл алу, «халық құрылысына» «капитализмді» қарама-қарсы қоюшылықтың сорақылығын мойындағандық болады, «отан үшін басқа жол іздеу» жөніндегі қыялдың реакциялығын мойындағандық болады және «қоғамдастыру» туралы өздерінің тілектерімен буржуазиялық «қоғамға» немесе әлі де болса тең жартысы «ескі дворяндық» болып отырған «мемлекетке» жалбарыну болады.

---

* Халықшылдар мұны ашық және тура айтқан болатын, ал «күмәнсіз марксист» Н. —он мырза нақ осы былшылды Маркстен толып жатқан үзінділер келтіріп «халық құрылысы» және «халық өндірісі» туралы көмескі-күңгірт фразаларды алға әкеліп тартады.

Струве мырза істі басынан бастаудың* орнына, аяғынан бастайды; ол былай дейді: «Россияның экономикалық дамуы жөніндегі халықшылдық теорияның ең негізгі қағыйдаларының бірін біз теріске шығарамыз, қағыйда болғанда, өңдеуші ірі өнеркәсіптің дамуы егінші-шаруаны күйзелтеді дейтін қағыйданы теріске шығарамыз» (246). Бұл, немістер айтқандай, астауда шомылып стырған баланы астаудағы сумен бірге төгу ғой! «Өңдеуші ірі өнеркәсіптің дамуы» капитализмнің дамуын көрсетеді. Атап айтқанда, шаруаларды күйзелтетін капитализм дейтін негізгі қағыйда, мүлде халықшылдық қағыйда емес, бұл — *марксизм* қағыйдасы. Халықшылдар, өндірушінің өндіріс құралдарынан айырылуының себебін орыстың қоғамдық шаруашылығының ерекше жолмен, капиталистік деп аталатын жолмен ұйымдасуында емес, ойдағыдай болып шықпаған үкімет саясатында («біз» теріс жолмен жүрдік т. басқалар), талаушыларға, сұрқыяларға, тағы сол сияқтыларға қарсы жеткілікті ұйымдасалмаған қоғамның кінәжарлығында — деп білді, және солай деп біліп те отыр. Сондықтан олардың «шаралары» да «қоғам» мен «мемлекеттің» ісіне келіп тірелді. Мұның керісінше, тонаудың себебін қоғам шаруашылығының капиталистік жолмен ұйымдасуында деп көрсетушілік *таптардың* күресі туралы ғылымға сөзсіз бастап алып келеді (Струве мырзаның кітабын салыстырыңыз, 101, 288 беттер тағы басқалары). Автордың пікірінің анық еместігі мынада: ол, буржуазиялық егіншіліктің қарама-қарсы таптары туралы айтпайды, тек жалпы *«егінші»* туралы айтады. Халықшылдар: капитализм егіншілікті апатқа ұшыратады, сондықтан елдің бүкіл өндірісін қамтуға қабілеті жетпейді және бұл өндірісті теріс жолға салып отыр — дейді; ал марксистер былай дейді: капитализм өңдеу өнеркәсібінде де, егіншілікте де *өндірушіні* еңсесінен басып отырады, бірақ, өндірісті ең жоғарғы са-

---

* Яғни Ірі капитализмнің «болмай қоймайтындығын және заңдылығын» дәлелдеу үшін «егінші-шаруаның» ұсақбуржуазиялығынан бастаудың орнына.

тыға көтере отырып, «қоғамдастыру» үшін керекті жағдайлар мен күштерді туғызады*.

Бұл мәселе жөнінде Струве мырзаның қортындысы мынадай: «Н.—он мырзаның ең негізгі қателерінің бірі сол, ол, *қалыптасқан* капиталистік құрылыстың ұғымын және категориясын қазіргі заманғы шаруа шаруашылығына, шаруашылық болғанда, ақша шаруашылығына қарағанда осы кезге дейін анағұрлым өзіндік шаруашылық болып келген қазіргі заманғы шаруа шаруашылығына бүтіндей әкеліп жапсырып отыр» (237).

Орыстың егіншілік капитализмінің нақтылы мәліметтерін мүлде елемеушілік, ішкі рыноктің «азайғандығы» туралы пікір айтатын Н.—он мырзаның масқара қателеріне әкеліп соқтырғандығын, — біз жоғарыда көріп өттік. Бірақ бұл қате, капитализмнің бүкіл категориясын шаруаларға апарып жапсыра салғандықтан болған жоқ, егіншілік туралы мәліметтерге *капитализмнің ешқандай категориясын* қолданбағандықтан болды. Буржуазия мен пролетариаттың таптары, әрине, капитализмнің ең маңызды «категориясы» болып табылады. Н.—он мырзаның ол категорияларды «шаруаларға» «жатқызбағандығы» былай тұрсын (басқаша айтқанда бұл категорияларды атап айтқанда, шаруалардың қандай топтарына немесе қандай разрядтарына қолдануға болатындығын және олардың қаншалықты дамығандығын талдаған жоқ), қайта, «қауым» ішіндегі қарама-қарсы элементтерді елемей, нағыз халықшылдарша пікір айтты, жалпы «шаруалар» туралы пікір айтты. Осының нәтижесінде, халықтың аса тығыздылығының капиталистік сыйпаты туралы, егіншінің экспроприациялануына себеп болып отырған капитализм туралы оның келтірген қағыйдасы дәлелденбей қалды, сондықтан тек реакциялық утопия үшін ғана қызмет етті.

---

* «Өндірістің капиталистік әдісінің сіңірген ең зор еңбегі: бірінші жағынан, егіншілікті тәртіпке салуында, оны қоғамдық жолмен жүргізудің мүмкіншілігі өндірістің тек осы әдісін ғана туғызады, — ал екінші жағынан, жерге меншіктілікті аса мәнсіздікке жеткізуінде болып отыр. Капитализм өзінің басқа да тарихи прогрестері сықылды, бұл прогресінде колма-кол өндірушіні толық қайыршылыққа ұшырату арқылы сатып алды» («Das Kapital», III. B., 2 Th, 157 бет) («Капитал», III том; 2-ші бөлім, 157 бет. *Ред.*)[100]

IV

Струве мырза, алтыншы тараудың VIII параграфында жеке меншікті шаруашылық туралы өзінің пікірін баяндайды. Ол, шаруалардың күйзелу салдарынан болып отыратын осы шаруашылықтың түрлерінің өзара тығыз және тура тәуелділігін — өте дұрыс көрсетеді. Күйзелген шаруа енді, «шамадан тыс аренда бағасымен» помещикті «қызықтыра алмайды», сондықтан помещик батрактың еңбегін пайдалануға мөшеді. Помещиктік шаруашылықтың земство санағының мәліметтерін жөнделген Распопиннің мақаласынан, сонымен қатар экономия мақсатымен айдалған жерлердің «амалсыздан» көбейіп отырғандығын көрсететін күнделікті санақ жөніндегі земство кітабынан, дәлел ретінде — көшірмелер келтіріледі. Егіншілікте капитализмнің «болашағы» мен «мүмкіндігі» туралы жорамал пікірлер айтып, капитализмнің кәзірдің өзінде үстемдік етіп отырғандығын бар ынтасымен бүркемелейтін халықшыл мырзаларға жауап ретінде автор *шындықты* дәл көрсетіп береді.

Біз бұл арада автордың осы құбылысқа берген бағасына ғана токтап өтуге тиіспіз, автор былай дейді: бұл — «жеке меншікті шаруашылықтағы прогрессивтік ағым» (244), ал бұл ағымдар «экономикалық эволюцияның бұрылмайтын қатаң логикасы» аркылы туып отырады (240). Осы өте дұрыс қағыйда, дерексіз түрде баяндалуының салдарынан, марксизммен таныстығы жоқ оқушылар үшін түсініксіз болып қала ма деп, қоркамыз; шаруашылықтың пәлендей бір системасының ауысатындығын, таптық карама-карсылықтың пәлендей бір формасының ауысатындығын айқын көрсетпейінше, — осы ағымның неліктен «прогрессивті» ағым болып табылатындығын (әрине, тек марксистер ғана мәселе қоя алатын тұрғыдан карағанда, белгілі таптың тұрғысынан карағанда), болып жатқан эволюцияның «бұрылмайтын қатандығы» неде екенін оқушы түсінбей қала ма деп коркамыз. Сондықтан бұл ауысушылықты (нағыз жалпы белгілерін болса да) істі халықшылдардың суреттеуімен қатар қойып, суреттеп көрелік.

Халықшыл: батрак шаруашылығының даму процесін «дербес» шаруа шаруашылығынан еріксіз шаруашылық-

қа көшу деп суреттейді, сондықтан — әрине — мұны регресс, кер кетушілік тағы басқалар деп есептейді. Процесті бұлайша суреттеу *факты жүзінде мүлде дұрыс емес*, шындыққа мүлдө жанаспайды, сондықтан одан алынған қортынды да сорақы болып шығады. Халықшыл: істі солай оптимистік түрде (өткен және қазіргі уақыт жөнінде) суреттеп, халықшылдық әдебиеттің өзі арқылы анықталған фактылардан *бойын аулақ салып*, утопия және мүмкіндік жағына қарай ауытқыйды.

Негізгі пункт етіп, реформаға дейінгі крепостниктік шаруашылықты алайық.

Мұның түсында өндірістік қарым-қатнастың негізгі мазмұны мынадай болды: помещик, шаруаға жер, құрылыс үшін ағаш берді, жалпы айтқанда әрбір жекө үйлерге өндіріс құрал-жабдықтарын (кейде тіпті тіршілік құралдарын да) берді, ал сонымен қатар, шаруалардың ішіп-жеміне керекті қорегін тауып алуды олардың өзіне тапсырып, *қосымша уақыттарының бәрін* помещикке, барщинаға жұмыс істеуге күштеді. Бұл системаның түсында шаруаның «дербестілігі» туралы сөз болудың мүмкін еместігін айту үшін, «қосымша уақыттың бәрін» деген сөзді — ерекше көрсетіп өтемін*. Помещиктің шаруаны «қамтамасыз еткен» «үлестік жер», шаруаның өзін шын қамтамасыз ету үшін еш уақытта қызмет аткарған жоқ, ол тек *заттай төленетін жалақы ғана* болып қызмет етті, помещиктің шаруаны бүтіндей қанауы үшін ғана қызмет етті, помещикті жұмысшымен «қамтамасыз» ету үшін ғана қызмет етті**.

Бірақ товарлы шаруашылық міне жарып кіріп келеді. Помещик астықты өзі үшін емес, сату үшін өндіре бастайды. Бұл шаруалардың еңбегін қанауды күшейтеді, — одан кейін, үлесті жерлер системасын қыйындатуды туғызады, өйткені шаруалардың жаңа өспірім ұрпақтарына үлесті жер бөліп беру енді помещикке тиімсіз болады, және акшалай төлеу мүмкіншілігі келіп туады. Шаруа мен помещиктің жерлерінің арасына түп-

---

* Мен істің *тек қана* шаруашылық жағына тоқтаймын.

** Сондықтан өндірушіге өндіріс құрал-жабдықтарының тиістілігінің «ежелден келе жаткандығын» дәлелдеу үшін «жерді» крепостниктік жолмен «бөлу» ісіне сүйенушілік — басынан аяғына дейін өтірік болып табылады.

кілікті етіп біржола шек кою (әсіресе, үлесті жерлердің белгілібір бөлімін кесіп алып, «әділ» төлем алу үшін) қолайлырақ бола бастайды және сол шаруалардың, шаруалар болғанда, материалдық жағынан нашар жағдайға қойылған және бұрынғы крепостнойлық шаруалармен де, «сыйлықтылармен» де[107], анағұрлым қамтамасыз етілген бұрынғы мемлекеттік және уделді шаруалармен де бәсекеге түсуге мәжбүр болып отырған шаруалардың еңбегімен пайдалану қолайлырақ бола бастайды, тағы басқалар.

Крепостниктік право құлайды.

Қазірдің өзінде-ақ рынокті көздеп отырған шаруашылық системасы (бұл өте маңызды нәрсе), — өзгереді, бірақ бірден өзгермейді. Ескі белгілер мен «негіздерге» жаңа белгілер мен негіздер келіп қосылады. Бұл жаңа белгілер мынадай болады: Plusmacherei-дің негізі енді шаруаны өндіріс құралдарымен жабдықтау емес, қайта шаруаның өндіріс құрал-жабдықтарынан «бос болуы», оның ақшаға мұқтаждығы болып табылады; енді негіз, — өзіндік шаруашылық емес, «жұмыс істеудің» заттай айырбасы емес (помещик шаруаға жер береді, ал шаруа — қосымша еңбек өнімдерін, астық, кенеп, тағы сол сыяқтыларды береді), товарлы, ақшалы «ерікті» шарт бола бастайды. Ескі және жаңа белгілерді біріктірген шаруашылықтың нақ осы түрі, реформадан кейін Россияда үстемдік алды. Жұмыс істегені үшін жер берудің ескі әдісіне (мысалы, жер кесіп берген үшін шаруашылыққа жұмыс істеу) «қысты күні жалдау» әдісі келіп қосылды — шаруа әсіресе ақшаға мұқтаж болып, өзінің еңбегін үш есе арзан сататын кезде, кейіннен жұмыс істеу үшін қарызға ақша, астық, тағы сол сыяқтыларды беру әдісі келіп қосылды. Бұрынғы «вотчинадағы» қоғамдық-экономикалық қарым-қатнастар, көріп отырғанымыздай, нағыз барып тұрған дағдылы өсімқорлық келісім болып шықты: ал бұл операцияның — майдагерлермен алыпсатарлардың арасындағы операциядан мүлде айырмашылығы жоқ.

Реформадан кейін ғана нақ осындай шаруашылық кәдуілгі бір тип болды, бұл даусыз, ал крепостниктік дәстүрлермен және крепостниктік қарым-қатнаспен, өз «үлесіне тиген жерге» маталған шаруаның мүлдем

дәрменсіздігімен ұштасқан Plusmacherei-дің өте-мөте осы ұнамсыз формаларының сыйпаттамасын біздің халықшыл әдебиетіміз де көрсеткен болатын.

Бірақ халықшылдар, осы қарым-қатнастардың экономикалық негізінің неде? екенін көргісі келмеді және көргісі келмей отыр.

Енді бұл арада үстемдіктің негізі ескі уақыттағыдай, жерге иелік ету болып табылатындығы былай тұрсын, ал сонымен қатар шаруа мұқтаж болып отыратын ақшаға да (ал ақша дегеніміз, бұл — товарлық шаруашылық ұйымдастырған қоғамдық еңбектің жемісі) иелік ету болып табылады, — және шаруаның тіршілік құралынан «азаттығы» болып табылады. Мұның — капиталистік, буржуазиялық қарым-қатынас екендігі, анық. «Жаңа» белгілер — басқа еш нәрсе де емес, — егіншіліктегі *капитал* үстемдігінің алғашқы түрі, түрі болғанда, әлі де «ескі-дворяндық» бұғаудан босанып шықпаған түрі, түрі болғанда, капиталистік қоғамға тән, таптық қарама-қарсылықты туғызған, бірақ оны әлі нығайтып жетпеген түрі.

Міне товар шаруашылығының дамуымен капитал үстемдігінің осы алғашқы түрінің негізі өзгереді: шаруалардың казірдің өзінде-ақ толық күйреу шегіне жеткен күйзелушілігі шаруалардың өз құрал-саймандарынан айрылғандығын көрсетеді, — еңбектің крепостнойлық түрі де, кіріптарлық түрі де осы негізде өмір сүрген еді — сондықтан помещикті өзінің құрал-сайманына көшуге, шаруаны батрак болуға мәжбүр етеді.

Бұл көшушілік реформадан кейінгі Россияда басталды, — бұл да даусыз факты. Бұл факты халықшылдардың таза метафизикалық көзбен, өткен уақытпен байланыссыз етіп, дамуға ұмтылудан тыс етіп қарайтын кіріптарлық формалардың бет алысын көрсетеді; бұл факты капитализмнің мұнан былай да дамыйтындығын көрсетеді, біздің капиталистік қоғамымызға тән болып отырған таптық қарама-қарсылықтың мұнан былай дамыйтындығын, таптық қарама-қарсылық болғанда, өткен заманда «кулак» пен шаруаның қарым-қатнасында көрінген, ал енді ұқыпты қожайынның батрак пен күндікші жөніндегі қарым-қатнасында көрініп отырған тап-

тық қарама-қарсылықтың мұнан былай да дамыйтындығын көрсетеді.

Ал міне нақ осы соңғы өзгеріс — «жерсіздендіру» туралы, «дербестіліктен айрылғандық» туралы, «капитализмнің орнағандығы» және онан келетін апаттар хаупінің «төніп» тұрғандығы туралы және тағы басқалар және сондайлар туралы айқай сала бастаған халықшылының құтын ұшырып, жанталасуын туғызады.

Осы пікірлерге әділдік көзбен қараңызшы, — сонда сіз одан — ізгі тілекті бола тұрса да, біріншіден, өтірікті көресіз, өйткені бұл батрактық шаруашылықтың алдында өткен нәрсе шаруаның «дербестігі» емес, қосымша өнімді, оны жасау ісіне қатыспаған адамға берудің басқа түрлері. Екіншіден, сіз халықшылдық наразылықтың, — Струве мырзаның дәл айтқанындай, — оны тұрпайы социализмге айналдыратын ұшқарылығын, ұсақ-түйектігін көресіз. Бұл «орнаушылықтың» екі түрдің екеуінде бірдей қаралмай, тек екінші түрде ғана қаралуының себебі не? Наразылықтың өндіріс құрал-жабдықтарын «жеке жер иеленушілердің» қолдарына топтаған негізгі тарихи фактыға қарсы бағытталмай, тек бұл монополияны пайдалану әдістерінің біреуіне ғана қарсы бағытталуының себебі не? Бәленің қара басы барлық жерде және барлық орындарда еңбекті ақша иесіне бағындырып отырған өндірістік қатнастарда деп қаралмай, тек осы қарым-қатнастардың соңғы түрінде соншалықты айқын болып жарыққа шығып отырған бөлу ісінің тең еместігінде деп қаралуының себебі не? Нақ осы негізгі жағдай — капиталистік қарым-қатнастар негізінде қалып келе жатқан капитализмге қарсы наразылық, — халықшылдардан буржуазиялықтан қорқпай, тек буржуазиялықтың шиеленісуінен қорқатын ұсақбуржуазияның идеологтарын жасап шығарады, ал бұл шиеленісушіліктің бір өзі ғана негізгі өзгерістерге бастап алып келеді.

V

Струве мырзаның теориялық ой-пікірінің соңғы пунктіне, «орыс капитализмі үшін керекті рыноктер туралы мәселеге» келеміз (245).

Бізде рыноктің жоқтығы туралы халықшылдар шығарған теорияны талдап-тексеруді, автор: «В. В. мырза капитализм деп, не нәрсені түсінеді?» деген сұраудан бастайды. Мұндай сұрау өте орынды қойылған сұрау, өйткені В. В. мырза әрқашан да (жалпы алғанда халықшылдардың бәрі де) орыс тәртіптерін, өзінің түрін әрбір елдерде өзгертіп отырған капитализмнің негізгі белгілерімен салыстырмай, капитализмнің қандай да болса бір «ағылшындық формасымен» (247) салыстырып келді. Бірақ амал не, Струве мырза капитализмге толық анықтама бермейді, жалпы алғанда «айырбас шаруашылығының үстемдігін» [бұл — бір белгісі; екінші — қосымша құнды ақша иесінің иемденуі, осы соңғының еңбекке жүргізетін үстемдігі] көрсетеді, «Европаның батысында өзіміз көріп отырған құрылысты» (247), «одан туатын барлық нәтижелерді», «өнеркәсіп өндірісінің біржерге шоғырлануын және сөздің тар мағнасындағы капитализмді» (247) көрсетеді.

«В. В мырза — дейді автор — ұғым талдауында «капитализмді» жақсы түсінген жоқ, оны Маркстен алды. Маркс көбінесе, өндірістің айырбаска бағыну негізінде дамыған қарым-қатнастың толық қалыптасқан жемісі ретінде тар мағнадағы капитализмді көрсеткен еді» (247). Мұнымен келісуге мүмкін емес. Біріншіден, егер В. В. мырза шынында капитализм туралы өзінің ұғымын Маркстен алған болса, онда ол капитализм туралы дұрыс ұғынған болар еді және «ағылшындық форманы» капитализммен шатастырмаған болар еді. Екіншіден, Маркс көбінесе, «өнеркәсіп өндірісінің орталықтандырылуын немесе шоғырлануын» [мұны Струве мырза тар мағнадағы капитализм деп біледі] көрсеткен еді деу, мүлде дұрыс емес. Қайта, ол товарлы шаруашылықтың дамуын оның бірінші қадамдарынан бастап бақылады, ол, капитализмге жәй кооперация және мануфактура сықылды оның қарапайым формаларында анализ жасады, — формалары болғанда, өндірісті машина арқылы шоғырлаудан бүтіндей ғасыр бойы алыс тұрған формаларында анализ жасады, — ол, өнеркәсіп капитализмі мен егіншілік капитализмінің арасындағы байланысты көрсетті. Струве мырза: «В. В. мырзаның зерттеуінің объектісі өзіндіктен товарлық жолмен ұйымдасуға қарай бара

жатқан жолдағы халық шаруашылығының *бірінші* қадамы болған» — дегенді айтып, капитализм жөніндегі ұғымды өзі тарылтып отыр. *Соңғы қадамдары*, деу керек еді. В. В. мырза, біз білсек, Россияның реформадан кейінгі шаруашылығын ғана зерттеді. Струве мырзаның өзінің көрсеткеніндей (189—190), товарлы өндірістің басталуы реформадан бұрынғы дәуірде болды, ал мақта-мата өнеркәсібінің *капиталистік* жолмен ұйымдасуы тіпті шаруаларды азат етуден бұрын қалыптасты. Осы мағнада алып айтқанда реформа біржола дамуға себеп болды: реформа бірінші орынға еңбек өнімінің товарлық формасын емес, жұмыс күшінің товарлық формасын қойды; реформа товарлық өндірістің үстемдігін бекіткен жоқ, соның өзінде-ақ капиталистік өндірістің үстемдігін бекітті. Кең және тар мағнадағы* капитализмнің айырмашылығының айқын еместігі Струве мырзаны мынаған бастап әкелді; ол, сірә, орыс капитализміне: қазіргі уақыттағы, қазірдің өзінде-ақ толық және біржола қалыптасқан нәрсе емес, неде болса келешектегі бір нәрсе деп қарайтын болу керек. Мысалы, ол былай дейді:

«В. В. мырза, ағылшындық формадағы капитализм Россия үшін болмай қоймайтын нәрсе ме деп сұрау қоюдан бұрын, басқа сұрауды қойып шешуге тиіс еді, сұрау болғанда анағұрлым жалпы және сондықтан да анағұрлым маңызды: өзіндік шаруашылықтан ақша шаруашылығына көшу Россия үшін болмай қоймайтын нәрсе ме және капиталистік өндірістің sensu stricto** жалпы товарлық өндіріс жөніндегі қарым-қатнасы қандай? деген сұрауды қойып, шешуге тиіс еді» (247). Мәселені олай қою қолайлы бола қояр ма екен. Егер қазір Россияда болып отырған өндірістік қарым-қатнастың осы системасы ашылса, онда белгілібір дамудың «болмай қоймайтындығы» туралы мәселе соның өзінде-ак шеші-

---

* Автордың бұл ұғымдарды қандай белгі бойынша айыратындығы, көрінбейді. Егер тек машиналы индустрияны ғана тар мағнадағы капитализм деп білетін болса, онда өз алдына мануфактураны да неге бөліп шығармаска? Бұл да түсініксіз. Егер тек товарлық шаруашылықты ғана кең мағнадағы капитализм деп білетін болса, онда бұл арада капитализм жоқ.

** — тар мағнада. *Ред.*

леді eo ipso*. Егер ашылмаса, онда ол шешілмейтін нәрсе. Келешек туралы пікір айтудың (халықшыл мырзалардың сүйетін) орнына қазіргіні *түсіндіру* керек. Реформадан кейінгі Россияда — егер осылай деп айтуға болатын болса, — капитализмнің сыртқы көрінісі ірі факты болып жарыққа шықты, яғни оның «ең жоғарғы табысы» (фабрикалық өндірістер, темір жолдар, банкілер, тағы сондайлар) жарыққа шықты, сөйтіп, теориялық пікір үшін Россиядағы капитализм туралы сол сағатта мәселе туды. Халықшылдар: бұл табыстар кездейсоқ, экономикалық құрылыстың бәрімен байланысты емес, негізсіз, ал сондықтан дәрменсіз, дегенді айтып, дәлелдеуге тырысты; бұл жөнде олар, еңбекті капиталға құл ету сауда капиталынан «ағылшындық формаға» дейін өте ұзақ және түрлі сатылар арқылы өтетіндігін ұмытып, «капитализм» жөніндегі өте тайыз ұғымға сүйенді. Сондықтан марксистер бұл табыстардың — Россияда және еңбекті капиталға бағындыруды туғызып отырған өндірістің *барлық жердегі* бүкіл салаларында алдақашаннан бері қалыптасқан товарлық шаруашылықтың дамуының соңғы қадамы екенін, онан басқа еш нәрсе де емес екенін — дәлелдеуге тиіс.

Струве мырзаның, орыс капитализміне қазіргі уақыттағы нәрсе емес, нендей де болса келешектегі бір нәрсе деп қарайтындығы, — мына пікірде өте-мөте айқын көрініп тұр: «заңмен бекітілген және нығайтылған қазіргі заманғы қауым әзір өмір сүріп тұрған кезде, «халық дәулетімен» ешқандай байланысы жоқ қарым-қатнастар, осы қауымның негізінде дамыйды. [Қалайша тек жаңа ғана дамып келеді, тіпті алдақашаннан бері-ақ дамып келе жатқан жоқ па, халықшылдық әдебиеттің бәрі өзінің жарыққа шыққан уақытынан бастап, бұдан ширек ғасырдан артығырақ уақыт бұрын, осы құбылысты суреттеп және оған қарсылық білдіріп келе жатқан жоқ па?] Біз, Батыста ірі капиталистік шаруашылықпен қатар өте ұсақ шаруашылықтың да өмір сүріп отырған бірнеше мысалдарын көріп отырмыз. Біздің Ольшамыз және біздің Оңтүстік пен Батыстың арасындағы өлкеміз нақ сондай болып отыр. Күйзелген

---

* — соның өзімен. *Ред.*

шаруа жерге байланысты болып қалғандықтан және оның арасындағы тегістелушілік ықпал жіктелушілік ықпалдан күштірек болып шығып отырғандықтан, — әрі жеке-үйлі, әрі қауым болып отырған Россияда осы түрге жақындап келеді» (280). Қалайша тек жаңа ғана жақындап келеді, қазірдің өзінде-ақ осы *түрге* айналып отырған жоқ па? «Түрді» анықтау үшін тәртіптердің, әрине, заңдылық формаларын емес, негізгі экономикалық белгілерін алу керек. Егер біз орыс деревнясы экономикасының осы негізгі белгілеріне қарасақ, онда біз шаруа үйлерінің ұсақ учаскелі жерлерде бөлектеніп отырған шаруашылықтарын көреміз. қазірдің өзінде-ақ басты роль атқарып отырған товарлық шаруашылықтың өсіп келе жатқандығын көреміз. Атап айтқанда осы белгілер «ұсақ шаруашылық» ұғымына мазмұн беретін белгілер. Біз бұдан былай шаруалардың өсімқорларға сол бәз-баяғы берешегін, Батыстың мәліметтері дәлелдеп отырған бәз-баяғы сол экспроприацияны көреміз. Бүкіл айырмашылық — бізде капитализмнің анағұрлым нашар дамуының салдарынан «ескі режимді» бүтінірек сақтап отырған заңдылық тәртіптеріміздің (шаруалардың азаматтық жөнінде тең праволы еместігі; жер иелену формалары) өзгешелігінде болып отыр. Бірақ біздің шаруашылығымыздың түрлерінің Батыстағы түрлермен тектестігін бұл өзгешеліктер титтей де бұзбайды.

Струве мырза рынок жөніндегі теорияның өзіне көшіп: В. В. мен Н —он мырзалар тұйыққа кептеліп, шығуға жол таба алмай шырмалып жүр: капитализмнің дамуы үшін рынoктің өсуі керек, ал капитализм халықты күйзелтіп отыр — дейді. Автордың, шаруалардың күйзелу себебі капитализмнен болған жоқ, «халықтың өсуінен болды» деп осы тұйықты өзінің мальтусшілдігімен түзетуі өте орынсыз. Көрсетіліп отырған авторлардың катесі мүлде басқаша: капитализм тек күйзелтіп қана коймайды, шаруаларды буржуазия мен пролетариатқа бөліп *жіктейді*. Бұл процесс ішкі рынокті жоймайды, қайта оны *құрады*: товарлы шаруашылық жіктеліп отырған шаруалардың екі полюсінде де өсіп келеді, «ерікті енбекті» сатуға мәжбүр болып отырған «пролетарлық» полюсте де, өз шаруашылығының техникасын көтеріп отырған (машиналар, құрал-

саймандар, жер өңдеу заттары тағы басқалар. В. В. мырзаның «шаруалар шаруашылығындағы прогрессивтік ағым» деген кітабын салыстырыңыз) және тұтынуды дамытып отырған буржуазиялық полюсте де өсіп келеді. Процестің ондай ұғымы индустриялық және сәніншілік капитализмнің ара салмағы туралы Маркстің теориясына тура негізделгендігіне қарамастан, Струве мырза оны елемей отыр, — елемеуі, мүмкін, В. В. мырзаның «рыноктер теориясы» адастырғандықтан болған шығар. В. В. мырза Марксе сүйенген болып, Россия жұртына мынадай «теорияны» әкеліп тартты, теория болғанда, дамыған капиталистік қоғамда «товардың артылып қалатындығы» сөзсіз болады-мыс; ішкі рынок жеткілікті бола алмайды, сыртқы рынок қажет, деген теорияны әкеліп тартты. «Бұл теория дұрыс, өйткені, ол теория қосымша құнды капиталистердің де, жұмысшылардың да тұтынуымен іске асырылмайтындығын, оған үшінші адамның тұтынуы керек болатындығын көрсетеді» — дейді Струве мырза (251). Бұлай деушілікпен ешқандай келісуге болмайды. В. В. мырзаның «теориясы» (егер бұл арада теория туралы айтуға болатын болса) жеке бастың тұтынуы мен өндіру тұтынуының айырмашылығын, өндіріс құралдары мен тұтыну заттарының айырмашылығын, айырмашылық болғанда, онсыз (айырмашылық) капиталистік қоғамда бүкіл қоғамдық капиталды ұдайы өндіруді ұғынуға болмайтын айырмашылықты қалай болса солай елемейді. Маркс мұны «Капиталдың» II томында мейлінше толық көрсетті (үшінші бөлім: «Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірілуі мен айналысы»), ал сонымен қатар, капиталдың қорлануы үстеме құннның жалақы қосылған тұрақты капиталға (өндіріс құрал-жабдықтарына) айналуынан тумай, тек жалақыға ғана айналуынан туады дейтін классиктік саяси экономияның қағыйдасын сынай отырып, мұны Маркс I томда да айқын көрсеткен болатын В. В. мырзаның теориясының ондай сыйпатын анықтау үшін Струве мырза көрсетіп өткен мақалалардан екі цитата келтірумен тоқталамыз.

«Әрбір жұмысшы — дейді В. В. мырза «Рынокті товармен жабдықтауда артылып қалғаны» деген мақалада — өзінің тұтынатынынан көп өндіреді, ал осы артылып қал-

ғандардың бәрі азғана ғана адамдардың қолына жыйналады; осы артылып қалған заттардың иелері оларды өздері тұтынады, бұлай ету үшін ол заттарды ел ішінде және шет елдерде қажеттің және комфорттың түрлі-түрлі продуктыларына айырбастайды, — бірақ олар қанша жегенімен, қанша ішкенімен, қаншама шашқанымен (sic!!) — қосымша құнның бәрін жұмсап бітіре алмайды» («Отечественные записки» 1883 ж. № 5, 14 бет), ал мұны «айқынырақ етіп көрсету үшін», автор, капиталистің тамағын, жолаушы жүруін, тағы басқаларын оның «басты шығыны деп қарайды». «Милитаризм және капитализм» дейтін мақалада бұдан да гөрі айқынырақ айтады: «өнеркәсіптің капиталистік жолмен ұйымдасуының Ахиллестін өкшесі тәрізді нәзік жері сол, — кәсіп иелері өздерінін бүкіл табыстарын тұтына алмайды» — дейді («Русская Мысль» 1889 ж. № 9, 80 бет). «Ротшильд өз табысының артығының бәрін өз керегіне жаратып бітіре алмайды... Оның жәй ғана бір себебі, бұл... артық табыстың өзі — толып жатқан тұтыну заттары, сондықтан, мұнсыз да керегінің бәрі орындалып отыратын Ротшильд басы артық табысын қоярға жер таба алмай мықты қыйналған болар еді» т. т.

Осы пікірлердің бәрі, капиталистің мақсаты үстеме құнды қорға жыйнау емес, жеке басының тұтынуын көздейді-мыс, дейтін аңқау пікірге негізделгендігін көріп отырсыздар, — қоғамдық өнім c + v + m-ге (тұрақты капитал, өндіріс құралдары, ал содан кейін жалақы мен үстеме құн) бөлінеді, деп Марксгің көрсеткеніне емес, v + m-ге (қосымша құн қосылған ауыспалы капитал) бөлінеді-мыс, деп А. Смит және Маркске шейінгі бүкіл саяси экономия үйреткен қатеге негізделгендігін көріп отырсыздар. Бұл қателер түзетілгендіктен және капиталистік қоғамда орасан зор және барған сайын өршіп отыратын міндетті өндіріс құралдары (қоғамдық өнімнің жеке бастың тұтынуына емес, капиталдың тұтынуына жұмсалатын бөлімі) атқарады дейтін жағдай ескеалынғандықтан атышулы «теорияның» бәрі мүлдө күйрейді. Байлығының қорлануы барған сайын өсе беретін капиталистік өндірістің сыртқы рыноксіз-ақ және ешбір «үшінші адамның» қатыстырылуынсыз-ақ болуының толық мүмкіндігін Маркс II томда дәлелдеген болатын; Струве

мырзаның осы үшінші адамды қатыстыруы мүлде орынсыз істелген іс. Струве мырзаның бұл зат туралы пікірінің барған сайын таңдандыратын себебі: Россия үшін ішкі рыноктің маңызы басым, деп ол өзі көрсетіп отыр және «әлді шаруаларға» сүйенген «орыс капитализмінің даму программасынан» В. В. мырзаны ұстап алып отыр. Қазіргі уақытта біздің деревнямызда жүріп жатқан осы «әлді» (атап айтқанда буржуазиялық) шаруаның құрылу процесі капиталдың туғандығын, өндірушінің пролетариатқа айналуын және *ішкі рыноктің* өсуін айқын көрсетіп отыр: мысалы, «жақсартылған құралдардың тарауы», атап айтқанда, өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен капиталдың қорлануын көрсетеді. Бұл мәселе бойынша «мүмкіншіліктерді» баяндаудың орнына орыс капитализмі үшін керекті ішкі рыноктің құрылуында көрініп отырған шын процесті баяндап, түсіндіру өте-мөте кажет еді*

Струве мырзаның кітабының теориялық бөлімін тексеруді осымен аяқтап, біз енді, оның пікірлерінің негізгі әдістерінің былайша айтқанда, жалпы қорытылған сыйпатын беруге әрекет ете аламыз, сөйтіп: «атап айтқанда бұл кітапта нендей нәрсе марксизмге жатады?», «автор доктринаның (марксизмнің) қандай қағыйдаларын теріске шығарды, қандайын толықтырады немесе қандайына түзету кіргізеді, ал бұлай болғанда не болып шығады?» — деп баста қойылған сұрауларды шешуге келе аламыз.

Автордың, әуел бастан айтылып келе жатқан пікірлерінің негізгі белгісі, процестің болмай қоймайтындығын және қажеттілігін дәлелдеумен қанағаттанатын және осы процестің әрбір нақтылы сатысында оған тән болып отыратын таптық антагонизмнің формасын ашуға тырыспайтын оның тар көлемді объективизмі, — объективизм болғанда, күрестерінен процесс туып отырған антагонистік таптарды жеке-жеке сыйпаттамай процесті жалпы сыйпаттайтын объективизм болып табылады

---

* Өйткені бұл өте маңызды және күрделі мәселе, сондықтан біз оған жеке мақала арнамақпыз.[108]

Өзінің «пікірлерін» бір ғана «объективтік» және оның үстіне анағұрлым жалпылама бөліммен бұлай тойтару үшін автордың өз дәлелінің бар екенін, біз толық түсінеміз: біріншіден, жау көзқарастардың негізін халықшылдарға қарсы қоймақ болып, автор, ол көзқарастарды дамытуды және анағұрлым нақтылырақ етіп ашуды мұнан былайғы айтысқа қалдырып, бір ғана principia**-лы баяндаған, екіншіден, біз халықшылдардың марксизмнен *барлық* айырмашылығы орыс капитализмін *сынау сыйпатында*, оны басқаша түсіндіруде екенін 1-ші тарауда көрсетуге тырысқан болатынбыз, марксистердің кейде бір ғана «объективтік» қағыйдалармен қанағаттанатындығы да, біздің ұғымымыз бен *(жалпыға мәлім фактыларды)* халықшылдардың ұғымының арасындағы айырмашылықты баса көрсететіндігі де, әрине, осыдан туып отыр.

Бірақ, біздің байқауымызша, Струве мырзаның ісі бұл жөнде қазірдің өзінде-ақ тым әрірек кеткен болу керек. Баяндаудың дерексіздігі түсінбестікті туғызбай тұра алмайтын қағыйдаларды жиі-жиі беріп отырды; мәселенің қойылуының, профессорша пікір айтудың біздің әдебиетімізде көп тарап, кең өріс алып отырған әдістерінен айырмашылығы болған жоқ, белгілібір жолмен бара жатқан жеке таптар туралы емес, отанның жолы және тағдыры туралы жоғарыдан пікір айту әдісінен айырмашылығы болған жоқ; автордың пікірлері нағұрлым нақтылы болған сайын жалпы дерексіз қағыйдалардың тұрғысында қалып, марксизм principia-сын түсіндіруге соғұрлым жарамсыз болып қала берді, орыс қоғамының пәлендей бір таптарының пәлендей хал-жағдайын, өндірушілердің мүдделері жөніндегі Plusmacherei-дің түрлі формаларының белгілібір ара салмағын айқын көрсету соғұрлым қажет болады.

Сондықтан, мәселені *басқаша* қоюдың қажеттігін, тап қайшылықтарының теориясын анағұрлым *тыянақты түрде* жүзеге асырудың қажеттігін айту үшін, автордың қағыйдасын толықтыру және түсіндіру, оның баяндауын

---

* — принциптерді. *Ред.*

қадамын басқан сайын бақылап отыру әрекеті, бізге тым орынсыз болып көрінген жоқ.

Ал, Струве мырзаның марксизмнен тура кейін шегінгендігіне келетін болсақ — мемлекет туралы, халықтың артып қалуы туралы, ішкі рынок туралы мәселелер жөнінде — олар туралы жоғарыда жеткілікті айтылды.

VI

Струве мырзаның кітабында халықшылдардың теориялық мазмұнын сынаудан басқа, халықшылдық экономикалық саясат жөнінде, тағыда, бірсыпыра пікірлер бар. Автор бұл пікірді жол-жөнекей айта алған және дамытпаған, бірақ солай бола тұрса да, ешқандай ұғыныспаушылыққа орын қалдырмау үшін, оған соқпай өте алмаймыз.

Бұл пікірлерде халықшылдық саясатқа қарағанда, либералдық, яғни буржуазиялық саясаттың «қолайлылығы», прогрессивтігі, «қонымдылығы» тағы сол сияқтылар көрсетілген*.

Автор, осы күнгі қарым-қатнастардың негізінде қалып отырған екі саясатты салыстырғысы келген болу керек, сондықтан ол, капитализмді тоқтататын емес, оны дамытатын саясат «қонымды» саясат деп, — *осы мағнада* дұрыс айтты, «қонымды» болатын себебі, әрине, буржуазияға қызмет етіп, өндірушіні оған барған сайын бағындырып отырғандықтан емес [түрлі «аңқаулар» немесе «екіжүзділер» осылай түсіндіруге тырысады], капиталистік қарым-қатнастарды шиеленістіре жә-

---

* Бұл пікірлердің үлгісін көрсетеміз: «Егер мемлекет... ірі емес, ұсақ жер иеленушілікті нығайтуды тілейтін болса, онда ол, қазіргі экономикалық жағдайларда бұл мақсатқа шаруалардың арасындағы жүзеге аспайтын экономикалық теңдікті орнатамын деп әурелену арқылы жетпейді, тек — оның тұрмысқа үйлесімді элементтерін қолдау арқылы, олардан экономика жағынан мықты шаруалар жасақтап шығару арқылы ғана жете алады» (240). «Осындай шаруаларды жасақтап шығаруға бағытталған саясат (атап айтқанда: «экономика жағынан мықты, товарлық өндіріске үйлескен»), бірдебір қонымды және прогрессивті саясат болатындығын, мен, көрмей тұра алмаймын» (281). «Россия капиталистік кедей елден, капиталистік бай елге айналуға тиіс» (250) тағы басқалар, «капитализмнен үйренейік»: дейтін қортынды фразаға дейін барады.

не тазарта отырып, ол саясат өзгеріс туғызу кімге байланысты болса, тек соның ғана *көзін* ашады және соның қолын шешеді.

Алайда, біз, Струве мырзаның осы мүлде дұрыс қағыйданы жақсылап айта алмағандығын, өзіне тән дерексіздікпен айтқандығын, сондықтан оған кейде: өзінің өліктерін көмуді өліктің өзіне берсеңізші, деп айтқың келетіндігін, — айтпай кетуге болмайды. Біздің буржуазиямыздың мүдделерін көксейтін, күшті және ірі капиталдың кішкене капиталды жаніштауға және оның қанауының дөрекі және патриархтық әдістерін қыйратуға «тиістіліктің» бәрін көрсететін, теория мен программа жасауға жанын салған адамдар, — Россияда ешуақытта аз болған емес.

Егер автор бұл арада, баяндауды шын процесті тұжырымдауға әкеліп тіреуге міндеттейтін, «қонымды», «қолайлы» және прогрессивті саясаттың әрбір формасының аржағындағы таптық қайшылықтарды ашуға міндеттейтін марксизм «доктринасының» талабын қатаң қолданған болса, — онда ол, сол пікірді басқаша айтқан болар еді, мәселені екінші түрде қойған болар еді. Ол, жаңбырдан кейін өсіп шығатын саңырау құлақ сықылды, Россиядағы капитализмнің дамуы туралы фактыны жүзіндегі мәліметтермен қатар ұлы реформадан кейін өсіп шыққан либерализмнің, яғни буржуазияның теориясы мен программасын келтірген болар еді. Ол сонымен, қоғамдық идеялардың экономикалық дамумен байланысын орыс мысалдары арқылы көрсеткен болар еді, бұл байланысты ол бірінші тарауларда көрсеткен болатын, бұл байланыс, тек орыс мәліметтерін материалистік жолмен талдау арқылы ғана біржола анықталады. Ол сөйтіп, екіншіден, өзінің әдебиетінде буржуазиялық теорияға қарсы күресіп отырған, күрескенде, бұл теориялар құдіретті таптың мүддесі емес, тек қате пікірлер болып қана табылады-мыс, ал, ол тапты ұялтуға болмайды, оны тек екінші таптың қаһарлі күші арқылы ғана «сендіруге болады-мыс» дейтін халықшылдардың қандайлық аңқаулығын көрсеткен болар еді. Ол сөйтіп, үшіншіден, шынында, бізде «тиістілікті» және «прогресті» қандай таптың анықтайтындығын, ал сонымен қатар, қандай «жолды» «тандап» алу туралы

ікір айтатын халықшылдардың қандайлық сорақылығын көрсеткен болар еді.

Халықшыл мырзалар Струве мырзаның осы сөздерін құшағын жәйіп қарсы алды, өйткені ол сөздердің нашар тұжырындалғаны түрлі буржуазияшыл экономистерге (Янжула мырза сықылды) және крепостниктерге (Головин мырза сықылды) жалпы байланыстан бөлініп алған жеке фразаларға жармаса кетуіне мүмкіншілік берді. Жау қолына сондай құрал берген Струве мырзаның кемшіліктерінің неде екенін, біз көрдік.

Халықшылдықты, отан үшін керекті жолды теріс көрсететін* жәй теория ретінде сынау әрекеті, авторды халықшылдықтың «экономикалық саясаты» жөніндегі өзінің көзқарасын түсініксіз тұжырымдауға әкеліп соқтырды. Бұл арада, бұл саясатты жарым-жартылай емес, оны қалай болса-солай теріске шығарғандық деп білуі мүмкін. Сондықтан бұл жерге тоқтап өту қажет болады.

«Отан үшін басқа жолдың» мүмкіндігі туралы философиялық ету, — халықшылдықтың тек сыртқы бейнесі болып қана табылады. Ал, оның мазмұны — орыстың ұсақ өндірушісінің, ұсақ буржуаның мүдделері мен көзқарасын қуаттайды. Сондықтан теориядағы халықшыл, бір көзімен өткен уақытқа екінші көзімен келешекке қарайтын дәл Янус болып табылады, тұрмыста ұсақ өндіруші де Янус болады, өйткені, ұсақ өндіруші өзінің ұсақ шаруашылығын нығайтуды тілеп, жалпы экономикалық құрылыс туралы және өзін меңгеріп отырған таппен санасудың қажеттігі туралы білмей және білу туралы еш нәрсе тілемей, бір көзімен өткен уақытқа қарайды, ал екінші көзімен оны күйзелтіп отырған капитализмге қарсы дұшпандық ниетте болып, — келешекке қарайды.

Тергеп-тексермей бүкіл халықшылдық программаны бүтіндей теріске шығарудың мүлде дұрыс болмайтындығы, осыдан түсінікті. Программаның реакциялық және прогрессивтік жағын қатаң айыра білу керек. Халық-

---

* «Критическая заметканың» авторы халықшылдықтың экономикалық негізін көрсетеді (166—167 бет), бірақ оның көрсетуі біз үшін жеткіліксіз.

шылдық — реакциялық, өйткені олар шаруаны жерге және үлес жерден айырмау сыяқты, тағы сондай өндірістің ескі әдісіне байлайтын шараларды ұсынады*, өйткені олар ақша шаруашылығының дамуын кешеуілдеткісі келеді, өйткені олар бірітіндеп жақсартуды емес, жолдың қоғам тарапынан және бюрократияның өкілдерінің әсерінен өзгеруін күтеді (бір земство әкімі жобалаған қоғамдық егістер жөнінде «Русское Богатствоның» 1894 жылғы 7-номерінде пікір айтқан және осы жобаларға түзетулер енгізген Южаков мырза, бұған мысал болады). Халықшылдық программаның ол сықылды пункттеріне қарсы, әрине, сөзсіз соғыс ашу қажет болады. Бірақ олардың: өзін-өзі билеу, «халықтың» қолын білімге еркін және кең түрде жеткізу, арзан кредиттер арқылы, техниканы жақсарту арқылы, зат өткізу ісін жөнге салу, тағы тағылар, тағы сол сыяқтылар арқылы «халық» шаруашылығын (атап айтқанда ұсақ шаруашылықты) «көтеру» туралы айтатын басқа пункттері де бар. Ол сықылды, жалпы-демократиялық шаралар, прогрессивтік шаралар, — мұны әрине, Струве мырза да толық мойындайды. Олар Россияның капиталистік жолмен экономика жөнінде дамуын кідіртпейді, қайта жеделдетеді, ішкі рыноктің құрылуын жеделдетеді, еңбекшінің күй-жағдайын жақсартып және оның тұтыну дәрежесін арттырып, техника мен машиналық индустрияның өсуін тездетеді, еңбекшінің дербес ой-ойлап, іс істеуін тездетеді және жеңілдетеді.

Бұл арада: ол сықылды, сөзсіз керекті шараларды кім дұрысырақ және жақсы көрсетеді, — халықшылдар ма немесе техникалық прогреске өкпелеп жүрген және Струве мырза өте-мөте жақсы көріп отырған публицист à la A. Скворцов мырза ма? — деген сұрау туып жүр месе. Меніңше, маркстік тұрғыдан қарағанда, *бұл жөнде* халықшылдықтың мүлде артықшылығына күмәндануға болмайды. «Москва Ведомстерінің» программасы ірі буржуазияның мүдделерін қалай қорғаса, Скворцовтардың

---

* Бұл шаралар тек, «батыс-европалық және россиялық кейбір жерлерінің жерге мықты батрактар туралы жалынды арманын» (279) ғана жүзеге асыра алар еді деп, Струве мырза өте дұрыс айтады.

шараʼлары да бүкіл ұсақ өндірушілер табының, ұсақ буржуазияның мүдделерін нақ сондай қорғайды. Ол шаралар жұрттың бәріне* арналған шаралар емес, тек начальствоның назары түскен жеке таңдаулы адамдарға ғана арналған шаралар. Ақырында, ол шаралар сондайлық өрескел, өйткені шаруаʼлардың шаруашылығына полициялық қол сұғуды көздейді. Бәрін қосып алғанда, осы шаралар «шаруалар шаруашылығының өндірістік прогресіне» айтарлықтай ешбір гарантия және сенім тұғызбайды.

Халықшылдар *бұл жөнде* ұсақ өндірушілердің мүдделерін өте дұрыс түсінеді және қорғайды, сондықтан марксистер олардың программасының реакциялық сыйпаттарын теріске шығара отырып, жалпы — демократиялық пункттерін қабыл алуы былай тұрсын, сонымен қатар оларды дәлірек, терең және мұнан былай да жүзеге асыруға тиіс. Россияда ондай реформалар неғұрлым батыл түрде боʼлған сайын, еңбекші бұқараның тұрмыс дәрежесі неғұрлым жоғары көтерілген сайын — орыс тұрмысының ең маңызды және негізгі (қазірдің өзінде-ақ) әлеуметтік қарама-қарсылықтары соғұрлым қатаң және айқын түрде жарыққа шығады. Марксистер, — В. В. мырзаның жала жауып отырғанындай, — «демократиялық желілерді» немесе ағымды «үзбейтіндігі» былай тұрсын, қайта, олар бұл ағымды дамытып және күшейткісі келеді, оны тұрмысқа жақындастырғысы келеді, «қоғам» мен «интеʼлигенция» қолынан түсіріп отырған «желіні» қайтадан көтергісі келеді**.

Бұл талап — «желіні» тастап кетпеу, қайта, оны нығайту талабы — белгілібір марксистердің жеке басының

---

* Яғни, әрине, техникалық прогреске *кімде-кімнің қолы жететін болса,* соның бәріне арналған.

** 1894 ж. «Неделя»нің № 47 де В. В. мырза былай дейді: «Біздің тарихымыздың реформадан кейінгі дәуіріндегі әлеуметтік қарым-қатынастар, кейбір белгілері жөнінен саяси күрестер дәуірінде күшті демократизмі және одан кейінгі уақыттарда қоғамдық индиферентизмі болған батыс-европалық қарым-қатнастарға жақындап қалды». Бұл «индиферентизмнің» кездейсоқ нәрсе емес екендігін, оның «қоғам» өкілдері шығатын таптың және қазіргі қатнастардан зиян көрумен қатар олардан едәуір елеулі пайда да көретін таптың жағдайы мен мүдделерінің болмай қоймайтын нәтижесі екендігін біз, I тарауда көрсетуге тырыстық

ниет-көңілінен қалай болса солай туа салатын талап емес, марксистер қызмет еткісі келетін таптың жағдайлары мен мүдделері арқылы өте қажетті түрде анықталатын талап, олардың «доктриналарының» негізгі талаптары арқылы өте қажетті түрде және сөзсіз алға қойылатын талап. Мен бұл арада, түсінуі оңай себептер арқылы осы қағыйданың бірінші бөлімін тексеруге, «қағыйданың» және «мүдделердің» сыйпатын тексеруге тоқталып жатпаймын; өйткені іс, бұл арада өзінен өзі айқын болса керек. Тек екінші бөліміне ғана тоқталып өтем, атап айтқанда, «желіні үзуді» көрсететін мәселе жөнінде маркстік доктринаның көзқарасына тоқтап өтем.

Халықшыл мырзалардың істегеніне және істеп отырғанына қарағанда, марксистер бұл мәселені *басқаша қоюға* тиіс. Халықшылдар мәселені «қазіргі заманғы ғылымның, қазіргі заманғы мінез-хұлықтық идеялардың» тұрғысынан қарап қояды; істі былай деп суреттейді: ондай реформаларды жүзеге асырудың *өндірістік қарым-қатнастың* өзінде жатқан қандайда бо'лса бір терең себебі жоқ, тек сезімнің өрескелдігінде ғана кедергілік бар тәрізді: «ақыл-ойдың» нашар «жарығында», тағы сол сыяқтыларда кедергілік бар тәрізді, Россия — tabula rasa тәрізді, дұрыс жолды дұрыс белгілеу тек соған ғана жүктелген тәрізді. *Мәселенің бұлай қойылуы* В. В мырза мақтанатын «тазалықпен» оны қамтамасыз еткендігі, түсінікті, ол тазалық шынында институттық қыялдың «тазалығын» ғана көрсетеді, ол тазалық халықшылдық ой-пікірлерді кабинетте жасалатын әңгімелер үшін сондайлық жарамды етіп шығарады.

Ал, бұл мәселелердің марксистерше қойылуы мүлде басқаша болуға тиіс*. Өндірістік қарым-қатнастардағы қоғамдық құбылыстардың тамырын іздеп табуға міндетті болған, оларды белгілібір таптың *мүдделеріне* әкеліп тіреуге міндетті болған, марксистер сол desiderata-ны пәлендей бір басқа элементтер мен таптардың қарсылықтарын кездестіретін пәлендей бір қоғамдық элементтердің «тілегі» ретінде түжырымдауға тиіс. Мәселе осы-

* Егер олар өздерінің теориясын тыянақты түрде жүзеге асырып отыратын болса. Струве мырзаның баяндауының қанағатсыздығы, атап айтқанда, ол осы теорияны барынша қатаң қолданбағандығынан болды, деп біз, бір емес, әлденеше рет айтқан болатынбыз.

лай қойылса, онда олар өздерінің теорияларын профессорлық, таптан жоғары қоятын пікір айту үшін «тамаша табыстарды»* уәде ететін қайдағы бір жобалар мен баяндамалар үшін мүлде пайдалана алмайтын болады. Бұл, әрине, жоғарыда көрсетілген көзқарастың өзгеруінің тек жанама хасиеті ғана, бірақ, егер *қазіргі дәуірдегі* халықшылдықтың қандайлық тіке жардан оппортунизм батпағына қарай домалап бара жатқандығын еске алсақ, онда бұл хасиет те өте зор нәрсе. Бірақ бір ғана жанама хасиетпен іс бітпейді. Егер сол мәселелерді таптар антагонизм теориясына үйлестіріп қойса (бұл үшін, әрине, орыс тарихы мен орыс тұрмысының «фактыларын қайта қарау керек»), — онда ол сұрауларға берілген жауап пәлендейбір таптардың ең керекті мүдделерін тұжырымдап шығады, — бұл жауаптар нақ осы мүддені таптардың, тек бір ғана сол таптардың оларды практика жүзінде пайдалануына** арналады, — бір марксистің тамаша сөзімен айтқанда, ол сұраулар «интеллигенцияның тар кабинетінен» шығып анағұрлым дамыған және таза түрдегі өндірістік қарым-қатнастарға қатысушылардың ортасына қарай ұмтылады, «желінің үзілгендігінен» көбірек зәбір көргендерге ұмтылады, «идеалдар» кім үшін «керек» болса, соларға қарай ұмтылады, өйткені онсыз олардың ісі жаманға айналады. Мәселенің бұлай қойылуы бүкіл осы ескі мәселелерге жаңа күш береді, — алымдар, паспорттар, көшіру, болыстық басқармалар, тағы сол сияқтылар туралы мәселелерге, — мәселе болғанда, біздің «қоғамымыз» талқылаған және тексерген, бір емес, қайта-қайта шешкен, ал қазір одан өзі жеріп отырған мәселелерге жаңа күш береді.

Сөйтіп, мәселеге қалай келгенімізбен, — Россияда ус-

---

* Южаков мырзаның сөзі.

** Әрине, *осы* «пайдалану» үшін орасан зор дайындық жұмысы керек болады, жұмыс болғанда, өзінің шын мәнінде көзге түспейтін жұмыс. Бұл пайдалануға шейін азды-көпті едәуір уақыт өтуі мүмкін, бұл уақыттың ішінде біз: күш бар, сондықтан «теріс жолдан тай» деп, сол күштерге кеңес беру ісі ғана қалады, деп сендірмекші болатын халықшыл мырзалардың «жылымшы оптимизмына» қарама-қарсы: отанға ең жақсы жол көрсете аларлықтай әлі ешқандай күш жоқ, деп тура айта аламыз.

тем болып отырған экономикалық қарым-қатнас системаларының мазмұнын және олардың тарихи байланысында осы системалардың түрлі формаларын және олардың еңбекшілер мүддесі жөніндегі қарым-қатнасын зерттеу арқылы келсек те, — немесе «желінің үзілуі» туралы және бұл «үзілудің» себебі туралы мәселені тексеру арқылы келсек те,—осы екі ретте де біз бір қортындыға келеміз, қортынды болғанда бастан кешіріп отырған заманымыз алға ұсынып отырған, «тұрмыстан жіктелген еңбектің» тарихи міндетінің ұлы маңызы туралы қортындыға, осы таптың идеясының бәрін қамтыйтын маңызы туралы қортындыға келеміз.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 «*Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстар*» деген мақала Лениннің бізге мәлім барлық еңбектерінің ішіндегі ең ертедегі еңбегі. Бұл мақала 1893 жылдың күзінде Самарада жазылып, жарыя баспасөзде бастырылуға арналған болатын. Ленин оны «Русская Мысль» журналында бастырмақ болған, бірақ, редакция мақаланы «журналдың бағытына сай келмейтін» мақала деп, қабылдамай қойған.

БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин Институтында бұл мақаладан Лениннің екі колжазбасы бар. Бірінші (алғашқы) қолжазба Лениннің өз архивінен алынған; екінші қолжазбасы Москваның сот палатасының архивінен табылған; осы екіншісі, автордың бұл мақаланы біржола редакциялағаны. Осы басылуында «Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстар» деген мақала Лениннің осы соңғы қолжазбасы бойынша басылып отыр.

МЭЛИде В. Е. Постниковтың Ленин ескертулер жасаған «Оңтүстік-орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабы да сақтаулы. Бұл ескертулер (сонымен қатар «Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстар» деген еңбектің негізгі мазмұнын түсіндіретін В. И. Лениннің екі хаты да) XXXIII Ленин жыйнағының бірінші бөлімінде басылған.

Бұл мақаланың негізгі материалдарын Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші тарауында пайдаланған. — *1.*

2 *Земство санағы.* Губерниялық және уездік земство управаларының (1861 жылғы реформадан кейін құралған управалардың) жанындағы земствоның санақ орындары санақ зерттеулерін (шаруа шаруашылықтары мен кәсіпшілік шаруашылықтарға үй басына жүргізілген санақ, шаруалардың бюджеттерін зерттеу, т. т.) жүргізіп, уездер мен губерниялар бойынша толып жатқан шолулар жазып және нақты материалы мол санақ жыйнақтарын шығарып отырған. Алайда, араларында халықшылдар басым болған земство санақшылары санақ материалдарын екінің бірінде біржақты өндеп және дұрыс топтастырмайтын, мұнымен ол материалдардың едәуір бағасын кетіретін. Капитализмнің даму жолында құрылған

шаруалардың жеке топтарының мәнді айырмашылықтары мен белгілерін көп сандар басып, көрсетпей кететін. Ленин земство санағының мәліметтерін барлық жағынан алып зерттеп, әбден тексеріп, өздігінен өңдеп алады. Ол есепті өзі шығарып, мәліметтер мен кестелерді өзі жасайды, шаруа шаруашылығы мен кәсіпшілік шаруашылықтар жөнінде алынған мәліметтерді марксистік жолмен талдап, ғылыми жолмен топ-топқа бөледі. Земство санағының мол материалын пайдаланып, Ленин Россияның экономикалық дамуының шын суретін көрсетеді. Земство санағының өңделген материалдарын Ленин халықшылдарға қарсы күресте де кең пайдаланды. — *3*.

3 Бұл аталған шығармалар «Земство санағының мәліметтері бойынша Россияны экономика жағынан зерттеудің қортындылары» деген жыйнаққа кірген: I том — *В. В.* «Шаруа қауымы», Москва, 1892 ж. II том — *Н. Карышев* «Шаруалардың үлеске түспеген жерді жалға алуы», Дерпт, 1892 ж. Бұл еңбектің екеуі де — либералдық-халықшылдық бағыттағы еңбектер.

В. В. — XIX ғасырдың 80—90-жылдардағы либералшыл халықшылдардың идеологтарының бірі — В. П. Воронцовтың жасырын аты — *4*.

4 *Ревизиялық жандар* — крепостниктік Россиядағы жан басына салық салынатын және осы мақсатта айрықша санақтармен («ревизия» дейтіндермен) есепке алынатын ер адамдар. Мұндай «ревизиялар» Россияда 1718 жылдан жүргізіле бастаған; 1858 жылы ең соңғы оныншы «ревизия» жүргізілген болатын. Бірсыпыра аудандарда село қауымдары ішінде ревизиялық жанға қарай жер бөлісі жүргізілген. — *10*.

5 *Меннониттер* — сектанттар, XVIII ғасырдың аяқ шенінде, әсіресе, Екатеринослав пен Таврич губернияларының әр жеріне бытырап қоныстанған, Батыс Европадан шыққандар. Меннонит колонистері шаруашылықтарының дені ауқатты, кулак шаруашылық болған. — *26*.

6 *Селендік расправа* — 1838 жылғы ереже бойынша мемлекеттік шаруалар үшін патшалық Россияда құрылған арнаулы сот; сотты село старшинасы басқарған. Селолық және болыстық расправалар түрлі ақылы істер мен қылмыстарды қарағаң, айып алуға, еріксіз жұмыс істеуге және дүре жазасына кесіп отырған. — *42*.

7 *«Русская Мысль»* — 1880 жылдан шыға бастаған, либералшыл-халықшыл бағыттағы ай сайын шығып тұрған журнал. 1905 жылғы революциядан кейін журнал кадет партиясының органына айналып, П. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. — *47*.

8 *Шаруа істерін басқаратын уездік мекемелер* «шаруалардың қоғамдық басқармасының» селолық және болыстық орындарын

бақылау үшін 1874 жылы құрылған болатын. Дворяндардың уездегі жетекші адамдары басқарған мекемелер исправниктерден, келістіруші соттардан және уездік земство управаларының председательдерінен құралған. Шаруа істерін басқаратын уездік мекемелер патшаның губернаторлары басқарып отырған губерниялық мекемелерге бағынған. — *60.*

9 *«Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде»* деген еңбегін Ленин 1893 жылдың күзінде Петербургте жазған.

Бұл еңбекте дамытылған негізгі қағыйдаларды Ленин алғашында Петербург марксистер үйірмесінің («карттар» үйірмесі) жыйналысында Г. Б. Красиннің «Рыноктер туралы мәселе» деген тақырыпты рефератын талқылаған кезде баяндаған болатын.

Өзінің үйірме мәжілісіндегі сөйлеген сөзінде, ал онан соң «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде» деген тақырыппен жазған рефератында Ленин Г. Б. Красиннің қатесін көрсетті,— сонымен бірге либералшыл-халықшылдардың Россиядағы капитализмнің тағдырына көзқарастарын, жаңадан пайда болған «жарыя марксизмнің» буржуазиялық-апологеттік ой-пікірлерін де қатты сынады.

Лениннің еңбегі халықшылдарға және «жарыя марксизмге» қарсы күресте күшті құрал болды; ол еңбек Петербургтің және басқа қалалардың социал-демократиялық үйірмелеріне тарады.

Бұл еңбектің мүлде жоғалып кетті делінген қолжазбасы МЭЛ Институтіне 1937 жылы ғана келіп түсті. Бұл еңбек тұңғыш рет «Большевик» журналының 1937 жылғы 21-номерінде басылды; 1938 жылы МЭЛИ жеке кітап етіп шығарды. — *69.*

10 *Устеме құн* — қосымша құн (Марксше Mehrwert.). 90-жылдардағы еңбектерінде Ленин «қосымша құн» деген терминмен қабат «үстеме құн» деген терминді қолданады. Кейінгі кезде ол тек «қосымша құн» деген терминді қолданады. — *74.*

11 Ленин К. Марксгің «Капиталының» бірінші томынан (1872 жылғы немісше басылуынан) өзі аударып үзінді келтіреді. «Капитал», II том, 1935, 318 бетті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVIII том, 1939, 469—470 беттерді қараңыз. — *84.*

12 Ленин К. Марксгің «Капиталының» бірінші томынан (1872 жылғы немісше басылуынан) цитата келтіріп отыр. «Капитал», I том, 1935, 59 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 119 бетті қараңыз. — *96.*

13 *Ник.—он* немесе *Н.—он* — XIX ғасырдың 80—90-жылдарындағы либералшыл халықшылдардың идеологтарының бірі Н. Ф. Даниельсонның жасырын аты. Ник.—онның бұл арада цитата келтіріліп отырған шығармасы «Реформадан кейінгі біздің қоғамдық шаруашылығымыздың очеркгері» деп аталады, СПБ, 1893 ж. — *97.*

14 К. Маркс. «Капитал», II том, 1935, 222 бет (33 ескерту), немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс: Шығармалар, XVIII том, 1939, 335 бет. — *101.*

15 *Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?»* деген кітабын өзі 1894 жылы жазды (бірінші бөлімі апрельде, екінші және үшінші бөлімдері сол жылдың жазында жазылып біткен). Ленин бұл кітабын 1892—1893 жылдары Самарада жүрген кезінде-ақ жаза бастады. Марксистердің Самарадағы ұйірмесінде ол рефераттар оқыды, онда марксизмнің жаулары — либералшыл халықшылдар: В. В.ны (Воронцовты), Михайловскийді, Южаковты, Кривенконы қатты сынға алды. Бұл рефераттары «Халық достары деген не» деген кітапқа дайындық материалдар болып кірді.

Лениннің кітабының әр бөлімі жеке шығарылып отырған. Бірінші бөлімі 1894 жылы жазғытұрым Петербургте гектографта басылып, Петербург және басқа қалаларда жасырын түрде тарады. 1894 жылы июльде бірінші бөлімі екінші рет сол әдіспен басылып шығарылды. Бірінші және екінші бөлімінің 100 шамалы данасын А. А. Ганщин август айында Горькиде (Владимир губерниясы) басып шығарды. Ақырында, бірінші бөлімнің тағы 50 данасын (бұл төртінші басылуы еді) және үшінші бөлімнің соған жуық данасын сол жылы сентябрьде Петербургте А. А. Ванеев гектографпен басып шығарды. Кітаптың бұл басылуының мұқабасында: «Социал-демократтардың провинциялық бөлімінің басып шығаруы» деген белгі бар. Ол белгі құпиялық мақсатымен қойылған. Жергілікті ұйымдар Лениннің еңбегін неше түрлі әдістермен өздерінше көбейтті, кейбір бөлімдері қолдан көшірілді, қол машинаға басылды, т. т. Чернигов губерниясы Борзенский уезіндегі социал-демократтардың тобы «Халық достары деген не» ні гектографпен басып шығарды.

Кітап Петербургте, Москвада, Вильнода, Киевте, Черниговта, Полтавада, Владимирде, Пензада, Дондағы Ростовта, Тифлисте, Томскіде және басқа қалаларда таратылды.

Лениннің «Халық достары деген не» деген еңбегімен Сталин жолдас және Тифлис діни семинариясындағы оның үйірмелеріне қатысушылар 1897—1898 жылдары танысты.

Лениннің кітабы «Еңбекті азат ету» тобына, сонымен қатар шет елдердегі орыстың социал-демократтық басқа ұйымдарына да жақсы мәлім болған.

Кітаптың гектографпен басылып шыққан бірінші және үшінші бөлімдері 1923 жылдың бас кезінде Берлиннің социал-демократиялық архивінен табылды және дәл сол кездің өзінде дерлік Ленинградтың Көпшілік кітапханасынан да табылған.

В. И. Ленин Шығармаларының бірінші, екінші және үшінші басылуында бұл еңбек 1923 жылғы табылған осы гектографпен басылып шығарылғандарынан алынып басылды.

Қазіргі басылуында «Халық достары деген не» Маркс—Энгельс—Ленин Институтына 1936 жылы түскен гектографпен басылып шыққан жаңа данасынан алынып басылып отыр. Бұл

данасында толып жатқан редакциялық түзетулері бар, бұл түзетулерді, сірә, Ленинніц өзі шет елде кітапты баспамен шығармақ болып дайындағанда жасаған болу керек. Бұл түзетулердің барлығы осы басылуында енгізіліп отыр. «Халық достары деген не» деген кітаптың бірінші бөлімінің гектографпен басылғандарында курсив, арасын ашып немесе астын сызып көрсету дегендер қолданылмаған. Тиісті текстіні бөліп көрсеткенде тырнақша арқылы көрсетіліп отырылған. Бұл басылуында, автор жөндеген данасы бойынша, тиісті жерлерде тырнақшалар курсивпен өзгертілді, негізгі текстіде жақшамен берілген бірсыпыра қосымшалар беттің аяғына шығарылып жазылды. В. И. Ленин Шығармаларының бұрынғы басылуларында кіргізілмеген, Ленинніц кестеге берген түсінігі де (кітапқа 1 қосымша) басылып отыр. Сонымен кітаптың осы басылуында Ленинніц осындай ең маңызды еңбегінің дәлме-дәл текстісі беріліп отыр.

Либералдық халықшыл С. Н. Южаковтың саяси-экономикалық көзқарастарын Ленинніц сынаған жері — кітаптың екінші бөлімі әзірге табылған жоқ. — *125.*

16 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — 1876 жылдан 1918 жылдың ортасына дейін шығып келген айында бір рет шығып тұратын журнал. Бұл журнал 90-жылдардың бас кезінен либералдық халықшылдардың органына айналып, оны Кривенко мен Михайловский редакциялап отырды. Журнал патша үкметімен келісуді және оған қарсы революциялық күрес жүргізудің қандайынан болса да бас тартуды уағыздады, марксизмге қарсы қатаң күрес жүргізді және орыс марксистерін өсектеумен болды. — *129.*

17 Н. К. Михайловскийдің «К. Маркс Ю. Жуковский мырзаның соты алдында» деген мақаласы айтылып отыр, бұл мақала «Отечественные Записки» журналының № 10 де 1877 жылы октябрьде басылған. — *132.*

18 К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, немісше бірінші басылуының алғысөзі, XV бет, немесе, К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I том, 1940, 305—306 беттері. — *133.*

19 Ленин «Саяси экономияның сынына» жазылған алғысөзден цитата келтіріп отыр. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I том, 1940 ж. 327—328 беттерін қараңыз, цитата етілген үзінді ол беттерде Ленинніц 1914 жылғы жаңа аудармасы бойынша «Карл Маркс» деген мақаладан алынып отыр. — *136.*

20 „Contrat social" («Қоғамдық шарт») — Жан-Жак Руссоның негізгі еңбектерінің бірі (1762 жылы жарыққа шыққан); бұл еңбекте: қоғамдық құрылыстың қай-қайсысы болса да адамдар арасындағы еркін келісім мен шарттың нәтижесі болуға тиіс деген идея қуатталды. Өзінің негізі идеалистік болатұрса да XVIII ғасырдағы Францияның буржуазиялық революциясының қарсаңында шығарылған «қоғамдық шарт» теориясының не дегенменде революциялық ролі болды. Ол

теория буржуазиялық теңдік талабын көрсетті, феодалдық сословие ардақтылығын жойып, буржуазиялық республиканы орнатуға шақырды. — *136*.

21 К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 281 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 410 бетін қараңыз. — *144*.

22 *К. Маркстің «Отечественные Записки» («Отандық Хаттар») редакциясына жазған хаты* Н. К. Михайловскийдің «К. Маркс Ю. Жуковский мырзаның соты алдында» деген мақаласына байланысты 1877 жылдың аяғында жазылған болатын. Маркс өлгеннен кейін Энгельс бұл хатты көшіріп алып, Россияға жіберген болатын. Энгельстің айтуы бойынша ол хат «француз тіліндегі түп нұсқасынан қолмен көшірілген көшірме күйінде Россияда ұзақ уақыт бірден бірге тарап жүрген, соңынан орыс тіліне аударылып, 1886 жылы Женевада «Вестник Народной Воли»де (№ 5. *Ред.)* жарияланған болатын, ал кейінгі кезде Россияның өзінде жарияланған. Маркстің қаламынан шыққан нәрселердің барлығына зор көңіл аударылғаны сияқты, бұл хатқа да орыс топтары зор көңіл аударды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлімі, 1936, 396 беті). Россияда Маркстің хаты тұңғыш рет «Юридический Вестник» журналының 1888 жылғы № 10 да басылып шықты. К. Маркс пен Ф. Энгельс: Шығармалар, XV том, 1933, 375 — 378 беттерін қараңыз. — *144*.

23 Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг» (Екінші бөлімі. Саяси экономия. Мәселе және метод), 1938, 123 бетін қараңыз. — *145*.

24 Бұл жерде еске алынып отырған шығарма — «Неміс идеологиясы». Маркс пен Энгельс 1845 — 1846 жылдары жазған ол шығарма герман социал-демократиясының архивінде ондаған жылдар басылып жатқан. Бұл шығарма МЭЛ Институтының бастыруымен тұңғыш рет 1932 жылы неміс тілінде толық жарияланды. Бұл шығарманың орысша аудармасы 1933 жылы шықты. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, IV томын қараңыз.

Бұл шығарманың текстінде келтірілген (томның дәл сол бетінде келтірілген) сыйпаттамасы Энгельстің «Людвиг Фейербах және немістің классиктік философиясының ақыры» деген еңбегіне жазған алғысөзінен алынды. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I том, 1940, 384 бетін қараңыз. — *145*.

25 Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (1884 ж.) деген еңбектің немісше бірінші басылуына арналған алғысөзін қараңыз. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI томы, I бөлімі, 1937, 8 беті. — *147*.

26 *Қоғамның гентильдік, рулық ұйымы* — алғашқы-қауымдық құрылыс. И. В. Сталиннің «Диалектикалық және тарихи материализм туралы» деген еңбегінде алғашқы қауымдық құрылысқа тамаша сыйпаттама берілген.

«Алғашқы қауымдық құрылыстың тұсында өндірістік қатнастардың негізі — өндіріс құралдарына қоғамдық меншік болды. Мұның өзі бұл дәуірдегі өндіруші күштердің сыйпатына негізінде сай келеді. Тас саймандар және одан кейін шыққан садақ, садақтың оғы табиғаттың күштеріне қарсы, жыртқыш айуандарға қарсы жеке-жеке күресу мүмкіндігін жоққа шығарды. Егер адамдар аштан өлуге душар болғысы келмесе, жыртқыш айуандарға немесе көршілес қоғамдарға жем болғысы келмесе, тоғайда жеміс жыйнау үшін, судан балық аулау үшін, қандай болса да баспана салу үшін лажсыздан бірігіп жұмыс істейтін болды. Ортақ еңбек өндіріс құралдарына, сол сыяқты өндірістің өнімдеріне де, ортақ меншік болуына бастап алып келеді. Егер, жыртқыш айуандардан қорғанудың сайманы болған кейбір өндіріс құралдарының жеке меншігін есепке алмағанда, мұнда өндіріс құралдарына жеке меншік туралы ұғым әлі болған жоқ. Мұнда қанау жоқ, таптар жоқ». («Ленинизм мәселелері» 11 басылуы, 555-беті, немесе «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 125—126 беттері).

Текстіде (146 бетте) айтылып отырған Морганның кітабының аты «Ancient society» — «Ерте замандағы қоғам» — *149.*

27 Феодалдық жер иелігінің ерекше системасы — *поместиелік система* Россияда XV ғасырдың орта шенінде орнады. Бояр-лардың толық және мұралық меншігі болатын вотчинадан поместьенің айырмашылығы, поместье қызмет атқарған дворянның шартты және уақтылы иелігі болған. Поместиелік жер феодалдық патшаның меншігі болып есептелініп, алғашқы кезде қызмет адамдарының әскери немесе ордадағы қызметі үшін беріліп отырған. Поместьені иелену бірте-бірте мұраға айналады. XVII ғасырдың орта кезінен бастап феодалдық жер иелігінің екі түрінің — вотчина мен поместьенің — арасындағы айырмашылық бірте-бірте жоғала бастайды; вотчина мен поместье иелерінің феодалдық праволары теңеле бастайды. Петр I нің тұсында поместье бір жола дворян-помещиктердің жеке меншігіне айналады. — *152.*

28 *Жұмысшылардың халықаралық серіктігін* — I Интернационалды Маркс 1864 жылдың күзінде Лондонда құрды. Маркс пен Энгельс бастаған Интернационал түрлі елдердегі жұмысшылардың экономикалық және саяси күрестерін басқарды және олардың халықаралық ынтымағын күшейтті, анархист-прудонистерге, бакунистерге және марксистікке жау басқада ағымдарға қарсы күрес жүргізіп отырды. I Интернационал ақихатында өзінің өмір сүруін 1872 жылы тоқтатты. I Интернационалдың тарихи маңызы сол — ол «жұмысшылардың капиталға революциялық қысым жасауын дайындау үшін халықаралық жұмысшылар ұйымының ірге тасын қалады» (Ленин). — *155.*

29 *В. Буренин* — реакцияшыл «Новое Время» газетінің қызметкері, жалақор, қоғамдық пікірдің барлық прогрестік ағымдарының өкілдерін өшпенділікпен өсектеп отырған. Ленин бұл

атты айтысудың арам ниетті әдістерін қолданатындарды көрсету мағнада қолданып отыр. — *156.*

30 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — 1868 жылдан 1917 жылдың октябріне дейін Петербургте шығып келген газет; әртүрлі бастырушылардың қолынан өтіп және өзінің саяси бағытын әлденеше рет өзгертіп отырған. Бастапқы кезде баяу-либералды болған ол газет, 1876 жылдан бастап реакцияшыл дворяндық және төрешіл топтардың органына айналып кетті. Патша үкіметіне сатылған бұл газет тек революцияшыл қозғалыска ғана қарсы күрес жүргізіп қоймай, сонымен қатар либералды-буржуазиялық қозғалысқа да қарсы күрес жүргізді.

Буренин, 1894 жылы 4 февральда басылған фельетонында, марксистерге қарсы жүргізген күресі үшін Н. К. Михайловскийді мадақтаған. — *159.*

31 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1 бөлім, 1937, 7 бетін қараңыз. — *161.*

32 К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, XVII бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII томы, 1937, 11 бетін қараңыз. — *162.*

33 Ленин К. Маркстің Ругеге жазған хатын (1843 жылғы сентябрьдегі), оның «Еңбекті азат ету» тобының «Социаль-Демократ» дейтін әдеби-саяси шолуында бірінші жарыялануынан алып цитат етіп келтірін отыр, «Социаль-Демократтың» төртінші кітабы, Женева, 1892 ж. (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, I том, 351—352 беттерін қараңыз.) — *163.*

34 Маркстің диалектикалық методы В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің еңбектерінде бірыңғай тәртіппен баяндалып және ілгері дамытылған. Әсіресе В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегі мен И. В. Сталиннің «Диалектикалық және тарихи материализм туралы» деген еңбегін қараңыз («Ленинизм мәселелері», 11 басылуы, немесе «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», IV тарауы). — *167.*

35 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шығып отыратын журнал, 1866 жылдан 1918 жылдың жазына дейін Петербургте шығып тұрды. Бұл журнал орыстың либералдық буржуазиясының көзқарасын жүргізіп отырды; 90-жылдардың бас кезінен марксизмге қарсы ұдайы күрес жүргізді. — *167.*

36 Мақаланың авторы *(И. К.—н)* — Петербург университетінің профессоры И. И. Кауфман. Бұл мақаланы Маркс диалектикалық методтың ең жақсы баяндалуының бірі деп бағалады. «Капиталдың» I томының 2 басылуына жазылған «Соңғы сөзді» қараңыз. — *167.*

37 Ленин төменде текстіде (осы томның 170—176 беттерінде) Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген еңбегінен өзі аударып үзінді келтіріп отыр. (Бірінші бөлімі. Философия; онүшінш тарауы: Диалектика. Бекерге шығаруды бекерге шығару). МЭЛИдің бастырып шығарғанынан қараңыз, 1938, 107—111 беттері. — *170.*

38 *«Отечественные Записки»* — 1839 жылдан В. Белинский қатнасқан журнал. 1868 жылдан бұл журналды Некрасов, Салтыков-Щедрин, Елисеев және басқа жазушылар басқарып отырды; осы кездерде журнал өз маңына революцияшыл-демократияшыл интеллигенцияны топтады. Журнал үнемі цензураның қудалауында болып отырды; 1884 жылы патша үкметі жауып тастады. — *178.*

39 *Посторонний* — Н. К. Михайловскийдің жасырын аты. — *178.*

40 Маркс пен Энгельстің «Коммунист партиясының манифесінде» қорытып айтқан мына төмендегі қағыйдасы сөз болып отыр:

«Коммунистердің теориялық қағыйдалары, дүниені жаңартушылардың қандайының болса да ойдан шығарған немесе тапқан идеяларына, принциптеріне ешбір сүйенбейді.

Олардың теориялық қағыйдалары, болып жатқан тап күресінің шын қатнастарының жалпы бейнесі ғана болады, көз алдымызда болып жатқан тарихи қозғалыстың бейнесі ғана болып табылады» (К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I том, 1940, 150 беті). — *181.*

41 Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг» (Бірінші бөлімі. Философия; тоғызыншы тарауы: Мораль және право. Мәңгі ақиқат), 1938, 77 бетін қараңыз. — *183.*

42 Н. К. Михайловскийдің: «К. Маркс кітабының орысша басылып шығуы жөнінде» («Отечественные Записки» № 4, 1872 ж. апрель) және «К. Маркс Ю. Жуковский мырзаның соты алдында» («Отечественные Записки» № 10, 1877 ж. октябрь) деген мақалалары сөз болып отыр. — *185.*

43 Ленин К. Маркстің Ругеге жазған хатын (1843 ж. сентябрь) цитата етіп келтіріп отыр. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, I томы, 1938, 352 бетін қараңыз. — *189.*

44 Ленин халықшылдардың идеологтері мен «Русское Богатство» журналын басқарушылардың бірі С. Н. Южаковты айтып отыр; бұл халықшылдың саяси-экономикалық көзқарастарын (орыстың экономикалық тұрмыс шындығын бағалау жөніндегі, Россиядағы капитализмнің тағдыры, шаруалардың ыдырауы және тағы басқалар туралы көзқарастарын) Ленин «Халық достары деген не» дейтін кітабының екінші бөлімінде сынады. Екінші бөлімнің қолжазбасы да, гектографпен басылғаны да (1894 жыл) әзірге табылған жоқ. — *190.*

45 1883 жылы Женевада Г. В. Плеханов ұйымдастырып, Россияда марксизмді тарату жөнінде үлкен жұмыс істеген орыстың тұңғыш марксистік тобы — *«Еңбекті азат ету»* тобы сөз болып отыр. Бұл топтың істеген ісі мен оның тарихи роліне қандай баға берілгенін «БК(б)П тарихы. Қысқаша курсының» бірінші тарауынан қараңыз, 10—17, 26 беттері, — *199.*

46 *«Бастырушылардан»* — Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің бірінші бөлімінің бірінші басылуына жазылған соңғы сөз. Соңғы сөзде айтылып отырған «баспаға дайындалып жатқан 2-және 3-басылуы» бұл еңбектің екінші және үшінші бөлімі болып табылады. — *207.*

47 *«Осы басылуына»* — ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбектің бірінші бөлімінің екінші басылуына соңғы сөз, бұл соңғы сөз 1894 жылғы июльде жазылған. — *208.*

48 *«Юридический Вестник»* («Заң Хабаршысы») — буржуазиялық-либералшыл бағыттағы ай сайын шығып отырған журнал, 1867 жылдан 1892 жылға дейін Москвада шығып келді. — *215.*

49 Н. Ф. Анненский. «Павлов ауданындағы майдагершілердің жағдайы туралы баяндама»ны қараңыз («Нижегород кеме шаруашылығы мен өнеркәсіп вестнигі» 1891 жылғы 1, 2 және 3-номерлері). — *216.*

50 Е. М. Дементьевтің: «Фабрика, ол халыққа не береді және халықтан ол не алады» (Москва, 1895) деген еңбегі сөз болып отыр. — *219.*

51 Ленин айтып отырған шаруалардың ыдырауы жөніндегі «бірнеше уездердің мәліметтері» «Халық достары деген не» деген кітаптың екінші (әзірге табылмаған) бөліміне кірген.

Шаруалардың ыдырауы жөніндегі мәселені Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында толық талдап шыққан (Шығармалар, 3 томы); әсіресе «Шаруалардың ыдырауы» деген екінші тарауын қараңыз. — *235.*

52 *Ширек жерлі шаруа* деп патша Россиясында бұрынғы мемлекеттік шаруалардың, XV—XVII ғасырларда Москва мемлекетінің шет аймақтарына қоныстанған төменгі қызмет адамдары үгім бұтақтарының бір бөлегі аталынған. Шегараны күзетудегі қызметі үшін жаңа қоныстанғандар (казактар, стрелецтер, солдаттар) уақытылы немесе мұра етіп пайдалануға *ширектеп* өлшенетін (десятинаның жартысы) азғана жер алып отырған. Қазына көшіріп қоныстандырғандар 1719 жылдан *жеке мекенділер* деп аталына бастады. Жеке мекенділер бұрын түрліше артықшылықтармен пайдаланды, шаруа-

лар иеленуге еркі болды. XIX ғасыр бойы жеке мекенділер праволары жағынан бірте-бірте шаруаларға теңгерілді. 1866 жылғы ереже бойынша жеке мекенділердің жері *(ширек жер)* олардың жеке меншігі деп танылып және бұрынғы жеке мекенділердің (ширек жерлі шаруалардың) семья мүшелеріне мұра болып қалып отырды. — *237.*

53 Бұл арада және осы томның басқа жерлерінде И. А. Гурвичтің: «Орыс деревнясының экономикалық жайы» дейтін 1892 жылы Нью-Йоркте ағылшын тілінде басылып шыққан кітабынан Ленин өзі аударып үзінді келтіріп отыр; бұл кітап орыс тілінде 1896 жылы басылып шыққан. Кітапта фактыға негізделген құнды материал бар; ол кітапты Ленин өте жоғары бағалаған. — *238.*

54 Ленин К. Маркстің: «Гегельдің право философиясының сынына» деген еңбегінен цитата келтіріп отыр. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. I том, 1938, 386 бетін қараңыз. — *248.*

55 «Москва губерниясының санақ мәліметтерінің жыйнағы», V том, I кітабы, 1879 жыл және II том, 1878 жыл. — *257.*

56 В. Н. Григорьевтің «Павлов ауданындағы құлып-пышақ жасайтын майдагершілік өндірісі» (1881 ж.) деген кітабы мен Н. Ф. Анненскийдің 49-ескертуде көрсетілген еңбегі айтылып отыр. — *263.*

57 *Гладстонның ландбиллілері* — XIX ғасырдың 70 және 80-жылдарында ағылшындағы Гладстонның либералдық министерствосының жер жайында шығарған заңдары. Гладстон үкметі жалға жер алушылар мен жер иелерінің-лендлордтардың арасындағы күресті жеңілдету мақсатында және жалға жер алушылардың дауысын күні бұрын өз жағына аудару үшін жалға жер алғандарды жаппай конысынан аударған лендлордтардың зорлығына әлдеқандай бір болымсыз ғана шек қойған болды. Мұнымен қатар үкмет, жалға жер алушылардың төлейтін борыштары туралы мәселені де ретке салуға, жалға жер берудің «әділетті» хақын белгілеу үшін (15 жылдық мерзімге) ерекше жер сотын құруға уәде берді, тағысын тағылар. Гладстонның ландбиллілері — либералдық буржуазияның әлеуметтік демагогиясының үлгісі. — *274.*

58 *Бисмарктың жұмысшыларды қамсыздандыруы* — кемтар ауру, мүгедек болып және кәрілігі жеткен реттерде жұмысшыларды қамсыздандыратын әлеуметтік камсыздандыру ісі, мұны Германияда XIX ғасырдың 80-жылдарында Бисмарк үкметі жүргізген. Бисмарктің қамсыздандыру ісі жұмысшылардың тек бір бөлегіне ғана тарады, оның бер жағында аурулар кассасы қаражатының $^2/_3$ бөлегі жұмысшылардың өз жарналарынан алынып, тек $^1/_3$ бөлегін ғана кәсіп иелері беріп отырған. Социалистерге қарсы заңдар шығарумен жұмысшы-

лардың қозғалысын баса алмаған соң, Бисмарк жұмысшыларға мардымсыз садақалар берумен жұмысшы қозғалысын тозғындатуға әрекеттенді. Бұл саясаттың да нәтижелі болып шықпағаны жұртқа мәлім. — *274.*

59 Салтыков-Щедриннің — «Либерал» деген әңгімесін қараңыз (Таңдамалы шығармалар, 1937, 195—198 беттері). — *276.*

60 «*Неделя*» («Апта») — Петербургте 1866 жылдан 1901 жылға дейін аптасына бір рет шығып келген либералдық-халықшыл газет. Бұл газет самодержавиемен күресуге қарсы шықты, «шағын іс істеу» дейтін теорияны уағыздады, басқаша айтқанда интеллигенцияны революциялық күрестен бас тартып, «мәдениеттілікпен» шұғылдануға шақырды. — *279.*

61 А. И. Герцен сөз болып отыр. К. Маркстің «Отечественные Записки»дің редакциясына жазған хатын қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1933, 375—376 беттері). — *282.*

62 « Sozialpolitisches Centralblatt » («Орталық әлеуметтік-саяси хабар») — Германия социал-демократиясының оң қанатының журналы. 1891 жылдан шыға бастаған. — *289.*

63 *Победоносцев К. П.* — синодтың бас прокуроры, ең барып тұрған реакцияшыл, Александр III нің крепостниктік саясатына дем беруші. — *290.*

64 *Рептилиялар* (құрдай жорғалаушылар) деп сатылғыш баспасөз органдарын атады — патша үкіметіне сатылып, соның алдында құрдай жорғалаған журналдар мен газеттер солай аталды. — *292.*

65 *Ермолов А. С* — 1893—1905 жылдарда жер және мемлекеттік мүліктер министрі болған; крепостниктің қалдықтарын қорғау саясатын жүргізді, өзін помещиктер-крепостниктердің мүдделерін көксеуші етіп көрсетті.

Витте С. Ю. патшалық Россияның көрнекті министрлерінің бірі; ұзақ уақыт (1892—1903 жылдары) финансы министрі болған. Ірі буржуазияның мүддесін көздеп жүргізген өзінің финансы жөніндегі, тамож саясаты, темір жол құрылысы жөніндегі, тағы сондай шаралары арқылы Россияда капитализмнің дамуына себепші болды. — *293.*

66 Н. И. Утин бастаған орыстың революцияшыл эмиграциясының ішіндегі социалист-халықшылдардың бір тобы сөз болып отыр. Бұл топ Женевада «Народное Дело» деген өзінің журналын шығарып тұрды. 1870 жылдың бас кезінде ол топ Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің (I Интернационал) орыс секциясын құрды. 1870 жылы 22 мартта Интернационалдың Бас Советі орыс секциясын Интернационалдың

қатарына қабылдады. Секцияның сұрауы бойынша Бас Советтің жанындағы оның өкілдік міндетін К. Маркс өзіне алды. 24 март күні орыс секциясының мүшелеріне: «Сіздердің маған ұсынып отырған ардақты міндетіңізді — Бас Советтің жанындағы сіздердің өкіліңіз болуды құшағымды жайып қабыл аламын», деп жазған Маркс. I Интернационалдың орыс секциясының мүшелері Маркстің анархист-бакунистерге қарсы жүргізген күресінде Марксті қолдап отырды. Интернационалдың идеялары жөнінде революциялық насихат жүргізді, орыстың революциялық қозғалысының Батыс-Европалық қозғалыспен байланысын нығайта беруге тырысты. — *297*.

67 *Энгельгардт А. Н.* — халықшыл публицист, өзінің қоғамдық-агрономиялық жұмысы арқылы және Смоленск губерниясы Батишеводағы өз иелігінде ұқыпты шаруашылық ұйымдастырған тәжрибесі арқылы көпке мәлім болған (оның 1882 жылғы «Деревнядан» деген хаттарын қараңыз; Әлеумет-экономикалық мемлекет баспасы басып шығарған — 1937 жыл). Бұл шаруашылықты Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде сыйпаттап шыққан, үшінші тарауы, § VI (Шығармалар, 3 том). — *299*.

68 *«Социаль-Демократ»* — «Еңбекті азат ету» тобы 1890 — 1892 жылдары шет елде шығарып отырған әдебиет-саяси шолу; небэрі төрт кітабы шықты. Ленин Плехановтың «Н. Г. Чернышевский» деген мақаласынан цитата келтіріп отыр, ол мақала «Социаль-Демократтың» 1890 жылғы бірінші кітабында басылған, 138—139 беттері. — *300*.

69 Сөз болып отырған *«Народное право»* партиясы — демократияшыл интеллигенцияның жасырын ұйымы, бұрынғы народоволяшылардың қатысуымен 1893 жылы негізделген; 1894 жылдың көктемінде оны патша үкметі талқандаған болатын. Бұл ұйым программалық екі документ шығарды: «Толғағы жеткен мәселе» және «Манифест». Саяси партия болған народоправошыларға Лениннің қандай баға бергенін осы томның 356—360 беттерінен және «Орыс социал-демократтарының міндеттері» (Шығармалар, 2 том) деген кітапшадан қараңыз. Народоправошылардың көпшілігі кейіннен эсерлер партиясына енді. — *313*.

70 Ленин К. Маркстің «Капиталының» I томының 1872 жылғы орысша басылуынан цитата келтіріп отыр. К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 612—613-беттерін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 834 бетін қараңыз. — *335*.

71 Ник. —онның (Н. Ф. Даниельсонның) «Реформадан кейінгі біздің қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері», СПБ, 1893, деген еңбегі сөз болып отыр. — *338*.

72 Ленин Энгельстің «Пәтер-үй мәселесіне» (Екінші басылуына жазылған алғы сөзі) деген еңбегінен өзі аударып үзінді келтіріп отыр. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 278, 281—282 беттерін қараңыз. — *343.*

73 Ленин К. Маркстің «Капиталының» I томының 1872 жылғы орысша басылуынан цитата келтіріп отыр. К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 343—344 беттерін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1937, 490 бетін қараңыз. — *344.*

74 Ленин «Философия бишаралығы» деген кітаптың екінші тарауындағы Маркстің айтқан қағыйдаларын сөз қылып отыр. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V том, 1929, 377 бетін қараңыз. — *345.*

75 Ленин К. Маркстің «Гота программасын сынау» деген еңбегінен цитата келтіріп отыр. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II том, 1940, 459 бетін қараңыз. — *346.*

76 «Капиталдың» бірінші томының екінші басылуына жазылған «Соңғы сөзді» қараңыз. — К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, XXIII беті, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 20 беті. — *354.*

77 Ленин К. Маркстің Ругеге жазған хатынан (1843 жылғы сентябрьде) цитата келтіріп отыр. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, I том, 1938, 353 бетін қараңыз. — *355.*

78 *«Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын»* деген мақаланы Ленин 1894 жылдың аяқ кезі мен 1895 жылдың бас кезінде Петербургте жазған болатын. Ол мақала «жарыя марксизмге» қарсы бағытталған.

Лениннің «жарыя марксизмге» қарсы күресінің орасан зор маңызы болды.

«Әдетте қоғамдық үлкен қозғалысқа, — делінген БК(б)П тарихының қысқаша курсында, — «жолбикелердің» уақытша жармаса кететіндігі тарихта әрқашан болып отырады. *«Жарыя марксистер»* дейтіндер де осындай «жолбикелер» болатын. Россияда марксизм кең тарала бастады. Міне осы кезде буржуазияшыл интеллигенттер марксшіл тон жамыла бастады. Олар жарыя газеттер мен журналдарда, яғни патша үкметі рұхсат берген газеттер мен журналдарда, өздерінің мақалаларын басты. Сондықтан да оларды «жарыя марксистер» деп атайтын болды.

Олар халықшылдарға қарсы күресті өздерінше жүргізді. Бірақ, олар бұл күресті және марксизмнің туын жұмысшы қозғалысын буржуазиялық қоғамның мүдделеріне, буржуазияның мүдделеріне бағындыру үшін, соған ыңғайлау үшін пайдаланды. Олар Маркстің ғылымынан ең басты нәрсені —

пролетарлық революция туралы, пролетариат диктатурасы туралы ғылымды алып тастады. Аса көрнекті жарыя марксист Яетр Струве буржуазияны мақтап, капитализмге қарсы революцияшыл күрес жүргізу орнына, — «біз өзіміздің мәдениетсіздігімізді мойындайық, капитализмнен үйренейік» деп шақырды.

Ленин халықшылдарға қарсы күресте «жарыя марксистерді» халықшылдарға қарсы пайдалану үшін, мәселен, халықшылдарға қарсы бірлесіп баспа жыйнағын шығару үшін, олармен уақытша келісуге болады деп есептеді. Бірақ, сонымен қатар Ленин «жарыя марксистерді» барынша қатты сынап, олардың либералшыл-буржуазияшыл сырын әшкереледі.

Бұл «жолбикелердің» ішінен көп адамдар кейін кадет (орыс буржуазиясының ең басты партиясы) болды, ал азамат соғысы кезінде — барып тұрған ақгвардияшылар болды». («БК(б)П тарихы. Қысқаша курс» 22-беті).

Ленин «жарыя марксистердің» либералдық-буржуазияшыл тегін бірден-ақ білді және 1894 жылдың күзінде-ақ марксистердің Петербургтегі үйірмесінде: «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі» деген тақырыпта реферат жасады, бұл рефератында Струвенің және басқа «жарыя марксистердің» көзқарастарын қатты сынады.

Міне осы реферат «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген мақалаға негіз болды; бұл мақала «Біздің шаруашылық дамуымыздың сыйпаттамаларына материалдар» деген жыйнақта (*К. Тулин* деген жасырын атпен) басылып шыққан.

Жыйнақ 2000 дана болып жарыя баспаханада 1895 жылы апрельде басылып шықты. Патша үкіметі жыйнақты таратқызбай қойды, оны жыл бойы тығып тастап, конфискациялап, өртеп жіберді. Петербург және басқа қалаларда, соның ішінде Тифлисте социал-демократтардың арасына құпия түрде тарап кеткен 100 шамалы данасы ғана сақтап қалынды.

Сталин жолдас 1898 жылы, Тифлистегі рухани семинарияда оқып жүріп, «Месаме-дасидің» көпшілігінің — «жарыя марксизмнің» позициясында болған және буржуазиялық ұлтшылдыққа бет бұрған көпшілігінің басшыларын сынға алған кезде, сол кездің өзінде-ақ ол Лениннің еңбектерімен таныс еді, атап айтқанда оның «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны» деген мақаласымен таныс еді. Бұл еңбек Сталин жолдасқа өте зор әсер етті. К. Тулиннің (Лениннің) еңбегін оқып шыққаннан кейін «Қалайда болса мен оны көруім керек» деді Сталин жолдас, деп сол кезде Сталин жолдасты жақсы білген жолдастарының бірі еске түсіреді.

1907 жылдың ақырында Ленин бұл мақаланы «12 жыл ішінде» дейтін жыйнақта «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі» деген кішкене тақырыппен бастырып шығарған. Жыйнаққа жазған алғысөзінде Ленин: бұл мақала өзінің 1894 жылдың күзінде оқыған рефератынан туды дегенді ерекше баса көрсеткен. Сонымен қатар Ленин, бұл мақала

көбіне өзінің соңғы кездердегі экономикалық еңбектерінің (әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының) конспектісі болып табылады, деп көрсетеді. — *361.*

79 *Truck-system* — жұмысшылардың жалақысын фабрикантқа тиісті фабрикалық дүкендерден товармен төлейтін система. Қожайындар ақшалай жалақы төлеудің орнына жұмысшыларға осы дүкендерден сапасы нашар және бағасы қымбат тұтыну заттарын зорлап алғызады. Мұмысшыларды қанаудың қосымша құралы болып табылатын бұл система Россияда майдагерлік кәсіпшілік аудандарында өте-мөте тараған еді. — *374.*

80 *«Московские Ведомости»* — алғашқы кезде (1756 жылдан) Москва университеті кішкене листок түрінде шығарып отырған ескі орыс газеті; XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап өзінің алған бағыты жағынан — монархиялық-ұлтшыл орган болып, помещиктер мен дінбасылардың өте-мөте реакцияшыл топтарының көзқарастарын жүргізіп келді; 1905 жылдан бастап — қаражүздіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін шығып келді.

«Весть» («Хабар») — XIX ғасырдың 60—70-жылдарында шығып тұрған реакцияшыл-крепостниктік газет. — *377.*

81 1880 жылы алғашында «бүлікке» қарсы күресу жөніндегі «Жоғарғы бүйырушы комиссияның» бастығы, ал соңынан ішкі істер министрі болып тағайындалған патша сановнигі Лорис-Меликовтың либералдармен аз уақыт жараса кеткен саясаты кекесінмен *«жүрек диктатурасы»* деп аталынған. Бұл саясаттың көздеген мақсаты — либералдық буржуазияны патша өкіметі жағына тарту және оның арасындағы оппозициялық ниеттерді, ел ішінде өріс алып келе жатқан революциялық қозғалыстың әсерінен туған оппозициялық ниеттерді жою болды. — *382.*

82 Г. Успенскийдің шығармаларын, әсіресе мына әңгімелері мен очерктерін қараңыз: «Деревнядағы күнделік дәптерден», «Чек кітабы», «Жол үстінде жазылған хаттар», «Үзіліспеген байланыс», «Жанды сандар» — *411.*

83 *«Купон мырза»* — *капитал мен капиталистерді* атау үшін 80-және 90-жылдардың әдебиетінде алынып кеткен бейнелі сөз. «Купон мырза» деген сөзді жазушы Глеб Успенский «Ауыр күнәлар» дейтін очерктерінде қолданып, таратқан (ол очерктер ең бірінші рет «Русская Мысль» журналында басылды, 1888, 12 кітабы). — *418.*

84 *Пруссиялық регирунгсрат* (статский советник) — әңгіме немістің экономисі барон А. Гакстгаузен туралы болып отыр, ол XIX ғасырдың 40-жылдарында Россияға келіп қайтып, өзінің «Россияның халық тұрмысына, әсіресе селолық мекемелерінің

ішкі қатнастарына жасалған зерттеулер» деген кітабында орыстың шаруа қауымын толық суреттеп шыққан. Энгельстің сөзімен айтқанда, Гакстгаузен «Россияда жерді қауым болып меншіктенудің барлығын ашқан»; мұнымен бірге ол Николай Россиясын мақтап, Россияның Батыс Европадан артықшылығы — мұнда «пролетариат мерезінің» жоқтығында деп білген. — *426.*

85 Ленин цензуралық тұрғыдан қарап, «Еңбекті азат ету» тобының шығарған марксистік еңбектерін тура атап көрсете алмады. Ленин оқушыны В. В.ның (Воронцовтың) «Теориялық экономияның очерктері» (Петербург, 1895) деген еңбегіне нұсқап отыр; бұл еңбектің 257—258 беттерінде «Социаль-Демократта» басылып шыққан Плехановтың «Ішкі шолу» деген мақаласынан үлкен цитата келтіріледі, «Социаль-Демократтың» екінші кітабы, август, 1890 (Г. В. Плеханов. Шығармалар. III том, 258—259 беттерін қараңыз). — *430.*

86 *Миртов* — П. Л. Лавровтың (1823—1900) жалған аты; XIX ғасырдың 70-жылдарындағы халықшылдардың идеологтерінің бірі; «Земля и Воля» («Жер мен Еркіндік») деген халықшыл құпия қоғамның мүшесі, ал одан соң «Народная Воля» («Халық Еркіндігі») партиясының мүшесі; 70-жылдары «халық ішіне баруды» уағаздады; социологиядағы идеалистік «субъективтік мектептің» негізін салушы. — *434.*

87 Ленин бұл арада К. Маркстің «Луи Бонапарттың онсегізінші брюмері» (Гамбург, 1885) деген кітапшасының немісше басылуына сүйеніп отыр. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II том, 1940, 331 бетін қараңыз. — *453.*

88 Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1938, 79 бетін қараңыз. — *456.*

89 К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 41—42 беттерін (38-ескертуді), немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 95 бетін қараңыз. — *457.*

90 *Навкрариялар* — ерте замандағы Афин республикасының кішігірім территориялық округтері. Әрбір навкрария мемлекеттің соғыс мұқтаждығы үшін бір соғыс кемесін жасап, оны қаружарақтап, адамдармен камтамасыз етіп беруге және екі атты әскер беріп отыруға міндетті болған. — *459.*

91 Ленин Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген шығармасынан цитата келтіріп отыр; орысша аударманың беттерін Ленин 1894 жылғы басылуынан көрсеткен. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлімі, 1937, 97 және 93-беттерін қараңыз. — *459.*

92 К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысын» (Таңдамалы шығармалар, II том, 1940, 398-беті) және «Луи Бонапарттың онсегізінші брюмерін» (бұл да сонда, 287-беті) қараңыз.—*460.*

93 Ф. Энгельс, «Анти-Дюринг», 1938, 94-бетін қараңыз. — *460.*

94 Ленин К. Маркстің «Луи Бонапарттың онсегізінші брюмері» деген кітапшасының екінші басылуына жазылған алғысөзінен цитата келтіріп отыр. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II томы, 1940, 250-бетін қараңыз.

Текстіде Ленин еске алып отырған Прудонның шығармасы «Мемлекеттік төңкеріс арқылы көрсетілген әлеуметтік революция» деп аталады. — *466.*

95 *Лейбкампандықтар* — «лейб-кампания» дегеннен шыққан — гвардиялық Преображенскі полкінің гренадер ротасының құрметті аты, оған бұл атты Елизавета Петровна өзі патша тағына отырғаны үшін 1741 жылы берген болатын. Сыйлық ретінде лейб-кампандықтар қоныс алды, неше түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие болды. «Лейбкампандықтар» деген атты орыстың атақты жазушысы-сықақшысы Салтыков-Щедрин өзінің «Пошехон әңгімелерінде» көп қолданған.—*468.*

96 К. Маркс. «Капитал», II том, 1935, 69 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVIII том, 1939, 119 бетін қараңыз. — *481.*

97 К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, I том, 1940, 156—157 беттерін қараңыз. — *483.*

98 Ленин К. Маркстің «Гота программасына сын» деген белгілі еңбегін айтып отыр. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар. II том, 1940, 443—465 беттерін қараңыз.

Гота программасы — Германияның социал-демократиялық партиясының программасы, 1875 жылы Готадағы съезде, оған дейін жеке-жеке өмір сүріп келген немістің социалистік екі партиясын — эйзенахцылар (Бебель мен Либкнехт басқарып және Маркс пен Энгельстің идеялық ықпалында болған) мен лассальяндықтарды — біріктірерде қабылданған программа. Программа шылғый оппортунистік программа болды, өйткені эйзенахцылар барлық ең мәнді мәселелер жөнінде лассальяндықтарға жол берді де лассальяндықтардың ережелерін қабылдады. Маркс пен Энгельс Гота программасын өлтіре сынады. — *486.*

99 Ленин Маркстің «Луи Бонапарттың онсегізінші брюмері» деген шығармасынан өзі аударып үзінді келтіріп отыр. К. Маркс. Таңдамалы шығармалар, II том, 1940, 281 бетін қараңыз — *493.*

103 К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 502 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 694 бетін қараңыз. — *499.*

101 Ленин «Капиталдың» бірінші томының жыйырма төртінші тарауын айтып отыр (§5 — «Егіншілік революциясының өнер-

кәсіпке кері әсер етуі. Өнеркәсіп капиталы үшін керекті ішкі рыноктің құрылуы»). К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 598 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. XVII том, 1937, 815 бетін қараңыз — *511.*

102 К. Маркс, «Капитал», I том, 1935, 512 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 705—706 беттерін қараңыз. — *512.*

103 *Шөмелелік* — патшалық Россияның бірсыпыра аудандарында заттай, кіріптарлық аренда осылай аталған, мұның тұсында арендатор жер иесіне «шөмеледен» түсетін астықтың тең жартысын, ал кейде одан да көбін төлеп отырған және соның үстіне өзінің еңбегінің жарым-жартысын «еңбекпен өтеудің» әртүрлі түрінде де беріп отырған. — *513.*

104 К. Маркс. ««Капитал», I том, 1935. 601 бетін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 819 бетін қараңыз. — *521.*

105 К. Маркс. «Капитал», I том, 1935, 596—597 беттерін, немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVII том, 1937, 812—814 беттерін қараңыз. — *521.*

106 Ленин К. Маркстің «Капиталының» үшінші томынан (1894 жылғы немісше басылуынан) өзі аударып үзінді келтіріп отыр. К. Маркс. «Капитал», III том, 1936, 545 бетін қараңыз. — *541.*

107 *«Сыйлықтылар»* немесе сыйлық алушы шаруалар — бұрынғы помещик шаруаларының бір бөлегі, бұлар 1861 жылғы реформаның кезінде помещиктен тегін (ақы төлемей) қайыршылық үлес алды, бұл үлес «ең жоғарғы» немесе «указдық» деп аталынатын үлестің, яғни сол жер үшін заң бойынша белгіленген шаруа үлесінің небары төрттен бір бөлегі болатын. Бұрынғы шаруалар үлестерінің бүкіл қалған бөлімін, өзінің «тегін жер берген», зорлықпен жерлерінен айырған шаруаларын крепостниктік право жойылғаннан кейін де кіріптарлықта ұстаған помещик өз қолына жыйнап алды. — *544.*

108 Бұл мәселені Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» (Шығармалар, 3 том) деген еңбегінде толық талдап шыққан. — *553.*

В. И. ЛЕНИННІҢ

ӨМІРІ МЕН ІСІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1870—1894 жылдар)

1870

Апрель, 10 (22). Симбирскіде (қазіргі Ульяновскіде) большевизмнің негізін салушы В. И. Ульянов (Ленин) туды.

1879

Август. Ленин Симбирскідегі классиктік гимназияға кіреді.

1886

Январь, 12 (24). Лениннің әкесі — И. Н. Ульянов қайтыс болды.

1887

Март, 1 (13). Лениннің ағасы А. И. Ульянов Александр III ні өлтіруге қатысқаны үшін тұтқынға алынды.

Май, 8 (20). Александр III ні өлтіру жөніндегі іс бойынша сотталған А. И. Ульянов және басқалар атылды.

Июнь, 10 (22). Ленин Симбирскі гимназиясын алтын медальмен бітіріп шықты.

Июньнің ақыры. Ульяновтардың семьясы Қазанға көшіп барады.

Август, 13 (25). Ленин Қазан университетіне кіреді.

Сентябрь—ноябрь. Ленин Қазанда студенттердің революциялық үйірмесіне қатнасады.

Декабрь, 4 (16). Ленин Қазан университетінде студенттердің жыйынына қатнасады.

Декабрь, 5 (17). Ленин студенттердің революциялық қозғалысына қатнасқаны үшін түткынға алынады.

Ленин университеттен шығарылады.

Декабрь, 7 (19). Ленин полицияның жасырын бақылауымен Қазаннан Кокушкино деревнясына айдалады.

1888

Сентябрь, 23 (октябрь, 5). Ленин «білімін толықтыру үшін» шетелге баруға полиция департаментінің рұхсат бермеген жауабын алады.

Октябрьдің басы. Ленин Кокушкино деревнясынан Қазанға қайтуға рұхсат алады; Ульяновтардың барлық семьясы сонда көшеді.

Күзінде. Ленин К. Маркстің «Капиталын» оқып үйренеді, Н. Е. Федосеев ұйымдастырған марксшіл үйірмеге кіреді.

1889

Май, 3—4 (15—16). Ленин Қазаннан Самара губерниясына, Алакаевка деревнясының жанындағы хуторға көшіп барады.

Июнь, 14 (26). Ленин «емделу үшін» шетелге баруға рұхсат етілмегені туралы хабар алады.

Июль, 13 (25). Н. Е. Федосеев және оның Қазанда ұйымдастырған марксшіл үйірмелерінің мүшелері, соның ішінде Ленин қатнасқан үйірменің мүшелері, түткынға алынды.

Октябрь, 11 (23). Ленин Алакаевка деревнясының жанындағы хутордан Самараға көшіп барады.

1890

1889 жылдың ақыры — 1890 жыл. Ленин Самарада Маркс пен Энгельстің шығармаларын оқып үйрене береді, «Коммунист партиясының манифесін» аударады, бұл аударма соңынан Самараның құпыя үйірмелерінде оқылады (бұл аударма сақталмаған). Ленин А. П. Скляренкомен танысады және Самара жастарының арасында марксизмді насихаттаумен шұғылданады.

Май, 17 (29).	Ленин Петербург университетіндегі заң факультетіне экстерн ретімен мемлекеттік емтихан беруге рұхсат алады.
Августың ақыры (сентябрьдің басы).	Петербург университетінде мемлекеттік емтихан беруге байланысты Ленин бірінші рет Петербургке барады.
Август, 26 — сентябрь, 1 (сентябрь, 7—13).	Петербургке кетіп бара жатқан сапарда Ленин Қазанға тоқтайды.
Октябрь, 24 (ноябрь, 5).	Ленин Петербургтен қайтадан Самараға жүріп кетеді.

1891

Апрель, 4—24 (апрель, 16 — май, 6).	Ленин Петербург университетіндегі заң факультетіне мемлекеттік емтихан береді (көктемгі сессиясы).
Май, 17 (29).	Ленин Петербургтен Самараға жүріп кетеді.
Жаз бойы — сентябрьдің басы.	Ленин Самарада және Алакаевка деревнясының жанындағы хуторда тұрды.
Сентябрь, 10 (22) — Ноябрь, 9 (21).	Ленин Петербург университетінде мемлекеттік емтихан беріп болады (күзгі сессиясы).
Ноябрь, 12 (24).	Ленин Петербургтен Самараға қайтып келеді.

1892

Январь, 14 (26).	Ленин Петербургтің оқу округінің басқармасынан бірінші дәрежелі университет дипломын алады.
Январь, 30 (февраль, 11)	Ленин Самараның округтік сотының үйғарындысы бойынша адвокат көмекшілерінің тізіміне алынады.
Июль, 23 (август, 4).	Ленин сот істерін жүргізуге право алады.

1892 жылдың жазы—1892—1893 жылдардың қысы. Ленин халықшылдардың көзқарастарын сынап рефераттар жазып, оларын құпыя үйірмелерде оқыйды. Бұл рефераттар ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбекке әзірлік материал болды.

1893

Көктем — жаз айлары. Ленинның төңірегіне Самара марксистерінің тұңғыш үйірмелері құрылады (А. П. Скляренко, И. Х. Лалаянц). Ленин «Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстар (В. Е. Постниковтың кітабы жөнінде)» деген реферат-мақаланы әзірлеп, оны осы үйірмеде оқып шығады.

Августың ақыры (сентябрьдің басы). Самарадан Петербургке бара жатып Ленин Нижний-Новгородка кідіріп, жергілікті марксистермен танысады.

Август, 31 (сентябрь, 12). Ленин Петербургке келеді.

Сентябрь, 3 (15). Ленин М. Ф. Волкенштейнге адвокат көмекшісі болып алынады.

Сентябрь, 25 (октябрь, 7). Ленин Н. Е. Федосеевпен кездесу үшін Владимирге келеді. Федосеевпен кездесе алмайды, өйткені бұл кезде Федосеев әлі түрмеден босатылмаған еді.

Күзінде. Ленин Петербургте технолог студенттердің (С. И. Радченко, В. В. Старков, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский және басқаларының) марксшіл үйірмесіне кіреді; үйірменің жыйналысында Г. Б. Красиннің «Рыноктер туралы мәселе» деген рефератын сынап сөз сөйлейді.

Ленин «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде» деген реферат жазып, оны марксшіл үйірмеде баяндап береді.

1893 — 1894 жылдардың күзі мен қысы. Ленин Петербург фабрикалары мен заводтарының алдыңғы қатарлы жұмысшыларымен (В. А. Шелгуновпен, И. В. Бабушкинмен және басқалармен) байланыс жасайды.

Лениннің сөйлеген сөздері Петербургтегі марксшіл үйірмелерге қатнасушыларға үлкен әсер етті. Маркс ғылымын өте-мөте терең білетіндігі,

марксизмді Россияның экономикалық және саяси жағдайына сәйкес қолдана білетіндігі, жұмысшылар ісінің жеңетіндігіне әбден толық сенетіндігі, үздік шыққан ұйымдастырушылық таланты — осы хасиеттерінің бәрі Ленинді Петербург марксистерінің жұрт таныған басшысы етті.

1894

Январьдың басы. Ленин қысқы демалыс уақытында Москваға келеді.

Январь, 9 (21). Ленин Москвадағы күпыя жыйналыста халықшыл В. В. ға (В. П. Воронцовқа) қарсы оның көзқарастарын қатты сынап сөз сөйледі.

Январь. Ленин Нижний-Новгородқа барады және марксистердің жергілікті үйірмесінде В. В. ның «Россиядағы капитализмнің тағдырлары» деген кітабы туралы реферат оқыйды.

Ленин Петербургке қайтып келіп, онда социал-демократтардың Петербургтегі тобы мен жұмысшылардың орталық үйірмесіне басшылық етеді, Нева заставасының сыртындағы және басқа аудандардағы жұмысшы үйірмелерінде сабақ өткізіп отырады.

Март — июнь. Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбекті жазады, бұл еңбектің бірінші бөлімі көктем айында Петербургте басылып шығады.

Жылдың алғашқы жартысы. Ленин Петербургтегі марксшіл үйірмеде халықшыл Н. Карышевтің «Шаруалардың үлеске түспеген жерді жалға алуы» деген кітабын сын көзімен талдап реферат оқыйды.

Июнь, 14 (26). Ленин жазды өткізу үшін Москваға өзінің туыстарына барады және біраз уақытқа Самараға барады.

Июль. Петербургте Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген енбегінің бірінші бөлімінің екінші басылуы шығады.

Август, 27 (сентябрь, 8). Ленин Москвадан Петербургке қайтып келеді.

Августың ақыры (сентябрьдің бірінші жартысы). Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің екінші бөлімінің бірінші басылуы және бірінші бөлімінің үшінші басылуы шығады (Горькиде, Владимир губерниясы).

Сентябрь. Петербургте Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің үшінші бөлімінің бірінші басылуы және бірінші бөлімнің төртінші басылуы шығады.

Октябрь. Ленин Петербург марксистерінің үйірмесінде өзінің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегін оқып береді.

Күзінде. Ленин Петербург марксистері үйірмесінің жыйналысында «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі» деген реферат оқыйды, бұл рефератында Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын мақалалар» деген кітабында марксизмнің буржуазиялық жолмен бұрмалануын қатаң сынға алады.

24 декабрьден соңырақ (5 январьдан соңырақ). Ленин жұмысшы И. В. Бабушкиннің белсене қатнасуымен, Семянников заводының жұмысшыларына арнап, ондағы болған ереуілдерге байланысты үндеу хат жазады — орыс марксистерінің тұңғыш үгіт үндеу хатын жазады.

1894 жылдың ақыры — 1895 жылдың басы. Ленин «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және сған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген еңбекті жазады.

МАЗМҰНЫ

Төртінші басылуына арналған алғысөз IX
Бірінші томға арналған алғысөз XVII

1893 жс.

ШАРУАЛАР ТҰРМЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА ШАРУАШЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР *(В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруасының шаруашылығы» деген кітабы жөнінде)* . . . . . 1— 67

I 3
II 7
III 23
IV 36
V 63

РЫНОКТЕР ТУРАЛЫ ДЕЙТІН МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ . . . . . 69—121

I 73
II 73
III 78
IV 84
V 88
VI 95
VII 103
VIII 118

1894 ж.

„ХАЛЫҚ ДОСТАРЫ" ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛАР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРҒА ҚАРСЫ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ? *(«Русское Богатствоның» марксистерге қарсы мақалаларына жауап)* . . . . . 125—360

I бөлім 127

Бастырушылардан 207
Осы басылуына 208

III бөлім 211
I қосымша 325
II қосымша 332
III қосымша 353

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОҒАН СТРУВЕ МЫРЗАНЫҢ КІТАБЫНДА БЕРІЛГЕН СЫН (МАРКСИЗМНІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕ СУРЕТТЕЛУІ) *(П. Струве мырзаның: «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын мақалалар» деген кітабы туралы. СПБ. 1894 ж.)* 361—562

I тарау. Халықшылдардың profession de foi-ына жолма-жол түсінік 368
II тарау. Халықшылдық социологияға сын . . . 431
III тарау. Экономикалық мәселелерді халықшылдар қалай қояды және Струве мырза қалай қояды 465
IV тарау. Россияның реформадан кейінгі экономикасының кейбір түрлерін Струве мырзаның түсіндіруі 497
I 499
II 531
III 537
IV 542
V 546
VI 555

Ескертулер . . . . . 563—583

Б. И. Ленинның өмірі мен ісінің кезеңдері . . . . . 585—592

ӨРНЕК СУРЕТТЕР

В. И. Ленинның суреті — 1918 ж. . . . . II—III

В. И. Ленинның суреті — 1890—1891 ж. . . . . XVIII—1

В. И. Ленинның «Шаруалар тұрмысындағы жаңа шаруашылық қозғалыстар» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1893 ж. . . . . 1—3

В. И. Ленинның «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1893 ж. 71

В. И. Ленинның «Рыноктер туралы дейтін мәселе жөнінде» деген қолжазбасының соңғы беті. — 1893 ж. 123

В. И. Ленинның ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кіта-

бының гектографпен басылып шыққан III бөлімінің тысы. — 1894 Ж. . . . . 212—213

В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабының гектографпен басылып шыққан III бөлімінің соңғы беті. — 1894 ж. . . . . 324—325

В. И. Лениннің «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген еңбегі басылған жыйнақтың ішкі беті. — 1895 ж. . . 363

Тираж 50 тыс. экз. (1—25000)
Подписано к печати
27/II 1947 г.—10/II 1948 г.
Объем 38,375 п. л.+5 вклеек
(0.625 п. л.). Ф. 6. 82×110 1/32.
Издательский № 22. Зак. № 1167.
Цена 6 р. 50 коп.

*

Гостипография № 1
Управления Полиграфии и Издательств
при Совете Министров Казахской ССР

АЛМА-АТА